

К. Жұмасова, Л. Есенова

# ПСИХОЛОГИЯ





КӘСІПТІК БІЛІМ

К. Жұмасова, Л. Есенова

# Психология

Оқулық

3-басылым, толықтырылған, өңделген

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарына ұсынады*

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2017

ӘОЖ 159.9.01

КБЖ 88.3

Ж 81

**Пікір жазған:**

**Сәрсенбаева Б. И.** – психология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Құрманалина Ш. Х.** – педагогика ғылымдары академиясының академигі,  
педагогика ғылымдарының докторы

**Ермекбаева А. Е.** – педагогика пәнінің оқытушысы, әдіскер

Ж 81 **Жұмасова К.**

**Психология: Оқулық** / К. Жұмасова, Л. Есенова. – 3-басылым, толықт., өңд. –  
Астана: Фолиант, 2017. – 400 б.

**ISBN 978-601-302-543-8**

Оқулықта психологияның жалпы негіздері, баланың жас ерекшеліктеріне қарай жалпы психологиялық даму процесі жан-жақты қарастырылған. Теориялық білімді, дағдыны, іскерлікті бекітуге арналған практикалық тапсырмалар жинағы беріліп отыр.

Педагогикалық колледж оқушылары мен балабақша тәрбиешілеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

**ӘОЖ 159.9.01**

**КБЖ 88.3**

**ISBN 978-601-302-543-8**

© Жұмасова К., 2006, 2010

© «Фолиант» баспасы, 2006, 2010

© Жұмасова К., Есенова Л., толықт., 2017

© «Фолиант» баспасы, 2017

|               |   |
|---------------|---|
| Алғы сөз..... | 6 |
|---------------|---|

## **I БӨЛІМ. ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

|                                                                          |     |
|--------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>1-тарау. ПСИХОЛОГИЯ</b> .....                                         | 7   |
| 1.1. Психология пәні және тарихы.....                                    | 7   |
| 1.2. Жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіну .....                       | 14  |
| 1.3. Жан құбылыстарының топтастырылуы.....                               | 15  |
| 1.4. Психологияның маңызы және оның міндеттері.....                      | 17  |
| 1.5. Психологияның салалары.....                                         | 18  |
| <b>2-тарау. ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ</b> .....                     | 23  |
| 2.1. Психологиялық зерттеулерді құру принциптері.....                    | 23  |
| 2.2. Психологияның зерттеу әдістері.....                                 | 23  |
| <b>3-тарау. МИ ЖӘНЕ ПСИХИКА</b> .....                                    | 36  |
| 3.1. Жоғарғы жүйке қызметі – психиканың физиологиялық негізі .....       | 36  |
| 3.2. Мидың рефлекторлық қызметі.....                                     | 39  |
| 3.3. Ми сыңарлары қыртысындағы жүйке процестері.....                     | 40  |
| 3.4. Бірінші және екінші сигнал жүйелері .....                           | 41  |
| <b>4-тарау. ПСИХИКА МЕН САНАНЫҢ ДАМУЫ</b> .....                          | 45  |
| 4.1. Жануарлар дүниесінде психиканың тууы және дамуы.....                | 45  |
| 4.2. Жануарлар психикасының негізгі түрлері .....                        | 46  |
| 4.3. Адам санасының пайда болуы, дамуы .....                             | 47  |
| <b>5-тарау. ТЕМПЕРАМЕНТ</b> .....                                        | 53  |
| 5.1. Темперамент туралы жалпы ұғым.....                                  | 53  |
| 5.2. Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик..... | 55  |
| 5.3. Оқушы темпераментімен санасу .....                                  | 58  |
| <b>6-тарау. МІНЕЗ</b> .....                                              | 76  |
| 6.1. Мінез туралы жалпы түсінік.....                                     | 76  |
| 6.2. Мінез бітістері.....                                                | 77  |
| 6.2. Типтік мінез бітістері .....                                        | 77  |
| 6.3. Адамның өз мінез-құлқын жөндеуі.....                                | 79  |
| 6.4. Мінездің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары.....                 | 81  |
| <b>7-тарау. ҚАБІЛЕТ</b> .....                                            | 87  |
| 7.1. Қабілет туралы жалпы ұғым.....                                      | 87  |
| 7.2. Қабілет тұжырымдамалары .....                                       | 87  |
| 7.3. Қабілет және нышан .....                                            | 88  |
| 7.4. Қабілеттің даралық айырмашылығы .....                               | 88  |
| 7.5. Қабілеттерді қалыптастыру .....                                     | 90  |
| <b>8-тарау. ЖЕКЕ АДАМ</b> .....                                          | 92  |
| 8.1. Жеке адам туралы жалпы түсінік .....                                | 92  |
| 8.2. «Адам», «Жеке адам», «Даралық» түсініктерінің арақатынасы.....      | 93  |
| 8.3. Жеке адамның психологиялық құрылымы.....                            | 93  |
| 8.4. Қажеттіліктер .....                                                 | 94  |
| 8.5. Қызығулар .....                                                     | 95  |
| 8.6. Жеке адамның қасиеті ретінде ақылдың сапасы .....                   | 96  |
| 8.7. Дүниетаным, сенім, мұрат.....                                       | 97  |
| <b>9-тарау. ІС-ӘРЕКЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ</b> .....                             | 102 |
| 9.1. Іс-әрекет туралы жалпы ұғым.....                                    | 102 |
| 9.2. Іс-әрекет түрлері .....                                             | 103 |
| 9.3. Жеке адамның іс-әрекетінің психологиялық құрылымы. ....             | 108 |
| 9.4. Іс-әрекетте дағды мен ептілікті қалыптастыру .....                  | 108 |
| <b>10-тарау. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</b> .....                                     | 114 |
| 10.1. Қарым-қатынастың түрлері мен формалары.....                        | 114 |
| 10.2. Қарым-қатынастың функциялары .....                                 | 115 |
| 10.3. Қарым-қатынастың түрлері .....                                     | 117 |
| 10.4. Ұжым, топ және олардың жіктелуі .....                              | 118 |
| 10.5. Қарым-қатынастың мән-жайын зерттеу тәсілдері.....                  | 121 |

## II БӨЛІМ. ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ТАНЫМ ПРОЦЕСТЕРІ

|                                                    |     |
|----------------------------------------------------|-----|
| <b>1-тарау. ЗЕЙІН</b>                              | 126 |
| 1.1. Зейін туралы ұғым                             | 126 |
| 1.2. Зейіннің түрлері: ырықты, ырықсыз, үйреншікті | 127 |
| 1.3. Зейіннің негізгі қасиеттері                   | 130 |
| 1.4. Баланың зейінін тәрбиелеу                     | 135 |
| <b>2-тарау. ТҮЙСІК</b>                             | 144 |
| 2.1. Түйсік туралы ұғым                            | 144 |
| 2.2. Түйсік ағзалары                               | 145 |
| 2.3. Түйсіктің түрлері                             | 146 |
| 2.4. Түйсіктің негізгі заңдылықтары                | 149 |
| 2.5. Бала түйсіктерінің дамуы мен өзара байланысы  | 152 |
| <b>3-тарау. ҚАБЫЛДАУ</b>                           | 160 |
| 3.1. Қабылдау туралы жалпы ұғым                    | 160 |
| 3.2. Қабылдаудың қасиеттері                        | 161 |
| 3.3. Қабылдау түрлері                              | 166 |
| 3.4. Байқау және бақылампаздық                     | 168 |
| 3.5. Баланың қабылдауын дамыту                     | 170 |
| <b>4-тарау. ЕС</b>                                 | 178 |
| 4.1. Ес туралы ұғым                                | 178 |
| 4.2. Естің сапасы мен түрлері                      | 179 |
| 4.3. Естің процестері                              | 181 |
| 4.4. Елестер                                       | 183 |
| 4.5. Балада естің дамуы және оны тәрбиелеу         | 183 |
| <b>5-тарау. ОЙЛАУ</b>                              | 196 |
| 5.1. Ойлау туралы ұғым                             | 196 |
| 5.2. Ойлау тәсілдері                               | 198 |
| 5.3. Ойлаудың негізгі формалары                    | 200 |
| 5.4. Ойлау түрлері                                 | 202 |
| 5.5. Ойша есептерді шешу                           | 202 |
| 5.6. Баланың ойлауын дамыту                        | 204 |
| <b>6-тарау. СӨЙЛЕУ</b>                             | 212 |
| 6.1. Сөйлеу туралы жалпы түсінік                   | 212 |
| 6.2. Сөйлеу түрлері                                | 213 |
| 6.3. Сөйлеудің дамуы                               | 215 |
| 6.4. Сөз (сөйлеу) қызметтері                       | 218 |
| 6.5. Сөйлеу мәдениеті                              | 219 |
| <b>7-тарау. ҚИЯЛ</b>                               | 222 |
| 7.1. Қиял туралы жалпы ұғым                        | 222 |
| 7.2. Қиял түрлері                                  | 224 |
| 7.3. Қиялдың жасалу жолдары                        | 227 |
| 7.4. Баланың қиялын дамыту                         | 229 |
| <b>8-тарау. ЭМОЦИЯЛАР МЕН СЕЗІМДЕР</b>             | 237 |
| 8.1. Эмоциялар мен сезімдер туралы жалпы ұғым      | 237 |
| 8.2. Күрделі эмоциялар                             | 240 |
| 8.3. Жоғары сезімдер                               | 243 |
| 8.4. Сезім және адамның жеке басы                  | 244 |
| 8.5. Балада эмоциялар мен сезімдердің дамуы        | 245 |
| <b>9-тарау. ЕРІК</b>                               | 253 |
| 9.1. Ерік туралы жалпы ұғым                        | 253 |
| 9.2. Ерік амалын талдау                            | 255 |
| 9.3. Ерік сапалары                                 | 257 |
| 9.4. Балада еріктің дамуы және оны тәрбиелеу       | 259 |

### III БӨЛІМ. ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

|                                                                                                                                             |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>1-тарау. ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫНА КІРІСПЕ</b>                                                                                        | 264 |
| 1.1. Жас ерекшелік психологиясының анықтамасы                                                                                               | 264 |
| 1.2. Жас ерекшелік психологиясын зерттеу тарихынан                                                                                          | 266 |
| 1.3. Жас және педагогикалық психологияның зерттеу әдістері                                                                                  | 269 |
| 1.4. Тест тәсілі                                                                                                                            | 271 |
| <b>2-тарау. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ</b>                                                                                      | 276 |
| 2.1. Мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық дамудың жалпы сипаттамасы                                                                        | 276 |
| 2.2. Іс-әрекеттің әртүрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынас формаларының даму ерекшеліктері | 277 |
| 2.3. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы                                                                                 | 279 |
| <b>3-тарау. КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>                                                                     | 285 |
| 3.1. Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық сипаты                                                                                       | 285 |
| 3.2. Кіші мектеп жасындағылардың анатомо-физиологиялық дамуы                                                                                | 286 |
| 3.3. Кіші мектеп жасындағылардың қабылдау мен зейін процесінің ерекшеліктері                                                                | 287 |
| 3.4. Кіші мектеп жасындағылардың ес пен ойлау процестерінің ерекшеліктері                                                                   | 288 |
| <b>4-тарау. ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>                                                                                 | 295 |
| 4.1. Жеткіншек кезеңінің баланың дамуындағы алатын орны мен маңызы                                                                          | 295 |
| 4.2. Жеткіншек жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғышарттары                                                      | 297 |
| 4.3. Жеткіншек кезеңдегі «дағдарыс» мәселесіне теориялық көзқарастар                                                                        | 298 |
| 4.4. Жеткіншектік шаққа өтудегі жаңа құрылымдар                                                                                             | 299 |
| 4.5. Ересектік сезім – жеткіншек жасының негізгі психологиялық құрылымы ретінде                                                             | 300 |
| <b>5-тарау. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>                                                                                | 311 |
| 5.1. Ересек жастағы оқушылардың өзіндік ерекшеліктері                                                                                       | 311 |
| 5.2. Жасөспірімдердің дене күшінің дамуы                                                                                                    | 312 |
| 5.3. Дамудың әлеуметтік жағдайы және ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері                                                                       | 312 |
| 5.4. Өзіндік сананың алғышарттары                                                                                                           | 314 |
| 5.5. Жеке бастың қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау                                                                                     | 314 |

### IV БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

|                                                                               |     |
|-------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <b>1-тарау. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНДЕТТЕРІ</b>            | 335 |
| 1.1. Педагогикалық психология басқа адамтану ғылымдарының ішінде              | 335 |
| 1.2. Педагогикалық психологияның қалыптасу тарихы                             | 337 |
| 1.3. Педагогикалық психологияның даму кезеңдері                               | 337 |
| <b>2-тарау. ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ</b>                               | 346 |
| 2.1. Оқыту бірлігінің екіжақтылығы – білім беру процесіндегі оқу              | 346 |
| 2.2. Оқытудың мазмұны мен бағдарламасы                                        | 346 |
| 2.3. Оқудың жалпы сипаттамасы, аспектілері және оқуды анықтаудың көпжақтылығы | 347 |
| 2.4. Оқудың оқу іс-әрекетіне ауысуы                                           | 349 |
| 2.5. Оқыту психологиясы және оның психологиялық негіздері                     | 350 |
| <b>3-тарау. ТӘРБИЕ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ</b>                       | 358 |
| 3.1. Тәрбие ұғымы, тәрбие психологиясының басты міндеттері                    | 358 |
| 3.2. Тәрбие психологиясының қарастыратын мәселелері                           | 360 |
| 3.3. Тәрбие ісінде қолданылатын тәсілдер мен әдістер                          | 362 |
| 3.4. Еңбектің тәрбиелік мәні – дұрыс мамандық таңдау                          | 364 |
| <b>4-тарау. МҰҒАЛІМ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.</b>                     |     |
| <b>ҰСТАЗДЫҚ ҚАБІЛЕТ</b>                                                       | 369 |
| 4.1. Қабілеттер анықтамасы                                                    | 369 |
| 4.2. Педагогикалық қабілеттердің жалпы құрамы                                 | 370 |
| 4.3. Педагогикалық қабілеттердің құрылымы                                     | 372 |

|                              |     |
|------------------------------|-----|
| Психологиялық қысқаша сөздік | 387 |
| Пайдаланылған әдебиеттер     | 397 |

## АЛҒЫ СӨЗ

«Психология» оқулығы 0105000 – «Бастауыш білім беру» және 0111000 – «Негізгі орта білім беру» мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жазылған. Оқулық негізінен педагогикалық колледж студенттеріне, тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Оқулық бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде – «Психологияға кіріспе» қарастырылып, екінші бөлімде – «Жеке адамның таным үрдістері», үшінші бөлімде – «Жас ерекшелік психология-

сының негіздері», төртінші бөлімде – «Педагогикалық психология негіздері» тақырыптары берілген.

Әрбір тақырыптан кейін қайталау сұрақтары мен практикалық тапсырмалар, тестілер, көрнекіліктер, қосымша пайдаланылатын әдебиеттер тізімі берілген. Оқулықтың құрылымы студенттердің алған теориялық білімдерін практикалық қызметтерімен тығыз байланыстыруға, тапсырмалар арқылы өздерін тани білуге, танымдық процестерін және психикалық қасиеттерін зерттеуге, психологиялық білімдерін қалыптастыруға көмектеседі.

# I бөлім. Психологияның жалпы мәселелері

## 1-тарау. Психология

### Жоспар:

- 1.1. Психология пәні және тарихы.
- 1.2. Жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіну.
- 1.3. Жан құбылыстарының топтастырылуы.
- 1.4. Психологияның маңызы және оның міндеттері.
- 1.5. Психологияның салалары.

### 1.1. Психология пәні және тарихы

*Психология* – психикалық құбылыстардың пайда болуын, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы әртүрлі бейнелері болып табылады. Психологиялық құбылыс (түйсік, елес, ой, сезім, ерік, қабілет, мінез, әдет, т.б.) көпшілігімізге өз тәжірибемізден жақсы мәлім, күнделікті тілімізде жиі кездесетін ұғымдар. Бір қарағанда бұлардың мәнін әрқайсымыз тез ажырата да білетін сияқтымыз. Бірақ психикалық құбылыстардың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіну арқылы жан-жақты ажыратуға болады. Осы мәселені ғылыми жолмен баяндауды, олардың өзіндік заңдылықтарын айқындауды сөз болып отырған психология ғылымы қарастырады.

Психология – ерте заманнан келе жатқан білім салаларының бірі. Оның дүниеге тұңғыш келген жері – ежелгі Греция. «Психология» гректің екі сөзінен тұрады: оның біріншісі – «псюхе» (жан), екіншісі – «логос» (сөз, ілім). Сөй-

тіп, бұл сөз «жан туралы ғылым» деп түсінген жөн. Адам баласы аспанының көгілдір, ағаш жапырақтарының жасыл екендігін көреді, даладан келіп жатқан әртүрлі дыбыстарды естиді, бір заттардың суық, екінші бір заттардың ыстық екендігін сезінеді, яғни әрбір адам өзінің айналасындағы заттарды түйсініп қабылдауға қабілетті болып келеді. Адамда ойлау, сөйлеу қабілеті бар. Адам баласы бұрын болған оқиғаларды есте сақтайды, келешек туралы ойлайды. Бұл жағдай ес пен қиялдың арқасында болады. Көп жағдайлар адамдарда қуанту не ренжіту сезімін туғызады. Адам бір нәрсеге ұмтылады, сол мақсатқа жету үшін еркін көрсетеді.

Адам танымының ерекше бір саласы ретінде кез келген ғылымның өзі зерттейтін ерекше пәні болады. Психологияның зерттейтін пәні – психика.

Психология ғылым ретінде психиканың әртүрлі құбылыстарын зерттеу және түсіндірумен ғана емес, сондай-ақ олардың мәнін қорыта талдау және ашып көрсету, солардың негізінде психологиялық құбылыстар мен үрдістердің себептерін әрі олардың бола-

шақта көрініс беретіндігін болжауға болатын белгілі бір заңдылықтарды ашып анықтаумен шұғылданады.

Психологияның ғылым ретінде сипаттағанда психологиялық білімге тән кейбір ерекшеліктері бар.

Біріншіден, ол біздің әрқайсымызға тікелей тән құбылыстар туралы білім.

Екіншіден, психологиялық білім олардың күнділікті тұрмыстағы және ғылыми мағыналарының сәйкес келмейтіндігімен сипатталады.

Үшіншіден, оның диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастыру үшін өзіңді-өзің тану және өзіңді-өзің тәрбиелеу үшін маңыздылығы.

### **Психология ғылымының тарихы.**

Жан туралы ғылыми түсінік ежелгі гректердің әмбебап ғалымы Аристотель (б.з.д. 384–322 ж.) есімімен байланысты. Екі жарым мың жылға созылған осынау кезеңде психология басқа ғылымдармен (философия, медицина, әдебиет, жаратылыстану, т.б.) аралас, астарласа дамып келді.

Психология ғылымының тарихы да біріне-бірі қарама-қарсы жоғарыда аталған екі бағыттың үздіксіз ой-пікір, талас-тартысына толы. Мәселен, ертедегі грек ойшылдарының бірі Демокрит (б.з.д. 460–370 ж.) сол кездің өзінде-ақ жанды (психика) оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп түсіндірілді. Ол жанның мәңгі еместігін, оның өсіп, өшіп отыратындығын айтып, материалистік тұжырым жасады. Сол заманның екінші бір ойшылы, идеалист Платон (427–347 ж.), керісінше, жан мәңгі өлмейді, өшпейді деп тұжырымдады.

«Психология» атты алғашқы трактат 1590 жылы жарық көрді. Ғылымның аты оның философиядан бөлініп шығуынан 300 жыл бұрын пайда болған.

XVIII ғасырдың соңында және XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығында Галль құрған френология (бас сүйегі туралы ілім) кең тарады. Галль қабілет-

тілік миға тән заттардың шоғырлануына негізделетіндігі және бас сүйегіне қарап, мидың жетілгендігі туралы идеяны ұсынды.

Жаратылыстану ғылымының XIX ғасырда одан әрі дамуында Ч. Дарвин жасаған эволюциялық ілім аса маңызды кезең болды, адам соған сәйкес органикалық дүниенің дамуының тұтас жүйесіне енді. Психикалық өмір эволюция нәтижесі деп танылды. Дарвинмен қатар, бұл ойды Г. Спенсер де айтты және дамытты.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысында ғылыми психологияға негіз боларлық ғылымдар – физиология мен биология адамның биологиялық индивид ретіндегі табиғаты туралы білімнің мол қорын жинады. XIX ғасырдың екінші жартысында физиология мен психофизикада эксперименттік әдіспен алынған фактілік материалдар жинақталды. Психиканы ұғынудағы қол жеткен қағидаларды біртұтас ғылым етіп жинақтау үшін алғышарттар қалыптасты. Бұл бағытта алғаш талпыныс жасаған XIX ғасырдың екінші жартысында психология ғылымының кең көлемді дамуын ғылыми психологияның негізін салушылардың бірі, неміс психологы Вильгельм Вунд ұсынды.

Оның жоспары зерттеудің екі бағытын қамтыды:

1. Индивидуалды сана талдауы (зерттелушінің эксперименталды бақыланатын өзіндік бақылауы);

2. Мәдениет, миф, әр халықтың адамгершілігінің психологиялық аспектілерін зерттеу.

Зерттеудің бірінші бағыты: «Физиологиялық психология», екінші бағыты «Халықтар психологиясы» атауларына ие болды.

В. Вундттың еңбектерінің қатарына 1879 жылы Лейпциг қаласында Әлемдегі алғашқы психологиялық лабораторияны ашуы жатады. Ол соңынан

ғылыми-зерттеу институтына айналды. Онда көптеген атақты психологтар, соның ішінде атақты Ресей психологы және психиатры Владимир Михайлович Бехтерев білім алды. XIX ғасырдың аяғынан бастап, психологияда бірнеше ғылыми мектептер пайда бола бастады.

Қазақстанда іргелі ғылыми-зерттеулер соңғы жетпіс жыл көлемінде ғана өркен жайып, дами бастағаны белгілі. Бұл жағдай, әрине, психология ғылымына да ортақ болатын. Әрине, осы ғылымның алдағы жерде гүлдеп, шешек атуына, біртіндеп қанатының қатаюына бірсыпыра алғышарттар сонау ерте замандардан (әл-Фараби, Абай, Шәкәрім психологиялық ілімдері) Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде, сондай-ақ 20-жылдарда (М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектері) біршама жасалған болатын. Мәселен, Бөкей Ордасында шыққан «Мұғалім» журналында (1919 ж.), Ғ. Қарашаевтің бірнеше пәнсапалық, психологиялық сипаттағы туындылары, Н. Құлжанованың «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923 ж.), «Ана мен бала» кітаптарында да адамның жан қуаттары жөнінде сөз қозғалған еді. Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда кейіннен сол кездегі КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі болған профессор В. Я. Струминскийдің «Психология» кітабының жарық көруі айта қаларлықтай оқиға болды. Өйткені орталықтан шалғай шетте жатқан Қазақстанда жан туралы ғылымның іргелі мәселелері Струминский кітабында кеңес өкіметі тұсында тұңғыш рет күн тәртібіне қойылып еді. Автор психологияны маркстік тұрғыдан құруға талпынғанмен, бірақ мұнысы ойдағыдай болмады. Өйткені ол психологияны ғылыми тұрғыдан баяндаймын деп, механистік материализмге ұрынды. Мұнысы сол кез жағдайында кешірім-

ді де еді. Кітап авторының сол кездегі практикалық қызметі (Струминский 20-жылдары Орынбордағы Қазақ ағарту институтының ректоры болған – Қ. Ж.) қазақ топырағына ғылыми-психологиялық идеялардың алғашқы ұрығын сепкендігіне еш күмән жоқ. Оның бұдан басқа бірнеше еңбектері Орынборда шығатын журналдарда жарияланды, сол кездегі мұғалімдердің кәдесіне жарады. Осы кездері Ташкентте П. Н. Архангельскийдің «Жұма оқулары» («Мектептегі психологиялық зерттеулер») дейтін шағын еңбегі қазақ тіліне ықшамдалып аударылды. Сол жылдары қазақтың біртуар ғұлама ғалым қайраткерлері А. Байтұрсынов, Н. Құлжанова, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, т.б. педагогика мен психология саласында бірнеше төлтума еңбектер жазды.

Отызыншы жылдары қазақ психология ғылымының жекелеген мәселелері Ө. Сыдықовтың (1898–1983 ж.), С. Қожахметовтің (1910–1945 ж.), С. Балаубаевтың (1902–1972 ж.) педагогикамен астарластыра жазған бірнеше кітапшалары мен мақалалары жарық көрді. Сол жылдары «Жаңа мектеп» журналының беттерінде қазақ психологтарының аға буын өкілдерінің бірі С. Балаубаевтың бірнеше мақалалары басылды. Мәселен, оның «Қиын балалар» атты мақаласында жасөспірімдердің психологиясындағы кейбір ұстаз бен ата-анаға тәрбие процесінде қиындық келтіретін кейбір жәйттер талдауға алынып сөз болады. Мәселен, мұнда жасөспірімдердің организмінде болатын жыныстық дамудан туындайтын биологиялық өзгерістер, сондай-ақ кейбір ақыл-ойы кеміс, балалардың түрлі топтарға бөлінетіндігі жөнінде кең түрде әңгімеленеді. Қазақстанда Ұлы Отан соғысына дейін психологиялық мазмұны терең іргелі, қомақты еңбек-

тер жарияланған жоқ. Өйткені бізде осы ғылымның теориялық жақтарын насихаттайтын ғалымдар ол кезде саусақпен санарлық еді.

1938 жылы Т. Тәжібаев Ленинградтан диссертация қорғап, Алматыға оралған кезден бастап, психологиялық тақырыпқа жазылған төл еңбектер жиі көріне бастайды.

Қазақстанда 1935–1948 жылдары арасында аты бүкіл әлемге әйгілі, Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушылардың бірі профессор А. П. Нечаев (1870–1948 ж.) қызмет етті. Нечаев елу жылдан астам психология саласында белсенді қызмет еткен, аты айдай әлемге белгілі ғалым еді. Ол араласпаған психология саласы кемде-кем. Ғалым көп жылдар бойына адамның еске сақтау ерекшеліктерін тәжірибе (эксперимент) жүзінде тексеріп, оны мектеп тәжірибесіне ендіруді көздеді, яғни психологияның қолданбалы салаларын (жас, педагогикалық психология) дамытуға зор еңбегін сіңірді. Ол елуден астам кітаптың, жүздеген ғылыми мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: «Қазіргі эксперименттік психология және оның мектеп ісіне қатысы» (1908 ж.), «Кітапхана ісінің психологиялық мәселелері» (1922 ж.), «Дене тәрбиесінің психологиясы» (1928 ж.), «Техникалық өнертапқыштардың психологиясы» (1928 ж.), «Ес және оны тәрбиелеу» (1930 ж.), т.б. Ол өмірінің соңғы жылдарыда Семейдің Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институтында психология пәнінен сабақ берді, сырттан оқитын студенттерге арнап, «Психология» оқулығының қолжазбасын даярлады. Оның 1940 жылы жазып бітірген «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі» атты еңбегін (бұл автордың психология саласындағы қырық жылдық еңбегінің қорытындысы) еліміздің көрнекті психолог ғалымдары академиктер

Д. Н. Узнадзе мен К. Н. Корнилов өте жоғары бағалады. Оған осы еңбегі үшін диссертация қорғатпай-ақ педагогика ғылымдарының докторы атағы берілді. Қазақстанда психология ғылымының өркен жаюына осы ғалымның да зор шапағаты тигені даусыз. Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуына қолайлы жағдай жасаған басқа факторлар да аз болған жоқ. Соның бірі Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыда, сондай-ақ республиканың кейбір облыс орталықтарында Ресей, Украина, т.б. жерлерден уақытша көшіп келген белгілі ғалымдар қызмет еткені мәлім. Бұлардың арасында психология ғылымының көрнекті өкілдері де бар еді. Мәселе, ҚазПИ-де профессор-психолог М. П. Рубинштейн, Қызылордада белгілі украин психологы, кейін академик болған Г. С. Костюк, Қостанайда профессор В. Я. Резник, т.б. жұмыс істеді. Олар жергілікті ғалымдармен бірлесіп бірнеше еңбектер жазды. Мәселен, М. П. Рубинштейннің «Батылдық психологиясы» атты зерттеуіне кезінде баспасөз беттерінде жылы лебіз білдірілді. Республикадағы психология ғылымы, әсіресе соғыстан кейінгі жылдарда елеулі қарқынмен дами бастады. Оған да бірнеше сәтті жағдайлар себеп болды. Мәселен, 1947 жылы ҚазПИ-де республика бойынша тұңғыш психология кафедрасы құрылды. 1946 жылғы БК (б)П Орталық Комитетінің орта мектептерде логика мен психология оқыту жөніндегі қаулысына сәйкес 1947–1953 жылдары Қазақ университетіне логика және психология мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды. 1951–1953 жылдар арасында осы бөлімді жүзге жуық адам бітіріп шықты. Оның көпшілігі психологиядан мамандық алып, республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарына мұғалімдік қызметке жолдама алды. Республика үшін психолог кадрларды

дайындауда проф. Т. Тәжібаевпен бірге соғыс жылдары Саратовтан келген проф. И. Л. Стычинский (1896–1969 ж.) зор үлес қосты. Осы кезде ҚазПИ мен ҚазМУ-де психологиядан аспирантура ашылды.

Республикада психология саласында диссертация қорғаған алғашқы ұлт кадрлары Е. Суфиев, Ә. Темірбеков, М. Мұқановтар болды. Мәселен, 1952 жылы Қазақ университетінің ғылыми кеңесінде Е. Суфиев «Қазақ мектептерінің бастауыш кластарындағы оқушылардың орыс тілін меңгеруінің психологиясы» атты тақырыпта диссертация қорғады. Мұнда автор қазақ оқушыларының орыс тілі сабағында ақыл-ойымен ауызекі сөйлеуінің даму ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан талдайды. Автор оқушылардың ұғынуына қиындық келтіретін кейбір орыс тіліндегі атауларға тоқталып, мұның табиғи-ғылыми жағын И. П. Павловтың жоғары жүйке қызметі туралы іліміне негіздей отырып түсіндіреді, оқушылардың кейбір психикалық функцияларының (қабылдау, зейін, ойлау, т.б.) дамыту, орыс тілін оқыту әдістерін жетілдіру жөнінде біраз ұсыныс-кеңестер береді. М. Мұқанов «Совет жауынгерлерінің ерлік істерінің психологиялық ерекшеліктері» (1953 ж.) атты диссертациясында көптеген жергілікті әскери-әдеби архивтік материалдарға сүйеніп, Ұлы Отан соғысының майдандарында қазақстандықтар көрсеткен көптеген ерлік істерге психологиялық талдау жасаса, Ә. Темірбеков мектеп оқушыларында отаншылдық сезімнің қалайша қалыптасатындығын зерттеді (1953 ж.).

Осы жылдары республиканың психология ғылымы саласындағы сұраныстарына орайлас бұлардан басқа бірнеше диссертациялар қорғалды, жеке еңбектер жарық көрді. Мәселен,

қазақтың Абай атындағы пединститутының ғалымдары халқымыздың интеллект, ақыл-ой ерекшеліктерін этнопсихология, этнолингвистика, салыстырмалы психология ғылымдары тұрғысынан зерттей бастады. Осындай тақырыптардың бірінде «Хат танымайтын адамдардың затты топтастыруының ерекшеліктері» (В. В. Стаивкин), «Жұмбақты шешудің психологиясы» (Қ. Нұрғалиев), айтыс өнері мен мақал-мәтелдердегі кісінің ақыл-ой ерекшеліктерінің көрінісі (М. Мұқанов) зерттелді. Кейіннен психология ғылымының жеке салаларынан да (жалпы, бала, педагогикалық, сот-заң, әлеуметтік, спорт, т.б.) зерттеулер жүргізіліп, бірнеше еңбектер жазылды. Олардың қатарына Ш. Бәймішеваның «Нейропсихологиядағы синдромдық талдау формалары», М. Мұқановтың «Қабылдау мен есті микроструктуралық талдау», Б. Есенғазиеваның «Силлогизм және ойды психологиялық талдау», Қ. Шернияздаеваның «Мектеп жасына дейінгілердің қабылдау ерекшеліктері», т.б. зерттеулерді жатқызуға болады. Психологиялық жекелеген салалары бойынша (жалпы жас, педагогикалық заң-сот, этникалық, спорт, т.б.) бірнеше монография жарық көрді. Олардың кейбірі: М. Мұқанов, «Педагогика психология очерктері» мен «Ақыл-ой өрісі», Н. Жанділдиннің «Ұлттық психологияның табиғаты», Ә. Жөкебаевтың «Қылмыскер мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық аспектілері», Ғ. Досболовтың «Алдын ала тергеудің психологиясы», Н. Фелифоровтың «Басқарудың әлеуметтік-психологиялық негіздері», В. Яковлевтің «Діндардың жан дүниесі», Ә. Алдамұратовтың «Қызықты психологиясы», Р. И. Илешованың «Медициналық психология», т.б. Осы жылдары профессор Қ. Жарықбаев психологиялық

еңбектер жариялауда өндіре әрекет етті. Оның қаламына 60-90 жылдар арасында «Психология» (1962 ж.), «Қазақ ағартушылар жастар тәрбиесі туралы» (1965 ж.), «Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі туралы» (1965 ж.), «Қазақстанда психологиялық ой-пікірлердің дамуы» (1968 ж.), «Әл-Фараби» (1978 ж.), «Аталар сөзі – ақылдың көзі» (1980 ж.), «Ұстаздық еткен жалықпас» (1987 ж.), «Ақылдың кені» (1991 ж.), т.б. Соңғы жылдары қазақ халқының сан ғасырлық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің даму жолдарын көрсететін диссертациялар қорғалып, бірнеше төлтума еңбектер жарық көрді. Олардың қатарына В. Чистовтың «Әбу Насыр Әл-Фарабидің психологиялық мұрасы» (М., 1989 ж.), Қ. Шәймерденованың «Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары» (Алматы, 1988 ж.), К. Ыбыраеваның «Мұхтар Әуезовтің педагогикалық көзқарастары» (Алматы, 1991 ж.), А. Ақажанованың «Қазақстанда жас және педагогикалық психологияның дамып, қалыптасуы» атты диссертацияларын жатқызуға болады. Қазірде Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтардың тәлім-тәрбиелік мұралары зерттелуде, бұлардың психологиялық көзқарастары жайлы бірнеше еңбектер жарияланды. 1988 жылдан бастап Қазақ, кейіннен Қарағанды, Қазақ педагогикалық, Шығыс Қазақстан университеттерінде, Ақтөбе пединститутында психолог кадрлары даярлана бастады. Қазақ тілінде бірнеше психология төлтума оқу құралдары мен оқулықтар, терминологиялық сөздіктер, библиографиялық көрсеткіштер, ұлттық психология салаларына арнаулы дәрістердің бағдарламасы, т.б. басылымдары жарық көрді. Республикадағы психология ғылымының дамып, өркендей түсуіне: «Ойлау және қарым-қатынас»

атты Бүкілодақтық симпозиумы (Алматы, 1973 ж.) «Кісінің белсенділігі және оқыту мәселесінің психологиясы» атты республикааралық конференция (Целиноград, 1976 ж.), «Мектеп реформасының талаптарына орай бала және педагогикалық психологияның проблемаларын жандандыру» (Алматы, 1986 ж.), академик Т. Тәжібаевтың туғанына 80 жыл толуына байланысты өткізілген «Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының өзекті проблемалары» атты ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 1990 ж.), сондай-ақ 1992 жылғы «Халық педагогикасы мен психология дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде» қолданылуы ғылыми-практикалық конференцияның материалдары үлкен демеу болды. Қазірде психологияның әртүрлі саласынан 70-тен аса ғылым кандидаты мен бес доктор, профессорлар бар. Бұлардың кейбірі ұлттық психологиялық дамуына елеулі үлес қосып отыр.

Республикада 1958 жылдан бастап Қазақ республикалық психологтар қоғамы, жастар қалалық зерттеу орталығы (1987 ж.), «Отбасы қызметі» атты консультациялық кабинет жұмыс істейді. Психологиялық проблемаларды зерттеу ісімен жиырма педагогикалық институт пен бес университеттің арнаулы кафедралары айналысады. Қазіргі кезде үш жүзден астам ғылыми қызметкер психологиялық зерттеулер жүргізуде, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында студенттерге дәріс оқумен айналысуда. Бұлардың жетпістен астамы психология ғылымының кандидаттары мен доктор профессорлары. Ғылыми кадрлар даярлау ісімен профессор Қ. Жарықбаев, Н. А. Логанова, Ж. Намазбаева, Б. Хамзин, В. Шабельщиков, т.б. ғалымдар айналысып жүр.

Соңғы кездері, әсіресе жариялылық, демократиялық бетбұрыстар республиканың егемендік алып, тәуелсіздігін жариялаған тұста психологиялық зерттеулердің комплексті тақырыптары қолға алынып, оларды ұлт өміріне орайластыра жүргізудің қажеттігін сезіне бастады. Осындай тақырыптарға біздегі ауыл-село мектептерінің әлеуметтік-психологиялық мәселелері, мал шаруашылығы түрлі салаларына қатысты мамандықтың психологиялық ерекшеліктері, жетімдер үйлер мен мектеп-интернаты, лицей, медресе оқушыларының психологиялық ерекшеліктері, ақыл-есі кенжелеу дамыған балаларды оқытып, тәрбиелеу мен талантты, дарынды шәкірттердің психологиясын зерттеу, қос тілділік мен көптіліктің психологиялық астарларын іздестіру, ұлт (қазақ) мектептерінің бағдарламаларының психологиялық аспектілері, оларға тиісті өзгерістер енгізу, кешкі, сырттай оқытатын орта мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің оқу мазмұнын анықтау. Орта арнаулы, жоғары оқу орындарының толып жатқан психологиялық мәселелерін қарастыру міндеттері алда тұрған келелі проблемалар болып саналады.

Халықтық педагогика көтерген тәлімі мәселелерді адамның жан дүниесіне орайластыра баяндайтын қолданбалы мәні зор психология ғылымының бір саласы – *халықтық психология* деп аталады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан-ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене, т.б. таптауынды болған нормалар мен принциптер, яғни халықтың жан дүниесі, өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология пси-

хика мен мінез-құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеріп не жоғалып кетпейтін ұлттық белгісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің желісі. Ұлттық дәстүр мен салт-сананың адам психикасынан елеулі орын алатын біркелкі тұрақты құбылыс екендігін әр кездері ғұмыр кешкен ғұламалар ерекше атап көрсеткен еді. Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Бұл – адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі. Әйтсе де арнайы дәл ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, бұлар адам психологиясын жан-жақты ажыратуға жарай бермейді. Мұндай жағдайда біз тек ғылыми психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен, этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология дейтін арнаулы ғылым сапасы шұғылданады. Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетінің (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, дін, т.б.) жемісін, сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдердің бірі деп есептейді. Этнопсихология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лацариус, Штейнталь, Вундт, т.б.) пайда болды. Қазақ топырағында бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов еді. Оның еңбектерінде «халық рухы» дейтін атау жиі кездеседі. Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады. Бұл жәйт біртуар қазақ ғалымының сол кездегі еуропалық этнопсихологтардың еңбектерінен хабардар болғандығын жақсы байқатады.

## 1.2. Жан құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіну

Психикалық әрекетті ғалымдар бейнелеу теориясы негізінде түсіндіреді. Осы қисынның ірге тасы әл-Фараби еңбектерінде алғаш сөз болған («Сыртқы әсерлердің әсерімен заттардың образдары пайда болады»). Әл-Фараби «Философиялық трактаттар». Алматы: Ғылым, 1973. – 301 бет). Бұл теория бойынша сыртқы дүние біздің сезімде мида түйсік, қабылдау, елестеу, ой-сезім түрінде бейнеленеді. Бұлардың бәрін кейде бір сөзбен *адамның санасы* немесе *психикасы* деп те атайды. Сана сыртқы дүниенің бейнесі дегенді қалай түсінуге болады? Біздің миымыз сыртқы әсерлердің бәрін қабылдауға, бейнелеуге қабілетті. Мидағы бейне, образ сол бейнеленген зат пен құбылысқа дәл келеді. Бейнелену процесі әр адамның өмір тәжірибесіне, жол мөлшеріне, білім деңгейіне, мақсат-мүддесіне, наным-сеніміне орай өзіндік өзгешеліктерге толы болады.

Неорганикалық материяның өзінде де түрлі нәрселер сәулеленеді. Мәселен, заттың айнадағы сәулесінен біз оның суретін көреміз. Ал егер затты алып кетсек, оның суретінің де айна бетінен жоғалып кететіні мәлім. Психикалық бейне де осы іспеттес, яғни сыртқы орта әсер етпейінше, мида ешқандай психикалық құбылыс пайда болмайды. Айна бетіндегі бейне де, адам миындағы бейне де «бейнелену» деген бір сөзбен аталғанымен бұл екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Айна бетіндегі сәуле «жансыз» сәуле болып табылады. Ал адам миында болатын бейнелеу процесінің айна бетіндегі сәуледен бір ерекшелігі – соңғы бейне өте күрделі, ол жүйке процестерінің жұмысынан туады. Мидағы бейненің екінші бір ерекшелігі – сөздің жәрдемімен бейнеленуі. Бейне-

ленудің осы түрі ұзақ уақыттық тарихи дамудың нәтижесінде, адамдардың еңбек ету қызметінің негізінде пайда болған.

Айналадағы заттар мен құбылыстардың адам миында бейнеленуі жануарлардан бөлек, өзгеше жолмен, белсенді түрде сөздің көмегімен жүзеге асады. Адам қоғамдық-әлеуметтік өмірдің жемісі болғандықтан, оның бейнелеуі ұғым, пікір, ой қортындысы түрінде көрінеді. Ол белсенді әрекеттену негізінде, әртүрлі объектілермен қатынас жасап, өзі солардың бейнеленуіне мүмкіндік туғызады. Бейнелену – заттың миға әсер етуінен ғана болатын біржақты процесс емес, субъект (адам) пен объектінің (сыртқы орта) өзара байланысының нәтижесі. Адам сыртқы ортаның тигізген әсерін, шама-шарқынша өңдеп, саналы түрде бейнелейді. Бейнелену ми қабаты жықпылдарында адамның жас мөлшері, білім, дағды, икемі, тәжірибесіне орай түрлі деңгейде көрініп отырады.

Бейнелену формаларының шығуына құрамында белоктық заттары бар тіршіліктің пайда болуы шешуші роль атқарды. Тітіркенушілік, яғни тірі организмнің сыртқы әсерге жауап бере алу қабілеті, жүйке жүйесі күрделі сипат алған сайын организмнің сыртқы ортамен байланысында елеулі орын ала бастайды. Мәселен, балықтардың миы өте мардымсыз болса, сүтпен қоректенушілердің миы бұған қарағанда жақсы дамыған. Жануарлар миының алдыңғы жағы (маңдай бөлігі) өскен сайын олардың сыртқы ортамен байланысының дәрежесі, яғни бейнелеу мүмкіншілігі де арта түседі.

Бейнелену теориясының мәнін басқаша түсінетіндер де кездеседі. Неміс ғалымы Г. Гельмгольц (1821–1894):

«Мидағы бейнелердің сыртқы дүние заттарымен ешқандай ұқсастығы жоқ, бұлар – заттың бейнесі емес, оның символы», – дейді. Бұл теория біздің сезім мүшелеріміздің көрсеткеніне сенбеушілік туғызады, объективтік дүниені жоққа шығарады. Заттың бейнесі бір басқада, шартты таңба – символ бір басқа. Бейне «кескінделетін» сыртқы заттың объективтік болуын қажет етеді, ал «таңба» мен «символ» оны турадан-тура жоққа шығарады.

Адам санасының табиғатын осылайша түсінетіндерді ғылымда *тұрпайы материалистер* дейді. Мәселен, XIX ғасырда өмір сүрген немістің кейбір оқымыстылары (Молешотт, Бюхнер, Фохт): «бауыр өтті өзінен қалай

бөліп шығарса, ми да ойды солай бөліп шығарады» деп адамның сана-сезімін, ойлау процесін ми шығаратын заттың ерекше бір түрі деп түсіндіреді. Бұл өте тұрпайы түсінік. Шынында, сана сол материяның өзі болса, бұдан материя мен сана арасындағы айырмашылық жойылады да, бұл екеуі бірдей болып шығады. Ғылыми түсінік бойынша, психика, сана зат емес, оны көруге де, суретін түсіріп алуға да болмайды. *Сана – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы бейнесі*. Ол материалдық бейне емес, идеалдық бейне. Сана шындықтың жай суреті, оның жансыз көшірмесі емес, адамның басында, жүйке жүйесінде жасалып жататын шындықтың күрделі бейнесі.

### 1.3. Жан құбылыстарының топтастырылуы

Жан қуаттарының күрделі ағымын аңғару үшін алдымен оларды белгілі топтарға жіктеуіміз керек. Мұны жан қуаттарының *топтастырылуы* деп атайды. Бұл топтастыру бойынша, психика бір-бірімен тығыз байланысты үш топқа бөлінеді. Олардың бірі *психикалық процестер* деп аталса, екіншілері *психикалық қалып*, үшіншілері *психикалық қасиеттер* деп аталынады (1.1-сызба). Жан қуаттарының кейбірі (түйсік, қабылдау, елестету, т.б.) сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын тікелей танып-білуде, енді біреулері бұлардың арасындағы күрделі байланыстарды, дәнекерлі қатынастарды, өзгерістерді тереңдей бойлап білуде ерекше орын алады. Адамның сыртқы дүниемен (объективтік шындықпен) үздіксіз қатынастағы белсенді байланысында оның сезім, ерік процестері шешуші қызмет атқарады.

*Психикалық кейіп (немесе қалып)* адамның түрлі көңіл күйінің (шабыт, зерігу, үрейлену, абыржу, сергектік, белсенділік, т.б.) тұрақты компоненттері. Жан қуаттарының осы екінші тобы ғылымда әлі де болса толық зерттелінбеген.

*Психикалық қасиеттер* – бір адамды екінші бір адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер. Бұған әрбір адамның мінезі мен темпераменті, қабілеті мен дүниетанымы, сенімі мен талғамы, қызығуы жатады. Психикалық қасиеттердің қалыптасуында адамның өскен ортасымен қатар, оның кейбір таптық, ұлттық, жас өзгешелік, мамандық ерекшеліктері де бірсыдырғы орын алады.

*Психикалық процестер* – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері. Бұлардың түрлері көп. Аспанда жұлдыздар жымыңдап, бір өшіп, бір жанып тұр. Оқтын-

оқтың самал желдің ақырын ғана толқып өскен лебі денеге тиеді, шөп сыбдыры баяу ғана құлаққа шалынады, жас жусанның исі мұрын жарып тұр, көлде әлсін-әлі құрбақа бақылдайды. Осындайларды адам түйсік, қабылдау деп аталатын процестері арқылы сезінеді. Түйсікте сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының толып жатқан жеке саналары сәулеленетін болса, қабылдауда олар тұтастай, біріккен сапаларымен бейнеленеді.

Бір кезде қабылданған заттар санамыздан мүлде жойылып, өшіп кетпейді, оларды кейін керек кезінде түрліше елестетуге болады. Мысалы, студент үйіне хат жазып отырып, үйіндегілердің бет-пішініндегі нәрселерді көз алдына елестете алады. Мұндай жағдайда оның басында елес процестері пайда болады. Оған нәрселер мен заттардың образы қасында тұрғандай көрінбей, жай елестеп отырады. Студент сабаққа дайындалады. Кейін мұғалім сабақ сұрағанда студент оқығанын есіне түсіріп, айтып береді, қажетті нәрселерді есіне жинайды да, қажетсіз, қызықсыз жерлерін ұмытады. Бұл жерде *ес процестері* әңгіме болып отыр.

Ғалымның тыңнан бір жаңалық ашуы, инженердің машина ойлап шығаруы, оқушының шығарма жазуы, т.б. үлкен қиялды қажет етеді. Бұрын қабылданған нәрселерді қайтадан өңдеп, образ жасауда көрінетін психикалық процесс *қиял* деп аталады. Алдымызда тұрған мәселені шешу, заттардың себеп-салдар байланыстарын көрсету, болмысты жалпылай және жанама түрде тану – ойлау процесінің арқасында болып отырады. Сөйлеумен тығыз байланысты ойлау адам танымының ең жоғары түрі. Біз айналадағы нәрселерге талғаусыз қарамаймыз. Ісіміз оңға

басса, көңілміз толып, оған қатты қуанамыз, жаман нәрсені көрсек ренжиміз, әділетсіз іске ашу білдіреміз. Қуаныш, қайғы, ұнату, ұнатпау, уайым, масаттану, достық, жолдастық, адалдық, шыншылдық, т.б. адамның сан алуан сезімдері мен эмоцияларын бейнелейтін атаулар.

Қандай болмасын, бір әрекет жасау үшін алдымен оның жоспарын ойланамыз да алда тұрған кедергілер мен қиыншылықтарды жеңуге кірісеміз, көздеген мақсатқа жету үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Мұнда адамның мақсат, тілек, қалау, тоқтам, ерік, жігер қажыр-қайрат процестері көрінеді.

Жан қуаттарының ішінен *зейін* ерекше орын алады. Зейін санамыздың барлық жақтарының белгілі объектіге бағытталып, шоғырлануы. Зейін жан қуаттарының қай-қайсысына болса да дәнекер болады, оны күшейте де, әлсірете де алады, ерік процесі де онсыз пәрменсіз болады.

Психикалық процестердің осы түрлері бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Бұлар адамның даралығын көрсететін психикалық қасиеттерімен (қабілет, мінез, темперамент, қызығу), кейбір анатомиялық-физиологиялық тума қасиеттерімен де орайлас көрініп отырады. Бұлардың әрқайсысының көрінуі нақтылы жағдайлардың әсерінен түрлі мәнге ие болып, адам санасын әр қырынан көрсетіп жатады және бұлар бір-бірімен тығыз байланысты болады. Бұл жөнінде Абай:

«Ақыл, қайрат, жүректі  
бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жолда жоқ жарыместі

«жақсы демек», – деген еді.

### Психикалық құбылыстар классификациясының сызбасы



Осы айтылып кеткен психикалық процестер, қалыптар, қасиеттер бір қалыпта тұрмай, адамның іс-әрекетінде дамып, өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер заң бойынша болып отырады.

Психология ғылымының тарихы да біріне-бірі қарама-қарсы жоғарыда аталған екі бағыттың үздіксіз ой-пікір, талас-тартысына толы. Мәселен, ертедегі грек ойшылдарының бірі Де-

мокрит (б.э.д. 460-370 ж.) сол кездің өзінде-ақ жанды (психика) оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп түсіндірілді. Ол жанның мәңгі еместігін, оның өсіп, өшіп отыратындығын айтып, материалистік тұжырым жасады. Сол заманның екінші бір ойшылы, идеалист Платон (427–347 ж.), керісінше, жан мәңгі өлмейді, өшпейді деп тұжырымдады.

### 1.4. Психологияның маңызы және оның міндеттері

**Психология ғылым ретінде** психологияның міндеті – психикалық өмірдің негізгі заңдарын зерттеу. Бұл заңдарды білу әрбір адамға қажет. Психологияны зер салып зерттеген адамның қай-қайсысы болса да өзінің күшті және осал жақтарын көре біледі, өзін-өзі тәрбиелеп, жақсы қасиеттерін жетілдіруге кемшіліктерін жоюға мүмкіндік алады. Психологияны үйреніп білу – адамға еңбек және оқу істерінде тигізер көмегі мол. Ой-әрекетін жақсы түсінуге, еске сақтауға, зейін аударуға жол ашып береді. Адамның психикалық өмірін бей-

нелейтін әдебиетті, тілді, тарихты және басқа қоғамдық ғылымдарды зерттеп-білуде психологияның маңызы зор. Балалардың психикалық ерекшеліктерін білмейінше, оларды ойдағыдай оқытып тәрбиелеуге болмайды. Жалпы психологиямен қатар психологиялық ғылымның жеке салалары да болады. Мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін бала және педагогика психологиясын білудің маңызы зор. Педагогикалық психология оқу-тәрбие жұмысы процесінде балалардың психикасын зерттеумен шұғылданады. Ол оқушыларды ой-

дағыдай оқытып, тәрбиелеудің психикалық шарттарын зерттейді.

Психологияның әсіресе мұғалімдер үшін маңызы зор. Анатомия мен физиологияны жөнді білмейтін дәрігердің жұмысы қандай пәрменсіз болатын болса, психологияны білмейтін мұғалімнің де оқу-тәрбие саласындағы еңбегі нәтижелі болмайды. Осы жайды украинаның аса көрнекті педагогы, психолог А. С. Макаренко (1888–1939 ж.) бізге талай рет ескертіп еді. Ғылыми-техникалық прогресс елімізде осы ғылымның ұдайы дамуына ерекше ықпал жасап келеді. Кеңес психологтары әсіресе оқу-ағарту, тәлім-тәрбие мәселелерінің көптеген қырларына замана талабына сай зерттеулер жүргізді. Мәселен, төменгі класс оқушылары оқудың жаңа жүйесіне көшіруде психо-

логтар (Л. Б. Занков, В. В. Давыдов, Д. Б. Эльконин, т.б.) елеулі еңбек сіңірді. Психологияның салыхалы проблемалары Мәскеу, Киев, Тбилисидегі ғылыми-зерттеу институттарында, университеттер мен пединституттардың арнаулы кафедраларында зерттелуде, осы ғылым саласындағы үздік ғылыми еңбектері үшін С. Л. Рубинштейнге Мемлекеттік (1940 ж.), Соколянский мен Мещеряковтарға Мемлекеттік сыйлықтар (1980 ж.) берілді. Елімізде психология кадрлары көптеген Университетте даярланады. 1957 жылдан бастап психологтардың Бүкілодақтық қоғамы жұмыс істеді. Дессертациялық зерттеулер үшін психология ғылымының кандидаты, докторы деген арнайы ғылыми атақтар беріледі.

## 1.5. Психологияның салалары

Қазіргі уақытта психология ғылымы бірнеше салаларға бөлінеді.

Адамның нақты іс-әрекеттеріне сүйене отырып, оның психикасының дамуын былай жіктейді:

І. Педагогикалық психология – білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық негіздерін зерттейді және жастың даму (жас ерекшелігі) психологиясымен тығыз байланысты, өйткені білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын оқитындардың жас шамасын және даралық ерекшеліктерін ескермейінше дамыту мүмкін емес. Педагогикалық психология саласындағы зерттеулер білім беру мен тәрбиелеудің мәнін дұрыс түсінуге, оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын әртүрлі талаптарды анықтауға, оқушылардың ақыл-ой әрекеті мен мінез-құлығын басқара отырып, олардың дамуын қамтамасыз ететін білім беру және тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін тауып

негіздеуге мүмкіндік береді. Педагогикалық психология педагогтар мен оқушылардың арасындағы өзара қатынас мәселелерін, педагогтың жеке басына қойылатын талаптарды зерттейді, педагогикалық қабілеттер мазмұны мен қалыптасу үрдісін ашады. Сонымен қатар, оқушылар ұжымындағы өзара қатынастармен, олардың психологиялық даралық ерекшеліктерімен санасып отырудың мүмкіндіктерін іздестіреді. Оқу-тәрбие жұмыстарын және балалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастырып, бірқалыпты даму заңдылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізу әдіс-тәсілдерінің психологиясын зерттейді. Сондай-ақ, ересек адамдармен жұмыс істеудің ерекшеліктерімен және оларды қалай оқыту мәселелерімен де шұғылданады. Тәлім-тәрбие психологиясының мынадай тармақтары бар:

А) Оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл-ойын қалыптастыру мәселелерімен шұғылданады.

Ә) Тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету психологиясының негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді.

ІІ. Жас кезеңдерінің психологиясы – әрқилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық саналарын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан тұрады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы мен кәрілік психологиясы (геронтология). Бұл сала оқыту мен ақыл-ойдың дамуын зерттейді.

ІІІ. Арнаулы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Арнаулы психологияның тармақтары: олигофренопсихология – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, сурдопсихология – саңырау не керең болып туған балалар психологиясын, тифлопсихология – нашар көретіндер мен зағиптардың психологиялық дамуын зерттейді.

ІV. Еңбек психологиясы – адамның іс-әрекет түрлерінің психологиясын, ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми ұымдастырудың психологиялық тараптарын зерттеумен бірге психология ғылымының дербес салаларына айналған білімдерге жіктеледі. Олардың ішінде: инженерлік психология, авиация психология, ғарыштық психология, т.б. бар.

V. Медициналық психология – дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез-құлқын зерттейді.

VI. Әскери психология – азаматты ел-жұртты мен Отанын қорғайтын психологиялық тұрғыдан даярлау.

VII. Әлеуметтік психология – адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерін, адамдардың әртүрлі ұымдасқан ресми немесе ұымдаспаған, бейресми топтарда көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен шұғылданады.

VIII. Спорт психологиясы – спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын анықтайды.

IX. Сұрда психологиясы – әрдір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді.

IX. Савда психологиясы – әрбір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді.

X. Ғылыми – шығармашылық психологиясы – шығармашылық адамның жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі.

Айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы сезімдік ролі, т.б. сипаттары зерттеледі. Осы бағыттағы ерекше маңызды заңдылық-эвристика тәсілі.

XI. Салыстырмалы психология психиканың фizioгенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктерін ажыратады.

XII. Заң психологиясы құқыққа қатысты мәселелерді зерттеу және олар

ды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс

психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан тұрады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Психология ғылымы дегеніміз не?
2. Психикалық құбылыстарға не жатады?
3. Психология ғылымы қай тілден аударғанда «жан туралы ілім» деген ұғымды білдіреді?
4. Психологиялық құбылыстардың жіктелуі деп нені айтамыз және оның түрлері.
5. Психикалық құбылыстардың жіктелуінің түрлеріне анықтама беріңіз.
6. Диалектикалық материализм тұрғысынан алғанда психика дегеніміз не?
7. Психологияны білудің қандай маңызы бар?
8. Психологияның қандай салалары бар?

### **№1 тапсырма.**

Психологиялық білім мен біліктілікті қажет ететін нақты өмірлік және кәсіби жағдаятты сипаттаңыз.

### **№2 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда қандай психологиялық құбылыстар (процестер, қасиеттер мен қалып) көрініс бергенін анықтаңыз:

- а) Оқушы үй тапсырмасын зейін қойып орындайды.
- ә) Қызы кинодан алған әсерін анасына таңдана баяндайды.
- б) Басшы өз қарауындағы адамдарға өте қатал және қарым-қатынасы дәрекі, кез келген жайттарға көңілі толмайды.
- в) Бала сыныбы серуенге бармайтынын естігеннен кейін көңілі түсіп, жабырқаулы.
- г) Даяршы келген адамға ассортименттегі барлық виноның түрлерін атап шықты.

### **№3 тапсырма.**

Нақты өмірлік жағдайда пайда болатын психологиялық үрдіс, қасиет пен қалыптың көрінуіне мысал келтіріңіз.

### **№4 тапсырма.**

Психологияның қай саласы келесі міндеттерді шешетінін анықтаңыз.

- а) Жасөспірімдік жастағы күйзеліске әсер ететін факторларды анықтау.
- ә) Мекеменің еңбек өнімділігінің төмендеу себебін анықтау.
- б) Оқушылардың сабаққа зейін аудару тәсілдерін өңдеу.
- в) Ұжымдағы лидерді анықтап, оны топтық жұмысты ұйымдастыруға бағыттау.
- г) Мінез-құлық ерекшелігіне қарап, тұлғаның темперамент типін анықтау.
- ғ) Еңбек ету өнімділігіне тұлғаның сағаттық биоритмінің әсерін анықтау.
- д) Кәрілік жастағы адамдардың қысқа мерзімді ес көлемін анықтау.

ды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс

психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан тұрады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Психология ғылымы дегеніміз не?
2. Психикалық құбылыстарға не жатады?
3. Психология ғылымы қай тілден аударғанда «жан туралы ілім» деген ұғымды білдіреді?
4. Психологиялық құбылыстардың жіктелуі деп нені айтамыз және оның түрлері.
5. Психикалық құбылыстардың жіктелуінің түрлеріне анықтама беріңіз.
6. Диалектикалық материализм тұрғысынан алғанда психика дегеніміз не?
7. Психологияны білудің қандай маңызы бар?
8. Психологияның қандай салалары бар?

### **№1 тапсырма.**

Психологиялық білім мен біліктілікті қажет ететін нақты өмірлік және кәсіби жағдаятты сипаттаңыз.

### **№2 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда қандай психологиялық құбылыстар (процестер, қасиеттер мен қалып) көрініс бергенін анықтаңыз:

- а) Оқушы үй тапсырмасын зейін қойып орындайды.
- ә) Қызы кинодан алған әсерін анасына таңдана баяндайды.
- б) Басшы өз қарауындағы адамдарға өте қатал және қарым-қатынасы дерекі, кез келген жайттарға көңілі толмайды.
- в) Бала сыныбы серуенге бармайтынын естігеннен кейін көңілі түсіп, жабырқаулы.
- г) Даяршы келген адамға ассортименттегі барлық виноның түрлерін атап шықты.

### **№3 тапсырма.**

Нақты өмірлік жағдайда пайда болатын психологиялық үрдіс, қасиет пен қалыптың көрінуіне мысал келтіріңіз.

### **№4 тапсырма.**

Психологияның қай саласы келесі міндеттерді шешетінін анықтаңыз.

- а) Жасөспірімдік жастағы күйзеліске әсер ететін факторларды анықтау.
- ә) Мекеменің еңбек өнімділігінің төмендеу себебін анықтау.
- б) Оқушылардың сабаққа зейін аудару тәсілдерін өңдеу.
- в) Ұжымдағы лидерді анықтап, оны топтық жұмысты ұйымдастыруға бағыттау.
- г) Мінез-құлық ерекшелігіне қарап, тұлғаның темперамент типін анықтау.
- ғ) Еңбек ету өнімділігіне тұлғаның сағаттық биоритмінің әсерін анықтау.
- д) Кәрілік жастағы адамдардың қысқа мерзімді ес көлемін анықтау.

ж) Қалыптасып келе жатқан ұжымда өзара іскерлік қарым-қатынас орнату тәсілдерін өңдеу.

з) Қараусыз қалған жасөспірімнің психологиялық ерекшелігіне әсер ететін факторды анықтау.

и) Жасөспірімдерге мамандық таңдауда көмек көрсету.

#### **№5 тапсырма.**

Психологияның түрлі салалары шешетін нақты міндеттерге мысал келтіріңіз.

### **ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ**

#### **1. Психология ғылымының негізін құрушы:**

- A. Адам болмысы;
- B. Адам физиологиясы;
- C. Әлеумет өмірі;
- D. Математика;
- E. Саясат.

#### **2. Психологияның өз алдына дербес эксперименттік ғылым болып бөлініп шыққан уақыты:**

- A. 1879 жылы;
- B. 1889 жылы;
- C. 1899 жылы;
- D. 1869 жылы;
- E. 1859 жылы.

#### **3. Психология пәнінің зерттейтін аймағы:**

- A. Жан туралы ілім;
- B. Қоршаған ортаны зерттейді;
- C. Психикалық құбылыстардың пайда болуы, дамуы және қалыптасу заңдылықтарын зерттейді;
- D. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарын мида бейнелейді;
- E. Тәлім-тәрбие саласын зерттейді.

#### **4. Психикалық процестерді ата:**

- A. Ес пен елес;
- B. Көңіл күй, аффектер;
- C. Психологиялық әдістер;
- D. Темперамент, мінез, қабілет;
- E. Түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, ерік, қиял.

#### **5. Адам мен қоғам арасындағы қатынаспен айналысатын психологияның саласы:**

- A. Әлеуметтік психология;
- B. Әскери психология;
- C. Жас ерекшелік психологиясы;

- D. Заң психология;
- E. Медициналық психология.

**6. Балалар, жеткіншектер, жастар, ересектер, қарт адамдар психологиясы болып бөлінетін психологияның саласы...**

- A. Арнаулы психология;
- B. Әскери психология;
- C. Жас ерекшелік психологиясы;
- D. Заң психологиясы;
- E. Медициналық психология.

**7. Психологияның пәндік аймағының кемелденуімен орайлас бірінші кезең аты**

- A. Жан туралы ғылым;
- B. Инстропектілік сана тағылымы;
- C. Психологиялық параллелизм теориясы;
- D. Сана туралы ғылым;
- E. Іс-әрекет жөніндегі ғылым.

**8. Психология ғылымының міндеті:**

- A. Адам дүниесінен тыс жағдайларды зерттеу;
- B. Процестерді сол күйінде суреттеу;
- D. Психологиялық құбылыстардың объектив заңдарын ашу;
- D. Субъектив ойды баяндау;
- E. Табиғаттан тыс болмысты деректеу.

**Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология.
2. Ә. Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы: Қазақ университеті.
3. К. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993

## 2-тарау. Психологияның зерттеу әдістері

### Жоспар:

2.1. Психологиялық зерттеулерді құру принциптері.

2.2. Психологияның зерттеу әдістері.

а) Негізгі зерттеу әдістері.

ә) Қосалқы зерттеу әдістері.

### 2.1. Психологиялық зерттеулерді құру принциптері

Жаңа әрі тың деректермен үнемі толықтырылып отырмай, ғылым дами алмайды. Деректер жинау үшін ғылыми негізделген әдістерді пайдаланғанда ғана ғылым дұрыс және табысты дамуы мүмкін. Психиканы мидың объективтік шындықты бейнелендіретін қасиеті ретінде диалектикалық тұрғыдан ұғындыру үшін психологиялық зерттеулерді құрудың әдістері мен принциптерін талап етеді. Психологиялық зерттеулерді құру принциптері:

1) *Психикалық құбылыстарды зерттеудің объективтілігі.* Бұл принцип кез келген психикалық құбылысты олар қандай болса, сол күйінде қараудың қажеттігін білдіреді. Олар адам өмірінің сыртқы жағдайлары және қызметімен өзара байланыста ғана зерттелуі мүмкін. Бұл талап орындалуы тиіс, себебі психикалық құбылыстар сыртқы әсерлердің бейнеленуі ретінде ұғынылады. Объективтілік принципі адамның психикалық ерекшеліктері туралы оның нақтылы істері мен қылықтарына қарап қана дұрыс пікірге келуге болатын-

дықтан адамды қызмет процесі үстінде зерттеуді талап етеді.

2) *Психикалық құбылыстарды олардың дамуы барысында зерттеу.* Егер объективті дүние ұдайы қозғалыста және өзгерісте болса, онда осыған орай, оны бейнелендірудің қозғалыссыз, өзгеріссіз болуы мүмкін емес. Бұл принцип адам бойында қалыптасып болған психикалық қасиеттерді ғана емес, сонымен қатар жаңа ғана пайда болып келе жатқан психикалық ерекшеліктерді де зерттеуді талап етеді.

3) *Жеке адамды анализдік-синтездік зерттеу.* Әртүрлі жағдайларда, әртүрлі қызмет бабында, басқа адамдармен қарым-қатынасында жеке адамның сан салалы психикалық ерекшеліктері, жеке адам ретіндегі бет-бейнесі ашылады. Анализдік зерттеу психиканың элементтерін жеке адамның өмірі және қызметінің әртүрлі жағдайында тануға мүмкіндік береді, ал синтездік зерттеу барлық жеке психикалық көріністердің өзара байланысын анықтауға және белгілі бір адамды толық сипаттайтын тұрақты қасиеттерді табуға көмектеседі.

### 2.2. Психологияның зерттеу әдістері

Психологияда адамның психикалық қызметін зерттейтін алуан түрлі әдістер қолданылады. Белгілі бір әдісті таңдау, зерттеу жұмысының

алдына қойылған мақсатқа байланысты, қандай жағдай болса да аталған принциптерді басшылыққа алған тиімді.

Бір қарағанда біздің әрқайсымызға оңай, тіпті таныс сияқты болып көрінетін жәйт күнбе-күнгі психикалық өмірімізге мұқият үңіліп қарасақ, өзіне тән заңдылықтары бар аса күрделі қасиет. Психикалық өмірді де атомның құрылысы сияқты жай көзбен қарап ажырату қиын. Бақылау, эксперимент, әңгімелесу әдісі адам қызметінің нәтижесін зерттеу болып табылады. Әр ғылымның өзіндік ерекшелігіне қарай дербес зерттеу әдісі болады, осы әдістер арқылы сол ғылымның сан алуан заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік

туады. Басқа да ғылымдар тәрізді психология ғылымының да өзіне тән әдістері бар. Бұл әдістер осы ғылымның көп жылғы даму жолында түрлі тексерулерден өтіп, сұрыпталу арқылы қалыптасқан. Психикалық әрекетті де белгілі мақсатқа байланысты жоспарлап, арнайы белгіленген және мұқият ұйымдастырылған әдістер арқылы зерттейді. Психологияда адамның психикалық ерекшеліктерін зерттейтін бірнеше әдістер бар. Олардың бір тобы негізгі әдіс, екінші тобы қосалқы әдіс деп аталады (2.1-сызба).

2.1-сызба

### Психологияның зерттеу әдістері



#### **а) Негізгі зерттеу әдістері**

1. Бақылау – психологияда кең тараған әдіс. Зерттелші басқа адамның іс-әрекетін, оның мінез-құлқын, психикасын, қозғалысын, сөйлеген сөзін жоспарлы түрде бақылайды. Адамның мінез-құлқын дұрыс түсіне білудің де маңызы зор. Мысалы оқушының бет-әлпетіне ден қоя берудің керегі жоқ. Кейде оқушы зер салып отырған адам-

ның кейпінде болады, ал шынында ол мұғалімнің айтып жатқанын тыңдамай отырады. Сондықтан балалардың жай күйін білу үшін оларға зер салып қарау жеткіліксіз, басқа әдістер сұраулар қоюды қолдану керек.

Бақылау кезінде зерттеуші баланың мінез-құлқын табиғи жағдайда белгілі бір мақсат көздей отырып қадағалайды және көріп байқағандарын көзден таса

қылмай есепке алады. Бақылаудың табысты болуы оның мақсатының қаншалықты дұрыс тұжырымдалғандығына байланысты. Егер зерттеуші бақылау басталмас бұрын бала мінез-құлқының қай жағына көбірек көңіл аударуы керек екенін анықтап алмаса, онда әсері бытыраңқы, тұрақсыз болады. Бала жақтағы бөлмеден бұл әйнек айна сияқты болып көрінеді де, бақылаушы жақтан терезеге ұқсайды. Жасырын бақылау үшін телевизиялық қондырғылар да пайдаланылады.

Бақылау процесінде зерттеуші бала мінез-құлқындағы сыртқы белгілерді ғана оның әртүрлі заттармен іс-әрекетін, сөйлеген сөздерін, мәнерлі қимылдарын, т.б. қадағалай алады. Бірақ психологты сыртқы көріністер ғана емес, соның астарында жасырынған психикалық процестер, сапалар, көңіл күйлер де қызықтырады. Өйткені белгілі бір көріністердің, өзі түрлі ішкі жай-күйде білдіруі мүмкін ғой. Мысалы, қандай да бір жағдайда бір бала қалжыңға күлуі, ал екінші бала жолдасына еліктеп қана күлуі мүмкін. Бақылаулар жүргізгендегі ең қиын нәрсе бала мінез-құлқындағы ерекшеліктерді елеп қана қоймай, оны дұрыс түсіндіру болып табылады.

Жақсы бақылаушылар бақылаулар материалы мен оны түсіндіруін арасын қатақ шектейді. Өйткені түсіндіру қате болып қалуы да мүмкін. Ол үшін бақылау парақ қағаз екі бөлімге бөлініп жазылады. Сол жақ бөліміне баланың сыртқы белгілерін жазады да, оң жағына оны өзінше түсіндіреді.

Жаппай және ішінара бақылаулар болады. Жаппай бақылаулар ұзақ уақыт бойы жүргізіледі де, бала мінез-құлқының көп жағын қамтиды. Ол бір немесе бірнеше балаға қатарынан жүргізіледі. Әрине, баланың әр қимылын, әр сөзін қалт жібермей есепке алып отыру мүмкін емес. Жаппай бақылаулар әрқа-

шан азды-көпті іріктеліп жасалады: бақылаушыға маңызды көңіл аударарлық болып есептелгендер, баланың жаңа сапасы мен мүмкіндігін көрсететіндер ғана жазылып отырылады.

Жаппай бақылаулар нәтижелері әдетте күнделік ретінде сақталады, олар баланың психикалық даму заңдылықтарын анықтау үшін пайдаланылатын фактілердің маңызды қайнар көзі болып табылады. Көптеген белгілі психологтар өз балаларының даму күнделіктерін жүргізген. Неміс психологі В. Штерн (1871–1938) әйелі (К. Штерн) екеуі жүргізген күнделігіндегі жазбаларды баланың психикалық дамуына әсер ететін себептер жөніндегі болжамына талдау жасауға және көркемдеп көрсетуге пайдаланған. Белгілі швейцар психологі Ж. Пиаже (1896 жылы туған) сәбилік шақтағы балалардың ақыл-ойының даму кезеңдерін бөліп көрсете отырып, немерелерін бақылау қорытындыларына жиі сүйенеді. Совет зерттеушісі Н. Н. Ладыгина-Коте (1889–1963) кішкентай шони шимпанзе мен өз ұлы Рудиге жүргізген ыждағатты бақылаулар нәтижесінде бала мен жануарлар балалары дамуының ерекшеліктерін салыстырды. Маман-психологтар сияқты, ата-аналар да күнделікті жиі жүргізеді. Бұл күнделіктерді, әдетте психологтар мен педагогтар жиі пайдаланады (мысалы, А. Д. Павлованың, Э. И. Станчинскаяның күнделіктері).

Ішінара бақылаулардың жаппай бақылаулардан айырмашылығы сол, мұнда баланың мінез-құлқының бір жағы немесе оның белгілі бір мерзімдегі (мысалы, тек оның кезіндегі, тек тамақтану кезіндегі) мінез-құлқы есепке алынады. Ч. Дарвиннің өз ұлының эмоцияларды білдіруін бақылауы ішінара бақылаудың классикалық үлгісі болып табылады. Осындай алынған материалдар «Адам мен жануарлардың сезім білдіру белгілері» (1872) деген

кітапта пайдаланылды. Екінші мысал – совет лингвисті А. Н. Гвоздев өз ұлының тілі шығуын сегіз жыл бойы күн сайын бақылап, содан кейін «Балада орыс тілінің грамматикалық құрылысының қалыптасуы» деген кітап жазды (1949).

Фактілерді алғаш рет жинақтау үшін бақылау әдісі өте тиімді. Бірақ ол уақыт пен күшті көп жұмсауды қажет етеді. Баланың психикалық өмірінің оны қызықтыратын фактілері қатаң өзінен-өзі пайда болғанынша зерттеушінің күтуіне тура желеді. Оның үстінде (ең маңыздысы да осы) бала өмірі мен тәрбиесіндегі күрделі жағдайлар кейбір мінез-құлықтың себебін ашуға мүмкіндік бермейді. Көптеген зерттеушілер біз бақылау жүргізе отырып, өзіміз білетіндерімізді ғана көретінімізді, ал белгісіз нәрселердің әлі де назардан тыс қалатынын байқаған.

1. Тәжірибе (Эксперимент). Психология жөнінде ғылыми-зерттеу жүргізуде эксперименттік әдіс кеңінен қолданылады. Эксперименттік әдістің артықшылығы, бізге керекті үрдіс пен құбылыс қашан көрінеді деп күтіп отырудың қажеті жоқ. Эксперимент жасағанда *психикалық үрдістерді* неғұрлым дәлме-дәл көрсететін олардың уақытын, өту шапшаңдығын, т.б. өлшейтін арнаулы аспаптар, аппараттар қолданылады. Эксперименттің екі түрі бар: лабораториялық және табиғи. Лабораториялық экспериментті алғашқы рет В. Вундт, Лейпциг қаласында 1879 жылы жүргізді. Лабораториялық эксперимент, мысалы, балалар зейінінің қасиеттерін, сезгіштік қасиеттерін, ақыл-ойының даму деңгейін, белгілі мамандыққа икемділігін анықтайтын құрал-жабдықтарды қолдана отырып, арнайы жабдықталған орындарда өткізіледі. Табиғи экспериментті психологияға 1910 жылы А. Ф. Лазурский енгізді. Табиғи эксперимент бойынша психологиялық зерттеулер адамның

өмір тіршілігіндегі үйреншікті жағдайына сәйкес жүргізіледі. Кейбір жағдайларда бұл әдіс психологиялық және педагогикалық эксперимент деп те аталады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша әртүрлі жас кезеңдерінде адамның қалыптасуы қарастырылады. Әртүрлі кезеңдерге сәйкес зерттеу арқылы түрлі жастағылардың айырмашылықтары шартты түрде алынған белгілерге негізделеді.

2. Эксперимент (ғылыми тәжірибе). Психология жөнінде ғылыми-зерттеу жүргізуде эксперименттік әдіс кеңінен қолданылады. Эксперименттік әдістің артықшылығы, бізге керекті үрдіс пен құбылыс қашан көрінеді деп күтіп отырудың қажеті жоқ. Эксперимент жасағанда *психикалық үрдістерді* неғұрлым дәлме-дәл көрсететін олардың уақытын, өту шапшаңдығын, т.б. өлшейтін арнаулы аспаптар, аппараттар қолданылады.

Эксперименттің екі түрі бар: лабораториялық және табиғи. Лабораториялық экспериментті алғашқы рет В. Вундт, Лейпциг қаласында 1879 жылы жүргізді. Лабораториялық эксперимент, мысалы, балалар зейінінің қасиеттерін, сезгіштік қасиеттерін, ақыл-ойының даму деңгейін, белгілі мамандыққа икемділігін анықтайтын құрал-жабдықтарды қолдана отырып, арнайы жабдықталған орындарда өткізіледі. Табиғи экспериментті психологияға 1910 жылы А. Ф. Лазурский енгізді. Табиғи эксперимент бойынша психологиялық зерттеулер адамның өмір тіршілігіндегі үйреншікті жағдайына сәйкес жүргізіледі. «Табиғи экспериментте» оны жүргізуші өзіне керек құбылысты табиғи жағдайда өзі қалыптастырып отырады. Кейбір жағдайларда бұл әдіс психологиялық және педагогикалық эксперимент деп те аталады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша әртүрлі жас


кезеңдерінде адамның қалыптасуы қарастырылады. Өртүрлі кезеңдерге сәйкес зерттеу арқылы түрлі жастағылардың айырмашылықтары шартты түрде алынған белгілерге негізделеді.

Орыс психологі Н. Ланге (1858–1921) зейін мен қабылдауға зерттеу жүргізді. Француз психологі А. Бине (1857–1911) алғаш рет ойлау процесіне тәжірибе жасады. Осы зерттеулердің нәтижелері психологтардың I дүниежүзілік конгресінде (Париж, 1889) талқыланды. XX ғ. басында орыс психологі Г. И. Челпанов (1862–1936) психологиялық лаборатория ұымдастырды. Психикалық құбылыстар-


дың физиологиялық негіздерін ашуда академик И. П. Павлов (1849–1936) шартты рефлексдер әдісін анықтап берді. Осы әдіс арқылы академик Н. И. Красногорский (1882–1961) балалардың жоғарғы жүйке қызметінің даму жолдарының, ал А. Г. Иванов-Смоленский адамдардың бірінші және екінші сигнал жүйелерінің қызметін зерттеді. Психикалық процестердің пайда болу шапшаңдығын хроноскоппен (2.1, а-сурет), тері түйсігінің сезгіштігін эстезиометрмен (2.1, ә-сурет), зейіннің көлемін тахистоскоппен (2.1, б-сурет), естуді аудиометрмен, ал бұлшық еттердің жұмысын эргографпен (2.1, в-сурет) өлшейді.




а) хроноскоп



ә) эстезиометр



б) тахистоскоп



в) эргограф

2.1-сурет

### ә) Қосалқы зерттеу әдістері

Әңгімелесу әдісі бақыланып отырған адамның зерттеушіге берген жауаптарынан құралады. Қойылатын сұрақтарды алдын ала ойлап алған жөн. Сұрақтар әңгіме етілетін тақырыпты толық қамтуға тиіс, ал қойылған сұрақ балаларға түсінікті болу керек. Әңгімені бір адаммен емес, бірнешеуімен тіпті тұтастай сыныппен өткізуге болады. Әңгіменің мұндай түрі зерттеліп отырған оқушылардың жауабын бір-бірімен салыстырып отыруға мүмкіншілік туғызады.

Психологияда сондай-ақ адам қызметінің нәтижесін зерттеу әдісі пайдаланылады. Мәселен, шығармаларын, суреттерін, күнделіктерін, хаттарын зерттеу.

Психологиялық ғылымда сауалнамалық әдіс дейтін де әдіс қолданылады. Мұнда сыналушыға бірқатар сұрақтарға жауап жаздыртады.

Психологияда өзін-өзі бақылау әдісі де қолданылады. Бұнда адам өзін-өзі тәрбиелеуде сапалық жақсы қасиеттерін дамытып, кемшіліктерін жойып отыруы керек.

Субъективті әдістер сыналушылардың өз-өзін бағалауына немесе олардың өзінше есептеріне, сондай-ақ кейбір құбылыстарға сыналушылардың айтқан пікіріне немесе алынған ақпараттарға негізделеді. Психология дербес ғылым саласына айналғаннан бері субъективті әдістер бірінше кезекте дами бастады және қазірде жетілу үстінде. Бақылау, өз-өзін бақылау және сауалнама психологиялық құбылыстарды зерттеудің алғашқы әдістері еді.

**Бақылау әдісі** психологиядағы ескі және бір қарағанда өте қарапайым әдіс секілді. Ол әдеттегі өмір сүру жағдайындағы адамның қызметіне бақылаушы кіріспей, жүргізлетін жоспарлы бақылауға негізделеді. Бұған психологияда бақыланып отырған құбылыстарды

толық және дәл сипаттау, сонымен бірге оларды психологиялық тұрғыдан түсіндіру жатады. Міне, психологиялық бақылаудың басты мақсаты осы: ол деректерге сүйене отырып, олардың психологиялық мазмұнын ашу.

Бақылау – ол барлық адамдардың пайдаланатын әдісі. Ал қарапайым адамдардың бақылауы мен ғылыми бақылаудың айырмашылығы өте көп. Ғылыми бақылау жүйелілігімен сипатталып, объективті шындықты алу үшін белгілі бір жоспарға негізделіп отырып, жүргізіледі. Яғни, ғылыми бақылау жүргізілгенде арнайы білім және сапаны психологиялық көріну объективтілі ашылатын арнайы дайындықты талап етеді.

Бақылау әртүрлі нұсқаларда жүре алады. Мысалы, кеңінен қолданылатын әдіс *қосылған бақылау*. Бұл әдіс психологтың өзінің қатысуымен жүргізіледі. Егер зерттеушінің қатысуынан, оның жағдайды қабылдауы мен түсінуінен нәтиже бұзылатын болса, онда болып жатқан жағдайларды объективті түсіну үшін шеттен бақылаған жөн. Қосылған бақылау мазмұнына қарай басқа әдіске – *өз-өзін бақылауға* өте ұқсас.

Өз-өзін бақылау яғни, өз қалып-күйлеріңді бақылау тек психологияда қолданылатын әдіс. Бұл әдістің артықшылығымен қатар, бірнеше кемшілігі де бар. Біріншіден, өз қалпыңды бақылау өте қиын. Бақылауға орай олар дұрыс болмауы мүмкін немесе тоқтап қалады. Екіншіден, бұл бақылауда субъектіліктен құтыла алмайсың, өйткені біздің қабылдауымыз субъективті бояуға ие. Үшіншіден, біздің кейбір қалыптарымызды түсіндіру қиын бұл әдісте.

Дегенмен өз-өзін бақылау әдісі психолог үшін аса маңызды. Тәжірибеде басқа адамдардың мінезін көргенде, психолог оның психологиялық мазмұнын білгісі келеді. Көбінесе ол

өз тәжірибесіне, өз қалпын талдауға сүйенеді. Сондықтан психолог табысты жұмыс істеу үшін өз жағдайы мен қалпын объективті түрде бағалауды үйренуі керек.

Бұл әдіс көбінесе экспериментте пайдаланылады. Мұнда бұл әдіс дәл сипатталып, мұны эксперименталды өз-өзін бақылау деп атайды. Бұл жағдайда зерттеушінің аса қызықтыратын кездерінде дәл есептелінген жағдайда адамға сауал қойылады. Мұндайда өз-өзін бақылау әдісі **сауалнама** әдісімен бірге жүргізіледі.

Сауалнама зерттелетіндерден сұрақ-жауап қою арқылы ақпарат алуға негізделген. Сауалнама жүргізудің бірнеше нұсқасы бар. Олардың әрқайсысының артықшылығы және кемшіліктері де бар. Сауалнаманың үш түрі бар, олар: ауызша, жазбаша және еркін.

**Ауызша сауал**, әдетте зерттелушінің реакциясы мен мінез-құлқына бақылау жасау үшін қолданылады. Сауалдың бұл түрі жазбашаға қарағанда адам психологиясына терең бойлатады, себебі зерттеушінің қоятын сұрақтары зерттелушінің мінезіне қарай түзетіле алады. Мұндай нұсқа көп уақытты, арнайы дайындықты қажет етеді, өйткені жауаптардың объективтілігі зерттеушінің мінезі мен тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты.

**Жазбаша сауал**, аз уақыттың ішінде көптеген адам санын қамти алады. Мұның ең көп тараған түрі – анкета. Оның кемшілігі мынада, қойылған сұрақтарға зерттелушілердің реакциясын біле алмайсың және зерттеу барысында оның мазмұнын өзгерте алмайсың.

**Еркін сауал**, жазбаша және ауызша сауалнаманың бір түрі, мұнда қойылатын сұрақтар алдын ала белгілі болмайды. Мұндай сауалнамада зерттеудің тактикасы мен мазмұнын оңай өзгертуге болады, онда зерттелуші жайлы әртүр-

лі ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, стандартты сауалнама уақытты аз алады, ең бастысы нақты зерттелуші жайлы алынған ақпарат басқа адамның ақпаратымен салыстырылады, өйткені мұнда сұрақтар өзгеріп отырады.

Сауалнама әдісін қарастыра келе, біз алынатын ақпараттың дәл екендігі жайлы және психологиядағы сандық және сапалық сипаттама проблемаларына тірелдік. Бір жағынан бұл проблема зерттеудің объективтілігімен байланысты. Психологтар өзіне көптен бері мынадай сұрақ қойып жүр: Бақыланып жүрген құбылыстың кездейсоқ екенін немесе оның объективті бар екенін немен дәлелдеуге болады? Психологияның қалыптасу және даму барысында эксперимент нәтижесінің шынайылығын дәлелдейтін әдіснамасы анықталды. Бұған дәлел сондай жағдайдағы басқа зерттелушілерді зерттеудегі нәтижені қайталау. Ұқсастықтар көп болған сайын, табылған құбылыстың бар екендігі жоғары. Бұл нәтижелерді салыстыруға болатындығы проблемасына да байланысты. Әртүрлі адамдардың белгілі бір психологиялық мінездерін қалай салыстыру қажет?

Психологиялық құбылыстарды мөлшерлі бағалау XIX ғ. екінші жартысынан басталды, сол кезде ғана психологияны дәл және пайдалы ғылым жасау қажет болды. Одан ерте 1835 ж. қазіргі статистиканы жасаушы А. Кетленің (1796–1874) «Социальная физика» кітабы жарық көрді. А. Кетленің бұл еңбегінде мүмкіндік теориясына сүйене отырып, ол теория бойынша адамдардың мінезі белгілі бір заңдылықтарға бағынатындығын анықтады. Статикалық материалдарды талдай келе, ол адамдардың семья құруы, өз-өзіне қол жұмсауы және т.б. сияқты актілеріне мөлшерлік сипаттама беретін тұрақты мән алды. Бұл актілер алдында еркін болып са-

налатын. А. Кетленің қалыптастырған тұжырымы қоғамдық құбылыстарға метафизикалық көзқарастан туындаса да, ол көптеген жаңалық әкелді. Мысалы, А. Кетле егер орташа мән тұрақты болса, онда оның артында физикамен салыстыруға болатын шындық тұруы қажет, соған орай статистикалық заңдар негізінде әртүрлі (сонымен бірге, психикалық та) құбылыстарды болжауға болады. Бұл заңды түсіну үшін әрбір адамды жекелеп зерттеу керек. Зерттеу объектісі ретінде көптеген адамдардың мінез-құлқы арқылы, негізгі әдіс-вариациялық статистика болуы қажет.

Психологияда сандық өлшемдер проблемасын алғашқы шешуге деген талпыныс адамның сезіну күшін физикалы бірліктегі стимулмен байланыса отырып, адам организмiне әсер ететін бірнеше заңды ашуға және қалыптастыруға әкелді. Оған Бугер-Вебер, Вебер-Фехнер, Стивенс заңдарын атауға болады. Онда физикалық стимулмен адамның сезінулерінің арасындағы байланыс анықталатын математикалық формула, сонымен бірге сезінудің салыстырмалы және абсолютті шектері анықталды. Соңынан психологиялық зерттеулерде математика енгендіктен зерттеулер объективтіліні арттырып, психологияны практикалық мәні бар ғылымға айналдырды. Математика психологияға енуінен біртүпті зерттеулердің көп рет жасауға болатын әдістерді талап етті, яғни процедура мен әдістердің стандартталуы проблемасын шешуді қажет етті.

Стандарттанудың негізгі мәні мынада екі адамның немесе бірнеше топтың психологиялық зерттеулерінің нәтижелерін салыстырғанда қате аз болуын қамтамасыз ету үшін бірдей әдістерді, яғни сыртқы жағдайға қарамай бірдей психологиялық мінезді өлшейтін әдісті қолдану керек.

Мұндай психологиялық әдістерге *тест* жатады. Бұл әдіс жиі қолданылады. Ол психологиялық құбылысқа дәл және сапалы мінездеме бере алатындықтан, сонымен қатар алдымен шешілуі қажет практикалық мәні бар нәтижелерді салыстыруға болатындықтан тиімді. Басқа әдістерге қарағанда тестілер мәліметтерді жинау мен оларды өңдеу, оларды психологиялық түсінуге болатындығымен ажыратылады.

Тестілердің де бірнеше нұсқасы бар. Олар: сауал-тестілер, тапсырма-тестілер, жобалаушы тестілер.

**Сауал-тестілер** белгілі бір психологиялық мінездеменің бар болуын я айқындалғандығы жайлы сенімді ақпарат алатын сұрақтарға зерттелушілердің жауабына талдау ретінде қалыптасты. Мұндай мінездеменің дамуы мазмұнына сай келген жауаптардың санына негізделеді. **Тапсырма-тест** белгілі бір тапсырмаларды табысты орындау арқылы адамның психологиялық мінездемесі жайлы ақпарат алу. Мұндай тестілерде тапсырмалардың бірнешеуін орындау қажет. Орындалған тапсырма санынан ол адамдағы белгілі бір психологиялық сапаның бар немесе жоқ, сонымен қатар оның даму деңгейіне негіздеме бола алады. Мидың даму деңгейін анықтайтын тестілердің көбі осы категорияға жатады.

Тестілерді әзірлеуге талпынған адамдардың бірі Ф. Гальтон (1822–1911). 1884 ж. Лондондағы Халықаралық көрмеде Ф. Гальтон антропометриялық зертхана ұйымдастырды (кейіннен бұл Лондондағы Оңтүстік-Кенсингтон мұражайына ауыстырылды). Бұл зертханадан бойының ұзындығын, салмағын, сезімталдықтың әр түрін, реакция уақыты және басқа да сенсомоторлық қасиеттері өлшеуден тоғыз мыңдай адам өткізілді. Ф. Гальтон ұсынған

тестілер мен статистикалық ұсыныстар өмірдің практикалық мәселелерін шешу үшін кеңінен пайдаланылды. Бұл қолданбалы психологияның бастамасы еді, соңынан бұл «психотехника» деген атқа ие болды.

Бұл термин Д. Кеттелдің (1860–1944) 1890 жылы «*Mind*» журналында Ф. Гальтонның қорытынды сөзімен «*Mental Tests and Measurment*» («Ақыл-ой тестілері және өлшемдер») мақаласы жарық көргеннен кейін ғалымдардың лексиконына енді. Кеттел бұл мақалада «Психология экспериментпен өлшемдерге сүйенбейтін болса, физикалық ғылымдар секілді тұрақты және дәл ғылым бола алмайды. Көптеген адамдарға ақыл-ой тестілерін қолдану арқылы бұл салада алғашқы қадам жасауға болады. Мұның нәтижелері психикалық процестердің тұрақтылығын, олардың өзара байланысын және әртүрлі жағдайда өзгеруін ашуда ғылыми бағалы болады».

1905 ж. француз психологы А. Бине интеллектті бағалайтын бірінші тестіні жасады. XX ғ. басында француз үкіметі оқушыларды оқу деңгейіне қарай бөлу үшін А. Бинеге мектеп оқушыларына арналған интеллектуалдылық қабілет шкаласын жасауды тапсырды. Соңынан көптеген ғалымдар тестілердің сериясын жасап шығарды. Олардың практикалық міндеттерді жедел шешуге бағытталғандығы бұл психологиялық тестілердің кеңінен тарауына әкелді. Мысалы, Г. Мюнстерберг (1863–1916) кәсіби таңдап алуға арналған тестілер жасады. Олар былайша жасалды: алдымен олар ерекше жетістікке жеткен бір топ жұмысшыларға, содан соң жаңадан жұмыс орнына келгендерге. Бұл ой психикалық жұмысшылардың қызметі табысты орындау құрылымдарының тест кезінде зерттелуінің орындай алатын құрылымдарымен өзара байланысына негізделді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде психологиялық тестілерді көптеп пайдаланды. Бұл кезде АҚШ соғысқа кірісуге дайындалып жатқан болатын. Бірақ соғысып жатқан жақтардағыдай қаруланбаған еді. Сондықтан соғысқа кіріспес бұрын (1917 ж.) әскери биліктегілер елдің ең ірі психологтары Э. Торндайк (1874–1949), Р. Йеркс (1876–1956), Г. Уипплге (1878–1976) психологияны әскери қызметте қолдану проблемасын шешіп беруді ұсынды. Американ психологиялық ассоциациясы мен университеттер бұл бағытта жұмысты бастап та кетті. Р. Йеркстің басшылығымен әртүрлі әскерлерге әскери қызметке шақырылатындардың жарамдылығын (интеллекті бойынша) жалпы тексеру үшін алғашқы топтық тестілер жасалды. «Альфа» әскери тестісі сауаттыларға, ал «бета» тестісі сауатсыздарға арналды. Бірінші тест А. Биненің балаларға арналған вербалды тестілеріне ұқсас болды. Екінші тест вербалды емес тапсырмалардан тұрды. 1 700 000 солдат және 40 000 офицер сыналды. Көрсеткіштер жетіге бөлінді. Осыған орай, жарамдылық деңгейі жеті топқа бөлінді. Бірінші екі топқа міндеттерді орындау қабілеті жоғары және тиісті әскери оқу орындарына жіберілетін тұлғалар жиналды. Кейінгі үш топ қабілет көрсеткіші орташа статистикалық тұлғалардан жиналған еді.

Осы кезде Ресейде де психологиялық әдіс ретінде тестілер жасала бастады. Бұл бағыттың дамуы А. Ф. Лазурский (1874–1917), Г. И. Россолимо (1860–1928), В. М. Бехтерев (1857–1927), П. Ф. Лесгафттың (1837–1909) есімдерімен байланысты.

Тестілерді әзірлеуде Г. И. Россолимонның қосқан еңбегі зор. Оның есімі тек невролог-дәрігер ғана емес, психолог ретінде де танымал еді. Жеке психикалық қасиеттерді анықтау үшін

тұлға туралы толық көрініс беретін сандық бағалау әдісін әзірледі. Бұл әдіспен бес: зейін, қабылдаушылық, ерік, есте сақтау, ассоциациялық процестер (ойда суреттеу және ойлау) топқа бөлінетін 11 психикалық процесті бағалауға болады. Осының әрбір процесін орындауға қарай арнайы шкаламен «күші» бағаланды. Оң жауаптар сызбада нүктемен белгіленді. Осы нүктелерді қосып, адамның «психологиялық бағыты» анықталды. Сыналушылардың категориялары (балалар үшін, интеллигентті ересектер үшін, интеллигенттер емес үшін) бойынша тапсырмалар берілді. Бұдан басқа Г. И. Россолимо сызбадағы көрсеткіштерді арифметикаға айналдыру формуласын ұсынды.

Бүгінде тестілер психологиялық зерттеуде кеңінен пайдаланылатын әдіс. Бірақ тестілер объективті және субъективті әдістердің арасында. Сыналатындардың өз есептеріне негізделген сауалнама-тестілер де бар. Осы тестілерді орындауда тестіден өткізудің нәтижесіне әсіресе оның жауабы қалай түсінілетінін білетін болса саналы немесе санасыз әсер ете алады. Алайда объективті тестілер де бар. Оларға *жобалы тестілерді* жатқызуға болады. Тестінің бұл категориясына сыналатындардың есебі қажет емес. Сыналушының орындайтын тапсырмасын зерттеуші еркін түрде түсіндіреді. Мысалы, сыналатын адамның түрлі түсті карточкалардың түсін таңдауынан оның эмоционалды күйін білуге болады. Кейде сыналушыға белгісіз жағдай салынған сурет беріледі де, психолог оны сипаттауды сұрайды, соның нәтижесінде сыналушының психикалық ерекшеліктерін сипаттайды. Бірақ жобалы тестілер психологтың кәсіби дайындығының жоғары және тәжірибесінің мол болуын және сыналушының интеллектуалды дамуының жоғары болуын талап етеді.

Объективті мәліметтерді зерттелетін қасиет бөлініп, дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалуға негізделген *эксперимент* – әдістің көмегі арқылы алуға болады. Зерттелетін феноменнің басқа феномендермен себептік байланысы жайлы, құбылыстың пайда болуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан түсіндіретін басқа психологиялық әдістерге қарағанда, эксперимент ең сенімдісі. Эксперименттің екі түрі бар: зертханалық және табиғи. Олар бір-бірінен эксперимент жүргізудегі жағдайлармен ажыратылады.

Зертханалық экспериментте зерттелетін қасиет дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалады. Табиғи эксперимент әдеттегі тұрмыстық жағдайда жасалады. Мұнда зерттеуші кіріспей, жағдайларды сол күйінде жазып отырады. Табиғи экспериментті алғаш рет А. Ф. Лазурский қолдана бастады. Әрине, табиғи жағдайдағысы адамдардың өмірлік мінезіне сай келеді. Бірақ табиғи жағдайда зерттеуші толық бақылау жүргізе алмайтындықтан оның нәтижесі дәл болмауы да мүмкін. Осы тұрғыдан зертханалық дәл, ал табиғи өмірлік жағдайға сай келеді.

Психологиялық әдістердің бірі – *модельдеу*. Ол дербес әдіске жатады. Ол басқа әдістерді қолдану қиындағанда ғана жүргізіледі. Олардың ерекшелігі белгілі бір психологиялық құбылыс жайлы ақпаратқа сүйенетіндігінде, екінші жағынан оны қолданғанда сыналушы қатыспайды немесе нақты жағдай есепке алынады. Сондықтан модельдеудің әртүрлі әдістерін объективті немесе субъективті әдістерге жатқызу қиын.

Моделдер техникалық, логикалық, математикалық, кибернетикалық және т.б. болуы мүмкін. Математикалық модельдеуде ауыспалылардың өзара байланысы мен олардың қатысы, зерттелетін құбылыстардағы қайталанатын элементтер мен қатынастар көрсетіл-

ген математикалық мән немесе формула қолданылады. Техникалық модельдеуде зерттеуді елестететін құрал немесе құрылғы жасалуы қажет. Кибернетикалық моделдеу информатика және кибернетика саласының психологиялық міндеттерін шешуге пайдаланылады. Логикалық модельдеу математикалық логикада қолданылатын идеялар мен символға негізделген.

Компьютер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің дамуы ЭСМ жұмыс істеу заңдарындағы психикалық құбылыстарды моделдеуге бастады, өйткені адамдардың ойлауда қолданатын операциялары, міндеттерді шешудегі ойлау логикасы компьютерлік бағдарламалар жұмыс істеуіне жақын екен. Ол компьютердің жұмыс істеуіне қарай адамның мінезін көзге елестету

және сипаттауға бастады. Осындай зерттеулерге байланысты Д. Миллер, Ю. Галантер, К. Прибрам атты америка ғалымдарының және ресей психологі Л. М. Веккердің есімдері белгілі.

Көрсетілген әдістерден басқа психикалық құбылысты зерттейтін басқа да әдістер де бар. Мысалы, *әңгімелесу* – сауалнаманың бір нұсқасы. Сауалнамаға қарағанда әңгімелесу әдісі процедураны жүргізудің еркіндігімен ерекшеленеді. Әдетте әңгімелесу жайлы жағдайда өтеді, ал сұрақтар сыналушының жағдайы мен ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Басқа әдіске *құжаттарды зерттеу әдісі* немесе *адамның қызметін талдау әдісі* жатады. Психикалық құбылыстарды зерттеу барысында әртүрлі әдістерді кешенді түрде қолданғаннан зерттеу тиімді болатынын ескерген жөн.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Зерттеу әдістері дегенді қалай түсінесіз?
2. Психологиялық әдістердің түрлерін атаңыз және оларға анықтама беріңіз.
3. Тәжірибелік әдіс дегеніміз не?
4. Қосалқы немесе қосымша зерттеу әдістеріне сипаттама беріңіз.

### **№1 тапсырма.**

Қандай психологиялық зерттеу әдістері келесі жағдаяттарда қолданылған?

- а) Психолог зерттелушіге өзі оқыған 10 сөзді қайталауды ұсынады.
- ә) Зерттелушілер тобына жазбаша түрде қызығушылықтары бойынша сұрақтарға жауап беруі қажет.
- б) Психолог балаларға әлемде жоқ жануар суретін салуды ұсынады.
- в) Зерттелінуші психологтың кеңесінде өзін мазалап жүрген мәселелерді баяндап береді.
- г) Психолог зерттелінушіге «қорқынышты» суреттерді көрсетіп, бұдан туындағын терісіндегі электр тогына қарсылығындағы өзгерісін тіркейді.
- ғ) Психолог менеджердің мекемедегі еңбек іс-әрекетін оған байқатпай бөлмеде отырып, зерттейді.
- д) Жаңа психотроптық препарат адамның мінез-құлқына қалай әсер ететіндігін анықтау мақсатында ғалымдар ит пен тышқанға екпе егеді.
- е) Дарынды балаларға арналған сыныпқа оқушыларды іріктеу мақсатында психолог олардың қабілеттерін зерттейді.

**№2 тапсырма.**

Мысалда қандай зерттеу әдісі қолданылған?

Баланың есте сақтау қабілетін анықтау үшін оған шет тіліндегі 10 сөзді жаттау тапсырылды. Бақылаушы баланың әрбір сөзді есінде сақтау үшін қанша рет қайталағанын 10 сөзге жіберген уақытын есепке алу.

**№3 тапсырма.**

Психологияның зерттеу әдістерін жіктеп, Кластер әдісінің көмегімен әрбіреуіне сипаттама бер.

**№4 тапсырма.**

Мысалда қолданылған әдіс-тәсілдерді анықтаңыз.

Тәрбиеші «Қуыршақ биі» деген көңілді ойын өткізіп, балалардың қимыл-қозғалысын, би ырғағының ерекшеліктерін зерттеу үстінде. Әзірше барлық бала бірқалыпты билеп жүр. Олар өздеріне-өздері сенімді, шеңбер бойымен қозғалып, қарапайым фигуралық қимыл-қозғалыстар жасайды.

Енді міне, тәрбиеші Айгерім мен Салтанат ортаға шығып билеуін сұрады. Айгерім бірден билеуден бас тартты. Ал Салтанаттың ортаға шығып, жан-жағына қарап ұялып, жасқаншақтап, біраз тұрып қалды да, тек тәрбиешінің көмегімен билей бастады. Осы топтың ішіндегі танымды да батыл қыз Жадыра бірден билеп кетті. Бірақ оның да өз қимыл-қозғалысына сенімсіздеу екендігі сезіледі.

**№5 тапсырма.**

Қай әдіс диалектикалық-материалистік зерттеу талабына сай екенін анықтаңыз.

а) Оқушы арнаулы кабинетте болады. Аспаптар оның тыныс алу өзгерісін, тамырының соғуын, егу жұмысы кезіндегі тітіркендіргіштерді байқап, жазып жатыр.

Тәжірибе қорытындысы оның бұрыннан белгілі жағдайларымен салыстырылып қарастырылады.

ә) Оқушының жазу үлгісі оның жеке басының ерекшеліктерін және мінез-құлық сипаттарын анықтап білуге болатынын көрсетеді.

#### **№6 тапсырма.**

Мысалда қандай зерттеу әдісі қолданған?

Зерттеушінің сезімін анықтау мақсатымен оған қорқынышты суреттер көрсетіледі де, сол кезде терінің астында болып жатқан өзгерістер электр тогы арқылы жазылып алынады.

#### **№7 тапсырма.**

Келтірілген мысалдарда қандай зерттеу әдісі қолданылған?

| Р/с | Зерттеушінің сұрағы                                                                                      | Жауабы             |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1.  | Бейтаныс адамды жақтырмай, тез тіл табыса аласыз ба әлде ұялшақтық көрсетіп, тартыншақтық байқатасыз ба? | Тез тіл табысамын. |
| 2.  | Өзіңізді бейтаныс ортада қалай сезінесіз? Әлде болмаса біреу амалсыз күштеп тұрғандай сезінесіз бе?      | Еркін сезінемін.   |
| 3.  | Достарыңыз көп пе әлде аз ба?                                                                            | Көп.               |
| 4.  | Бейтаныс адамдар алдында емін-еркін сөйлей аласыз ба, жоқ па?                                            | Ия.                |

#### **№8 тапсырма.**

Мысалдарда қандай әдістер қолданылғанын анықтаңыз.

а) Оқушының зейін тұрақтылығын анықтау мақсатымен, ол математикалық есеп шығарған кезде қызық теледидар хабарын қосып қойған.

ә) Психолог маман балаларға түрлі суреттер көрсетіп, оларды қалай қабылдап, нендей қорытынды жасай алатынын (жеке ерекшеліктері жайына тиісті қорытындылар жасалған) анықтаған.

б) Жазба жұмыстарын талдау арқылы (бұрынғы жазба жұмыстарын салыстыра отырып) жоғары класс оқушыларының жеке ерекшеліктері жайында тиісті қорытындылар жасалған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996.
2. Ә. Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
3. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
4. М. К. Бапаева, К. Н. Нығметова, К. Т. Шериязданова. Балалар психологиясынан танымдық жаттығулар мен тапсырмалар. – Алматы: Рауан, 1994.

## 3-тарау. Ми және психика

### Жоспар:

- 3.1. Жоғарғы жүйке қызметі – психиканың физиологиялық негізі.
- 3.2. Мидың рефлекторлық қызметі.
- 3.3. Ми сыңарлары қыртысындағы жүйке процестері.
- 3.4. Бірінші және екінші сигнал жүйелері.

### 3.1. Жоғарғы жүйке қызметі – психиканың физиологиялық негізі

Психика – жүйке жүйесінің қасиеті болғандықтан, психикалық қасиетті түсіну үшін адам мен жануарлардың психикасының материалдық негізі болып табылатын жоғарғы жүйке қызметінің ерекшеліктерін білу керек.

Жүйке жүйесі орталық және перифериялық жүйке жүйесі болып екіге бөлінеді. Орталық жүйке жүйесі – бұл ми (бас миы және омыртқа жұлыны).

Перифериялық жүйке жүйесі – жүйкелер, яғни талшық шоқтары. Осы жүйкелер бас миы мен омыртқа жұлынынан адамның барлық денесіне тарап жатады.



**3.1-сурет.** Жүйке жүйесінің құрылысы:  
1 – бас миы; 2 – омыртқа жұлыны;  
3 – жүйкелер

Ми да, жүйкелер де, нейрондардан, яғни бірімен-бірі жалғасып жататын жүйке жасушаларынан құралады.

Мидың бірнеше бөліктері болады. Миды пайда болу, құрылымдық және қызметтік ерекшеліктеріне байланысты үлкен үш бөлімге бөледі: бағаналы (сопақша ми, ми көпірі, мишық, ортаңғы ми), қыртысасты (аралық ми, алдыңғы мидың ми сыңарлары) және алдыңғы ми сыңарларының қыртысы. Мидың бағаналы және қыртысасты бөлімдері ертеден пайда болған. Ал ми қыртысы кейіннен пайда болған бөлім. Ми ұрықтың даму ерекшелігіне байланысты 5 бөлімнен тұрады:

- 1) сопақша ми;
- 2) мишық (артқы ми);
- 3) ортаңғы ми;
- 4) аралық ми;
- 5) алдыңғы ми сыңарлары.

1. Сопақша ми – жұлынның жоғарғы шетінің жалғасы. Сопақша мидың төменгі шеті жіңішкелеу, жоғарғы шеті жуандау. Жұлындағы сияқты, сопақша мидың ақ заты сыртында, сұр заты ішкі жағында орналасады. Жұлыннан айырмашылығы – сұр заты ақ затында ядро тәрізді әр жерінде шоғырланып жатады. Сопақша мидың ұзындығы 2,5-3 см. Сопақша мида бір ми қарыншасы орналасқан. Онда ему, жұту, жөтелу, түшкі-

ру, көзді жыпылықтату рефлекстерінің орталығы бар. Сұр затында тынысалу, қан тамырларын, асқорытуды реттейтін орталықтар орналасқан. Жұлынға қарағанда сопақша мидың рефлексстік қызметі күрделі.

Сопақша ми арқылы жүзеге асатын рефлексстер: 1) қорғану (жөтелу, құсу, түшкіру, жас болу, көзді жыпылықтату); 2) тамақ (ему, жұту, сөл бөлу, асқорыту бездері); 3) жүрек пен қантамырлар жұмысын реттеу; 4) өз-өзінен жұмыс істейтін тынысалу орталығы өкпе жұмысын жақсартады; 5) есту ақпараттарын басқарады. Жұлын сияқты сопақша ми қозуды жұпыннан мидың басқа бөлімдеріне өткізеді. Егер сопақша ми зақымданса, тыныс алу мен жүректің тоқтауынан адам тез өліп кетеді.

2. Артқы миға – мишық пен ми көпірі жатады. Ми көпірі ортаңғы ми мен сопақша мидың аралығына орналасқан. Сопақша ми мен ортаңғы миды байланыстырып тұратындықтан, оны ми көпірі дейді. Ми көпір арқылы төменірек орналасқан бөлімдерден қозу келеді. Ми көпірінің өткізгіш доғасы алдыңғы мидың үлкен ми сыңарларының қыртысын жұлынмен және мишықтың қыртысымен жалғастырады. Ми көпірінің жүйке жасушалары (нейрондары) беттің терісінен, тілден, ауыз қуысының сілемейлі қабықшасынан (дәм сезгіштік) келетін хабарларды қабылдайды. Есту, тепе-теңдікті сақтау мүшелерінен келетін ақпараттар (информация) ми көпіріне хабарланады. Ми көпірінде сілекей, жас бездері мен шайнау, ымдау бұлшық еттерінің жұмысын реттейтін жүйке орталықтары да орналасқан. Мишық – сопақша ми мен ми көпірінің артқы жағында жатады. Мишықтың сыртында сұр заттан түзілген қыртыстары және өте көп қатпарлы болады. Сұр заттың астында ақ заты орналасады. Нейрондардың мишықтан шығатын өсінділері оны орталық жүйке

жүйесінің барлық бөлімдерімен байланыстырады. Мишық қаңқа бұлшық еттерінің үйлесімді жиырылуын реттейді. Әсіресе мойын, тұлға, аяқ-қол бұлшық еттерінің қозғалысын, дененің тепе-теңдігін сақтайды. Егер мишық жарақаттанса, адамның қолаяғы тез шаршайды, қозғалысы, тепе-теңдігі, сөзі бұзылады.


3. Ортаңғы ми – артқы ми мен аралық мидың арасында орналасқан. Ол алдыңғы ми мен артқы миды бірімен-бірі жалғастырып тұрады. Мидың бұл бөлімі арқылы жоғары және төмен қарай өткізгіш жүйке жолдары өтеді. Теріде пигменттің бояутектің түзілуін реттейді. Кенеттен шыққан дыбыс, жарық тітіркендіргіштерін тез бағдарлауды реттейді. Тізбесі берілген ми бөлімдерінің мишықтан басқалары ми бағанасын құрайды. Одан 12 жұп бас сүйек-ми жүйкелері таралады. Бұл жүйкелер көру (II жұп), есту (VIII жұп), көзді қозғаушы (III жұп), кезеген (X жұп).

4. Аралық ми – ортаңғы мидың алдыңғы жағында жатады. Көру төмпешіктері (гипоталамус) мен төмпешікасты аймақтан тұрады. Аралық мида да бір ми қарыншасы бар. Көру, дәм сезу, есту және т.б. рецепторлардан келетін қозу аралық ми арқылы алдыңғы мидың үлкен ми сыңарларының қыртысына өтеді.

Омыртқадағы жұлын қарапайым қозғалысты реттейді. Жануарлардың миына қарағанда адам миының құрылысы күрделі болып келеді. Адамның миының аумағы да үлкен. Маймылдардың миының орта салмағы 400-500 грамм болса, ал адам миының орта салмағы 1400 грамм. Ағзаның өмір сүруінде ми қызметі үлкен роль атқарады. Сонымен қатар, организм тіршілігінде ми сыңарлары қыртысының маңызы зор. Адамда ол орта есеппен алғанда 14-15 миллиард нейроннан тұрады. Ми қыртысының маңдай жағы неғұр-

лым маңызды роль атқарады. Жануар неғұрлым дамыған болса, оның ми

қыртысының маңдай жағының үлесі соғұрлым көбірек болады.



3.2-сурет

Жеке адамның психикалық өмірінде мидың көлемі мен салмағының бірсыпыра маңызы бола тұрса да, ми құрылымының ерекше маңызы бар. Сондықтан мидың салмағына қарай, адамның ақылы туралы кесіп-пішіп айтуға болмайды. Мәселен, Тургеневтің миының салмағы 2120 грамм, Павловтың миы 1653 грамм, ал кейбіреуінде кем, Анатолий Франстың миының салмағы небәрі 1170 грамм. Ми сыңарларынан айырылған ит толық мүгедек болады.

Жүйке жүйесі ағзаның сыртқы ортамен байланысын жүзеге асырып отырады, айналадан келетін тітіркендіргіштерге жауап қайырады.

Жүйке жүйесі нейрон деп аталатын жеке жасушалардан құрылған. Бұл нейрондардың әрқайсысының екі түрлі тармағы болады. Олардың бірі – ұзын тармақты нейрит (немесе аксон), ал екіншісі – көптеген қысқа тармақты дендрит деп аталынады. Нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп бітетін жерін жүйке орталықтары дейді. Бұлар орталық перифериялық (шеткі) және вегетативтік (ішкі) жүйке жүйелерінің өн бойында орналасқан.

Жануарлар мен адамдардың психикалық әрекетінің материалдық негізі болып табылатын мидың және оның бөліктерінің құрылысы тәжірибелік зерттеулер арқылы ғылымда жан-жақты, толық дәлелденген.

Орталық жүйке жүйесінің бөліктерінің орналасуы көпқатарлы үйдің құрылысына ұқсас, яғни олар бірінің үстіне бірі орналаса біткен. Осы бөліктердің жоғарғысы төменгісінен құрылысы жөнінде, атқаратын қызметі жөнінде күрделірек болып келеді. Орталық жүйке жүйесінің төменгі бөлімі – жұлын (жұандығы 1 см-дей) омыртқа қуысының ішіне орналасқан, оның ұзындығы ересек адамдарда орта есеппен 45 см-ге дейін жетеді. Жұлынның ішкі жағында сұр зат орналасқан, сұр зат нейрондардың ұзын бұтақтарынан тұратын ақ затпен қоршалған.

Жұлыннан жан-жаққа 31 жұп нерв талшықтары тарайды, олардың бір тобы ортаға тебетін, екінші бір тобы шетке тебетін жүйке деп аталады.

Жұлын біздің саналы әрекетіміздің орталығы емес, ал қарапайым қозғалыстарымыздың (аяқ-қолды бүгу, ке-

ріп-созу, т.б.) жұмысын басқаратын орталық болып табылады. Мәселен, жаңа дүниеге келген нәресте емуге әрекеттенеді, аузына сүт барғанда, ол сілекей бөледі. Мұның бәрі жұлынның шартсыз рефлекстері, олар ағзаға туысынан тән болады.

Орталық жүйке жүйесінің екінші бөлігі – ми. Оның орташа салмағы ересек адамдарда 1400 грамм. Мұндағы сопақша, ортаңғы және аралық ми, бәрі қосылып – ми бағанасын құрайды. Ми бағанасы әсіресе омыртқалы жануарлардың өмірінде ерекше роль атқарады.

Сопақша ми – жұлынның тікелей жалғасы. Мұнда жүрек қызметінің, қан айналысы мен ас қорытудың жүйке орталықтары бар. Біздің дем алу, түшкіру, шайнау, жұту сияқты түрлі реакцияларымыз – сопақша мидың қызметі.

Сопақша мидың сырт жағында, формасы ағаштың жапырағына ұқсас мишық орналасқан. Мишық ағзаның қозғалысын, оның бірқалыпты жүріс-тұрысын басқарып отырады, ол шартсыз рефлексстік сипаттағы қозғалыстардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұлардан жоғары орналасқан орта мида құлақ пен көзден баратын тітіркендіргіштерді, скелет еттерінің қалпын реттейтін жүйке орталықтары бар.

Аралық ми көру төмпешіктерінен және төмпешікасты аймағынан тұрады. Мидың осы бөлігін тор тәріздес құрылым деп те атайды. Бұл бөлім дененің барлық рецепторларын ми қабығымен байланыстырады, ал мұндағы көру төмпешігі-афференттік талшықтардың жиынтығы болып табылады. Афференттік – латынның «аф-ферекс» деген сөзі, қазақша «жеткізуші» деген мағынаны білдіреді.

Ми сыңарлары екі бөліктен (оң жақ және сол жақ сыңары деп аталатын) тұрады. Ми сыңарларының салмағы мидың жалпы салмағының 80 пайызына тең. Мұның ішінде ақ зат, сыртында сұр зат бар. Сұр зат ми қабығы деп аталынады. Ол қалыңдығы 3-4 мм бірнеше қабаттардан тұрады.

Ми қабығы 4 бөлімге бөлінеді. Олар: маңдай, төбе, желке және самай деп аталынады.

Ми қабығы бірыңғай тұтас мүше. Ол бейне қабылдағыш аспап тәрізді көптеген анализаторлардың (талдағыштардың) ядросынан тұрады. Мида көру, есту, тері, қозғалыс, иіс, дәм, т.б. анализаторлардың жүйке орталықтары бар. Мәселен, мидың желке бөлігінде көру зонасы, самай бөлігінде есту, төбе бөлігінде қозғалыс орталықтары орналасқан.

### 3.2. Мидың рефлексорлық қызметі

Сыртқы орта адамның миына, жүйке жүйесіне сезім органдары арқылы үнемі әсер етеді. Ағза бұл әсерлерді қабылдап жауап беріп отырады. Бұл процесті рефлекс деп атаймыз. *Рефлекс* – латын сөзі, қазақшаға аударғанда «бейнелеу» деген мағынаны білдіреді. Мәселен біз байқаусызда қолымызды ыстық затқа тигізіп алсақ, сол сәтте тартып аламыз. Бұл тітіркендіргіш жүйке жүйелері арқылы омыртқа

жұлындарына беріледі, ал одан кейін бұлшық еттерге *импульс* береді. «Импульс» латын сөзі қазақша аударғанда «түрткі ояту» деген мағына береді. Рефлекссті бұдан 300 жыл бұрын Француз ғалымы Ренэ Декарт ұсынды. Жүйке жүйесінің қызметі рефлекс арқылы жүзеге асып отырады. Рефлекс туралы алғаш айтқан француз ғалымы Ренэ Декарт (1596–1650 жж.).

Рефлексстің биологиялық сипатын чех ғалымы Иржи Прохаске де (1749–1820 жж.) өз еңбектерінде көрсете білді. Рефлекс терминін ғылымға енгізген.

Орыс физиологы И. М. Сеченов (1829–1905 жж.) оны әрі қарай дамытты. Әрі қарай рефлекторлық теорияны И. П. Павлов дамытты. И. П. Павлов рефлекстердің жоғарыда келтірілген типін **шартсыз рефлекстер** деп атады. Бұл рефлекстер туа біткен рефлекстер. Ал шартсыз рефлекстерден басқа белгілі бір жағдайларда ғана пайда болатын рефлекстер бар. Бұларды И. П. Павлов *шартты рефлекстер* деп атады. Мәселен, иттің күркесіне электр шамын қондыратын болсақ, бұл шам жағылғанда иттің аузынан сілекей аға бастайды. Сөйтіп, шамның жарығы ит үшін тамақ берудің сигналы. Шартты рефлекстер туа біткен рефлекстер емес, өмір тәжірибесінде, іс-әрекетте пайда болады.

Шартты рефлекс өмірде пайда болып қоймайды, сонымен қатар жоғалып та кетеді. Сондықтан И. П. Павлов оны уақытша *жүйке байланысы* деп атады.

Уақытша жүйке байланысы ми қыртысында тек тітіркендіргіштің пайда болуының нәтижесінде ғана құралмайды, сонымен қатар мақсатқа жеткізетін байқау әрекеттерінің нәтижесінде құралады. Мәселен, ит өзін қамаған үйден шығудың жолын іздейді, бірнеше есіктің біреуі жабылмаған. Әр есікті тұмсығымен түртіп, жабылмаған есікті

тауып алады. Екінші рет ит қамалғанда үйден шығудың жолын бірден табады. Мұндай нәтиже (үйден шығу) мақсатына жетудегі әрекеттен ғана болып отыр.

Ағза үшін ми сыңарлары қабатындағы уақытша байланыстардың маңызы өте үлкен. Егер жануарларда тек шартсыз рефлекстер ғана болған болса, олар өмірдің үнемі өзгеріп тұратын қиын жағдайларында өмір сүре алмаған болар еді. Мәселен, жануарлар өзіне төнген қатерді, тек жыртқыш аңның тырнағы қадалғанда ғана білер еді. Бірақ жануарлар жыртқыш аңның күжілдеген даусын немесе аяқ басуын алыстан-ақ естиді, бұл дыбыстар қатердің жақындап келе жатқанын білдіретін шартты сигналы болады. Шартты рефлекстердің көпшілігі үлкен ми сыңарлары қыртысында құралады, егер жануардан оны алып тастаса, ол барлық өмір тәжірибесінен айырылады. Онда шартсыз рефлекстердің көбі сақталса да, ол жануар дәрменсіз болып қалады. Ми қыртысы алынған ит, етті көре тұра, ет пен аштықтан құтылу арасындағы байланысты белгілей алмайды, сөйтіп жейтін тамақтың қасында тұрып-ақ аштан өледі. Ет аузына түсіп, мидың қоректенуді басқару орталығын қоздырып, тиісті шартсыз рефлекс туғызғаннан кейін ғана ит жей бастайды.

Адам да жоғарыда айтылғандай, жалпы мидың үлкен ми сыңарларының тіршілік ете алмайды.

### 3.3. Ми сыңарлары қыртысындағы жүйке процестері

Адамның да, жануарлардың да ми сыңарлары қыртысында бір-біріне қарсы екі процесс бар: қозу және тежелу.

Заттар мен құбылыстар сезім мүшелеріне әсер етіп тітіркенуді туғызады, бұл миға әсер етіп, қозу пайда болады.

Сонымен бірге, ми қыртысында қозуға қарсы тежелу процесі болып отырады. Ол қозуды бір жерге шоғырландырып, тежейді. Қозу мен тежелу бір-бірімен тығыз байланысты. Мұны біз мынадан көруімізге болады, егер

мидың бір бөлігінде қозу пайда болса, онда оның айналасында тежелу де пайда болады. Бұл құбылысты **те-ріс индукция** деп аталады. Тежелудің айналасында үлкен ми сыңарлары қыртысында қозу басталады, бұл процестер жүйке процестерінің **оң индукциясы** деп аталады (физикадағы индукция құбылысына сай И. П. Павлов енгізді).

Тежелу шаршаған жағдайда да болады. Егер тежелу адамның үлкен ми сыңарларын, мидың төменгі жағын қамтыса адамды ұйқы басады. Мұндай тежелу организмді шаршаудан қорғайды. Ұйықтаудың тағы бір түрі бұл – *гипноз*. Мұнда тежелу ерекше сипатта болады. И. П. Павлов айтқандай ми қыртысының бәрін қамтымайды. Мұнда адамға сіз ұйықтадыңыз, ұйқыңыз келді деп сендіру арқылы ұйықтатады.

Сөзбен ұйытып, сендіру арқылы, сондай-ақ гипноз жасалған адамның

бетін аялай қолмен жайлап қозғалыс жасау арқылы жасанды түрде жасалынады. Мұнда ми сыңарлары қыртысында мидың белгілі бір бөлігі қозу күйінде қалады, соның арқасында ұйықтатылған кісі гипнозшының сөзін естиді. Ми сыңарлары қыртысының көпшілігі тежелу күйінде болғандықтан, гипноз жасалған адам өз бетімен әрекет жасай алмайды, өзін ұйықтатқан адамға бағынады, оның бұйрығын орындайды.

Ең соңғы зерттеулер бойынша, адамның ояну кезінде мида жүйке жасушаларының кейбір бөліктері ғана қозу күйінде болып, қалғандары тежелу жағдайында болады. Ұйқы кезінде жасушалардың ролі өзінше ауысады: бұрын қозғандары енді тынығады, бірақ қозу күйіндегі бөліктері де болады, соның арқасында ұйықтап жатқан миы ағзаға керекті қызметтерді атқарады.

### 3.4. Бірінші және екінші сигнал жүйелері

И. П. Павловтың жоғарғы жүйке қызметі туралы зерттеуінде екі сигналдық жүйе туралы ілімінің зор маңызы бар. Атақты физиолог И. П. Павловтың айтуы бойынша мидың қызметінде екі түрлі сигналдық жүйе болады.

Оның бірі – заттармен бетпе-бет кездескенде тері, көз, құлақ мүшелері арқылы түйсіну, қабылдау, елестету.

Бұл жануарларда да, адамда да бірдей – бірінші сигналдық жүйе.

Бірінші сигнал жүйесі еңбек процесінде де маңызды орын алады. Оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдаланудың психологиялық негізі – осы бірінші сигналдық жүйе, өйткені оқушылардың басында айналадағы шындық туралы заттар мен құбылыстар жайында дұрыс елес тудыру осы бірінші сигналдық жүйеге байланысты.

**Сөз, сөйлеу** және солардың негізінде туатын уақытша байланыстар екінші жүйеге жатады. Сигналдың бұл түрі адамға ғана тән.

Мектеп жағдайында оқу мәселесі, тәрбие жұмысына байланысты сөздің қатынаспайтын жері жоқ. Сабақ беру әдістерінің көпшілігі лекция оқуды, әңгімелесуді, түсіндіруді, көрнекі құралдарды қолданғанда оларды сипаттауды тілейді. Сондықтан сигналдық жүйедегі шартты рефлексстің алатын орны зор. Оқушылардың білімін кеңейтіп, ойын тереңдетуге екінші сигналдық жүйе шексіз мүмкіншіліктер туғызады. И. П. Павловтың жоғары жүйке қызметі туралы ілімі психология пәнін, адамның психикалық әрекетін диалектика тұрғысынан дұрыс түсінуде ең қажетті құралға айналды.

Екінші сигнал жүйесі жануарлар дүниесінде болмайды, жануарларда бірен-саран дыбыс реакциялары бар, бірақ бұл дыбыстарда ешқандай мағына жоқ, ол жай биологиялық қажеттің хабары ретінде шығып отырады. Сөйтіп, жануарлар тіршілігі үшін бірінші сигнал жүйесі, бірден-бір жүйе болып табылады. Екінші сигнал жүйесі, тек адамдарға ғана тән. Бірақ адамдар мен жануарлардың сигнал жүйелерінің арасында сапалық айырмашылық бар. Егер адамдардың бірінші сигнал жүйесінің нервтік байланыстары қоғамдық қатынастарды бейнелейтін болса, жануарлар дүниесінде бұл биологиялық сипатта болады. Мұны қарапайым мысалмен түсіндірейік. Үзіліс біткен соң қоңырау соғылады, балалар сыныптарына кіреді. Қоңыраудың дауысы балалар үшін – бірінші сигнал жүйесі. Ал үлкен үзілісте балалар мектеп маңында қоңырау даусы естілмейтін жерде ойнауы мүмкін. Бір оқушы жүгіріп келіп: «Қоңырау соғылып жатыр!» – дейді. Бұл жағдайда сөз қоңырау дауысының орнына жүріп отыр. Оқушының сөзі екінші сигнал жүйесі болып табылады.

Мұғалім балаларға өсімдік сабақтан, жапырақтардан және тамырдан

құралады деп айтады. Мұнан кейін ол салынған суреттерді көрсетеді. Мұнда өсімдіктің барлық бөліктері бар. Бұл ретте таным процесіне – екінші, сонымен қатар бірінші сигнал жүйесі де (суретті көріп қабылдау) пайдаланылады.

Сигнал жүйесінің екеуі де үнемі өзара әрекет жасауда. Егер, екінші сигнал жүйесінің сигналдары (сөз) бірінші сигнал жүйесіне сүйенбесе (ол арқылы алғандарды көрсетпесе), онда бұлар түсініксіз болар еді. Мәселен, біз білмейтін шет тілінде айтылған сөздер бізге түсініксіз, өйткені бұл сөздер бізге нақты мазмұн бермейді. Ал тек бірінші сигналдарының өзі бізге дүние туралы толық және терең білім бермейді. Адам тек екінші сигнал жүйесі (сөз) арқылы жеке факторларды қорытып, өзі үшін маңызды заңдылықтарды белгілей отырып, өзінің мағлұматтарын толықтыра түсуді үйренеді. Екінші сигнал жүйесінің арқасында адам өзінің білімін сақтап, тереңдете түседі.

Адамның сигнал жүйелері дамудың, оқу-тәрбиенің барысында қалыптасады. Сөздік сигналдар адамның айналасындағы қоршаған дүниесімен белсенді қарым-қатынас жасауының арқасында біртіндеп қорланып отырады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жүйке жүйесінің атқаратын негізгі қызметі қандай?
2. Орталық жүйке жүйесі дегеніміз не?
3. Рефлекстің түрлері және оған анықтама беріңіз.
4. Рефлекс идеясын ең алғаш ұсынған кім?
5. Тежелу және қозу процестері дегеніміз не?
6. Мидың анализдік және синтездік қызметі дегеніміз не?
7. Бірінші және екінші сигнал жүйелері туралы не білесіз?
8. Екінші сигнал жүйесі кімдерде болады?

### №1 тапсырма.

Оқушы тақтаға «үй» деген сөзді жазады да, қасына шатырлы үйдің суретін салады. Баланың осы әрекеттері оның қандай сигналдық жүйелерімен жүзеге асып тұр?

**№2 тапсырма.**

Ұйықтап жатқан кісінің оянуы индукция заңдылығының қай түрі? Шаршаған кісі ұйқыға кетті. Бұл не?

**№3 тапсырма.**

Сабақ материалын оқушы қайталамаса, онда ол ұмытады. Бұл тежелудің қай түріне жатады?

**ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ****1. Бас ми рефлекс доғасының ортаңғы бірлігі:**

- A. Қозу мен тежелу процестері;
- B. Сыртқы тітіркендіргіштер;
- C. Ой;
- D. Сыртқы қозғалыстар;
- E. Сезімдер.

**2. Психикалық іс-әрекеттің негізгі физиологиялық механизмі**

- A. Қозу;
- B. Рефлекс;
- C. Тежелу;
- D. Тітіркену;
- E. Уақытша байланыс.

**3. И. П. Павловтың психология ғылымына қосқан жаңалығы**

- A. Саналық әрекеттер теориясы;
- B. Саналық элементтер теориясы;
- C. Сана мен рефлекс түсініктері;
- D. Шартты рефлекс жөніндегі теория;
- E. Бейнелеу теориясы.

**4. Қоршаған дүние заттарының мидағы бейнесін туындатушы жүйе**

- A. Бірінші және екінші сигналдық жүйелер бірлігі;
- B. Бірінші сигнал;
- C. Екінші сигнал;
- D. Сигналдар сигналы;
- E. Тітіркендіруші жүйе.

**5. Жүйке жүйесінің тұратын жасушалары**

- A. Жасуша;
- B. Нейрон;
- C. Дендрит;
- D. Рефлекс;
- E. Аксон.

**6. Нейронның ұзын тармағы**

- A. Аксон;

- В. Дендрит;
- С. Жасуша;
- Д. Нейрон;
- Е. Рефлекс.

**7. Рефлекс туралы теорияның негізгі қағидаларын ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған атақты орыс физиологы:**

- А. И. М. Сеченов;
- В. И. П. Павлов;
- С. И. Прохаске;
- Д. П. К. Анохин;
- Е. Р. Декарт.

**Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996.
2. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ Университеті, 1993.
3. Ә. Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы: Қазақ Университеті, 1991.

## 4-тарау. Психика мен сананың дамуы

### Жоспар:

- 4.1. Жануарлар дүниесінде психиканың тууы және дамуы.
- 4.2. Жануарлар психикасының негізгі түрлері.
- 4.3. Адам санасының пайда болуы, дамуы.

### 4.1. Жануарлар дүниесінде психиканың тууы және дамуы

Адам психикасының сарпалы ерекшелігі болып табылатын сананың өз даму жолы, тарихы бар. Бұдан миллиондаған жыл бұрын біздің жерде тек өлі табиғат қана болған, ешқандай жанды ағза болмаған. Одан кейін тіршілік туды, өсімдіктер мен жануарлар пайда болды. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы – материя дамуының жаңа сатысы. Материя ерекше қасиеттерге ие болды.

Психика Жер бетіндегі тіршіліктің туындауынан бастап пайда болған жоқ. Вирустар мен микроағзалар сияқты қарапайым тіршілік иелерінде психикалық қасиет болмайды. Оларға барлық тірі ағзаның басты қасиеті болып саналатын тітіркенушілік ғана тән.

Бұл қасиеттердің бірі – **тітіркенушілік**, яғни сыртқы тітіркенуден ағзаның әсер алуы. Мәселен, Мимоза өсімдігін алатын болсақ, оған қол тигізгенде, ол жапырақтарын жиырып алады. Бұдан тіршіліктің бар екенін білуге болады. Жер үстінде жануарлар пайда бола бастады. Бұл – сезімталдық жануарлардың жүйке жүйесінің психикалық қасиеті. Жануарлардың жүйке жүйесі мен миы күштірек дамыған сайын, олардың психикасының дәрежесі де соғұрлым жоғары болады. Ол адамда неғұрлым күшті дамыған. Материяның бірте-бірте дамуы тірі организмнің өмір сүруіне қажет жоғары қасиеттің – психиканың

тууына әкеліп жеткізді. Тірі ағзаның психикалық дамуының бүкіл ұзақ процесі үлкен екі кезеңнен тұрады:

**1. Жануарлардың психикасының дамуы** (ол биология заңдарына, тұқымқуалаушылық, құбылмалылық, табиғи сұрыпталу заңдарына бағынады).

**2. Адам санасының дамуы** қоғамдық-тарихи заңдылықтарға сәйкес дамиды.

Жануарлардың психикасының дамуы қоршаған дүниені бейнелеудің және оның өзгеруіне бейімделу, күрделі психикалық процестердің пайда болуымен байланысты болды. Жануарлардың түйсіктерінің дамуының нәтижесінде оларда қабылдау туады. Сонымен қатар, жануарлардың есі жетіле түседі. Мәселен, маймыл тығып қойған бананды іздей бастайды. Омыртқалы жануарларда ойлау нышаны бар, бірақ ол адам ойлауынан әлдеқайда шамалы келеді.

Психиканың дамуы үшін жануарлардың тұрмысының, қоршаған ортасының маңызы зор. Басқа жануарларға қарағанда ұшатын құстар мен балықтардың психикасы нашар дамыған. Бұл жағдай олардың тіршілік ететін ортасына байланысты. Бірақ та құстың көзі жақсы көреді. Жемін алыстан көруіне көп көмек көрсетеді. Маймылдардың психикасының басқа жануарлармен салыстырғанда жоғары

дәрежеде дамуының себебі орман-да өмір сүруге бейімделуінен. Ағаш арасындағы тіршілік жағдайында иіс айырудың қажеті азайып, көру ролі арта түседі. Ағаш бұтақтарында отырып теңселу, ағаштан-ағашқа секіру, көзбен мөлшерлеуге жаттықтырады, дененің сезімталдығын жетілдіреді әрі жылдам қозғалуды талап етеді. Маймыл жаңғақтың ішіндегі дәнін, түрлі миуа атаулыны, шөптің сабағын тауып жейді. Ол үшін ептілік керек. Маймыл қо-

лын жүру қызметіне де, ұстау қызметіне де қолдана алады. Маймылдардың психикасының даму сатысын аңғаруға негіз болатын маңызды бір факт – көз бақылауы мен ептіліктің пайда болуы. Бұл бейімділік бұтақтан-бұтаққа секіріп, тамақ тауып жеуіне көмектеседі. Жануарлар дүниесінің дамуында үш түрлі әрекет бар.

- Олар: 1. Инстинкт;  
2. Дағды;  
3. Интеллект.

## 4.2. Жануарлар психикасының негізгі түрлері

**Жануарлардың инстинкті.** Инстинкт деп жануарлардың биологиялық өмірінде тұқым қуалай отырып, бойына біткен мінезінің пайдалы тума түрін айтады.

Инстинктің мынадай өзіне тән ерекшеліктері бар:

1) Амалдық-тұтастық егерде қарапайым рефлекс организмнің жеке мүшелерінің аз уақыт ішінде бір рет қана жауап қайыруы болса, инстинкт ұзаққа созылып жануар үшін биологиялық мәні зор, күрделі әрекет түрінде өтеді (ін қазу, ұя салу, аң аулау, ұясына, ініне тамақ жинау).

2) Туа пайда болу. Бұл жануардың нерв жүйесінің бойына біткен тұқым қуу арқылы берілген қасиеті. Бұл инстинкт қайталап отыруды тілемейді.

3) Санасыздық. Сырт қарағанда саналы сияқты болып жануарлардың «ақылына» байланысты көрінгенімен, жануарлар ісінде саналылық деген болмайды.

Мәселен, бал арасының балауызын тесіп қойсаң да бал арасы оған бұрынғысынша бал келтіре береді. Ұяда жұмыртқа басып отырған қасқалдақ жем іздеп ұшып кеткен кезде, оның жұмыртқаларын басқа орынға көрсетіп ауыстырып қойсақ, қасқалдақ оны

байқамай үйреншікті орнына отыра кетеді. Жұмыртқаның жоқ екендігінде қасқалдақтың жұмысы болмайды; қасында көрініп жатқан жұмыртқаларының үстіне қонуға ақылы жетпейді. Өйткені оның бұл атқарып отырған іс-қимылдары тек қана инстинкт.

Сонымен, **инстинкт** – жануарлар мінезінің бейімделу қасиетінің өте жай өзгертін түрі. Инстинкт – «инстинктус» деген латын сөзі, қазақша «санасыз ұмтылу» деген мағынаны білдіреді. Инстинкт – омыртқасыздардың, құстардың, балықтардың сондай-ақ, т.б. жануарлардың мінез-құлық іс-әрекетінің негізі болып табылады. Инстинкт адамда да болады. Бірақ адамның іс-әрекеті әдетте интеллектіге, ақыл-ойға бағынады.

**Жануарлардың дағдылары.** Жануарлардың мінез-құлықтарының көптеген формалары тұқым қуалаған емес, өз өмірінен, өзінің тәжірибесінен алғаны. Бір әрекеттің қайталана беруінің нәтижесінде бірте-бірте жасалған іс-әрекеттер – *дағдылар* деп аталады.

Дағды инстинктерге қарағанда өзгермелі, мінез-құлықтың икемді түрі. Сондықтан да, хайуан ортаға тез бейімделіп, көндігіп кете алады. Орыстың атақты аң үйретушісі В. Д. Дуров өз

аңдарына кітап оқытты, үй сыпыртты, есеп шығартты, тіпті орамалмен мұрнын сүртуге дейін үйретті. 1919 жылы ұйымдастырылған аңдар бұрышын В. Д. Дуров «шартты рефлексстердің фабрикасы» деп атады. В. Д. Дуров осындай табысқа И. П. Павлов ілімінің нәтижесінде жетті. Өйткені В. Д. Дуров жануарларды жаттықтырып, үйрету үшін әртүрлі сигналдарға шартты рефлексстерді жасады. Мәселен, цирк алаңына келтірілген поезға тышқандар жапа-тармағай міне бастайды. Кішкене көк вагондарға сұр тышқандар, қызыл вагондарға ақ тышқандар кіріп орын алады. Тышқандарды осылайша жаттықтырып, үйрету ісі оларды тамақтандыру арқылы жүргізіледі (сұр тышқандар көк вагонда, ақ тышқандар қызыл вагонда тамақтандырылды). Тамақтандыруды сан рет қайталағаннан кейін вагондардың белгілі бір түрі мен түсіне қарап қоректендіру тышқандарда шартты рефлексстерді қалыптастырады.

Дағдының физиологиялық негізі – шартты рефлексстер. Дағдының жасалуының арқасында жануарлардың тұғандағы инстинктері кейде өзгереді. Мәселен, балықты дағдыға үйрету үшін мынадай тәжірибе жасалған. Аквариумды шынымен екіге бөліп бір бөлігіне екі алабұға, екінші бөліміне тірі шабақ жіберілді. Шабақ – алабұғаның жемі. Сондықтан шабақты көре салысымен алабұғалар оған ұмтылады. Бірақ басы шыныға соғылып жете алмайды. Эксперимент екі ай бойы жүргізілді. Көп уақыт өткен соң алабұғалардың жеміне қарай ұмтылу бәсеңдеп, мүлдем жойылды. Осыдан кейін аквариумды бөліп тұрған шыныны алып тастасақ,

шабақ алабұғалардың бөлмесіне жүзіп, араласып кете барады. Бірақ алабұғалар шабаққа тимейді. Себебі шыны тұрған кезде тауы шағылған алабұғалардың олармен бірге тұруға бойы үйрене бастайды да, ұмтылу инстинктісін жоғалтып алады. Сондықтан екінші бөлмеге ауыспайды. Алабұғаның мінезіндегі мұндай шабуыл жасамау сипаты бірнеше күн қайталаудың, яғни шартты рефлекс жасаудың арқасында пайда болады. Бұдан инстинктінің өзгеретіндігін байқаймыз. Инстинктінің өзгеруінде дағдының үлкен себебі бар.

**Жануарлардың интеллекті.** Жоғары сатыдағы жануарлардан (маймыл, дельфиндер) ақылды деп айтуға тұрарлықтай мінез-құлық көріністерін байқауға болады. Мінез-құлықтың осындай түрі маймылдарға жасалған тәжірибеден сан рет байқалған. Мәселен: маймылдың сүйікті тағамы банан жемісін оның қолы жетпейтін жерге іліп қойса, маймыл жемісті алғысы келіп секіреді. Енді ол жәшіктің біреуін әкеліп, үстіне шығып көреді де, әлі де қолы жетпейтіндігін байқайды. Сонан соң бірнеше жәшікті әкеліп, бірінің үстіне бірін қойып, биіктеткеннен кейін қара тер болып бананды алуға шамасы келеді. Мұндай әдіспен маймылдың осы қылығында қандай болмасын бір мәселені шешуге ұқсас көрініс бар. Жануарлардың интеллектілік амалы алда тұрған бөгетті жеңе білуге байланысты туып отырады. Интеллекті хайуанның жеке өзіне ғана тән қылық, оның ғана тапқан әдісі.

Интеллект – «интеллектус» деген латынның сөзі, қазақша **«ақыл»** деген мағынаны білдіреді.

### 4.3. Адам санасының пайда болуы, дамуы

Жер бетіндегі тіршілік эволюциясының қолы жеткен ең жоғары жетістігі – ойлай білетін адамның дүниеге келуі.

Адамның еңбек етуі, еңбек құралдарын жасап, оны пайдалануы оның санасының дамуына зор ықпал жа-

сады. Адамды жаратқан да осы өндіруші еңбек. Еңбек ету арқылы ол өзінің түрлі тіршілік қажеттерін қанағаттандырып қоймай, айналасындағы дүниені тани түсуге де мүмкіндік алды. Еңбек ету арқылы адам тек материалдық игіліктерді өндіріп қана қоймай, өзінің ой-санасын, психологиясын да қалыптастырады.

Ф. Энгельс «Маймылдан адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі» (1875) деп аталатын кітапшасында адамның дүниеге келу жолын сөз етеді. Ағылшынның ұлы ғалымы Ч. Дарвин (1809–1889) біздің арғы тегіміз адам тектес маймылдардан пайда болғанын дәлелдегенмен, мұндағы еңбек процесінің шешуші ролін көрсете алмады. Энгельстің айтуынша, адамның дене және ойлау қабілеттерін жетілдіруде, оның миын дамытуда еңбек пен дыбысты тіл зор роль атқарған.

Маймылдың адамға айналу процесінің өзі де өте күрделі нәрсе болған. Мәселен, олар алғашқыда ағаштың басында секіріп жүріп күн көруден жер бетіне түсіп тіршілік етуге, төрт аяқтап жүрудің орнына екі аяқтап жүруге мәжбүр болған. Мұның барлығы тіршілік талаптарынан туған әрекет еді. Бұл жөнінде Ф. Энгельс былай дейді: «Ең алдымен өздерінің бір нәрсеге өрмелеп шыққанда қолдың аяққа қарағанда өзге міндеттер атқаруын керек ететін тіршілік қалпының әсерінен болу керек, бұл маймылдар жермен жүргенде қолдың көмегін ұмыта бастап, барған сайын тік жүруді үйрене бастаған. Осы арқылы маймылдан адамға айналу үшін шешуші қадам жасалған».

Сөйтіп, күнделікті өмірдің жағдайлары адамның арғы тегін төрт аяқтап жүруден екі аяқтап жүруге, алдыңғы екі аяғының бірте-бірте қолдың қызметін атқаруына, өз қолымен қарапайым құралдар жасауына алып келді. Адамның арғы тегі осы құралдарды күн көру үшін,

аң аулау және жауынан қорғану үшін пайдаланатын болды. Құрал жасаумен бірге шын мәнісіндегі еңбек ету басталды. Қол еңбек операциясын жасайтын арнаулы мүше ғана емес, сонымен бірге еңбектің нәтижесі. Алғашқы адамдар топтасып өмір сүрді. Кейін келе олар еңбек құралдарын бірлесіп істеп, оны бірлесіп пайдалана бастады. Еңбек адамзат қоғамының тууына, еңбектегі ұжымдық байланыстың тууына жағдай жасады.

Еңбек құралдарын жасау, онымен пайдалану адам организмнің анатомиялық құрылысына үлкен өзгерістер енгізді. Мысалы, біртіндеп омыртқа жотасы өзгеріске түсті, мойын омыртқалары ерекше жетілді, бас сүйегінің формасы мен көлемінің өзгеруі ми қабығы клеткаларының күрделенуіне мүмкіншілік туғызды. Сондай-ақ, олардың бет әлпеті (иек, таңдай, көмекей, тіс, ерін, т.б.) күрделі өзгеріске түсті. Сөйтіп, адам еңбек ету процесінде сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынас жасай отырып, бірте-бірте өз табиғатын да өзгертті, біртіндеп оның сана-сезімі өсе бастады. Еңбекпен айналысу психиканың материалдық негізі мидың, ми сыңарларының ерекше дамуына жағдай жасады. Бұл өз тарапынан сезім мүшелерінің дамуына, дыбысты тілдің пайда болуына ықпал етті, мұның өзі тіршілік қажетіне байланысты шықты. Сөйлеу әрекетінсіз адамдардың бірлесіп еңбек етуі мүмкін болмас еді. Осы айтылғандардың нәтижесінде біртіндеп адамға тән психикалық процестердің (ойлау, ерік, қиял, т.б.) мазмұны кеңейіп, қалыптаса бастады. Адамның бес сезім мүшесінің пайда болуы, Маркс айтқандай, бүкіл дүниежүзілік тарихтың жемісі болды. Қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде адамның музыкашыл құлағы, табиғаттың көркемдігін көре білетін көздері, сезімтал талғамы және басқа сезім

органдары дамып жетілді. Бұл жағдай адамның өзіне, табиғат және өзін қоршаған басқа адамдарға қатынасын сезінуге, алдына мақсат қоя білуге мүмкіндік жасады. Осы факторлардың бәрі жиналып келіп мидың онан сайын дамуына әсер ете берді. Сөйтіп, еңбек процесінде дамып қалыптасқан адам санасы жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның (мидың) ерекше қасиеті, яғни мидың жемісі болып шықты.

Ғылыми психология, сондай-ақ сананың бақылауынан тысқары тұратын психологиялық құбылыстар болатындығын жоққа шығармайды. Орысша «бессознательное» және «подсознательное» деген сөзбен бейнеленетін осы ұғым философия, психология, психопатология, психиатрия, юриспруденция, өнертану, тарих тағы басқа ғылымдарда жиі қолданылады. Мұны психологияға тұңғыш енгізген австрия психологы З. Фрейд (1856–1939). Осы мәселенің табиғатын түсіндіруде ғалымдар түрліше пікір айтады. Мәселен, ғалымдардың бір тобы осы құбылыстардың санаға ешқандай қатысы жоқ феномен десе (Лейбниц, Бенске, Лотце, Фехнер, т.б.), олардың енді біреулері мұны патологиялық құбылыс деп қарастырады (З. Фрейд, т.б.). Материалистік философия мен психология осы құбылыстардың мәнін диалектикалық тұрғыдан түсіну қажет дейді. Біз саналы процестермен қатар санадан тыс құбылыстардың да болатынын, бұған түрлі инстинктік амалдар, соқыр сезімдер, ырықсыз қозғалыстар (ұйқысырап сөйлеу, ұйқы кезінде жүру, гипнозға илану, түс көру, т.б.) жататындығын білеміз. Санадан тыс құбылыстар жөнінде тәжірибеге негізделген материалистік пікір айтқан ғалымның бірі – И. М. Сеченов. Осындай кезде мидағы қозу, тежелу процестерінің жұмысы баяу болып келетіндігін И. П. Павлов зерттеулері де дәлелдеген. Әйтсе де,

осы құбылыстардың мәнісі ғылымда әлі де жете зерттелген жоқ. Ал творчестволық іске әрдайым сананың қатысуы, оның айқын жұмысының қажет екендігі даусыз.

«Сана дегеніміз, – деп жазды К. Маркс, – ең таяу ортаны тану және өзін түсіне бастаған индивидтен тыс басқа адамдармен және заттармен арадағы шектеулі байланысты тану болып табылады». Сана жеке адамға тән дара қасиет. Адамда жеке санамен қатар өмір сүрген ортасына байланысты қалыптасқан қоғамдық сана да болады. Бұл екеуі бірімен-бірі тығыз байланысты. Жеке адам санасының мазмұнына қоғамдық сана ықпал жасап отырады. Идеялық мазмұны жағынан жеке адамның санасы қоғамдық санасының көрінісі болып табылады. Адам санасының осы екі түрін де қоғамдық болмыс белгілейді. Экономикалық (өндірістік) қатынастарының өзгеруіне ілесе, адамның санасы да өзгереді. Сананың дамуы сыртқы ортадан тәуелді болып отырады дейтін түсінікті ғылымда *детерминистік принцип* деп атайды. *Детерминизм* тек сана құбылыстарының пайда болу, даму жолдарын ғана түсіндірмейді, сонымен қатар, табиғаттағы заттардың барлығының шығу тегі объективті себептіліктің заңдылықтарына бағынады деп үйретеді. Себептілік дүниенің заттары мен құбылыстарының өзара байланыстарының шексіз тізбегін, жан-жақты өзара әрекетті сипаттайды.

Дүниедегі барлық құбылыстың себепке байланыстылығын С. Торайғыров «Адасқан өмір» поэмасында өте жақсы көрсеткен:

*«Ойласам дүниеде қанша жан бар:  
Адам бар, ағаш, шөп бар,  
мал мен аң бар,  
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі-дағы,  
Әр себептің жемісі байқасаңдар.*

*Мал болмақ, маймыл болмақ,  
адам болмақ,  
Қасқыр болмақ, құс болып,  
ұшып қонбақ, –  
Сол болғандар болмаған өздігінен,  
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап».*

С. Торайғыровтың пікірінше, адам табиғаттың туындысы, ондағы себептіліктің жемісі. Ол – дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқы дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады, оның ешбір рухани қасиеті туыстан пайда болмаған. Бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, үлкен дүние, бірақ оны тануға әбден болады деп ақын өте дұрыс материалистік тұжырым жасайды.

Еңбек адамның дене бітімін жетілдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оның психикалық жетілуінің, сананың қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы болып табылды. Еңбек адамды қоғамдық тіршілік иесіне айналдырды,

биологиялық жан иесі еңбектің арқасында адам дәрежесіне көтерілді. Жануарлар табына еңбектің арқасында ғана адам қоғамына айналды.

Сана психика дамуының жоғарғы сатысы ретінде, ең алдымен, жалпыны және болмыстағы елеуліні тану қабілеті сияқты қасиетімен ерекшеленеді. Сананың аса маңызды қасиеті оның есеп беруі болып табылады. Адам өзінің ниеті мен күйзелісі, ойы мен түйсігі туралы өзіне-өзі есеп береді, сана тек қана сыртқы білімді емес, өзін білуді де қамтамасыз етеді, яғни сана өзіндік сана-сезім түрінде де көрініс табады.

Адамның жануарлардан айырмашылығы – ол өзін танитын және білетін, өзін түзетін және жетілдіріп отыруға қабілетті тіршілік иесі.

Өзіндік сана-сезім – сананың өзіңді білу мен өзіңе қатынастың бірлігі ретінде көрінетін бір түрі. Өзіндік сана-сезім сыртқы ортаны және өзіңді-өзің танудың бейнеленуінен біртіндеп қалыптасады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Психиканың пайда болуына не себеп болды?
2. Инстинкт дегеніміз не?
3. Дағды дегеніміз не?
4. Дағды мен интеллектің айырмашылығы қандай?
5. Адам санасының жануарлар психикасынан қандай айырмашылығы бар?
6. Адам санасының дамуы неге байланысты болады?
7. Сананың дамуында еңбек пен тілдің ролі қандай болады?
8. Қоғамдық сана мен жеке тұлға санасының байланысы қандай?
9. Сананың шығармашылық сипаты дегенге қалай түсінесің?
10. Өзіндік сана-сезім дегенді қалай түсінесің?

### **№1 тапсырма.**

Егер араны қорапқа салып, ұясына 20-30 км қашықтыққа алып кетсе, ол жолды көрмесе де өз ұясына қайтып ұшып келеді. Бұл араның қандай қасиеті?

### **№2 тапсырма.**

Қазіргі кезде адам тектес маймылдың төрт түрі бар. Сол маймылдардың аттарын атаңыз және олар дүние жүзінің қай бөліктерінде кездеседі?

**№3 тапсырма.**

Егер адам тектес маймылға айна берсе, онда ол айнадағы өз бейнесін танымай, сол бейнеге ұмтылып, айнаны сындыратын болған. Не себептен маймыл айнаны сындырады? Адам мен маймыл арасында қандай айырмашылықтар бар?

**ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ****1. Жануарлар мінезінің бейімделу қасиетінің өте жай өзгеретін түрі:**

- A. Дағды;
- B. Инстинкт;
- C. Интеллект;
- D. Рефлекс;
- E. Сана.

**2. Тітіркену бұл –**

- A. Барша мәнді биологиялық әсерлерге жауап беру;
- B. Барша өлі дүниеге тән құбылыс;
- C. Құбылыстарды тұтастай бейнелеу;
- D. Саналы бейнелеу;
- E. Тек адамға ғана тән құбылыс.

**3. Тітіркену процестерін негізгі сипат етіп алған өмір кезеңі**

- A. Өсімдіктер дүниесі;
- B. Жәндік-жануарлар дүниесі;
- C. Жербауырлаушылар;
- D. Сүтқоректілер дүниесі;
- E. Омыртқалылар дүниесі.

**4. Адам санасының негізгі қызметі:**

- A. Нақты бейнелер;
- B. Рефлексстік әсерге ықпал;
- C. Сезімді талдау;
- D. Терең заңдылықтарды тану;
- E. Тітіркенуге жауап.

**5. Сананың пайда болу негізі**

- A. Табиғаттан тыс күштен;
- B. Табиғаттан;
- C. Тума беріледі;
- D. Еңбек пен қоғамдық қатынастардан;
- E. Адамның өзіндік әрекетінен.

**6. Адам санасының жануар психикасынан басты айырмашылығы:**

- A. Қабылдаудан;
- B. Рефлекс – жауап беруден;
- C. Сезімнен;

- D. Тітіркенуден;
- E. Ішкі субъектив бейнелеуден.

**7. Тікелей байқалмаған тітіркендіргіштерге жауап әрекет (түшкіру, қалтырау):**

- A. Астар санадан;
- B. Дағдыланудан;
- C. Инстинктен;
- D. Саналы жоспарлаудан;
- E. Табиғаттан тыс күштен.

**Әдебиеттер:**

1. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
2. Крутецкий В. Психология. – М.: Просвещение, 1986.
3. В. В. Богословский. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1986.
4. Кузин В. К. Психология. – М.: Высшая школа, 1982.

## 5-тарау. Темперамент

### Жоспар:

- 5.1. Темперамент туралы жалпы ұғым.
- 5.2. Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.
- 5.3. Оқушы темпераментімен санасу.

### 5.1. Темперамент туралы жалпы ұғым

Белгілі бір адамға тән және өмір әсерлеріне жауап реакциялардың динамикасы, тонуы мен бірқалыптылығында көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшеліктерін темперамент деп ұғынуымыз крек.

Мінез-құлық тек әлеуметтік жағдайларға ғана емес, жеке адамның табиғи құрылымына да тәуелді. Адамның биологиялық жағын көрсететін қасиеттің бірі болып табылатын темперамент жас балалардың ойыны үстінде, түрлі қарым-қатынас жағдайында ертерек және анық байқалады.

Темперамент индивидтің барлық психикалық көріністеріне реңк беріп отырады, ол эмоция мен ойлауға, еріктік қимыл-қозғалысқа, сөздің сарыны мен ырғағына әсер етеді.

*Темперамент дегеніміз* – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғыштығынан, қимыл-қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы байқалады. Темперамент – ағзаның физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе жоғары жүйке қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан (мәселен, біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, енді біреулер жай қимылдап, асықпай істейді), психиканың күші мен тереңдігінен де

(мәселен, біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, жігерсіз болады), адамның көңіл күйінің ерекшеліктерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз, т.б.) эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек, т.б.) жақсы байқалып отырады.

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда өте ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастады. Ежелгі Грекияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б.з.д. 460–356) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әртүрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты болмақ. Мәселен, ағзада қанның пропорциясы артық болса сангвиникалық (латынша «сангиус» – қан), ал шырын басым болса (грекше «флегма» – шырын), флегматик темперамент деп, ал организмде қара өт басым болса, меланхолик (грекше «мелайне-холе» – қара өт), ағзада сары өт басым болса, холерик (грекше холе – өт) темпераменті деп аталған. Гиппократ: «ағзадағы сұйықтардың бірінен екіншісінің басым болуы кейбір аурулардың шығу тарихын түсіндіруге де жарайды» – деді, ол мидың ролін түсіне біледі, оны «бездердің бірі», – деп санады. Бұл – адамның жеке ерекшеліктерін жаратылыстық ғылыми-зерттеудің алғашқы қадамы еді.

Гален ендірген бұл ғажайып жаңалық кейінгі жүзжылдықтар желісінде көптеген ғалымдар ізденісіне күшті ықпалын тигізді. Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет-қылықтарды тастап, ретке келтіруге ат салысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Бұлардың ішінде назар саларлықтай тип – адамның дене құрылымына байланысты дараланып, тума темперамент қасиеттеріне негізделген конституциялық типология (Э. Кречмер). Бұл теорияның мәні: әр адам өз дене құрылымына орай өзіндік психикалық ерекшелікке ие. Осыдан, дене мүшелерінің сырттай өлшемдеріне байланысты төрт конституционалды психикалық тип белгіленген:

1. Лептосоматик – бойшаң, нәзік денелі, тар иықты, қол-аяғы ұзын, сидыйған.

2. Пикник – мығым, сезімшең, кіші не орта бойлы, қарны қампиған, домалақ бас.

3. Атлетик – бұлшық еттері күшті дамыған, денесі мығым, берік, ұзынша не орта бойлы, кең иықты, жамбас сүйектері тартылған.

4. Диспластик – дене бітімі қисынсыз. Бұл адамдар әрқилы мүшелік зақымдарға ұшырағандар.

Жоғарыда баяндалған конституциялық типология теориясының негізін қалаған – Э. Кречмер. Бұл теория Батыс Европада кең қолдауын тапты. Ал осы теорияны арықарай жалғастырған У. Шелден болды. Сонымен, әр адамның темпераменті әртүрлі, соған байланысты адамдар да әртүрлі.



|                                                 |                                                                                       |                                                                                   |                                                                                                                               |
|-------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| тән-дене құрылымы қисынсыз жаралған, тартыншақ; | кіші не орта бойлы, етшең, биік кеуделі, қарынды, қысқа мойын, домалақ басты; көпшіл; | ірі, денелі, бұлшық етті, дене бөліктері өзара сәйкес дамыған, кең иықты; маңғаз; | нәзік денелі, қушық кеуде, тар иық, қол-аяғы серейген ұзын, сопақ жүзді, бірақ жүйке жүйесі мен бас миы күшті дамыған; ынжық; |
|-------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

5.1-сурет

Темпераменттің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген академик И. П. Павловтың ілімі темперамент туралы түсінікті ғылыми жолға салды.

Жүйке жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу, тежелу, процестерінің

үш негізгі белгісінің (күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы деп олардың, бірінің екіншісіне алмаса алу қабілеттілігін айтады. Осы принципті негізге ала отырып, И. П. Павлов жүйке жүйесінің төмендегі түрлерін ажыратады.

### 5.1-сызба



И. П. Павлов сангвиниктерді – ширақ; жүйке жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі тең, қозғалғыш адам; холериктерді – ұстамсыз; жүйке жүйесі күшті; қозу тежелуінен басым, флегматиктерді

жүйке жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі бір-біріне тең болғанмен, қозғалысы баяу адамдар десе; меланхоликтерді – жүйке жүйесі әлсіз типті адамдар деп сипаттама берді.

## **5.2. Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик**

### **Темпераменттердің түрлеріне сипаттама**

#### **Сангвиник.**

Бұл тип өкілі – өті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Адамдар арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу

үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас ерекшелігіне сай болса, онда кіші оқушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда оқушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен

бірізділік жоқ кезде, сангвиник жеңіл-тектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады. Осындайда олар кейде оқуға жауапкершіліксіз қарайды. 3-ші сыныпта оқитын сангвиник типінің өкілін алатын болсақ, олар еті тірі, белсенді болып келеді. Сабақ үстінде тынымсыз, жиі алаңдайды, сабақта достарымен көп сөйлеседі. Сыныпта өтіп жатқан барлық жағдайларға мән беріп отырады. Достарының арасында ылғи да сыйлы және оларға көптеген қызық әңгімелер айтады. Осы оқушы жаңа ортаға тез бейімделеді. Егер берілген жұмыс немесе тапсырма жеңіл болса, оқушы оны тез орындайды, ал жұмыс қиын, қытымыр, ұзақ болса, жұмысқа суып кетеді. Егер математика сабағында есеп беріле сала сол оқушы жауабын айтса, және бұл жауабы қате болса, ол ары қарай шығарып, дұрыс шешуін іздемейді, келесі жұмысқа көшеді.

#### **Флегматик.**

Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс-керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды. Флегматикті дұрыс тәрбиелегенде іскерлікті, талапшылдықты

орнатуға болады. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады. Мысалы, 2-ші сынып оқушысы – флегматик, ол барлық істі баяу, байыппен, асықпай істейді. Одан сабақ сұраған кезде, ол баяу орнынан тұрып, азғана үндемей тұрады да, сабақты үйден қараған болса, бірқалыпты дауыспен сабақ айта бастайды; ал егер үйде оқымаған болса, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап қайтармай үнсіз тұрады. Кейде ондай оқушылар мұғалімді ызаландырады, ал достары оның баяулығына күледі. Бірақ флегматик оқушы – жақсы дос, ашық және өте ұстамды, оны ренжітіп алу немесе күлдіру өте қиын.

#### **Холерик.**

Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдылығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процесстер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан, холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Холерик темпераментінің жағымды жағы – энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы – ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Мысалы, кіші холерик оқушыда талпыныс пен құштарлық ерекше көзге түседі. Тіпті партада мұғалімді тыңдап отырған холерикті анық мимика мен энергетикалық белгілер арқылы ажыратуға болады. Тақтада жауап бергенде, кіші оқушы бір аяқтан екіншісіне ауыстырып тұрады, өте жылдам жауап береді. Ондайлар тез істеуге, үлкен өзгерістерге құлшынып тұрады. Міне, мұғалім кезекшіні бор әкелуге жіберді делік, ол жиналып барғанша, холерик оқушы орнынан тұрып борға өзі жүгіріп кете-

ді. Бұл оқушы әр нәрсеге құштар, істі бастағанда, оны өте тез және беріліп істейді де, түрлі кедергілерден жеңіл өтеді. Ол өте ұстамсыз, өте қарапайым қиыншылықтар үшін күйіп-пысады, мұғалімдер мен ата-аналарына айқайлап сөйлейді. Бірақ ол агрессиялық күйден қайта қалпына келгенде, олай істеуге болмайтынын түсінеді, сонда да ол өзіне ештеңе істей алмайды. Оның ұстамсыздығы оған көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, мұғаліммен сабақ үстінде ұрсысады.

#### **Меланхолик.**

Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоция-

лары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады. Меланхолик кіші оқушы адамдар арасында болуды ұнатпайды. Ал егер оны дұрыс тәрбиелесе, қызығушылығы, эмоция сезімі, қабылдауы арта түседі. Мысалға 4-ші сынып оқушысын алайық. Ол тұйық, ұялшақ және ешкімге көрінгісі келмейді. Біреуден қорқып жүрген сияқты. Проблемаларды терең сезініп, көп уайымдайды. Сабақ айтып тұрған кезде қызарып кетеді, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Істерігісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

#### **Суретте темпераменттің төрт түрі сипатталған**



5.2-сурет

Темпераменттердің адам психикасынан алатын орнын топырақтың өсімдікке тигізетін әсерімен салыстыруға болады. Өйткені темперамент – адамның табиғи жағын көрсететін басты белгілерінің бірі. Әйтсе де темперамент адам психологиясының бүкіл мазмұнын көрсете алмайды. Өмір сүру барысында біртіндеп қалыптасып отыратын адамның дүниетанымы мен сенімі, қызығуы мен қажеті, мұраты мен талғамы, оның темпераментіне тәуелді емес.

Әр адамның темпераменті психикалық әрекетінің көрінуінде сырттай

із қалдырғанымен, ақыл-ойының дамуына ешқандай елеулі әсер ете алмайды деген қағиданың бірден-бір дұрыстығын меланхолик темпераментіндегі оқушылардың өмірінен жақсы көруге болады. Жүйке жүйесі әлсіз, жуас балалардың мектептерде оқу озаты болып жүргендері аз емес. Осы айтылғандардан темпераменттердің қандайы болмасын тәрбиенің ықпалымен қалыптасып отыратындығы, тіпті меланхоликтердің өзін ерік-жігері күшті, мінезді, ұжымның бағалы мүшесі етіп тәрбиелеуге болатындығы байқалады.

### 5.3. Оқушы темпераментімен санасу

Оқушылардың мінез-құлқын жан-жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. Темперамент тәрбиесінде әрбір мұғалім И. П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы іліміне сүйенуі тиіс. Мәселен, аса күшті ұстамсыз типтің жүйке процестерін теңдестіру арқылы одан темпераменттердің жақсы жақтарын тәрбиелеуге болатындығы байқалады. Осы ілімге сүйене отырып, тәрбиешілер холериктерді ұстамсыздықтан аулақтатып, тыныш, ұзақ уақыт жұмыс істеуге үйретіп, сангвиниктерді жұмысты сабырмен асықпай істеуге, флегматиктерді жайбарақаттылыққа салғызбай, меланхоликтерді өздеріне сенуге, батылдыққа тәрбиелеулері тиіс. Мұғалім оқушылардың темпераменттерін тәрбиелеуді олардың моральдық қасиеттерін тәрбиелеу ісімен орайластыра жүргізуді жоспарлаған жөн. Балалардың сабақ үстіндегі тәртібін ұйымдастырғанда, әсіресе мінез-құлықтың кейбір теріс көріністері әңгіме болған кезде олардың темперамент өзгешеліктері еске алынып отырылуы керек. Мұғалім үй тапсыр-

масын сұрау, жаңа сабақты пысықтау кездерінде де әр баламен жеке үндесіп отырмаса болмайды. Мәселен, тілі мен жағына сүйенген холерикті тыныштандырып, үндемей отырған флегматикті жауап беруге шақыру мұғалімнен асқан байсалдылықты қажет етеді. Ал кейбір жағдайда меланхолик бала тәртіп бұзған болса (мұндай жағдай өте сирек болады, әрі олар өздері бірінші болып тиіспейді), оны жұрт алдында қызартып ұялту дұрыс емес. Мұндай баламен істің мәнісін ашу үшін оңаша сөйлескен дұрыс, тіпті бір қараудың өзі жетіп жатыр. Холерик темпераменттегі балаға қатаң ескерту жасап, қойылған талапты қалайда орындатқызу жағын ойластырмаса болмайды. Сангвиниктер мен холериктердің мектептегі қоғам жұмыстарына өз еріктерімен қатысатыны өте жақсы әдет. Бірақ оларды қадағалап, жұмысына бағыт беріп отырмаса, жұмыстың нәтижесі төмен болуы ықтимал. Әсіресе сангвиниктерді қатты бақылаған абзал, өйткені олар жұмылып кіріскендерімен, жылдам суып қалатын болады.

Темпераменттерді тәрбиелеуде баланың ерік-жігерін, мінез бітістерін, мінез-эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастырыла жүргізілгені дұрыс. Адамның өзін-өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді.

Оқушылардың темпераменттерін тәрбиелеудің айтылғандардан басқа да көп әдістері мен жолдары бар. Бұл жерде әрбір мұғалім баяу болса да темпераменттердің өзгеріп отырғандығын, яғни ол адамның жасына, білімі мен тә-

жірибесіне, тәлім-тәрбиесіне, нақтылы әрекетіне байланысты түрлі өзгерулерге түсетіндігін ылғи да есте ұстап, осыған орай әрбір оқушымен жеке жұмыстар жүргізу қажет. Мәселен, оқушының жасына қарай оқудағы үлгерім дәрежесін, тәртібін, басқа балалармен қарым-қатынасын, қоғам жұмыстарына қалай араласатындығын ұдайы қадағалау, олардың ата-аналарымен байланыс жасап, әсіресе қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстырып отыруы қажет.

### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Темперамент дегеніміз не?
2. И. П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы ілімі темпераменттердің табиғатын қалай түсіндіреді?
3. Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы қандай?
4. Төменгі сынып оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің негізгі белгілері қандай?
5. Темперамент адам психикасынан қандай орын алады?
6. Темпераменттер қалай өзгереді және оларды қалай тәрбиелеуге болады?

#### №1 тапсырма.

Темперамент типін анықтау әдістемесі бойынша өз темперамент типінді анықтаңыз.

**Мына берілген төрт қасиеттердің қайсысы сізге тән:**

1. а) ұшқалақ, жеңілтек, абыржығыш, тынышсыз;  
ә) көңілді, шат, жарқын жүзді;  
б) салмақты, сабырлы, байсалды;  
в) ұялшақ, жасқаншақ, именгіш.
2. а) ұстамсыз, ашушаң;  
ә) жігерлі, қайратты, іскер;  
б) жүйелі, бір ізді, байсалды, тыңғылықты;  
в) жаңа ортада сасу, абыржу тән.
3. а) шыдамсыз, сабырсыз;  
ә) бастаған ісін аяғына дейін жеткізбейді;  
б) ұқыпты, сақ, есті, парасатты;  
в) жаңа адамдармен байланысқа түсу қиын.
4. а) тік мінезді, ашық, турашыл;  
ә) өзін асыра бағалауға бейім;  
б) күте білмейді;  
в) өз күшіне сенбейді.

5. а) батыл, ынталы;  
 ә) жаңаны тез ұғып алатын қабілеті бар;  
 б) тұйық, сөзге сараң, босқа сөйлегенді ұнатпайды;  
 в) жалғыздыққа қайғырмайды.
6. а) қисық, қыңыр, қиқар;  
 ә) қызығушылықтары тұрақсыз;  
 б) сөйлегенде жай ырғақпен, бірқалыпты, тоқталыстармен сөйлейді;  
 в) сәтсіздіктерге кездескенде сасып қалу және жабырқаушылық.
7. а) талас дауда тапқыр;  
 ә) сәтсіздіктермен, ұнамсыз жағдайларға қайғырады;  
 б) ұстамды, шыдамды;  
 в) өзімен-өзі болғанды ұнатады.
8. а) тәуекел істерге бейім;  
 ә) түрлі жағдайларға тез үйренеді;  
 б) бастаған істі аяғына дейін жеткізеді;  
 в) тез шаршайды.
9. а) жұмысты, істі жұлқынып істейді;  
 ә) жаңа іске қызығушылықпен кіріседі;  
 б) босқа күш жұмсамайды;  
 в) бәсең, жай сөйлейді, кейде тіпті баяу.
10. а) Кек сақтамайсыз және үрейшіл, жасқаншақ;  
 ә) егер бір нәрсе қызықтырмаса тез суиды;  
 б) қатал күн тәртібін, жұмыста белгілі бір жүйені ұстайды;  
 в) еріксіз әңгімелесушінің мінезіне көнеді.
11. а) өте тез және қызба, іркіліспен сөйлейді;  
 ә) жаңа іске тез кірісіп кетесіз және бір істен екінші іске тез ауысасыз;  
 б) кенет ұмтылысыңызды жеңіл ұстап қаласыз;  
 в) көзден жас шыққанша әсершілсіз.
12. а) ұшқалақ, қызбалыққа бейім;  
 ә) күнделікті бірыңғай жұмыстан қайғыру, азап шегу;  
 б) қолдағанды және ұялтқанда көп қайғырмайды;  
 в) қоршаған ортадағы адамдарға, өзіне талаптары жоғары.
13. а) агрессивті, төбелесуге әзір;  
 ә) көпшіл, қайырымды, ықыласты;  
 б) жылы жүзді жуас, өзіне бағытталған өткір орынды-орынсыз. сындарды кішіпейілділікпен қабылдайды;  
 в) күдікшіл, күмәншіл.
14. а) сынға шыдамсыз;  
 ә) шыдамды, жұмысқа қабілетті;  
 б) қызығушылықтары тұрақты;  
 в) сезімтал, тез жараланғыш.
15. а) айқын ымдауға қабілеті бар;  
 ә) зор, тез, анық және нақты дене қимылдарымен қабаттас жүретін сөйлеуге бейім;  
 б) іске өте жай қосылады және бір істен екінші іске ауыса береді;  
 в) шектен тыс өкпешіл.

16. а) тез шешім қабылдауға және істі тез істейтін қабілеті бар;

ә) қандай жағдайға да сабырлы;

б) қарым-қатынаста бәріне бірдей қарайды;

в) тұйық, көппен араласпайды.

17. а) әрқашан жаңаға ұмтылады;

ә) көңіл күйі әрқашан сергек;

б) барлық істе ұқыптылықты ұнатады;

в) белсенділігі аз, ұялшақ, жасқаншақ.

18. а) қызу, тез қимылдар иесі;

ә) тез ұйықтап кетеді, тез оянады;

б) жаңа ортаға үйрену қиын;

в) көнгіш, тілалғыш.

19. а) жинақы емес, шешім қабылдауға асығыстау;

ә) қойған мақсатына жеткенше өжеттілік танытады;

б) селсоқ, жігерсіз, қозғалыстары аз, көңілсіз, босаң;

в) бастаған ісін аяғына жеткізбейді.

20. а) көңіл күйі тез ауысып отырады;

ә) кейде алаңдап, іске үстірт қарауға бейім;

б) зор табандылық, төзім иесі;

в) қолдау мен ұялтуға өте сезімталсыз.

Қанша рет «а», «б», «в», «г» нұсқаларын таңдап алып, төртеуінің әрқайсысын 5-ке көбейтіңіз. Содан шыққанның қайсысы басым болса, яғни сіз сол типке жатасыз.

**Холерик** – ұстамсыз, ұшқалақ тип. Қимыл-әрекетті сүйеді. Әдетте, оның қимыл-қозғалысы батыл, шапшаң болады. Ол қызыққан жұмысына әбден беріліп, барлық ынтасын салып орындайды. Ой-әрекеттің белсенділігі оқу тапсырмаларын орындауынан көрінеді. Спорт, әсіресе қозғалыс ойындарына бар ықыласымен қатынасады. Мінездері сотқар, шалдуар келеді. Өз эмоциялары мен қимыл-қозғалыстарын билей алмай, қабынып, күйіп-пісуге дайын тұрады. Бұлардың сөзі жылдам, интонациялары толқымалы, кейде қызу сөйлеп, төңірегіндегілерді тез ұйытады. Олар өте сезімтал, түрлі әсерлерге тез беріледі, ызақор, ашуланшақ келеді. Оның мұндай мінез ерекшеліктері өткір көзінен, тез және оңтайлы қозғалыстарынан жақсы байқалады.

**Сангвиник** – жылдам және иез қозғыш, көңіл күйі жиі өзгергіш келеді, көп нәрсеге қызығады. Бәрін біліп алуға тырысады, бірақ біреу бағыттап отырмаса, тез айнып кетуі ықтимал. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады. Сөзі жылдам, анық, түсінікті, паузалармен интонацияларды жақсы сақтайды. Сөзді мәнерлеп айтуға тырысады. Сөйлегенде ым-ишара жағы басым келеді. Көбінесе, эмоциялы, қозу жағдайында тұрады. Олардың мінез-құлқынан қажырлылық, белсенділік сияқты кейбір жақсы қасиеттерді көруге болады. Сондықтан олар өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент болып саналады.

**Флегматик** – сабырлы, орынсыз асып-саспайды. Сезімдері сырт әлпетінен көрінбейді. Дауыс екпіні баяу, асықпай-аптықпай сөйлейді, сөзі ым-ишаралармен ерекшеленіп тұрмайды. Ұқыпты, парасатты, ақылды. Зейіні тұрақты. Қызығушылықтары да тұрақты. Жаңа іске жай қосылады, бір істен екінші іске ауысуы да баяу.

**Меланхолик** – ұялшақ, тартқыншақ, тұйық болғандықтан, көпшіліктен аулақ жүргенді жақсы көреді. Барлық эмоциялары ішінде, өте сезімтал, жасқаншақ,

өз күшіне сенбейді. Жалғыздық пен тұйықтыққа бейім, байланысқа түсуі қиын. Қызығушылықтары тұрақты, жаңа ортада кей жағдайларда қысылмайды.

## **№2 тапсырма.**

### **Төмендегі әдісті қолдану арқылы темперамент түрлерін анықта.**

Адамның темперамент түрлерін жұмысында және адаммен қарым-қатынасында анықтау.

Бұл әдістің көмегі арқылы адамның қуатын, эмоциясын, жылдамдығын анықтауға болады. Бұл темперамент түрлері адамның іскерлік әрекетінде және айналадағы ортамен қарым-қатынасында әртүрлі өзгешелікте көрінеді. Сонымен, төмендегі сұрақтарға «иә», «жоқ» деп жауап беруге тиіссіз. Сұрақтарға жауап бермеуге болмайды.

1. Сен қозғалғыш адамсың ба?
2. Сен өзіңе қызықты әңгімеге қосылып кете аласың ба?
3. Үлкен компанияда оңаша болғанды ұнатасың ба?
4. Сен әр уақытта да жұмыс істеп бір нәрсемен айналысқанды ұнатасың ба?
5. Сен асықпай сөйлейсің бе?
6. Сені тез ренжисің бе?
7. Достарыңмен ренжісіп қалғанда, ұйқың қашпай ма?
8. Бос уақытыңда бір нәрсемен айналысқанды ұнатасың ба?
9. Әңгімелескенде ойланбай айтып қалатын сөздерің бола ма?
10. Қасыңдағы әңгімелесіп отырған адамның тез сөйлейтіні ұнайды ма?
11. Ұзақ уақыт адамдармен сөйлеспегенде өзіңізді бақытсыз сезінесіз бе?
12. Кездесуге немесе мектепке кешігіп көрдің бе?
13. Мұғалім мен ата-анаңның жасайтын жұмысы саған оңайлыққа түсе ме?
14. Ықыласпен бар ынтаңмен жасайтын жұмыс саған оңайлыққа түсе ме?
15. Тез сөйлеу саған қиынға түсе ме?
16. Егер де үй тапсырмасын немесе қандайда бір жұмысты істемесең мазасызданасың ба?
17. Әңгімелесіп отырғанда бірінен бірі ауыса ма?
18. Шапшаңдық пен дәлдікті талап ететін ойлар ұнай ма?
19. Қандай да бір тапсырманың варианттарын табу саған оңай ма?
20. Әңгімелесіп отырған кісің сенің айтқаныңды дұрыс түсінбесе сені мазасыздық билей ме?
21. Күрделі және жауапкершілікті талап ететін жұмыстарды бар ынтаңмен жасасайсың ба?
22. Өзің мәнісін жете дұрыс білмейтін нәрселер туралы әңгіме айтасың ба?
23. Әңгімелесіп отырған қарсыласыңның тез сөйлегеніне түсіне аласың ба?
24. Бір уақытта бірнеше жұмыс жасау саған оңайға түсе ме?
25. Бір нәрсені ойланбай қалғаның үшін достарыңмен келіспеушілік бола ма?
26. Өзіңе үйреншікті ешқандай күшті қажет етпейтін жұмыстың жай ғана түрі ұнай ма?
27. Жасаған ісіңнің кемшілігін көрсең көңілденесіз бе?
28. Отырып жасайтын жұмыс ұнай ма?

29. Танымайтын адамдармен сөйлесіп кету қиындыққа түспей ме?
30. Айтайын деген ойыңды әуелі таразыға салып алуды жөн деп санайсыз ба?
31. Сенің әдеттеріңнің бәрі жақсы ма?
32. Жұмыс жасағанда қолдарың тез қимылдай ма?
33. Танымайтын адамдар арасында көп байланысқа түспей үнсіздік сақтау дұрыс па?
34. Тапсырманы орындауда шешімін табу жолының бірінен екіншісіне ауысасыз ба?
35. Жақын адамдарыңның саған қарым-қатынастары шамалы ма?
36. Сөзшең адамсың ба?
37. Тез әсерленуді талап ететін жұмыс қиындыққа түспей ме?
38. Сөйлегенде мүдірмейсіз бе?
39. Сенің оқуың мен жұмысыңа қатысты нәрсенің бәрі сені мазасыздандыра ма?
40. Сенің кемшіліктеріңді көрсетсе адамға ренжисің бе?
41. Жауапкершілікті талап ететін жұмыспен айналуға тілегің мол ма?
42. Барлық жұмысты асықпай баппен істегенді ұнатасың ба?
43. Басқа адамдардан жасырып ойлайтын ойларың бола ма?
44. Көп ойланбай-ақ біреудің қытығына тиетін күрделі сұрақ қоя аласың ба?
45. Тез қимыл саған ұнай ма?
46. Өзің айналысып жүрген жұмысыңа байланысты жаңа идеялар ойлау оңайлыққа түсе ме?
47. Жауапкершілікті және маңыздылықты талап ететін әңгіме сенде мазасыздық туғыза ма?
48. Сен туралы «Ол барлық берілген тапсырманы шапшаңдық пен орындайды» деп айтуға бола ма?
49. Жұмысты жеке өзің істегенді ұнатасың ба?
50. Сенің бет әлпетіңе қарап көңіл күйіңді ажыратуға бола ма?
51. Берген уәденді орындай аласың ба?
52. Айналаңдағылардың сенімен қарым-қатынасы реніш туғыза ма?
53. Белгілі уақытта тек бір нәрсемен айналысуды ұнатасың ба?
54. Жылдам ойындарды ұнатасыз ба?
55. Сөйлегенде үзіліс жасап сөйлейсіз бе?
56. Отырған ортаңды жанжандырып отыруды ұнатасың ба?
57. Сенде қандайда бір қиын жұмыспен айналысуға тілегің және күшің көп сияқты сезім бола ма?
58. Бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысу қиынға түсе ме?
59. Жасаған ісің бір жерден үзіліп қалатын болса, сол үшін сенің көңіл күйің бұзылуы ұзаққа созыла ма?
60. Ісің өз ойыңдағыдай жүріп жатпаса, сол үшін сенің ұйқың бөліне ме?
61. Үлкен компанияда отырған ұнай ма?
62. Достарыңмен арақатынасыңды шешуді ұнатасыз ба?
63. Барлық күшіңді жұмсауды талап ететін жұмыс болады ма?
64. Сенде ашулану, өзіңді өзің ұстай алмай қалу болып тұра ма?
65. Бір уақытта бірнеше жұмыспен айналысқанды ұнатасыз ба?
66. Үлкен ортада өзіңді еркін сезінесіз бе?
67. Сенде ойланбай бір нәрсені айтып қалу көп бола ма?

68. Сенде өзіңді сенімсіз сезіну сезімі бола ма?
69. Сен осы үшін мазаланбайсың ба?
70. Сен асықпай жұмыс жасай аласың ба?
71. Бір жұмыстан екінші жұмысқа тез ауыса аласың ба?
72. Дауыстап тез оқи аласың ба?
73. Өсек сөздер айтасың ба?
74. Өз достарыңның ортасында көп сөйлемейсің бе?
75. Сені жұбатып, сенім беріп отыратын кісілер саған қажет пе?
76. Әртүрлі істі бір мезгілде жасай аласың ба?
77. Тез бітіруді талап ететін жұмысты бар ынтаңмен орындайсың ба?
78. Бос уақытыңды адамдармен араласқанды ұнатасың ба?
79. Жұмысында кедергілер болса, сол үшін ұйқың бұзыла ма?
80. Ренжіскенде қолың дірілдей ме?
81. Өзіңнің пікіріңді айту үшін ұзақ дайындаласың ба?
82. Өз таныстарыңның арасында саған мүлдем ұнамайтындар бар ма?
83. Оңай жұмыспен айналысуды жөн деп санайсыз ба?
84. Сені ренжіту оңай ма?
85. Отырған ортаңда әңгімені бірінші басып сен бастайсың ба?
86. Адамдар арасында болу саған ұнай ма?
87. Айтайын деген ойыңды айту үшін ойлану сенде қалыптасқан ба?
88. Оқуың және жұмысың туралы уайымдайсың ба?
89. Транспортта тексеруден қорыққаннан багажды өткізу үшін ақша төлер ме едің?
90. Кештерде өзіңді ұстамды ұстайсың ба?
91. Жұмысында болған сәтсіздіктерді үлкейтіп айтуды ұнатасың ба?
92. Тез сөйлегенді ұнатасың ба?
93. Саған өзіңнің айтайын деген ойыңды айтпай қалу оңайға түсе ме?
94. Асықпай жұмыс жасағанды жөн санайсың ба?
95. Жұмыстағы келіспеушіліктерді уайымдайсың ба?
96. Адамдармен асықпай салмақты сөйлескенді ұнатасың ба?
97. Жұмыстағы жасаған қателіктерің үшін мазасызданасың ба?
98. Күрделі және ұзақ жасайтын жұмысқа икемің бар ма?
99. Ойланбастан танымайтын кісіден көмек сұрай аласың ба?
100. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда сенімсіз сезінесің бе?
101. Өзің білмейтін жаңа жұмысқа оңайлықпен кірісіп кете аласың ба?
102. Көп сөйлегенде жаратпайсың ба?
103. Асықпай қысылмай жұмыс жасау ұнай ма?
104. Саған жан-жақты және дәлелдікпен ықыласты талап ете отырып, бір істен екінші іске ауысу ұнай ма?
105. Ұзақ уақыт жалғыз отырғанды ұнатасың ба?

Төменде әрбір темперамент түрлеріне дәл келетін сұрақ нөмірі мен жауаптардың нұсқалары көрсетілген. Сіздің жауабыңыз шешімімен дәл келсе, онда сіз бұл темперамент түріне байланысты балл жинайсыз. Әр темперамент кезеңі жинаған ұпаймен бағаланады.

|                                        |                                                                                                 |
|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жұмыстағы қуатыңыз                     | «Иә» 4, 8, 15, 22, 42, 50, 58, 64, 98, «жоқ» мына сұрақ жауаптарында 27, 83, 103.               |
| Адамдармен қарым-қатынасыңыздағы       | «Иә» мына сұрақ жауаптарында 11, 30, 57, 62, 67, 78, 86, «жоқ» 3, 34, 74, 90, 105 жауаптарында. |
| Жұмыстағы жылдамдығың                  | «Иә» мына сұрақтар жауабында 20, 25, 35, 38, 47, 66, 71, 101; «жоқ» 54, 59 жауаптарында.        |
| Адамдармен қарым-қатынастағы жылдамдық | «Иә» 2, 9, 18, 26, 45, 68, 85, 99, «жоқ» 31, 81, 87, 93 сұрақтар жауаптарында.                  |
| Адамдармен қарым-қатынастағы темп      | «Иә» 24, 37, 39, 51, 72, 92, «жоқ» 5, 10, 16, 56, 96, 102 сұрақтар жауаптарында.                |
| Жұмыстағы темп                         | «Иә» 1, 13, 19, 33, 46, 49, 55, 57, «жоқ» 29, 43, 70, 94 сұрақтар жауаптарында.                 |
| Адамдардың қарым-қатынастағы эмоция    | «Иә» 6, 7, 21, 36, 41, 48, 53, 63, 75, 80, 84, 100 сұрақтар жауаптарында.                       |
| Бақылау сұрақтары                      | «Иә» 32, 52, 89, «жоқ» 12, 23, 44, 65, 73, 82 сұрақтар жауаптарында.                            |

Бастапқыда бақылау сұрақтарына жауап берген сіздің жауаптарыңыз қаншалықты шындық екені анықталады. Егер сіз берген жауабыңыз 3 жағдайдан гөрі бақылау сұрақтарының шешімімен дәл келсе, онда басқа сұрақтарға жауап бере отырып, сіз өзіңізге қолайлы жағдай қарастырғансыз. Егер сіздің бекіту сұрақтарыңыз берілген жауаптың 3 сәйкес келетін болса, сіздің мінез-құлқыңызды анықтауға болады. Егер сіздің темпераментіңіз күшті дамыған болса, сіз 9 балдан жоғары жинайсыз, ал егер 4 төмен болса, онда сіз жай дамыған деп есептеледі. 5-8 аралығында жиналған балл сізді орташа дамығаныңызды көрсетеді.

Ең жақсы дамыған темперамент түріне жасалатын қорытынды көрсеткіштерді салыстыруға байланысты жасалады, типтік ұқсастықтары бар темперамент түрлерінен алынған.

Сангвиник – мінез-құлықтары орташа.

Холерик – энергиялы, эмоционалды жоғары дамыған, ширақ, жоғары қалыпты адамдар.

Флегматик – мінез-құлықтары төмен адамдар.

Меланхолик – барлық жағынан төмен дамыған.

Бұл төрт темпераментке адамның мінез-құлықтардың сәйкес келгені, сол темперамент иесі болып табылған.

Егер де сәйкес келмеген жағдайда оларда аралас темперамент болып келеді.

Адамның темпераменті жұмыс істегенде және адамдармен қарым-қатынас жасағанда өзгеше болады.

### №3 тапсырма.

Ерекше зейін қоюды талап ететін қызу қарқынды еңбектен кейін ешқандай шаршағандық белгісі байқалмайды. Үлкен жауапкершілік жүктелген қиын кездерде қызбалыққа салынбай, сергек, өзіне-өзі сенімді жүреді. Ақыл-ойы жұмыста белсенді, әрқилы күрделі мәселелерді шешуге бейім. Жұмыста өзбетінше әрекет етеді, дербес өз ой-пікірі бар.

### №4 тапсырма.

Көңіл қойған ісіне қабілетті, зейінін белгілі іске тұрақтандыра алады. Бір істен екінші іске зейінін тез аударады. Күрделі материалды талдап істеуге, не танып-білуге қабілетті. Сөзін тұжырымдап, пайымдап айтады. Ұстамды.

**№5 тапсырма.**

Ақыл-оймен атқаратын жұмыста төзімсіз. Тез шаршайды, ұйқышыл. Қатты шаршағанда, қозу процесі жылдам. Қиындықтарды жеңіп шығуға дәрменсіз. Тұрақсыз. Ауызша сөздерінен тез қорытынды шығара алмайды. Қиялдауы әлсіз. Іс-әрекеті баяу. Адамдармен тез араласып кете алмайды.

**№6 тапсырма.**

Қозу-тежелуі тепе-тең және байсалды. Ұстамды. Жинақы да шыдамды, сөйлеген сөзі мазмұнды, өзін бірқалыпты, байсалды ұстайды.

**№7 тапсырма.**

Жағдай тез өзгерген кезде де жаңалықты меңгеруге қызу кірісіп, оған бейімділігін көрсетеді, жаңаны тез қабылдағыш. Айналасындағы адамдармен, ортаға тез үйренеді. Зейінін тез ауыстыра алады. Сезімге берілгіш. Қызықты сабақта белсенділік, қабілеттілік танытады. Достарымен тез тіл табысады.

**№8 тапсырма.**

Олжас 5-класта оқиды. Көңілді, ашық-жарқын, қайырымды, кекшіл емес. Бірде оқушылар жиналысында ол досының тәртібін сынады. Соңынан екеуі ренжісіп қалды. Ақырында екеуі үйлеріне бірге қайтты. Олжастың кемшілік жақтары да бар. Бірде мерекеге байланысты оған тақпақ жаттау міндеттелді. Алғашында ол бар ықыласымен кірісті. 2-3 күннен соң, жалығып, жаттауға уәдесінен бас тартты.

**№9 тапсырма.**

Мағжан 3-класта оқиды, әр нәрсеге әуесқой, шамасы келмейтін іске ұмтылады. Өте қозғалғыш. Елгезек. Тіл алғыш. Қолы тыным таппайды. Жан-жағына жалтақтап отырады. Сөзінде солғыстық бар. Ойынан жаңылып,

сөзінен кідіріп қалады. Ашушаң, кейде күліп тұрып, ашулана салады. Әскери ойындарды ұнатады. Әр істе бастамшыл, мұғалімге сұрақты көп қояды. Жақсы баға алғанды ұнатады, кейде қатты ашуланғанда өзін-өзі ұстай алмайды.

**№10 тапсырма.**

Шынар 3-класта оқиды. Өте сезімтал, әсерленгіш, сәл нәрсеге қиналып, көзіне жас алып, жылай салады. Бірде ол сөмкесінен кітабы тез табыла қоймағанына да жылады. Тез өкпелегіш, өкпесін көпке сақтайды. Оңаша өзімен-өзі болғанды, ойлағанды қалайды. Тәртіп ережелерінің бәріне бағынады әрі көпшіл. Балалар арасында енжар. Егер тапсырманы орындау қиындыққа түссе, оны аяқтамай тастай салады. Бірақ айтқанында тұрғысы келсе, тапсырманы орындауға көбіне өзге оқушылардан кем түспейді.

**№11 тапсырма.**

Әлішер 2-класта оқиды. Қозғалғыш, сабақта бір сәт тыныш отыра алмайды. Жаңалыққа құштар, бірақ тез суынады. Үнемі көңілді, сергек жүреді. Қандай көңіл күйде болмасын, әркез жағдайын сұрағанда «өте жақсы» деп жауап береді. Алған бағаларын жасырмайды. Екілік алса «байқаусызда алдым» дейді. Сирек ренжиді, жылайтын көздері де болады. Бірақ ұзаққа созылмайды, бет құбылысы мәнерлі. Жеңілтектігіне қарамастан, тәртіпке тез көнеді.

**№12 тапсырма.**

Жанар 3-класс оқушысы. Қимыл-қозғалысы баяу, бірқалыпты, байсалды. Әрбір тапсырманы ойланып, баяу орындайды. Бірақ іске тыңғылықты. Бұл ерекшелігі бақылау жұмысы кезінде айқын байқалады. Жазба жұмысын басқалардың ең соңында тапсырады.

### **№13 тапсырма.**

Асхат 3-класта оқиды, барлық уақытта жалғыз, өзімен-өзі тыныш, тұнжырап жүреді. Реніші мен өкпесін ұзақ уақыт сақтайды. Достарымен ренжісіп қалса, күні бойы сөйлеспейді. Өз күшіне өзі сенбейді. Сабақта нашар жауап береді. Сабақта басқа балалармен салыстырғанда тез шаршайды. Егер мадақтасаңыз немесе көмек көрсетсеңіз, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайды.

### **Темперамент және мінезді тану, адамдардың қажетін анықтау**

Темперамент және мінез туралы не білуіміз керек.

Темперамент және мінез адамның өміріндегі жағдайларға табиғи типтік әсері және сол әсердің айналадағы ортаға ықпалы. Осы қасиет адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына әсер етеді, әсіресе адамдар бірін-бірі танымай алғаш көріп тұрған кезде.

Темперамент типтері әр адамның динамикалық меншікті дара өзгешелікті және жұмыс жасауда басқа адамдармен қарым-қатынасы, эмоционалдық сезімдегі және қимыл-қозғалысындағы өзгешеліктерді анықтайды. Темпераменттің әр типіне үйреніп, олардың әрбіреуінің өзгешеліктерін ажыратып, адамдармен қарым-қатынасындағы қозу шапшаңдығын білуге болады. Адамдардың мінез-құлқындағы айырмашылығы темперамент арқылы айқын көрініп тұрады. Оның ықпалымен адамдар қарым-қатынас жасауда басқалармен іскер қарым-қатынас жасауға болады.

**Темперамент** – бұл адамның динамикалық ерекшеліктерімен қимыл-қозғалысын анықтаса, ал **мінез** – адамның саналы түрде жасаған әрекеттері, өмірдегі қажеті және ойлаған іс-әре-

кетін анықтайды. Мінез бен темперамент адам жасы үлкейген сайын тұрақтайды.

Адамдардың мінездерінің бір-біріне сәйкес келмеуі арақатынасын күрделендіріп, қиын проблемалық жағдай туғызады. Сондықтан адамдармен қарым-қатынастың дұрыс болуы үшін өзіңнің мінезіңмен қатар айналадағы адамдардың мінезін тани білу маңызды. Айналадағылардың қимыл-әрекеті біздің мінезімізбен тікелей байланысты және олардың әрекеті біздің мінезімізге әсер етеді. Мұны білмей олардың әрекетін дұрыс бағалай алмаймыз және себепсіз наразылық білдіріп, әділетсіздік көрсетуіміз мүмкін. Осыдан әр адам басқа адамдардың мінезінен гөрі өз мінезін жете білуі керек.

*Темперамент пен мінездің қандай өзара байланысы бар?*

Олардың арасында өзара байланыс бар, бірақ ол бір жақты және жай байланыс емес. Мінез бен темперамент бір-бірімен тікелей байланысты деу қате, бірақ олардың арасында мүлде байланыс жоқ та емес. Мінездің қалыптасуы және соның ішінде адамның ерік-жігерін қалыптастыру оңай тиеді. Бірақ кейде қарама-қарсы жағдайлар да болады. Яғни, жүйке жүйесі әлсіз адамда ерік-жігері жақсы қалыптасса, жүйке жүйесі күшті дамыған адамдарда ерік-жігер әлсіз болады. Адамның мінезін темпераментпен байланыстыра отырып, мектеп қабырғасына дейін қалыптастырады.

Адам неғұрлым үлкейіп, өмір тәжірибесі молайған сайын оның мінезі мен темпераменті арасындағы байланысы соғұрлым төмендей түседі. 14-15 жас аралығында темпераменттің барлық негіздері қалыптасып тұрақталғанда, темпераментке қарамастан мінез өзгере береді.

*Темперамент пен мінездің даму кезеңін анықтауға бола ма?*

Адамның өмір тәжірибесіне сүйене отырып, бұл сұраққа жауап беретін болсақ, онда жауабымыз қате болады, себебі адамдар көп жағдайда нені анықтау керек екенін білмейді. Темперамент пен мінез негіздері адамдар арқылы білінбейді, ол өздерінің ерекшеліктері туралы мәліметті басқа жолмен алады, яғни өзінің іс-әрекетіне айналадағы ортаның әсерімен салыстыру арқылы. Адам өзінің өмір тәжірибесін толық жинақтай алмай, сол сияқты өз мінезін де толық біле алмайды. Ғылымға сүйене отырып, берілген сұраққа жауап беретін болсақ, онда жауабымыз дұрыс болады. Психологиялық тест қолдана отырып, өз мінезін мен темпераментін танып-білуге болады. Көптеген темперамент пен мінез түрлері өте көп, ал егер оның бәрін анықтай аламын деп мақсат қойсақ, оған ұзақ уақыт кетеді. Бақытымызға орай оның бізге қажеті жоқ. Темперамент және мінездің ең басты негіздеріне тоқталуымызға болады.

*Қандай темперамент және мінез түрлерін білуіміз керек және неге?*

Ең алдымен, темпераменттің жалпы түрін анықтай білуіміз керек. Яғни, адам қандай темперамент типіне жатады, сангвиник пе әлде холерик, флегматик немесе меланхолик пе? Адамның мінезі туралы біздің өз пікіріміз болуы керек, соның ішінде, адамдардың қарым-қатынасы. Дәл мінез бітісі, адамдардың біртіндеп қалыптасқан қарым-қатынасына байланысты. Адамдардың қарым-қатынасына әсер ететін ерекше мінез бітістері бар. Бұлар – қауіптену, ұстамсыздық, адамдармен қарым-қатынас жасаудағы қажеттіліктер және адамның эмоциялық қалпы. Осы мінез бітістерін тани отырып, айналада болатын іс-әрекеттерді алдын ала қарастыруға болады. Сонымен қатар, мінез бітістерін бағалай отырып, адамның жалпы жеке құрылымы мен оның

типтік өмірдегі жағдайларын тани білу маңызды болып саналады.

*Темперамент түрлері мен мінез бітістерін оқытудың әдістері.*

Темперамент түрлері мен мінез бітістерін оқудың көптеген әдістерін 4 топқа бөлуге болады.

1-топ – адамдардың жүйке жүйесі мен темперамент арасындағы байланысты білу әдісі. Олардың көмегімен адамзат жүйке жүйесінің және темпераменттің тума ерекшеліктерін анықтайды.

2-топ – сұраушылардан тұрады. Адамдардың темперамент түрлері мен оның практикалық іс-әрекеті және өмірдегі жағдайлар.

3-топ – әдісіне – әртүрлі адамдардың мінез бітістері нақты зерттеуге көмектесетін сұрақтар, олардың құндылығы мен даму кезеңінің мінездеме-сіне жатады.

4-топ – әдісіне – адамдардың жеке құрылымы туралы теориялық тестілер жатады. Олар адамның жеке даму сапасын сол сұрақтарға сәйкес анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бөлімде жеке адамның маңызды мінез бітістері, оларды бағалау әдістері берілген.

*Адамның психикалық қалпына диагноз қою әдісі.*

Адамның психикалық және дене құрылысына түскен күшті және көңіл күйі мен белсенділігі, типтік сезімін бағалауға қойылатын – диагностикалық әдіс. Сізге 30 пар қарама-қарсы мағынадағы адамның әртүрлі мінез-құлқын суреттейтін мәлімет берілген. Бағанадағы берілген екі мәліметтің қайсысы сіздің психикалық жағдайыңызға сәйкес келеді, соны белгілейсіз. Сол жақ бағанадағы қалып кері эмоционалдық қалыпқа сәйкес келеді, ал оң жақтағы қалыпты эмоционалдық қалыпқа сәйкес келеді.

Екеуіне сәйкес келмейтін қалып 0 болып жиналады. Бағанадағы алынған

мәлімет, мәлімет белгіленген санымен сәйкес келеді.

### **Қорытындылау**

30 пар мәлімет 3 топқа он-оннан бөлінеді. Осы бағандарға қатысты адамның 3 психикалық белсенділігі, көңіл күйі анықталады.

Бағандар арасындағы мәліметтердің реттік санын білу осылар болып табылады:

1, 2, 7, 8, 13, 14, 19, 20, 25, 26 – хал-жағдай.

3, 4, 9, 10, 15, 16, 21, 22, 27, 28 – белсенді.

5, 6, 11, 12, 17, 18, 23, 24, 29, 30 – көңіл күйі.

Барлық психикалық жағдайдың қалыпты ұпайы әрбір бағанда – 30 ұпайдан. Ал кері жағдайдағы да – 30 ұпай. Бәрін қорытындылай келгенде, қалыпты жағдайда 90 ұпайға сай келеді, ал кері жағдайда да – 90 ұпайға.

Осы алынған түйінге байланысты мынадай қорытынды шығаруға болады. Барлық ұпай 70-тен 90-ға дейін болса, онда сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз әрқашанда өте жақсы. Ал барлық ұпайыңыз 40-тан 69-ға дейін болса, онда сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз көп жағдайда жақсы.

Егер ұпайыңыз 10-нан 39-ға дейін болса, онда сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз кейде жақсы болады.

Егер ұпайыңыз 0 мен 9 аралығында болса, сіздің типтік хал-жағдайы-

ңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз анықталмайды.

Егер жинаған ұпайыңыз кері бағытта және 39-дан 10 аралығына сәйкес келсе, мынандай қорытындылар келтіруге болады. Яғни, сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз көбіне шамалы болады.

Егер жинаған ұпайыңыз кері бағытта және 69-40 аралығына сәйкес келсе, онда көпшілік жағдайда сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз төмен болады.

Ең соңғы жиналған ұпайыңыз 90-70 аралығында болса, онда сіздің хал-жағдайыңыз, белсенділігіңіз және көңіл күйіңіз әр уақытта өте нашар болады.

Ұпайларда бұл соңғы екі жағдайлардың айналадағы ортамен эмоционалдық қарым-қатынастарының нашар екенін көрсетеді.

### **Адамның темперамент түрлерін жұмысында және адаммен қарым-қатынасында анықтау**

Бұл әдістің көмегі арқылы адамның қуатын, эмоциясын, жылдамдығын анықтауға болады. Бұл темперамент түрлері адамның іскерлік әрекетінде және айналадағы ортамен қарым-қатынасында әртүрлі өзгешелікте көрінеді. Сонымен, төмендегі сұрақтарға «иә», «жоқ» деп жауап беруге тиіссіз. Сұрақтарға жауап бермеуге болмайды.

1. Сен қозғалғыш адамсың ба?
2. Сен өзің қызықты әңгімеге қосылып кете аласың ба?
3. Үлкен компанияда оңаша болғанды ұнатасың ба?
4. Сен әр уақытта да жұмыс істеп бір нәрсемен айналысқанды ұнатасың ба?
5. Сен асықпай сөйлейсің бе?
6. Сен тез ренжисің бе?
7. Достарыңмен ренжісіп қалғанда, ұйқың қаша ма?
8. Бос уақытыңда бір нәрсемен айналысқанды ұнатасың ба?

9. Әңгімелескенде ойланбай айтып қалатын сөздерің бола ма?
10. Қасыңдағы әңгімелесіп отырған адамның тез сөйлейтіні ұнай ма?
11. Ұзақ уақыт адамдармен сөйлеспегенде өзіңізді бақытсыз сезінесіз бе?
12. Кездесуге немесе мектепке кешігіп көрдің бе?
13. Мұғалім мен ата-анаңның жасайтын жұмысы саған оңайлыққа түсе ме?
14. Ықыласпен бар ынтаңмен жасайтын жұмыс саған оңайлыққа түсе ме?
15. Тез сөйлеу саған қиынға түсе ме?
16. Егер де үй тапсырмасын немесе қандай да бір жұмысты істемесең мазасыз-данасың ба?
17. Әңгімелесіп отырғанда бір ойдан екіншіге тез бірінен-біріне ауысасың ба?
18. Шапшаңдық пен дәлдікті талап ететін ойлар ұнай ма?
19. Қандай да бір тапсырманың варианттарын табу саған оңай ма?
20. Әңгімелесіп отырған кісің сенің айтқаныңды дұрыс түсінбесе сені маза-сыздық билей ме?
21. Күрделі және жауапкершілікті талап ететін жұмыстарды бар ынтаңмен жасайсың ба?
22. Өзің мәнісін жете дұрыс білмейтін нәрселер туралы әңгіме айтасың ба?
23. Әңгімелесіп отырған қарсыласыңның тез сөйлегеніне түсіне аласың ба?
24. Бір уақытта бірнеше жұмыс жасау саған оңайға түсе ме?
25. Бір нәрсені ойланбай қалғаның үшін достарыңмен келіспеушілік бола ма?
26. Өзіңе үйреншікті ешқандай күшті қажет етпейтін жұмыстың жай ғана түрі ұнай ма?
27. Жасаған ісіңнің кемшілігін көрсең көңілденесің бе?
28. Отырып жасайтын жұмыс ұнай ма?
29. Танымайтын адамдармен сөйлесіп кету қиындыққа түспей ме?
30. Айтайын деген ойыңды әуелі таразыға салып алуды жөн деп санайсың ба?
31. Сенің әдеттеріңнің бәрі жақсы ма?
32. Жұмыс жасағанда қолдарың тез қимылдай ма?
33. Танымайтын адамдар арасында көп байланысқа түспей үнсіздік сақтау дұрыс па?
34. Тапсырманы орындауда шешімін табу жолының бірінен екіншісіне ауысасыз ба?
35. Жақын адамдарыңның саған қарым-қатынастары шамалы ма?
36. Сөзшең адамсың ба?
37. Тез әсерленуді талап ететін жұмыс қиындыққа түспей ме?
38. Сөйлегенде мүдірмейсіз бе?
39. Сенің оқуың мен жұмысыңа қатысты нәрсенің бәрі сені мазасыздандыра ма?
40. Сенің кемшіліктеріңді көрсеткен адамға ренжисің бе?
41. Жауапкершілікті талап ететін жұмыспен айналысуға тілегің мол ма?
42. Барлық жұмысты асықпай баппен істегенді ұнатасың ба?
43. Басқа адамдардан жасырып ойлайтын ойларың бола ма?
44. Көп ойланбай-ақ біреудің қытығына тиетін күрделі сұрақ қоя аласың ба?
45. Тез қимыл саған ұнай ма?
46. Өзің айналысып жүрген жұмысыңа байланысты жаңа идеялар ойлау оңайлыққа түсе ме?
47. Жауапкершілікті және маңыздылықты талап ететін әңгіме сенде мазасыздық туғыза ма?

48. Сен туралы «Ол барлық берілген тапсырманы шапшаңдықпен орындайды» деп айтуға бола ма?
49. Жұмысты жеке өзің істегенді ұнатасың ба?
50. Сенің бет-әлпетіңе қарап көңіл күйіңді ажыратуға бола ма?
51. Берген уәдеңді орындай аласың ба?
52. Айналаңдағылардың сенімен қарым-қатынасы реніш туғыза ма?
53. Белгілі уақытта тек бір нәрсемен айналысуды ұнатасың ба?
54. Жылдам ойындарды ұнатасың ба?
55. Сөйлегенде үзіліс жасап сөйлейсіз бе?
56. Отырған ортаңды жандандырып отыруды ұнатасың ба?
57. Сенде қандай да бір қиын жұмыспен айналысуға тілегің және күшің көп сияқты сезім бола ма?
58. Бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысу қиынға түсе ме?
59. Жасаған ісің бір жерден үзіліп қалатын болса, сол үшін сенің көңіл күйің бұзылуы ұзаққа созыла ма?
60. Ісің өз ойыңдағыдай жүріп жатпаса, сол үшін сенің ұйқың бөліне ме?
61. Үлкен компанияда отырған ұнай ма?
62. Достарыңмен арақатынасыңды шешуді ұнатасыз ба?
63. Барлық күшінді жұмсауды талап ететін жұмыс ұнай ма?
64. Сенде ашулану, өзіңді-өзің ұстай алмай қалу болып тұра ма?
65. Бір уақытта бірнеше жұмыспен айналысқанды ұнатасыз ба?
66. Үлкен ортада өзіңді еркін сезінесің бе?
67. Сенде ойланбай бір нәрсені айтып қалу көп бола ма?
68. Сенде өзіңді сенімсіз сезіну сезімі бола ма?
69. Сен осы үшін мазаланбайсың ба?
70. Сен асықпай жұмыс жасай аласың ба?
71. Бір жұмыстан екінші жұмысқа тез ауыса аласың ба?
72. Дауыстап тез оқи аласың ба?
73. Өсек сөздер айтасың ба?
74. Өз достарыңның ортасында көп сөйлемейсің бе?
75. Сені жұбатып, сенім беріп отыратын кісілер саған қажет пе?
76. Әртүрлі істі бір мезгілде жасай аласың ба?
77. Тез бітіруді талап ететін жұмысты бар ынтаңмен орындайсың ба?
78. Бос уақытыңда адамдармен араласқанды ұнатасың ба?
79. Жұмысыңда кедергілер болса, сол үшін ұйқың бұзыла ма?
80. Ренжіскенде қолың дірілдей ме?
81. Өзіңнің пікіріңді айту үшін ұзақ дайындаласың ба?
82. Өз таныстарыңның арасында саған мүлдем ұнамайтындар бар ма?
83. Оңай жұмыспен айналысуды жөн деп санайсыз ба?
84. Сені ренжіту оңай ма?
85. Отырған ортаңда әңгімені бірінші болып сен бастайсың ба?
86. Адамдар арасында болу саған ұнай ма?
87. Айтайын деген ойыңды айту үшін ойлану сенде қалыптасқан ба?
88. Оқуың және жұмысың туралы уайымдайсың ба?
89. Транспортта тексеруден қорыққаннан багажды өткізу үшін ақша төлер ме едің?
90. Кештерде өзіңді ұстамды ұстайсың ба?

91. Жұмысыңда болған сәтсіздіктерді үлкейтіп айтуды ұнатасың ба?
92. Тез сөйлегенді ұнатасың ба?
93. Саған өзіңнің айтайын деген ойыңды айтпай қалу оңайға түсе ме?
94. Асықпай жұмыс жасағанды жөн санайсың ба?
95. Жұмыстағы келіспеушіліктерді уайымдайсың ба?
96. Адамдармен асықпай салмақты сөйлескенді ұнатасың ба?
97. Жұмыстағы жасаған қателіктерің үшін мазасызданасың ба?
98. Күрделі және ұзақ жасайтын жұмысқа икемің бар ма?
99. Ойланбастан танымайтын кісіден көмек сұрай аласың ба?
100. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда сенімсіз сезінесің бе?
101. Өзің білмейтін жаңа жұмысқа оңайлықпен кірісіп кете аласың ба?
102. Көп сөйлегенді жаратпайсың ба?
103. Асықпай қысылмай жұмыс жасау ұнай ма?
104. Саған жан-жақты және дәлелдікпен ықыласты талап ете отырып, бір істен екінші іске ауысу ұнай ма?
105. Ұзақ уақыт жалғыз отырғанды ұнатасың ба?

Төменде әрбір темперамент түрлеріне дәл келетін сұрақ нөмірі мен жауаптардың варианттары көрсетілген. Сіздің жауабыңыз шешімімен дәл келсе, онда сіз бұл темперамент түріне байланысты балл жинайсыз. Әр темперамент кезеңі жинаған ұпаймен бағаланады.

Бастапқыда бақылау сұрақтарына жауап берген сіздің жауаптарыңыз қаншалықты шындық екені анықталады. Егер сіздің берген жауабыңыз 3 жағдайдан гөрі бақылау сұрақтарының шешімімен дәл келсе, онда басқа сұрақтарға жауап бере отырып сіз өзіңізге қолайлы жағдай қарастырасыз. Егер сіздің бекіту сұрақтарыңыз берілген жауаптың 3 сәйкес келетін болса, сіздің мінез-құлқыңызды анықтауға болады. Егер сіздің темпераментіңіз күшті дамыған болса, сіз 9 балдан жоғары жинайсыз, ал егер 4-тен төмен болса, онда сізді жай дамыған деп есептеуге болады. 5-8 аралығында жиналған балл сіздің орташа дамығаныңызды көрсетеді.

Ең жақсы дамыған темперамент түріне жасалатын қорытынды көрсеткіштерді салыстыруға байланысты жа-

салады, типтік ұқсастықтары бар темперамент түрлерінен алынған. •

**Сангвиник** – мінез-құлықтары орташа.

**Холерик** – энергиялы, эмоционалды жоғары дамыған, ширақ, жоғары қалыпты адамдар.

**Флегматик** – мінез-құлықтары төмен адамдар.

**Меланхолик** – барлық жағынан төмен дамыған.

Бұл төрт темпераментке мінез-құлықтары сәйкес келген адам, сол темперамент иесі болып табылған. Сәйкес келмеген жағдайда оларда аралас темперамент болады.

Адамның темпераменті жұмыс істегенде және адамдармен қарым-қатынас жасағанда өзгеше болады.

### **Қобалжудың бағасы**

Адамдарда көп нәрселерге байланысты мазасыздану болады, осы қасиет олардың өмірге деген қарым-қатынасының жай көзқараста емес екенінің себебі сізде бұл мазасыздану қасиеті кей жағдайда себепсіз болады: өмірдің кейбір жағдайларын дұрыс қабылдамай сіз қобалжып, өзіңізді ма-

засыз күйде сезінесіз. Бұл жағдайда психологтар мазасыздану қасиетін жеке адамның сипаты деп айтқан. Егер бұлай болатын болса, онда бұл қасиет құбылмалы екі жағдайда болады: әрқашан барлық жерде немесе белгілі бір жерде немесе типтік жағдайларда. Бірінші жағдайда бұл жеке қобалжуға байланысты, ал екінші – ситуациялық қобалжу. Соңғысы көпшілігінде бөтен адамдармен қарым-қатынаста, ресми кездесуде, жоғарғы шенді адамдармен қарым-қатынаста, жұмысқа байланысты телефон арқылы сөйлескенде, емтихан уақытында. Мұндай қасиетті білу керек және одан құтылудың амалын іздеу керек. Берілген әдіс адамның жеке адам ретінде қалай дамығанын байқауға мүмкіндік береді және ситуациялық қобалжуларда. Бұл әдісте екі бақылау бағаны бар. Біріншісі – жеке адам ретінде, екіншісі – ситуациялық қобалжу. Әр баған 20 мәліметтен тұрады. Төмендегі 1-2 кестелерде осы екі баған орналасқан. Әрбір мәліметтен берілген 4 жауаптың ішінен біреуін белгілейсіз. Әрі қарай осыған арналған шешімнің көмегімен

сіздің берген жауабыңызға байланысты сіздегі қобалжудың 2 түрін қандай кезеңде екенін анықтайды. 5.1-кестеде осы әдістің жауаптарының шешімі көрсетілген. Мұнда балдың мөлшері және мәліметтің рет саны көрсетілген. Әрбір бағанда балдың мөлшері бөлек көрсетіледі.

### Қорытындылау

Егер ұпайдың жинағы 45 және одан да жоғары болса жағдаяттық және жеке қобалжу деңгейі жоғары, ал ұпайдың жинағы 31-44 дейін болса, жағдаяттық және жеке қобалжу деңгейі орташа, ал 20-30 дейін болса, төмен болады. Ұпайдың жоғары болуы ол адамның мазасыз екенін білдіреді және құтылу амалын іздеуін айтады. Ал ұпайдың жинағы орташа болса, сіз жұмысыңыз жартылай орындалған болады. Егер сіздің қобалжу төмен болса, жұмысыңызды жақсы деңгейде атқардыңыз, бірақ осыған сүйене отырып, өмірдегі жағдайларға байланысты эмоциялық ынтаңызды немесе қызу сезімдеріңізді ұстамаңыз.

### 5.1-кесте

| Пікір пайымдау                  | Жауаптың нұсқалары |             |           |                 |
|---------------------------------|--------------------|-------------|-----------|-----------------|
|                                 | Толық келіспеймін  | Келіспеймін | Келісемін | Толық келісемін |
| 1. Мен қазір жайлымын           | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 2. Ештеңе қорқытпайды           | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 3. Қызу үстінде отырмын         | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 4. Іштей тынамын                | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 5. Өзімді еркін сезінемін       | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 6. Ренжүлімін                   | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 7. Көңілсіз жағдайлар ойлантады | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 8. Жанымның тыныштығын сеземін  | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 9. Қобалжулымын                 | 1                  | 2           | 3         | 4               |

|                                            |   |   |   |   |
|--------------------------------------------|---|---|---|---|
| 10. Ішкі көңіл күйімді сеземін             | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 11. Өзіме сенімдімін                       | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 12. Күйгелекпін                            | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 13. Өзіме-өзім келе алмай жүрмін           | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 14. Абыржулымын                            | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 15. Не қызуды, не іштей тынуды сезінбеймін | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 16. Өзіме-өзім ризамын                     | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 17. Бар көңілім сол істе                   | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 18. Өте қозғалғышпын                       | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 19. Маған көңілді                          | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 20. Маған жайлы                            | 1 | 2 | 3 | 4 |

### 5.2-кесте

| Пікір пайымдау                                          | Жауаптың нұсқалары |             |           |                 |
|---------------------------------------------------------|--------------------|-------------|-----------|-----------------|
|                                                         | Толық келіспеймін  | Келіспеймін | Келісемін | Толық келісемін |
| 1. Менің көңіл күйім көбіне көтеріңкі                   | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 2. Кейде ашуланшақпын                                   | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 3 Оңай ренжимін                                         | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 4. Басқалар сияқты ырысты болғым келеді                 | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 5. Жағымсыз жайттарды қатты уайымдаймын                 | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 6. Жұмыс істеуге деген күш-қуатымның мол екені сезіледі | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 7. Салмақты, жинақтымын                                 | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 8. Алда тұрған қиындықтар қобалжытады                   | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 9. Бос нәрселер үшін көп уайымдаймын                    | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 10. Толық бақытты боламын                               | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 11. Бәрім көңіліме ауыр алып қаламын                    | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 12. Өзіме-өзім сенімді емспін                           | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 13. Өзімді қорғансыз сезінемін                          | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 14. Қиындықтарды болдырмауға тырысамын                  | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 15. Кейде ашуланамын                                    | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 16. Өмірге ризамын                                      | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 17. Нәрселер менің көңілімді бөледі                     | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 18. Кейде өзімді бақытсыз сезінемін                     | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 19. Салмақты адаммын                                    | 1                  | 2           | 3         | 4               |
| 20. Өзімнің жұмыстарым туралы ойланғанда қобалжымын     | 1                  | 2           | 3         | 4               |

## 5.3-кесте

| Жағдаяттық бағаны             |                                         |   |   |   | Дербестік жағдай бағаны       |                                         |   |   |   |
|-------------------------------|-----------------------------------------|---|---|---|-------------------------------|-----------------------------------------|---|---|---|
| Пікір пайымдаудың реттік саны | Алған жауаптар және оның жиналған ұпайы |   |   |   | Пікір пайымдаудың реттік саны | Алған жауаптар және оның жиналған ұпайы |   |   |   |
|                               | 1                                       | 2 | 3 | 4 |                               | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 1                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 1                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 2                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 2                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 3                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 3                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 4                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 4                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 5                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 5                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 6                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 6                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 7                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 7                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 8                             | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 8                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 9                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 9                             | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 10                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 10                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 11                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 11                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 12                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 12                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 13                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 13                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 14                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 14                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 15                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 15                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 16                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 16                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 17                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 17                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 18                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 | 18                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |
| 19                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 19                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 |
| 20                            | 4                                       | 3 | 2 | 1 | 20                            | 1                                       | 2 | 3 | 4 |

## Әдебиеттер:

1. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Мектеп, 1982.
2. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.

## 6-тарау. Мінез

### Жоспар:

- 6.1. Мінез туралы жалпы түсінік.
- 6.2. Мінез бітістері.
- 6.3. Типтік мінез бітістері.
- 6.4. Адамның өз мінез-құлқын жөндеуі.
- 6.5. Мінездің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары.

### 6.1. Мінез туралы жалпы түсінік

Әр адам сыртқы дүниенің тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады.

Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды. Сөйтіп, әр адамда әртүрлі мінез бітістерінің болуы оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі болып табылады. Адамның үйреншікті әдеті болып қалыптасқан мінез бітістерінің кейде ол сыртқы ортамен жасайтын негізгі қатынастарына сәйкес келмейтін кездері де болады. Мәселен, біреудің қатал, не тамыр болуының негізінде адамды мәнсінеу, тәкаппарсыну сияқты мінез қатынастарының тұрақты жүйесі жатпай, темпераменттің жүйке жүйесінің тума қасиеттеріне байланысты қалыптасып кеткен әдеттерінің жатуы ықтимал.

**Мінез** – адамның негізгі өмірін, бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол – көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар адамды әр қырынан көрсететін қасиет.

**Мінез** дегеніміз – әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерінің жиынтығы.

**Мінез** – кең мағыналы ұғым. Мінездің моральдық жағынан тәрбиелілігі, бірқалыптылығы, күші мен айқындығы, салмақтылығы – оның негізгі сапалары болып есептеледі.

Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. Бірқалыпты, тұрақты мінезі бар адам басқалардың жетегінде кетпейді. Жақсы мінезге тән сапалардың біріне оның байсалдылығы жатады.

Мінез адамның басқа психикалық қасиеттері: қабілет, темпераментпен тығыз байланысты. Адамда қабілеттіліктің дамуы кейбір мінез бітістерінің болуын қажет етеді. Мінезді қалыптастыруға ерік-жігердің қосар үлесі зор.

Адам мінезінің қалыптасуы қоғамдық болмыспен, әлеуметтік ортамен (мектеп, балалар мекемелері, оқу, қоғамдық ұйымдар, т.б.) тығыз байланысты. Осы айтылғандар мінездің дамуы үшін шешуші роль атқарады. Мінез өзгермейтін тума қасиет емес, ол өмірде қалыптасады. Мәселен, ешбір бала туысынан еңбексүйгіш не жалқау, тәртіпті не ұстамсыз болып тумады. Оның мінезі ұзақ жылғы өмір сүру барысында өмірдің сан-алуан ағымына қарай тәрбие үрдісінің ықпалымен қалыптасып отырады. Адамның нақтылы іс-әреке-

ті де мінез бітістерінің қалыптасуында шешуші роль атқарып отырады.

Мінез – өмірлік әсерлердің күрделі жиынтығының бейнесі бола отырып,

жеке адамның сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынасы ретінде қалыптасады. Сондықтан мінез туа пайда болады деу дұрыс емес.

6.2. Мінез бітістері

Адамның өмір жолы мен әрекетінің сипаты түрліше болатындықтан, оның мінез бітістерінде басқа біреуде қайталанбайтын жеке ерекшелік көптеп кездесіп отырады. Типтік мінездер – белгілі тарихи қоғамдық жағдайлардың нәтижесі.

Адамның сансыз мінез бітістерінің кейбірін белгілі топтарға жинақтауға болады, яғни адамның ұстаған бағытынан, бүкіл психикалық тұрпатынан байқалатын мінез бітістері әртүрлі жағдайда көрініп отырады. Мұның біріншісіне адамның басқалармен қатынасын білдіретін мінез бітістері кіреді. Бұларға: ұжымдық, имандылық, қайырымдылық, үйірсектік, адамдық және осыларға қарама-қарсы жекешілдік,

қатыгездік, тұйықтық, зымияндық, т.б. бітістер жатады.

Адамның өз-өзіне қатынасын білдіретін мінез сипаттарына: кішіпейілдік, қарапайымдылық, өзін-өзі сыйлай алу, талап қоя білушілік, бұларға қарама-қарсы өр көкіректік, мақтаншақтық, жасқаншақтық, т.б. жатады.

Мінездің еріктік сапаларының өзі күшті және әлсіз, яғни нашар мінез болып екіге бөлінеді. Күшті мінезге – мақсатқа талпынғыштық, дербестілік, тоқтамға келгіштік, шыдамдылық, ерлік, т.б. жатса, әлсіз мінезге – ұялшақтық, қыңырлық, ұстамсыздық, жүрексіздік, т.б. кіреді. Мінез сондай-ақ, ауыр, жеңілтек, мінезсіз, сотқар, тентек, ит мінез, т.б. түрлерге бөлінеді (6.1-сызба).

6.1-сызба



6.3. Типтік мінез бітістері

Белгілі қоғам мүшелеріндегі ортақ мінездердің қатарына: отанға берілгендік, адамдық, шыншылдық, еңбек-

ке және қоғам мүшесіне дұрыс көзқарас, кішіпейілділік, қарапайымдылық, сергектік, жолдастық, т.б. жатқызуға

болады. Типтік мінездерді зерттеу психология ғылымының алдындағы басты міндет.

**1. Отансүйгіштік** — кісінің бойындағы күш қуатын, білімі мен тәжірибесін, халық мүддесіне, оның игілігіне яғни, адамның кір жуып, кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы, оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Отан, отаншылдық қасиет туралы тебіренгенде қаз дауысты Қазыбек бидің: «Алтын ұяң — Отан қымбат» деп келетін сөздерінің мәні зор.

**2. Мақсаткерлік** (мақсатқа талпынушылық) — бұл адамның өз мінезқұлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстаған бағыт-бағдар позициясына, танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алуы. Алдағы мақсатынан ауытқу, бос белбеулікке салыну — ар-намыс пен ожданға сыйыспайтын қасиет. Мақсаткер адам жалындап жанады, ол жеңілу емес, жеңу үшін күреседі. Мақсаткерлік — тек бір іспен өнебойы шұғылдану, онымен ылғи да әуре болып жүру емес. Бұл соны қайткенде де орындап шығуға мықтап берілу, бір істі нәтижелі етіп тындыру. Мұндай кісі өзіне жүктелген тапсырманы да мүлтіксіз, сапалы шығармашылық белсенділік көрсетеді, әрбір ісін көздеген мақсатымен байланыстырып отырады.

**3. Борыш пен жауапкершілік.** Бұл — адамның үй-іші, әке-шеше, туматуысқандарына қатысты туындайтын қасиет. Борышты сезіну, оны орындау ми мен жүректің бірлескен жұмысын қажет етеді. Оны ақыл мен сезім тұрғысынан жақсы, иманды, имансыз деп бағалау ар мен ұятқа келіп тіреледі. Өз қылығыңның дұрыс-бұрыстығын түсіне білу — адамға үлкен қуаныш, шабыт-жігер, қанағат әкеледі, кісінің өзіне орынсыз тағылған жала, өсек-өтіріктің бекерлігіне қарсы күресу сезімі артады. Адам өзінің борышы мен жауапкерші-

лігіне үйлеспейтін қолайсыз қылық көрсетсе, мұнысы тәрбиелі кісіге мықтап батады, оның арына тиеді, тіпті ой-сана-сынан кетпей қояды. Мұндайда ақыл мен арды ерекше қастерлей білетін адам жіберген қателігін тез түзетуді ойластырады, қашан ары тазарғанша дегбірсізденіп, жаны тыным таппайды. Адамгершілігі жоқ не төмен кісі жаман қылығынан қайтпай, қатесін түзету былай тұрсын, мойнына да алмай жүре береді, мұндайларды арсыз, «ары таза емес» деп ұнатпайды.

Ержетіп, есейген адамның борыш сезімінің оның тілек қалауымен үйлесе бермейтіні, оның психологиялық көңіл күйіне ауыр жүк, зіл түсіретіні сөзсіз.

**4. Мейірімділік пен ізгілік.** Осы екі қасиет басқаларға (әке-шеше, ағайын, туыс, таныс, т.б.) көңіл бөлу, олардың сеніміне ие болу, адамдармен қарым-қатынас жасау эмоциялық жағынан тиімді. Мейірімділік — деп жазды К. Бови — «мылқаулар сөйлей алатын, керендер ести алатын тіл». Кісіге ізгілік, имандылықпен қарап, оған мейірімділік пен мейірбандық білдіру — ұнамды мінездің көрінісі. Адам кішкентайынан басқаларды өзімен қарым-қатынасқа қызықтырғанға не жетсін. Ол үшін өзің білетін адамдардың жан дүниесінің ерекшелігіне көңіл аударып, оның қуанышы мен күйзелісіне аса сезімталдықпен қарауға машықтанған абзал.

Ізгілік — адам біткенді сүйе беру секілді күйректік, көңілшек сезіммен ешбір жанаспайды. Нағыз иманшылдық үлкен мейірбандықпен қатар, қоғамдық прогреске кесірін тигізетін керітартпа, жаңалық атаулыға жаны қас адамдарға өшпенділігін жасыра алмайды. Ізгілікті адам жұрт мүддесіне қайшы келетін, адамзаттың бақытты болашаққа жетуге бағышталған асыл арманына бөгет жасаушылармен ымырасыз күресіп отырады.

**5. Адалдық пен шыншылдық.** Бұл екеуі – бір-бірімен біте қайнасқан кісінің жақсы мінез бітістері. Адал да, шыншыл болу, еңбек пен білім алуға, инабатты, тіршілікте тиянақты, принципті болу деген сөз. Адалдық пен шыншылдық бар жерде кісі әділетті де, кішіпейілдік пен қайырымдылық, қарапайымдылық жасап жүреді, бұлар кісінің аты мен абыройына дақ түсірмейді. Біреу жасынан ерке болып, ата-анасына именбей, көп сөйлейтін, қисынды-қисынсыз өтірікті беті бүлк етпестен айта салатын боп өседі. Есейе келе мұндай адамның тек өз басының ғана қамын ойлап, керек десе басқа түгіл, өз отбасын алдайтын екі жүзді суайт адам болып кетуі ғажап емес. Өйткені «адалдық қайда болса тіршілік сонда» (К. Насири).

**6. Достық.** Бұл – ортақ көзқараспен мүдде, мақсат бірлігі негізінде пайда болып, уақыт сынынан өткен адамгершілік құндылығы мол тұрақты, тек адамға ғана тән жоғары сезім. Достық

адамды асқақтатады, ол жан мен тәннің гүлдене түсуіне жәрдемдеседі. Оның маңызды белгісі – өте берік әрі терең эмоциялық жақындық. Ол адамның бір-біріне сөз жүзінде де, іс жүзінде де адал және шынайы болу, өзара терең мүдделілік, бір-біріне толық сену, қайғы мен қиыншылықта өзара қол ұшын беру, өзара жауапкершілік пен қамқорлық. Достардың мінез, темперамент секілді ерекшеліктері түрліше болып келуі де мүмкін. Жалқау, менмен, мәдениетсіз, самарқау, салдыр-салақ адам да бір-бірімен дос болып көгермейді.

**7. Дос іздеу** – асқақ арман мен таудай талап, шексіз-шетсіз үмітке толы жас дәуреннің ерекше сезімі. Ол өзара пікір алысудың, болашақты жоспарлап, меңзей білудің, сенім-нанымдарды қалыптастырудың таптырмас мектебі. Осы кезде жас адам үшін құрбы-құрдастардың орны ерекше. Достық – өмірдің даңғыл жолы емес, сондықтан ол туралы үстірт, жеңіл ұғымдардан аулақ болу қажет.

## 6.4. Адамның өз мінез-құлқын жөндеуі

Адамның бойындағы мінез бітістерінің өзі үшін де, сондай-ақ төңірегіндегі адамдар үшін де орасан зор маңызы бар. Егер біреу туралы: «Оның мінезі қандай жаман» десе, онда әдетте мұндай адамнан қашқалақтайды, ұжымда оның достары болмайды, отбасында онымен бірге өмір сүру көбінесе мүмкін болмайды. Мінезі жақсы адамдар айналасындағылардың, туған-туысқандары мен достарының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленеді.

Кейбіреулер мінезді жақсарту мүмкін емес деп санайды. Кейде теріс мінезді адам, өзі туралы: «Егер менің мі-

незім осылай болған соң не істеймін? Менің өзім де өзіме разы емеспін, бірақ ештеңе істей алмаймын», – дейді. Бұл дұрыс емес. Рас, өз мінезін өзгерту, оның теріс жақтарынан арылу және өз бойында мінездің оңды жақтарын баулу – күрделі міндет, бірақ мүмкін нәрсе. Бұл үшін, ең алдымен, өз мінез-құлқымен жұмыс жасау, оны тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу мақсатын мықтап қолға алып, батыл алға қою керек; тым дандайсудан арылу, өзіне сын көзімен қарауға тырысу, өзінің кемшіліктерін айқын көру үшін, мінез-құлқына қаталдау қарау қажет. Бұларды байқамайтын немесе байқағысы келмейтін

адам ешқашан да өзін ойдағыдай жөндей алмайды.

Өзінің қасиеттерін объективті бағалау кейде адамның өзіне де қиынға түседі. Сондықтан да басқалардың пікіріне құлақ асып, сырттан көп нәрсе айқынырақ көрінетінін еске ұстап, әділ сынға өкпелемеу керек. Жақсы, тату ұжым мінезді тәрбиелеуде адамға көмектесе алады. Адамдар арасында өмір сүріп жұмыс істей отырып, әрбір кісі басқалардан жаман болғысы келмейді. Ұжымға берген уәдені орындау оңайға түседі. Жолдасынан көрген ұнамды қылықты қабылдағысы келеді. Олардың бойынан ұнамсыз қасиеттерді байқап, өзіңде мұндай кемшіліктердің бар-жоғын әрдайым аңғару керек. Кейде сенің өзіңде бұлар жаман қасиет емес сияқтанады, ал бұларды басқа адамдардан көрсең, онда мұны жою керек екені айқын болады.

Көрнекті адамдардың өмірі мен қызметін зерттеу, сондай-ақ көркем шығармалардың жағымды кейіпкерлерімен табысу өзіңді жөндеуге өте көмектеседі. Көп адамдар, әсіресе жастар өздерінің *мұраттарын* анықтап алады, яғни олар ұнатқан, соларға ұқсағысы келген өмірден немесе кітаптардан адамдар табады.

Егер бұлар басқалардың пайдасына қызмет етіп, үздіксіз жүйелі жасалатын болса, тіпті мардымсыз қылықтардың өзін жағымды мінез бітістерін баулып, адамды мейірбанды етеді. Бірде А. М. Горький өзінің ұлы жасаған кішкене ғана істі жоғары бағалаған. «Сен кетіп қалдың, – деп жазды оған Алексей Максимович, – ал сен отырғызған гүлдер орнында қалды, әлі өсіп тұр. Мен бұларға қарап қоямын да менің ұлым өзімнен кейін Каприде жақсы бір нәрсе – гүлдер қалдырды, деп ойлау маған ұнайды.

Міне, әрқашан да, әр жерде, өзінің бүкіл өмірінде адамдар үшін тек жақсы

нәрселерді, өзің жайында тамаша естеліктерді қалдырған болсаң – сенің өмірің жеңіл де жақсы болған болар еді. Сонда сен өзіңді барлық адамдарға қажет екенмін деп сезінер едің, бұл сезім сенің жаныңды бай етер еді».

Адамның ерік белгілерін қалыптастырудың аса маңызды шарттарының бірі – еңбек болып саналады. Әрі жалпы алғанда белсенді іс-әрекет – жағымды мінез бітістерін қалыптастырудың аса маңызды шарттарының бірі.

Жеке бастың ерік қасиеттерін тәрбиелеу үшін тәртіптілікті, күн режимін қатаң сақтаудың зор маңызы бар. Сондықтан да әскер қатарында қызмет ету мінез бітісінің қалыптасуына дұрыс ықпал етеді. Юрий Гагарин: Әскер қатарында қызмет етіп жүрген кезімде ішкі тәртіпті қатаң сақтай отырып, өзім бірде-бір жаза алмадым, – деп жазады. «Мені – деп жазады ол, – бөлмедегі істердің: жұмыс та, тамақ та, демалыс та күн тәртібі бойынша дәл белгіленген кезде болатыны қуантты. Бұлайша күнделікті қайталанып отыруы мені сәл де болса, қинамайды. Саналы өскери тәртіпті, үлгілі ішкі тәртіпті сақтау ісін мен көрдім, оның үстіне көбірек сезе түстім бұл тұрақты жауынгерлік әзірлікті және қажымайтын қырағылықты сақтайды».

Өзін-өзі баулуды айта отырып, бұл жастық шақта жемісті болатынын атап айту қажет. Нақ осы кезде адамның бойында өзін-өзі ұғып, түсінуі дамиды. Жігіттер мен қыздар өмірдің мақсаты туралы ойлай бастайды, өздеріне және басқаларға сын көзбен қарай алады, олардың бойында қоғамның пайдалы мүшесі болу үшін, өздерімен жұмыс жасау тілегі пайда болады.

Бірақ бұл ересек адам өзін жақсы жаққа қарай өзгерте алмайды деген сөз емес. Әдетке айналып кеткен өзінің қылықтарымен, іс-әрекеттерімен ол бүкіл өмір бойына өзінің мінез-құлқын қалыптастырады.

## 6.5. Мінездің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары

Бала тілінің шығуы, осының нәтижесінде оның айналасындағылармен пікірлесе алуы мінез бітістерінің ірге тасын қалауында ерекше маңыз алады. Мәселен, бала біртіндеп «жаман», «болады», «болмайды» деген ұғымдардың мәнін түсіне бастайды. Осы ұғымдардың ішкі мәнін түсіну арқылы балада мінез-құлықтың негізгі сапаларының (тәртіптілік, ұстамдылық) алғашқы нышаны қалыптасады.

Балалардың мінез-құлқын тәрбиелеуде отбасы мен мектептің алатын орны ерекше. Баланы кішкентай кезінен алға қойған міндеттерін жүзеге асыра алатын, кішіпейіл, т.б. жақсы қасиеттерге тәрбиелеп, өзін басқадан жоғары ұстайтын, мақтаншақ, бұзақы, т.б. жаман мінездерден жирендіріп отырған жөн.

Оқушы мінезімен пара-пар мұғалімнің жеке басының үлгісінің, жүріс-тұрысының балаларға әсер ететіндігі белгілі. Мұғалім баланың байсалды, сабырлы болуына баса назар аударып, оларға қай жағынан болса да, өнеге көрсетіп отыруы тиіс. Олардың арасында жолдастық, достық, әдептілік мәселелеріне арналған әңгіме, диспут, пікірталастарын ұйымдастырып, шәкірттердің өз ойларын ортаға салып, талдап отырғаны абзал.

Мектеп – бала мінезінің жақсы жақтарын жүйелі түрде дамытып отыратын негізгі орын. Мектептік өмір балалардың мінез-құлқының қалыптасуында шешуші роль атқарады. Оқушылардың мінезін тәрбиелеудегі басты міндет – олардың жан-жақты болып өсуін қадағалау, дамыту.

Адам мінез бітістерінің түрлері қаншама көп болса, бұларды тәрбиелеудің жолдары мен әдістері де сан алуан.

Мінез бітістерін тәрбиелеу әдістері бірнеше топқа бөлінеді. Осындай әдістердің біріне адамдардың санасына әсер ету, яғни сөзбен ұғындыру әдісі жатады. Осы әдіс арқылы адамға қажетті мінез бітістерінің қандай болатындығы, бұларды қалайша тәрбиелеу қажеті түсіндіріледі. Оқушылардың санасына сөзбен ұғындыру арқылы оқушылардың дүниетанымы мен сенімін, талғамы мен мұратын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Бала мінезін тәрбиелеуде жанұяның, ұжымның, ұлы адамдардың өнегесінің алатын орны да ерекше.

Балалардың мінезін тәрбиелеуде оларды мектептен тыс өткізілетін жұмыстарға және әртүрлі ғылыми үйірмелерге қатыстыру айтарлықтай жәрдем береді.

Осы әдістердің ішінен бастылары:

1. Халқымыздың әр заманда ғұмыр кешкен ардагер перзенттерінің (Әл-Фараби, Асан Қайғы, Қазыбек би) үлгі-өнегелеріне тәрбиелеу – осындай әдістердің негізгілерінің бірі. Бұл адамдардың өмір жолы, моральдық тұлғасы – жоғары идеялықтың, батылдық пен ерліктің, табандылықтың пен ұстамдылық, халық ісіне қалтқысыз берілгендіктің теңдесі жоқ өнегелері.

Ұлы адамдардың өмірі туралы балаларға әңгіме айту, олардың осы тақырыпқа байланысты кітап оқуына дұрыс басшылық жасап, бағыт беру, оқығандары жайлы әңгімелесу, пікірлерін тыңдау, мұғалімнің тәлім-тәрбие жұмысында елеулі орын алып отыруы қажет.

2. Балалар ұжымы («Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы», т.б.) – оқушы мінез-бітістерін дамытатын және оны тереңдете түсетін шешуші фактор. Белгілі дәстүрі,

жұмыс стилі бар балалар ұжымы өзінің әрбір мүшесіне түрлі талаптар қояды, олардың орындалуын үнемі қадағалап отырады.

Ұжым адамның алдына мақсат қоя білуді, сондай-ақ ол мақсатты қалай орындау жолдарын да үйретеді. Ұжым адамға жөн көрсетіп қана қоймайды, оны теріс қылықтан сақтандырады. Ұжымда өмір сүре білу бір жағынан адамның іс-әрекетін жеңілдетіп, екінші жағынан оның өз күшіне сене білу мүмкіншілігін де қалыптастырады.

3. Балалардың мінез бітістерін тәрбиелеуде еңбектің алатын орны ерекше. Еңбек үстінде адам өзіне қажетті материалдық игіліктерді өндірумен бірге өзінің психологиялық қасиеттерін де дамытып отырады. Еңбек арқылы адамның өзіне-өзі қызмет етуіне практикалық және психологиялық жағынан әзір болуы, адамның істегі дербестілігі, ынтасы, тапқырлығы қалыптасады.

4. Балаларға талап қоя білу, оның нәтижесін қадағалау. Баланың мінезін тәрбиелеудегі басты әдістердің бірі. Өйткені адамға тиісті талап қойылмаса, тапсырылған іс қадағаланбаса, берекесіздік туады. Талап қоюдың түрлі әдістерін адамның дара ерекшеліктеріне қарай әр жағдайда түрліше пайдаланып отыру қажет. Талап қоюдың қарапайым түрі – балаға өз міндеті туралы жайлап ескерту, ал мұның жоғары түрі кесімді түрде бұйыру. Адамға талап қою, оны бір нәрседен сақтандыру, тыйым салу түрінде де болып отырады. Дұрыс талап қоя білудің тиімділігі, тәрбиелік мәні, ұстаздың байыптылығына да байланысты. Талап қоя білу – үлкен өнер.

Мінезді тәрбиелеуде адамның қол жеткен табыстарын уақытында көре

біліп, оны мадақтап отырудың маңызы зор. Мұның ең қарапайым түрі – мақұлдау. Егер адамның ісі мақұлданып отырса, ол әрекет етуге одан сайын ынталана түседі. Мәселен, «дұрыс», «жақсы», «тамаша» осы секілді сөздер адамның жігеріне жігер қосып, үлкен демеу болады. Баланың мінезін қалыптастыруда оның теріс істері мен қылықтарын кезінде көре біліп, ретіне қарай оған түрлі жаза қолданып отырған да дұрыс. Жазалаудағы негізгі мақсат – теріс жолға түскен баланы қайта жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, жазалауды да мадақтау сияқты ептілікпен, ерекше байсалдылықпен қолдану қажет.

Адамның теріс қылықтарын айыптап, тиісті жаза қолданып отыру белгілі талаптарға сәйкес жүргізіледі: біріншіден, жазалау әр уақытта әділ, баланың кінәсіне лайықталып берілуі тиіс, екіншіден, жаза әр уақытта оқушы санасында із қалдырып, оны жақсы жолға итермелейтін болсын, үшіншіден, жаза жеңіл түрден ауырға қарай қолданылуы қажет. Төртіншіден, баланың теріс қылығының арты суымай, оның ақ-қарасы дұрыс тексеріліп, оқушының әртүрлі ерекшеліктері: білімі, мінез-құлқы, т.б. ескерілсін.

5. Оқушының мінез бітістерінің қалыптасуында дене шынықтыру жаттығулары мен тұрақты күнделік тәртіптің де тигізетін пайдасы мол. Дене шынықтыру жаттығулары адамдарды ерлік пен батылдыққа, табандылық пен өз күштеріне сене білуге тәрбиелейді. Дене шынықтыру жаттығулары мен спорт жаттығулары күнделікті өмірде әдетке айналса ғана адамға қажетті жақсы мінез бітістерінің қалыптасуына жәрдемін тигізеді.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Мінез дегеніміз не?
2. Мінез сапаларын ата?

3. Толық мінезді адам деп кімді айтамыз?
4. Мінез бітістері қандай топтарға бөлінеді?
5. Еңбексүйгіштік адамдарға деген сүйіспеншілік қай мінез бітісіне жатады?
6. Қандай мінез бітістері ұнамды, қандайы ұнамсыз болады?
7. Жағымсыз мінез неден болады, оны қайтадан тәрбиелеуге бола ма?
8. Мінезді тәрбиелеудің жолдары қандай?

### **№1 тапсырма.**

**Мінез-құлықты салмақтаудың мына бір әдістеріне сүйене отырып, өзінді және басқаларды байқап көр:**

#### *Бет-әлпет*

1. Маңдай және жақ сүйектері тік бұрыштана біткен адам білімдар, жүйрік ойлы, бірақ қызба болуы ықтимал.
2. Иекке қарай үшкілдене біткен маңдайы кең адамдардың интеллекті жоғары болып келеді, бірақ олар еркінің мығым болмауынан зардап шегуі мүмкін.
3. Бет-әлпеті дөңгелек болып келетіндердің арасында кеңпейілділер жиі ұшырасады. Бірақ олардың кейбіреулерінде намыссыздық тән болып келеді.
4. Бет-әлпеті төрткілденіп біткен адамдар табанды, қайсар келеді.
5. Бет-әлпеті төмен қарай үшбұрыштана үшкілденіп біткен адамдар сезімтал, айлакер, сонымен қатар кекшіл, құлау болуы мүмкін.

#### *Мұрын*

1. Ұзынша қыр мұрын шаруашылыққа бейімділікті, іске деген жоғары қабілеттілікті байқатады.
2. Үсті дөң, құс мұрынды адамдардың арасында өз қарамағындағылармен қарым-қатынасы нашар болатындар көп кездеседі.
3. Тәмпіш мұрындылық жолы болғыштықтың бір белгісі.
4. Имек мұрынды адамдар табансыз, кекшіл, шатаққұмар, қызба болып келеді.
5. Таңқы мұрындылар арасында табиғаттан денсаулығы әлсіз болып келетіндер көп ұшырасады.
6. Мұрын шамадан тыс таңқайып тұрса, ол ертеңін ойламайтындық, жеңілтек белгісі болуы ықтимал.

#### *Қас*

1. Қасы маңдай ортасына қарай көтеріле біткен адамдардың жүйрік қиялды болып келетіні байқалады.
2. Қасының ортасы көтеріңкі болып үшкілденіп тұратын адамдардың мінезі табанды және өз ойын іске оңай асыра алатын болып келеді.
3. Тік қысқа қасты адамның 30-35 жас аралығында өмір жолы мазасыз болуы ықтимал. Бірақ оларда сол қиындықтарды жеңе алатын мүмкіндік болады.
4. Қиғаш, ұзынша, қою, қалың қастар көз кескініне үйлесімділігімен бірге, көбіне ақылды келбетке тән болады.
5. Тым шолақ қастылық әдетте ұшқалақ адамда кездеседі.

#### *Ерін*

1. Үстіңгі ерні көтеріңкі біткен адамдар ұшқыр, құбылмалы сезімді болып келеді. Осындай ерін астыңғы ерінді түгел жауып тұрса, ондай адамның өзіне сезімділігі күшті болады.
2. Төменгі ерні шығыңқы орналасқан адамдар өзімшіл, менмен (эгоист) болады және отбасында жиі сәтсіздікке ұшырауы мүмкін.

3. Бантик ерінділер белсенді әрі сауалдасып, сұхбаттасуға бейім келеді.

4. Салпы ерінді адамның ісі алға баспайды және алданғыш келеді.

#### *Маңдай*

1. Маңдайдың кең және астына қарай жазық болып келуі – достыққа беріктіктің және үй жұмысынан гөрі сыртқы жұмысты қалайтындықтың белгісі.

2. Маңдай астының қушықтана бітуі оның қарым-қатынасының шым-шытырық болып келетінінің көрінісі.

3. Маңдайының доға тәрізді әрі тар болуы – мінез тәуелсіздігін және ешкімнің жетегіне көнбейтіндігін көрсетеді.

4. Қасқа маңдай шығармашылық өнерге деген қабілеттіліктің белгісі, ондай адам ертеңгі күн қамын аз ойлайды.

#### *Маңдайдағы әжім*

1. Қысқа, ретсіз әжім сызықтары адам денсаулығының нашарлығын көрсетеді.

2. Маңдайға анық түскен бір ғана әжім сызығы адамның жолы болғыштығының белгісі.

3. Екі немесе үш көлденең әжім сызығын тігінен түскен әжім қиып өтсе, ондай адам өмірде табысты болады.

4. Бір нүктеден шашырай орналасқан әжім адамның ұзақ және абыройлы өмір сүретіндігінің белгісі.

5. Қастың арасына түскен қысқа және анық қос әжім ұйымдастырушылық қабілетінің молдығын, білімдарлықты көрсетеді.

### **№2 тапсырма.**

6 жасар Ермек күндізгі ұйқы кезінде басқа балаларға маза бермейді. Өзі де ұйықтамайды. Тәрбиеші бірнеше рет оған ескерту жасады, бірақ ол тыңдамады. Барлық бала орнынан тұрып, киініп жатқан кезде тәрбиеші Ермектің тұруына рұқсат бермеді. «Сенің басқа балалармен бірдей демалғың келмеді, тәртіп бұздың, енді балалар ойнайды, сен басқалардай демалған жоқсың ғой, сондықтан жалғыз өзің ұйықтауыңа тура келеді». Ермек орнынан жылап тұрып киінуге рұқсат сұрады. Тәрбиеші рұқсат бермеді. Ол бір сағаттай тыныш жатты. Осыдан кейін ол демалыс сәтінде тәртіп бұзбайтын болды.

**Сұрақ:** Ермектің мінез-құлқында болған өзгерістерді талдаңыз. Тәрбиешінің оны тәртіпке көндіруі неліктен сәтті болды?

### **№3 тапсырма.**

1. Бір оқушының мінез өзгешеліктеріне психологиялық тұрғыдан талдау жасаңдар. Егер оның мінезінде жағымсыз көріністер кездесетін болса, мұны қандай жолмен түзетуге болатындығы жайлы пікірлеріңізді жазып беріңіздер.

2. Өз мінездеріңді қалай тәрбиелеп жүргендеріңіз жөнінде («Мен өзімді қалай тәрбиелеп жүрмін» деген тақырып бойынша) жазып беріңіздер.

## **ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ**

**1. Темпераменттің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген академик:**

А. А. И. Гален;

В. Гиппократ;

- С. И. Кант;
- Д. И. М. Сеченов;
- Е. И. П. Павлов.

**2. «Темперамент» сөзінің шығу тегі:**

- А. «Красис» деген грек сөзінен;
- В. «Флегма» деген грек сөзінен;
- С. «Холе» деген грек сөзінен;
- Д. «Сангиус» деген латын сөзінен;
- Е. «Мелайнехоле» деген грек сөзінен.

**3. Темперамент түрлерін анықтауда Павлов негізге алған фактор:**

- А. Дене құрылымы;
- В. Дене сұйықтықтары;
- С. Жүйке процестері;
- Д. Физиологиялық болмыс;
- Е. Эмбриологиялық белгілер.

**4. Адамның негізгі беталысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалық өзгешеліктері:**

- А. Ерік;
- В. Қабілет;
- С. Мінез;
- Д. Темперамент;
- Е. Түйсік.

**5. Адамның үйші, әке-шеше, тума-туысқандарына қатысты туындайтын қасиет:**

- А. Борыш пен жауапкершілік;
- В. Достық;
- С. Мақсаткерлік;
- Д. Мейірімділік пен ізгілік;
- Е. Отансүйгіштік.

**6. Мінездің қалыптасу негізі**

- А. Бәрі де қатысты;
- В. Нәсілден;
- С. Өмір жағдайлары;
- Д. Рухани болмыс;
- Е. Тума беріледі.

**7. Мінез дамуына негіз болатын психологиялық қасиет**

- А. Темперамент;
- В. Ерік;
- С. Нышан;
- Д. Қабілет;
- Е. Көңіл.

**8. Мінездің нақты қалыптасуына себепші фактор –**

- A. Әлеуметтік топтар ықпалы;
- B. Қоғамдық шарттар;
- C. Нәсілдік байланыс;
- D. Тума нышандар;
- E. Тұрмыстық қалыптар.

**9. Мінез арқылы танылатын адамның қоғамдық сипаты –**

- A. Іс-әрекеттік бағыт-бағдар;
- B. Төзімділік;
- C. Жоғары интеллектілік;
- D. Табандылық;
- E. Өжеттілік.

**10. Мінез бітістерінің қалыптасу шарты:**

- A. Жеке адам табиғатынан;
- B. Жоғары күштен;
- C. Нәсілден;
- D. Өмір барысынан;
- E. Психикалық болмыстан.

**11. Адам сезімдерінің әртүрлі деңгейінде дамуының түпкі себебі –**

- A. Еріктен;
- B. Қоршаған орта ықпалы;
- C. Мінез ықпалы;
- D. Тумадан;
- E. Іс-әрекет ықпалы.

**Әдебиеттер:**

1. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
2. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 1996.
3. В. С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1986.
4. Крутецкий В. К. Психология. – М.: Просвещение, 1986.

## 7-тарау. Қабілет

### Жоспар:

- 7.1. Қабілет туралы ұғым.
- 7.2. Қабілет тұжырымдамалары.
- 7.3. Қабілет және нышан.
- 7.4. Бейімділік және қабілет.
- 7.5 Қабілет саласындағы дара айырмашылықтар және оларды қалыптастыру.

### 7.1. Қабілет туралы жалпы ұғым

1. *Қабілет* деп әр адамның белгілі бір іс-әрекет түріне икемділігін айтады немесе қабілет дегеніміз – мақсатқа бағытталған; тәлім-тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және нәтижелі етіп атқаруы. Адамның қабілеттілігі бұған ықпал етіп отыратын тәлім-тәрбиеге орай әрбір адамда түрліше сипатта өтеді. Адамның қандай да болмасын белгілі бір іс-әрекет түріне қабілетті болуы мынандай екі түрлі көрсеткіш арқылы анықталады:

- 1) Іс-әрекетті тез өзгерту.
- 2) Іс-әрекетті орындау нәтижесінің сапасы.

Егер адам өзге адамдармен салыстырғанда; біріншіден, қолға алған істі қалайда тез және табысты меңгеріп; сол әрекетке лайық дағдыны оңай игеретін болса; екіншіден; белгілі бір деңгейде жетістіктерге жетсе – оны қабілетті адам дейді. Сондықтан қабілеттіліктің сыры неде? Не себепті әр адамның жетістіктерге жетуі бірдей жағдайда түрліше көрсеткіштерге ие болып; іс-әрекет нәтижелері әрқилы болады?

Қабілеттілік – адамдардағы жеке-дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат. Қабілет негізінен екіге бөлінеді. Адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет – *жалпы қабілет* деп аталады. Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зеректік пен тапқырлық, т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер – жалпы қабілет болып табылады. Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті – *арнаулы қабілет* деп атайды. Бұған суретшінің, музыканттың, актердің, спортшының, математик-ғалымның, ақын-жазушының қабілеттерін жатқызуға болады.

Адам қабілеттерінің жан-жақты жетілуі – еңбектің, яғни ой еңбегі мен дене еңбегі болып бөлінуін, сөйтіп адамның белгілі бір кәсіпке немесе мамандыққа таңылып қоюын бірте-бірте жоюды көздейді.

### 7.2. Қабілет тұжырымдамалары

Психологияда қабілеттің үш тұжырымдамасы бар:

1. **Қабілеттердің тұқым қуалау теориясы.** Олардың бірі – қабілеттер жеке

адамның биологиялық анықталған қасиеттері, олардың көрініс беруі және дамуы атадан мұра болып қалған қорға тәуелді екенін қолдайды.

Қабілеттілік адаммен бірге туады дейтін тұжырымдаманың соңғы кездегі өкілдері өз пікірлерін бір аналық ұрықтан пайда болған егіздерді зерттеу арқылы дәлелдеуге тырысуда. Зерттеу әсіресе Германияда жүргізілді. Ағылшын биохимигі С. Роуз адам қабілетінің дамуына биологиялық жағдайлардан гөрі әлеуметтік жағдайдың кедергісі мол дейді.

**2. Қабілет жүре пайда болады дейтін теория.** Қабілет жайлы бірінші тұжырымдамаға қарама-қарсы екінші

тұжырымдама – қабілетті түгелімен орта мен тәрбие анықтайды деп табады. XVIII ғасырда Гельвеций тәрбие арқылы даналықты қалыптастыруға болады деп жариялады.

**3. Қабілеттегі табиғи және жүре пайда болатын қасиеттердің диалектикасы.** Кеңес психологтары белгілі бір қабілеттің қалыптасуына, дамуына индивидуалдылық табиғи нышандардың болуының да жақсы әсер ететіндігін мойындайды. Қабілеттер қолайлы әлеуметтік жағдайларда іс-әрекет үстінде қалыптасып отырады. Бұл тұжырымдама практика мен арнаулы зерттеулермен дәлелденіп отыр.

### 7.3. Қабілет және нышан

Қабілет – адамның даралық психологиялық ерекшелігі. Ол туа пайда болатын нәрсе; қабілеттің дамуына негіз болатын анатомиялық және физиологиялық ерекшелік – **нышан**. Нышанның табиғи негізі – жоғары жүйке жүйесінің қызметтері, бас миындағы миллиардтаған жасушаның қозу, тежелу сияқты сан қилы әрекеті және олардың алмасып отыруы. Ол өмір тәжірибесі, тәлім-тәрбие істері нәтижесінде үнемі дамып жетіледі. Нышан сан қилы мағынада көрініс береді. Мәселен, әлеуметтік ортаның, тәрбие мен оқыту істерінің және түрлі жағдайлардың

әсерінен келген бір нышандар негізінде түрлі қабілеттердің дамуы мүмкін. Мәселен, бойында шапшаңдық пен дәлдік, ептілік пен шеберлік нышандары бар адамдар тіршілік жағдайы мен қызмет саласына сай әртүрлі қабілетке ие болуы мүмкін. Бірі – хирург дәрігер, екіншісі – гимнаст, үшіншісі – суретші, т.с.с. Нышанның ерекше түрі адамда жас кезінен байқалады. Қазақтың аса дарынды күйші-композиторы Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейісова өзінің күйшілік қабілетін сегіз жасынан-ақ байқатып, бір-ақ рет тыңдаған күйін мүдірмей, айна қатесіз, дәл орындай алған.

### 7.4. Қабілеттің даралық айырмашылығы

Адамдардың қабілетінде жеке адамға тән айырмашылықтар да болады, яғни іс-әрекет нәтижесі әр адамда әртүрлі. Адам қабілетінің даралық ерекшеліктеріне талант, дарындылық,

данышпандық сияқты қасиеттер де жатады. Қабілеттіліктің жоғары деңгейде көрінуін **«талант»** деп атайды. Талантты адам істің белгілі саласында ірі жетістіктерге қолы жетеді. Мәселен,


адам жас кезінде ауызекі, не жазба сөзге олақ болғанымен, есейе келе ерен еңбек етудің нәтижесінде ірі ақын, белгілі жазушы болуы мүмкін. Мәселен, 40 жасында сауатын ашып, 73-інде ғылым докторы болған Е. К. Гусеваның өмірі жақсы дәлел. Жай қарағанда үлкен талант иелері (Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Сәтпаев, т.б.) шығармалары оп-оңай, өзінен-өзі жазыла салатындай көрінуі мүмкін. Ал шындығында бұлар – «инемен құдық қазғандай», адамның ақыл-парасаты, қажыр-қайраты жұмсалатын өлшеусіз қыруар еңбектің нәтижесі.

**Дарындылық** – адамның белгілі бір іске деген айырықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. Мұны мынадан айқынырақ түсінуге болады: Қазақ

даласында өздерінің ақындық, әншілік, серілік қасиеттерімен танылған Ақан Сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Әсет, Мәди тәрізді басқа да таланттардың есімдері осы кезге дейін ел есінде. Адам қабілетіндегі дарындылық пен талант одан әрі дамып, данышпандық қасиетін тудырады. Бұл – адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетінің ең жоғары дәрежеге көтерілуі.

Данышпандық қасиет – адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып, ерекше нәтижелерге қол жеткізуі. Данышпан адамның іс-әрекет нәтижелері адамның әлеуметтік өмірі мен қоғамдық тіршілігінің жақсаруына елеулі үлес қосып, мәдени-рухани, саяси-экономикалық, т.б. салалардың өркендеуіне әсер етеді, қоғамның тарихи дамуында өшпес із қалдырады.

### 7.1-сызба



Сондай адамдар қатарына Әбу Насыр әл-Фараби, Ұлықбек сынды ғұламалар, қазақтың Абылай хан, Бұхар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Майқы би, Абай тәрізді

біртуар перзенттерін жатқызуға болады. Бір сөзбен айтқанда, адам қабілеттілігімен оның түрлі деңгейде дамып өрістеуінің негізгі факторы – еңбек.

## 7.5. Қабілеттерді қалыптастыру

Мектеп пен мұғалімнің міндеті оқушыларды оқыту ғана емес, сондай-ақ олардың қабілеттерін дамыту болып табылады. Қабілеттілікті дамытуда оқу жұмыстарының зор маңызы бар. Дегенмен қабілеттілікті дамытуда оқыту әртүрлі дәрежеде ықпал жасайды. Ал қисынсыз әдістер (мысалы, түсінбей жаттап алу) бұл дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Мектеп оқушысымен жеке қатынас жасай білу қажет, олардың ерекшеліктерін ескеріп, соған сай тапсырмалар берген жөн. Күшті оқушыларға, сабақта зерігіп кетпес үшін және үйде орындауға жетерліктей қосымша жұмыстар беру керек. Нашар оқитындарға, шамасы келетіндей талаптар қойып, бала нәтижелі орындай алатындай жеңілдеу тапсырмалар беріп көбірек көмектесуге тура келеді. В. А. Сухомлинский: «Егер баланың оқуда бәріне де жеңіл қолы жетсе, онда біртіндеп адамды аздыратын ой самарқаулығы пайда болады. Ой самарқаулығы бәрінен бұрын төменгі сыныптарда өріс алады, егер басқа балалардың белгілі бір дәрежеде ақыл-ой жұмсауын қажет ететін жұмысты жеңіл игеретін қабілетті бала бостан-босқа

ерігуге айналады. Оқушылардың бостан-босқа құр жүруін болдырмау – белгілі бір тәрбие міндеті», – деп жазады. Оқушыларды жұмыста тыңғылықтылыққа, дербестікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, мұғалім сонысымен оларда еңбекке қабілеттілік деп аталатын маңызды сапаның дамуына көмегін тигізеді.

Бала қабілетін тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың мазмұны мен түрлері сан алуан. Бұларды нақты жағдайларға байланысты жүргізе білу әрбір мұғалімнің жүргізетін осындай, жұмыстардың бірі – оқушылардың оқу әрекетін тартымды, мазмұнды, қызығлықты етіп ұйымдастыру. Мәселен, мұғалім жақсы үлгіретін оқушыларға талапты көбірек қойып, қосымша тапсырмалар беретін болса, «орташа» қабілеті бар балаларды да бақылаудан тыс қалдырмаған дұрыс. Кей жағдайларда осындай балалардың табиғи мүмкіндіктері жеткілікті болғанымен, мұғалімнің назарынан тыс қалып қояды да ол «орташа» оқушы болып кете береді. Сондықтан да оқушының келешегіне зор үмітпен қарау керек.

### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қабілет дегеніміз не?
2. Қабілеттің қандай түрлерін білесің?
3. Жалпы қабілет дегеніміз не?
4. Суретші, музыкант, актёрлердің қабілеті қабілеттің қай түріне жатады?
5. Нышан дегеніміз не?
6. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілет түрі қалай аталады?
7. Талант дегеніміз не?
8. Таланттылықтың жоғары сатысы қалай аталады?

#### **№1 тапсырма.**

В. И. Суриков бала кезінде Петербургтегі көркемөнер Академиясына түсейін деп барғанда, емтихан алушылар оның салған суреттерін көріп, «Академияның

маңынан сені жүргізуге болмайды», – депті. Келесі жылы Суриков сурет салуға жаттығып, қайта келгенде, сол емтихан алушылар оның салған суреттеріне қайран қалып, Академияға бірден қабылдайды. Осы жағдайда педагогтардың әуелгі жіберген қателігін қалай түсіну керек?

### **№2 тапсырма.**

Түрлі істерге қабілеттілік бір адамда ерте дамиды, өзгелерде кеш дамиды. Мәселен, Глинканың, Чайковскийдің, Моцарттың музыкаға қабілеттері 7-8 жасында, Репин мен Суриковтың сурет салуға қабілеті 8-9 жасында белгілі болыпты. Бірақ барлық мамандықтарда қабілеттің дамуы бірдей емес: Мәселен, Лейбництің, Ньютонның, Лобачевскийдің математикаға қабілеттері 20 жастан асқан соң байқалыпты, мұның себебі адамның жасына байланысты ма, не мамандық саласына да тәуелді ме? Әртүрлі мамандыққа қабілеттің түрліше болып келуі адамның сигналдық жүйесінің өзара түрліше мөлшерде болатындығын, сәйкестігін дәлелдеп көріңіздер.

### **№3 тапсырма.**

Ерте жаста дамымаған қабілеттің ересек жаста дамитыны да болады. Мәселен, Е. М. Гусева деген әйел 40 жасқа толғанда рабфакқа түсіп, 50 жаста орта мектеп бітіреді. Ал 55 жасында институтты бітіреді. 60 жасында кандидаттық, ал 70 жасында докторлық диссертация қорғайды. Осындай фактілерді қалай түсінуге болады?

### **Әдебиеттер:**

1. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
2. Общая психология/Под. ред. А. В. Петровского. 2-издание. – М.: Просвещение, 1977.
3. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.

## 8-тарау. Жеке адам

### Жоспар:

- 8.1. Жеке адам туралы жалпы түсінік.
- 8.2. «Адам», «Жеке адам», «Даралық» түсініктерінің арақатынасы.
- 8.3. Жеке адамның психологиялық құрылымы.
- 8.4. Қажеттіліктер туралы ұғым.
- 8.5. Қызығулар.
- 8.6. Жеке адамның қасиеті ретінде ақылдың сапасы.
- 8.7. Дүниетаным, сенім, мұрат.

### 8.1. Жеке адам туралы жалпы түсінік

Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі. Ол қандай болмасын бір іспен айналысады. Оның азды-көпті тәжірибесі, білімі өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғанның жиынтығы оны жеке адам етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады. Бірақ әлі де жеке адам емес. Өйткені онда жоғарыда аталған компоненттер тәжірибе, білім, іс-әрекет, т.б. жоқ. Адамның көптеген психикалық ерекшеліктері оның өмір сүретін ортасына, қоғамдық қатынастың тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Жеке адамның психикалық тұрақты да тұрлаулы ерекшеліктері өмір ағымында жетіліп қалыптасады. Психикалық әрекеттің қалыптасуында оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады.

Адамның қоғамдық және саналы сипатта болатын іс-әрекетінің нәтижесі белгілі бір өнім болып табылады. Адам өзінің өндіргенінің үлкен бөлігін өзі үшін өндірмейді, қоғам үшін өндіреді. Сол қоғамның мүшелері, көптеген басқа адамдар өз тарапынан әрбір жеке адамның мұқтаждарын қанағаттандырады. Тіпті адам өзінің қара басы үшін өндірген күннің өзінде де, ол өз еңбегінде басқа адамның тәжірибесін

пайдаланады, олардан алған білімін қолданады.

Қазіргі кездегі адамның іс-әрекеті көбінесе ұжымда жүргізіледі, алға қойылған мақсат көптің күш жұмсауымен орындалады. Адамның іс-әрекеті қоғам үшін пайдалы немесе зиянды нәтижелі болып келеді.

Іс-әрекеттің саналылығы – іс-әрекеттің мақсатын және оған жетудің жолдарын түсіне білуде. Еңбек іс-әрекетінің жеке элементтері санаулы түрде емес, автоматты түрде болуы да мүмкін.

Адамның жеке басының қасиеттері іс-әрекеттерінде, қылықтарында көрінеді; ол өзіне пайдалы немесе зиянды сапалар көрсетеді. Н. Г. Чернышевскийдің сөзіне қарағанда, адамның ақылы мен мінез-құлқы туралы ең анық мәліметтерді ол адамның іс-әрекеттерін зерттеу арқылы ғана білуге болады.

Сонымен қатар, адам өзінің іс-әрекетінде қалыптасады. Бұған мысал ретінде А. С. Макаренко басшылық еткен колонияның еңбек тіршілігін алуға болады. Ақылмен ұйымдастырылған іс-әрекет, бұл колонияда тәрбиеленушілерге ықпал жасау мен оларды тәрбиелеу шараларының тереңнен ойластырылған жүйесі оларда адамның бағалы сапаларын қалыптастырды.

## 8.2. «Адам», «Жеке адам», «Даралық» түсініктерінің арақатынасы

Қоғамдық ғылымдарда да, сондай-ақ күнделікті тұрмыста да, **«адам» «жеке адам», «даралық»** түсініктері кеңінен қолданылады. Соның өзінде олар небір мағынада алынады да, кейінгісі де қате пікір.

**Адам туралы түсінік.** Түпкі және тектік, бастапқы түсінік, бастапқы түсінік «Адам» болуға тиіс. Адам – бұл, ең алдымен, *Homo Sapiens* түріндегі сүт қоректілер класына жататын биологиялық тіршілік иесі. Басқа жануарлардан айырмашылығы адамда сана бар, яғни ол сыртқы ортаның мәнін де, өз жаратылысын да танып-біледі және осыған орай парасатты түрде, ойланып әрекет жасайды. Адам биологиялық тек ретінде негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылатын айрықша дене бітімімен сипатталады: денесін тік ұстап жүру, тану мен еңбекке бейімделген екі қолының болуы, әлеуметтік жағдайларда өмірді өз танымында бейнелеп және оны өз қажеттілігіне, мүддесі мен мұраттарына қарай қайта құруға бейім жоғары дәрежеде дамыған миының барлығы.

Адам, сонымен бірге, қоғамдық тіршілік иесі әрі бұл оның ең елеулі белгісі. Қоғамдық өмір мен еңбек адамның табиғи құрлымын жетілдіріп қана қойған жоқ, сондай-ақ оны өз еркіне ба-

ғындырды да. Адам – өзінен-өзі қоғамдық өмір жемісі болып табылатын санның таратушысы.

**Жеке адам туралы түсінік.** «Жеке адам» түсінігі «адам» түсінігіне қарағанда біршама тар мағынаға ие. Жеке адам – қоғамдық-тарихи категория. Оның қоғамдық мәні мен әлеуметтік функциясы жеке адам сипаттамасының ең басты көрсеткіштері болып табылады. Жеке адам – тек қана қоғамдық ғылымдардың: тарих, философия, социология, этика, эстетика, психология, педагогика тағы басқалардың зерттеу объектісі.

*Жеке адам* – қоғамда белгілі бір жағдайда ие және белгілі бір қоғамдық роль атқаратын, саналы индивид. *Роль дегеніміз* – жеке адамның атқаратын әлеуметтік қызметі.

*Жеке адамның позициясы дегеніміз* – оның қатынастарының жүйесі.

**Даралық туралы түсінік.** Даралық жеке адамнан жоғары немесе төмен әлдене емес. *Даралық дегеніміз* – өзіндік өзгешелігі бар жеке адам. Даралық туралы сөз қозғағанда жеке адамның өзінше бөлек сыр – сипатын айтады. Әдетте «даралық» деген сөзбен жеке адамды басқалардан ерекшелендіріп тұратын қандай да бір басты қасиетін көрсетеді.

## 8.3. Жеке адамның психологиялық құрылымы

*Жеке адамның бағыттылығы дегеніміз* – сол адамның талғамы мен белсенділігін көрсететін ниеттер жүйесі.

Ерте заманнан бері-ақ ойшылдар жеке адам белсенділігін қайнар көзін табуға, адам өмірінің мәнін ашуға тырысып келді. Олардың біреулері өзінің

жан рақатын күйттеу индивид іс-әрекеті мен қылығының негізгі мақсаты деп есептеді (гедонизм ілімі). Басқаларды адам өмірі мен ниетінің басты мақсаты борышын өтеу деп тапты (неміс философы И. Кант). Мұндағы борыш абстрактілі түрде, нақтылығы

қоғамдық талап-тілектерден тыс қарастырылады.

Қазіргі кездегі буржуазиялық психологияның қайсыбір ғалымдары жеке адам мінез-құлқының мәнін тек биологиялық елігуден көруге тырысады, мәселен сексуалдық елігу (Фрейд), екіншілері – үстемдік етуге немесе бағынуға деген «әлеуметтік» құштарлық (А. Адлер) дейді.

Ниет жайындағы мұндай түсінік адам баласын мүлде бұрмалап көрсетеді. Адамның ниеті материалдық та, идеалдық та мотивтерден туады. Адамды материалды. Мүдделер, ниеттер, құштарлықтар, түптеп келгенде сыртқы себептер, өмір жағдайларды экзистенциалдық, моральдық және саяси қатынастар билеуі хақ, деп Ф. Энгельс атап көрсеткен болатын.

Жеке адам алуан қырлы қоғамдық байланыстарға, қатынастарға, түседі

және практиканың алуан саласында іс-әрекет атқарады; бұл ретте жеке адам алуан қырлы қоғамдық байланыстарға, қатынастарға түседі және практиканың алуан саласында іс-әрекет атқарады; бұл ретте жеке әр алуан ниетке немесе мотивке сүйенеді. *Мотивтер дегеніміз* – іс-әрекетпен мінез-құлықтың санаулы түрде жасалынуы. Адамның әрбір іс-әрекеті мен қылығы нормаға сайылған және ол мұнысын айқын түсінеді.

Адамды әрекетке бағыттайтын, қажеттілігін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткі психологияда мотив (себеп) деп аталады. Жеке адамды қандайда болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы мотив – оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждығы.

## 8.4. Қажеттіліктер

Адамның қажеттіліктері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процесінде қалыптасады. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңыз алатын материалдық қажеттіліктер (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары, т.б.) болады. Адам баласының тарихи даму жағдайында туған еңбек әрекеті, еңбек құралдарын пайдалану секілді негізгі материалдық қажеттері біртіндеп дами келе қажеттіліктің жаңа тобын рухани қажеттерді туғызады. Рухани қажеттіліктердің дамуы материалдық қажеттердің қанағаттандырылуына байланысты. Адам қажеттілігінің дамуы – тарихи дамудың елеулі бір кезеңі. Олар – адамның алдына әртүрлі мақсаттар қойып отыруына себепші болатын негізгі түрткілер. Адам өзінің қажеттіліктерін өтеу үшін бар мүмкінді-

гін пайдаланады. Бұл оны белсенді түрде іс-әрекет істеуге талпындырады. Оның қажеттіліктері саналы әрекетінің нәтижесінде біртіндеп өтеліп отырады. Адам өз қажетін өтеу жолында сыртқы ортаны, табиғатты да өзгерте алады. Қажеттіліктердің өтелуі, өтелмеуі адам психологиясына, оның күйініш-сүйінішіне әсер етеді. Қажеттіліктер орындалу тәсіліне қарай кісінде мазасыздану, не тынышталу, рахат, ләззаттану, не азап шегу сезімдерін туғызады. Қажеттіліктерді өтеу арқылы адам тиісті құралдарды іздестіріп солардың күшімен, түрлі теориялық, практикалық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік алады. Өйткені қажеттілік – адамның ойлау қызметін тудыратын негізгі себептердің бірі болып табылады, білдіріп қана қоймай, қайтадан жасауға әрекет етеді. Олай болса, адамдардың қажеттіліктері – іс-әрекетінің негізгі мо-

тивтері, яғни оның психологиясының қайнар көзі, бастамасы болып табылады.

Қажеттілік, әсіресе табиғи қажеттіліктер – өмір сүрудің, тіршілік етудің арқауы. Егер табиғи қажет өтелмесе, өмір сүру үшін тиісті жағдайлар болмаса, адам да, жануарлар да тіршілік ете алмайды.

Адам өмірі үшін рухани қажеттіліктерді өтеп отырудың да маңызы зор.

## 8.5. Қызығулар

*Қызығу дегеніміз* – жеке адамның объектіге, оның өмірлік мәні мен эмоциялық тартымдылық күшіне қарай таңдамалы қатынасы. Жеке адамның қасиеті ретіндегі қызығулар адамдарда әртүрлі болады да, адамның өмірі мен қызметіне сан алуан әсер етеді. Қызығулардың ерекшеліктері адамның ерекшеліктерін де сипаттайды. Қызығулардың мазмұны адамның бағыт-бағдарын, оның өмірде алдына қойған мақсаттарын білдіреді. Қызығулардың тереңдігі адамның жалпы дамуымен, ақыл-ойымен тығыз байланысты. Қызығулар өсіп дамуы мүмкін егер, адамның қайсыбірі пайдалы нәрсеге, мысалы, көркем әдебиетті оқуға, өнерге ынтасы жеткіліксіз болса, бұларды, әуелі тиісті сабақтарға өзін мәжбүр етіп, содан соң, ой-өрісінің кеңеюіне қарай баулып тәрбиелеуге болады, қызығуы бірте-бірте өсіп, тереңдей түседі. Бірақ адам бұларды қолдап отырмаса, оған қамқорлық жасамаса, оларды кезінде қанағаттандырмаса, қызығулар бірте-бірте нашарлап, соңында мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ осылардың ішінде басты біреуі, ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар әсіресе оқу әрекетіне аса қажет. Оқу қызығу-

Осындай қажеттіліктердің өтелмеуінен адам көп қиыншылық көреді, өйткені бұл оның сана-сезімінің өсуіне кедергі келтіреді. Қажеттілік жануарларда да бар. Бірақ бұл – биологиялық сипаттағы қажеттіліктер. Жануарлардың қажеттіліктері олардың қоректенетін заттарын іздестіруінен жақсы байқалады. Мәселен, тауық жерден дән іздеп зыр жүгіреді.

ларының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы баланың сабақ үлгіруіне, білімді терең алуына көп жәрдем тигізеді. Оқу қызығулары балаларда оқу мотивтерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады.

Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытына қарай: материалдық, қоғамдық, саяси, кәсіптік, спорттық, танымдық, т.б. болып келеді. Бұлардың әрқайсысы өз алдына бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, таным қызығулары оқуға, ғылымға қызығу, кәсіптік қызығулар сан салалы кәсіптің түрлеріне байланысты, эстетикалық қызығулар кино, театр, музыка, бейнелеу өнеріне, т.б. орай бөлініп жатады.

Адамның қажеттіліктері негізінде қызығулар мен бейімділіктер пайда болады, бұлар едәуір дәрежеде жеке адамның бағыт-бағдарын анықтайды. Қызығу деп адамның бір нәрсеге зейін қоюға, қайсыбір заттар мен құбылысты танып-білуге ұмтылуын айтамыз. Қайсыбір іс-әрекетке ұмтылу бейімділік делінеді.

Қызығулар мен бейімділіктер адамның эмоционалдық өмірімен тығыз байланысты. Қайсыбір қызығуды немесе бейімділікті қанағаттандырудың мүмкін еместігі қолайсыз, жағымсыз эмоциялар тудырады. Қызығулықты бір

нәрсе адамның қолынан келе қалған жағдайда, бұл оның танымдық немесе еңбек іс-әрекетінің затына айналады, сөйтіп, онда жағымды эмоциялар туады. Қажеттіліктер мен қызығулар жеке адам белсенділігінің қайнар көзі, яғни осы қажеттіліктер мен қызығуларды қанағаттандыру мақсатын көздеп, оның іс-әрекетке ұмтылуы болып табылады.

Жануарлар да белсенді келеді. Бірақ олардың белсенділігі инстинктермен (тамақтық, жыныстық, қорғаныстық) шарттасады. Осы инстинктік қажеттіліктерді қанағаттандыру процесінде жануарлар айналадағы ортаға бейімделеді, одан тіршілік етуге дайын, табиғи түрде қару, қуат алады. Адамның белсенділігі мынада: ол табиғатқа онша бейімделе бермейді, оны қайта өзіне бағындырады, өздерінің қажетін қанағаттандыру үшін өндірістік әрекет процесінде өзгерттеді.

Осының негізінде келіп туатын қызығулар, қажеттіліктер сияқты материалдық және рухани болып бөлінеді. Бірақ қажеттіліктер негізінде пайда болған қызығулардың өзі жаңа қажеттіліктер мен бейімділіктердің пайда болуына себепші бола алады. Мысалы, поэзиялық қызығушылық сол адамның өзінің өлең жазуға деген құштарлығын туғызуы мүмкін.

Қандай да бір пәнге қызығуы не болмаса сабаққа бейімділігі тікелей немесе жанама түрде болады. Адамның тікелей қызығушылығы жағдайында пән не жұмыс өзіне тартады. Бірақ, мысалы, математикаға деген тікелей қызығуды адам басынан өткермейтін жағдай жиі болады, бірақ ол техникаға ынта қояды және бұл салада математикасыз ештеңе болмайтынын түсінеді. Техникаға деген ынта арқылы адамда математика сабақтарына да қызығушылық туады. Ал бұл қызығу енді тікелей емес, жанама болады.

Қызығулар адамның рухани және дене күші дамуының аса маңызды шарттары болып табылады және оның ой-өрісін кеңейтіп, білім алуға итермелейді. Бұлар адамның іс-әрекетін жеңілдетеді, жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі. Егер адам бір нәрсеге қызығатын болса, ол кез келген іспен шұғылдану үшін зор қиыншылықтарды жеңуге дайын тұрады. Мектеп оқушыларының оқу жұмысын ұйымдастырушылар мұны есте ұстауы керек. Оқушы ұнатқан сабаққа зор ынтамен дайындалады да әдетте, мұны жақсы оқитын болады.

Іс-әрекет процесінде қызығулар бейімділікке барып ұласады.

## 8.6. Жеке адамның қасиеті ретінде ақылдың сапасы

Ойлау әрекеті – жеке адамның ақыл қасиеттерін сипаттайды. Ақылдың неғұрлым маңызды сапаларын атап өтейік:

а) Ойдың *тереңдігі*, яғни теория мен практиканың аса қиын мәселелерінің мәніне ене білу, оған түсіну, құбылыс себептерін ұғыну, оқиғалардың одан әрі барысын көре білу. Ақыл тереңдігіне қарама-қарсы сапа – пікір туғызудың, ойша қорытудың тайыздығы, мұнда

адам ұсақ-түйектерге көңіл аударады да, бастыларын көрмейді.

ә) Мәселені түгелімен қамтуға қабілеттілігін көрсететін ой-өрісінің *кеңдігі*, мұнда істің мәніне ғана еніп қоймайды, сонымен қатар, онымен ненің байланысты екендігі туралы ойлайды, оның үстіне процестің немесе құбылыстың ұсақ-түйектерін ойынан таса қылмайды.

б) Ақылдың *ікемділігі*, яғни жағдайдың өзгеруіне байланысты өзінің

қорытындылары мен шешімдерін қайта қарай білу, мәселені шешуде үйреншікті үлгіге жармаспау, алдын ала келісілген пікірдің болмауы. Мұндай қасиеттерге ие болмаған адамдар тек күн ілгері пішілген үлгі бойынша ғана әрекет етеді, ойлауға топас келеді, жаңалықтан жаны қорқады.

в) Ақыл *сыншылдығы*, яғни қандай қағиданы болса да (өзінікі болсын, басқанікі болсын) қалай болса солай көзсіз қабылдай бермей, оны сын көзімен қарап, оны жақтайды да, оған қарсы да дәлелдемелердің бәрін өлшестіріп көріп, тек содан кейін ғана белгілі ережені қабылдай білу. Басына алғаш келген ойды дұрыс екен деп санап, соған жармаса түсетін адамға қарағанда, қатаң сынай отырып ойлайтын адам қай мәселе жөнінде болса да неғұрлым дұрыс шешім қабылдайды.

Ақыл-ойдың тез және өз бетімен ойлау сияқты сапасын да көрсетіп өтуге болады. Бұл ерекшеліктердің бәрінің де ойлау әрекетінде үлкен маңызы бар.

Адамның ақыл-ой сапаларының дамуы оның алған білімдеріне байланысты. Бірақ ақыл мен білімді бір деп санауға болмайды. Білімдері көп болғанымен, оларды пайдалана білмейтіндер де болады. Ақылды жеке адамның белсенділігімен, өзінің ақыл-ой күшін пайдалы іс-әрекетке қолдануға әзір болуымен біріктірудің маңызы зор. Ақылды, бірақ енжар адамдар да болады, олардың ақылдары өлі капи-

тал ретінде, тиісті жеріне пайдаланылмай қала береді.

Ақылды адам, тиісті жеріне өз ақыл-ын пайдалануы үшін өз білімін бір жүйеге келтіруі тән нәрсе. К. Д. Ушинский ақыл-ойды ұйымдастырылған білім жүйесі деп тектен-текке айтқан жоқ.

Ақыл-ой тек үлкен істерде, күрделі теориялық және практикалық мәселелерді шешуде ғана емес, сондай-ақ адамның күнделікті істерінде де, ақыл-ойды оншалықты қажет етпейтіндей болып көрінетін, қарапайым дене еңбектерінде де керек.

Осыған байланысты грек философы Демокриттің өмірінде болған мына бір жайт қызықты-ақ. Бірде ол шеберлікпен жымдастырылып байлаған үлкен бір бума отынды арқалап келе жатқан бір бозбаланы кездестіреді. Демокрит жас жігітпен отынды шашып, қайтадан бұрынғыдай етіп жинастырып қоюын өтінді. Ол оның өтінішін орындағанда, Демокрит: «Жігітім, сенің күшті ақылың бар екен, саған үлкен істермен айналысу қажет», – дейді. Сөйтіп, Демокрит оны өзіне шәкірт болуға шақырады. Бұл бозбала кейіннен атақты философ болған Протагор еді.

Ақылды адам, әдетте, өз іс-әрекетінде аздаған ғана қателік жібереді. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Адам жасаған қателігін жөндей алуы үшін бұл қателіктерге ойлы көзбен қараудың мәні бар.

Жоғарыда көрсетілген жеке адамның қасиеті ретіндегі ой сапалары іс-әрекет үстінде қалыптасады.

## 8.7. Дүниетаным, сенім, мұрат

Жеке адам психикасының неге бағытталғандығын көрсететін негізгі компоненттердің бірі – адамның дүниетанымы мен сенімі. *Дүниетаным* – адамның табиғат пен қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Дүние-

танымның негізі бастауыш мектеп кезінде қаланады да, бала кәмелет жасқа келгенде, оның дүниетанымы біршама қалыптасады. Адамның дүниетанымы ұжымшылдықты, имандылықты, оптимизмді дәріптеп қоймай, әр адамды

дүниені қайта құру жолындағы жанқиярлық күреске баулиды.

Адамның алдына қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымының өміріне байланыстылығы берік сенімнен туады. Адамның дүниетанымына берік сенім нақты іс-әрекеті мен тәжірибесіне байланысты, бекімеген дүниетаным берік болмайды. Сенім мен дүниетаным қатарласып жүрсе ғана адам санасы нұрлана түседі. Өйткені бұл екеуі құстың қос қанатындай адамның ең асыл қасиеттері болып табылады. Берік сенім жоқ жерде тыңғылықты дүниетаным да, тұрақты мінез-құлық та болмайды.

*Сенім дегеніміз* – адамның өмірде өзі ұстанатын принциптері мен мұраттарына терең әрі негізделген нанымы.

Сенім кісінің еркін білдірген, сезімін қозғаған, мақсат-мүддесіне, бағыт-бағдарына айналған білім жүйесі. Мұндай дүниетанымды қалыптастыру үшін адамға бәрінен бұрын білім негіздерін меңгеру қажет. Білімсіз дүниетаным қорланбайды. Өйткені білім – дүниетанымды қалыптастыратын негізгі құрылыс материалы.

Жеке адамның психикасын нұландыратын қасиеттердің бірі – мұрат (идеал). Бұл адамның өзіне өмірден өнеге іздеу, біреуді ардақ тұтып, қастерлеуі.

*Мұрат* – адамның алдына қойған ардақты, ең асыл мақсаты, адам тап қазір басшылыққа алатын және оның өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын анықтайтын образ. Адам осыған жету үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады. Өзін тәрбиелеуге кіріседі. Барлық күш-жігерін соның соңына сарп етеді. Мұрат дүниетаным, айқын сенім, сөз бен істің байланысы бар жерде ғана болады. Оқушыларды асыл мұраттар рухында тәрбиелеу – бастауыш мектеп мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі.

Қызығу, сенім, талап, мұрат адамды әр кезде іс-әрекетке итермелеп отыратын ең негізгі қозғаушы мотивтер болып табылады. Мән-мәнісі адамға онша айқын емес, көмескі күңгірт болып көрінетін мотивтер де толып жатыр. Осы топтағы мотивтердің қатарына бағдар (установка), фрустрация, («фрустрация» – латын сөзі, қазақшасы «босқа әлек болу», «жолы болмау» деген мағынаны білдіреді) елігу, стереотиптерді жатқызуға болады.

Адамның жолы болмай, босқа әлек болған жан күйзелісін, психологияда фрустрация деп атайды.

Енді осылардың кейбіріне қысқаша тоқталып өтейік. Мәселен, грузин психологі, академик Д. Н. Узкадзе (1886–1950 жж.) зерттеген бағдар теориясының мәні мына төмендегі қарапайым тәжірибеден жақсы байқалады. Салмағында айырмасы бар екі шарды қолмен 10-15 рет ұстап көрген адам бұлардың айырмашылығын оңай сезе алады. Кейін осы кісіге салмағы бірдей екі шар берілгенде, ол бұларды бұрынғысынша екі түрлі деп қабылдайды. Тәжірибенің негізгі мәнісі де осында. Салмағы бірдей екі шарды осылайша теріс қабылдауы (иллюзия) – оның алдыңғы қабылдауындағы субъективтік жағдайына байланысты туған. Мұндайда адамның зейіні қабылдайтын заттың өзіне емес, сол зат туғызатын сезімге, көңіл күйіне ауып кетеді. Осы тәжірибеде де бір-біріне тең шарларды аңғармай, қате қабылдау осындай жайттан туған.

Адамның қажеті мен мақсатын жөндеп сезіне алмаған жағдайы бағдар деп аталады. Мұндай жағдайды күнделікті өмірде де жиі кездестіруге болады. Мәселен, бірінші сынып оқушылары үшін мұғалім – қай жағынан да аса беделді адам. Оның ақ дегені – ақ, қара дегені – қара. Сондықтан олар кейде

кейбір мұғалімдердің теріс өнегелерін де талғамай, қабылдай береді. Оқушылардың мұғалім жөніндегі біржақты

түсініктері осындай, әлі де айқындала қоймаған түйсіктің тек мұғалім жөніндегі бағдардың жай көрінісі.

### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жеке адам деп кімді айтамыз?
2. Дүниетаным дегеніміз не?
3. Топ неше адамнан тұрады, қандай топтар үлкен топтар деп аталады?
4. Рухани қажеттер дегеніміз не?
5. Мотив дегеніміз не?
6. Қызығу дегеніміз не?
7. Адамның алдына қойған мақсаты қалай аталады?
8. Фрустрация дегеніміз не?

#### №1 тапсырма.

«Жеке адам», «Азамат», «пенделік», «даралық», «кісі», «тұлға» деген ұғымдар арасындағы айырмашылық қандай? «Азамат» деген ұғым бірнеше мағынада қолданылатыны мәлім. Қазақ елінде бұрын азамат деп кімдерді айтатын еді? Жас баланы не нақұрысты азамат деп атауға бола ма?

#### №2 тапсырма.

Адамдар арасындағы татулықты не наразылықты зерттеуде социометрия тәсілінің ролі қандай?

#### №3 тапсырма.

1. Қажеттіліктің материалдық және идеалдық түрлеріне не жатады?
2. Үй-жай салу мен тамақ табу қажеттіліктері арасында қандай айырмашылық бар?
3. Білім алу мен театрға бару қажеттілігі арасындағы айырмашылық неде?
4. Трамвайда отырған бала шаршап келе жатса да, үлкендерге орын беруді қажет деп табуы қажеттіліктің қай түріне жатады?
5. Микротоп (кіші топ), макротоп (үлкен топ) арасында қандай айырмашылық бар? Топ пен ұжым арасындағы айырмашылық қандай?

### ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

#### **1. Адамды әрекетке бағыттайтын қажетін өтеуге талпындыратын түрткі:**

- A. Мотив;
- B. Қызығушылық;
- C. Дүниетаным;
- D. Талап;
- E. Сенім.

#### **2. Жеке адамның өмір бағытын көрсететін компоненттер:**

- A. Ақыл-ой;

- B. Ес, ойлау, қиял, мінез;
- C. Қызығушылық, темперамент;
- D. Мотивтер мен қажеттер, бейімділік пен қызығулар, дүниетаным мен сенім;
- E. Түйсік, зейін.

**3. Топ басталатын адам саны:**

- A. 1;
- B. 2;
- C. 4;
- D. 6;
- E. 8.

**4. 2-ден 40 адамға дейінгі топ атауы:**

- A. Шағын топ;
- B. Үлкен топ;
- C. Орташа топ;
- D. Ресми топ;
- E. Реалды топ.

**5. Жеке адам сапалары негізінен тәуелді:**

- A. Ептілігіне;
- B. Интеллектіне;
- C. Қатынастар өрісіне;
- D. Нәсілдігіне;
- E. Организм табиғатына.

**6. Жеке адамның тұрақты қасиеттерін қалыптастырушы фактор:**

- A. Аталғандардың бәрінің бірлігі;
- B. Тума нышан;
- C. Нәсілдік белгі;
- D. Әлеуметтік мәдени сапа;
- E. Аталғандардың ешқайсысы емес.

**7. Адамның өз басына ықпал жасаушы өзіндік рухани күштеріне қатынасы:**

- A. Көбіне сезбейді;
- B. Ырықты;
- C. Нақты жоспарлы;
- D. Тіпті сезбейді;
- E. Саналы.

**8. Жеке адамның қажетсіну аймағының өрістеуіне себепші басты фактор:**

- A. Генотип;
- B. Жеке белсенділік;
- C. Қоғамдық өмір;
- D. Рух;
- E. Табиғи болмыс.

**9. Жеке адамның бағыт-бағдарының негізі:**

- A. Әлеуметтік;
- B. Табиғи;
- C. Нәсілдік;
- D. Тума;
- E. Рухани.

**10. Адамның кемелденген жетістік деңгейі тәуелді:**

- A. Қиялды мақсатқа;
- B. Нақты іс-әрекеттік мақсатқа;
- C. Өмірлік объектив мақсатқа;
- D. Субъектив нанымдарға;
- E. Табиғи болмысқа.

**11. Адамның мотивтік аймағының сипатына жат құбылыс:**

- A. Тұрақты, нақтылық;
- B. Динамикалық;
- C. Көптүрлілік;
- D. Жанамалық;
- E. Көпөлшемділік.

**12. Жеке адамның психикасын нұrlандыратын қасиеттің бірі:**

- A. Бағдар;
- B. Мұрат;
- C. Сенім;
- D. Талап;
- E. Фрустрация.

**Әдебиеттер:**

1. Ж. Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
3. А. Темірбеков, С. Балаубаев. Психология. – Алматы: Мектеп, 1966.

## 9-тарау. Іс-әрекет психологиясы

### Жоспар:

9.1. Іс-әрекет туралы жалпы ұғым.

9.2. Іс-әрекет түрлері.

9.3. Жеке адамның іс-әрекетінің психологиялық құрылымы.

9.4. Іс-әрекетте дағды мен ептілікті қалыптастыру.

### 9.1. Іс-әрекет туралы жалпы ұғым

Адам, еңбектің қай түрімен айналысса да, өмірге ең алдымен қайраткер, іскер және жасампаз болып келеді. Іс-әрекет арқылы адамның рухани өмір байлығы: ақыл-ой тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдау қабілеті, ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

*Әрекет дегеніміз* – түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс. Адамның іс-әрекеті – күрделі процесс. Оның құрамына жеке амалдар мен қозғалыстардың жүйесі кіреді. Адам әрекетінің белгілі түрімен айналысу арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны шамасынша өзгертіп отырады. Жеке адам санасы мен психикасының дамуында іс-әрекеттің шешуші ролімен қатар, сана да іс-әрекеттің күрделене түсуіне ықпал жасайтынын еске алуымыз қажет. Адам әрекеті сан алуан. Оның негізгі түрлері болып саналатын: ойын, оқу, еңбек әр уақытта белгілі бір мақсат-міндеттерге бағытталап отырады.

Іс-әрекет үстінде сана қалыптасады. Адамның іс-әрекеті оның өз алдына қойған мақсатымен сипатталады. Егер мақсат болмаса іс-әрекет те болмайды. Адам өз алдына белгілі бір мақсат қоймай бірдеңе істейтін кездері де

болады. Қызығумен ол бір қылықтар жасайды, артынан онысына опынады. Ол қылықтың нәтижесінен пайда болмайды. Бұл жағдайда адамның қылықтары іс-әрекеттілік сипат алған жоқ, импульстік қылықтар ғана болды.

Мұқтаждықтар негізінде адамда іс-әрекетінің мотивтері пайда болады, яғни белгілі бір мұқтаждықты қанағаттандыруға байланысты оған бой ұру пайда болады. Сөйтіп, *мотив дегеніміз* – іс-әрекетке итермелейтін себеп, ал *мақсат дегеніміз* – адамның белгілі бір іске талпынуы. Мақсат мотивке сай келе бермейді. Бірақ мақсаттың іс-әрекетінің мотиві болуы маңызды. Бұл жағдайда ол адамда алдына қойған міндеттерін мүмкін болғанша жақсы орындауға талпыну пайда болады. Бұл оның мұқтажына айналады.

Іс-әрекет процесінде адамның алдында бір ғана мақсат тұрмайды, бір-біріне байланысты мақсаттардың бүтін бір жүйесі тұрады. Егер мектеп оқушысы алгебрадан есеп шығаратын болса оның алдында тұрған ең таяу мақсаты – дұрыс жауапты тауып шығару. Ал оның бұл тікелей міндетіне қоса алгебралық білім алуға ұмтылу мақсаты тұрады. Ал бұл мақсат неғұрлым кең өрісті міндетке – математиканы зерттеп білуге бағынады. Бұл шәкірт-

тің соңғы мақсаты емес. Бұл міндетке жалпы, басты мақсатқа білімді адам, шебер маман, ұжымдық қоғамды құрушы, оның мүшесі болу мақсаты болу да тұрады.

Бұл жүйеде бір мақсаттар ең таяу тұратын болады да, екінші бірі келешек мақсаттар болады. Егер адам қысқа, шолақ мотивтерді басшылыққа алса, оның іс-әрекетінің келешегі болмауы мүмкін. Бұл оның мүдделерінің тар өрістілігін немесе қажетті принциптілігі жоқ адамдар әдетте ең қарапайым ғана мақсаттар қояды. Бұл адамдар еш нәрседен бас тартпайды, олар үлкен қайшылықты жеңіп шығуға әдеттенбеген.

Алыс жатқан мотивтерді басшылыққа алатын адамдар ең таяу мақсаттарды өзінің іс-әрекетіндегі басты мақсатқа жету жолындағы қажетті саты, қажетті кезең деп қарайды. Мұндай адамдарды кездескен қиыншылықтар жұмысқа бой ұрудан айнытпайды, жеке сәтсіздіктер жігерін әлсіретпейді, қайта өзінің бүкіл өмірінің мақсаты болатынын алдына қойған міндетті шешуге жігерлендіре түседі. И. П. Павлов оны жұмысқа итермелейтін себептердің бірі – алға қойылған мақсатқа жету жолында қиындықтардың кездесетінін жайдан-жай айтқан жоқ. Адамның іс-әрекетінің қандайы болса да психо-физиологиялық процестердің күрделі құрылымынан тұрады. Оның қарапайым элементі қозғалыс, оны біз ұйықтамаған сергек кезімізде үнемі жасап тұрамыз.

Адам жасайтын жеке қозғалыстар күрделі кешен болып бірігуін *әрекет* деп атаймыз. Бір мақсатқа біріккен әрекеттердің жиынтығын ғана іс-әрекет деп атауға болады. Ол белгілі бір ұзақ уақытқа созылуымен сипатталады. Педагогикалық іс-әрекет туралы айтқанда біз мұғалімнің бір рет жасаған әрекетін емес, ұзақ уақыт бойы педагогтік толып жатқан қылықтар мен әрекеттерінен тұратын оның мектепте жасаған күнделікті, жүйелі еңбегін айтамыз.

Іс-әрекеттің қандайына болса да бір қатар компоненттер кіреді.

Ондай құрылым: міндетті қоя білу, жұмысты жоспарлау, оның неғұрлым тиімді әдістерін іріктеп алу, іс-әрекетті орындау, нәтижелерін тексеру, қателерді түзеу, қорытындыны жасау – адамның іс-әрекеттерінің көптеген басқа түрлері де болады.

Іс-әрекеттің дамуымен байланысты (оны игеріп алумен немесе алға қойылған міндеттерді шешумен байланысты) оның құрылымы өзгереді. Күрделі емес іс-әрекет кейінірек құрамды бөлігі ретінде неғұрлым күрделі іс-әрекет қатарына енуі мүмкін. Егер 1-сыныптың оқушысына жазу процесі – дербес іс-әрекеттің (білім алудың, шығармашылық еңбектің, т.с.с) компоненті болып қалады. Керісінше, іс-әрекеттің күрделі құрылымы оны орындай білуге, дағдыландыруға байланысты оңайлануы мүмкін.

## 9.2. Іс-әрекет түрлері

Адамның іс-әрекеті сан алуан түрлі болады. Материалдық және рухани өмірге қажеттердің бәрі болып өмір сүру үшін адам қоршаған дүние жөнінде хабардар болуға, табиғат, қоғам туралы дұрыс түсінігі болуға, айналадағы адамның және өткен ұрпақтардың

тәжірибелерін игеруге тиіс, оған іздену, ойлану, білу, зерттеу, танымдық іс-әрекетпен шұғылдануы тиіс. Сезім мүшелері мен ми адамға қоршаған дүниені қабылдауға, білгендерін есте сақтауға, оны ойына түсіруге, ойлауға мүмкіндік береді. Сондықтан психикалық про-

цестер: қабылдау, ес, ойлау, қиял – мұның бәрі адамның танымдық іс-әрекетінің көрінісі.

Адам өмірінде «сөйлеу» іс-әрекетінің де маңызы үлкен, соның арқасында адамдар бір-бірінен керекті мәліметтер алады, тәжірибе алмасады.

Бірақ адам тек дүниені танып қоюмен ғана өмір сүре алмайды. Тіршілік ету үшін материалдық және рухани байлық қажет, бұларсыз қалыпты өмір сүру мүмкін емес. Материалдық және рухани байлықтар еңбек іс-әрекетінің процесінде жасалады, бұл дене және ақыл-ой қызметі формасында жүзеге асырылады. Ал қоршаған дүние жайында хабардар болуы үшін, өзінің мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында оны қайта құра білу үшін, адам жас күнінен бастап оқу қызметімен шұғылданды тиіс.

Іс-әрекеттің ойын, оқу, еңбек сияқты үш түрі бар. Олардың арасындағы айырмашылығы – қорытындылары, ұйымдастырылуы, мотивінің ерекшелігі арқылы ажыратылады. Егер еңбек пен оқу үшін адам дене қуаты және психикасы жағынан даяр болса, оның ағза жағдайы олармен шұғылдану үшін тиісті дәрежеде болса, міне, сонда ғана оның еңбегі жемісті болады. Балалардың өмірге мұндай даярлығы болуы үшін ойын әрекетінің маңызы үлкен.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қоғамда тұрады, әрекет жасайды, сондықтан оның іс-әрекеті қоғамға бағынады, қоғамдық мұқтаждықтарды белгілі дәрежеде қанағаттандыруы үшін қызмет етеді. Нағыз саналы қызметінде жеке адам мотивтері қоғамдық мақсаттармен ұштасып қосылып жатады.

**Ойын** – бала әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы баланың белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да

қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, ойын арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды.

Баланың жасы өсумен қатар, ойнайтын ойынның мазмұны да өзгеріп отыратыны белгілі, мәселен, бір жастағы бөбектердің ойыны манипуляциялық (сыртынан ұстап көріп, тарсылдату деген мағынада) сипатта болса, балалар бақшасындағы балалар сюжеттік ойындармен айналысады.

Бастауыш сынып оқушылары ойындарының басты ерекшелігі – оның ұжымдық сипатта болатындығы. Әрине, жеті-сегіз жасар балалардың ойын ұжымы әлі де жөнді дағдыланбаған, мұндай ұжымның құрамы екі-үш баладан аспайды. Ал үшінші, төртінші сынып оқушыларының ойындарында ұжымдық сипат жақсы жетіледі. Ұжымдық ойындарда бала жолдастықтың мәні неде екенін түсіне бастайды. Өзінің басындағы мінез-құлықтың кейбір теріс бітістерінен ұялып, одан арылғысы келеді. Ұжымдық ойындар баланың моральдық, эстетикалық сезімдерінің қалыптасуына да әсер етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының өмірінде спорттық ойындар да едәуір орын алады. Олар футбол, волейбол, теннис, городки, асық ойындарын ойнай алады. Бұл ойындарда ережелерді сақтау, бір-бірімен жарысу көздері күшті болады. Сондықтан да мұндай ойындар дербестікті, жылдамдықты, ептілікті, тапқыштықты қажет етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері бала ойындарына дұрыс жетекшілік көрсету арқылы оның денесін ғана шынықтырып қоймай, онда жақсы психологиялық қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

**Оқу әрекеті.** Оқу дегеніміз – еңбек әрекеттерін орындауға қажетті білімді,

дағдыны және білгірлікті жүйелі игеру процесі. Мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді. Білім меңгеру – ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс. Оқу материалдары бала психикасына зор талап қояды. Әр нәрседе себеппен қатар нәтиже де болатындығына баланың түсініп, көзінің жетуі **ұғыну** деп аталады. Бастауыш сынып оқушылары оқу материалдарының мәнісіне тереңдеп бара бермейді. Оларды жай жаттап алады да, өз бетінше пікір айтуға орашолақ келеді. Бұдан талдау, біріктіру процестерінің балада онша дамымағаны көрінеді. Мұғалім оқушы ойлауындағы талдауға жеткіліксіз көңіл бөлетін болса, бала материалдың бір-бірімен қиысып байланыспаған жеке жақтарын меңгереді де, осыдан ұғымның мәніне толық түсінбей қалады. Сондай-ақ, мұғалім біріктіру тәсілін ойдағыдай пайдалана алмаса, жаңа материал бұрынғысымен дұрыс байланыспай қалады да, берілген мағлұматтың практикалық мәні кеми түседі. Кейбір мұғалімдер баланың белсенді ойлау процесін дамытудың орнына оның ес-қабілетін өсіруге ерекше мән береді, бұдан баланың есін дамыту онша мәнді нәрсе емес деген қорытынды шықпайды. Балаға ойлаттырып, әр нәрсені бір-бірімен салыстырғызып, талдап, жинақтатып, дәлелдеткізіп үйретсе ғана олардың танымы мазмұнды болады. Ал материалды өз күйінше жаттап алу, оның мағынасын түсінбей оқу жақсы нәтиже бермейді, бала дұрыс білім ала алмайды. Бастауыш мектеп мұғалімдері осы жайды қатты ескергендері дұрыс.

Мектеп оқушыларының оқуға саналы қатынасуын тәрбиелеп, дамыту-

да мұғалімдер ұжымының алатын орны ерекше. Мәселен, олардың арасында мектепке, оқуға сырттай қызығып келетін балалар да жиі ұшырайды. Мұндай бала мектеп үйіне, оның партасына, мұғалімге, өзіндей балаларға көңіл бөледі. Оқу оны жөнді тартпайды, өйткені оған қиын көрінеді. Баланың көбінесе ойнағысы келіп тұрады, партада дұрыс отыра алмайды, жиі қозғалады, айналасына алақ-жұлақ қарай береді. Мұндай баланы үйінде ойлантаып не тыңдатып өдеттендірмеген.

Оқуға, білім алуға ұмтылуды тудыратын мотивтер балада бірден пайда бола қоймайды. Бастапқыда бұлар өте қарапайым болып келеді. Мәселен, ол оқып-жазғанына ғана, алған бағасының жалпы санына ғана мән болады. Ата-анасынан қорқып жақсы оқуға тырысатын не жолдас баласымен бәсекелесіп жақсы оқуға тырысатын, балалар да болады. Баланың жасы өскен сайын оның оқу мотивтерінің де мазмұны өседі. Мәселен, білімді адамның халқына мол пайда келтіретінін, жұрттың ондай адамдарды құрметтеп сыйлайтынын түсіне бастайды.

Оқу әрекетінің психологиялық табиғаты жайында, оқушылардың біршама бөлігінің не себептен сабақ үлгіре алмай, екінші жылға қалып қоятындығы жайлы сөз болғанда, төмендегідей себептері анықталады. Үлгірмеушілік негізінен екі түрлі себепке байланысты болып отырады. Мәселен, бір жағынан, оқыту тәсілдері мен бағдарламалардың олқылықтары, оқушыға берілетін білім мөлшерінің нақты белгіленбеуінен туса, енді бір жағынан, балалардың өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болып отырады. Соңғы кезде психологиялық тұрғыдан жүргізілген зерттеулер балалардың өзіне байланысты болатын үлгірмеушіліктің төрт тобын ашып отыр. Сабақ үлгірмейтін балалардың бірінші тобына – мұ-

ғалім бақылауынан біраз уақыт шығып қалған оқушылар кіреді. Екінші топқа – ми ауруларымен ауырған балалар жатады. Үшінші топқа – туғанынан мүкіс еститін не естуі кейіннен нашарлаған балалар жатады. Мұндай балаларды ақыл-есі кем балалар оқитын мектепке жіберу дұрыс емес. Нашар еститін балалар өздеріне арнайы ашылған мектептерде ғана оқуы қажет. Түрлі аурулармен ауырып, ағзасы әлсіреген балалар үлгермейтіндердің төртінші тобын құрайды. Осы топтың балалары санаториялық мектептерде оқыса, оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп кете алады. Үлгермеушілердің бірінші, үшінші, төртінші тобындағы балалар, жетілдірілген әдістермен оқытылса, олардың оқу керенаулығы жойылып, ақыл-ойының белсенділігі біртіндеп артатын болады.

Балалардың сабақ үлгермеушілігінің көзін неғұрлым ерте табу, сондай-ақ оларға қажетті психологиялық шараларды таңдай білу – әр мұғалім ойластыратын негізгі мәселе. Бұл сонымен бірге педагогика, психология ғылымдарының әлі де болса тәптіштеп зерттей түсетін зор мәнді ғылыми проблемасы.

**Еңбек әрекеті.** Адам психикасын қалыптастыруда шешуші роль атқаратын әрекеттің бірі – **еңбек**. *Еңбек дегеніміз* – адамдардың материалдық және рухани қажетін қанағаттандыратын қоғамдық пайдалы өнім өндіруге бағытталған іс-әрекет. Еңбек адам тіршілігінің арқауы, оның өмір сүруінің басты шарты.

Жас баланың еңбек дағдылары жанұяда қалыптаса бастайды. Тіпті, екі-үш жастағы балалардың шешініп, киінуінде де, ойыншықтарын жинап қоюында да еңбек процесінің элементтері бар. Мектепке дейін бала үй-ішіне қолғабысын тигізеді, үй сыпырады, гүлге су құяды, үй жануарларын күтеді,

т.б. Осы айтылғандардың бәрі – еңбек процесінің нақты көріністері. Баланың жасы өскен сайын, еңбек дағдылары да қатая түседі, оның шеңбері кеңіп, мазмұны тереңдейді. Жеке адам қайда да қоғамнан, ұжымнан тыс жеке еңбек етіп, өз қажеттерін қанағаттандыра алмайды. Тек қоғамның барлық мүшелерімен ынтымақтасқан еңбек қана адамға зор қуат беріп, оның түрлі қажеттерін өтеуге жарап, психикасын байытады.

Еңбектегі табыстар мен нәтижелер, адамның дүниетанымына, наным-сеніміне, мақсат-мүддесіне, нақты қажетіне сәйкес келу-келмеуіне қарай әртүрлі болады. Не үшін еңбек ететіндігін бар саналылығымен сезіну – еңбек етудің ең басты түрткісі болып табылады.

Еңбек үстінде кісі өзіне, қоғамға қажетті материалдық игіліктерді өндірумен бірге өзінің психологиялық қасиеттерінің жақсы жақтарын біртіндеп қалыптастырып отырады. Еңбек үстінде кісінің өзіне-өзі қызмет ете алу қабілеті, практикалық іскерлігі, дербестігі, икем дағдысы, ынтасы мен тапқырлығы, белсенділігі шыңдала түседі.

Еңбектің қандай түрі болса да құрметті және қадірлі, жаман еңбек болмайды. Адам өз еңбегінің жұртқа және өзіне пайдалы екендігін, одан шығатын нәтижені үнемі сезініп отыруы тиіс. Еңбек тек өнімді, пайдалы болып қана қоймай, ол сонымен қатар шығармашылық еңбек болуы қажет. Адамда еңбек дағдылары мен іскерлік, шеберліктің жақсы ұштасып келуі, адамдардың еңбектегі өнер тапқыштығын, шығармашылығын арттырады, оның ақыл-ой әрекеті жан-жақты дами бастайды. Мұғалімдер балаларды еңбектің кез келген түріне, одан шығатын нәтижелерге сый-құрмет көрсету рухында тәрбиелеп отыруы тиіс. Жас баланың еңбек дағдылары жанұяда қалыптаса бастайды. Өйткені тіпті

кішкентай еңбектің өзі зейіннің бір жерге жиналуын, дәлдікті, күш салуды қажет етеді. Еңбек дағдыларының маразмсыздығы төменгі сынып оқушыларына тән қасиет. Мұндай жағдайды баланың жазу дағдысын қалыптастыру кезеңінде де байқауға болады. Еңбек сабағында да осы жай байқалады. Бұл оның ағзасын тез шаршатады. Егер еңбек сабағы ұйымдастырылса, балалар оған бар ынтасымен кірісетін болады.

Мұғалім еңбек сабағында баланы табандылыққа, мақсатқа ұмтылуына, өз бетімен істеуге талпынушылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуде басқа «пәндік» сабақтардан гөрі біраз артықшылығы бар екенін үнемі есінен шығармауы тиіс. Өйткені оқу мен тәрбиенің егіздігі, бізге әр нәрсенің тәрбиелік жағынан баса назар аударып отыруды қажет етеді.

Бастауыш мектепте дұрыс ұйымдастырылған еңбек сабақтары оқушылардың ой-өрісін жан-жақты зерттеп-білуге мүмкіндік береді, олардың шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін қосарластыра дамытатын болады.

Адамның мәнсіз еңбектен шаршап, оның тіршілік әрекеті уақытша нашарлап отыратын кездері болады. Мұндайда орталық жүйке жүйесінің сыртқы әсерге жауап беруі бәсеңдейді. Кісінің өз жұмысына қызығуы, онда жауапкершілік сезімінің күшті болуы, іс-әрекеттің әр түрін дұрыс ұштастыра алуы, оның мәні мен нәтижесін саналылықпен түсінуі кісіні оншама шаршата қоймайтыны хақ. Шаршау, үлкендерге қарағанда, жасөспірімдерде көбірек байқалады. Мұны олардың зейін тұрақсыздығынан, мидағы тежелу процесінің сыртқы тітіркендіргіштерге қайтаратын жауап реакцияларының әлсіздігінен, оқу материалдарын дұрыс ұға алмауынан аңауға болады.

Жиі шаршамау үшін оқу мен еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырып, бұлардың жүйелі ұштастырылуына көңіл бөлу қажет.

Шаршау – организмде әркез пайда болып отыратын заңды психофизиологиялық құбылыс. Дұрыс ұйымдастырылған демалыстан кейін шаршау басылады да, организм тың қалпына қайта келе бастайды. Ал шаршау қайталана берсе, ол оның созылмалы түрі қажып, болдыруға ауысуы мүмкін.

Қажу немесе болдыру ми қабығының біркелкі жұмыс істеу қабілетінің бұзылуынан байқалады да, адамның көңіл күйіне қолайсыз әсер ете бастайды. Мұндайда бас ауырады, адамда орынсыз ашушаңдық, әлсіздік, асқақ табет шаппау, ұйқы бұзылу, т.б. осы секілді қолайсыз жағдайлар туындайды. Жүйке жүйесінің қажуы ақыл-ой жұмысының нәтижесін төмендетеді, адамның, оқуға ықыласы соқпай, оқығанын тез ұмытып қала беретін болады. Қажу, болдыру кейде үй жағдайының тынымсыздығынан, айналасындағылармен түсінісе алмаудан, бұларға іштей ренжіп, қайғырып қиналудан да туындайды. Сондықтан невроз ауруына шалдықпау үшін үйде және мектепте қолайсыз жағдайлар болса, шамадан тыс көп оқуға, ұйқы режимінің демалу тәртібінің жүйесіздігіне, т.б. жол бермеу қажет.

Жиі шаршау – болдырудың субъективтік көрсеткіші, бұл – «басталып келе жатқан болдырудың белгісі» дейді А. А. Ухтомский (1875–1942).

Сондықтан да, әрбір адам өз мүмкіндіктерін ескере отырып, шаршау мен болдыруға төтеп бере алатын жағдайларды үнемі еске алып отыруы абзал. Бұл үшін:

1) жұмыс орнының тазалығы мен жинақы болуы, оның микроклиматы мен жарықтығы, ауа тазалығы тиісті гигиеналық талапқа сай келуі тиіс;

2) әр адам өзінің жеке-дара ерекшеліктерін еске алып, түрлі жұмысқа қажетті қозғалыс-қимылдарды ретімен дұрыс пайдалануы, әсіресе дене шынықтыру мен режимнің талаптарын қатаң сақтауы қажет;

3) орыс физиологы Н. Е. Введенский (1852–1922) белгілеген жұмыс қабілетін арттырудың бес шартын сақтау, атап айтқанда:

- а) жұмысқа біртіндеп ену;
- ә) жұмыс ырғағын бұзбау, мұндағы біркелкілікті сақтау;
- б) іс-әрекеттің жүйелі және жоспарлы болуын қамтамасыз ету;
- в) еңбек пен демалыстың дұрыс алмасуын қадағалау;
- г) еңбек нәтижесінің дұрыс бағалануын үнемі еске алып отыру қажет.

### 9.3. Жеке адамның іс-әрекетінің психологиялық құрылымы

Жеке адам санасы мен ақылы арқылы дараланады. Жеке адамның психологиялық құрылымы мен ерекшеліктері төрт түрі жағынан қарастырылады, яғни:

1. Жеке адамның әлеуметтік өміріне қатысты ерекшеліктері: қызығу, ұмтылу (ынтасымен талаптануы), мұрат, дүниетанымдық көзқарас, сенім.

2. Адамның білімдарлығы, дағдылары, бейімділігі. Мұндай сипаттар адамның даралық қасиетін өзіндік даму деңгейін, тәлім-тәрбие негізінде қалыптасқан тәжірибесін көрсету.

3. Жеке адамның дара психикалық процестерінің тиянақтылығы мен өзіндік ерекшеліктері.

4. Жеке адамның биологиялық тума қасиеттері – нышан, жоғары жүйке қызметі. Мұндай қасиеттер машықтану мен жаттығу арқылы қалыптасып жетіледі.

Бұл ерекшеліктердің адамда тәуелсіз дамып отыратындығын ескерген жөн. Мәселен, адал әрі шыншыл немесе өтірікші болу кез келген оқушыда кездесе береді. Оқушылардың іс-әрекетіндегі әрқилы кемшіліктер осы төрт түрлі психикалық қасиеттердің біріне байланысты болуы мүмкін.

### 9.4. Іс-әрекетте дағды мен ептілікті қалыптастыру

Оқу және еңбек әрекеті үстінде оқушыларда дағды мен ептілік қалыптасады. Бұған жаттығулар арқылы мұғалімнің қажетті нұсқауларымен орындалатын әрекеттердің қайталануы арқылы қол жетеді. Егер оқушы нені үйренуге тиіс екенін айқын түсінетін болса, жаттығу дұрыс нәтиже береді. Сондықтан дағдыға үйрету алдында жаттығулардың мақсаты түсіндіріледі, сөзбен түсінік береді. Мұғалім нені қалай істеу керектігін көрсетеді.

Баланың өз жаттығуының нәтижесін білуінің маңызы зор. Сол үшін мұғалім оқушы әрекетінің жеке кезеңіне және жұмыстың ақырғы нәтижесіне баға береді. Педагог жіберген қате әрекетті уақытында, олар дағдыға айналмай тұрғанда түзетуге тиіс. Сондай-ақ, оқушыны өзін-өзі бақылауға үйретуге тура келеді, өйткені, бұл жемісті жұмыстың қандайының болса да қажетті шарты болып табылады.

Дағдыландыру процесінің іс-әрекетті талдау және жинақтау сипаты болады. Мысалы, 1-сынып оқушыларын әріп жазуға үйрету үшін мұғалім оларға талдау жасайды, демек оларды элементтерге бөледі, (таяқша, имек, дөңгелек), солардың әрқайсысын оқушылар жазып үйренуі керек. Содан соң жинақтау басталады, демек бөлек-бөлек элементтер біртұтас нәрсеге, әріпке, біріктіріледі.

Дағдыны қалыптастыруға тән кейбір сәттерді атап өтейік:

1. Ең алдымен, іс-әрекеттің қарапайым, жеке элементтері меңгеріледі, содан соң олар біртіндеп күрделірек іске бірігеді. Мысалы, баланы жазуға үйреткенде тап солай болады. Әуелі ол дұрыс отыруды, қаламды ұстауды, дәптерді ыңғайлы түрде қоюды үйренеді, әріп элементтерін жазуға жаттығады, оларды әріпке біріктіреді, содан соң тұтас сөзді жазады. Әр уақыт әуелі жеке әрекетке үйретіледі де, кейін олар біріктіріліп орындалады.

2. Әрекеттің жеке элементтері арасындағы үзіліс қысқартылады. Жазуды үйрене бастаған кезде бала әріптердің немесе әріптің элементтерін бірден қағазға түсіре алмайды, арасында үзілістер жасап тұрады. Жазу техникасын меңгерген адам әрбір сызықшадан, тіпті әріптен кейін аялдамастан, оларды біріктіріп, қолын қағаздан алмастан сөзді тұтас жазып шығады.

3. Орынсыз қозғалыстар мен қажетсіз қысылып-қымтырылу да жойылады. Жазуды үйренуде бала әуелгі кезде көп күш жұмсайды. Жазу кезінде саусақтардың ұшына ғана күш түсетін болса да, бала жазған кезде барлық денесіне күш түсіреді: аяқтарының да, сол қолының да бұлшық еттеріне күш түседі, тіпті тілі де жұмысқа қатысады. Бала кейде, пысылдайды да, мұнысы — оның демалысы да жиілейді деген сөз. Мұның бәрі, соңынан дағдыға айналған кезде өте жеңіл айтылатын әрекет-


тің өзіне бастапқы кезде қаншама күш жұмсауға тура келетінін көрсетеді.

4. Көз әрекеті азаяды да, бірте-бірте қозғалыс (кинестетикалық) әрекеті күшейе түседі. Мысалы, біз рояльда ойнауға үйренгенде, клавишіне қараймыз. Бірақ бара-бара бұл қажеттіліктің керегі болмайды, сонда ойнай отырып, біз нотаға қараймыз да, қолдың саусақтары қажетті клавишті өзі тауып жатады. Машинаға басуға үйренгенде де осыны байқауға болады. Тәжірибелі адам машинаға қарамастан, басқаша айтқанда, «көрмей басатын» әдіспен істей береді.

5. Дағдылана түскен сайын қимылдың әртүрлі нұсқалары қолданыла бастайды, жұмыс әртүрлі тәсілмен орындалады. Әртүрлі әдістердің қолданылуы дағды дамуының неғұрлым жоғары сатысында көрінеді және көп күш жұмсамай жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жақсы шебердің мамандығы жоқ жұмысшыдан айырмасы сонда, ол өз қозғалысын түрлендіре біледі. Жұмысты әртүрлі әдістермен орындағандықтан да, бұлшық еттерінің кезектесіп демалуына жағдай жасалып, аз шаршайды.

Ептілік пен дағдыға үйрену әртүрлі жолмен өтеді, ол адам неге қалай үйренуіне байланысты. Әдетте бұл процесс бір қалыпты өтеді және ептілік жаттығулар санының өсуіне қарай көрінеді де, жетіле түседі, мынандай да жағдай болады: жұмыспен ұзақ айналысу елеулі нәтиже бермейді, содан соң кенеттен секіріс пайда болады да, адам ептілікті меңгереді. Мысалы, кейбір балалар оқу процесін басқаларға қарағанда ұзақ уақыт меңгере алмай жүреді, содан соң кенеттен одан бұрын оның үйренген жолдастарынан да жақсы оқып кетеді. Сондықтан да баланың қандай да бір ептілігі мен дағдысының кеш қалыптасуына қарап, оның қабілеті жоқ деген қорытынды жасауға болмайды.

Дағдының орнығуына, оның нәтижелілігіне кедергі келтіретін себептер де бар (9.1-сызбаны қараңыз).



### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Іс-әрекет деп нені атаймыз?
2. Іс-әрекеттің саналылығы неде?
3. Мотив дегеніміз не?
4. Мақсат дегеніміз не?
5. Іс-әрекеттің түрлерін ата?
6. Іс-әрекеттің негізгі компоненттерін көрсетіңіз?

#### **№1 тапсырма.**

Төменде келтірілген мінез-құлық жағдайларының қайсысы іс-әрекетке жатады, ал қайсысы іс-әрекет болып табылмайтынын анықтаңыз.

- 1) Сәби ойыншықтарын бір орыннан екінші орынға қояды.
- 2) Қарт адамдар таза ауада серуендеп жүр.
- 3) Адам түсінде сөйлейді.
- 4) Студент ерте тұрғысы келмегендіктен, таңертеңгілік сабақтарын қалдырады.
- 5) Оқушы кітап беттерін шимайлап отыр.
- 6) Дәрігер көмекке мұқтаж көшеде кезіккен адамына көмек көрсетпеді.

#### **№2 тапсырма.**

Мотив, мақсат, міндет, орындау жағдайы, әрекет және операцияны ерекшелеп, жақсы таныс іс-әрекет түрлерін (ойын, оқу және еңбек) талдаңыз.

**№3 тапсырма.**

Төменде келтірілген жағдаяттардан іс-әрекеттің құрылымдық компоненттерін белгілеңіз (мотив, мақсат, міндет, орындау жағдайы, әрекет және операция).

а) Өз құрбысының тойында әдемі болып көріну үшін қыз бала сәнді әдемі көйлекті журналдағы киім үлгісіне салып тігеді.

ә) Өз қонақтарын таң қалдырып қуанту үшін үй иесі ас даярлаудың тәсілдері жазылған кітаптарды оқып, «экзотикалық» тағам даярлау тәсілдерін білу мақсатында таныс адамдарына хабарласып, сұрайды.

б) Ұзақ сапарға шықпастан бұрын жүргізуші өз машинасының жағдайын тексереді.

в) Семинарда жақсы баға алу үшін студент кітапханаға барып, ғылыми мақаланы конспектілеп, оқытушы берген сұрақтарға жауап іздестіреді.

**№4 тапсырма.**

Қандай да бір іс-әрекет орындалып жатқан жағдаятты оның құрылымдық компоненттерін белгілей отырып, талдаңыз. Осы жағдаяттың өзгеруіне байланысты іс-әрекетті өзгерту тәсілдерінің түрлі нұсқаларын қарастырыңыз.

**№5 тапсырма.**

Түрлі жастағы адамдардың өмірінде ойынның қызметін нақты мысалдармен көрсетіңіз.

**№6 тапсырма.**

Еңбек мотивациясын арттыру бойынша ұсыныстарды өңдеңіз.

**№7 тапсырма.**

Қандай жағдайларда іс-әрекет туралы айтылған. Қандай белгілері бойынша анықтағаныңызды айтыңыз.

а) Оқушы жаттығудың шешімін ойластыруда.

ә) Отағасы диванда жатып, газет оқып жатыр.

б) Кешкілік спортшы үнемі 3 километр жүгіреді.

в) Балалар хоккей ойнап жатыр.

г) Зейнеткер саябақта серуендеп жүр.

ғ) Ер бала өзінің итін серуендетіп жүр.

**ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ**

**1. Түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс:**

A. Әрекет;

B. Ойын;

C. Оқу;

D. Дағды;

E. Ептілік.

**2. Әр нәрседен себеппен қатар нәтижеде болатындығына баланың түсініп, көзінің жетуі:**

- A. Ойлау;
- B. Реттеу;
- C. Түсіну;
- D. Ұғыну;
- E. Үйрену.

**3. Белгілі жағдайда адамды нақты іс-әрекетке бағыттайтын фактор:**

- A. Қажеттілік;
- B. Қалау;
- C. Мақсат;
- D. Есеп түрткі;
- E. Тысқы күш.

**4. Адамның психикасын қалыптастыруда шешуші роль атқаратын әрекеттің бірі:**

- A. Еңбек;
- B. Жүгіру;
- C. Табиғат;
- D. Ойлау;
- E. Жүру.

**5. Бала әрекетінің бір түрі:**

- A. Ойын;
- B. Дағды;
- C. Ептілік;
- D. Әрекет;
- E. Мінез.

**6. Адамға өз тіршілігін сақтау, қуаттау және ұрпақ жалғасымен байланысты қажеттілік:**

- A. Жеке мүдделік;
- B. Кәсіптік;
- C. Қоғамдық;
- D. Рухани;
- E. Табиғи.

**7. Іс-әрекеттің болашақ нәтижесін күні бұрын идеалды болжау:**

- A. Қажеттік;
- B. Қызығу;
- C. Мақсат белгілеу;
- D. Ниет;
- E. Түрткі.

8. Жеке адамның психологиялық құрылымы мен ерекшеліктерінің қарастырылу жағы:

- A. 2;
- B. 4;
- C. 5;
- D. 7;
- E. 9.

**Әдебиеттер:**

1. Ж. Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 1996.
3. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
4. К. А. Оразбекова. Отбасы психологиясы. – Алматы, 1997.
5. Ә. Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық-практикалық сабақтар. – Алматы, 1978 (I бөлім), 1979 (II бөлім).

## 10-тарау. Қарым-қатынас

### Жоспар:

- 10.1. Қарым-қатынастың түрлері мен формалары.
- 10.2. Қарым-қатынастың функциялары.
- 10.3. Қарым-қатынастың түрлері.
- 10.4. Ұжым, топ және олардың жіктелуі.
- 10.5. Қарым-қатынастың мән-жайын зерттеу тәсілдері.

### 10.1. Қарым-қатынастың түрлері мен формалары

Психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың біреуі – қарым-қатынас. Қарым-қатынассыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес. Белгілі психолог А. Н. Леонтьев «дүниеге келген нәресте адам болуды адамдармен қарым-қатынас барысында үйренеді» деген.

Жас кезінде бұзақы болған Б. Франклин уақыт оза келе адамдармен қарым-қатынас жасауда зор табыстарға қол жеткізіп, нәтижесінде Франциядағы Американ елшісі болып тағайындалған екен. Мұның сырын ол былай түсіндіріпті: «Мен еш адам туралы жаман әңгіме айтпаймын, керісінше жақсы әңгімелерін ылғи айта жүремін». Қарым-қатынас жасау арқылы сол адамның мәдениетін, ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, өскен ортасын, алған тәрбиесін саралауға болады.

Көптеген зерттеулер, ұдайы қарым-қатынас саласында жұмыс жасайтын адамның табысы 80%-ға оның қарым-қатынас жасай білу қабілетіне тәуелді болатындығын көрсетеді. Қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасай білмеу – жұмыстан шығудың немесе жұмысқа қабылданбаудың негізгі себептерінің бірі. Статистика мәліметтері, жұмыстан шыққан 10 адамның

7-і өз орнынан өз міндеттерін атқара алмағандықтан емес, әріптестерімен, басшысымен тартысқа түсу салдарынан айырылғандығын, сондай-ақ 10 адамның 8-і тиімсіз қарым-қатынас себебінен жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс берушімен алдын ала әңгімелесуден өтпей қалатындығын айтады.

Қарым-қатынас түрлері мен формалары бойынша әр алуан. Тура, жанама, тікелей, біреу арқылы (тікелей емес). Алғашқысы тікелей қарым-қатынас, соның негізінде тікелей емес қарым-қатынас пайда болады.

Тікелей емес қарым-қатынас – жазбаша түрдегі немесе техникалық құралдарды пайдалану негізіндегі толық емес психологиялық контакт.

Адамзат тәжірибесін игеруде жазудың, кітаптың, басқа әртүрлі техникалық құралдардың пайда болуы тікелей емес қарым-қатынас жасаудың жүйесін күрделендірді.

Қарым-қатынас ары қарай жеке адамаралық және көпшіліктік қарым-қатынас болып бөлінеді. Жеке адамаралық қарым-қатынас – топтарда, жұптарда жеке дара ерекшеліктерін білу, қайғы-қуанышына ортақтасу, түсіну, бірігіп іс-әрекет ету негіздерінде қалыптасатын түрі.

Көпшіліктік қарым-қатынас – көпше түрдегі таныс емес адамдардың және

көпшіліктік мәлімет құралдары арқылы қарым-қатынас жасау, осындай қатынастың түріне өнер, эстетикалық қарым-қатынастарды да жатқызады.

Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі. Сонымен бірге, ол қасиеттері қарым-қатынаста қалыптасады да, адамдармен қарым-қатынаста адамның адамзаттық тәжірибені игеруі,

қалыптасқан мораль, құндылықтар, білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, жеке адам және дара адам түрінде қалыптасуы іске асырылады. Яғни, қарым-қатынас адамның психологиялық дамуының маңызды факторы. Жалпы алғанда қарым-қатынасты былай анықтауға болады: адамның бүкіл өмірі барысында психикалық процестері мен мінез-құлқы қалыптасатын жан-жақты шындық.

## 10.2. Қарым-қатынастың функциялары

Қарым-қатынастың маңызды 5 функциясын бөліп қарастыруға болады. Қарым-қатынас адамдардың ұжымдық іс-әрекетінде байланыстырғыш рольді атқарады. Бұл функциясын шартты түрде «прагматикалық» функция деп атауға болады. Бұл шартты орындамау Інжілде айтылған атақты Вавилон мұнарасы туралы аңызға әкеліп соғуы мүмкін. Маңызы бойынша 2-функциясын «қалыптастырғыш» функция деп айтуға болады. Бұл функция адамның психологиялық бейнесін қалыптастырып өзгертудің маңызды шарты. Бала дамуының белгілі кезеңдерінде мінез-құлқы, іс-әрекеті және баланың қоршаған әлем мен өзіне деген қатынасы үлкендер арқылы іске асырылады. Д. Элькониннің айтуынша, бала әрқашанда 2 адам – оның өзі және ересек адам. Даму барысында бала мен ересектің сыртқы тікелей емес қарым-қатынасы баланың ішкі психологиялық процесіне және де баланың дербестік ерікті іс-әрекетіне айналады.

Онтогенездің бастапқы кезеңдерінде қарым-қатынас бала өмірінде аса маңызды функцияны атқарады. Орта ғасырда бір испан епископы былай деп жазған екен: «Жетімханадағы балалар зерігіп, зеріккендіктен өледі». 30-жыл-

дары АҚШ-та эксперимент жүргізілген: 2 клиникада қауіпті, әрең жазылатын ауру балалар жатқан. Оның біреуінде балалар туысқандарымен кездеседі, ал екіншісінде туысқандарымен жолықтырылмайды. Осы екі клиникада жазылу тиімділігін салыстырғанда: оның біріншісінде – бала өлімі жоқ, ал екіншісінде – балалардың үштен бірі шетінеген.

Бала мен ересектің қарым-қатынасы білім, іскерлік, дағдыны берудің жай қосындысы емес, өзара әсерлесу нәтижесінде өзара баю мен өзгерудің күрделі процесі. Бала өзіне берілетін басқаның тәжірибесін белсенді түрде ой елегінен өткізіп, өңдеп пайдаланады. Қарым-қатынастың үшінші функциясы ретінде «бекітетін, қолдаушы» деген функциясын атауға болады. Басқаша айтқанда, басқа адаммен қарым-қатынаста адам өзін-өзі танып-біліп, өзіне-өзі сенімге ие болады. Адам өзін-өзі бағалау үшін басқаның мақұлдауын қажет етеді. У. Джеймстің айтуынша, адам үшін қоғамда өз бетімен назардан тыс қалу және басқалардың оны мүлдем байқамауы – ең зор жаза. Көптеген психотерапевттік жүйелерде адамның мұндай жағдайы «қолданылмаған, бекітілмеген» деген ұғым арқылы беріле-

ді және де «Сенікі жөн емес», «Сен жамансың» деп мойындамауға қарағанда (бұл жағдайда теріс болса да бекітудің белгілі үлесі бар), бекітілмеу «Сен бұл жерде жоқсың», «Сен тірі адам емесің» дегенді көрсетеді.

Атақты ағылшын психологы Р. Д. Ленг – бекітілмеу, көптеген психологиялық ауру, әсіресе шизофренияның себебі деген қорытындыға келген. Оның байқаулары бойынша, басқа да зерттеулер көрсеткендей, эндогенді психозбен көбінесе ата-аналары тарапынан шеттетілген балалар ауырады екен.

Адамдар өміріндегі әртүрлі дәстүрлер – амандасу, түрліше көңіл аудару рәсімдері «бекітілу терапиясы» деп саналады. Қарым-қатынастың төртінші функциясы жеке адамаралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау болып табылады. Басқа адамдарға деген эмоциялық көзқарастар – «сүйкімді-сүйкімсіз», «ұнайды-ұнамайды» деген терминдермен белгіленеді. Әрине, эмоциялық қарым-қатынас адам өміріндегі жалғыз қатынастың түрі емес, бірақ олар адамның барлық қарым-қатынас жүйесінде көрінеді, көбінесе іскерлік немесе тіпті рольдік қатынасына да өз әсерін тигізеді. Келесі, бесінші функциясы «жеке адамишілік функциясы». Бұл жағдайда адамның өз-өзімен қарым-қатынас жасауын (ішкі немесе сыртқы сөйлеу арқылы диалог типінде) адамның ойлауының әдісі түрінде қарастыруға болады. Осыған байланысты Л. С. Выготский былай деген: «...адам өзімен-өзі болғанда да қарым-қатынас функциясын сақтайды».

Сонымен, біз қарым-қатынастың түрін, формалары мен функцияларын қарастырдық. Әлеуметтік психологияда баса назар аударылатыны жеке адамаралық, тікелей қарым-қатынас түрі, ең терең зерттелетіні де осы түрі.

Әлеуметтік психология, адамдардың түрлі әлеуметтік топтарға кірік-

тірілуіне байланысты, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің заңдылықтарын зерттейтін болса, онда алдымен жеке адамаралық қарым-қатынас және адамдардың бір-біріне өзара әсерін ғылыми тұрғыда талдау қажеттілігінің туындауы заңды құбылыс. Бұл процестер қалай өтеді, олардың формалары, құрылымы қандай, адамдар арасындағы қарым-қатынаста алатын орны қандай?

Қоғамдық қарым-қатынасқа қарағанда жеке адамаралық қарым-қатынастың табиғаты бөлекше, оның өзіндік ерекшелігі – эмоциялық негізінің болуы. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әртүрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасады. Психология ғылымы жеке тұлғаның эмоциялық көріністерінің үш түрін немесе үш деңгейін бөліп қарастырады: аффектілер, эмоциялар мен сезімдер. Жеке адамаралық қарым-қатынаста осылардың бәрі де көрініс бергенімен, көбінесе сезімдерге баса көңіл аударылады, олардың өзін екі топқа бөліп қарастыру қабылданған:

1) конъюнктивті – адамдарды жақындататын, біріктіретін, бірлескен іс-әрекетке итермелейтін сезімдер;

2) дизъюнктивті – адамдарды бір-бірінен аластататын, бірлескен іс-әрекеттен қашқақтататын сезімдер.

Жеке адамаралық қарым-қатынасты зерттеуде американ психологы Дж. Морено (1958) ұсынған социометрия әдісі кең қолданылады. Социометрия негізінде нақты іс-әрекет кезіндегі шағын топтың қарым-қатынасын анықтауға болады. Дегенмен топты толық зерттеу үшін тек социометрия әдісі жеткіліксіз болып табылады.

Кеңестік психологияда қарым-қатынасты бір жағынан, іс-әрекеттің бір түрі, екіншіден, іс-әрекеттің өзіндік көрінісі деген ұғымда қолдану басым.

Қарым-қатынастың іс-әрекетке кіріктірілуі оған қатысушылардың әрекеттерін «үйлестіріп» немесе «үйлестірмей» іске асырады. Мұндай үйлестірушілік қарым-қатынастың ерекше әсер етушілік функциясымен байланысты.

Қарым-қатынастың құрылымы күрделі болғандықтан, шартты түрде талдау мақсатымен, көбінесе оның бір-бірімен тығыз байланысты үш жағын қарастырады: коммуникативті, интерактивті, перцептивті.

Қарым-қатынастың коммуникативті жағы (тар мағынада) – қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен мәлімет алмасуы.

Интерактивті жағы – қарым-қатынасқа түсушілердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру, яғни білім, идеялар және әрекеттермен алмасу (әрекеттестік). Бірлескен әрекеттің ұйымдастырылуы.

Перцептивті жағы – қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірін қабылдауы, тануы(түсінуі), соның негізінде өзара түсіністіктің пайда болып, қалыптасуы.

Сонымен қатар, жеке адамаралық қарым-қатынас: императивті, манипулятивті және диалог болып бөлінеді. Императивті қарым-қатынас – авторитарлы, директивті (өктем) түрде қарым-қатынасқа түсушіге жасалынатын әсер. Бұл жағдайда қарым-қатынас партнері – әсер етілетін объект,

«пассивті» объект болып есептелінеді. Көптеген іс-әрекетте, мәселен, әскери өмірде, кейбір шытырман, қиын-қыстау жағдайларда осындай қарым-қатынас қажет. Мұндай қарым-қатынастың орынсыз, этикаға сыймайтын кездері де болады. Өте жақын адамдар арасында, тәрбиелік, педагогикалық, т.б. қарым-қатынастарда.

Манипуляция – қарым-қатынас партнеріне өзінің іштей мақсаттарын жасырын түрде жүзеге асыру үшін жасалынатын қарым-қатынас түрі. Қарым-қатынастың бұл түрі, әсіресе бизнес, іскерлік қарым-қатынаста әбден орынды болғанымен, достық, жолдастық, сүйіспеншілік саласында орынсыз. Императивті және манипулятивті қарым-қатынасты біріктіріп, монологтық қарым-қатынас деп сипаттауға болады. А. А. Ухтомскийдің айтуынша, адам өз маңайындағыларды басқа адам емес, өзінің «сыңарлары» деп қабылдайды. Өзіне деген бағдардан басқа адамға деген бағдарға көшетін қарым-қатынас түрі – диалогты қарым-қатынас.

Диалог – тең құқылық, субъективті қарым-қатынас, оның мақсаты: өзара танып-түсіну, партнерлер арасында өзін түсіну, өзіндік даму. Диалогты қарым-қатынас жасау, қарым-қатынастың белгілі ережелерін сақтағанда ғана мүмкін.

### 10.3. Қарым-қатынастың түрлері

Адамдар арасындағы қарым-қатынасты күрделі, өзгермелі, өзара байланысты жүйе ретінде қарастыра отырып, оның бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады.

1. Ресми қарым-қатынас – қызметтік негізде қалыптасады, заңмен тұрақтанады, жарғымен, ережелермен реттеледі.

2. Ресми емес қарым-қатынас – жалпы қабылданған заңдар мен та-

лаптарды белгілі тұрақтанған ережеге бағынуды талап етпейтін адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Бұл ұнату, жақсы көру, достық, жолдастық, жек көру, жауласу, т.б. себептер негізінде пайда болады.

3. Тігінен қарым-қатынас – бұл тұлғаралық байланыс, басшы мен оған бағынушылар арасындағы, көшбасшы мен басқа ұжым мүшелері арасындағы

байланысты көрсетеді, жалпы ұжымда ресми мәртебеге ие тұлға мен қалғандары арасындағы қатынас түрі.

4. Көлденеңінен қарым-қатынас – бұл бірдей мәртебеге ие ұжым мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасы. Ұжым ішінде тігінен және көлденеңінен қарым-қатынас түрлерін бір-бірімен салыстыруға, қарама-қарсы қоюға болмайды.

5. Іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас – бірлескен іс-әрекет, қызмет барысында адамдар арасында болатын қарым-қатынас түрі.

6. Жеке қарым-қатынас – орындалатын іске тәуелді емес адамдар арасындағы қарым-қатынас. Іскерлік және же-

ке қарым-қатынас түрлері бір-бірін толықтырады. Іскерлік қатынастарға шек қоюға болады, ал жеке қатынасқа шек қою мүмкін емес.

7. Рационалды тұлғааралық қарым-қатынас – адамдардың бір-бірі туралы білігі, басқа адамдардың оны объективті бағалауы жатады.

8. Эмоционалды қарым-қатынас – адамның адамдаралығын қабылдауы.

Бұндай қарым-қатынас түрі жағымды және жағымсыз қарым-қатынас негізінде іске асырылады.

Аталған қарым-қатынас түрлері ұжымды дамытуда, ондағы дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруда маңызды.

## 10.4. Ұжым, топ және олардың жіктелуі

Қарым-қатынас «топ», «ұжым» деген ұғымдармен тікелей байланысып жатады.

Адам баласы жалғыз жүріп, көздеген мақсат-мұратына жете алмайды, сондықтан ол ылғи да басқалармен бірлесіп тіршілік етуі тиіс дедік. Мұндайда адам ылғи да топпен бірге өмір сүретіні белгілі. Ал топтың түрлері сан алуан. Мәселен, мұның бірі – нақты (реалды) топтар. Бұл – ортақ мақсат көздеп, бір кеңістікте, белгілі уақыт ішінде, бір-бірімен қоян-қолтық араласып, іс-әрекетке түсетіндер. Топтар *үлкен (макро), шағын (микро), ресми, бейресми, формалы, формасыз, ұйымдасқан, ұйымдаспаған, жасанды, табиғи, референттік* болып бірнешеге бөлінеді.

Біршама тұрақты, құрамы жағынан саны онша көп емес, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасап отыратын ортақ мақсатқа ұмтылған адамдардың бірлестігі «шағын топ» деп аталады. Осындай топтың барлық мүшесінің күш-жігері бір мақсатқа (оқу, еңбек,

т.б.) бағытталады. Мұндағылар бірін-бірі жақсы біледі, топ алдында тұрған ортақ міндетті орындау кезінде өзара қоян-қолтық қатынаста болады. Шағын топ мүшелерінің саны екі-үш адамнан құралып, әрісі 30-40 адамнан аспауы тиіс.

Отбасы, өндірістік бригада, ұшақ пен ғарыш кораблінің экипажы, поляр станциясында қыстаушылар, мектептегі сынып сияқты бірлестіктер шағын топ деп аталады. Мәселен, кейбір оқушы мектепте жүргізілетін әртүрлі іс-шаралардың бәріне де қатысады. Ол футбол командасының, не пән үйірмесінің мүшесі, не жетекшісі, т.б. Бірақ осылардың біреуіне ерекше ден қояды. Шағын топтағылардың өзара қарым-қатынасына шек қойылмайды. Әркім топтағы кез келген адаммен өз қалауынша, нақты қажетіне қарай қатынасқа түседі, оның бір мүшесі екіншісін жақын тұтады, бір-бірімен жиі араласып жүреді, байланыстары тұрақты сипат алады. Осындай шағын топтар формалы

(ресми), формасыз (бейресми) болып бөлініске түседі.

Формалы топ мүшелерінің арасында белгілі құжаттардың талабына сәйкес әртүрлі сипаттағы іскерлік қатынастар орнайды. Ондай қатынастардан жетекшіге бағыну, тиісті құқықты орындау, ресми орындардың алдындағы жауапкершілікті сезіну ерекше көрінеді. Формалы топтарда (іскерлік қатынаста) кейде теріс эмоциялық әуен, яғни бір-бірін ұнатпау, сыйламау, менсінбеу, жауласу сияқты құбылыстар да болуы мүмкін. Бұл жәйт ондағы іскерлік қатынасқа қолайсыз әсер етеді, оның табысты болуына залалын тигізеді.

Формасыз (бейресми) топ – бұл ұнату, көзқарас бірдейлігін тану сияқты психологиялық себептер бірлігі негізінде туады. Мұндай топ ресми құжаттарды, тиісті нұсқауларды қажет етпейді. Мәселен, бірлесіп балық аулау, аңшылықпен айналысу, отау тігу, дос-жарандық қатынаста болу – осындай топтың мысалдары. Бұл топтарда бірін-бірі ұнату, біріне-бірі бауыр басу ерекше байқалады. Егер мұндай қасиеттер топтан орын алмаса, онда ол біртіндеп ыдырап, топ болудан қала бастайды.

Әртүрлі деңгейдегі топтардың ішінде референттік топтың мәні ерекше. Бұл – әр адамның жекелеген топтардың (кісі шамамен 10-нан астам топқа қатарынан енуі мүмкін) ішінен біреуіне ғана ерекше тәнті болып, соны ғана қастерлеп, қадір тұтып, жүрек қалауымен таңдап алған тобы. Мұндай топқа енген адам ондағы талап-тілектерді, белгілі принциптерді қолдап қана қоймай, оны қызғыштай қорғайды, тіпті соның жолында жанын пидә етуге дейін барады.

Нақты топтардың жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрі – ұжым (коллектив) деп аталады. Адамдардың ерекше ұйымшылдығының арқасында олар-

дың мүдделерінің бір-бірімен ұштасып, «бір жеңнен қол», «бір жағадан бас» шығаратындай халге жетуі, топтың психологиялық ахуалының орнауы, онда «ырың-жырыңның» орын алмауы, дамудың биік деңгейіне көтерілу – ұжымның басты белгісі. Кез келген топтың көп жағдайда ұжым деңгейіне көтеріле алмайтыны да көбінесе осындай топта келеңсіз жағдайлардың орын тебуінен туындайды.

Әр адам топта қандай болмасын белгілі бір роль атқарады. Бірақ оның бұл ролі тұрақты болмайды. Мәселен, сен бір кез сынып старостасы болдың дейік, біраз уақыттан кейін сен енді санитар міндетін атқаруың мүмкін. Осы ұжымның қатардағы мүшесі болатының тағы өз алдына. Кісінің атқаратын ісі неғұрлым көп болса, соғұрлым ұжыммен тез байланысқа түсе алады, ол адамның ұжымға ықпалы тиімдірек болады.

Адамның топқа ықпал ету дәрежесі оның жеке басының қасиеттеріне де тәуелді. Орамды ақыл, терең сезім, күшті ерік-жігер, қажыр-қайрат, қабілеттілік осының бәрі ұжым игілігіне айналса, кісінің рухани өмірі бай болса, дағды икем, шеберлігі жеткілікті болса, ол соғұрлым топ ішіне тез сіңіп, беделі де жоғары болады. Ал адам өзін ұжымнан жоғары қойса, әсіресе оған қарсы келуге тырысса, тақаппарлық көрсетсе, оның жұртқа ықпалы төмендеп, бара-бара беделінен айрылатын болады.

Зерттеу нәтижесіне қарағанда, мектеп сыныптарындағы (35-40) адамның ішінен тек үш-төрт оқушы ғана басқалардан айрықша белгілі болады екен. Мұның себебіне келсек: біріншіден, олардың топ мүшелерімен қатынас жасай білу қасиетінің жоғарылығында, яғни басқаның «жүрегіне жол таба» біліп, қашанда көпшілікке жақын, белгілі болатындығында. Адам өз орнын жалбақтау, жағымпаздану жолымен

емес, өзінің табиғи болмысымен, қадір-қасиетімен, ашық мінезімен табады. Сөйтіп, адамның топ ішінде белгілі болуы оның басқалардың жағдайын түсіне білуі негізінде қалыптасады екен. Екіншіден, ондай адам білімділігі, іскерлігі, өз білгенін басқалардан аямай, олармен риясыз бөлісуге, көмектесуге әзір тұрушылығымен де ерекшеленеді. Үшіншіден, кісінің сырт бейнесі мен келбет-кескінін, яғни дене күші факторын да ескермеске болмайды. Расында да, кей жағдайда оқушылар қара күшке ие, жұдырық жұмсай білетін құрбыларын құрметтейді.

Топ мүшелерінің көпшілігі өзара тату-тәтті тіршілік еткенмен, ондағы әр адамның өзгелерден гөрі жиі байланысқа түсетін, яғни мүддесі бір, әңгімелері жарасқан ортақ істі құлшына орындайтын жолдастық, достық қатынастағы адамдар да болады.

Енді бір жағдайда топтағы адамдардың ішінде ешкіммен жеке қатынасқа түспей, яғни өзіне лайықты серік таба алмайтындары да кездеседі. Жұрт ондайларды жек көріп, маңайларына жуытқысы келмейді.

Оқушы топтарында жекелеген балалардың өзгелермен араласпай, оқшау жүруі, топ мүшелерінің кейбіреулерді жандарына жолатпай жүретіндігінің себептері де сан алуан. Мұндай оқушы сабақты нашар оқиды, тіпті жақсы оқуға талаптанбайды. Оның осы немқұрайдылығы ұжымнан оқшаулануына себеп болады. Бұлар үсті-басына салақ қарайды, кейде қолайлы қарым-қатынас орнатуға немқұрайлылығы олардың жекелеген «тума» қасиеттерімен (тұйықтық, ұялшақтық, енжарлық, т.б.) тоқайласып жатады.

Енді бір оқушылар өте кінәмшіл, сәл нәрсеге өкпелей қалатын, көбінде өзгелерге кінә таға сөйлейтін болып келеді. Бұларға ұжымдағы әртүрлі оң істер, олардың ұйымдастырушылары ұнай

қоймайды. Өздері жұртты сынағыш, мінегіш келеді.

Топ ішінде қатар құрбыларының, ұстаздарының талап-тілегіне, ақыл-кеңесіне қарсылық көрсететін тілазар, қыңыр балалар да кездеседі. Олардың тағы бір белгісі сотқарлық, дөрекілік, көргенсіздігі. Топта, сондай-ақ, еңбек сүймейтін, жалқау, өтірік айтуды әдетке айналдырған оқушылар да кездеседі. Олар сыныптан өзінше орын алуға тырысып, осы жолда дөрекілікке, жалған беделдікке құмартады, мектептен тыс уақыттарда өздері секілді балалармен байланысқа түсіп, «көше» топтарында қабылданған мінез-құлықтың қоғамға жат нормаларын мектепке әкелуге тырысады.

Топ басшысыз, яғни жетекшісіз болмайды. Кез келген топтың өздері сайлап алған не жоғарыдан тағайындалған басшысы болады. Топ әрекетінің нәтижелі болуы жетекшіге де байланысты. Тәжірибелі ұстаз, өнегелі тәрбиеші сыныптағыларды ұршықтай үйіріп, оларды пайдалы істі нәтижелі орындауға бағдарлап отырады.

Топтағы адамдары танып-білу, басқару мәселесі, «психологиялық үйлесім» ұғымымен де тығыз байланысты. Бұл ұжымдағы ортақ істің табысты болуына ондағылардың өз қызметінен рахат, ләззат алуын қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін психологиялық жағдай. Топтағылардың бір-бірімен үйлесімділігі жарасса, яғни бірінің қылығы екіншісіне ұнайтын болса, олар бір-бірінің мінез-құлқын, қарым-қатынасын жатырқамай дұрыс қабылдаса, онда психологиялық үйлесімнің болғаны. Ал мұндай ахуал жоқ жерде, яғни біреудің hareketін екіншісі ұнатпаған жағдайда, тіпті ақылға сыйымды нәрсенің өзі де қолдау таппайды, біреуі екіншісін түсінбейді. Топ мүшелері арасындағы көзқараспен сенім бірлігі, мүдделер мен мінез бітістерінің қарама-қайшылығы

да үйлесімсіздікке себеп болады. Егер адам шамадан тыс қазымыр, тұйық не беймаза, тәкаппар не өркөкірек болса, топтағы адамдармен дұрыс сыйыса алмайды. Халқымыз «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деп осындайларды айтқан. Әсіресе топ жетекшісі не оның жекелеген мінез бітістері қолайсыз болып келсе, ондайда жағдай тіптен қиын.

Топтағы «моральдық психологиялық ахуал» (кейде мұны «әлеуметтік-психологиялық ахуал» деп те атайды) дейтін ұғымның да мәні зор. Бұл топ, ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасындағы ортақ тәртіп пен жауапкершілік, яғни жетекші мен оның қа-

рамағындағылардың бірін-бірі түсінісе алуы, топтың үйреншікті жұмыс стилі, онда ортақ пікірдің орнауы, т.б. Топтың көтеріңкі көңіл күйі ұжымдық міндеттің нәтижелі орындалуына қолайлы әсер етеді. Білек сыбанған құлшыныс, өзара жарасқан ынтымақ, өзара сыйластық, ұжым мүддесін қастерлейтін жерде қандай ауыр жұмыс болса да жеңіл атқарылады. Мұндайда еңсені басар ауыртпалық сезілмейді, сары уайым, жабырқау, түңілу, жалғызсырауға орын қалмайды. Тату-тәтті өмір сүретін ұжымда ұрыс-керіс болмайды, шығармашылық іске, білімді терең меңгеру мен саналы тәртіпке аса қажетті ахуал орнайды, қолайлы жағдай жасалады.

## 10.5. Қарым-қатынастың мән-жайын зерттеу тәсілдері

Американдық психолог Дж. Морено шағын топтағы адамдардың қарым-қатынасын зерттеу үшін социометриялық әдісті ұсынған болатын. Бұл әдіс бойынша ұстаздар мен тәрбиешілер, шағын ұжымдардың жетекшілері, өндірістік кәсіптік мекемелердегі топтардың басшылары қарамағындағылардың өзара қарым-қатынасын анықтай біледі. Бұл тәсілдің негізгі өлшемі әр қилы. Басты мақсаты – топ ішіндегі адамдардың тілегі мен мүддесін анықтау. Топтағы адамдардың өзара қарым-қатынастарының үйлесімді болуы немесе бірін-бірі ұнатуы, ұнатпауы олардың сезімдік эмоциялық күйлеріне байланысты. Топ ішіндегі қатынастар социограммасы мен адамдардың таңдауын көрсететін матрицалық кесте – «А», «Ә» суреттерінде берілген.

Мәселен, ұзақ сапарға шыққан кеме экипажы, ғарышкерлердің әлемдік кеңістікте ұзақ мезгіл бойы бірге болып, өзара тіл табысуы. Адамдар арасындағы үйлесімділік қатынастарды гомео-

стат аспаптары арқылы зерттейді. Бұл тәсілде адам ағзасы мен жүйке жүйесі қоршаған ортаның қиын жағдайына жасалған үлгі бойынша қарастырылады.

Ұйымшылдық пен бірлік топтардың тәжірибелік іс-әрекеттерінің мақсат-мүддесімен байланысты. Мұнда жоспарланған істерді қалайда жүзеге асырып отыру көзделеді. Топ ішіндегі тағы бір жайт – жеке адамның, топтың атқаратын іс-әрекеттеріне илануы. Бұл – психологиядағы ерік сипаты. Илану адамның көнгіштігімен анықталады.

Топтар мен ұжымдардың психологиялық ахуалы дифференциалдық диагностика тәсілімен зерттеліп, олардың бағыт-бағдарынан, іс-әрекет түрлерінен келешекте нендей нәтижелер күтуге болады деген мәселе негіз етіп қойылады.

Дифференциалдық диагностиканың қазақша мағынасы «әрқилы іс-әрекеттер мен құбылыстардан туын-

дайтын нәтижелерді болжап, олардың мән-жайын танып-білу» деген түсінікке саяды.

Шағын топтар мен ұжымдардағы адамдардың өзара қарым-қатынасы және олардың өздеріне серік іздеп, өрістерді таңдауы адам психология-

сындағы өзіндік маңызы бар мәселе болып табылады. Қарым-қатынас жа-саудың адам өміріндегі қоғамдық әлеу-меттік және психологиялық негізі, ең алдымен, адамның күнделікті тіршілік қажеттілігін қанағаттандыру мақсаты-мен байланысты екендігі айқын.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дегенді қалай түсінесің?
2. «Топ», «ұжым» ұғымдарының мән-мағынасы неде?
3. Қарым-қатынас мәдениетіне қалай жетілуге болады?
4. Қарым-қатынас құрылымы және оның қызметі.
5. Топтағы адамдардың қарым-қатынасы.
6. «Психологиялық үйлесімділік» дегенді қалай түсінесіз?
7. Қарым-қатынастың қандай түрлері бар?

### №1 тапсырма.

Өз тобыңыздың референттілік тобын анықтаңыз.

#### **Топ ішіндегі референтометрия**

**Мақсаты:** Референттілік тобын анықтау.

**Құрал-жабдықтар:** 10 сұрақ – жағдаят (1 – А) . Зерттеушіні қоршайтын адам-дар.

**Нұсқау:** Сіздің алдыңызға берілген сұрақ ситуацияларға 1 – Б тізімінен кем де-генде 2 адам таңдайсыз және 2-ші таңдалған адам бірінші адамға қарағанда сіз үшін маңызы төмен деңгейде болуы керек.

#### **1 – А**

1. Сіз басқа қалаға кіммен бірге барар едіңіз?
2. Сіз келеңсіз жағдайларға тап болдыңыз. Кімге оны айтып ашыласыз?
3. Сіз туған күніңізді жасағалы жатырсыз. Оны кіммен бірге өткізер едіңіз?
4. Сізде онымен бірге көп уақыт өткізуге тырысатындай адам бар ма?
5. Кім сіздің кемшіліктеріңізді айта алады және кімді сіз тыңдайсыз?
6. Сіз бір адамды кездестірдіңіз, ол сізге өте ұнап қалды. Оны дұрыс бағалауға кім көмектеседі?
7. Сіз өміріңізді өзгерткіңіз келеді. Бұл туралы сіз кімнен кеңес сұрайсыз?
8. Сіз үшін кім үлгі бола алады?
9. Бәрінен бұрын сіз кімге ұнағыңыз келеді?
10. Сіз көбінесе кімге ашыласыз?

#### **1 – Ә**

1. Ата-ана (әке-шеше);
2. Тума-туыстар (ата-әже, аға-апа);
3. Апа, аға, қарындас, іні, сіңлі;
4. Сізге таныс емес ересек;
5. Сіздің ата-анаңызға таныс адам;

6. Достар;
7. Жан дос;
8. Құрбы, жолдастары;
8. Таныс бозбала, бойжеткен;
10. Оқу немесе жұмыс барысындағы достарыңыз;
11. Клуб, секциялардағы адамдар;
12. Тарихи тұлға;
13. Көпке танымал адам;
14. Сен ол туралы басқа адамдардан еститін адам;
15. Әдеби кейіпкер.

### Интерпретация:

1-Б тізіміндегі зерттелуші таңдаған әрбір адамды 5 балдық шкаламен бағалап алу.

Әрбір балл қосылады да, көп балл жинаған адамдар зерттелушінің референттілік тобын құрайды.

### №2 тапсырма.

#### Социометрия әдістемесін өз тобыңызға жүргізіңіз

| Рет саны                 | Аты мен аты | Таңдалғандар және тыс қалғандар |     |     |     |     |    |    |     |
|--------------------------|-------------|---------------------------------|-----|-----|-----|-----|----|----|-----|
|                          |             | 1                               | 2   | 3   | 4   | 5   | 6  | 7  | 8   |
| 1                        | Әлия А.     |                                 | II  | I   | III | --- |    |    |     |
| 2.                       | Сая Ж.      |                                 |     | I   | III |     | II | -  |     |
| 3.                       | Гүлім Ә.    |                                 | I   | II  |     |     |    | -  | III |
| 4.                       | Дәмелі С.   |                                 | III | I   |     |     | II | -  |     |
| 5.                       | Ерік А.     |                                 |     | III |     |     |    | -  | II  |
| 6.                       | Әнуар Ғ.    |                                 |     |     |     |     |    |    | III |
| 7.                       | Тимур Д.    |                                 |     |     |     |     | I  | -  |     |
| 8.                       | Бақыт.      |                                 |     | III |     |     | I  | II |     |
| Таңдалғандардың жиынтығы |             |                                 |     |     |     |     |    |    |     |
| I                        |             | 0                               | 1   | 3   | 0   | 3   | 1  | 0  | 0   |
| II                       |             | 0                               | 1   | 1   | 1   | 0   | 4  | 0  | 1   |
| III                      |             | 0                               | 2   | 2   | 2   | 0   | 0  | 0  | 2   |
| Таңдаудан тыс қалғандар  |             | 0                               | 0   | 0   | 0   | 1   | 0  | 6  | 1   |
| Екі жақты таңдаулар      |             | 0                               | 2   | 2   | 2   | 2   | 2  | 0  | 2   |

Матрица кестесінде I, II, III деп көрсетілген рим цифрлары таңдалған серіктер ретін білдіреді, ал «белгісі партада бірге отырғысы келмейтін құрбыларды көрсетеді. I – цифр бойынша таңдалғандарды, Ә – суретіндегідей етіп социограмма жасап көрсетуге болады. Ол үшін сыныптағы тәжірибеге қатыстырылған оқушыларды таңдау алған санына сәй-

кес 5 топқа бөлу керек. 1 топқа таңдауды көп алғандар жатады. Олар топ ішіндегі ұйытқы», 2 топтағылар құрбылар арасында беделді. Олар 25-75% таңдап алған. 3 топтағылар – ішінара, 25% таңдалғандар. 4 топ – бірде-бір таңдау алмай, елеусіз қалғандар. 5 топтағылар – құрбылары жаратпай не менсінбей, бір партада отырғысы келмейтіндер.

## II бөлім. Жеке адамның таным процестері

### 1-тарау. Зейін

#### Жоспар:

- 1.1. Зейін туралы жалпы ұғым.
- 1.2. Зейіннің түрлері: ырықты, ырықсыз, үйреншікті.
- 1.3. Зейіннің негізгі қасиеттері.
- 1.4. Баланың зейінін тәрбиелеу.

#### 1.1. Зейін туралы ұғым

Психикалық құбылыстардың ішінде зейіннің алатын орны ерекше. Ол дербес психикалық процес болып табылмайды әрі жеке адамның қасиеттеріне жатпайды. Солай болғанымен әрекетке, таным процесіне қатысып, адамның мүддесін, бағыт-бағдарын білдіреді. Зейін өмірде психикалық әрекеттің бір жағы бола отырып, адамның өнімді білім алуына, еңбек әрекетінің сапалы әрі нәтижелі болуына жәрдемдеседі.

Егер адам не істеп жатқанына өзінің зейінін аудармаса, бірде-бір психикалық процесс мақсатқа дәл бағытталып, жемісті болып шықпайды. Біз бір затқа қарасақ, оны байқамауымыз немесе нашар көруіміз мүмкін. Өз ойымен болып отырған адам қасында сөйлесіп отырған адамдардың сөздерін естіп отырса да, бір жеріміздің ауырып отырғанын сезінбеуіміз де мүмкін. Керісінше, адам бір затқа немесе іс-әрекетке көңіл аударса, оның егжей-тегжейіне дейін бәрін біледі және ісі жемісті болып шығады. Өзіміздің зейінімізді түйсіктерге аударып, біз өзіміздің сезімталдығымызды күшейтеміз.

**Зейін дегеніміз** – сананың қандай да болса бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Сананың бағытталуы деп объектіні таңдап алуды айтамыз, ал сананың бір нәрсеге шоғырлануы дегенде, бұл объектіге қатысы жоқтың бәріне көңіл аудармауды айтады.

Зейіннің пайда болуына керекті шарттар: объектіні бөліп алу, оған назар шоғырландыру, басқа тітіркендіргіштерге алаңдамау.

Оқу жұмысында зейіннің маңызы өте үлкен. Оқудың табысты болуы көбінесе мұғалімнің, оқушылардың зейінін қаншалықты оқуға аударып білуіне байланысты. Егер балалардың зейіні оқу материалдарына аударылса, олар неғұрлым жақсы түсініп, жақсы ұға алады, оның үстіне балалар сабақта зейінін сала жұмыс істейді. Сыныпта тәртіптің болуын да қамтамасыз етеді. Зейін дербес бір психикалық процесс емес, өйткені ол басқа процестерсіз көріне алмайды. Біз зейін қойып немесе зейін аудармай қараймыз, тыңдаймыз (яғни, қабылдаймыз), ойлаймыз (яғни, ой жүгіртеміз) немесе бір нәрсені

істейміз. Сөйтіп, зейін әртүрлі психикалық процестердің тек бір жағы немесе қасиеті ғана болып табылады.

Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын. Орыс педагогикасының атасы К. Д. Ушинский (1824–1870) зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді. «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын, адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды».

Адам ойлау кезінде бір іс-әрекетпен шұғылданумен (бір нәрсе істейді немесе бір нәрсені ойлайды) байланысты оның зейіні сол нәрсеге аударылады. Егер оқушының зейіні сабақтың мазмұнына аударылмаса, демек, оның зейіні басқа нәрсеге ауып отырғаны.

Зейіннің физиологиялық механизмі күрделі. Зейін механизмі мидың рефлекторлық әрекетімен байланысты. И. П. Павлов жануарлардағы шартсыз *бағдарлау рефлексін* бөліп көрсетіп, оны «Бұл не?» рефлексі деп атады.

Оның биологиялық мәні мынада: жануарлар қоршаған ортадан жаңа тітіркедіргішті бөліп, оған мәніне сәйкес жауап береді. Бағдарлау рефлексі адамның туа біткен қасиеті.

Зейіннің физиологиялық құбылмалылығы көрінісін И. П. Павлов ашқан *қозудың оптималдық ошағы* құбылысы түсінуге көмектеседі. Миға әр сәт сайын көптеген тітіркендіргіштер әсер етеді. Солардың әсерімен ми қыртысының үлкен жарты шарыда күші әртүрлі көптеген қозу ошақтары пайда болады. Теріс өзара индукция заңы бойынша қозудың оптималдық ошағы ми қыртысының басқа бөліктерінің іс-әрекетін тежейді.

А. А. Ухтомский ми қызметінің физиологиясын зерттеу нәтижесінде *доминанта* жайлы ілім жасады. Доминанта немесе қозудың үстемдік ететін ошағы жылжымалы оптималдық қозу ошағынан жоғары тұрақтылығымен өзгешеленеді. Ол жаңадан пайда болған қозу ошақтарын тежеп қана қоймайды, солардың есесінен күшейе түсетін, басқа жүйке орталықтарында туған қозу процестерін өзіне қосып алу қабілеті де бар.

## 1.2. Зейіннің түрлері: ырықты, ырықсыз, үйреншікті

Адамның зейінді ұйымдастырудағы белсенділігіне қарай зейін – ырықсыз, ырықты, үйреншікті болып үш түрге бөлінеді.

**Ырықсыз зейін.** Егер мұғалімнің түсіндіруі мазмұны жағынан қызықты болып келсе, көрнекі құралдар қолданылса, оқушылар педагогтың сөздерін өздері-ақ ұйып тыңдайды, көрсеткендерін көңіл қоя қарайды. Мұны ырықсыз зейін деп атайды. Ол көбінесе адамда өзін қыспай, өзінен-өзі болатыны былай тұрсын, сонымен қатар бір

нәрсені көруге, естуге алдын ала ниеттенбесе де пайда болады.

Ырықсыз (алдын ала ниеттенбеген) зейіннің физиологиялық негізі адамды қоршаған ортада болып жатқандарға көңіл аударуға қоздыратын барлау рефлексі болып табылады.

Ырықсыз зейін нақты айтқанда неден пайда болады? Ең алдымен, күшті тітіркендіргіштерден пайда болады. Мәселен, күннің құлақты тұндыра күркіреуі немесе мылтықтың жақыннан атылуы қай адамды да олардың дау-

сына еріксіз назарын аудартады. Тітіркендіргіштердің салыстырмалы күшінің маңызы зор, түнгі тыныштықтан шыққан шамалы сыбдыр да адамның көңілін аударады. Адамның көңілін аудару үшін тітіркендіргіштердің күтпеген жерден пайда болуы, олардың күші онша үлкен болмаса да маңызды келеді. Қарама-қарсы заттар мен құбылыстар да осылай әсер етеді. Мысалы: ұзын адамның қасында бойы қысқа адам тұрса, бірінші ұзын адамға көңіл аударады. Ырықсыз зейіннің аударылуына адамның ішкі жан дүниесі күйінің маңызы зор. Мәселен, қарны ашқан адам ас үйден шыққан тамақ иісін сезеді, ал тамағы тоқ адам ол иіске көңіл аудармайды. Музыканы жақсы көретін адам, әнді естігенде де зейінін салып тыңдайды. Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мәселен, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойнын бұрады не милиционердің ысқырығына жалт қарайды, т.б. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі әсіресе жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені балалық дәуірде адамның күрделі іс-әрекеттері (оқу, еңбек, т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да, осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді. Әрине, бұдан бала есейген соң, оның ырықсыз зейіні маңызын жояды деген қорытынды тумау қажет. Адам өмірінің барлық кезеңдерінде ырықсыз зейін тиісінше орын алып отырады. Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы. Өйткені қызықты іске көңіліміз тез ауады. Мәселен, қызықты кітап оқуға ырықсыз зейін жеткілікті. Ал қызықсыз кітапты оқу ырықты зейінді керек етеді. Ырықты зейінде де қызығу орын алуы тиіс. Бірақ ырықты зейін де жанама, дәнекерлі қызығуды керек етеді. Мұнда адам өз ісінен шығатын

нәтижеге қызығады, оны орындау үшін күш жұмсайды, өйтпесе іс өнбейді, күткен нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Ырықсыз зейін физиологиялық тұрғыдан барлау рефлексінің жемісі болып табылады. Зейіннің бұл түрі жануарлар мен адамдардың сыртқы ортамен байланысында үлкен роль атқарады. Ырықсыз зейін кез келген тітіркендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

а) күшті тітіркендіргіштер (көзді аштырмайтын жарық, қанық бояулы заттар, қатты дауыс, мұрын жаратын иіс, т.б.), заттар мен құбылыстардың жаңалығы мен қозғалысы (мәселен, адамның үстіндегі киімінің өзгеруі, дыбыстың, жарықтың артуы не кемуі, т.б.).

ә) адамның сыртқы дүниедегі объектілерге қатынас жасауының дәрежесі (қызығу, қажетсіну, көңіл күйінің хош болуы) ырықсыз зейіннің тууына жақсы әсер етеді.

**Ырықты зейін.** Алдына мақсат қойып түйілетін көздеген нәрсесін алдын ала белгілеп, ал әдейілеп алып зейінін соған аударуды ырықты зейін деп атайды.

Бұл адамның еркімен істелетін зейін күші. Ырықты зейін жұмыстың басынан аяғына дейін күшті сарқып жұмсауды тілейді. Адам өз зейінін ырықты жұмсап шұғылданғанда қиыншылықтарды ығыстырып жеңеді. Оқушылар зейінін тек қана сабаққа бөлу үшін күш жұмсайды. Зейінге бөгде тітіркендіргіштер – ауру, шаршау, басқа ойлар кедергі болады, алаңдатады. Зейінге мұндай кедергінің кеселі тимеу үшін іс-әрекет істеледі: алаңдатып тұрған нәрселерді алып тастау құлаққа қатты естілген дыбысты кемітеміз. Ырықты зейін тұрақты зейінмен байланысты. Адам жұмысты қызығып істесе, жұмыс нәтижелі болады. Оқушы кітаптан дәптерге көшіргенде, «енді не істемекпін?»

деген сұраудан бастаса зейінмен істейді, қатесіз орындайды. Ой жұмысына дененің қимыл-әрекеті қосылып отырғаны жақсы. Жаңадан оқып үйренген бала кітаптан оқып отырған сөзін қолымен көрсетіп отырса, зейін тұрақтайды. Ырықты зейін – ұйымдастырылған психика қызметі. Ырықты зейіннің ырықсыздан өзгеше бір белгісі: ырықсыз зейінмен істелген іс жеңіл істеледі, көп шаршатпайды. Ырықты зейінмен істелген іс көбірек шаршатады, терең ойлануды қажет етеді.

Адамның ырықты зейіні әрекетті саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалуынан көрінеді. Ырықты зейінде белгілі бір мақсат қойып, объектіге ерекше зер салып отыру көзделеді, ол жұмыстың басынан аяғына дейін ерік-жігерді сарқа жұмсауды талап етеді. Ырықты зейін мынандай ерекшеліктермен сипатталады:

1) Қандай болмасын бір әрекеттің талабына сай зейінді бағындыра алу үшін іс-әрекетке тікелей кірісу қажет.

2) Үйреншікті жұмыс жағдайын жасап алып, алаңдататын нәрселерден бойды аулақтатқан жөн.

3) Орындалатын істің мәнісін, маңызын түсіну үшін білімге шын ықыласпен берілген дұрыс.

4) Түрлі қолайсыз жағдайларда да жұмыс істеуге машықтану. Мәселен, көңілді алаң қылатын бөгде тітіркендіргіштердің (айқай-шу, тарсыл-гүрсілдерде де) әсеріне берілмей жұмыс істей беру. Бұл зейінді шынықтырудың, оны мықты және шыдамды етіп тәрбиелеудің ең жақсы жолы болып табылады.

5) Зейінді болуды өзіңе үнемі ескертіп отыру керек. Бір сөзбен айтқанда, ырықты зейін деп іс-әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыруды айтады.

Зейіннің, екі түрі де бір-бірінен ешқашан қалмай ілесіп отырады. Ырықты зейін ырықсызға, ырықсыз зейін ырықтыға қарай жиі алмасады. Шын-

дығында, адамның үнемі ырықты зейін жағдайында болуы мүмкін де емес. Оқушы алғашқыда жай қызыққан нәрсесіне тікелей зейінін аударады, ал содан кейін сабақтың мақсатына қарай тікелей қызық емес басқа материалдарға да зейін қояды. Алғашқы уақытта қызықсыз болып көрінген сабақ кейін балаға түсінікті бола бастайды. Бұл кезде оның ырықсыз зейіні сыртқа теуіп, ырықты зейінінің пайда бола бастағаны.

**Үйреншікті зейін.** Үйреншікті зейін – адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін. Мәселен, бала оқуға төселсе, бұл оның тұрақты әдетіне айналса, оның зейіні де үйреншікті бола бастайды. Қандай нәрсеге болса да үйреніп, жаттығып алған соң, адамның іс-әрекеті дағдысына айналады. Үйреншікті зейіннің де табиғаты осыған ұқсас. Өйткені үйреншікті зейін ырықты зейіннен дамып қалыптасады. Зейіннің қай түрі болмасын іс-әрекеттен нәтиже шығаруға бағытталады. Егер адам жұмысқа өздігінен беріліп істесе, ырықсыз зейіні көрінеді. Бірақ ұзақ жұмысты тікелей қызығып істей беру де оңай емес. Мұндай жағдайда ырықты зейінге орын беріледі. Ылғи ырықты зейінмен жұмыс істеу де адамды қажытып шаршатады. Сондықтан адам жұмысты зейіннің осы екі түрін қатынастыра отырып, үйреншікті зейінмен істеуді әдетке айналдыруы қажет.

Үлкен адамдардың зейіні көбінесе үйреншікті болады. Бала кітап оқуды, жазу жазуды әдейілеп зейін салып, күш-қайрат жұмсап үйренеді. Бұларды меңгеріп алған соң, қызықтырып тұрған күрделі міндетіне ырықты зейін бағынып, кейін арнайы күш жұмсалмай-ақ орындалады. Бұл процесті *үйреншікті зейін* деп атайды.

Біздің зейініміз өзіміздің қызығып атқаратын күрделі іс-әрекетімізбен

байланысты. Ұзақ уақыт кітап оқимыз, грамматикалық талдау жасаймыз, шет тілді зерттейміз. Осындай іс-әрекетті әуелде зейін салып істейміз де, арты-

нан үйреншікті зейінге айналады. Сөйлеу үйреншікті зейінмен орындалады. Үйреншікті зейін ырықты зейінмен дамып қалыптасады.

### 1.3. Зейіннің негізгі қасиеттері

Зейін мынадай қасиеттерімен сипатталады: тұрақтылығы, аударылуы, бөлінушілігі, көлемі, алаң болушылығы. Зейіннің кейбір ерекшеліктері болады, бұл әр адамда әртүрлі дәрежеде бейнеленеді.


#### А. Зейіннің тұрақтылығы және жинақтылығы

Адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса, оны зейіннің тұрақтылығы дейді. Мысалы, өндіріс озатының не хирург дәрігердің жұмыс үстіндегі зейінін осыған жатқызуға болады.

Зейінді бір жерге тұрақтатып, жинақтап алу арқасында адам істеп отырған ісін тереңінен түсініп, оның әртүрлі байланыстарын анықтайды. Зейінді тұрақтата алушылық саналы әрекетке өзіңді жеге алудың басты бір белгісі болып табылады.

Зейіннің осы қасиетінің оқу процесінде маңызы зор. Сабақ үстінде баланың назарын көп нәрсеге аудармай, басты бір нәрсеге не белгілі бір әрекетке ғана аударып, оған тұрақтатып әдеттендіру керек. Сонда ғана бала есейген кезде үлкендердің көмегінсіз-ақ зейінін тиісті объектіге жинақтай алатын болады.

**Мына сызықтардың әрбіреуі қай жерде аяқталады, соны көзбен байқаңыз?**  
(Зейіннің тұрақтылығы)



1.1-сурет

Ересек адамдар жұмыс үстінде зейінін 40 минуттай бір объектіге тұрақтата алады. Осындай 10-20 минуттық зейін қоюшылықтан кейінгі бірнеше секундта көңілдің бір нәрсеге бөлінуі сол жұмыстың одан ары ұйымдастырылуына ешбір нұқсан келтірмейді. Қайта бұл секілді тынығу, жұмысты бірнеше сағат бойы жақсы, тұрақтап істеуге мүмкіндік береді. Адам соншалық ерік-жігермен зейін салып жұмыс істеген жағдайда да оқтын-оқтын ойы бөлініп, басқа бір затқа ауып отырады. Осылайша, зейіннің бірде әлсіздене, бірде күшейіп тұруын зейіннің толқуы дейді. Толқу – зейіннің табиғи қасиеттерінің бірі. Мәселен, бар ілтипатпен кітап оқыған адам да анда-санда бөтен ойға түседі, басын көтеріп жан-жағына қарайды. Зейіннің мұндай толқуы, әрине, адамның көңіл аударған нәрсесіне ойының бөлінуіне, зейінін тұрақтатуына бөгет болмайды. Кейбір адамдардың зейіні толқымалы келеді. Бұған қатты тітіркендіргіштер, күшті эмоциялық әсерлер, сондай-ақ адамның өз еркін жөндеп билей алмауы себеп болады. Зейінді ұзақ уақыт бойы іс-әрекетке жеткілікті жұмылдыру үшін, әсіресе оның бөтен нәрсеге көңілі ауып кетпеуін ойластыру керек. Бұл көп күш жұмсауды қажет етеді. Зейінді алаңдататын әртүрлі тітіркендіргіштерге қарсы күресу – қажетті шаралардың бастысы. Мәселен, ысқырған дауыс, қоңыраудың сылдыры, сырнай-керней, т.б. адамның тынышын кетіреді. Зейінін жақсы ұйымдастыра алатын адамдар осындай жағдайда да жұмысты тез және сапалы орындайтыны байқалады. Адамды алаңдататын нәрселер көп болғанмен, олардың барлығы да кесеп тигізе бермейді. Мәселен, машинаның дүрілі, музыканың әуені зейінді аударатын тітіркендіргіш болғанмен, оларға шыдап отыра беруге болады. Ал қасындағы адамның айқай-шуы,

реніш, т.б. адамды күштірек алаңдатып, жұмыс істетпейді. Әрине, бұларды жоюдың мүмкіндігі болмаса, оған көңіл аудармай, сабырлылықпен жұмыс істей беруге болады. Әрине, бұған ерік-жігер қажет. Осындай ыңғайсыз жерлерде жұмыс істей алушылық – адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Мәселен, орыстың атақты жазушысы А. П. Чехов жас кезінде көп әңгімелерін ойын-күлкі, той-думан үстінде жазса, Бородин өзінің опералық шығармаларын қонақта отырып-ақ жаза беретін болған. Қандай жағдайда да адам зейінге кедергі келтіретін нәрселерді жеңе алатын болуға тиіс. Тіпті тыныш жерде отырып жұмыс істеуді ұнататын адамдар да өзін ыңғайсыз жағдайларға төселтіріп, кез келген жағдайда жұмыс істей алатындай қабілетке ие болуы тиіс.


### **Ә. Зейіннің аударылуы**

Зейіннің аударылуы деп бір объектіден екінші объектіге назарымызды көшіруді айтады. Физиологиялық тұрғыдан мидағы оптималдық қозудың ауысуы. Зейінді тез аудару білу қабілеті көбінесе жүйке процестерінің өзгермелілігіне байланысты. Кейбір адамдар бір жұмыстың түрінен екінші бір жұмысқа жеңіл көшеді, зейін қойып жаңа жұмысты тез меңгеріп кетеді. Бұл икемді, оңтайлы зейіннің көрінісі. Екінші біреудің зейіні, керісінше, басқа объектіге қиындықпен ауысады. Зейінді тез аудару білу көлденеңнен кез келген әсерлерге кідіріссіз жауап беруде аса қажет. Мәселен, машинистерде зейінді тез аудару білу қасиеті жөнді жетілмеген болса, олардың жұмыста түрлі сәтсіздіктерге ұшырауы мүмкін. Мектеп жағдайында балалардың зейінін бір пәннен екінші пәнге, бағдарламаның бір бөлімінен екінші бөліміне, жұмыстың бір түрінен (үй тапсырмаларын сұрау) екінші түріне (жаңа сабақты тыңдау кезі) үнемі аударып отыруға тура келеді. Зейінді аудару алу оқушының

ерік сапалары біраз дамыған кезде, әсіресе оқу материалдарын түсінген және оларды ұмытпайтындай етіп меңгерген жағдайда ғана мүмкін болады. Мұғалімнің материалды жүйелі етіп, бір ізбен жақсы түсіндіруі, өткен материалды дұрыс қорытуы, оқылатын жаңа тараудың мақсатын айқындауы, жаңа ма-

териалды тыңдауға және түсінуге оқушылардың дайындығын тексеру, т.б. зейіннің дұрыс аударылуына себепші болады.

Мына суретте бір мезгілде қанша қосу белгісі, шеңбер және қанша тіктөртбұрыш өрнектелген? Соны санап шығындар (зейіннің аударылуы).



1.2-сурет

### Ә. Зейіннің бөлінушілігі.

Адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігін зейіннің бөлінушілігі дейді. Адам зейінін екі-үш нәрсеге бөле алады.

Зейінді бір уақытта түрлі объектіге бөлуге болатындығын арнаулы зерттеулер көрсетіп отыр. Мәселен, оқушылар өздері есеп шығарады, сонымен қатар осы кезде басқа оқушының тақтаға шығарған есебін бақылайды, оның сөзін тыңдайды, т.б. Студенттер бір мезгіл ішінде лекция тыңдайды, түсінгенін жазып отырады, кітап оқып отырып, конспект жазады. Еңбек процесінде зейін бөлінуінің маңызы бәрінен де зор. Қазіргі кездегі өндірістің одан

сайын автоматталынуы адам зейінінің бөлінушілігін ерекше дамытуды қажет етеді. Ал машина жүргізушілерге (машинист, шофер, т.б.) бірнеше нәрсеге зейін бөлушілік қаншама маңызды екендігі түсінікті. Олар бір кезеңде руль механизмін басқарады, жолға назар аударады, тормоз береді және т.б. Бұл операциялардың әрқайсысы зейінді өте шеберлікпен бөле білуді қажет етеді. Мұғалімдік қызметте де зейінді бірнеше объектіге бөле білудің маңызы зор. Мұғалім бір мезгілде сабақтың мазмұнын, формасын сабақ оқыту жоспарына сәйкес тексеріп отырады, барлық сынып ұжымы мен жеке оқушылардың тәртіп сақтауын, сабаққа қа-


лай қатысып отырғанын байқайды. Тәжірибесі аз, жас мұғалім кейде барлық сыныпты не жеке оқушыларды, не өзінің айтып тұрған сөзін бақылай алмай қалады да зейінін бытыратып алады. Осының салдарынан сыныпта сабақ нашар ұйымдастырылуы мүмкін. Зейінді екі объектіге бірдей бөлу үшін ең кемінде біреуіне іскер болу және мұндай объекті бір-біріне байланысты болуы шарт. Зейінді бөлудің физиологиялық негіздері жөнінде И. П. Павлов былай дейді: «... біз бір іспен, бір оймен айналыса жүріп, өзіміз әдеттеніп кеткен тағы басқа бір істі істей жүреміз, яғни сыртқы тежелу механизмі бойынша, ми сыңарларының тежелудегі бөлімдерімен, қызмет істейміз, өйткені біздің басты ісімізбен байланысты ми сыңарларының пункті бұл кезде қатты қозуда болады».

### Б. Зейіннің көлемі

Зейіннің көлемі деп бір уақыттың ішінде оның қамтитын, объектілерінің санын айтады. Зейін көлемін анықтауға байланысты жасалған тәжірибе-

лер тахистаскоп деген аспаппен тексеріледі. Адам бір мезгілде (секундтың 1/10 бөлігінде) орта есеппен әртүрлі 5-9 әріпті қамти алатынын, 12-14 әріптен тұратын мағынасы бар сөзді де осы мерзімде қамтитынын көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының зейін көлемі ересек адамдардың зейін көлемдеріне қарағанда шағын болатындығы сабақ үстінде мұғалімнің есінде болуға тиіс, сондықтан да оқушыларға бір мезгілде сан жөнінде де, сапа жөнінде де белгілі зейін көлемінен артық мөлшерде материал беруге болмайды. Оқушылардың зейін көлемі бір-бірімен байланыспаған элементтерді қабылдаса, нашар өсетіндігін, ал логикалық байланысы бар элементтерді қабылдаса, олардың зейін көлемін өсіретіндігін мұғалім еске алуы қажет (1.3-сурет).

Бір қарағанда қанша сұрау белгісі, қанша леп белгісі бар екенін анықтаңыз (Зейіннің көлемі).



1.3-сурет


Зейін көлемін арттыру үшін мұғалім балаларды комплекс заттарды байқай алуға, оларды бір объект ретінде қабылдауға машықтандырғаны дұрыс. Көрнекі құралдардағы сөздер тым

ұзақ болмай, ондағы сөздердің ең бастыларын бірден оқып түсіну үшін әріптерді түрлі бояумен безендіру қажет. Соңғы айтылған тәсіл де бала зейінінің көлемін өсіруге жағдай жасайды. Фи-

зиологиялық тұрғыдан зейін көлемін өсіріп, ұлғайту мидағы оптималдық қозуы бар алапты кеңейте түседі. Бұл бірнеше қозулардың бір қозу жүйесіне бірігуі болып табылады. Бірден біраз нәрсені қамти алатын зейінді көлемі кең зейін дейді де, объектілерді жөндеп қамти алмайтын зейінді көлемі тар зейін дейді. Зейіннің тар, көлемдісі де жарамсыз қасиет емес. Әңгіме істен дұрыс нәтиже шығара алуында. Адамның мамандығы, айналысқан ісі оның зейініне әсер етпей қоймайды. Мәселен, өне бойы сағат механизмімен шұқшыя жұмыс істеп отыратын мастердің зейін көлемі айтарлықтай болмайды. Микроскоппен жұмыс істейтін ғалымның зейіні де осы іспеттес келеді.

Зейінді бір қойғанда-ақ жақсы қамтып, анық қабылдаған нәрселердің саны зейіннің көлемін білдіреді. Көз зейіні бір дегенде әріп, сан, сурет бірнеше нәрселердің санын анық қабылдайды, қанша қабылдағанын тахистоскоп аппаратымен санауға болады. Тахистоскоп – кішкене терезесі бар қалқан. Терезеден өте қысқа, 0,07 секундтай уақытта сандар немесе дауыссыз әріптер көрсетіледі. Сонда ересек адам біреңкей нәрселерден бес-алтауын анық қабылдайды. Балалар үш-төртеуін ғана анық қабылдай алады. Көп элемент қамтыған зейін көлемі кең зейін де, аз қамтыған зейін көлемі тар зейін болады. Егер қабылдағанымыз мағыналы тұтас сөз не сөйлем болса, зейіннің қамтыған элементтерінің саны көбейеді, көлемі кеңиді. Тахистоскоп терезесінен 3-4 әріптен құралған бірнеше сөздер көрсетсек, сауатты адам 3-4 сөз қабылдайды, бірақ сөздің жеке әріптерін қабылдамайды. Тахистоскоп (1.4-сурет) арқылы зейіннің көлемін зерттеу әдісі зейіннің дара ерекшеліктері болатынын анықтап берді.

#### Тахистоскоп. Зейін көлемін зерттейтін аспап



1.4-сурет

#### В. Алаң болушылық

Алаң болушылық деп белгілі бір объектіге саналы түрде зейінді ұйымдастыра алмаушылықты айтады. Әр нәрсеге ауып кете беретін жаңғалақ адамдардың зейіні көбінесе осындай болады. Алаң болушылық, сондай-ақ адам қатты шаршап, болдырған кезде де жиі кездеседі. Мұндай жағдайда оның миында біркелкі тұрақты қозу алабы жасалынбайды, қозу мен тежелу процестері бір-бірімен алмасуы тәртіппен жүріп отырмайды. Зейіннің осы қасиеті адам психологиясынан тұрақты орын алса, оған берекеді әрекет ету қиынға соғады.


Мектеп жасына дейінгі балаларда алаңдаушылық жиі ұшырайды. Өйткені олар әлі күрделі іс-әрекетпен айналыспағандықтан, зейіннің жоғары түрлері өз дәрежесінде болмайды.

Алаң болушылыққа ұқсас көріністер адамның бір жұмысқа қатты беріліп істеген кездерінде де байқалады. Адам қатты үңіліп жұмыс істеген кезде басқа еш нәрсені сезбейді, елемейді. Осындай жағдайда ол айналасындағы өзгерістерді байқамайды. Мұндай адам-

дардың зейінін уақытында бөле алмаушылықтың кемшілігі зейіннің көлемі өте тар және икемсіз келетіндігінен. Кейде адам жұмысқа не бақылауға сондай

беріліп кетеді де, басқа нәрсені байқамайды. Бұл – зейіннің қасиеті, ал зейіні аударылған нәрсеге берілу, мұны зейіннің бөлінуі деп атайды.

### 1.1-сызба



## 1.4. Баланың зейінін тәрбиелеу

Бастауыш сынып оқушыларының зейін ерекшеліктерін еске ала отырып, оны тәрбиелеудің кейбір жолдарын көрсетуге болады.

Зейінді дамытуда, әрі өтілетін сабақтың жемісті болуына сыртқы жағдайдың атқаратын маңызы зор. Оқушы еңбектенетін жерде, оның көңілін аударатын қоздырғыштардың (шу, баланы қызықтыратын қажетсіз әңгімелер) болмауы керек, қажетті гигиеналық шаралар сақталуы шарт (таза ауа, тиісті жарық).

Ырықсыз зейінді тәрбиелеу үшін мектеп оқушысының танымдық ықыласын дамытып, оның түсіну шеңберін ұлғайтқан жөн. Баланың жалпы ақыл-ойы өскен сайын оның ырықсыз зейінінің дамуы да күшейе түседі.

Мектепке келген балада мұғалімді тыңдау, оқу материалының мазмұнына үңілу сықылды зейінділік әдеті болмайды. Зейінді тәрбиелеудің бірден-бір жолы – мектепте оқудың алғашқы аптасындағы әңгімелер мен ертегілерді мұғалімнің оқып беруі. Сонымен қатар, бұл оқу мұғалімге оқушылардың қайсысының зейіні зор, қайсысынікі шамалы екендігіне құнды бақылау жасауға мүмкіндік береді. Балалардың зейін ерекшеліктерін білген мұғалімге олармен сабақ өткізу жеңіл болады.

Зейінді аударып, оны тарта білудің маңызды шарты сабақты жақсы ұйымдастыру болып табылады. Ол үшін мұғалім сабақтың жоспарын ойластырып, уақытты есептеп тағы басқамен мұқият әзірленуі қажет. Сабаққа қажетті

заттар өз орнында, рет-ретімен тұруы қажет. Сабақ басталар кезде, қажетті құралдар болмай, соны іздестіріп, не ұмыт қалған сынып журналына, борға балаларды жұмсап, т.б. әбігершілік жасау мектеп оқушысының зейініне қатты әсер етеді.

Сабақ басталарда, оның мақсатын айтқан пайдалы, өйткені оқушылар өзінің міндеттерін түсініп, немен айналысатынын біліп отыруы қажет. Осыны күні бұрын ескерту керек. Жұмыс басталарда балаларды алда тұрған істі қуанышпен күтетіндей дәрежеге жеткізген пайдалы. Бұл олардың зейінін күні бұрын мұқият жинақтауға көмектеседі. Еңбектің, жұмыстың жалықтыратын қиын жерлерінде оның маңыздылығын айтқан жөн, сонда ғана ырықты зейін туады.

Ырықсыз зейінді аудару үшін оқу материалының мазмұны және оның қандай формада берілуінің маңызы зор. Мұғалімнің белгілі мөлшердегі жарқын эмоцияға толы нақтылы фактілер мен мысалдарға құрылған қызықты әңгімесі – иллюстрациялар көрсету, көрнекі құралдарды пайдалану. Көрнекілік, әсіресе, бастауыш сыныптарда өте қажет. Бала тек көз алдында заттар мен құралдар тұрғанда ғана зейін аударып қоймай, оның үнемі зейінді болу жағын қарастыру қажет.

Баланың зейінін тәрбиелегенде айналадағы жарамсыз жағдайды өзгертіп немесе зейінді соған бейімдеу керек. Сабақ жүріп жатқан бөлме есігі ашылып жабылса, не балалар сөйлесіп отырған болса немесе дәлізде біреулер шуласа, баланы алаңдатып, зейінін бөледі. Мұндайлардан сақтандыратын шаралар жүргізу керек. Өндіріс жұмыс жағдайының зейінді алаңдатпайтыны кемде-кем. Зауыттарда, фабрикаларда, цехтарда машиналардың тарсыл-гүрсіл, сыбдыр-шуында істелетін жұмыс аса күшті де, өте

тұрақты зейін қояды тілейді. Мұнда да зейінді алаңдатып алудан сақтай білген дұрыс, қиыншылықты ығыстыратын қажырлы қайрат жиып, зейінді тәрбиелеу керек. Бөгде тітіркендіргіштердің барлығы да зейінді түскен нәрсесінен үзіп алып, басқа нәрсеге түйілте бермейді, керісінше, зейіннің түйілуін күшейтіп, жұмысын берекелендіретіндері де болады. Кейде уілдеген бәсең жел, музыканың баяу естілген сазды үні зейінді күшейте түседі, оның шаршамауына қуат береді. Зейіннің сергек болуына көмектеседі. Бұларды еске алып, дұрыс пайдалану – тәрбиешінің зор міндеті.

Сезім адам зейініне түрліше әсер етеді. Ол – бірде зейіннің күшін ұлғайтады, тұрақтылығын арттырады, бірде берекесін кетіреді. Бағытталған объект жарамды сезім туғызса, зейін күшейеді және күшті болған сайын берекелене түседі. Сезіммен оянған ырықты зейін күшті және тұрақты болады. Адамның санасы іс-әрекет үстінде жаңа біліммен байыса, оның көңіліндегі күмән тұрақтылығы да әсер етеді. Көңілдің бөгде себептерден туған күйі зейінге жарамсыз әсер тигізеді. Көрші бөлмеден естілген ән мен күйден туған сезім баланың сабақ оқуда тұрақтап отырған зейінін төмендетеді. Зейіннің сезіммен қатынасының болатынын ескеріп, оны тәрбиелеп отыруға міндетті. Ерік сипаты мақсатқа ұмтылып, іс-әрекетке дайын тұрады. Бұл сипат ырықты зейінде де болады. Тапсырылған жұмысты орындауға бел байлағанда, зейін күшті, тұрақты болып, жұмыс жеңіл атқарылады. Адам өзіне ұнамаған жұмысты қажыр, қайрат салып қана істей алады. Ендеше, ырықты зейіннің тәрбиесі еріктің дамуымен тығыз байланысты, мұны ескермеуге болмайды.

Зейін қою қызығумен да тығыз байланысады. Қызыққан нәрсеге адам ілтипатын түсіріп зейін қояды. Бірақ қы-

зықтырған нәрсе барлық зейінді тәрбиелей бермейді. Сондықтан қызыққанына ғана зейін қоюға, баланы үйретуге әуестенбеу керек, қызықтырмайтын жұмысқа қайрат, күш жұмсап, зейін қоя білуге тәрбиелеген мақұл. Мұғалім мен тәрбиеші мұны мұқият ескеруі керек. Ырықты зейінді тезірек үйреншікті зейінге айналдыру үшін, мүмкіндігінше қалтқысыз беріліп жұмыс істеуге тиіс. Кісі өз зейінінің жарамды-жарамсыз сипаттарын біліп, жарамдысын дамытып, жарамсызын тәрбиелеп отыруға міндетті.

Баланың зейіні тіпті ерте, өмірінің бірінші айларында көрінеді. Әуелі ырықсыз зейін орнығады. Бөбек өшекейлі нәрсеге көзін, әуезді дыбысқа құлағын салады. Тәрбиенің ықпалымен дамып келе жатқан сезімімен, мүддесімен, игілік-қызығумен сабақтасып, ойын, іс-әрекетінде жас балаларда ырықты зейін пайда болады. Баланың ырықты зейініне түйілетін нәрселерінің көлемі кеңиді және зейіннің күші мен тұрақтылығы арта бастайды. Баланың оқу процесінде де ырықсыз зейін үлкен орын алады. Ырықсыз есте сақталуы да тұрақты болады. Сондықтан оқыту процесінде шәкірттің ырықсыз зейінімен жүргізуге болмайды.

Үлкеннің нұсқауымен түйілетін ырықты зейін 3-5 жас арасындағы балаларда болады. Үш пен жеті жас арасындағы баланың зейінін дамытуға ойынның үлкен мәні бар. Бала ойында алдына мақсат қояды, ойынның айла-тәсілін өздері тыңдап, қимыл-әрекетін өздері ұйымдастырып, біреуі екіншісінің істегенін бақылайды. Бұл көріністерде ырықсыз да ырықты зейіннің қызметі бар. Мектепке дейінгі дәуірдегі баланың ырықты зейінін дамытуға үй еңбегіне қатысуының, өзін-өзі күте білуінің пайдасы зор. Ырықты зейін мектеп жасында едәуір дамиды. Бала жасының ілгерілеуіне қарай, зейіннің жеке-жеке қасиеттері – көлемі, ауысуы,

бөлінуі, күші мен тұрақтылығы дамиды. Жасқа толмаған баланың зейінінің көлемі өте тар. Бір қолында алма ұстап отырған бөбектің екінші қолына ойыншық, конфет ұстатсаң, алманы тастап жібереді, өйткені зейінін екі жаққа бірдей бөле алмайды. Зейіннің бөлінуі баланың ойынында, оқу процесінде, еңбекке қатысында үлкендердің басшылығымен жетіледі.

Зейіннің белгілі дәрежеде жетілген күші мен тұрақтылығы оқу оқуға, ақылдың, әсіресе ойлаудың дамуына көмектеседі. Мектепке дейінгі дәуірде зейіннің күші мен тұрақтылығы баланың сезіміне бағынады. Олардың сезімі ұзаққа созылмайды, тұрақты болмайды, сондықтан баланың зейіні де онша тұрақты емес. Сонда да олардың сезімінде өзіндік күш бар болғандықтан, зейіні ұзаққа созылмаса да, біраз уақытқа тұрақты боп көрінеді. Мектеп жасындағы балаларда сезімнің тұрақтылығы арта түседі. Мұғалім оқушының сезімін оятатын тәсілдер қолданып, олардың зейінінің күші мен тұрақтылығын тәрбиелеп отыруға тиіс. Зейінді күшті және тұрақты ететін күш – ерік. Зейіннің кейбір қасиеттері ерікпен бірге дамиды.

#### **Балада зейіннің дамуы және оны тәрбиелеу жолдары:**

1. 1-сыныптан бастап оқушыларды зейінділікке әдеттендіру; оларда зейіннің жоғары түрлерін дамыту.

2. Бүкіл сыныпқа не жеке оқушыларға берілетін тапсырмалар дәл, анық, қысқа болып келсін.

3. Бала қайда жүрсе де (мектепте, үйде, далада) байқағыштыққа тәрбиеленуі тиіс.

4. Зейін тәрбиесін ерік тәрбиесімен ұштастырып отыру.

5. Балалардың жүйке жүйесінің әлі де болса «қата» қоймағандығы еске алынсын.

6. Мұғалімнің жеке басының үлгі, өнегесі.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Зейін дегеніміз не?
2. Зейін неше түрге бөлінеді?
3. Ырықсыз зейін дегеніміз не?
4. Ырықты зейін дегеніміз не?
5. Үйреншікті зейін дегеніміз не?
6. Зейіннің қандай қасиеттерін білесіз?
7. Алаң болушылық дегеніміз не?
8. Зейіннің негізгі қасиеттерін атаңыз?

### **№1 тапсырма.**

Зейін түрлеріне салыстырмалы сипаттама бер.

| Зейін түрлері | Пайда болу жағдайлары                                                                     | Негізгі сипаттама                              | Механизмдері                         |
|---------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|--------------------------------------|
| Ырықсыз       | Күшті әсер етуші, бейнелі немесе маңызды және тітіркенушіден эмоционалды қалыпты тудырушы |                                                |                                      |
| Ырықты        |                                                                                           |                                                | II-ші сигналдық жүйенің жетекші ролі |
| Үйреншікті    |                                                                                           | Мақсатқа бағытталу сақталады, қысым төмендейді |                                      |

### **№2 тапсырма.**

Зейіннің қандай түрлері мен қасиеттері келесі жағдаяттарда көрініс беретіндігін анықтаңыз.

а) Гроссмейстер бірнеше тәжірибелі шахматшылармен бір мезгілде ойын ойнайды.

ә) Талапкер геометрия пәнінен емтиханға бар күш-жігерімен даярланады.

б) А. Құнанбаевтың қара сөздерін оқи отырып, оқушы терезе жақтан сырттағы қатты әуенді естиді.

в) Оқушылар шағын әңгімені тыңдап, мәтіндегі сын есімдерді айтуы қажет.

г) Сыныптағы тыныштықты мектеп ауласындағы машина сигнализациясының дыбыс бұзды.

ғ) Жаңа оқулықтарды алған оқушылар мұғалімнің сөзіне еш назар аудармай, оларды қызығушылықпен қарай бастады.

д) Психологтың нұсқауымен зерттеушілер бес минут ішінде мәтіннен «к» және «а» әріптерін тауып, максималды тез белгілеуі қажет.

е) Химия пәнінің мұғалімі тәжірибені көрсету барысында оқушыларға пробиркадағы ерітіндінің түсі қазір өзгеру керектігін айтты.

ж) Мұғалім жаңа сабақты түсіндірмес бұрын оқушыларға тақырыптың күрделілігін ескертеді.

з) Корректор мақаладағы қателерді тексереді.

и) Хатшы басшының баяндауымен бұйрықтың мәтінін компьютерге теріп жатыр.

й) Уақытының шамамен 65-70 пайызын аудармашы оратордың сөзін тыңдайды және бір мезгілде өзге тілде оратор сөзінің мазмұнын аударарды.

### **№3 тапсырма.**

Зейін аударудың қандай тәсілдері келесі жағдаяттарда қолданылғанын анықтаңыз.

| №  | Жағдаят                                                                 | Зейін аударудың тәсілі                 |
|----|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| 1. | Әйел адам өзінің қара түсті көлігіне ақ жолақ салдырды.                 | а) қайталау                            |
| 2. | Мұғалім дауыс көтеріп, «Тыныш!» деп айқайлады.                          | ә) жаңалығы                            |
| 3. | Базарда саудаласу мүмкін болатындықтан, үнемі көп тұтынушылар жиналады. | б) қарқындылықтың өзгерісі             |
| 4. | Анасы баласына үнемі: «Өз бөлмеңді жинастыруды ұмытпа» деп ескертеді.   | в) контрастылы түстер                  |
| 5. | Ересек адам көрінген адамды су пистолетпен атқылайды.                   | г) форма немесе өлшемі                 |
| 6. | Жаңа оқытушы аудиторияға кіріп, үндеместен тыныштық орнағанын күтеді.   | ғ) жасанды қоғамдық қызығушылықты ояту |

### **№4 тапсырма.**

Берілген жағдаяттардан зейіннің қасиеттері мен ерекшеліктерін анықта.

1-тапсырма. Техникалық бақылау бөлімінде екі тексеруші жұмыс істейді. Біреуі жұмысты жаңадан бастаған, екіншісі тәжірибелі. Жас тексеруші бөлшектерін бір-бірден алып, тексеріп тұрса, тәжірибелісі қолына екеуін алып тексеруде.

Сұрақ: Екеуінің бір-бірінен зейін айырмашылығы қандай?

2-тапсырма. Сахнагер әрекеті өте күрделі. Ол зейінін тек рольге бағындырып қоймайды. Сахнада өз міндетін орындай жүріп, серіктеріне де көңіл бөледі.

Сұрақ: Сахнагерге өз міндетін ойдағыдай атқаруы үшін зейінінің қандай қасиеттерін дамыту пайдалы?

3-тапсырма. Балалар белгілі уақыттың ішінде айналасында шашылып жатқан геометриялық фигураларды түстері бойынша есінде сақтап, оларды артынша қайта жаңғыртуы (қайталап айтып беруі) керек. Мерзімді уақыт өткен соң, белгі беріліп, жан-жаққа қарау тоқтатылып, ойын жүргізуші әрқайсысының жауабын тыңдайды. Жауап берген баланың тастап кеткені болса, басқалары толықтырып отырады. Ойын шарты бойынша кім есінде көп сақтап, айтып берсе, сол жеңімпаз болады.

Сұрақ: Ойын үстінде зейіннің қандай қасиеттері байқалады? Оларды қандай белгілері бойынша ажыратуға болады?

4-тапсырма. Мынадай пікірталас бойынша зейін сапасын анықтаңыз:

1. Мұрат өте зейінді бала. Ол кітап оқып, не әңгіме тыңдаған кезде оған бөгде біреудің бөлмеге келуі, сөйлеген сөзі, радио дауысы ешқандай әсер етпейді. Өйткені оның зейіні шұғылданып отырған ісіне ауған.

2. Қанат одан да зейіндірек. Ол мұғалім сабақ түсіндіріп тұрғанда, кластың ішінде болып жатқандардың бәрін көріп, біліп отырады.

3. Ал Асылан екеуінен де зейінді. Бірде көзге түрткісіз қараңғыда келе жатыр едік, көшедегі электр шамы жарқ етіп жанды да қайта өшті. Біз тек бір адамның көлбеңдеген бейнесін байқап үлгердік. Ал Асылан сол ер адамның қолындағы мылтығын да, жанында тұрған итін де, тіпті баскиіміндегі жұлдызды да көріпті. Шындығында бізге жолыққан адам шекарашы екен.

Сұрақ: Осы балаларда зейіннің қандай қасиеттері қалыптасқан?

### **№5 тапсырма.**

Келесі ерекшеліктері бар оқушылардың сабаққа деген зейінін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жазыңыз:

- а) зейін шоғырланушылығы төмен;
- ә) зейін бөлінушілігі жақсы;
- б) зейін аударуы нашар.

Ұсыныстар келесі компоненттерді: мақсат, жағдаяттың сипаттамасы, адресаты мен әсер ету тәсілдерді қамтуы қажет.

### **№6 тапсырма.**

Топта «Сандарды орналастыру» әдістемесін өткіз.

Әдістеме ырықты зейінді бағалауға арналған. Зейін қызметінің жоғары деңгейін қажет ететін мамандықтарға іріктеуде қолдануға болады.

**Нұсқау:** 2 минут аралығында бос торкөздерге жоғарыдағы квадрат бланкі торкөздеріндегі 25 санды өсу ретімен орналастыруың қажет. Сандар бланкінің жолдарына жазылады, бірақ жоғарыдағы торкөздерге белгі қоюға болмайды. Бағалау дұрыс жазылған сандардың саны бойынша жүргізіледі. Орташа норма – 22 сан және жоғары.

### **Стимулды материал**

|    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|
| 16 | 37 | 98 | 29 | 54 |
| 80 | 92 | 46 | 59 | 35 |
| 43 | 21 | 8  | 40 | 2  |
| 65 | 84 | 99 | 7  | 77 |
| 13 | 67 | 69 | 34 | 18 |

### **Зейін динамикасын және концентрациясын зерттеу**

**Мақсаты:** Бурдон корректорлық пробасында зейіннің сандық сипатын өлшеу және қысқа уақыттың қызмет процесіндегі динамикалық сипатын анықтау.

**Құрал-жабдықтар:** бурдон-бланк ісі.

**Жүргізу барысы:** тәжірибе ұжымдық түрде жүргізіледі. Әрбір зерттелушіге әріптер жиынтығы жазылған қағаз ұсынылады. Жұмысты бастамас бұрын жаттығу жасалады. Жаттығу уақыты – 1 минут. Зерттелуші бланкідегі 4 әріпті: А-ны, М-ны, К-ны, З-ны сызады. Жұмыс әрбір қатар бойынша жүргізіледі. Жаттығудан кейін тәжірибешінің коман-

дасы бойынша негізгі жұмысқа кіріседі. Негізгі жұмыс 5 минут ішінде жасалуы тиіс, әр минут өткен сайын зерттеуші крест қойыңдар деген команда береді. Бұл крест зерттелуші қай бойға келсе, сол жерден қойылуы қажет. «Аяқта» деген команда бойынша тәжірибе тоқтатылады.

#### **Қорытынды жасау:**

1. Зейін концентрациясының көрсеткішін – К санау,

Дұрыс сызылған әріптердің жалпы санын анықтау –  $n_1$

АМКЗ әріптерінің сызылмағандарын санау –  $n_2$

Кате сызылған әріптерді санау –  $n_3$

Барлық бойдағы АМКЗ әріптерінің жалпы санын санау –  $n$

$$K = n_1 - n_2 - n_3 / n \times 100\%$$

#### **Көрсеткіштері:**

Өте жақсы – 81–100 %

Жақсы – 61–80 %

Орташа – 41–60 %

Төмен 21–40 %

Өте төмен – 0–20 %

#### **Бұл не? Тап!**

**Мақсаты:** Балалардың қабылдау қабілетінің қандай деңгейде екенін анықтау.

**Нұсқау:** Бұл әдістемені қолданар алдында балаға кейбір суреттердің бөліктері көрсетіледі және осы бөліктер арқылы суретті тұтас құрастырып табу керек. Осы әдістеме бойынша балаға қалған бөліктерді жауып, тек «а» бөлігін көрсетіп суретті назарына ұсынамыз. Бала 10 секунд ішінде суретті таппаса, онда басқа бөліктері көрсетіле беріледі. Баланың суретті табуға кеткен уақытын есептейді.

#### **Бағалау нәтижесі:**

10 ұпай – бала иттің суретін «а» бөлігі бойынша 10 секунд ішінде тапса;

7-9 ұпай – ала иттің суретін «ә» бөлігі бойынша 11-10 секунд аралығында тапса;

4-6 ұпай – бала бұл суреттің ит екенін 21-30 секунд уақыт жіберіп, «в» бөлігін көрсеткенде тапса;

2-3 ұпай – бала 30-40 секунд уақыт өткеннен кейін барып, «г» бөлігін көргеннен кейін тапса;

0-1 ұпай – бала 50 секунд уақыт ішінде де «а», «ә», «б» бөліктерін қараса да, бұл иттің суреті екенін таба алмаса.

#### **Даму деңгейі бойынша:**

10 ұпай – өте жоғары,

8-9 ұпай – жоғары,

4-7 ұпай – орташа,

2-3 ұпай – төмен,

0-1 ұпай – өте төмен.

### **ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ**

#### **1. Сананың белгілі мезетте қажет объектіге бағытталуы:**

A. Зейін қою;

B. Түйсінү;

C. Тітіркену;

D. Шоғырлану;

E. Қабылдау.

#### **2. Зейіннің алға қойылған ниетке тәуелділігін дәріптеуші теория:**

A. Заттан затқа ауысуы;

- В. Көңіл күй нәтижесі;
- С. Өткен тәжірибе нәтижесі;
- Д. Рухтық сана;
- Е. Сананың шектеулі болуынан.

**3. Іс-әрекетті бақылау және реттеу қызметін атқарушы психикалық процесс:**

- А. Ес;
- В. Зейін;
- С. Қабылдау;
- Д. Ойлау;
- Е. Сөйлеу.

**4. Зейіннің өзге танымдық процестерге қатынасы:**

- А. Қосалқы;
- В. Дербес;
- С. Байланысы жоқ;
- Д. Тәуелсіз;
- Е. Өз мәніне ие.

**5. Ырықсыз зейіннің туындау негізі:**

- А. Адам мақсатына тәуелсіз;
- В. Жоспарлы әрекет;
- С. Ниетті іс;
- Д. Рухтық күш;
- Е. Санаға байланысты.

**6. Ырықты зейіннің дамуымен тікелей байланысты психикалық процесс:**

- А. Сөйлеу;
- В. Зейін;
- С. Ес;
- Д. Қиял;
- Е. Ойлау.

**7. Зейін жөнінде Гальперин пайымдауларына сай тұжырым:**

- А. Зейін жүйкелік тежелуден;
- В. Зейін зерттеу іс-әрекетінің бір кезеңі;
- С. Зейін көңіл күй нәтижесі;
- Д. Зейін өткен тәжірибе нәтижесі;
- Е. Рухтық сана қабілеті.

**8. Ырықсыз зейіннің туындау негізі:**

- А. Адам мақсатына тәуелсіз;
- В. Жоспарлы әрекет;
- С. Ниетті іс;
- Д. Рухтық күш;
- Е. Санаға байланысты.

**Әдебиеттер:**

1. В. С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1986.
2. К. А. Оразбеков. Отбасы психологиясы. – Алматы, 1997.
3. С. Л. Рубинштейн. Основы общей психологии. – СПб.: Питер Ком, 1999.

## 2-тарау. Түйсік

### Жоспар:

- 2.1. Түйсік туралы ұғым.
- 2.2. Түйсік ағзалары.
- 2.3. Түйсіктің түрлері.
- 2.4. Түйсіктердің негізгі заңдылықтары.
- 2.5. Балада түйсіктердің дамуы мен өзара байланысы.

### 2.1. Түйсік туралы ұғым

Материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке сипаттарының біздің сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейнелеуін *түйсік* деп атаймыз.

Түйсік тірі материяның жалпы биологиялық қасиеті – сезгіштіктің ең маңызды көрінісі. Ол, ағзаның ортамен психикалық байланысы орнығатын бастапқы форма болып табылады.

Түйсік – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы түрлі бейнелер.

Түйсік – біздің айналамызда, ішкі жан дүниемізде не болып жатқанын хабарлап отыратын қарапайым психикалық процесс, осы процестің арқасында біз ортаны бағдарлап, соның жағдайына қарай қимыл жасауға тырысамыз.

Түйсік себепсіз тумайды. Біз түйсік арқылы заттың формасын, түсін, көлемін білеміз. Қолымызбен қозғап, заттың салмағын білеміз. Түйсік арқылы болмаса, біз басқа жолмен заттың ешқандай формалары туралы да, қозғалыстың формалары туралы да біле алмаймыз. Түйсік таным процестеріне жатады, өйткені адам таным процесі арқылы дүниені таниды. Түйсік басқа психикалық процестерге қабылдауға, есте сақтауға, ойлауға, қиялға

материал береді. Адам дүниені ең алдымен өзінің сезім мүшелері арқылы ғана түйсінеді. Заттар мен құбылыстар адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер тигізбесе түйсіну де пайда болмайды. Түйсіну арқылы адам өзінің дене мүшелерінің қимылын, аштығын я тоқтығын, ішкі дене мүшелерінің ауырғанын тағы осы сияқты әсерлерді де сезеді. Түйсіну біздің санамызды сыртқы дүниемен байланыстырып отырады.

Хайуандар да түйсінеді. Бірақ адам мен хайуанаттардың түйсінулерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Хайуанаттардың психикалық әрекеттері де сыртқы дүниенің сәулелері болып табылады. Бірақ олардың дүниені сәулелендіру айналасындағы қоршаумен тек биологиялық байланысын ғана сәулелендіреді, екіншіден, олардың сезім мүшелерінің сезгіштігі шектеулі болады. Адамның дүниені тануы сезім мүшелері табиғи заттарды түйсінумен ғана тынбайды, сонымен бірге ол өз еңбегімен жасап шығаратын заттарды да түйсініп отырады. Адамның дүниені тануы хайуанаттардай жалғыз ғана, оның сезім мүшелері биологиялық құбылыстары мен олардың құрал-саймандар арқылы, жай сезім мүшелерімен түйсіне алмайтын заттарды да түйсіне алады. Мәселен, бүркіттің көзі


қаншалықты үлкен болғанымен заттардың белгілерін айыруға келгенде ол адамның көргенінің көбін көре ал-

майды. Иттің иіскеу сезімі қаншалықты күшті болғанымен, ол адам ажырата-тын иістердің мәнін ажырата алмайды.

## 2.2. Түйсік ағзалары

**Түйсік** заттың сезім мүшелеріне әсер еткен кезде ғана пайда болады. Сезім мүшесі – дененің шет аймақтары немесе ішкі мүшелерінде орналасқан, сыртқы және ішкі ортадағы белгілі бір тітіркендіргіштердің әсерін қабылдауға маманданған анатомиялық-физиологиялық аппарат. Сезгіш жүйкелердің ұштары әр сезім мүшесінің басты бөлігі болып табылады, ол рецептор деп аталады. Көз, құлақ тәрізді сезім мүшелері ондаған рецепторлық ұштықты біріктіріп отырады. Тітіркендіргіштің рецепторға әсер етуі сезгіш (афференттік) жүйке арқылы үлкен ми сыңары қыртысының белгілі бір бөліміне баратын жүйкелік импульстің пайда болуына әкеледі. Жауап қайыру реакциясы эфференттік жүйке арқылы беріледі.

Түйсіктердің физиологиялық негіздері ағзаның арнаулы жүйкелік механизмі анализаторларда іске асып отырады. Кибернетика тілімен айтқанда, адам – өзін-өзі басқаратын жүйе. Анализаторлар – сол жүйенің негізгі ақпараттандыру мүшесі. Ағза барлық анализаторлардан келіп жатқан сигналдардың ыңғайына қарай орталық жүйке жүйесі функцияларын реттеп отырады: бірде жаңа реакция тудырып, бірде бұрын өтіп жатқан әрекеттің барысына өзгеріс кіргізіп, оны түзетіп, бағыттап береді. Ми қабығында ылғи үздіксіз өтіп жатқан күрделі қызмет анализаторлар арқылы іске асып отыратын кері байланысқа сүйенеді.



**2.1-сурет.** Ми қабығының локализациясы, яғни орталықтардың атқаратын қызметтерге бөлінуі.

Жұлын мен сопақ ми аймағы.

I. Көру төмпешігінің аймағы;

II. Ми жарты шарлары.

1. Көз; 2. Құлақ; 3. Тері; 4. Иіс сезу мүшесі; 5. Бұлшық еттер мен сіңірлер; 6. Ішкі ағза рецепторлары

Анализаторлар үш бөлшектен құралады:

а) перифериялық орган – сезім мүшелері (рецепторлар);

ә) өткізгіш бөлім – рецепторларды тиісті орталықтармен байланыстырып отыратын афференттік және эфференттік жолдар;

б) мидағы орталықтар.

Бірінші компоненті – сезім мүшелері (рецепторлар) – әртүрлі құрылған жүйкелік аппараттар. Олардың міндеті – сырттан келген физикалық, химия-

лық тітіргендіргіштердің күшін жүйкелік қозуға айналдыру. Анализаторлардың бұл сатысында әсерді тек қарапайым дәрежеде ғана талдау іске асып отырады. Екінші компоненті – өткізгіш бөлім – сыртқы энергияның сезімтал жүйке талшықтарының ұшында қозуды екі жолмен екі бағытқа (жоғары, төмен) жайып отырады.

Бір жолмен орталыққа тебетін талшықтар арқылы қозуды жұлын мен ми бағанасына және ми қабығындағы алқаптарға жеткізіп отырады; екінші жолмен орталықтан тебетін талшықтар арқылы мидан қозу толқынын әртүрлі ағзаларға өткізеді. Жүйке талшықтарының бойымен қозу бір секундтың ішінде 120 метрдей тездікпен өтіп жатады. Үшінші компоненті – мидағы орталықтар (анализатордың шешуші бөлімі).

Жүйке жүйесіндегі басқа бөлімдердің жасушаларының құрылысымен салыстырғанда, бұл орталықтың жасу-

шаның құрылысы ерекше түрде әрі күрделірек боп келеді. Ағзаның ортаға икемделу реакцияларын дәл қамтамасыз етіп, нәзік талдау жасап отыратын мүше – мидағы осы орталықтар (2.1-сурет). Бұрын физиология ғылымында мидағы орталықты белгілі бір жерге жай топталған нейрондардың жиынтығы деп түсінетін. Қазір зерттеуші ғалымдар психоморфологиялық бұл көзқарасты қате деп тауып отыр. Осы кездегі үстем пікір – функциялардың динамикалық жайласуы. Ми орталықтары – мидың бір жерінде бұлжымай қатып қалған алқап емес, күрделі қарым-қатынас жасап отыратын, бір-бірімен тығыз байланыстағы ми алаптары. Ол алаптар ортаның қойған талабына сай бірінің орнын бірі басып отыруға, бір топ нейрондардың атқаратын қызметін екінші алап атқаруға қабілетті келеді. Психология пәнінде ми қабығының мұндай қызметін компенсаторлық әрекет деп атайды.

### 2.3. Түйсіктің түрлері

Ежелгі гректердің өздері бес сезім мүшесін және соларға сәйкес көру, есту, сипау, иіс және дәм түйсіктерін ажырата білген. Қазіргі кездегі ғылым адам түйсіктерінің түрлері туралы түсінікті едәуір кеңейтті. Қазіргі кезде сыртқы және ішкі ортаның әсерін рецепторда бейнелендіретін жиырма шақты әртүрлі талдағыштар бар деп саналынады. Түйсіктерді жіктеуді бірнеше негіз бойынша жүргізеді.

Түйсік туғызатын тітіркендіргіш пен рецептордың тікелей жанасуының болатындығы немесе болмайтындығына қарай дистанттық және түйісу рецепциялары ажыратылады. Түйсіктің бұл түрлері жақын ортада бағдар жасауды қамтамасыз етеді. Дәм, ауырсыну, так-

тильді түйсіктер – түйісу рецепциясына жатады.

Адамда пайда болатын түйсіктерді үш топқа бөлуге болады:

1. Сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі болып табылатын түйсіктер. Бұлардың рецепторлары дененің бетінде немесе оған жақын орналасқан. Осындай сыртқы анализаторлардың рецепторларын *экстероцептор* деп атайды. Бұған көру, есту, иіс, дәм, тері түйсіктері жатады.

2. Ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін (хабарлайтын) түйсіктерге түрлі органикалық түйсіктер жатады. Олардың рецепторларын *интероцептор* деп атайды.

3. Дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын қозғалыс немесе кинестезиялық түйсіктер хабарлап отырады. Мұның рецепторы *проприоцептор* деп аталынады. Енді осы топтағы түйсіктерге жеке тоқталып өтейік.

### Көру түйсігі

Өмірімізде көру түйсігінің ерекше маңызы бар. Зерттеулерге қарағанда адам 180 түрлі түсті және олардың арасындағы 10000-нан аса реңкін айыра алады. Адам түйсінетін түстер ахроматикалық және хроматикалық болып бөлінеді.

Хроматикалық – гректің «түсті, боялған» деген сөзінен шыққан.

Ахроматикалық – түссіз. Ахроматикалық түстер – қара, ақ, сұр түстер.

Хроматикалық түстерге қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін түстердің барлық реңктері кіреді.

Көру мүшесі – көз. Оның негізгі бөлімі – көз алмасы. Көз алмасы – үш түрлі қабықпен (ақ түсті тамырлы және торлы) қапталған шар тәріздес нәрсе.

Ақ қабықтың түсі пісірілген жұмыртқаның ағына ұқсас. Мұның алдыңғы жағы аздап дөңестелген түссіз мөлдір қасаң қабыққа айналады. Мөлдір қасаң қабық арқылы көз алмасының ішіне жарық сәулесі енеді.

Тамырлы қабық ақ қабықтың астында жатады. Қасаң қабықтың артқы жағы, тамырлы қабықтың алдыңғы бөлігі нұрлы қабық деп аталады. Көздің түсі осы нұрлы қабықтағы пигментке байланысты түрліше болып келеді. Нұрлы қабықтың ортасында қарашық орналасқан. Ең ішкі, үшінші қабықты торлы қабық дейді. Мұнда жарық сәулесінің сезімтал таяқшасы және шақша колбочка деп аталатын фоторецепторлары орналасқан «пигмент» – латыннан аударғанда «бояу» деген мағынаны

білдіреді. Онда 130 миллионға жуық таяқша, 7 миллиондай шақша жасушалары бар. Таяқшалар ымыртта, қараңғыда көрудің, ал шақшалар күндіз көрудің аппараты делінеді. Заттардың түстерін көру «үш түсті көру» теориясымен түсіндіріледі. Осы теорияны алғаш ұсынған ұлы орыс ғалымы М. В. Ломоносов болса, оны одан әрі дамытқан неміс ғалымы Г. Гельмгольц. Осы аталған ғалымдар көздің тор қабығында үш түрлі жұмыр клеткалар бар, олардың бір-бірінен айырмашылығы жарық сәулелерінің әсерін түрліше сезетіндігінде деп жорамал жасады.

### Есту (діріл) түйсіктері

Бұлардың құлаққа жағымдыларын – консонанс, жағымсыздарын – диссонанс дыбыстары дейді, консонанс – француздың «консонансе» деген сөзі, қазақша үйлесімді, жағымды деген мағынада айтылады. Диссонанс – француздың «диссонансе» деген сөзі, қазақша «үйлесімсіз» деген мағынада. Есту мүшесі – құлақ үш бөлімнен тұрады. Оның біріншісі – сыртқы құлақ. Сыртқы құлаққа дыбыс түтігімен қосылған құлақ қалқаны жатады. Ортаңғы құлаққа – балғашық, төстік, үзеңгі кіреді. Есту мүшесінің үшінші бөлігі – ішкі құлақ. Ішкі құлақтың бітісі өте күрделі, оның өзі үш бөліктен – босағадан, иірім түтіктен және жартылай имек каналдардан тұрады. Бүкіл негізгі жарғақша бойлай корти мүшесі орналасқан. Оның құрылысы да өте күрделі. Корти мүшесінің аса маңызды бөлігі – өте жіңішке талшықтары бар сезімтал жасушалардан тұрады. Осы жасушалар дыбыс қабылдайтын рецепторлар деп аталады. Есту түйсігінің де сыртқы дүниені танып-білуде атқаратын маңызы зор. Біздің құлағымыздың ішінде шамамен 24000 көлденең талшықтан тұратын құлақ жарғағы болады. Құлаққа жеткен дыбыс толқыны құлақ жарғағының

талшықтарының бірін қоздырады. Бұл қозу миға беріледі, оның нәтижесінде дыбыс түйсігі пайда болады. Біздің есту аппаратымыз жиілігі секундына 16-дан 20000-ға дейінгі дыбысты ұстайды. Біз еститін дыбыстардың барлығын екі топқа бөлуге болады:

1. Музыкалық дыбыстар – бұлар ән салғанда, саз аспаптарында ойнағанда.

2. Шулар – сықырлау, дүрсілдеу, тарсыл-гүрсілдер.

### **Иіс түйсіктері**

Мұрын кеңсірігіндегі кілегей қабықтың жасушаларына түрлі химиялық заттардың әсер етуі нәтижесінде иіс түйсіктері пайда болады. Осы кілегей қабықтың таяқша тәрізді сезгіш жасушалары бар. Ауамен бірге мұрынға кіретін иісті заттар иіс мүшесінің сезім жасушаларын тітіркендіріп отырады. Иіс түйсіктерінің түрлері көп. Мәселен, Африкадағы бушмен тайпалары арыстанның, керіктің, зебрдің ізін иіскеп жүріп-ақ оңай тауып алады, олар иісті ең жақсы аңшы иттерден артық біледі. Үндістанда жыланның жатқан жерін иісінен біліп табатын адамдар бар. Иісті жақсы сезу соқыр, мылқау, керең адамдар да ерекше жетілген. Мәселен, олар бөтен адамдарды, түрлі нәрселерді алыстан, иісінен таниды. Үйге кірген адамды да, таныс көшесін, тұрған үйін де олар иісіне қарап оп-оңай айыра алады.

### **Дәм түйсіктері**

Сілекейде еріген заттардың дәм бүршіктерін тітіркендіруден дәм түйсінуі туады. Дәм бүршіктері деп ауыздың кілегей қабығында көп қабатты эпителимен оралған сопақ денелерді айтады. Дәм бүршіктері тілдің бетінде, жақтың ішіндегі таңдайда, жұтқыншақтың арт жағында орналасқан. Олардың көп орналасқан жері – тіл аймағы. Дәм түй-

сіктерінің негізгі төрт түрі бар – тәтті, қышқыл, тұзды және ащы. Дәм түйсіктерінің толық болуы үшін иістің маңызы бар. Ол болмаса, әртүрлі тағам дәм жағынан бірдей болып көрінуі мүмкін. Тілдің түрлі бөліктері дәмнің жоғарыда аталған төрт түрін сезеді.

### **Тері түйсіктері**

Тері түйсігінің рецепторы денедегі терінің өн бойына орналасқан. Тері түйсігі, сондай-ақ тілдің, мұрынның кілегей қабықтарында да мол болады. Тері түйсіктерінің өзі бірнешеге бөлінеді. Олар – тактиль, температура және ауырғанды білдіретін түйсіктер. Терінің сезгіштігі адам денесінің әр жерінде әртүрлі болады. Бір нәрсе тигенде тілдің, саусақтың ұшы, арқа сезімтал келеді. Бір жеріміздің ауырғанын жақсы сезетін – арқа мен бет терілері, ал нашар сезетін саусақ ұштары мен алақан.

### **Сипап сезу түйсіктері**

Адамдардың еңбек әрекетінде ерекше орын алатын түйсіктерінің бірі – сипай сезу түйсігі. Мұның екі түрі бар. Біріншісі – пассив сипай сезу. Бұған тері түйсігі түгелдей кіреді. Екіншісі – актив сипай сезу. Актив сипай сезу тері және қозғалыс түйсіктерінің ұштасып келуінен көрінеді. Актив сипай сезу, түйсігінің рецепторы адамның қолында (саусақ, алақан) орналасқан. Осы түйсік – әрекеттің нақтылы бір түрінің ықпалымен күшті дамып отырады. Мәселен, тәжірибелі диірменшілер ұнды уқалап керіп, оның сапасын қай жердің бидайынан тартылғандығына дейін қатесіз айтып бере алады.

Сипай сезу түйсіктерінің жалпы еңбек процесінің «ұсақ-түйек» ерекшеліктерін меңгеруде, мектепте оқушыларды қол еңбегінің дағдыларына үйретуде, сондай-ақ соқыр, мылқау, керең адамдардың тіршілігінде ерекше орын алатыны түсінікті.

## Статикалық түйсіктер

Статикалық (тең басу) немесе гравитациялық сезгіштік денеміздің кеңістікте орналасу қалпын бейнелендіреді. Оның рецепторлары ішкі құлақтағы вестибулярлық аппаратында орналасқан. Дене қалпының жер жазықтығына қатысты күрт және жиі өзгере беруі теңіз ауруына, бастың айналуына әкеліп соғады.

Мәселен, 30-40 секундқа созылатын артық салмақ түсу мен салмақсыздықтың алмасып отыруын адамдар түрліше түйсінеді. Осы тұрғыдан барлық адамдарды негізінен үш топқа бөлуге болады. Жүйке жүйесі неғұрлым төзімді адамдар – мұндайға онша қиналмайды, екінші біреулер – тосын тітіркендіргішке кездескенде қолайсыз күйге түседі, тез шаршай бастайды, өңі бозарады, терлеп, жүрегі айниды, бейне бір тиянақ таппай қалқып жүргендей сезінеді. Үшінші біреулер – сәл басы айналғанын сезгенімен, кейіннен бұған бейімделіп кетеді. Соңғы топтағы адамдардың да жүйке жүйесі күшті, төзімді келеді. Өз денесін кеңістікте билей алатын, ерік жігері күшті, эмоциялық төзімділігі мол, қимыл-қозғалысын үйлесімді жетілдіріп жаттықтырған адамдар қандай жағдайларда да денені бағдарлай алу қабілетінен айырылмайды.

## Кинестезиялық түйсіктер

Кинестезиялық түйсіктер деп дененің жеке бөлімдерінің қимылы мен

қалпын түйсінуді айтады. Кинестезиялық түйсіктердің рецепторлары бұлшық еттер мен сіңірлерде орналасқан. Бұл рецепторлардағы тітіркену бұлшық еттердің созылуы мен жиырылуынан туады. Кинестезиялық түйсіктер нәтижесінде дене мүшелері қимылдарының күші, жылдамдығы, траекториясы жөніндегі білім қалыптасады. Қимыл-қозғалыс рецепторларының басым көпшілігі саусақ, тіл, еріндерде орналасқан. Сөйлеу аппаратынан шығатын кинестезиялық түйсіктерді И. П. Павлов «сөйлеудің базалық компоненті», яғни екінші сигналдық жүйе қызметінің негізгі құрамына енеді деп санады.

## Органикалық түйсіктер

Рецептор ұштарының көбі ішкі мүшелерде орналасқан. Олардан пайда болатын түйсіктер адамның органикалық сезімін құрайды. Жекелеген органикалық түйсіктерді, ашығу, шөлдеу, ауырсыну түйсіктерін ерекшелендіреді.

Ашыққанда, шөлдегенде не сусын қанғанда, жүрек айнығанда, іш ауырғанда және т.б. осындай жағдайларда болатын сезінулер органикалық түйсіктерге жатады. Адам тоқ, дені сау кезінде немесе іс-әрекет үстінде түйсіктердің бұл түрін байқай бермейді. И. М. Сеченов сондықтан да түйсіктердің бұл тобын «көмескі түйсіктер» деп атаған. И. П. Павлов мектебінің зерттеулері көрсеткендей, дені сау адамның органикалық түйсіктері оның жалпы «хал-күйінің» негізі болып табылады.

## 2.4. Түйсіктің негізгі заңдылықтары

Түйсіктің пайда болу процесі белгілі заңдылықтарға бағынады.

*А. Сезгіштік және табалдырық.*

Психологияда адамның түйсіне алу қабілетін *сезгіштік* деп атайды. *Сез-*

*гіштікті:* 1) *абсолюттік*, 2) *айырма сезгіштік* деп екіге бөледі. *Абсолюттік сезгіштік* дегеніміз – сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы. *Сезгіштік түйсіктің та-*

балдырығымен тығыз байланысты. Мәселен, абсолюттік сезгіштік түйсік-тік табалдырығына тәуелді. *Абсолюттік табалдырық* – түйсік табалдырығының шегі. Абсолюттік табалдырық тітіркендіргіштің болмашы ғана түйсік тудыратындай ең аз шамасы. Түйсік табалдырығының шамасы азайған сайын адамның абсолют сезгіштігі арта түседі. Мәселен, біреу алақанындағы бір ми квадрат аумаққа түсетін салмақты 3 грамнан бастап сезетін болса, екінші біреу осындай жерге түскен салмақты 6 грамнан бастап сезеді. Бұдан соңғы адамның түйсік табалдырығы екі есе артық та, абсолюттік сезгіштігі екі есе кем екендігі көрінеді. Егер тітіркенудің шамасы табалдырықтан төмен жатса, онда түйсік пайда болмайды. Мәселен, адам денесіне қонған тозанды сезе алмайды, көз ультракүлгін сәулелерді көрмейді, құлақ әлсіз дыбыстарды естімейді. Өйткені осы тітіркендіргіштердің бірде-біреуінде түйсік туғызарлықтай күш жоқ.

*Айырма сезгіштік* деп сезім мүшелерінің тітіркендіргіштердің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алуын айтады. Айырма сезгіштікті сипаттау үшін не айыру табылдырығының мөлшерімен пайдаланады. Мәселен, егер алақанға жүз грамм салмақ салып, оған тағы бір грамм қосса, салмақтың артқаны білінбейді. Оны айыра білу үшін 3-4 грамм қосу керек. Айыру табалдырығы түйсіктің түрлерінде әртүрлі болып келеді. Мәселен, жарықты айыратын табалдырықтың күші 1/100-ге тең. Бұл айтылғандарды мынадай фактілермен дәлелдейді. 100 шамдық жарық күшіне тағы бір шамдық жарық қосылса, сонда жарықтың аздап та болса артатындығы байқалады. Ал жүз кісі қатынасқан хорға тағы да он адам қосылса, хордың даусы аздап болса да көтеріледі.

XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген неміс ғалымдары Э. Вебер (1795–

1878) мен С. Фехнер (1801–1887) тітіркендіргіштердің күшімен адам түйсігінің арасындағы байланысты заң түрінде тұжырымдады. Мұны түйсіктің психофизикалық заңы дейді. Осы заң бойынша тітіркендіргіштердің күші геометриялық прогрессия жолымен көбейсе, одан туатын түйсіктер арифметикалық прогрессия жолымен өседі.

Әлсіз немесе күшті тітіркендіргіштердің әсерін бұл заңмен түсіндіру қиынға соғады.

#### Ә. Адаптация

Сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуге байланысты да өзгеріп отырады. Бұл құбылысты *адаптация* дейді.

Адаптация құбылысы адам сезгіштігінің артуын немесе төмендеуін көрсетіп отырады. Түйсіктердің қай-қайсысы да адаптацияланады. Мәселен, көру түйсігіндегі адаптацияны алайық. Жарық жерден қараңғы үйге кіру бізде қараңғылық адаптациясын туғызады. Жарық жерден қараңғы бөлмеге кіргенде көздің қарашығы 17 есе ұлғаяды. Бұл қарашықтан өтетін жарықтың мөлшері 17 есе көбейеді деген сөз. Көздің қараңғыда көргіштігіне торлы қабықтық шетіне орналасқан таяқшалардың әсері ете күшті. Олардың нашар жарықты да жақсы сезе алатын қасиеті бар. Мәселен, 30-40 минуттан кейін қараңғыдағы көру сезгіштігі 200 мың есе артады. Ал қараңғыдан жарыққа қарай сезгіштіктің өзгеруі жарық адаптациясын көрсетеді. Алғашқыда күн көзге шағылысып, көз еріксіз жұмылады.

Бірақ төрт-бес минуттан кейін көз бұған үйренеді де, көздің көруі қалпына келеді.

Адаптация құбылысына перифериялық жүйке жүйесімен қатар ми қабығы да қатысады.

Адаптация тері (тактиль) түйсіктерінде де күшті байқалады. Осының

салдарынан кейбір адамдар тітіркендіргіштерді түйсінбей де қалады. Температуралық түйсіктердің де адаптациясы мол.

Мәселен, судың бірқалыпты салқындығына дене тез уақыт ішінде төселеді де, адамның терісі суыққа тітіркенбейтін болады.

Иіс түйсіктерінде адаптация түрлі дәрежеде көрінеді. Мәселен, камфараның иісі 1-2 минуттан кейін сезілмейтін болса, горчица мен нашатыр спиртінің иісіне адаптациялану тезірек болады.

Ауырсыну түйсіктеріндегі адаптация өте әлсіз, ауырсыну организмнің қалыпты жұмысының бұзылғандығын, осы сигналдың биологиялық ролін көрсетеді. Адаптация құбылысы үнемі өзгеріп отыратын сыртқы дүние тітіркендіргіштеріне анализаторлардың қалай да бейімделе алатындығын байқатады.

#### *Б. Түйсіктердің өзара байланысы. Сенсублизация*

Егер адаптация анализаторлардың сезгіштігінің түрлі жағдайларға байланысты артуының төмендеуінің көрсеткіші болса, *сенсублизация* сезгіштіктің тек артуын ғана көрсететін құбылыс болып табылады.

Сезім мүшелерінің біреуінің әсерінен басқаларының сезгіштігі артып отырады. Мұны былайша түсіну керек. Әлсіз тітіркендіргіштер өзімен бірге әсер етіп тұрған басқа тітіркендіргіштердің сезгіштігін арттырады. Мәселен, көзге жеткілікті мөлшерде түскен жарық оның көру қабілетін арттырумен қатар есту түйсігінің сезімталдығының артуына да себепші болады. Қызыл түс адамның ақ, қара түстерді дұрыс ажыратуына жәрдемдеседі. Түнгі ұшуға дайындық кезінде ұшқыштардың көздеріне 20-30 минут бойына қызыл көзілдірік киетіндері осыдан.

С. В. Кравков, К. Х. Кекчеев зерттеулерінде адамның дамыл-дамыл таза

ауада дем алуы, жеңіл дене қимылын жасауы, беті-қолды салқын сумен сүртінуді көру сезгіштігін арттыратындығы дәлелденген.

Сыртқы дүниенің заттары бір ғана анализатормен түйсінілмейді. Бір сезім мүшесіне түскен әсер, қалған сезім мүшелеріне де әсер етеді. Түйсіктердің бір-бірімен байланысқа түсуі сыртқы дүниенің құбылыстарын толығырақ түйсінуге жағдай жасайды. Болар-болмас дәм түйсігі (қышқыл нәрсе) көру сезгіштігін арттырады, тұз ерітіндісін ішкеннен кейін таза судың өзі тәтті болып көрінеді. Осындай өзара байланыс көру, сипай сезу, қозғалыс түйсіктерінде де көп байқалады. Түйсіктердің өзара байланысының өте айқын көзге түсетіні контраст (қарама-қарсылық) құбылысы. Мәселен, айналасын ақ түске бояған сұр тікбұрыш айналасын қара түске бояған сұр тікбұрыштан күңгірттеу көрінеді. Ал осы сұр тікбұрыштың айналасын қоңыр түске бояса, жасыл тартып, сары түске бояса, көгілдір болып көрінеді. Тым-тырыс кезде дыбыс жақсы естіледі, ыссы нәрседен кейін салқынды түйсіну өзінен-өзі белгілі. Жоғарыда көрсетілген мысалдарда түйсіктердің қарама-қарсылығы жүйке процестерінің өзара индукция заңдылығымен (бір мезгілдік индукция) түсіндіріледі.

#### *В. Синестезия*

Тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуінде ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің, пайда болуына да жағдай жасайды. Мәселен, кейбір адамдар біреудің сөзін естігенде, бұған қоса түрлі дәмдер мен түстерді де сезінуі мүмкін. Мұндай адамдардың бірі қызғылт түстен жылылықты, екіншілері – көгілдір-жасыл түстен суықты сезінеді. Түйсіктердің осылайша қосарланып жүруін *синестезия* дейді. Есту, көру, сипай сезу, иіс, дәм түйсіктерінде кездесіп отыратын осы құбылыс өмірде

онша жиі кездесе бермейді. *Синестезия* – түйсіктердің өзара байланысының мөлшерден тыс дамыған бір көрінісі.

Г. Бірізді бейнелер (*эстетикалық* ес).

Тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да, түйсіктің өз күшінде қалатын кездерін *бірізді образдар* деп атайды. Бұлар көру, есту, иіс, дәм тактиль түйсіктерінде жиі кездеседі. Мәселен, адам 2-3 секунд бойы көз алмай шамға қарап отырып, содан кейін көзін жұмса (көзді жұмғанда қабақтан жарық түсірмеу үшін шамды алақанмен қалқалау керек), жарықтың ізін айқын көре алады. Бір ізді образдардың бұл түрі оң *бір ізді образдар* деп аталады.

Қолымызға екі парақ ақ қағаз алып, бірін ақ күйінде қалдырып, екіншісінің ортасына шаршылап қиылған қызыл қағаз жапсырайық. Бұдан кейін осы қызыл қағаздан көз алмай 20-30 секундтай қарап отырып, көзімізді сәл ақ қағазға аударсақ, оның *бетінен көгілдір* түсті көруге болады.

Бұл теріс бір ізді образдардың мысалы. Соңғы түс алғашқы қызыл шаршының *теріс бірізді* образы. Кино ленталарындағы жеке кадрлардың арасындағы үзілістерді байқамау осындай оң бір ізді образдардың қызметі болып табылады. Өйткені мұндайда

бір тітіркендіргіш екіншісімен жалғасып отырады. Бір ізді образдар көбінесе адамға байқалмайды. Өйткені көздің тор қабығы үнемі қозғалып тұрады да, осыдан адамның көзі талмайды. Орталық жүйке жүйесінің жоғары бөліктерінде түрлі қозулардан қалған іздер – бірізді образдардың физиологиялық негізі болып есептелінеді.

Бірізді образдарға ұқсас, бірақ одан табиғаты бөлектеу заңдылықтың бірі – *эстетикалық құбылыс*. Бұл – *эйдоне* деген грек сөзінен алынған, мағынасы *көру, сурет, бейне, идея* деген мағынаны білдіреді. Кейбір адамдарда бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстарды, сол объектілер көзден таса пайда болған жағдайда да көріп тұратындай қабілет болады. Осы жағдайға байланысты шыққан қисынды психологияда *эйдетизм* деп атайды да, осындай қабілеті бар адамдарды *эйдетиктер* деп атайды. Эйдетика образдары естің елестеріне, сондай-ақ түйсікте, ілеспе, бір ізді образдарға табиғаты жағынан ұқсас келеді. Эйдетикалық бейнелерді естің елестері мен ілеспе бейнелерден бір ерекшелігі, мұнда адам жоқ заттарды ұсақ-түйектеріне дейін нақтылы тәптіштеп түсіне алады. Яғни, алдында жоқ нәрсені бүге-шігесіне дейін жақсы «көре алады» бірінен екіншісіне көзін оңай жүгіртеді.

## 2.5. Бала түйсіктерінің дамуы мен өзара байланысы

Түйсіктердің өзара байланысы – психофизиологиялық заңдылықтардың бір түрі. Белгілі бір тітіркендіргіш сезгіштің сол бойда сезіліп тұрған басқа тітіркендіргіштерге тәуелділігін түйсіктердің өзара байланысы дейді. Әдетте, сыртқы әсерлер талдағыштардың жеке түрімен ғана емес, өзара байланысты түрде түйсіну процесін тудырып

отырады. Мәселен, тамақ ішкенде адамның дәм, тактильдік, температуралық, иіскеу талдағыштары бір мезгілде жұмыс істейді. Денеге бір нәрсе тисе, тактильдік, температуралық, кейде көру рецепторы қатысады. Түйсіктің бір түрінің басқаларына әсер етуі ми орталықтарындағы қозудың үдеуіне байланысты. Түйсіктердің өзара бай-

ланысын айқын елестететін жайт – түйсіну қарама-қарсылық. Мәселен, әуелі тәтті кәмпит жеп, содан кейін ізінше алма жесеңіз, алма қышқыл дәмді болып түйсіледі: егер алманы бірден жесеңіз, ол тәп-тәтті көрінер еді. Қарама-қарсыға байланысты көршілес және бірімен-бірі жалғасып келетін түйсінулердің айырмашылығы күшейеді. Мұндай жайт нәрселердің қасиеттерін қабылдау үшін маңызды. Өйткені түрлі тітіркендіргіштер бірінен-бірі оқшауланып әсер етсе, нәрселердің жеке қасиеттері анық түйсіледі. Түйсіктердің дамуын өзге де психикалық процестермен байланысты түрде қарастыра отырып, оның барлық психикалық процестердің негізі болатындығын аңғарамыз. Талдағыштар неғұрлым жақсы қызмет атқарса, адам сыртқы ортадан соғұрлым анық хабарлар алып отырады. Белгілі дәрігер ғалым С. П. Боткин (1832–1889 жж.) түйсік адамның өмірлік тонын белгілі дәрежеде сақтап отыратын процесс екендігін өзінің тәжірибелік зерттеулерінде айқындап берді.

Балалар мектепте оқығанға дейін олардың анализаторлары бірқатар жетілгенімен, олардың одан әрі дамуы мектептегі кезеңдерде жүріп жатады. Анализаторлардың бірқалыпты дамымайтынын атап айтуымыз керек. Төменгі класта оқитын кезеңде, көздің көргіштігі біршама сылбыр болғанымен ұлғая бастайды, жасөспірімдерде бұл қарқын үдей түседі. Сонымен қатар, төменгі класс оқушыларының көру, есту тітіргендіргіштерін ажырата білу қабілеті жылдам дамиды.

Балалар мектепте негізгі түстерді ажырата алатын болады. Бастауыш класта жүрген кезінде олар түрлі түстерді ажыратып қана қоймай, оларды атымен атап, тапсырма бойынша сөз атауымен (мысалы, ашық көк, қоңырқай жасыл, солғын қызғылт) түстерді іріктейді.

Ер балаларға қарағанда, қыз балалардың түс түйсігі басымдау болады. Мұның болу себебін, ойын кезінде қыз балалардың заттың түр түсіне ер балалардан гөрі көбірек көңіл бөлуінен деу керек. Мұғалімнің түстің түрлерін ажыратуға әдейі арналған жаттығулары ер балалардың да бұл қабілетін арттыра түседі.

Ал есту жітілігіне келсек, бөбектік жастағылардан гөрі төменгі кластағы балалардың естуі едәуір жоғары. Айтылған сөзді ести білуі, әсіресе мектепте оқудың алғашқы жылында дами бастайды. Сонымен қатар, фонематикалық есту жеткілікті дамыған жағдайда, оқыту ісі де ойдағыдай өтеді. Балалар сөздерді буынға, буынды дыбысқа бөліп, талдау жасайды, содан соң керісінше процеске жинақтау жасауды үйренеді, дыбысты буынға біріктіріп, буындардан сөз құрайтын болады. Психологтардың зерттеулері бойынша, сөздік материалдардың негізінде аналитико-синтетикалық әрекетпен сирек жаттыққан оқушылар кітап оқуды сылбыр үйреніп, жазуға келгенде қателер жіберіп алатыны байқалады. Дұрыс жазу үшін жазылатын сөзді буынға бөліп, естіртіп не болмаса іштей айтудың маңызы үлкен.

Мектептегі бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндетінің бірі – ол балалардың түйсік ерекшелігіне зейін қойып, олардың сезімталдығын күшейтуге қамқорлық жасау болып табылады. Мұғалім оқушыларының қайсысының нашар көретінін (жақыннан не алыстан көретінін) не көмескі еститіндерін жақсы білуі керек. Сезім мүшелерінің кемістігі бар оқушыларды дәрігерге көрсетіп алу қажет, ал класта оларды тәуір көріп, жақсы еститіндей жерге отырғызған жөн.

Мектеп оқушыларымен әңгімелескенде, біз табиғаттың тартқан сыйы, баға жетпес, өте нәзік құрылған се-

зім мүшелерін сақтай білудің қажеттігін айтқан жөн. Көру мүшесін сақтау ымырт кезінде және төсекте жатып, транспортта келе жатып оқуға болмайды, жазған не оқыған кезде дәптер мен кітапқа тым жақын еңкеймеген жөн. Еңбек етіп, дүние тануда түйсіктің қандай маңызы бар екенін, оның адам бақытының маңызды көзі болып табылатынын жастайынан баланың құлағына сіңірту қажет.

Сонымен қатар, мұғалім балалардың түйсігін дамытуға қамқорлық жасауы тиіс. Бұған сурет, музыка, ән айтумен айналысуы, табиғатқа экскурсия

жасау, мұражайға бару, сурет көрмелері, т.б. едәуір дәрежеде себепкер болады. Балаларды өнерді сүюге баулып, өнердің бір саласында өз күшін жұмылдыруға үйрету қажет. Сезім мүшелеріне арнайы жаттығулар жасаған пайдалы.

Бұл жаттығуларға балалардың ойын әрекетін енгізуге болады (мысалы, лото ойнау, суреттің түрі, түсіне қарап біркелкі реңкін тез таба білу).

Оқушылардың сезім мүшелерін сақтап, оны дамыта білу үшін мұғалімнің ата-аналармен бірлесе отырып, балалардың түйсік ерекшеліктерін дамытуға кеңесі өте пайдалы.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Түйсік дегеніміз не? Олардың маңызы қандай?
2. Түйсік туғызатын аппаратты не деп атаймыз?
3. Анализатор қандай бөліктерден тұрады?
4. Түйсіктің қандай түрлері болады?
5. Көру түйсігі дегеніміз не?
6. Есту түйсігі деп нені атаймыз?
7. Иіс, дәм түйсіктері дегеніміз не?
8. Сипап сезу, тері түйсіктері дегеніміз не?
9. Қозғалыс және органикалық түйсіктер дегеніміз не?
10. Түйсіктердің абсолюттік табалдырығы дегеніміз не?
11. Айыру табалдырығы деп нені айтамыз?
12. Сезгіштік дегеніміз не?

### **№1 тапсырма.**

Өміріңіздегі бірнеше сәттіліктеріңізді есіңізге түсіріңіз. Сіздің санаңызда қандай бейнелер пайда болады: көру, есту немесе тағы басқалары? Осы уақытта туындаған барлық сезінулеріңізді сипаттап беріңіз.

### **№2 тапсырма.**

Тақырып бойынша логикалық тапсырмалардың жауабын тап.

1. Тәжірибелі диірменші ұнды уқалап, оның сапасын қай жердің бидайынан тартылғанына дейін қатесіз айтып береді. Түйсіктің қандай түрі?
2. Ашыққанда, шөлдегенде, шөл қанғанда, жүрек айнығанда пайда болатын түйсік түрі?
3. Индияда жыланның жатқан жерін иісінен біліп алатын адам бар. Бұл қай түйсіктің жоғары дамығанын көрсетеді?
4. Консонанс және дисонанс дыбыстар қай түйсік арқылы жүреді?
5. Табиғатта серуендеуде қандай анализатордың өзара байланысы жүреді?

**№3 тапсырма.**

Берілген тұжырымның анықтамасын тап.

|  |                                                                                                  |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Психологияда адамның түйсіне алу қабілеті                                                        |
|  | Сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуі                 |
|  | Сезгіштіктің тек артуын ғана көрсететін құбылыс                                                  |
|  | Түйсіктердің қосарланып жүруі                                                                    |
|  | Тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да, түйсіктің өз күшінде қалуы |

**№4 тапсырма.**

Келтірілген мысалдардан түйсіктің пайда болғанын сипаттайтын белгілерді іріктеп алып, өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

а) Төрт жасар Зәуре күнтізбедегі «3» санын көрсетіп: «Мұнда «Зәуре» деп жазылған» дейді.

ә) Тәрбиеші Маратқа түрлі түсті заттарды, бояу ерітінділерін көрсетіп, соңынан көк түсті көрсетіп, сол түсті табуын талап етеді.

б) Бақшадағы сабақ кезінде балаларға түрлі түсті, көлемі бірдей 5 сылдырмақ ойыншық беріледі, бірақ сылдыры әртүрлі балаға біреуін сылдылатып естіріп, даусы тура сондай ойыншықты тапқызу керек.

в) бақшада сурет сабағы өтіп жатқан сәтте, кенет терезеден жеңіл машинаның шұғыл бұрылған дыбысы естілді. Балалар салып отырған суреттерін тоқтатып, терезеге қарады.

**№5 тапсырма.**

Мына келтірілген мысалдарда сезгіштік қабілеті қандай себептерге байланысты болатынын анықтаңыз.

а) Арнайы мамандық иесі 2-3 түсті ғана ажыратса, қара мата өндіріп маманданған тоқымашы қара түстің 40-тан аса түрін ажырата алады.

ә) Музыкамен үнемі шұғылданатын адамдардың сан алуан дыбысты ажыратқыш, аса сезгіш келетіндігінің себебі неліктен?

**№6 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда түйсіктің қандай қасиеттері мен заңдылықтары орын алғандығын анықтаңыз:

а) Ұзақ уақыт әсер еткен жағымсыз иіс біртіндеп сезілмей кетеді.

ә) Бөлме температурасындағы заттар терінің температурасынан салқынырақ болғанымен, салқын суға қолды салған соң жылы болып сезіледі.

б) Соқыр және керек О. Скороходова интернатта тұрған кезде иісі арқылы әрбір орамал иесін жеңіл айыра алатындығын еске түсірді.

в) Би кешіндегі шулы музыкадан кейін жас жігітке басқа барлық дыбыстар тыныш, баяу естілетін секілді көрінді.

г) Көк түспен әрленген бөлме температурасы 3-5 градусқа төмен қабылданады.

ғ) Психофизиолог Г. Фехнер «е» дыбысын сары түс ретінде, «а» дыбысын ақ түс ретінде, «у» әрпін қара түс ретінде қабылдап; труба дыбысын ол қызыл түс ретінде, флейта дыбысын көк түс ретінде түйсінген.

### **№7 тапсырма.**

Суретте ақ төрелкенің ішінде орналасқан қызыл алма бейнеленген. Суретке 30-60 секунд бойы зер салып қарап, кейін ақ парақ бетке қараңыз. Алманың түсі кейін пайда болған бейнеде қандай түсте болады?

### **Түйсік тақырыбы**

1. Оқушылардың көру-сезгіштігін (көру жітілігін) анықтау. Бір сыныпта оқитын шәкірттердің түстерді түйсінушілігінің бірқалыптылығын профессор Редкин кестесінің көмегімен тексеру. Бірнеше оқушының естуді түйсінудегі абсолютті табалдырығын анықтау. Бір топ оқушының қимыл-қозғалыс түйсіктерінің дамуын анықтау. Мұндай тәжірибелерді оқушылардың көздерін жұмып тұрып, мынадай талаптарды орындайды: «оң қолының жұдырығын түйіп, алға соз, сосын сол қолыңмен өз құлағыңды ұстап жүр», – дейді. Осы сияқты бірнеше тәжірибелер жасайды.

2. Зерттеуші бармағымен үстелдің астын ұрып, естілер естілмес дыбыс шығарады да, студенттердің нашар естуі, есту түйсінуінің шегі, яғни табалдырығы екенін ескертеді.

3. Зерттеуге тағайындалған кісінің көзін орамалмен байлайды да оның екі алақанына қағаз қойып, үстіне жүктер (тиын, т.б.) салады. Кейін қай қолымыздағы жүк ауыр деп сұрайды. Бірте-бірте жүктерді алмастырып сала отырып, қай қолындағысы ауыр екенін тексереді. Сөйтіп, осы айламен тері түйсінуінің шегін шамалап байқауға болады.

## **ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ**

**1. Түйсікке байланысты «сезім мүшелерінің ерекше энергиясы» деген теорияны нақтылаушы идеалист психологтар:**

- A. Кречмер, Беккер;
- B. Мюллер, Гельмгольц;
- C. Торндайк, Галле;
- D. Флуранс, Декарт;
- E. Фрейд, Уотсон.

**2. Дененің кеңістіктегі қалпы мен адам қозғалысының сезімдік негіздері реттеуші түйсік түрі**

- A. Вибрациялық;
- B. Интероцептік;
- C. Органикалық;
- D. Проприоцептік;
- E. Экстероцептік.

**3. Талдағыштардың өзара ықпалды әсерінен сезгіштіктің артуы:**

- A. Сенсбилизация;

- B. Синестезия
- C. Адаптация;
- D. Абсолют табалдырық.
- E. Абсолют сезімталдық.

**4. Түйсіктің түрін басқаларынан ажырататын дара негізгі қасиеті:**

- A. Қарқыны;
- B. Мекендігі;
- C. Сапасы;
- D. Сезімталдығы;
- E. Ұзақтығы.

**5. Түйсік қарқынын білдіруші қасиет мәні:**

- A. Әсерлерді қабылдау дәрежесі;
- B. Басқа түйсіктерден ажырату;
- C. Дене бөлігіне тура келу;
- D. Сандық сипатын білдіру;
- E. Уақыт ұзақтығын таныту.

**6. Түйсік пайда етуші тітіркендіргіш әсердің ең аз мөлшері:**

- A. Абсолют табалдырық;
- B. Адаптация;
- C. Инестезия;
- D. Сенсбилизация;
- E. Абсолют сезімталдық.

**7. Нақты қозу нүктесіне ие емес, диффузиялық күйде болып, адамның көңіл күйіне жақын түйсік сезімі**

- A. Ибрациялық;
- B. Интероцептік;
- C. Перцептивтік;
- D. Проприоцептік;
- E. Экстероцептік.

**8. Синестезия құбылысының мәні:**

- A. Қосарлану;
- B. Икемделу;
- C. Жоғарылау;
- D. Өзара ықпал;
- E. Төмендеу.

**9. Анализаторлар құралатын бөлшек саны:**

- A. 1;
- B. 2;
- C. 3;
- D. 4;
- E. 5.

**10. Жүйке талшықтарының ұшындағы қозудың бір секундтың ішіндегі жылдамдығы:**

- A. 100 м;
- B. 110 м;
- C. 120 м;
- D. 130 м;
- E. 140 м.

**11. Бір нейрондардың атқаратын қызметін екінші алаптың атқаруға қабілеті:**

- A. Синестезия;
- B. Икемделу;
- C. Компенсаторлық;
- D. Өзара ықпал;
- E. Төмендеу.

**12. Адамда пайда болатын түйсіктер тобының саны:**

- A. 1;
- B. 2;
- C. 3;
- D. 4;
- E. 5.

**13. Ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін түйсік рецепторларының атауы:**

- A. Экстероцептор;
- B. Интероцептор;
- C. Проприоцептор;
- D. Рецептор;
- E. Сезгіштік.

**14. Сыртқы анализаторлардың рецепторлары:**

- A. Экстероцептор;
- B. Интероцептор;
- C. Проприоцептор;
- D. Рецептор;
- E. Сезгіштік.

**15. Дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын хабарлайтын түйсік рецепторлары:**

- A. Экстероцептор;
- B. Интероцептор;
- C. Проприоцептор;
- D. Рецептор;
- E. Сезгіштік.

**16. Түйсік адамның өмірлік тонусын белгілі дәрежеде сақтап отыратын процесс екендігін өзінің тәжірибелік зерттеулерінде айқындап берген дәрігер ғалым:**

- A. Э. Кречмер

В. С. Фехнер;  
С. К. Х. Кекчиев;  
Д. Р. Декарт;  
Е. С. П. Боткин

**Әдебиеттер:**

1. В. К. Крутецкий. Психология. – М.: Просвещение, 1986.
2. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
3. Ж. Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.

## 3-тарау. Қабылдау

### Жоспар:

- 3.1. Қабылдау туралы ұғым.
- 3.2. Қабылдаудың қасиеттері.
- 3.3. Қабылдау түрлері.
- 3.4. Байқау және бақылампаздық.
- 3.5. Баланың қабылдауын дамыту.

### 3.1. Қабылдау туралы жалпы ұғым

Айнала қоршаған дүние туралы білімді біз олармен тікелей қатыста түйсіктер арқылы ғана емес, қабылдау арқылы да аламыз. Олар өзара байланыста, бірақ әрқайсысының өзіне тән өзгеше ерекшеліктері бар.

*Қабылдау дегеніміз* – заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері мен бөлшектері жиынтығымен қосылып сезім мүшелеріне тікелей әсер ету кезінде бейнеленуі. Адамға тікелей әсер ететін заттардың не құбылыстардың адам анализаторларында тұтастай бейнелену процесін қабылдау дейді.

Қабылдауда заттар мен құбылыстардың түсі, дыбысы, дәмі, иісі, формасы, т.б. қасиеттері тұтас күйінде бейнеленеді. Мысалы, алманы қабылдауды алайық. Мұнда біздің анализаторларымызға оның қызыл түсі, хош иісі, тәтті дәмі, т.б. осындай қасиеттері бір мезгілде әсер етеді де, миымызда тұтас зат бейнесі пайда болады.

Қабылдау процесінде адамның өткендегі тәжірибесі ерекше маңыз алады. Сыртқы ортадан адамға дамылсыз ақпарат келіп отырады. Кісі бұлардың бәрін бірдей дұрыс қабылдай алмайды немесе үлгермейді. Егер бала өмір бойы поездды көрмей өссе, оны бірден жақсы тани алмайды. Адамның сыртқы дүниенің заттары мен

құбылыстарын қабылдауы селқос үңілу емес, белсенді қабылдау. Белсенді қабылдау ғана дүниені тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдаудың физиологиялық негізі – талдағыштар жүйесінің комплекстік қызметі болып табылады. Рецепторларда болатын алғашқы талдау талдағыштардың ми бөлімдерінің күрделі анализдік-синтездік қызметімен толықтырылады. Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша жүйке байланыстары жатады. Мұны И. П. Павлов *қатынас рефлексі* деп атаған. Мәселен, көру анализаторында осындай қатынас рефлексінің жасалуы (яғни, тітіркендіргіштердің бір-бірімен байланысы) заттың түрі түсі, мөлшеріне қарамай-ақ оның тұлғасын тануға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, қабылдау – түйсіктегідей бір анализатордың ғана қызметі емес, бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі. Мәселен, киноны көру екі анализатордың (көру, есту) өзара байланысып жұмыс істеуінен болады.

Адамның қабылдауы жүйесінде екінші сигнал жүйесі маңызды міндет атқа-

рады. Ол адамға тән қабылдаудың мазмұнын анықтайды.

Мысалы: Ертемен тоғайға барып се-руендеп жүрсең, тамылжыған табиғаттың ортасынан есінде қалатын ләззат аласың. Осыдан алған әсерлер (түрлі түстер, жапырақтың сыбдыры, құстың сайрауы, гүлдің иісі, самалдың соғуы сияқты тамаша көріністер) – қабылдаудың нәтижесі. Бұл процеске көру, есту, иіскеу, температуралық анализаторлар түгел қатысады.

Адам дүние бейнесін қабылдағанда заттардың сипаттары мен қасиеттерін жекелей бөліп алмай, түсі, түрі, иісі, дәмі, дыбысы сияқты сипаттарын біріктіре отырып тұтас қабылдайды. Осыдан шығатын қорытынды – қабылдау түйсіктердің жиынтығы. Бірақ мұндай

бірлестік олардың арасындағы өзіндік қасиет, айырмашылығын жоя алмайды.

Қабылдаудың айырмашылығы сан жағында емес, сапалық жағында да болады. Мысалы, алманы қабылдағанда дөңгелек, қызыл, тәтті сипаттарын санау арқылы емес, оны белгілі заттың бейнесі деп танып қабылдаймыз. Мысалы: А әрпін 9 түрлі жазуға болады. А әрпінің танылатын ерекшелігі ортасынан көлденең сызықпен қосылатын бір-біріне басы түйісіп тұрған екі сызық. Қабылдаудың физиологиялық негіздері – үлкен ми сыңарлары қыртысындағы күрделі шартты рефлекторлық байланыстар, мұнда сыртқы тітіркенгіштерден келетін қозулардың жинақтауы (бірігуі) жүзеге асады.

### 3.2. Қабылдаудың қасиеттері

Қабылдаудың өзіне тән қасиеттері бар. Олар:

- Қабылдаудың мағыналылығы;
- Қабылдаудың таңдамалылығы;
- Қабылдаудың тұрақтылығы (константтылығы);
- Қабылдаудағы иллюзия;
- Апперцепция.

Соларға жеке тоқталып өтейік.

#### **Қабылдаудың мағыналылығы.**

Қабылдау тек сезімдік бейне емес, сонымен қоса бөлініп алынған объектіні саналы аңғару. Адам өзі үшін белгілі маңызы бар заттарды қабылдайды. Заттардың мағыналылығы адамның қабылдау үрдісіндегі ой әрекеті арқылы жүзеге асады. Бұл ерекшелікте қабылдаудың түйсіктерден негізгі айырмашылығын жақсы көрсетеді. Ол объектілердің мазмұнын жақсылап түсінбейінше, белгілі тұжырымдар мен

сөз арқылы аталмайынша, ол толық қабылданбайды.

Қабылдауда объектінің аты сөзбен берілсе, қандай нәрсе болса да оңай және тез қабылданады. Мәселен, өзіміз түсінбейтін тілде сөйлеген сөздерді мүлде ұқпайтын болсақ, азын-аулақ хабарымыз бар тілді шала-шарпы қабылдаймыз. Адам ана тіліндегі сөздерге жақсы, толық түсінетіндіктен ғана оларды толық қабылдай алады.

Заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі – тану. Нәрсені танымайынша, оны аңғарып, қабылдау қиын. Тану жалпылай және даралап тану болып екіге бөлінеді. Жалпылай тану дегеніміз – талғаусыз қалай болса, солай тану. Жалпылай тануда адам нәрселердің өздеріне тән қасиеттерін біле бермейді. Объектілерді даралап тану арқылы ғана оларды анық, толық қабылдауға мүмкіндік

туады. Мәселен, көпшілік арасынан таныс адамды бірден тану, көп киімнің ішінен өз пальтоңды бірден тану оңай.

### **Қабылдаудың таңдамалылығы.**


Адамға әсер ететін заттар мен құбылыстардың молдығы сонша, ол олардың барлығын бірдей бір мезгілде қабылдап, жауап қайтара алмайды. Толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеуіміз (оның қасиетін, сапасын) *қабылдаудың таңдамалылығы* делінеді. Қабылдаудың таңдамалылығы жеке адамның мүдде, бағыт-бағдарына қажеттілігіне тәуелді. Мәселен, кітап оқығанда ондағы бірер сөз қате жазылған болса да байқамай оқып кете береміз. Егер кітапта «университет» деген сөз «унверситет» деп қате жазылса да, біз оны «университет» деп дұрыс оқимыз. Кітап оқығанда оның мазмұнына ерекше көңіл бөлінетіндіктен, мұндай қателер көзге түспей қалады. Ал жеке сөздерге, жеке әріптерге шұқшия көз салған жағдайда (мәселен, корректорлар) мәтіннің мазмұны ұғылмай, күңгірт қалып қоятын кездері болады.

Қабылдауда зейін аударып, талғаудың зор маңызы бар. Мұндай жағдайда объектінің назар аударылған белгілерін, қасиеттерін, керек-жақтарын ғана қабылдаймыз. Біздің назар аударатынымыздың ішіндегі ең бастылары, қазірде істеп жатқан әрекетімізге қажет қызықтыратын, қажетімізге жарайтын нәрселер болып табылады. Қабылдаудың таңдамалылығы әртүрлі объективтік (объектілердің ерекшеліктеріне – күші, қозғалысы, қарым-қатынасы, т.б.) және субъективтік (адамның қабылданатын затқа қызығуы, оны қажетсінуі, сол кездегі психикалық көңіл күйі, т.б.) себептерге де байланысты болып келеді.

Мұғалім бірнеше оқушыдан үй тапсырмасын сұраған кезде оған бір баланың жауабы ерекше ұнайды. Бұған

ол аса зейін қояды. Сонда мұғалімнің объектісі сол бала болады да, қалғандарының жауабы жөнді еленбейді. Қабылдауда ерекше айқын көрініп тұрған нәрсе (жоғарыдағы мысалда баланың сабақты жақсы айтуы) фигура делінеді де, қалғандары (осы сұраққа жөндеп жауап бере алмаған оқушылар) соның фоны болады. Сөйтіп, аса зейін қойған зат әр кезде фигура болады да, оның айналасындағы қоршау фон болып есептелінеді. Осылайша, түрлі жағдайда әркімнің өзінше қабылдауы көбінесе адамның мамандығына да байланысты. Мәселен, суретші алдымен екі профильге назар аударса, музей қызметкері бірден вазаны көреді. Төмендегі сурет осыған мысал бола алады. Екі жақты суретті көру арқылы фон мен фигураны анықтауға болады. Егер қабылдау объектісі 3.1, а-суретінің ортасына салынған болса, біз қара фондағы ақ құмыраны көреміз. Егер суретте қара түспен сызылған бейнені табуға тырыссақ, онда ақ фонда екі адамның кескіні көрінеді. 3.1, ә-суретінен қоянды, не үйрек балапанын, 3.1, б-суретінен кемпірді немесе жас әйелді көруге болады. 3.1, в-суретінен жоғарғы жағы көрерменге қаратылған екі жарылып алынған пирамиданы көруге болады. Мұндай суреттерді кейде екі жақты сурет деп те атайды.

**Қабылдаудың тұрақтылығы (константтылығы).** *Қабылдаудың константтылығы* деп сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, заттардың кейбір қасиеттерінің бір қалыпты болып қабылдануын айтады. Мәселен, біздің алдымыздағы телеграф бағаналарының бір-бірінен қашықтығы көздің тор қабығында бірдей сәуленбейді. Сонда да біз олардың шамасын бір-біріне тең деп қабылдаймыз. Өйткені олардың шындықтағы қалпы осындай. Осы заңдылықты түсіндіретін мысалдар толып жатыр. Мәселен, ақ



3.1-сурет

қағаз жасыл лампочканың жарығы түссе де, қызыл лампочканың жарығы түссе де бәрібір ақ болып қабылдана береді. Жарықтың түрлі әсерінен көмір де, бірде қара, бірде сұрғылт болып қабылданады. Мұның бәрі көру анализаторында түрліше бейнеленеді. Осы заңдылық тұрмыста, еңбек процесінде түрлі заттарды тез, оңай тануға мүмкіндік береді. Қабылдаудың константтылығы балаларда 2 мен 4 жастың арасында қалыптасып болады. Қабылдаудың константтылығы адамның өткен тәжірибесіне де байланысты. Бейнені тұрақты түрге келтіруге, оны сол қалпында сақтауға мүмкіндік туғызатын ең жоғары психикалық функция – сөз. Әрбір заттың түсінігі сөзбен байланысты, сөз ғана затты бір тұрақты түрге енгізеді. Әркім көрсетілген бір затты өз көзқарасы тұрғысынан қабылдайды. Дегенмен зат бейнесі тұрақты түрін сақтап қалады. Жарқыраған ашық күні де, бұлтты күнгі бұлыңғыр ертеңгілікте де және кешкі электр жарығында да әр зат өз қалпында қабылданады.

**Қабылдаудағы иллюзия.** Әрқашан да қабылданатын затқа не құбылысқа қабылдау сәйкес келе бермейді. Түрлі себептерге байланысты шындықты

бұрмалап, теріс қабылдайтын кездер де болады.


Түрлі себептерге байланысты шындықтағы объектілерді қате қабылдауды *иллюзия* деп атайды. Иллюзиялар сан алуан себептерге байланысты пайда болады. Мысалы, шай құйылған стақанға салынған қасықтың «сынған» құсап тұруы физикалық қасиеттерімен түсіндірілсе, кейбір нәрсе жөніндегі жаңсақ пікірлер адамның әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты.

Иллюзияның табиғаты ғылымда әлі де толық зерттелмеген. Иллюзияның түрлері өте көп. Соның ішінде көру қабылдауында иллюзиялар жиі кездеседі. Бұл көбінесе заттардың кеңістікке орналасу жағдайын адамның жөнді білмеуінен туады. Көру (оптика) иллюзияларына: контраст, перспектива, қашықтық, заттың жоғары жағын артық бағалау, түзу кесіндінің ығысу иллюзиясы, т.б. жатады. Мәселен, перспектива иллюзиясын алайық. Айталық үш бағананың биіктігі бірдей дейік. Ал көріп тұрған кезінде олардың ең әрідегісі бәрінен үлкен сияқты болып көрінеді. Мұның себебі – нәрсе алыстаған сайын оның бейнесі кішірейе беретіндіктен, нәрсе өзінен кішкентай нәрсенің қасын-

да тұрса үлкейіп, үлкен нәрсемен қатар тұрса, кішірейіп көрінеді. Осы мысалдағы ортадағы дөңгелектер, шынында, өзара тең, бірақ көзге әртүрлі болып көрінеді, өйткені бірі – үлкен дөңгелектердің, екіншісі – кішкентай дөңгелектердің қоршауында тұр. Тәжірибе арқылы тексеріп көру – қабылдаудың дұрыстығының бірден-бір өлшемі. Мәселен, стақандағы шайдан қасықты алып, оның сынбағандығын байқау – осындай тәжірибенің қарапайым түрі. Иллюзияның заңдылықтарын дұрыс түсінудің тәжірибелік мәні зор. Белгілі ғұлама Ә. Бөкейханов шығармаларында иллюзия жөнінде қызықты фактілер келтірген (Жетпіс жеті мысал. Жинақ. – М., 1925. – 15 бет). Мәселен, иллюзиялар архитектура мен бейнелеу өнерінде, әскери маскировкада, баспахана әріптерін жасауда, сахнаны безендіруде жиі қолданылады. Иллюзияның заңдылықтарын білу адам ойлауындағы сыншылдықты дамыта түседі. Иллюзияларды адамның жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты туатын заттардың жалған, теріс бейнелері – *галлюцинациялардан* ажырату қажет. Мұндай науқасқа ұшыраған адамның ұғыну қабілеті ке-

миді де, есі кіресілі-шығасылы болады. Мәселен, оған ешкім дауыстамаса да ол бір дауыс естігендей, денесінде қайдағы бір жоқ жорғалап жүргендей көрінеді. Бұл көбінесе шизофрения, инфекция ауруларының негізінде пайда болып отырады. Бұл аурулардан психиатр-дәрігерлердің көмегімен айығуға болады. Ми қабығында қозу процесі тежелумен алмаспай бір орында тұрып қалған кезде осындай (бұл жүйкенің патологиясы) галлюцинациялық бейнелер пайда болады. Галлюцинациялардың туындауы сыртқы бейненің қандай да бір мүшесі жетіспегендіктен пайда болады. Көрерменді иллюзиялар өзінің сипаты және өлшемі, мағынасы бойынша әртүрлі болып келеді.

• Заттардың өлшемдерін дұрыс қабылдамау. Екі тең сызықтар бір жағдайда соңында біріккен, ал екінші жағдайында бұрышымен екі жаққа ажыратылған (3.2, а-сурет). Екі бірдей дөңгелектер оның айналарын үлкен не кіші дөңгелектер қоршағанына байланысты үлкен не кіші болып көрінеді (3.2, ә-сурет). Екі бірдей АГ және ДГ сызықтары өлшемдері бірдей емес сияқты болып көрінеді, егер де олардың біреуі диагоналі бойынша кіші, ал екіншісі үлкен төртбұрыштың диагоналі (3.2, б-сурет).



3.2-сурет

Иллюзияның бұл түрі жалпы бір заңмен түсіндіріледі, яғни бүтіндей затты қабылдауы меңгерудің ерекшелігіне сипатталады. Дөңгелекті иллюзия контраст заңы бойынша түсіндіріледі, яғни затты үлкен не кіші зат қоршауына байланысты өлшемінің үлкен не кіші болып көрінуі.

- Заттардың формасының ығысуы. Егер де параллель сызықтарды өзара қиылысқан сызықтар фонында қарастыратын болса, онда олар параллель емес сызықтар ретінде қабылданып болады (3.2, в-суреті). Егер де дөңгелекті қисық сызықтар фонында қарастыратын болсақ, онда шеңбер өзінің дұрыс формасын жоғалтады.

Иллюзияның бұл түрі өзінің ерекшелігін қабылдау заңында өзінің шешімін табады.


- Геометриялық перспективаның иллюзиясы. Егер де заттар бір-бірінен белгілі бір қашықтықта орналасқан болса, онда біркелкі заттар әртүрлі өлшемде болып көрінеді. Осы кезде жақын орналасқан зат кіші, ал алыс орналасқан зат үлкен болып көрінеді (3.2, г-суреті).

Мұнда қашықтықтың бағалануы бойынша жүргізілген қабылдау заңымен түсіндіріледі.

- Вертикаль сызықтардың асыра бағалануы. Бір өлшемді сызықтардың горизонтальды орналасқанына қарағанда вертикаль сызықтың орналасуы ұзынырақ болып көрінеді. Осының негізінде заттардың өлшемі өздерінің өлшемдеріне қарағанда үлкен болып көрінеді (3.2, г-сурет).


Иллюзияның бұл түрі тұрақты және заңды болып келеді. Мысалы, сәулет жобаларының өзінде есептеу нәтижесінде көруге болады.

**Апперцепция.** Қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен



өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын *апперцепция* дейді. Апперцепция тұрақты және уақытша болып екіге бөлінеді. Тұрақты апперцепция адамның қызығуы мен мамандығы, білімі мен дүниетанымына байланысты болып отырады. Мәселен, «түбір» деген сөзді әр адам түрліше қабылдауы мүмкін. Тіл маманы осы сөзді ести салысымен сөздің түбірі жайлы айтқысы келеді. Ал ботаник болса, шөптің түбірін, математик санның түбірін айтып беретіндігі белгілі. Апперцепция затты түрлі жағынан бағалай алу, адамның оны өзінше талқылап, өзінше көзқарасын білдіре алуы. Апперцепцияның мол болуы білімділікке байланысты. Білім адамның ойын тереңдетіп, оның мазмұнын кеңітіп қана қоймайды, дүниені жан-жағынан терең түсіне білуге жағдай туғызады. Адам есейген сайын оның білімі, тәжірибесі молая түседі, дүниетанымы қалыптасады. Бұл оның апперцепциясының өзгеруіне әсер етеді. Балалардың оқу материалын жақсы қабылдай алуы олардың апперцепциясына байланысты болып отырады. Оқушыны жаңа сабаққа даярлау бұл, бір жағынан, оның апперцепциясын тудырып отыру деген сөз.

### Қабылдау



### 3.3. Қабылдау түрлері

Қабылдау түрлерін жетекші талдағыштарға байланысты ғана емес, сонымен қоса қабылдауда бейнеленетін объектіге қарай да бөлуге болады.

Қоршаған дүниенің барлық заттары мен құбылыстары кеңістікте және уақытта өмір сүреді. Кеңістік пен уақыт – материяның өмір сүруінің негізгі формалары.

Заттар мен құбылыстар арасында болатын объективті кеңістік – уақыттық қатынастарды қабылдау бейнелендіріп отырады. Кеңістікті қабылдау үрдісі заттардың көлемін, түрін, аумағын, қашықтығын қабылдаулардан тұрады.

**Заттардың көлемі мен түрін қабылдау.** Заттардың көлемі мен түрін қабылдауда олардың көздің тор қабығында бейнеленуінің үлкен маңызы болады. Үлкен заттарға үлкен кескін, кішілеріне кіші кескін сәйкес келеді. Адамның көз құрылысына байла-

нысты алыста орналасқан зат көлемі жағынан бірдей болғанымен, жақын қашықтықтағы затқа қарағанда кіші болып бейнеленеді.

**Заттардың аумақтылығы мен қашықтылығын қабылдау.** Заттардың аумақтылығын немесе тереңдігін қабылдауда *бинокулярлық көру* (екі көзбен көре қабылдау) негізгі роль атқарады. *Монокулярлық көру* (бір көзбен қарау) қашықтықты белгілі бір шек маңында ғана дұрыс анықтай алады.

Тереңдікті қабылдауда көз бұлшық еттерінің жиырылуы мен жазылуынан пайда болатын бұлшық еттік – қозғалыстық түйсіктердің маңызы аз емес. Саусақты ақырындап мұрынға жақындату, көз бұлшық еттерінің тартылуының нәтижесі болатын проприоцептивтік түйсіктер туғызады. Бұл түйсіктер көз осьтерін жақындататын (конвергенция құбылысы), ажырататын (дивер-

генция құбылысы) бұлшық еттерден және көз бұршағының шапыраштануын өзгертетін бұлшық еттен шығады.

**Заттардың кеңістіктік қасиеттерін қабылдаудағы иллюзиялар (жалған көріністер).** Заттардың қабылдануы кейде қате болып шығады. Қателер (иллюзиялар) әртүрлі талдағыштар қызметінде кездесіп отырады. Иллюзиялардың ішішен көру иллюзиялары көбірек белгілі. Мысалы, ақ көйлекті әйел қоңырқай киімдіге қарағанда толықтау сияқты көрінеді.

**Уақытты қабылдау.** Уақытты қабылдау – бұл құбылыстар мен оқиғалардың ұзақтығы мен тізбегін бейнелендіру. Уақытты қабылдау арқасында айнала қоршаған дүниедегі болып жатқан өзгерістер бейнеленеді. Уақытты қабылдау да сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстарда болатын өзгерістердің санаға әсер етіп қалдыратын бейнесі. Уақыт – дүниедегі заттардың өзгеріп, бір қалыптан екінші қалыпқа келіп, ескі заттардың жоғалып, олардың орнына жаңа заттардың пайда болып отыруының көрсеткіші. Шындық құбылыстардың тізбегі, бірізділігі, объективтік ұзақтылығы уақытты қабылдау арқылы белгілі болып отырады. Сыртқы дүниедегі оқиғалардың бәрі бір бағытта, яғни өткен шақтан осы шаққа, одан келер шаққа қарай ағады. Осылай бір бағытта ағу – сыртқы дүниедегі оқиғалардың объективтік белгісі. Бұлар жеке адамның түйсігінен, қабылдауынан тыс болып отыратын реалды құбылыстар. Уақытты қабылдау бірнеше компоненттерден тұрады. Соның бірі – уақыттың ритмі. Уақыттың ритмі – құбылыстардың белгілі ырғақпен өтіп жататын бір ізділігі. Уақыт темп арқылы өлшенеді. Темп – құбылыстардың бірізділігінің тездігінің не баяулығының көрсеткіші.

Уақыттың шақтарын қабылдауда субъективтік моменттер де орын

алады. Мәселен, өткен шақ адамға өте қысқа мерзімді болып көрінеді. Өткен шақты, әсіресе, бізден алыс дәуірді минуттап, сағаттап санап отырмай, айлап, жылдап, ғасырлап, дәуірлеп есептейміз. Халқымызда ежелден келе жатқан уақыт өлшемдері, атаулары аз емес. Олар: азан, түс, намаздігер, бесін, сәске, т.б. Осы секілді атаулардың шәкірт танымына ұлттық бояу, реңк беретіні белгілі. Өткен оқиғалар адамға көмескілеу болып та көрінеді. Уақыттың өтуінің түрліше қабылдануы сол кезеңде өткен оқиғаларға байланысты.

Осы шақтың (үстіміздегі дәуір) бізден алысырақ мерзімдері ғасыр, жыл, ай ұғымдарымен белгіленсе, оның бізге жақынырақ кезеңдері күн, сағат, минут, секундпен есептелінеді. Осы шақ әркез объективтірек болып қабылданады, өйткені, бұл кезең нақтылы ісімізбен, тікелей қабылдауымызбен ұштасып жатады.

Өткен шақтың тез өткеніндей, келер шақтың өте ұзақ тәрізденіп көрінуі – субъективтік жағдайлардың нәтижесі. Егер адамның уақыты мағыналы, қызықты істермен толы болса, ол уақыттың қалай өткенін байқамай да қалады. Адамның көңілі қаншалық шат болса, соншалықты уақытта тез өткендей болып қабылданады. Мәселен, қызық ойын үстінде уақыт тез өтеді. Ал, керісінше, адамның уақыты мәнсіз өтсе, ол кезең бітпейтіндей болып көрінеді. Сол сияқты поезды күтіп отырған адамға да уақыт өтпейтіндей болады.

Уақыттың қабылдануы оның қандай мазмұнда болуымен де шарттасып жатады. Егер ұсақ-түйек әрекетпен өткен уақыт ұзақ болып көрінсе, пайдалы әрекетке толы уақыт тез өтеді. Көбінесе, уақытты субъективтік болжау дұрыс болмай шығатындықтан, оны объективтік өлшемдермен (минут, сағат, тәулік, апта, т.б.) өлшеген дұрыс болады.

### 3.4. Байқау және бақылампаздық

Жеке адам әрекетінің қандай дәрежеде мақсатты бағыт алуына қарай қабылдауды *ойластырылған* және *ойластырылмаған* деп бөледі.

Ойластырмай қабылдау айналадағы заттар ерекшелігінен, осы заттардың жеке адам мүдделеріне сай келуінен тууы мүмкін. Көшеде келе жатып сіз машина гүрілін, адамдардың сөзін естисіз, жарқыраған витриналарды көресіз, түрлі иістерді қабылдайсыз. Ойластырмай қабылдауда алдын ала белгіленген мақсат болмайды. Онда ерік белсенділігі де жоқ.

Ойластырып қабылдауда адам алдына мақсат қояды, ойлаған ниетін дұрыс жүзеге асыру үшін белгілі мөлшерде ерік күшін жұмсайды, қабылдау объектілерін ойластырылған түрде таңдап алады. Мұндай қабылдау болып, мәселен, баяндама тыңдау, тақырыптық кітап көрмесін көру есептеледі.

Айнала қоршаған дүниені тану үрдісінде қабылдау *байқауға* ауыса алады. *Байқау дегеніміз* – жеке адамның танып білгісі келетін объектіні мақсатты, жоспарлы түрде қабылдауы. Ол ойластыра қабылдаудың ең жетілген түрі. Бақылау жеке адамның жоғары белсенділігімен сипатталады.

Адамның дүниені қабылдауы селқос, жай үңілу, айнадағы суреттей жансыз, мелшию емес, өмір құбылысын белсенді бақылап, дүние тұрқын анықтай ұғынуы. Бақылау – белсенді процесс. Бұл белсенділік адамның ойлау әрекетін бақылау процесіне қатыстыруына байланысты. Ойлау әрекеті нәрселерді салыстыру арқылы пайда болады, салыстыру арқылы заттардың ұқсастығын, айырмашылығын, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін байқаймыз. Әр зат өзінің ұқсастық фонында басқалардан бөлектеніп,

айқынырақ көрінеді. Бір объектіні екінші объектімен салыстыра отырып, заттардың тегін категориялық заңдылығын түсіне білуге жеңілдік жасаймыз.

Бақылау процесінде екінші сигналдық жүйе адамның қабылдауына сөз арқылы бағыт беріп отырады. Егер адам қабылдау нәтижесі туралы есеп беретінін білсе, толықтай дәл бақылауға ынталанады, жоспарлы және мақсатты қабылдауды іске асырады.

Бақылау нәтижелі болу үшін алдын ала даярлық жасалуы керек: қабылданатын объект туралы алдымен мағлұмат жинау, оның ерекшеліктерімен күні бұрын танысу, нәрсенің орналасқан жерін білу, ондай бақылаудың не үшін керек екендігін анықтау, т.б. Қабылдау процесінде бақылауға жәрдемші ретінде қимыл-қозғалыс әрекетінің ролі күшті. Бақылауға алынып отырған объектінің моделін жасау, сызбасын сызу, суретін салу, нәрсені қолмен ұстау, онымен жұмыс істеу қабылдауды тұрақтандыра түседі де, бақылауды нәтижелі етеді.


Мәселен, жай қарап отырып географиялық картаны меңгергеннен гөрі сол картаны қағазға шәкірт өзі аударып, оған өзен, көлдерді түсіріп, мемлекет шекараларын өз қолымен сызып отырса, әрине, ондай материал баланың басында ұзақ уақыт жүйелі түрде сақталатыны сөзсіз.

Қабылдау ісінде ескерілетін мәселе – бақылау жүйелі жүргізіліп, ретке келтірілуі керек. 8-9 жасар бала бөлмедегі өзі көрген нәрселерді санамалап айтып беру үшін заттардың орналасу тәртібін сақтамай, есіне түскенін қалай болса солай айта бастайды. Бұл жүйесіз, орын тәртібіне зер салмай қабылдаудың салдарынан туады. Ал есейген адам, алдымен желісін құрып, бірізді етіп айтуға тырысады. Есейген адам

есіктен бастап ең алдымен, қабырғадағы нәрселерді тізіп айтады немесе әуелі ірі нәрселерді (үстел, шкаф, диван), одан кейін осылардың үстіндегі нәрселерді, ең ақырында, қабырғада ілулі тұрған нәрселерді ретімен айтып береді. Бұдан нәрсені рет-ретімен, орын тәртібін байыптай жүйелеп қабылдағаны көрініп тұр.


Қабылдауға ұзақ уақыт дағдыланудың арқасында жүйеге келтірілген байқау нәтижесі *байқағыштықты* туғырады. *Байқағыштық* дегеніміз – заттар мен құбылыстарды сипаттайтын бірақ жөнді көзге түсе бермейтін ерекшеліктерді елеу білу. Байқағыштық жіті көру мен қалтқысыз естуді керек етеді. Байқағыштық қасиет жеке адамның дара ерекшелігіне байланысты. Байқағыштық дара ерекшелік қабылданып отырған объектінің сырын ашуға, оның басқа объектімен байланысын аңғара білуге жетелейді. И. П. Павлов ғылыми-зерттеу жұмысында бақылампаздықтың ролін ерекше бағалады. Сондықтан да ол Колтушидағы зертханасының маңдайына «Бақылампаздық, бақылампаздық және бақылампаздық» деген үш сөзді жазғызып қойған.

**Мына суреттен бірдей екі  
абажурды табыңыз?  
(Байқағыштық)**



**3.3-сурет**

**Жоғарыдағы және төменгі  
қатардағы суреттерден  
айырмашылықты табыңыз?  
(Байқағыштық)**



**3.4-сурет**

Мектеп тәжірибесінде балалардың байқағыштығын тәрбиелеудің жолдары көп-ақ. Олар: көрнекі құралдар қолдану, қол еңбегімен шұғылдану, модельдер жасау, экскурсиялар ұйымдастыру, картиналармен жұмыс істеу, коллекциялар құрастыру, тірі табиғат бұрышында, мектеп жанындағы участокта тәжірибе жұмысын жүргізу, т.б. Осындай әрекет үстінде балалар заттарды, олардың құбылыстарын бір-бірімен салыстыруға, олардың сипаттарын реттеп, топтастыруға дағдылана бастайды, шәкірттердің іске талаптануы оянып, заттарды қабылдауы жетіле бастайды, байқағыштығы арта түседі. Қабылдау процесінде байқағыштықтың бірте-бірте дамуы объектінің ерекше қасиеттерін ғана байқап қоймай, бақылаушының көздеген мақсатына қарай, объектінің кішігірім детальдарына назар аудара отырып, оны жүйелеп қабылдауға әдеттендіреді. Қабылдаудың бас кезінен-ақ зейінімізді объектінің қандай детальдарына аудару керектігін жүйелеп алған мақұл. Сондықтан бақылауға алынған құбылыспен не зат-

пен алдын ала тұтастай танысып, алу-қабылдау үшін негізгі шарт. Тұтастай қабылдау ниетімен объектіге бағытталған зейінді – фиксациялық зейін деп атайды. Адамның зейіні объектінің жеке детальдарына ауған болса, флюктуирлық зейін дейді. Зейіннің бұл түрлері адамның психикалық процесінде бір мезгілде орындалмайды, қабылдаудың жағдайы мен мақсатына қарай бірінен соң бірі не өте тез, не баяу өтіп жатады. Баланың қабылдауға дағдылануын отбасы жағдайында да ұйымдастырып отыру керек. Мәселен, баламен бірге көрмелерді қарағанда,

мұражайға барғанда, қала сыртына серуенге шыққанда, түрлі коллекциялар жинағанда, театр, киноға барғанда, теледидар қарап отырғанда, «конструктор» ойынымен айналысқанда, ермексازдан мүсіндер жасаған кезде баланың зейінін жүйелі арнаға түсіріп отыру керек. Осы әрекет түрлерінің барлығында да көзделетін мақсат – қабылдау әдісін үйретіп, балалардың ойын ояту. Бақылау процесінде белсенді ойлау қосылса, қабылдаудың сапасы арта түседі. Бала күрделі құбылыстарды ажыратып, олардың жетекші сипаттарына зейін аудара алатын болады.

### 3.5. Баланың қабылдауын дамыту

Тыңдау мен естуді бір нәрсе деуге болмайды. Балаларда қабылдаудың дамуы түйсік, ойлау процестерінің дамуымен бірге жүріп отырады.

Бастауыш сыныптың тәжірибелі мұғалімі былай дейді: Менің балаларым мектепке келе жатқанда, жан-жағына қарайды, ал бірақ олар мақсат қоя білмейді, бұған оларды үйрету керек. Олардың мектепке келе жатқан жолын пайдаланып, мен оларды осыған үйретуге тырысамын.

Байқағыштықты дамыту үшін балаларды заттар мен құбылыстарды салыстыра білуге тәрбиелеудің маңызы зор. Қабылдаған нәрсемен танысқан соң, бірте-бірте оны түсіндіруге кірісу қажет. Байқағыштық – табиғатқа саяхатқа шыққанда, өндіріс орны мен мұражайға барғанда дами түседі. Осының бәрін көріп, жіті қарап, естіп қана қоймай тереңірек сезіну қабілетін тәрбиелеуге септігін тигізеді. Оқыту ісі дұрыс қойылса, бастауыш кластың өзінде-ақ балалардың байқау қабілетін тез өсіреді.

Қабылдаудың дамуында тілдің шығуының маңызы зор. Өйткені қабыл-

даған нәрсенің аты-жөнін атап отыру – оның мағынасын ұғынуға жәрдем етеді. Мағынасын ұғыну арқылы ғана затты жақсы қабылдауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір тәжірибесі аз. Сондықтан олар заттарды көбінесе үстірт қабылдайды. Мәселен, төрт-бес жастағы бөбектер кеңістік пен уақытты, алыстық пен қашықтықты нашар ажыратады. Екі-үш жастағылардың кейде аспандағы ай мен күнді әпер деп шешесіне маза бермейтіндігі де көпшілікке мәлім. Бала ең алдымен өзінің қолы жететін, жақын жердегі кеңістікті таниды.

Уақытты дұрыс қабылдау да балаларға қиын. Бөбектер күн мен түнді, жылдың төрт маусымын бір сыдырғы ажыратқанымен, бүгін мен ертеңді, кешегі мен бүгінгі күнді бір-бірімен шатастырып отырады. Олардың ұзақ мерзімді, келер шақ пен өткен шақты қабылдауы да өте мардымсыз.

Балалық шақ – бұл баланың айналадағы қоршаған дүниеден алған әсерінің үлкен қорын жинау кезеңі. Балаларға, әсіресе мектепке дейінгі, төменгі класс

жасында көптеген нәрселердің бәрі жаңа, сондықтан бәрі де қызық көрінеді. Балалар көрген заттарын қадағалай қарап, қолына ұстауға құштар болып, үлкендердің әңгімесін ықыласпен тыңдағанына қарамастан, айналадағы заттар мен құбылыстардағы көптеген нәрселерді ескермейді. Мұның себебі – бала қабылдауының ерекшелігінде.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың бақылауы белгілі үстірттік және мақсат қоймаушылықпен ерекшеленеді. 1-сынып оқушыларына тиін бейнеленген тамаша сурет көрсетілді. Содан соң есте қалғаны бойынша тиіннің суретін салу тапсырылды. Осы тұста олардан сұрақ жауып кетті: «Тиіннің құйрығы қандай?» «Оның мұрты бар ма?», «Оның жүнінің түсі қандай?», «Көзі қандай?», т.б. Балалардың бұл сұрақтарына қарағанда, балалар тиінді салу керек екенін біле тұра көп нәрсені аңғармағандықтарын көрсетті.

Қабылдаудың үстірт болуы, төменгі сынып оқушыларын заттың кейбір белгілерін байқап, оларды бір-бірімен байланыстыра алмауға, оның негізгі сапаларын аңғармауға әкеледі.

Барлық ашық, жарық, үлкен, қозғалатын нәрселер балалардың назарын аударады. Сондықтан да дерексіз материалдардан көрнекілігімен ерекшеленетін нәрселерді балалар жақсы қабылдайды. Жыл өткен сайын төменгі класс оқушысының қабылдауы толығып, одан әрі жетіліп, қабылданып, затқа қатыссызы былай қалып, басты нәрселерге көңіл бөлінеді. Қабылдаудың осындай болып келетініне дүкендегі ойын таңдаған ағайынды екі бала дәлел бола алады. 1-сыныптың оқушысына ағаштан жасалған машина ұнады, ол қарапайым жасалған, нашар қозғалады, бірақ көлемі үлкен, әдемі боялған және дауысы қатты шығатын гудогы бар. Үшінші сыныпта оқитын оның ағасының қаңылтырдан жасалған

ойыншық автобусқа көңілі ауды, ол көлемі жағынан екі есе кіші, жай ғана сұр түсті бояумен сырланса да, жүргізетін пружиналы механизмі бар көдімгі машинаға ұқсайды.

Төменгі сынып оқушыларының қабылдауында талдау мен біріктірудің жетімсіздігі жиі байқалады. Мәселен, ауамен атылатын пистолетті біле тұрса да, бала оның қандай бөлшектерден тұратынын, атылу себебінің неден болатынын айтып бере алмайды, оның талдау жасауға күші жетпейді. Кей кезде бала, әлдеқалай құбылыстарды байқағыш келеді, бірақ соның басын құрауға, біріктіруге шамасы жетпейді. Бірде ауаның тығыздығына жасалған тәжірибе жайлы айтып тұрған оқушы: трубка шыныдан жасалған, жұқа болатын, трубканың ішінде шыбық қозғалады да, тығыны тарс етіп «атылып кетті» деп басқа нәрсе жөнінде айтып кетті. Трубкадағы қысылған ауаның тығынды итеріп, ытқытып жібергені жайында оқушы ештеңе айтпады.

Мектептегі төменгі класс жасындағылардың қабылдауы эмоцияға тығыз байланысты. Бала өзін қоршаған дүниені селсоқ қабылдамайды: көп нәрсе оны қуанышқа бөлейді не ренжітеді. Сондықтан да мектеп оқушысы өзінің сезімін туғызатын, қызықтыратын нәрселерге басты зейінін аударады, ал былайынша маңызды, бірақ сезім туғызбайтын нәрсеге зейін аудармайды. Мұның дәлелі: үлкендер үшін елеулі маңызы жоқ, олар кейде байқамайтын ұсақ нәрселерге зейін аударады.

Бұл жастағы мектеп оқушысының қабылдау сезімі дәл болмауы жиі ұшырасады. Ұқсас заттарды олар көбінесе біртектес зат ретінде қабылдайды. Мәселен, қаланың балалары сары шымшықты қарға екен деп қалады. Дұрыс қабылдамағандықтан 1-сыныптың оқушылары оқыған кезде, оқитын сөздің орнына соған ұқсас

сөзді айтады: «көмір» деудің орнына «кемір», «кетті», деудің орнына «келді». Сөйтіп, кейде олар оқылған сөздің сол мәтінмен қандай байланысы барын ойламайды. Төменгі класс оқушыларының кеңістікті қабылдауы да жеткіліксіз дамыған. Ұзындық өлшемінің негізгілерін, олар білгенімен, мәселен, 1 шақырымға тең аралық жайында, олар нақтылы елестете алмайды. Мәселен, 2-сыныптың оқушысы өзі тұрған үй мен мектепке дейінгі жерді 2 шақырым дейді. Шындығында мектеп оның үйінен 2 квартал жерде тұрады. Уақытты да дұрыс қабылдай алмайды. Мәселен, 1 сағат ойнаудың орнына жарты сағат ойнап келуі мүмкін.

Мектепте жүретін барлық сабақтардың бала қабылдауын дамытудағы ерекше ролін ескере келіп, әрбір мұғалім мына төмендегі шарттарды орындап отыруы тиіс:

1. Көрнекті құралдарды (модельдер, суреттер, жинақтар) пайдалануда балалардың жас ерекшелігін мұқият ескерген жөн.

2. Оқушы байқаудың, қабылдаудың мақсатын айқын ұғынып, қабылданатын заттар мен құбылыстардың мәнісін қалай да түсінгені мақұл. Мәселен, бала әдебиеттегі көркем шығарманы

қабылдағанда оның мазмұнымен бірге басты кейіпкердің мінез-құлқына, мазмұндаудың тәртібін түсіне білмейінше, оны мағыналы түрде қабылдай алмайды.

3. Қабылданатын заттар мен құбылыстарды бір-бірімен салыстыруға, жаңа материалды оқушылардың бұрынғы білімдерімен үнемі байланыстырып отыруға, әртүрлі объектілердің жеке жақтары мен ұқсастықтарын ажыратуға, көздеген басты мақсат пен жеке мәселелерді түсініп, айыра алуға да қатты зер салу қажет.

4. Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруда оқу материалының түрі, көлемі, ауыр-қиындығы еске алынып, бұларды қабылдауының сапалы болуы мұғалімнің дұрыс нұсқау бере білуіне де байланысты. Мәселен, сурет көрмесін көрген оқушыларға кейін ондағы нәрселерді қайтадан айтып беру міндеті қойылмаса, сол нәрседен санасында бұлдыр елес қана қалатын болады.

5. Оқушылардың байқағыштық қасиетін тәрбиелеу үнемі есте болғаны жөн. Қабылдау мен бақылаудың дәлдігін тәрбиелегенде баланың ауызша сөзіндегі немесе жазғандағы қателерін өзіне түзеттіріп, оны қайтадан дұрыс қабылдап үйренуге әдеттендіру керек.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қабылдау дегеніміз не?
2. Қабылдаудың физиологиялық негізі дегеніміз не?
3. Қабылдаудың қандай ерекшеліктері бар?
4. Апперцепция дегеніміз не?
5. Иллюзия дегеніміз не, оның түрлері?
6. Екі жақты сурет деген ұғымды қалай түсінесіз?
7. Бақылау, бақылампаздық дегеніміз не?
8. Кеңістікті қабылдау деп нені айтамыз?
9. Уақытты қабылдаудың қандай өлшемдері бар?
10. Адам кеңістікті қалай қабылдайды?
11. Баланың қабылдауын дамытып, қалыптастырудың жолдары.

**№1 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда қабылдаудың қандай қасиеттері (тұтастығы, тұрақтылығы, апперцепция, таңдамалылығы, т.б.) көрініс тапқандығын анықтаңыз.

а) Түнде жұлдызды аспаннан адамдар тек жеке-жеке жұлдыздарды емес, жұлдыздар шоғырын көреді.

ә) Егер бірдей өлшемдегі заттарды салыстыратын болсақ, ақшыл түстіге қарағанда қара түсті заттардың өлшемі кішірек көрінеді.

б) Музыкант, оркестрдің орындауындағы концертті тыңдай отырып, жеке аспаптардың дыбысын ажырата алмайды.

в) Кешкітұрым киіміміздің түсін күндізгі жарық кездегідей көреміз.

г) Қоян бойы мен түріне байланыссыз қасқырды өзге жануарлардан жеткілікті деңгейде жақсы ажырата алады. Қоянның қабылдауына қандай қасиет тән?

ғ) Мұғалім оқушылардың жазбаша жұмыстарындағы қателерді қызыл түспен белгілейді.

**№2 тапсырма.**

Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері көрініс беретін нақты өмірлік және кәсіби жағдаяттарға мысал келтіріңіз.

**№3 тапсырма.**

Берілген тұжырымдардан қабылдаудың қасиеттерін анықта.

а) Адам алдындағы үш нүктені жеке нокат ретінде қабылдамайды.

ә) Ақ қағазға жасыл лампочканың жарығы түссе де, қызыл лампочканың жарығы түссе де бәрібір қағаз ақ болып қабылдана береді.

б) Теледидардан жарнама жолағынан хабарлама қарап отырып, біраз уақыттан кейін басқа арнадан телебағдарламаны қарай бастады.


в) Ғылыми конференцияға Италиядан қатысушы өкіл келеді. Ол өз баяндамасын итальян тілінде оқыды. Италиян тілін түсінбейтін адамдар баяндаманы түсінбейді. Ал егер түсінікті, таныс тілде баяндаса, конференцияға қатысушылар ақпаратты толық қабылдайды.

**№4 тапсырма.**

Қабылдаудың таңдамалылығының объективті және субъективті себептерін анықта.

**№5 тапсырма.**

Иллюзия құбылысына мысал келтір. Төменде берілген суреттерден иллюзия құбылысын тап.



**№6 тапсырма.**

Қабылдау қасиеттерін сипаттамаларымен сәйкестендір.

| 1. Қабылдау қасиеттері | Сипаттамасы                                                                                           |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Апперцепция            | А. Объекті жеке бөліктерден тұрғанымен, тұтас бейне ретінде қабылдануы.                               |
| Тұтастығы              | Ә. Сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, заттардың кейбір қасиеттерінің бірқалыпты болып қабылдануы. |
| Иллюзия                | Б. Толып жатқан объектінің ішінен біреуін іріктеу.                                                    |
| Тұрақтылығы            | В. Ана тілдегі сөздерді толық қабылдау.                                                               |
| Мағыналылығы           | Г. Қабылдаудың мазмұны мен бағыт-бағдарының адамның тәжірибесіне, білім байлығына байланыстылығы.     |
| Таңдамалылығы          | Ғ. Шындықтағы объектілерді қате қабылдау.                                                             |

Жауаптары: 1. \_\_\_\_ 2. \_\_\_\_ 3. \_\_\_\_ 4. \_\_\_\_ 5. \_\_\_\_ 6. \_\_\_\_

**№7 тапсырма.**

Психикалық процестер қабылдау мен түйсік процестерін олардың қасиеттерімен сәйкестендір.

| Психикалық процесс | Қасиет              |
|--------------------|---------------------|
| 1. Түйсік          | А. Сапасы           |
| 2. Қабылдау        | Ә. Таңдамалылығы    |
|                    | Б. Тұрақтылығы      |
|                    | В. Тұтастығы        |
|                    | Г. Қарқындылығы     |
|                    | Ғ. Синестезия       |
|                    | Д. Ұзақтығы         |
|                    | Е. Апперцепция      |
|                    | Ж. Бірізді бейнелер |
|                    | З. Мағыналылығы     |

Жауаптары: 1. \_\_\_\_ 2. \_\_\_\_

**№8 тапсырма.**

1. Балаларға өзіне таныс заттың суретін салғыздым.  
2. Сиырдың суретін немесе өзін көрсетіп, оның әрбір дене мүшелеріне балалардың көңілін аудардым. Осыдан соң, суретті тағы қайталап салуын өтіндім. Сонда 1-суретке қарағанда, 2-сурет нәтижелі болып шықты. Себебі неде?

**№9 тапсырма.**

Егер параққа төгіліп жайылған сияны сол қалыпта балаға көрсетіп: «Бұл не?» десеңіз: «Бұл екі ит, бір-бірімен кездесіп тұр» дейді. Ал осы парақты кемтар балаға көрсетсеңіз: Сия тамшысын – «дақ» деп атайды.

Сұрақ: Қалыпты жағдайда дұрыс дамыған бала мен психикасында ауытқуы бар баланың қабылдануында қандай айырмашылық бар?

#### **№10 тапсырма.**

1) Көптеген қара кітаптар ішінен іздеген кітабыңыздың түсі ақ болса, ол тез табылады, осының себебі неліктен?

2) Халық мәтелі «Қорыққанға қос көрінеді» дейді. Осы мәтелдің қабылдауға алдану (иллюзия) мәнін түсінуде қандай маңызы бар?

3) Неліктен алыстағы зат көзімізге кішірейіп көрінеді де, ал жақындағы зат үлкейіп көрінеді?

4) Көптен бері туған ауылында болмаған студент поезбен келе жатқанда оған уақыт өтпейтін сияқты көрінеді. Ал ол бір нәрсемен шұғылданса, мысалы. шахмат ойнауға кіріссе, уақыт тез өтеді. Мұның себебі неліктен?

#### **№11 тапсырма.**

Н. В. Гогольдың «Өлі жандар» романында қалаға жаңадан келген Чичиков туралы жұрт әр саққа жүгіртіп түрліше пікір айтқан. Мәселен, өз шаруашылығындағы құстың мамығын, еті мен майын өткізуді ылғи да ойлап жүретін Коробочка Чичиковты осы нәрселерді сатып алуға келген саудагер деп жорыса, дәрігерлік басқарманың инспекторы өлген адамдарды тексере келген тергеуші шығар деп ойлайды. Ұсақ-түйек бос әңгімеге үйір адамдар оны губернатордың қызына үйленуге келген адам десе, енді біреулер, бұл Чичиков емес, киімін өзгертіп киіп, жасырынып жүрген Наполеон болар дейді. Осы үзінді қабылдаудың қандай заңдылығына жақсы мысал бола алатындығын дәлелді етіп, түсіндіріп беріңдер.

#### **№12 тапсырма.**

Құбылыстар мен заттарды қабылдау процесінде адамның бұрынғы тәжірибесінің мәні ерекше. Тәжірибе қабылдауға ғана әсер етіп қоймай, ол адамның ойы мен іс-әрекетін де билейді. Бұл жайтты түсіну үшін мынадай тәжірибе жасалады:

Зерттеуші «Абай», «мұрын», «тауық», «алма» деген сөздерді ешкімге көрсетпей кесінді қағазға жазып, сыналушылардың біріне береді. Тәжірибе аяқталғанша қағазды ешкімге көрсетпеуі керектігі ескертіледі.

«Біз қазір дене шынықтыру мақсатымен орнымыздан тұрып, біраз уақыт сол қолымызды бұлғап, айналдыратын боламыз, біріне-біріне кедергі жасамау үшін араларың бір-екі метр болсын. Осы кезде мен сіздерге бірнеше сұрақтар қоямын, сіздер сол сұрақтарға жауап беріңіздер. Күлуге болмайды».

«Барлығыңыз орныңыздан тұрыңыздар. Енді қазақ ақындарының бірінің есімін, бет мүшелерінің бірін айтып, үй құстарының бірінің атын, жемістің бір түрін атаңыз», – дейді. Бұдан соң зерттеуші қағазда не жазылғаны туралы оқытады. Сынаушылар қағазда жазылған сөздерге дәл келгенін біліп, оған таңданады.

Зерттеуші өзінің қағазға жазған сөздерінің сыналушылардың жауаптарына сай келуі себебін түсіндіреді. Өйткені қазақ ақындарының ішінде Абай – аса көрнектісі. Сондықтан сол ақынды айтар деп болжағанын айтады.

Мұрын – адамның бет мүшелерінің ішінен көзге түседі, үй құстары ішінен ең көп тарағаны – тауық, жемістер ішінен жұртқа ең жақыны – алма. Сынаушы осы сөздердің жиі айтылатынын алдын ала ескергенін айтады. Ал тәжірибе кезінде қолды қозғап айналдыру бөгде нәрселер жайында ойлауға мұрша бермейді.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

**1. Қабылдаудың процесінде нақты объектіні басқаларынан ажыратудың негізі:**

- A. Материалы;
- B. Саны;
- C. Сапасы;
- D. Тұрмыстық қажеттігі;
- E. Формасы.

**2. Әртүрлі талдағыштардың аралық қатынасынан түйсіктердің өзара байланысқа келу процесі:**

- A. Ассоциация;
- B. Дивергенция;
- C. Дифференциация;
- D. Интеграция;
- E. Конвергенция.

**3. Көздің қашықтықтағы заттарды көруге байланысты икемделу қабілеті:**

- A. Аккомодация;
- B. Дивергенция;
- C. Конвергенция;
- D. Апперцепция;
- E. Галюцинация.

**4. Қабылдау процесінің өз алдына дербес әрекет сипатында көріну сипаттамасы:**

- A. Бағалау;
- B. Бақылау;
- C. Жобалау;
- D. Қадағалау,
- E. Қорытындылау.

**5. Жүйкенің ауруға шалдығуынан бұрмаланған бейнелер таңдау құбылысы:**

- A. Аккомодация;
- B. Апперцепция;
- C. Галюцинация;
- D. Иллюзия;
- E. Сенсбилизация.

**6. Қабылдаудың жеке адам психикалық өміріне, оның тұлғалық ерекшеліктеріне тәуелдік қасиеті:**

- A. Апперцепция;
- B. Иллюзия;
- C. Константтық;

- D. Заттың тектілігі;
- E. Тұтастық.

**7. Қабылдау негізін құрайтын бас миындағы физиологиялық процесс:**

- A. Қозу мен тежелу;
- B. Сезім;
- C. Тітіркену;
- D. Уақытша жүйке байланыстары;
- E. Шартсыз рефлекс.

**8. Көзге түсе бермейтін заттың майда ерекшеліктерін тануға үйрету нәтижесі:**

- A. Бақылағыштық;
- B. Көрегендік;
- C. Ойшылдық;
- D. Пайымдылық;
- E. Сызғыштық.

**Әдебиеттер:**

1. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 1996.
2. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
3. Ә. Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
4. Практические занятия по психологии/Под ред. А. В. Петровского, – М., 1972.

## 4-тарау. Ес

### Жоспар:

- 4.1. Ес туралы ұғым.
- 4.2. Естің сапасы мен түрлері.
- 4.3. Естің процестері.
- 4.4. Елестер.
- 4.5. Балада естің дамуы және оны тәрбиелеу.

### 4.1. Ес туралы ұғым

Адамның қабылдағандары ізсіз жоғалып кетпейді. Үлкен ми сыңарлары қыртысында қозу процесінен іздер сақталып қалады. Бұл іздер қозуды туғызған тітіркендіргіштер жоқ кезінде де қозудың тууына мүмкіндік жасайды. Адамның өмір тәжірибесінде қабылдағаны басынан кешкен ой-сезімі, әрекеті ізсіз жоғалып кетпейді, баста сақталады, кейін қайта жаңғыртылады. Бұрын қабылдаған зат, құбылыс образдарын өз көңіл күйлерін ойда сақтап, қайта жаңғыртатын психикалық процесті *ес* дейді. *Ес дегеніміз* – адам тәжірибесін есте тұту, сақтау, және қайта жаңғырту жолымен бейнелендіру. Бұрынғы уақытша жүйке байланыстары қызмет істесе, адамның есінде қалғаны қайта жаңғырады, санасына қайтадан келеді. Естің бұл күйін қайта жаңғырту дейміз. Адам көптен көрмеген танысын көргенде болған жері есіне түседі. Қабылдаған нәрсемен кездеспей-ақ қайта жаңғыртуды еске түсіру деп атайды.

Қайта жаңғырту процесінде тану мен еске түсірудің қызметі бірін-бірі толықтырып отырады. Мысалы, бұрын оқыған кітабымыз болса, оны танимыз. Қабылданған нәрсенің есте қалғаны – естің материалы, есте сақталып, қайта жаңғыртылғаны – естің мазмұны. Адам есінің негізгі мазмұны – сөзбен айтыла-

тын материал. Адам басқа кісінің ойы бастан кешкен сезімдері, әрекеттері сөз арқылы қайта жаңғыртылады.

И. П. Павлов өз қызметшілерімен бірге естің мидың рефлекстік қызметінің нәтижесі екенін тәжірибе жүзінде көрсетіп берді.

Естің негізінде ассоциациялар немесе байланыстар жатады. Ақиқат дүниедегі бір бірімен байланысты зат пен құбылыстар адамның есінде де байланысып сақталады. Біз бұл заттардың біреуімен кездесіп ассоциация бойынша онымен байланысты басқасын еске түсіре аламыз.

Физиологиялық жағынан алғанда ассоциация уақытша жүйкелік байланыс болып саналады.

Ертедегі грек философы Аристотель әртүрлі нәрселер мен бейнелердің есте әсерлену (яғни, сақталу) сипаттарын үш топқа бөледі:

а) әсерленген нысанның белгілі бір кеңістік пен уақытқа ұштаса қабылдануы;

ә) әсерленген нысанның басқа бір нысанға өзара ұқсастығы;

б) олардың бір-бірінен айырмашылығы мен қарама-қарсылығы.

Осыған орай ол нәрселер мен бейнелердің есте ассоциациялануы түрлерін алғаш зерттеп тұжырымдады: Ас-

социациялар қарапайым және күрделі болып бөлінеді.

Қарапайым ассоциациялар мыналар:

- 1) аралас не іргелес ассоциациялар (мысалы, түс – сары);
- 2) ұқсас ассоциациялар (мысалы, қарындаш, дәптер);
- 3) қарама-қарсы ассоциациялар (мысалы, ақ – қара; ұзын – қысқа).

Аралас ассоциация уақыттық және кеңістік байланысы бар екі құбылысты біріктіреді.

Ұқсастық жөніндегі ассоциация ұқсас сипатты екі құбылысты біріктіреді, оның біреуінің аталуы екіншісін еске түсіреді.

Қарама-қарсылық ассоциациясы қарама-қарсы екі құбылысты байланыстырады. Мәселен, шөлейт аймақ ерекшелігі орманды аймақпен қарама-қарсылықта есте қалады.

Күрделі ассоциация – мағыналық болады. Олар бөлшек пен тұтастық, тек пен түр, себеп пен салдар сияқты ақиқат өмірде де тұрақты байланыста болатын екі құбылысты байланыстырады.

Есте қалдыру процесінде, әдетте, бір заттың немесе құбылыстың екінші бір заттармен немесе құбылыстармен байланысы жасалады. Мәселен, біздің жаңа танысқан адамымыздың атын есте сақтау үшін біз белгілі бір атты ол адаммен, оның сыртқы келбетімен және басқа ерекшеліктерімен байланыстырамыз. Белгілі бір тарихи фактіні меңгере отырып, біз оны тарихтың басқа уақиғаларымен байланыстырамыз. Оны белгілі бір кезең-

ге жатқызамыз. Шетел сөзін, мысалы *das Haus* деген сөзді есте сақтау үшін, бұл сөзді «үй» деген ұғыммен байланыстырамыз. Сөйтіп, есте сақтау дегеніміз – жаңаны адамның сана-сында бұрыннан бар нәрсемен байланыстыру.

Ежелгі гректер естің мәні – заттар мен құбылыстардың арасында байланыстар жасауда екенін білген. Бұл байланыстар ассоциациялар (ассоциация – латынның *associatio* – қосу, байланыс деген мағынаны білдіреді) деп аталатын болды. Ассоциацияның үш түрі айырып көрсетіледі: а) шектестігіне (немесе уақытына) қарай. Мәселен, туған үйім туралы ойлағанда, мен онымен көршілес бау-бақшаны есіме түсіремін. Белгілі бір оқиғаны еске түсіргенде сол кезде болған басқа бір фактілер ойыңа түсе кетеді; ә) ұқсастығына қарай, б) контрастылығына қарай. Бұлай етіп жіктеуді ежелгі грек философы Аристотель көрсеткен болатын.

Бұл байланыстардан басқа, психологияда мағына байланысы дейтінге үлкен мән береді. Бұлар ассоциацияны тек неғұрлым күрделі ассоциация деп ұғады. Олардың негізінде бір құбылыстардың екінші бір құбылыстарға тәуелділігін түсіну жатады. Мәселен, оқушы теореманы білмесе, геометрия есебін шеше алмайтындығын біледі. Бұл байланыс мағыналық себептес-нәтижелес байланыс болып табылады. Мұндай ассоциациялардың адам өмірінде үлкен маңызы бар.

## 4.2. Естің сапасы мен түрлері

Естің сапасына мыналар жатады:

- а) адамның белгілі бір уақытқа дейін есте сақтауға қабілеті бар заттардың немесе фактілердің саны, яғни көлемі;

ә) жаңғырту дәлдігі;

- б) есте қалдырудың шапшаңдығы;
- в) игерілгеннің ойда сақтауда ұзақтығы;

г) естің дайын екендігі, яғни керектілерді тез еске түсіре білу.

Бұл көрсетілген қасиеттердің бәрі жеткілікті дамыған есті адамда кездеседі. Бірақ бұл біршама сирек болады. Әдетте, адамдарда естің бірқатар сапалары жақсы дамиды да, екінші біреулері нашар дамиды. Кейбіреулердің есінің көлемі үлкен болады да, бірақ есте сақтауы баяу болады, материалды тез үйреніп алады, бірақ оны жеткілікті дәл жаңғырта алмайды.

Ес түрлері үш негізгі белгіге байланысты бөлінеді:

### **1. Психикалық белсенділікке қарай:**

1) Қозғалыс есі – еңбек әрекетіне байланысты қимыл-қозғалыстарды есте қалдырып, оны қайта жаңғырту есі;

2) Бейнелі ес – заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақты бейнесін есте қалдырып және қайта жаңғырту;

3) Сөз логикалық ес – бұл адамның ойының түрлі формаларын есте қалдыруды айтамыз.

4) Сезімдік немесе эмоциялық ес – бұл адамның басынан өткізген сезімдерін есте қалдыру.

1) *Қозғалыс есі деп* – ойын, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды еске қалдыру мен қайта жаңғыртып отыруды айтады. Естің осы түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың негізі болып табылады.

2) Заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақтылы бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыруын *бейнелік ес* деп атайды. Суретшілер мен сәулетшілердің, музыканттар мен актерлердің есі көбінесе нақты, көрнекті болып келеді.

3) Адам ойының түрлі формаларын еске қалдыра алу қабілеті сөз – *логикалық ес* деп аталады. Сөз жүйесін есте сақтау – ойлау жұмысына байланысты. Естің осы түрі көбінесе философтар мен математиктерде жиі кездеседі. Сөз – логикалық естің оқу процесінде маңызы аса зор. Өткен тақырыптарды есте қалдыру, оны қайта жаңғырту есі онша дамымаған адамға қиынға соғады.

4) Сезімдерді еске қалдырып отыруды сезімдік немесе *эмоциялық ес* дейді. Мәселен, жас кезімізде тұрған бір жерге келсек, сол кезде бізге ерекше әсер қалдырған нәрселердің бәрі есімізге оп-оңай түседі. Өткендегі оқиға бір қуанышқа байланысты болса, ол өмір бойы естен кетпейді. Мәселен, біздің әрқайсысымыз Ұлы Отан соғысының жеңісін тойлаған күн – 9 мамырды немесе 22 наурыз мейрамын еш уақытта ұмытпаймыз. Естің жоғарыда аталған түрлері екі сигнал жүйелерінің мидағы қызметімен түсіндіріледі. Мәселен, ес бірінші сигнал болса, онда естің образдық түрі болғаны, ал ес екінші сигнал жүйесі арқылы жүзеге асырылса, онда сөз – логикалық түрі болып табылады.

### **2. Мақсатқа қарай:**

1) Ырықты ес – түрлі мәліметтерді есте сақтауға саналы мақсаттың қойылуы;

2) Ырықсыз ес – адамның мақсат қоймай материалды есте сақтауы.

### **3. Материалды есте сақтау ұзақтығына қарай:**

1) Қысқа мерзімді есте қалдыру;

2) Ұзақ мерзімді есте қалдыру (ұзақ мерзімді ес);

3) Оперативті ес – өзімізге керекті материалдарды дер кезінде еске түсіру, есте сақтау және қайта жаңғыртуды айтамыз.

### 4.3. Естің процестері

**Естің негізгі процестері есте қалдыру, есте сақтау, қайта жаңғырту, ұмыту болып табылады.**

**1. Есте қалдыру.** Есте қалдыру – мәліметті белсенді қайта өңдеу, жүйелеу, жалпылау және оны теру процесстері. Есте қалдыру түрлері төменде көрсетілген:

- 1) Қысқа мерзімді есте қалдыру;
- 2) Ұзақ мерзімді есте қалдыру;
- 3) Оперативті есте қалдыру;
- 4) Ырықты есте қалдыру. Жаттау – ырықты есте қалдырудағы ең негізгі тәсілдердің бірі болып табылады. Жаттаудың белсенді болуы уақытқа байланысты;

- 5) Ырықсыз есте қалдыру;
- 6) Логикалық есте қалдыру;
- 7) Механикалық есте қалдыру – заттар мен құбылыстардың мазмұны есте сақталмай, олардың ерекшеліктері мен формалары есте сақталады.

Логикалық есте қалдыруда қабылдаған нәрселердің мазмұны есте сақталады. Логикалық есте сақтаудың тәсілдері:

- 1) Есте сақтауға тиісті материалдың жоспарын құрастыру.
- 2) Салыстыру.
- 3) Материалды топтастыру және жіктеу.
- 4) Есте қалдыру мен қайта жаңғыртуды алмастырып отыру.
- 5) Бейнелі байланыстарға сүйену.
- 6) Есте қалдыруда өзін-өзі бақылау.
- 7) Мағыналы байланысты орнату.

**2. Есте сақтау.** Есте сақтау – бұл алынған нәрселерді есте ұстауға бағытталған есте ұстаудың алғышарты болатын процесс. Ол 2-ге бөлінеді: 1) Ырықты; 2) Ырықсыз.

**3. Қайта жаңғырту.** Қайта жаңғырту – бұрын қабылдаған заттармен құбылыстарды өзімізге керек болған


кезде есімізге түсіруді айтамыз. Мұндағы негізгі процесс – елес. Елес – бұл бұрынғы қабылдауларды қайта өңдеу. Қайта жаңғыртудың бір көрінісі – тану. Тану – бұрын қабылдаған нәрсеге, құбылысқа қайта кездескенде ғана болатын процесс. Тану 2-ге бөлінеді: 1) Толық. 2) Толықсыз.

Қайта жаңғыртудың бір түрі – еске түсіру. Еске түсіру – белгілі қиындықтарды жеңумен байланысты ерік күшін жұмсауды талап ететін санасы қайта жаңғыртуды айтады. Қайта жаңғырту 2-ге бөлінеді: 1) Ырықты. 2) Ырықсыз.

**4. Ұмыту.** Ұмыту – бұрын қабылдаған нәрселерді керек кезінде еске түсіре алмау және қайта жаңғырта алмау процессі. Ұмытудың себептері: 1) Жағымсыз индукцияның әсері. 2) Проактивтік тежелу. 3) Ременисценция – кешіктіріліп еске түсіру. 4) Шектен тыс тежелу.


Есте қалдыру қайта жаңғырту процесінде тану – естің процестері. Есте қалдыру процесі адамның өмір тәжірибесін байытады. Қайта жаңғырту процесінде тану, еске түсіру бастан кешкенді кейінгі өмірде пайдалануға мүмкіндік береді. Нәрселер мен көріністер бір кеңістікте болса, кеңістік байланысты, бір уақытта болса, уақыт байланысты, біріне-бірі ұқсас болса, ұқсастық қатынасты, біріне-бірі қарама-қарсы сипатта болса, қарама-қарсылықты дейміз. Есте қалдыру мен қайта жаңғыртудың физиологиялық негізі – уақытша байланыстар. Олар психологияда ассоциация деп аталады. Есте қалайша ұстайтыны, қандай жеңілдікпен еске түсіріп, қалай танытыны адамның мақсат-мүддесіне, игі қызығына, бейімділігіне, әдетіне, нені қажетті бағалы деп қадірлейтініне байланысты.

**Тану және жаңғырту**  
(Ес тақырыбы)



4.1-сурет

**Мына 30 фигураның ішінен 9-ын табыңыз**  
(Ес тақырыбы)



4.2-сурет

Жоғарыдағы суреттегі фигураларды төменгі суреттен оңай табуға болады бұған қандай ес процесі көмектеседі?

#### 4.4. Елестер

*Елестер дегеніміз* – қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсер етпейтін заттар мен құбылыстар бейнесінің мида пайда болуы.

Елестердің физиологиялық негізі үлкенми сыңарлары қыртысында бұрынғы қозулардан қалған іздер болып табылады. Тітіркендіргіш әсерімен ми қыртысындағы ескі жүйкелік байланыстар жанданады да, бейне пайда болады.

Елестер – бұл бұрынғы қабылдауларды қайта өңдеу мен жалпылаудың нәтижесі. Қабылдаусыз елестер құрастырылмас еді.

Елестердің қабылдаулардан айырмашылығы – елестің затты жалпылаңқырап бейнелендіретіндігінде. Ол заттар мен құбылыстардың өзіне ғана тән, көрнекі белгілерін бейнелендіреді. *Елестету дегеніміз* – бір нәрсені ойша көру немесе ойша есту, жәй білу ғана емес, көрнекі бейнелендіру.

#### 4.5. Балада естің дамуы және оны тәрбиелеу


Мектепке бару балалардың логикалық есін дамытуда үлкен роль атқарады. Оқушының есін тәрбиелеуге де мұғалім олардың жас дара ерекшеліктерін қатты ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Төменгі сынып оқушылары оқу тәсілін өз бетімен таңдап ала алмайтындықтан, мұғалім үйге тапсырма бергенде материалдарды қалай оқу керектігін үнемі ескертіп отыруы керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрінде мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ балалардың назары бұған кейде жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескергені жөн. Төменгі сынып оқушылары, әсіресе 1-2 сыныптар көбінесе сөзбе-сөз жаттап алады. Олар материалды есіне қалдырғанша оқи береді. Оқулықтағыдай білсем болғаны деген ой қалыптасады. Бұлайша есте қалдыруға материалдың қысқалығы әрі жинақылығы себеп болады. Балалардың сөздік қорының аздығы да өз сөзімен айтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мұғалім бір жағынан баланың сөздік қорын дамытып, өз бетінше айта білуге үйретуі қажет.

Бала есінің дамуы өмірінің бірінші күндерінен басталады. Жүйке жүйесінің, біртіндеп дамуы негізінде тәрбие процесі, ойын, оқу, еңбек және тіл қатынастары жетіледі. Баланың есте қалдыруы өмірінің бірінші айларында қимыл байланыстарына, қозғалу ассоциациясына сүйенеді. Ай жарым жастағы баланы тамақтандырайын деп қолға алғанда, емшек еметін қимылдар жасайды. Көру, есту анализаторлары біртіндеп жұмыс істей бастайды, төртінші, бесінші айлардағы бала анасын көріп, оның даусын естіп қимылдайды. Тілі шыққан бала өзінің сөз қорына сөз қосады, көрген-білгенін үйренеді, бірақ өмір тәжірибесі әлі аз, ойлауы, тіл дамуы жеткіліксіз, сондықтан есте қалдыру да механикалық болады.

Бөбектік шақта және балалар бақшасында тәрбиеленетін балалардың жақсы таныс, өздері түсінетін нәрсесін есте қалдыруы мағыналы болады. Мәселен, бала ертегі тыңдағанда кейіпкер жөнінде сұрақтар қойып, қайталап айтқызып, мазмұнын ұғынып алады. Тыңдау кезінде сүйсініп, қуанып немесе ренжіп, жабырқап отыруы да

### Есте сақтаудың байланыс реті

Суреттерді қиып ретімен орналастыру керек



4.3-сурет

мазмұнын түсінгендіктің белгісі. Бастауыш сыныптарда балалар механикалық есте қалдыруды көп қолданады. Мұғалімдер зейін аударып қадағаламаса, шәкірттің есте мағыналы қалдыруы кешігіп дамиды. Жоғары сыныптарда балалар көбінесе мағыналы есте қалдырады. Алайда механикалық есте қалдырудың да өз орны бар. Материал ұғынуға қиын болса, не сөзбе-сөз үйрену керек болса, математиканың аксиома ережелерін, физика, химия формулаларын механикалық есте қалдырады.

Мағынаны есте қалдыруды дамытатын негізгі күш – отбасы мен мектеп. Өз еркімен әдейілеп есте қалдыру қабілеті тәрбиенің нәтижесінде ғана дамып жетіледі. Бала өзіне ұнап, мүддесіне сай келіп зейінін түсірген нәрсесін (кісілердің сөздерін, өлеңді, ертегіні, әнді) әдейілемей есінде қалдыра алады, есінде қалдырған сайын дағдысын байытады. Әдейілеп есте

қалдыру мектеп жасындағы балалардың оқу процесінде тез дамиды. Бала сабақты мұғалімге айтып беру үшін үйренуге тәсіл қолданады, күш жұмсайды. Үйреніп алу – арнаулы еңбек. Оқушылар, әсіресе жоғары сыныптың оқушылары, үйреніп алудың тиімді тәсілдерін іздейді, үйренуге жұмсалатын уақытты, жағдайды бағалауға қабілеті жетеді. Есте қалдыру орнықты берік болуы үшін мұғалімді қалай тыңдап, материалды қалай оқып, қалай пысықтау керектігін, қай мезгілдің нәтижелі болатынын шамалап біледі. Зейін қойып ойлаудың, сезініп қызықтыру материалды үйренуді шапшаңдатып, есте қалдыруды орнықтырып, мәнін толық түсінеді.

Ырықты жаңғырту қабілеті де оқу процесінде еріктің, ырықты зейіннің, ойлаудың, қызыға білудің дамуымен байланысты жетіледі. Бірінші айларда бала әдейілемей жаңғыртады. Бес ай шамасында төңірегіндегі кісілердің

жүзін, нәрселерді тани бастайды. Бірақ таныс нәрсесін, кісінің жүзін есінде көп сақтай алмайды. Есінің ұғымтал мерзімі екі жаста – бірнеше жеті, үш жаста – бірнеше ай, төрт жаста – бір жыл, жеті жаста – үш жылға жетеді.

Баланың қайта жаңғыртып еске түсіру қабілеті тануынан кейін дамиды. Жасқа жаңа толып келе жатқан балаға көз алдында жоқ нәрсенің атын атасаң, басын бұрып, көзімен іздейді. Тілі шығып, тіл қатынасының өрісі кеңіген екі-үш жастағы бала анығырақ, толығырақ жаңғыртады. Еске түсіруі біртіндеп дамып отырады. Әдейілеп жаңғырту мектепке дейінгі жаста баста-

лады да, әдейілеп еске түсіру, әдейілеп есте қалдырудан ерте дамиды, өйткені ата-ана, тәрбиеші, туысқандары баладан «қайда болдың?», «қайда жүрдің?», «не көрдің?» деп сұрап, әдейілеп есіне салады. Мектеп жасында, бірінші сыныптардан бастап, бала әдейілеп жаңғыртуға толық қабілетті болады. Оқу оқып, білім алу үшін есте сақтап, еске түсіру қажет. Шәкірт үйреніп алғанын қайта есіне түсіреді. Оқу процесі естің әдейілеп еске түсіру қабілетін жетілдіріп орнықтырады. Әдейілеп үйреніп алып жаңғырту оқу процесінде ерік, қайрат, ырықты зейін, ойлау әрекеттерімен бірге дамиды.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ес дегеніміз не? Оның адам өмірінде алатын маңызы қандай?
2. Естің қандай түрлері бар?
3. Естің негізгі процестеріне не жатады?
4. Ассоциация дегеніміз не?
5. Елес дегенді қалай түсінесің?
6. Ұмыту және оның қандай түрлері бар?
7. Баланың есі қандай жолмен дамиды?
8. Проактивтік тежелу дегеніміз не?
9. Реминисценция дегеніміз не?

### **№1 тапсырма.**

Нақты өмірлік және кәсіби жағдаяттарда көрініс беретін ес түрлеріне мысал келтіріңіз.

### **№2 тапсырма.**

Берілген жағдаяттарда көрініс берген ес түрлерін анықтаңыз.

1. Француздың белгілі карикатурашысы Гаварни бір көрген адамын бет-ажа-рынан тани қоюда орасан зейінді болған. Ол көшеде серуендеп жүріп, кенеттен қасындағы жолдасына: «Қарашы, мынау адам есіңізде ме?» деп сұрайды екен. Танысы: «Жоқ, білмеймін» десе, «Қалай білмейсіз, осыдан 20 жыл бұрын пәлен-дей көшеде кездестірген жоқ па едік?» дейді екен. Естің қандай түрі?

2. Әріп таңбаларын жаңадан үйренген кезде балада пайда болатын ес түрі?

3. Оқушы тексті көшіріп жазғанда, мұны түрліше жолдармен (жеке әріптер, буындар, сөздер, сөз тіркестерін көшіру) орындайтын болса, бұл оның қандай ес түрі?

**№3 тапсырма.**

Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстардың негізгі түрлеріне мысал келтір.

- 1) Іргелестік ассоциациясы бойынша:
- 2) Ұқсастық ассоциациясы бойынша:
- 3) Қарама-қарсылық ассоциациясы бойынша:

**№4 тапсырма.**

Тақырып бойынша берілген анықтамалардың негізгі ұғымын тап.

|  |                                                                                                                                   |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | бұрын қабылдаған және қайтадан кезіккенде көрінетін ес процесі.                                                                   |
|  | кешігіп еске түсіру құбылысы.                                                                                                     |
|  | жаңадан қабылданған бейнелер мен материалдарды, олардың мәнін есте бұрынғы сақтағандармен байланыстырып отыру.                    |
|  | қабылдағанды, есте қалдырғандарды қажет болған кезде еске түсере алмау, танымау немесе еске түсіру мен танудың қателесіп жаңылуы. |
|  | Ғылымдағы есті дамытуға арналған жаттау тәсілі.                                                                                   |

**№5 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда естің қандай түрлері көрініс тапқанын анықтаңыз.

а) Танысымен кездесу барысында қыз бала өз телефонының нөмерін айтады, ал біраз уақыттан соң танысы еш қатесіз нөмерді теріп, хабарласты.

ә) Мұғалім сынып оқушыларына терезеге қарап, көргенін айтып беруге тапсырма берді.

б) Оқушы салтанатты кешке көп шумақты өлең жаттауға тапсырма алды.

в) Кондитерлік мекеменің қасынан өтіп бара жатқан қыз бала таныс иісті сезініп, осы жерден ванильді пирог алғанын еске түсірді.

г) Анасы барлық азық-түліктің атауын атап, баласын дүкенге жіберді және баласынан естігенін қайталап айтуын сұрады.

ғ) Телефон арқылы дауысты естіп, қыз бала өзінің танысының дауысын бірден таныды.

д) Хореография сабағында қыздар жаңа би үйренеді және әрбір қимылды бірнеше мәрте қайталайды.

е) Атақты жазушының шығармашылық кешінде таныстырылған қызықты әңгімені балалар ұзақ уақытқа естерінде сақтады.

**№6 тапсырма.**

Көрү арқылы қысқа мерзімді естің көлемін анықтауға арналған диагностиканы өткізіңіз. Зерттелушілерге 20 с. аралығында кестені көрсетіңіз, кейін оны алып тастап, есінде сақтаған сандарды бланкіге жазуын сұраңыз.

|    |    |    |    |
|----|----|----|----|
| 13 | 91 | 47 | 39 |
| 65 | 83 | 19 | 51 |
| 23 | 94 | 71 | 87 |

Көру арқылы қысқа мерзімді естің көлемін бағалау дұрыс қайта жаңғыртылған сандардың санымен анықталады. Ересек адамның нормасы – 7 және одан да көп.

### **№7 тапсырма.**

Естің заңдылықтарын оқу және кәсіби іс-әрекетте қалай қолдануға болатындығы туралы ұсыныстарды жазыңыз.

### **№8 тапсырма.**

Естің түрлерін критерий бойынша бөліну жіктелімімен сәйкестендір.

| <b>Ес түрлерінің бөліну жіктелімі бойынша критерийлер</b>      | <b>Ес түрлері</b>  |
|----------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1. Іс-әрекеттегі психикалық белсенділіктің басымдылығы бойынша | А. Қысқа мерзімді  |
| 2. Іс-әрекет мақсаты бойынша сипаты                            | Ә. Ырықсыз         |
| 3. Бекіту және материалды сақтау ұзақтығы бойынша              | Б. Қозғалыс        |
|                                                                | В. Оперативті      |
|                                                                | Г. Ұзақ мерзімді   |
|                                                                | Ғ. Ырықты          |
|                                                                | Д. Эмоционалды     |
|                                                                | Е. Көрнекі-бейнелі |
|                                                                | Ж. Сөз-логикалық   |

Жауаптар: 1. \_\_\_\_ 2. \_\_\_\_ 3. \_\_\_\_

### **№9 тапсырма.**

Төменде келтірілген мысалда есте сақтаудың қандай түрі сипатталған?

Оқушы Суворовтың өмірбаянын баяндап, ұлы қолбасшының өміріндегі маңызды сәтті айтпай кетті, сонда мұғалім балаға бір сөз айтты: «Альпы», осыдан кейін оқушы қиналмай-ақ, әлгі оқиғаны айтып берді.

### **№10 тапсырма.**

Екі оқушының қайсысы 57, 37, 17 сандарын естерінде тиянақты сақтайды? Неге?

Біріншісі, сандарды бірнеше қайталап, жаттап алып есіне сақтайды. Екіншісі, 57-ні әкесінің жасымен, 37-ні ағасының жасымен байланыстыруда.

### **№11 тапсырма.**

Оқушылардың бірінші тобы берілген сөздерді есінде жақсы сақтайды? Неге?

Оқушылардың бірінші тобы еске сақтау үшін 6 сөз беріледі. Оның бесеуінде грамматикалық қате бар. Балалар ол қателерді түзетіп, сонан соң сөздерді естерінде сақтайды. Екінші топқа да (мағыналық қатесі бар) 6 сөз берілген. Олар да қателерді түзетіп барып, сөздерді естерінде сақтайды.

### **№12 тапсырма.**

Оқушының екінші бағанға қарағанда, бірінші бағандағы сөздерді есінде жақсы және тез сақтау себебі не?

|         |         |
|---------|---------|
| 1       | 2       |
| алма    | мал     |
| қызанақ | қазықан |
| тауық   | уықта   |
| машина  | шинама  |
| сағат   | ғатса   |
| мектеп  | темпек  |

### **№13 тапсырма.**

Балаға өзіне көрсетілген 10 затты есінде сақтап қалу ұсынылды.

Мысалы: қасық-шанышқы, сабын-жөке, қарындаш-өшіргіш, қуыршақ-доп, шаңғы-шана.

Осыдан кейін заттарды тасалап қойып (жауып), оларды атап шығуды сұрағанда, ол не себепті заттарды жұптап есіне түсірді?

### **№14 тапсырма.**

Баланың есінде сақтауы үшін 10 сөз беріледі?

1. Заттың атын атаған кезде, бірден сол затты көрсету керек. 10-15 минуттан соң суретін ғана көрсетіп, баланың есінде сөздерді қалай сақтағаны тексеріледі.

2. Келесі жолы белгілі бір мағынасы бар 10 сөз есте сақтау үшін тек ауызша айтылады.

3. Біраз күн өткен соң батылдық, ерлік, ақтық, ауыртпалық сияқты ұғымдарды білдіретін 10 сөз айтылып, соңынан баланың есінде осы сөздердің қалай сақталғаны тексеріледі.

Осы үш тәжірибе қорытындысын салыстырып, талдай отырып, не себепті бірінші тәжірибеде баланың есінде материал жақсы сақталатынына қорытынды жасаңыз.

### **№15 тапсырма.**

Мына тапсырмада еске сақтаудың қай түрі жүзеге асады?

1. Поштада жиналған хаттарды тиісті жәшіктерге реттеп салу арнайы машинамен мекен-жай бойынша жүзеге асырылады.

2. Оператор белгілі бір мәтінді басып, конверттегі хаттарды санайды.

3. Хаттарды индексі бойынша ретке келтіреді.

### **«Мағыналы есте қалдыру (К. Бюлер)» әдістемесі**

**Әдістеме:** «Мағыналы есте қалдыру (К. Бюлер)» әдістемесі.

**Мақсаты:** Ауызша материалды есте сақтау мен елестетуге мағыналық байланыстың әсерін табу.

**Материал:** Аралық мағыналық байланысты оңай ойластыруға болатын он екі жұп сөз.

Мысалы:

Сәуле – күн,

Мыс – қорғасын,

Бұтақ – шырша,

Жыл – ай,

Қалам – қарындаш,

Жер – тас,

Жарық – шапақ,

Есік – терезе,

Үй – кітап,

Пышақ – шанышқы,

Жапырақ – ағаш,

Тақта – бор

*Қажетті құралдар:* Секундомер немесе секундтық тілі бар сағат.

*Жүру барысы:* Зерттеуші алдымен зерттелушіге әдістеменің жүру барысы туралы түсіндіреді. Содан соң белгі береді де әрбір секунд сайын 12 жұп сөзді бір-бірлеп оқып шығады. Барлығын оқып болған соң 10 секунд үзіліс жасайды. Кейін тек алғашқы (әр жұптың бірінші сөзін) оқиды. Әр сөзден соң 5 секунд үзіліс жасайды. Зерттелуші ауызша айтылған 6 жұп сөзді мағыналы есте сақтау арқылы 10 секундтан кейін алғашқы сөзі айтылғанда, сол сөзбен бірге оның жұбын жазуға тиіс. Егер зерттелуші тек 1-5 аралығында сөз жұптарын дұрыс тауып жазса – төмен, ал егер, 5-тен жоғары жұпты дұрыс тауып жазса – орташа болып есептеледі. 12 сөзді, яғни 6 жұпты түгел дұрыс жазса – жоғары болады.

1-5 – мағыналық есте сақтауы төмен,

5-9 – мағыналық есте сақтауы орташа,

9-12 – мағыналық есте сақтауы жоғары.

#### **«Есте сақтаудың диагностикасы мен жылдам- дығын анықтау» әдістемесі**

Сізге 7-8 мәрте қайталап, жаттап алып, қателеспей еске түсіріп, айтып беру үшін жүздіктерден құралған 20 сан берілді. Ол сан қатары мынадай болуы мүмкін: 659, 326, 184, 927, 541, 239, 486, 712, 594, 172, 368, 513, 649, 278, 153, 497, 916, 351, 276, 148.

Оны жаттау былай өтеді. Әрбір кезекті тыңдағаннан кейін, (тәжірибеші қатарды басынан аяғына дейін өзі оқиды) сандардың арасындағы интервалда 1 адам барлық сан қатарын еске түсіруге тырысады. Оның дұрыс жауаптарын тәжірибеші белгілеп отырады.

Есте жаңғыртудың нәтижелері барлығын тыңдағаннан кейін кестеге түсіріледі. Мұнда көлденең – есте сақтауға тырысқандары көрсетіледі, ал тігінен – әрбір дұрыс жауаптың мөлшері беріледі.

*Нәтижелерді талдау және қорытындылау*

Тәжірибе қорытындысы бойынша, есте сақтау процесінің жылдамдығы мен динамикасын анықтау үшін жасалған. Егер, қисық жайлап жоғарыға көтерілсе, (біріншіден, соңғы жауапқа дейін), онда ол адамның есте сақтау динамикасы жақсы. Егер де қисық графиктің кейбір бөлшектерінде жоғары көтеріліп, ал кейбір жерінде көлденең кетсе, онда ол адамның есте сақтау динамикасы орташа. Егер, қисық біресе төмен, біресе жоғары орналасса, онда ол адамның есте сақтау динамикасы нашар.

График бойынша есте сақтау жылдамдығын былай анықтаймыз. Егерде 8-10 қайталауда адам 15-тен 20-ға дейін, санды есте сақтап, айтып берсе, онда оның есте сақтау жылдамдығы үздік. Егерде адам 10-нан 15-ке дейін, санды есте сақтаса, онда оның есте сақтау жылдамдығы жақсы. Егерде нәтижесі 8-ден 10-ға дейін, сандар болса, онда оның есте сақтау жылдамдығы орташа. Егер, нәтиже қорытындысы 6-8 санынан тұрса, онда ол есте сақтау жылдамдығы нашар адамды көрсетеді. Ал нәтижесі 4 немесе одан аз сандар болса, онда ол адамның есте сақтау жылдамдығы өте нашар.

*Естің басым түрін анықтау*

Естің басым түрін анықтау үшін әртүрлі жолмен есте сақтау үшін материал беріледі: көру немесе есту. Осы жағдайда әртүрлі жолмен есте сақтаған материал жеке-жеке бағаланады, теңестіру нәтижесінде естің басым түрін анықтайды.

Есте сақтау үшін мысалы 4 түрлі сөздер тобы беріледі:

1. Қол, шкаф, перо, сағат, үстел, ой, терезе, қарбыз, жемпір.

2. Радио, аяқ, терек, аяз, шайба, қарға, кесе, карта, батырма, шам.

3. Машина, дауыс, столба, кілем, амбар, иіс су, станок, топ, жиһаз, етік.

4. Рамка, ат, таразы, скрепка, жолбарыс, костюм, айыр, жар, гүл, сан.

Бірінші жағдайда, бірінші қатардағы сөздер оқылады, кейін екінші қатардағы, екінші жағдайда, ол өзі 3 және 4 қатардағы сөздерді оқиды (сөздер алдын-ала бетке жазылуы керек, әрбір қатарды оқу үшін 10 секунд беріледі). Содан кейін адам қатарды есіне түсіріп қайталайды. Есте дұрыс сақталған сөздер саны бұрыннан белгілі формуламен анықталады:

$$K3 = m / n \times 100\%$$

Әр қатарды есте сақтау коэффициенті, сонымен қатар орташа көру коэффициенті анықталады. Олар өзара теңестіріледі, және адамдағы есте сақтаудың басым түрі анықталады.

*Есте сақтаудың психодиагностикасы*

Салыстыра келіп одан қорытынды жасалады. Қай түрі есте қалады екен, қайсысы продуктивкалау. Алдын ала 2 жинақ әзірленеді, әрқайсысында 20 сөзден. Бұл сөздер дерексіз мағына береді:

- |                 |                   |
|-----------------|-------------------|
| 1. Санкция.     | 1. Бейне.         |
| 2. Фантазия.    | 2. Абстракция.    |
| 3. Бағыттау.    | 3. Субстанция.    |
| 4. Қорытынды.   | 4. Қарым-қатынас. |
| 5. Мүмкіндік.   | 5. Өмірлік бағыт. |
| 6. Эстетика.    | 6. Талқылау.      |
| 7. Интуиция.    | 7. Мүмкіндік.     |
| 8. Қызығушылық. | 8. Интонация.     |
| 9. Шыдам.       | 9. Күмән.         |
| 10. Түсінік.    | 10. Зұлымдық.     |
| 11. Ойлау.      | 11. Мағына.       |
| 12. Кеңістік.   | 12. Тұрақтылық.   |

13. Нақыл.

14. Аулақтық.

15. Заңдылық.

16. Жалғыздық.

17. Білу.

18. Қабілет.

19. Индукция.

20. Шығарма.

13. Қабылдау.

14. Бағытталу.

15. Ойластыру.

16. Шаттану.

17. Алдау.

18. Тыныштық.

19. Аналогия.

20. Немқұрайдылық.

Диагностика 2 кезеңнен тұрады. Біріншісінде, сізге бірінші қатардағы сөзді араларына 1 секунд салып оқиды. Сосын сіз еш көмекші құралдарсыз сол қатарды еске түсіресіз.

Екіншісінде 2 қатарда осылай оқылады. Бірақ мұнда сізге әрбір естілген сөзге белгі қоюға мүмкіндік беріледі (егер үлгермесеңіз, уақытты 5 секунд ұзартуға болады). Екінші қатар тыңдалғаннан кейін, сіз белгіңіздің көмегімен еске түсіріп айтасыз. 1-2 жағдайда да. Осы қорытынды бойынша ойыңызды жинақтап, қайталап отырасыз.

### **«Оперативті есте сақтау» әдістемесі**

Бұл әдістеме қысқа уақыттық есте сақтауды анықтауға арналған.

Зерттеушілерге бланк берілгеннен кейін тәжірибеші келесі нұсқауды оқиды.

Нұсқау: Мен сіздерге әрқайсысы 5 саннан тұратын 10 қатар сан оқимын. Сізге тапсырма – осы сандарды есте сақтап, кейін ойша біріншісін екіншісімен, екіншісін үшіншісімен, үшіншісін төртіншісімен, төртіншісін бесіншісімен бір-біріне қосып, шыққан төрт қосындыны ретімен жауап бланкісіне жазуыңыз керек. Мысалы: 6, 2, 1, 4, 2 (тақтаға немесе қағазға жазылады). 6 мен 2, 2 мен 1, 1 мен 4, 4 пен 2 сандарын қосып, жауап бланкісіне 8, 3, 5, 6 деген сандар қатары жазылады.

Қатарды оқығанда арасындағы интервал – 15 секунд.

Кілті:

Дұрыс жазылған қосындылар саналады (мақ – 40). Ересек адамның нормасы – 30 және одан да жоғары.

Бұл әдістеме топтық тестілеуге қолайлы және аз уақыт алады (4-5 минут). Есте сақтау көрсеткіші дәлірек болсын десеңіз бұл әдістемені белгілі бір уақыттан кейін басқа сандар қатарымен қайтадан өткізуге болады.

### Тестілік материал

| №   | Қосынды |
|-----|---------|
| 1.  |         |
| 2.  |         |
| 3.  |         |
| 4.  |         |
| 5.  |         |
| 6.  |         |
| 7.  |         |
| 8.  |         |
| 9.  |         |
| 10. |         |

Әдістеме мазмұны:

|     |               |
|-----|---------------|
| 1.  | 5, 2, 7, 1, 4 |
| 2.  | 3, 5, 4, 2, 5 |
| 3.  | 7, 1, 4, 3, 2 |
| 4.  | 2, 6, 2, 5, 3 |
| 5.  | 4, 4, 6, 1, 7 |
| 6.  | 4, 2, 3, 1, 5 |
| 7.  | 3, 1, 5, 2, 6 |
| 8.  | 2, 3, 6, 1, 4 |
| 9.  | 5, 2, 6, 3, 2 |
| 10. | 3, 1, 5, 2, 7 |

Кілті:

|     |             |
|-----|-------------|
| 1.  | 7, 9, 8, 5  |
| 2.  | 8, 9, 6, 7  |
| 3.  | 8, 5, 7, 5  |
| 4.  | 8, 8, 7, 8  |
| 5.  | 8, 10, 7, 8 |
| 6.  | 6, 5, 4, 6  |
| 7.  | 4, 6, 7, 8  |
| 8.  | 5, 9, 7, 5  |
| 9.  | 7, 8, 9, 5  |
| 10. | 4, 6, 7, 9  |

### ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

1. Өткен тәжірибеден алған іздерді жадыда қалдырып, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтауға негізделген психикалық процесс:

- A. Елес;
- B. Ес;
- C. Зейін;
- D. Қабылдау;
- E. Түйсік.

2. Г. Э. Мюллер еңбектерінде шешімін тапқан проблема:

- A. Адам есінің бекуі мен жаңғыруы;

- B. Естің жоғары формалары;
- C. Естің шартты рефлекстерімен байланыстылығы;
- D. Ойлаумен байланыспаған ес заңдылықтары;
- E. Психикалық сырқаттылардың есте қалдыру әрекеті.

**3. Уақыты да, қамту көлемі де шексіз ес түрі:**

- A. Қозғалысты ес;
- B. Бейнелі ес;
- C. Қысқа мерзімді ес;
- D. Нақты ес;
- E. Ұзақ мерзімді ес.

**4. Ес процесінің мәні:**

- A. Әсердің жеке элементтерін;
- B. Жалпыланған бейне түзу;
- C. Өткен тәжірибені бейнесін жаңғырту;
- D. Сананың объектіге бағыталуы;
- E. Тұтастай бейне тұрғызу.

**5. Есте қалдыруға ықпал жасаушы И. П. Павлов ашқан физиологиялық құбылыс:**

- A. Сезу;
- B. Тітіркену;
- C. Шартты рефлекс;
- D. Ырықсыз рефлекс;
- E. Ырықты рефлекс.

**6. Қысқа мерзімді естің мәні:**

- A. Жалпылаған шағын ақпарат;
- B. Қамту көлемі шексіз;
- C. Нақты бейне сақтау;
- D. Толық, дәл оқиға;
- E. Шағын уақытқа.

**7. Есте қалдырудың бастапқы формасы:**

- A. Жоспарлы мақсат;
- B. Ниеттелген әрекет;
- C. Ниеттелген жаттау;
- D. Ырықсыз есте қалдыру;
- E. Ырықты есте қалдыру.

**8. Дүние заттары мен құбылыстарының бөлектенген күйде емес, өзара байланысты қалыпта жүретінін дәріптеуші психологиялық теория:**

- A. Ассоциативтік;
- B. Генетикалық;
- C. Гештальттық;
- D. Гуманистік;
- E. Когнитивтік.

### Ес тақырыбына арналған жаттығулар

1. Кімде-кім көрген нәрселерін, мағлұматтарды есте қалдырғыш келетін болса, ондай типтегілерді тексеру үшін бөлек бір қағазға мынадай 10 сөзді жазып даярлау керек: алақан, жастық, пышақ, ер, қарындаш, алаша, шекпен, шоқпар, найза, ұя.

2. Кімде-кім естіген нәрселерін, мағлұматтарды есте қалдырғысы келетін болса, ондай типтегі адамдарды тексеру үшін мына сияқты парақшаларға жазу қажет: бидай, шөміш, арба, тақия, ішек, балға, келі, құлын, шапан, төс, білезік.

3. Ал кімде-кімнің қимыл қозғалыс жасау арқылы тиісті мағлұматтарды есте қалдырғыштығын анықтау үшін мына төмендегідей 10 сөз жазылған парақша ретінде беріледі: қақпан, сақина, жапырақ, тостаған, доп, жиде, терезе, жақ, ошақ, сиыр.

4. Сөзім мүшелерін біріктіре отырып, тиісті мағлұматтарды есте қалдырғысы келетіндерді байқау үшін оларға мынадай 10 сөз ұсынылады: көбелек, қайың, қияр, қар, торғай, безгек, қайық, ешкі, өзен, тас, тұяқ.

Бұдан соң сынаушыларға мынадай түсінік беріледі, яғни бірінші тәжірибе бойынша «әрқайсыңыз бөлек қағазға жазылған сөздерді оқып, есте қалдыруларыңыз шарт. Сөздерді жазып алуға болмайды».

Сынаушылар парақшаны зерттеушіге әкеліп тапсырғаннан кейін тегін,

есінде қанша сөз қалғанын жазып береді, не мұны хаттама жазушы орындайды.

Екінші тапсырманы орындау үшін «Мен қазір сендерге бірнеше сөздер оқимын. Оқыған сөздерден естеріңе сақталғанын қағазға түсіріп, сыртына аты-жөніңізді жазып беріңіздер», – дейді.

Үшінші тапсырманы орындау үшін көргендеріңізді не оқығандарыңызды қалай еске түсіре алатындықтарыңызды анықтау үшін парақшаларға жазған сөздерді дауыстап оқып естеріңізге саламын. Мұнымен қатар, екінші тізімдегі сөздерді айтып отырғанымды іштей қайталап, ол сөздерді қарындашыңызбен ауаға жазыңыздар.

Сондай-ақ, кестедегі өзге сөздерді көрсетемін және естіртіп айтамын. Осы кезде сіздер сөздерді қайталап, әрі ауаға жазып отыруларыңыз керек.

Бұдан соң естеріңізде қалғанын бөлек қағазға жазып, сыртына аты-жөнді-ріңізді көрсетіп, маған тапсырыңыздар.

Соңғы тапсырманы сынаушылар орындап болған соң, зерттеуші осы төрт тәжірибеге талдау жасайды: сынаушылардың есінде қалдырған сөздерін олардың өздеріне «+», «-» белгісімен белгіле дейді де, әрбір тәжірибе қорытындысын хаттама жүргізуші екеуі бөлек есептейді.

Осы төрт тапсырманың ішінде ең нәтижелісін біріктіріп, комбинациялап, сыналушылардың есте қалдыруы қандай типке жататынын мынадай кестемен көрсетуге болады.

| Сөздердің саны | Көру есі           | Есту есі | Қимыл-қозғалыс есі | Аралас ес |
|----------------|--------------------|----------|--------------------|-----------|
| 10             | Сынаушылардың саны |          |                    |           |
|                | 8                  | 2        | 1                  | 1         |
| 9              | 9                  | 5        | 4                  | 11        |
| 8              | 6                  | 7        | 7                  | 2         |
| 7              | 4                  | 6        | 3                  | 1         |
| 6              | 3                  | 7        | 4                  | 1         |

|   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|
| 5 | - | 2 | 5 | - |
| 4 | - | - | 3 | - |
| 3 | - | 1 | 2 | - |
| 2 | - | - | - | - |
| 1 | - | - | - | - |

### Арнаулы және арнаулы есте қалдыру

Арнайы есте қалдыруға тән заңдылықтарды кеңес психологы А. А. Смирнов зерттеген. *Арнайы ес дегеніміз* – материалдарды есте қалдырудағы адамның жауапкершілікпен қалайда есте сақтауға ұмтылу. Есте қалдырудың осы қасиетін А. А. Смирнов тексеру үшін сыналушыларды екі топқа бөліп, бірінші топқа «мынадай оқу тапсырмасын орындап келіңіздер, мен оны 3 күннен кейін», ал екінші топқа сондай тапсырманы, «жеті күннен кейін сұраймын», – дейді. Бірақ топтың екеуінен де тапсырманы 7 күннен кейін сұрайды. Сонда бірінші топтағылар үш күн өткен соң, енді бізден сұрамайды екен деген оймен тапсырманың мазмұнын ұмытыңқырап қалады да, екінші топтағылар сұраймын деген күні

сұрағандықтан қойылған сауалдарға түгелдей жауап береді.

Зерттеудің осындай қорытындысына қарап, арнайы /ырықты/ есте қалдыруды сол адамның жауапкершілігі негізгі роль атқаратынын көреміз.

П. И. Зинченконың айтуынша, арнаулы есте қалдыру ролі, арнайы еске қарағанда маңызды болмаса, онан кем емес. Арнайы есте қалдыруды адам өзі тиісті объектіге бағындыратын болса, онда тәсілден тез шаршап, болдырады. Сондықтан оқу материалын ұғынды арнаулы /ырықты/ ес негізгі роль атқарады. Зинченко адам бағытының материалдарды есте қалдыруға қаншалықты әсер ететінін зерттеді. Сол зерттеулердің бірінде ол қалай болса, солай жазылған 45 сөз даярлайды. Бұл сөздерді қандай салаға /тірі табиғатқа, мамандыққа, абстракт ұғымға/ жататынына қарай жіктеу қажет.

### Берілген сөздер:

- |             |              |                |               |
|-------------|--------------|----------------|---------------|
| 1. Бүркіт;  | 13. Тасбақа; | 25. Жылқышы;   | 37. Ақиқат;   |
| 2. Дәрігер; | 14. Жорамал; | 26. Табиғатшы; | 38. Реттеуші; |
| 3. Оқу;     | 15. Мұғалім; | 27. Жапалақ;   | 39. Топтау;   |
| 4. Жылқы;   | 16. Пікір;   | 28. Қорытынды; | 40. Көбелек;  |
| 5. Жеміс;   | 17. Жобалау; | 29. Заң;       | 41. Ұшқыш;    |
| 6. Төбет;   | 18. Күзетші; | 30. Қозы;      | 42. Шөп;      |
| 7. Көкпар;  | 19. Бидай;   | 31. Торғай;    | 43. Мақсат;   |
| 8. Жол;     | 20. Ереже;   | 32. Талдау;    | 44. Жусан;    |
| 9. Ит;      | 21. Аю;      | 33. Мұнайшы;   | 45. Оқытушы;  |
| 10. Есепші; | 22. Білім;   | 34. Дүкенші;   |               |
| 11. Малшы;  | 23. Тобылғы; | 35. Егінші;    |               |
| 12. Қоян;   | 24. Түлкі;   | 36. Сиыр;      |               |

Кейін оқушыларға арнайы тапсырма беріліп, осы сөздерді дәптеріне жаздырады, қай салаға жататыны туралы жіктеуі ұсынылады. Осыдан кейін жіктелген сөздердің сыналушылардың арнауысз /ырықсыз/ естерінде қалдыруына қаншалықты әсер еткендігін тексеріп, нәтижесін сұрайды. П. И. Зинченконың айтуынша, жеке сөздерді белгілі жүйеге келтірмей тұрғандығы есте қалдырудан жіктеп жүйелегеннен кейін оларды есте қалдыру оңай.

### **Балада естің дамуы және оны тәрбиелеу.**

1. Баланың есі туғаннан бері қарай дами бастайды.
2. Мектепте логикалық естің дамуы.
3. Материалды өз бетінше айта білуге үйрету.
4. Мағыналы есте қалдыру.
5. Баланың есінің дамуы – мұғалімнің жұмыс әдісіне, әсіресе психологиялық дайындығына байланысты.

### **Әдебиеттер:**

1. В. К. Крутецкий. Психология. Издание второе, переработанное и дополненное. – М.: Просвещение, 1986.
2. А. Темірбеков, С. Балаубаев. Психология. – Алматы: Мектеп, 1966.
3. Ж. Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
4. А. А. Оразбекова. Отбасы психологиясы. – Алматы: Білім, 1997.
5. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.

## 5-тарау. Ойлау

### Жоспар:

- 5.1. Ойлау туралы жалпы ұғым.
- 5.2. Ойлау тәсілдері.
- 5.3. Ойлаудың негізгі формалары.
- 5.4. Ойлау түрлері.
- 5.5. Ойша есептерді шешу.
- 5.6. Баланың ойлауын дамыту.

### 5.1. Ойлау туралы жалпы ұғым

*Ойлау* – заттар мен құбылыстардың жалпы сипаттарын, олардың арасындағы табиғи байланыстары мен қатынастарын бейнелейтін психикалық процесс.

Ойлау – таным процестерінің ішіндегі ең биік сатыда тұрған жоғарғы процесс. Дәлдеп айтқанда ойлау – адам баласына ғана тән меншікті психикалық процесс.

Сыртта ауа райының қандай екенін білу үшін мен үйден шығып тікелей бетімнің, қолымның терісі арқылы, бүкіл денеммен бүгін салқын немесе жылы екендігін сезе аламын. Бұл айналадағы шындықты түйсікпен қабылдаулар арқылы тікелей танудың жолы. Бірақ бізге ауа райы туралы мәселені үйден шықпай-ақ шешуге болады. Терезенің сырт жағынан ілінген термометрді қарап-ақ біз сыртта едәуір салқын не жылы екенін дұрыс шешеміз. Білудің мұндай жолын, жанама түрде тану деп атайды, өйткені мұнда білім тікелей алынбайды, жанама түрде, бір-қатар құбылыстарды байқау арқылы ағаш бұтақтарының желден қозғалуы және бұл құбылыстар мен ауа райының арасындағы байланысты түсіну арқылы алынады.

Білім алудың екінші жолы неғұрлым күрделі, бірақ оны алуға түйсіктер мен

қабылдаулар, заттар мен құбылыстар туралы дұрыс мәліметтер бере алмаған күнде мүмкіндік болады.

Ғалым-астрономның ғаламшарды көрмей тұрып математикалық есеп арқылы оның қайда болуға тиісті екенін анықтаған жағдайы ғылым тарихында белгілі. Шындығында да, ғалымдар бірнеше жылдан кейін ерекше қуатты телескоп арқылы ол ғаламшарды тапты. Плутон ғаламшарының ашылу тарихы, нақ осындай.

Басқа бір мысал келтірейік. Маған шыны стақанға ыстық су құю керек. Мен әуелі ыстық суды стақан сынып кетпесін, деп аз-аздап құямын. Мен нақ бұл стақанның қалай боларын білмеймін, бірақ ыстық құйғаннан стақанның сына-тынын талай көргенмін. Стақанның бұл сапасын мен барлық шыны стақанда болады деп қорытамын.

Бірақ күн ілгері «ыстық болса», «бөлшектеніп сыну», немесе «салқын болса» «бүтін күйінде сақталу» қасиеттерін еске ұстамай қорыту мүмкін емес. Тек осындай дерексіздеуден ғана, бұл бөліп алынған сапаларды заттардың белгілі түрлеріне таратамыз, яғни қорытамыз.

Сөйтіп, фактілер мен құбылыстарды дерексіздендіру, қорыту, жанама

түрде жүргізу, байланыстарын белгілеу және олардың арасындағы қатынастарды анықтау арқылы қол жететін таным процесі ойлау деп аталады. Ойлау сөзбен тығыз байланысты. Ойлаудың арқасында біз фактілермен құбылыстарды біліп қана қоймаймыз, сонымен қатар олардың болу себептерін де түсінеміз. Ойлау бізге болашақ оқиғаны күн ілгері білуге мүмкіндік береді: күннің бұлттанып келе жатқанын көріп, біз жаңбырдың жауатынын болжап білеміз. Мәселен, жердің жасанды спутнигін ұшырмастан бұрын ғалымдар оның орбитасын дәл белгіледі.

Егер таным процесі түйсіктер мен қабылдаудың тікелей беретіндерімен тоқтайтын болса, адам өзіне керекті мәліметтерді өте аз жинаған болар еді. Біз жер үстінде өзімізге дейін не болғанын біле алмаған едік, өйткені өткен оқиғаларды қабылдағанымыз жоқ қой; Жердің Күннен арақашықтығын белгілей алмаған болар едік, өйткені бұл қашықтықты тікелей өлшеу мүмкін емес. Адамның миында болып тұрса да И. П. Павлов шартты рефлексдерді зерттей отырып, ми әрекеттерінің бірқатар маңызды заңдарын ашты.

Нақ адам ойы адамдарды білімнің құдыреттілігімен қаруландырды, оларға табиғат күштерін өздеріне бағындыруға мүмкіндік берді. Бірақ ойлау процестері біздердің түйсік пен қабылдаулар арқылы алған мәліметтерімізге сүйенеді, бұларды ес жоғалтпай сақтайды. Бұл психикалық процестерсіз ойлаудың болуы мүмкін емес.

*Ойлау дегеніміз* – шындықты жалпылап бейнелеу болғандықтан, ол адамның іс-тәжірибесіне сүйене отырып, ойлау ісін атқарады. Ойлау сөзбен тығыз байланысты. Ойдың тілсіз күні жоқ, өйткені ойлау әрекеті адамдардың өзара қарым-қатынас жасауын тілейді. Бұл табиғи қажеттілік. Қоғам өмірінде жеке адамның әрекеті ой мен

тілдің қатынасына байланысты дамып отырады. *Тіл* – адамдардың негізгі қатынас құралы. Ойлау мен сөйлеудің табиғаты әртүрлі болғанымен процесс ретінде, бір бағытта, бір арнамен өтіп жатады. Ғылыми-технологиялық прогресс ойлайтын машиналарды дүниеге келтірді. Қазіргі есептегіш машиналар өз жұмысының нәтижесін бағалай алады. Машиналар белгілі ережелерге сәйкес мәтінді бір тілден екінші тілге аударады, сөйлеп тұрған сөзді машина тіліне, яғни кодқа айналдырады. Мәселен, осындай машина дойбы да ойнайды. Ол адамды ұтып та кетуі мүмкін. Бірақ оқып үйрену қабілеті жөнінен машина адамнан аса алмайды. Машинаға қарағанда адамның оқып-үйренуі әлдеқайда жеңіл. Адам өзін машинаға ұтқызбас үшін өз өнерін жетілдіріп отыруы тиіс. Машинаға тәңірдей табынатын кейбір адамдар «алдағы жерде бәрін машина істейді, ол қолын қусырып, әзір асқа ие болып қарап отырады», дегенді айтады. Бұл – сөз енжар, әрекетсіз адамның сөзі. Машинаның алдына арнайы міндет қойып оған бағдарлама беретін – адам. Осы міндетті қоя білу үшін адамға мол білім қажет.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналадағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып-біледі. Ойлаудың бұл түрі оның ойын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана, оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

*Ойлаудың физиологиялық негіздері* – үлкен ми сыңарлары қыртысында құралатын уақытша жүйке байланыстары (шартты рефлексдер). Бұл шартты рефлексстің екінші сигналдың (сөздер мен ойлаудың) әсерінен туады, екінші сигналдар реалдық шындықты бейнелейді, бірақ сөзсіз бірінші сигнал (түйсіктер, қабылдаулар, ұғым-

дар) негізінде пайда болады. Ойлау процесінде сигнал жүйелерінің екеуі де бірімен-бірі тығыз байланысты. Екінші сигнал жүйесі қоршаған дүниеге шексіз хабарлар алуға мүмкіндік береді. Ой-

лау тек екі сигнал жүйесінің екеуінің де қатысуымен, бірқалыпты жүреді, бірақ жетекші роль екінші сигнал жүйесінде болады, өйткені сөз мазмұны жағынан бай болып келеді.

## 5.2. Ойлау тәсілдері

Ойлау күнделікті өмірде кездесетін міндеттерді шешуден басталатын болғандықтан, адамда ойлаудың тәсілдері болады. Мұндай тәсілдерге талдау (анализ) мен біріктіру (синтез), салыстыру абстракциялау мен нақтылау, қорыту жатады.

Ойлау әрқашан анализ және синтез процестерінен басталады. Ойлау – түйсік пен қабылдаудағы анализ бен синтездің жаңа мазмұнға ие болған түрі. *Анализ дегеніміз* – ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу. *Синтезде* ой арқылы заттың құбылыстық барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бен синтез – бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінсіз бірі болмайтын құбылыс. Бұл екеуі – бірінен-бірі ешқашан ажырамайтын ой процесінің негізгі компоненттерінің бірі. Кез келген сұраққа жауап табу, қандай болмасын бір мәселені шеше алу анализ бен синтездің түрлі қиысуларын қажет етеді. Мәселен, мылтықты жеке бөліктерге ажыратсақ, бұл – анализ (талдау) болады да, кейіннен осы бөліктерді белгілі тәртіппен құрастырсақ, синтез (топтастыру) болады. Балаларда оқу, жазу, есептеу, т.б. дағдылардың қалыптасу жолы да осы анализ, синтез операцияларының принциптеріне негізделген. Адам ойлауына анализ бен синтездің дәрежесі түрлі жағдайларға байланысты (жас, білім, тәжірибе, т.б.) әрқилы көрініп отырады. Мәселен, бөбектің қағазды екіге бөлуі де,

Эйнштейннің салыстырмалы теориясы да анализге жатады. Бірақ бірінен екіншісінің айырмашылығы жер мен көктей. Бөбектің қағазды екіге бөлуінде анализ практикалық амал ретінде көрінсе, Эйнштейннің салыстырмалы теориясында анализ теориялық ой тәсілі ретінде көрінеді.

Анализ бен синтездің негізінде *салыстыру* деп аталатын ой операциясы пайда болады. Салыстыруда заттардың ұқсастық, айырмашылық, қасиеттері айқындалады. Бұл операция салыстыратын заттардың бір түрлі белгілерін көрсетумен қабат, басқа белгілеріндегі айырмашылықтарын да айырып көрсетеді. Мәселен, заттарды оның түсіне, түріне, құрылысына, атқаратын қызметіне қарай салыстыруға болады. Салыстыру – бұл заттар мен олардың жеке элементтерінің, белгілерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты белгілеу. Оқушының оқу жұмысында салыстыру әдісі үлкен роль атқарады.

Мәселен, көбейту мен бөлуді, үшбұрыш пен тікбұрыш, тоғай мен орманды, құл иеленушілік қоғам мен феодалдық қоғамды оқушы салыстыру арқылы терең түсініктер алады. Зерттеулер мынаны көрсетті. Төменгі класс оқушылары заттардың бір-бірімен ұқсастығын бірден айыра алады, ертеде біз салыстыру барысында қосымша затты берсек. Көрсеткен үй жануарлары салынған сиыр, қой және ит оқушылар сиыр мен қойдың көптеген

ұқсас белгілерін табады. Бала үшін салыстырудың қиындығы мынада: біріншіден, ол «салыстыру» дегеннің не екенін мүлде білмейді, ал екіншіден, осы операцияны оның алдына қойылған мәселені шешудің өрісі ретінде пайдалана алмайды. Бұл балалардың жауабынан көрінеді. Мәселен, алма мен шарды салыстыруға бола ма? – «Жоқ, болмайды» деп жауап береді бала, алманы жеуге болады, ал кішкене шар домалап кетеді, ал басқа біреуі жібін бос қоя берсең, ұшып кетеді. Сұрақ басқаша қойылған кезде: апельсин мен алманы жақсылап қарап ал да, олардың немен ұқсайтындығын айт» олардың екеуі де домалақ, екеуін де жеуге болады, «Ал енді айтшы, олар несімен бір-біріне ұқсайды, олардағы өзгешелік қандай?» – «Апельсиннің қабығы – қалың, ал алманыкі – нәзік, Апельсин сап-сары, ал алма көк және дәмді болып келеді Демек, балаларды дұрыс салыстыруды қолдануға үйретуге болады екен. Ойлау операциясының күрделі түрі – абстракция мен жалпылау.

Шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды абстракция дейді. Мәселен, квадрат, трапеция, параллелограмм деген сөздерді «төртбұрыш» деген сөзбен белгілесек, соңғысы абстракция болады. Сондай-ақ, бор, қар, қант секілді заттардың ортақ қасиеті ретінде «ақшыл» деген сөзді алсақ, бұл да абстракциялық ұғымға жатады.

Астракцияға қарама-қарсы процесті нақтылау деп атайды. *Нақтылау* – абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру, яғни жеке заттар мен нәрселер туралы ой. Мәселен, жылқы деген жалпы ұғымды құлын, тай, құнан, дөнен, айғыр, бие деп бөлетін болсақ, мұндағы жылқының жеке түрлері нақтылауға мысал

бола алады. Нақтылау абстракцияға қарағанда, ұғымды көрнекі етіп түсіндіруге мүмкіндік береді. Жеке мысал, көрнекті құрал – нақтылаудың түрлі формалары.


*Жалпылау дегеніміз* – бір текті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру. Жалпылау үшін заттардың ерекше маңызды белгілерін таба білу керек. Мәселен, алма, өрік, мейіз, алмұрт, т.б. ұқсас белгілері жиналып келіп, «жеміс» деген жалпы ұғымды береді. Жалпылау тәсілі бізге сыртқы дүние заттарының мәнді белгілерін ажырата алуға жәрдем береді, өйткені «... ең қарапайым, қорытынды жасалуы, ұғымдардың бастапқы және ең қарапайым пайда болуы – дүниенің барған сайын неғұрлым терең объективтік байланысын адамның тануы деген сөз».

Жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі принцип бойынша орналастыруды жүйелеу (систематизация) дейді. Жүйелеудің жоғары түрі – классификация. Мәселен, жануарлар – типке, типтен – класқа, кластан – отрядқа, отрядтан – отбасыға, отбасыдан – текке, тектен – түрге, т.б. жүйеленеді. Жүйелеу арқылы өсімдіктер дүниесін, химиялық элементтерді белгілі классификацияға келтіруге болады. Осы айтылған ой тәсілі мал шаруашылығының қыры мен сырын жақсы білетін қазақтарда ерекше дамыған. Мәселен, олар шөпті ащы (көкпек, изен, жусан, т.б.), тұщы (қияқ, боз, т.б.), құрғақ, сулы деп бірнешеге бөледі. Шөптерді қай малдың жейтініне қарай да топтастыруға болады. Айталық, түйе үшін: жапырақ, шағыр, изен, т.б., қой жейтіндері: жоңышқа, қына десек, жылқы отына – боз, қияқ, беде, ебелек, бидайық, т.б. жатқызамыз. Малды сондай-ақ жасына, жынысына, жүрісіне бөлу де ойдың осы тәсіліне жатады. Мәселен, жылқыны жасына

орай: құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті, т.б. десек, ал жынысына қарай: құнан, тай, дөнен, бесті, байтал деп

айтамыз. Сиыр малын: бұзау, баспақ, жынысына қарай: тайөгіз (еркегі), қашар (ұрғашысы), т.б. деп бөледі.

### 5.1-сызба



### 5.3. Ойлаудың негізгі формалары

Ойлаудың негізгі формалары зат пен құбылыстардың байқалмайтын ішкі сырын, олардың маңызын, мәнін ашып отыруға тән меншікті жұмыс. Солай болса шындықты үстірт емес, тереңірек, жан-жақты белгілеу ойлау процесінде ұғым арқылы іске асып отырады. Ойлау түрлі формаларда жүзеге асады. Ой үрдісінің негізгі формалары – *ұғым, пікір, ой қорытындысы*.

*Ұғым* – ойдың шын дүниедегі заттар мен құбылыстардың жалпы және мәнді сипаттарын бейнелейтін формасы.

Мәселен, жақтаулардан құралған төрт аяғы бар затты көрсек, бұл заттың не үшін жасалғанын түсінеміз. Бізде «үстел» деген ұғым туады. Ұғымда жеке, нақты белгілері, мысалы, үстелдің түсі, оның мөлшері, жәшіктерінің бар-жоғы есепке алынбауы керек.

Ұғымдар дара және жалпы болып бөлінеді. Мысалы: «Орал қаласы»;

Қ. Мырзалиев дара ұғым болса, «кітап», «адам», «жұлдыз» жалпы ұғым болады, кейде жинақтаушы ұғым да болуы мүмкін. Мәселен, «жиналыс» (студенттер жиналысы), «кітапхана» (балалар кітапханасы), т.б.

Ұғымды сөзбен айтуға болады. Бірақ ұғым мен сөз екеуі тепе-тең деп есептеуге болмайды. Біріншіден, бір ұғымның өзін бірнеше сөзбен айтуға болады. Мәселен, «ұшақ», «аэроплан» деген сөздер бір затты білдіреді. Екіншіден, бір сөздің өзі бірнеше ұғымды білдіреді. Мәселен, «ат» деген сөз «міндетін атты», «не құсты атып түсіру» мағынасын білдіреді.

Заттар мен құбылыстар туралы олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар туралы ойды біз пікір формасында да береміз. Мәселен, студент сынақ тапсырды. Оқушы есепті шығара алған жоқ.

*Пікір дегеніміз* – құбылыстар арасында байланыс орнату, мұнда бір нәрсе не мақұлдады не теріске шығады. Пікірде көбінесе ұғымның мазмұны ашылады бір немесе бірнеше пікірден қорытынды жасауға болады. Мәселен, біз екі пікір айтсақ, 4-сынып оқушылары – бәрі озат, Иманов – осы мектептің 4-сынып оқушысы. Біз бірінші және екінші пікірлерге сүйене отырып, қорытынды жасаймыз. Демек, Иманов – озат оқушы. Төменгі сынып оқушыларын дұрыс пікірді айта білуге тәрбиелеу – зор педагогикалық мәні бар іс.

Әрбір пікірде үш бөлім болады. Олар: бастауыш, баяндауыш және байланыс. Мәселен, «Астана – Қазақстан Республикасының орталығы» десек: «Астана» – логикалық бастауыш. «Қазақ республикасының орталығы» – логикалық баяндауыш. Байланыс сөздер («деп», «дегеніміз», «айтамыз», т.б.) пікір де көбінесе айтылмай, тек ойға алынып отырады.

Бір немесе бірнеше пікірлерден жаңа пікір шығаратын ойлау формасы *ой қорытындылары* деп аталады.

Ой қорытындыларының үш түрі болады. Біріншісі – *дедукциялық*, екіншісі – *индукциялық*, ал үшіншісі – *аналогиялық ой қорытындысы* деп аталады. *Дедукция дегеніміз* – жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы. Мәселен, біз тірі организмдер оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды, ал балық тірі организмнің бірі десек, олай болса,


балық оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды деген қорытындыға келеміз.

*Индукция* – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы, мәселен, оттегі болмаған ауада өсімдік өсе алмайды, сондай-ақ оттегі жоқ ауада жануарлар да, адам да тіршілік ете алмайды десек, осы айтылғандардан жалпылап оттегі жоқ ауада «барлық тірі организмдер тіршілік ете алмайды!» деген қорытындыға келеміз. Индукцияда жеке жағдайлардан жалпы ереже, фактілерден қорытындылар жасалады. Мәселен, Д. И. Менделеев химия элементтерінің периодтық заңын индукция тәсілімен ашқан. Анализ бен синтез операциялары бір-бірімен қандай тығыз байланысты болса, индукция мен дедукция да сондай байланыста болады.

*Аналогия дегеніміз* – ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау. Мәселен, И. Ньютон бүкіләлемдік тартылыс заңын тапқанда, ой қорытындысының осы түріне сүйенген. Ол жер үстіндегі денелердің қозғалуы, әсіресе құлауы мен аспан денелерінің қозғалуы арасындағы ұқсастықты түсіндіруде аналогияны келтірді. Аналогия осындай ғылыми гипотезаның бастамасында елеулі роль атқарады.

Ой қорытындылары дұрыс пікірлерге қатаң негізделетін ойлау процесі – сөздік (логикалық) ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым *логика* деп аталады.

## 5.2-сызба



## 5.4. Ойлау түрлері

Адам әрекет еткенде мазмұны жағынан да, шешу тәсілі жағынан да алуан түрлі мәселелермен кездеседі.

**Практикалық ойлау.** Машина моторының нәліктен бірқалыпты жұмыс істемей тұрғандығын білу үшін жүргізуші капотты көтереді, мотордың қызуын байқайды, контактілерді тексереді, егер қажет болса сымдардың ұшын тазартады, кей жерлердегі шайбаларды нықтайды. Ойдың мұндай түрі практикалық немесе әрекетті деп аталады. Ол міндеттің көрнекі, нақтылы түрде берілуімен сипатталады. Оны шешу тәсілі – практикалық әрекет.

**Нақтылы-бейнелі ойлау.** Мәселені шеше отырып, адам өзінде бар көрнекі бейнелерді пайдаланса, нақтылы бейнелік ойлау көрініс береді. Керек жерге қай жолмен тезірек жетуге болатынын ойластырған адам барар жолдың барлығын көрнекі бейнемен елестетіп шығады. Ойлаудың мұндай түрі нақтылы бейнелік ойлау деп аталады.

**Теориялық ойлау.** Егер мәселе теориялық түрде қойылса, оны шешу үшін абстракциялық ұғымдарды, теориялық білімдерді пайдалану талап етіледі.

## 5.5. Ойша есептерді шешу

Ойлау сұраудан басталады, мұнда адам нақты фактілерді біле отырып, қорытуға, құбылыстардың себептерін анықтауға, келешекті алдын ала болжауға ұмтылады. Таным процестері әрқашан да түйсіктер мен қабылдаулардың мәліметтеріне негізделеді. Бірақ та ой адамы олармен тоқтап қалмайды, қорытынды жасайды және бұларын практикалық іс-әрекетінде тексереді.

Тіршілік міндеттерін шешуде ойлау процестері қалай жүріп отырады?

А) Ең алдымен, шешуге керекті мәселені анықтап алады. Мұнсыз адамға еш нәрсені ойлаудың керегі болмайды, оның алдында мәселе жоқ. Ал адамның шешуге тиісті болған міндеті неғұрлым анық болса, ол оның дұрыс шешімін соғұрлым тез табады. Балалар әсіресе төменгі класс оқушылары берілген сұраққа жеткілікті түсінбегендіктен, есеп шарттарына талдау жасамағандықтан, не берілгенін, не керек екенін анықтап алмағандықтан, өз алдына сұрау қоя алмайды. Олар асығып

болады, ал бұл есеп шарттарын ойластыруға кедергі жасайды.

ә) Мұнан кейін міндетті шешуге қажетті білімдерді (ережелерді, фактілерді, заңдарды) жұмылдырады. Бұған сәйкес не ұқсас болған жағдайларда бұрынғы тәжірибені пайдаланады.

б) Ойлау әрекетінің маңызды сатысы – гипотезалар жасау, яғни міндетті шешу мүмкіндігі туралы болжам жасау.

в) Онан кейінгі саты – гипотезаны тексеру сатысы.

г) Егер гипотеза дұрыс болмаса, оны тастайды да, жаңа жорамалдар жасалады. Көбінесе гипотезалар ойша тексеріледі. Мысалы, конструктор техникалық міндетті шешерде, оны ішінен ойластырады, машина құрылысында әртүрлі нұсқаларының ең тәуіріне тоқтайды.

ғ) Міндеттердің көпшілігінің шешімі алынған нәтижелерді практикада тексерумен аяқталады.

Ойша қойылған міндеттерді шешуде кездесетін қиыншылықтары әр

алуан болады. Солардың екеуін алып қарайық:

1) Кейде есепті шығарушы оның кейбір мәліметтерін байқамайды.

Мынадай бір есепті келтірейік. «Екі дос А пунктінен Б пунктіне қарай жүреді. Бұлардың арасы – 30 км. Олардың біреуі жаяу кетеді, ол сағатына 6 км жүреді, ал екіншісі велосипедпен сағатына 13 км жүреді. Велосипедші Б пунктіне жеткенде, ол жаяу келе жатқан адамға қарай бұрылып қарсы жүреді. Оған жеткен соң велосипедші тағы да Б пунктіне қарай бұрылады, одан тағы жолдасына қарсы жүреді, ол жаяу келе жатқан адам Б пунктіне жеткенше осылай ерсілі-қарсылы жүре береді (бұл екі адамның екеуі де үздіксіз, бір қалыпты жүріп отырады деп есептелді). Велосипедші неше километр жүрді?

Бірқатар оқушыларға бұл есепті шешу қиынға түседі, олар велосипедшінің жаяу келе жатқан адаммен бірінші кездескенінде, екінші кездескенінде неше шақырым жүргенін есептеуге тырысады. Ал егер есепті шешуші екеуінің де жолда 5 сағат жүргеніне (30 км: 6 км/сағат) көңіл аударса, велосипедші 65 км жүргені бірден айқын болады

(13 км – 5/ 65 км).

2) Кейде есепті шеше алмауына ол есепте қойылмаған талапты (шартты) өздігінен әкеліп қосуы себеп болады.

Мынандай сызық арқылы берілетін есеп бар. Мұнда төрт нүкте арқылы қарындашты қағаздан көтермей үш тік сызық сызу керек. Мұндай есепті шығарудың қиындық туғызатын себебі есепті шешуші қарындаш пен сызық жүргізуді тік бұрыштың ішінде ғана істеу керек деп ойлайды, ал есепте мұндай шарт қойылған жоқ. Егер тік сызықты өрі созса, есепті оңай шешуге болады.

Бұл сияқты қиындықтар күрделі мәселелерді шешу ғалымдарға да, өнер тапқыштарға да, конструкторларға да кездеседі.

Сөйтіп, есептің шартына артық талап енгізу алғашқы электр шамын тапқан П. Н. Яблочковқа үлкен қиындықтар туғызды. Ол бір тік сызық бойына орналастырылған шамдар бұрышының арасындағы қашықтықты шам жанғанда қайтып үлкейтпеу керек екендігін ұзақ ойлайды. Әйтпесе олар арқылы ток жүруі тоқтайды да, электр шамы сөніп қалады. Бұрыштарды жақындататын механизм жасап та көреді, бірақ бұл қиын да, өте қымбатқа түсетін де болады. Нақ осы жерде оған шамдағы бұрыштарды қатар орналастыру керек деген ой сап ете түседі. Өнер тапқыш артық шартты – бір тік сызықта бұрыштардың вертикаль жағдайда болуын шығарып тастағанда есеп шешіле кетеді.



5.1-сурет

## 5.6. Баланың ойлауын дамыту

Мұғалім балаларға білім беру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, тілін жетілдіру арқылы ойлауын да дамытады. Бірақ әзірше жасы төменгі сыныптан бастап-ақ балаларды, оқу материалын түсініп және игеріп қана қоймай, қызықтыратын мәселелеріне өздері жауап табуға үйрету керек. Мұны балалар алғаш мұғалімнің көмегімен, содан кейін өз бетімен істейтін болады. Мұғалім алғашқы күннен бастап балаларды ойлай білуге үйретіп, сабақты түсіндіруге асықпай, оқушының өзінің ойлауына мүмкіндік берген жөн. Ал бірақ баланың өзі түсіне алмаған, басы ашылмаған бірде-бір сұрақ қалмауы қажет. Материалдың бірте-бірте қиындай түсуін сақтай білудің маңызы орасан зор.

Ойлауды дамытуда оқудың алғашқы жылынан бастап-ақ машық жүзінде еркін және арнаулы тақырыпқа жазылатын шығармалар, есеп құрастыру, оның оңай жолын тауып шығару сықылды шығармашылық еңбектің маңызы зор.

Балалар мектептен тыс кезінде көптеген хабарлармен таныс болуы қажет (радио, теледидар, кино, жанұядағы әңгіме, кітаптар алып отырған біздің ке-

зімізде). Мұғалім тіпті төменгі класс оқушыларына сабақ өткізгенде, оқулықта жазылғандарымен ғана шектеліп қана қоймауы керек. Кейде рас, дамыған заманымызда ғылым мен техниканың біздің өмірімізге не әкелетінін балалар дұрыс ұғынып түсінетіндей етіп, әңгіме өткізген де жақсы, білім молайған сайын адам ақыл-ойы дамитындығын есте ұстауы керек.

*Ойлау* – ой әрекеті процесінде дамитындығын ұмытуға болмайды және балаларды логикалы сын көзбен қарай отырып ойлауға үйрету қажет. Оларды атқарған жұмысына өздігінен бақылау жасап, баға бере білу керек. Неге? Неліктен? деген сұраққа жауап талап еткенде, мұғалім балаларды өз пікірлерін бір негізге сүйеніп, оны іс жүзінде тексеруде дұрыстығын дәлелдеп немесе өз пікірлерінің қате екенін мойындауға үйреткен жөн.

Бастауыш сыныптың өзінде-ақ балалар мұғалімге ғана сұрақ қоймай, өзіне де сұрақ қоюға үйреніп, оған өздігінен жауап беруге тырысып, содан соң өз ойының дұрыстығын іс жүзінде не мұғаліммен әңгімелескенде тексере білудің мәні зор.

### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ойлау дегеніміз не?
2. Ойлау әдістері дегеніміз не?
3. Ойлаудағы талдау мен біріктіру әдістерінің алатын орны қандай?
4. Салыстыру, абстракциялау, нақтылау, қорыту әдістеріне жеке-жеке сипаттама беріңіз?
5. Ойлау формаларына не жатады?
6. Ұғым дегеніміз не?
7. Пікір, ой қорытындылары дегеніміз не?
8. Ой қорытындылары нешеге бөлінеді?
9. Балалардың ойлауын қалай дамытуға болады?

#### №1 тапсырма.

Семантикалық карта бойынша анықтамаларын тауып, белгілеп көрсет.

|                   |                                                                                                         |                                                                                                              |                                                                                           |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сематикалық карта | Заттың, құбылыстың қасиетін анықтау, іс-қимыл арқылы, байқап көру арқылы болатын ойлау түрі 1 жасқа төн | Ой әрекетінің бейнелеріне сүйене заттың жан-жақты қарастыра отырып, анализ, синтез жасайды.<br>4 жасқа дейін | Адамдардың жалпы заңдылықтарын қарастыра отырып, табиғат пен қоғам дамуына болжам жасайды |
| Көрнекі қимылдық  |                                                                                                         |                                                                                                              |                                                                                           |
| Сөз логикалық     |                                                                                                         |                                                                                                              |                                                                                           |
| Көрнекі бейнелік  |                                                                                                         |                                                                                                              |                                                                                           |

### **№2 тапсырма.**

Тақырып бойынша логикалық тапсырмаларды орында.

1. Мектеп оқушыларына жас өсімдіктерді таныстырып, оларға өсімдікті бөліктерге бөлгізеді: сабағы, жапырағы, бұтағы, тамырлар. Содан соң бұл бөліктерді анықтап қызметтерін айтады. Бұл қандай операцияға жатады?

2. Темірдің, болаттың, шойынның, мыстың ортақ белгілерін бөліп алып, металл деген ұғыммен байланыстырып айту. Қандай ой тәсілі?

3. Әскери оқытушы оқушыларға мылтықты жеке бөліктерге ажыраттырады. Кейіннен осы бөліктерді белгілі бір тәртіппен қарастырады. Қандай операция?

4. Төменгі класс оқушылары үй жануарларының суретін көрсетеді. Суретте сиыр, қой және ит, т.б. Оқушылар осылардың айырмашылықтар тауып айтады.

5. Адамның көзіне жақсы әсер ететін түс ретінде жасыл түс туралы айтып, жасыл түспен боялған нақты затты айтпауыңызға болады. Бұнда «түс» ойлау операциясы болады.

6. Алма, алмұрт, шие және т.б. ұқсас белгілері бойынша ол «жеміс» деген ұғымды білдіреді. Қандай ой тәсілі қолданылып тұр?

### **№3 тапсырма.**

Аяқталмаған сөйлемдерді жалғастыр.

1. Ойлау. . .
2. Ойлау формалары. . .
3. Ойлау операциялары. . .
4. Аналогия. . .
5. Талдау. . .
6. Ұғым дегеніміз. . .
7. Біріктіру. . .
8. Салыстыру. . .
9. Дедукция. . .
10. Индукция. . .
11. Дара және жалпы. . .


### **№4 тапсырма.**

Тақырып бойынша берілген анықтамалардың негізгі ұғымын тап.

|  |                                                                                                                                  |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | Бұл заттар мен олардың жеке элементтерін белгілеулерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты белгілеу.                         |
|  | Шынайы заттар мен құбылыстар жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттермен басқа қасиеттерін ойша бөліп алу арқылы болатын ой тәсілі. |
|  | Бір зат туралы мақұлдау немесе оны қатеге шығаруда көрінетін ойлау формасы.                                                      |
|  | Жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қортындысы.                                                                                     |
|  | Жекеден жалпыға қарай жүретін ой қортындысы.                                                                                     |


### **№5 тапсырма.**

Қарандашты қағаздан алмастан 16 нүктені 6 сызықпен, 25 нүктені 8 сызықпен біріктіріңіз.



### **№6 тапсырма.**

Бір қатарда орналасқан бірнеше фигураларға мұқият қарай отырып, осы заңдылыққа бағынатын келесі фигураларды аяқтаңыз. 3-ші мысалда жауаптары берілген. Сонымен, 1-ші қатарда төртбұрыш салынған. Олардың әрбіреуі келесісінен үлкенірек. 5-ші фигура сол төртбұрыш, бірақ оған қарағанда үлкенірек болатыны анық. Екінші қатарда шиыршық түзетін жеке фигуралар көрсетілген. Әрбір келесі фигураға бірдей формадағы тікбұрышты элемент қосылып отыр, бірақ барлығы үлкен және одан да үлкен өлшемді. Сондықтан 5-ші фигура 5 тікбұрышты элементтен тұратын шиыршық болады. Үшінші қатарда көпбұрыштар көрсетілген. Алдымен куб көрсетілген. Ал олардың жанында бүйір қыры болатын көпбұрыштар көрсетілген. Оның жақтары шаршы. Кейін пирамида. Оның қыры үшбұрыш. Одан соң қаптап жатқан пирамиданы көреміз. Оның қыры трапеция. Тапсырма логикасын түсіндіңіз бе? Ал енді ойланыңыз және екі соңғы қатардағы 5-ші фигураны салып көріңіз. Бұл тапсырманы тез орындайды деп үміттенеміз.



### **№7 тапсырма.**

Төменде келтірілген жағдаяттарда ойлаудың қандай операциялары келтірілгенін анықта.

а) Оқытушы студенттерге мақаладан конспект жазуға, жоспар құруға және негізгі ойын белгілеуге тапсырма берді.

ә) Өндірістік оқыту шеберіне тапсырма: берілген құралдардың ішінен жөндеу құралдарына жататынын бөліп ал.

б) Оқушыларға тапсырма – жаңа сөздерді қолданып, мәтін құрастыру.

в) Ағымдағы кезең бойынша бар қаржы құжаттарымен есеп тапсыруға бөлім басшысы бухгалтерге тапсырма берді.

г) Оқушыларға тапсырма – берілген сызбалардың ұқсастығын анықтау.

ғ) Берілген есептің жағдайын белгілеп, сізге белгілі жайтты айтыңыз.

д) Берілген сандық қатардан заңдылықтарды анықтап, оларды жалғастыр.

е) Барлық куәгерлерден сұрастыру жұмыстарын жүргізгеннен кейін ғана детектив қылмыскердің фотопортретін құрастырды.

ж) Көркемөнер мектебінің оқушылары заттардың формалары туралы түсінікті меңгереді.

### **№8 тапсырма.**

Мына үзінділерден ойлаудың қандай айырмашылықтарын ажыратуға болады?

А. Кеселді жалқау қылжақбас,

Өзір тамақ, өзір ас.

Сырты пысық, іші нас,  
 Артын ойлап ұялмас.  
 Мен өлі жан, ешкімді талғамаймын,  
 Рақымсыз билеріңді қорғамаймын.  
 Мен кешерлік сөйтсе де қалғаны жоқ,  
 Ризамын деп жалған сөз жалғамаймын.

Ә. Басында ми жоқ,  
 Өзінде ой жоқ.  
 Күлкішіл керең наданның,  
 Көп айтса көнді.  
 Жұрт айтса болды,  
 Әдеті надан адамның.

### **№9 тапсырма.**

Кітап сөресінде бір автордың 2 томдық шығармасының жинағы тұр. Бірінші том – 300 бет. Екінші том – 200 бет. Кітап қойған сөреге қағаз кеміргіш құрттар түсіп,

1-томның 1-бетінен, 2-томның соңғы бетіне дейін бүлдіріп тастаған. Сонда қағаз кеміргіш құрттар кітаптың қанша бетін бүлдірген?

### **№10 тапсырма.**

Бірдей 3 бөлікке бөлінген шеңбердің секторларына сандар жазылған. Осы үш сан қандай заңдылыққа байланысты орналасқан.



Қандай заңдылық бойынша үшінші дөңгелекке жетпейтін санды жазу мүмкін? (Ойлау)

Сезімдік және логикалық ойдың бірізді болуын негізге алыңыз.

*Әдістеме:* Ойлау қабілетін бағалау.

*Мақсаты:* Зерттелушінің ойлау қабілетін тексеру.

*Құрал-жабдықтар:* Әрбіреуіне 4 сөзден тұратын 15 қатарға тізбектелген сөздер жазылған бланка.

*Нұсқау:* Алдыңыздағы 4 сөздің үшеуі бір бағытта қолданылады, яғни мағыналас сөздер. Сіздің мақсатыңыз – әр қатардағы артық бір сөзді белгілеу.

*Қорытынды:* Дұрыс жауапқа – 2 ұпай, дұрыс емес жауапқа – 0 ұпай

Кілті:

- |               |            |              |
|---------------|------------|--------------|
| 1. Кітап      | 6. Көбелек | 11. Алма     |
| 2. Майшам     | 7. Терек   | 12. Нан      |
| 3. Көзілдірік | 8. Мұғалім | 13. Жидек    |
| 4. Қайық      | 9. Шаң     | 14. Кеш      |
| 5. Шеге       | 10. Жел    | 15. Ақанбаев |

**Көрсеткіштері:**

ойлау қабілеті жоғары – 21-30 ұпай,  
 ойлау қабілеті орташа – 11-20 ұпай,  
 ойлау қабілеті төмен – 0-10 ұпай.

**Ұсынылатын сөздер тізбегі:**

1. Кітап, портфель, чемодан, дорба.
2. Ошақ, керосинка, майшам, электроплитка.
3. Сағат, көзілдірік, таразы, термометр.
4. Қайық, арба, мотоцикл, велосипед.
5. Ұшқыш, шеге, бал арасы, желдеткіш.
6. Көбелек, штанген, циркуль, қайшы, таразы.
7. Терек, сыпырғыш, шанышқы, үстел.
8. Ата, мұғалім, әке, ана.
9. Жаңбыр, қар, су, шаң.
10. Су, жел, көмір, шөп.
11. Алма, кітап, сызғыш, дәптер.
12. Сүт, қаймақ, ірімшік, нан.
13. Аққайың, қарағай, жидек, емен.
14. Минут, секунд, сағат, кеш.
15. Асқар, Бекет, Әділ, Ақанбеков.

**Ойлау. Қисынды ойлау  
 Қарапайым ұқсастықтар  
 әдістемесі**

**Мақсаты:** Қисынды ойлауының даму деңгейін анықтау. Тапсырманың орындалу жолы. Зерттеушіге мынадай мысал көрсетіледі.

|        |                                                                    |
|--------|--------------------------------------------------------------------|
| Дәптер | Сурет дәптері                                                      |
| Қалам  | Өшіргіш, қарындаш,<br>майлы бояу,<br>Суретші, эскиз,<br>кескіндеме |

Мұнда, дәптерге қаламмен жазатын болсақ, осыған ұқсас суретті дәптерге қарындашпен саламыз. Яғни, беріл-

ген сөздер ішінен қарындаш сөзін таңдаймыз.

Осыны оқушылар толық түсініп болған соң, тапсырманы орындауды бастайды.

$$C = A \times 100\%$$

**B**

**Нәтижесін өңдеу:**

Мұндағы **A** – дұрыс жауаптар саны,  
**B** – берілген тапсырма саны  
 70-100% – жоғары деңгей;  
 50-60% – орташа деңгей;  
 0-40% – төменгі деңгей.  
 2-4 сыныптарға – 10 тапсырма.  
 5-6 сыныптарға – 20 тапсырма берілді.

**Әдістемеге материал**

1. Жылқы, құлын
2. Жұмыртқа, қауыз
3. Қасық, ботқа
4. Құлық, тыңдау

Сиыр, мүйіз, сүт, бұзау, өгіз, жайылым  
 Картоп, тауық, бақша, капуста, сорпа, қабық  
 Шанышқы, май, пышақ, тәрелке, ет, ыдыс  
 Тіс, көру, емдеу, ауыз, щетка, шайнау

|                       |                                            |
|-----------------------|--------------------------------------------|
| 5. Ит, жүн, қабыршақ  | Шортан, қой, ептілік, балық, қармақ        |
| 6. Тығын, жүзу        | Бату, жүзу, гранит, тасымалдау, тас        |
| 7. Ағаш, бұтақ        | Құрылысшы, қол, балта, қолғап, аяқ, саусақ |
| 8. Жаңбыр, қолшатыр   | Аяқ, таяқ, тон, салқын, қыс, мұз           |
| 9. Мектеп, білім беру | Аурухана, дәрігер, оқушы, мекеме, емдеу,   |
| 10. Ән, саңырау       | Сурет, асқақ, соқыр, суретші, сурет, шебер |
| 11. Балық, ау         | Шыбын, тор, маса, бөлме, ызың, шаң         |
| 12. Пышақ, болат      | Үстел, шанышқы, ағаш, орындық, тағам       |
| 13. Құс, ұя           | Адам, жұмысшы, адамдар, балапан, үй, аң    |
| 14. Нан, наубайшы     | Үй, вагон, қала, баспана, есік, құрылысшы  |
| 15. Пальто, ілгек     | Бөтенке, етікші, дүкен, аяқ, бау, баскиім  |
| 16. Шалғы, шөп        | Ұстара, шөп, өткір, шаш, болат, құрал      |
| 17. Коньки, қыс       | Қайық, мұз, сырғанақ, жаз, ескек, өзен     |
| 18. Шай, шекер        | Сорпа, су, төрелке, тауық, тұз, қасық      |
| 19. Аяқ, етік         | Қол, қолғап, жұдырық, шаруашылық, саусақ   |
| 20. Су, шөлдеу        | Тамақ, ішу, қарын ашу, нан, ауыз, ас.      |

### ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

**1. Шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған психикалық процесс:**

- A. Елес;
- B. Ес;
- C. Қабылдау;
- D. Ойлау;
- E. Түйсік.

**2. Ойлау жөніндегі алғашқы материалистік көзқарастарға негіз болған теория:**

- A. Бейнелеу заңы;
- B. Декарт рефлексиясы;
- C. Диалектикалық;
- D. Метафизика;
- E. Сенсуализм.

**3. Коммуникативті қатынас мәні:**

- A. Ақпарат алмасу;
- B. Ақпарат алу;
- C. Ақпарат беру;
- D. Өзара түйсіну;
- E. Ықпал жасау.

**4. Сөйлеу барысындағы паралингвистикалық қосымша:**

- A. Әуен;
- B. Жөтелу;
- C. Жылау;

- D. Іркіліс;
- E. Күлу.

**5. Адамның танымдық жақтарын кеңейтуші психикалық әрекет:**

- A. Зейін;
- B. Қиял;
- C. Ойлау;
- D. Сезім;
- E. Сөйлеу.

**6. Ойлау процесінің басты міндеті:**

- A. Ақпараттарды сақтау;
- B. Заңдылықтарды ашу;
- C. Импульстерді қабылдау;
- D. Сананы бағыттау;
- E. Сөзу.

**7. Жалқыдан жалпыға өтудегі ойлау процесінің қызметі:**

- A. Жеке қасиеттерді белгілеу;
- B. Қияли жаңалау;
- C. Мәнді байланыстарды біріктіру;
- D. Нақты тану;
- E. Түп нұсқаны жаңғырту.

**8. Әрекет негізінде дамып, іс-қимылды ұйымдастыруға және оған басшылық етуші психикалық құбылыс:**

- A. Елес;
- B. Ес;
- C. Ой;
- D. Сезім;
- E. Эмоция.

**Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов, М. Мұханов. Психология пәнінен лабораториялық-практикалық сабақтар. – Алматы: 1978, (I бөлім), 1979, (II бөлім).
2. Ә. Алдамұратов. Қызықты психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
3. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
4. Ю. В. Гипенрейтер. Практикум по психологии. – М.: Изд-во МГУ, 1992.

## 6-тарау. Сөйлеу

### Жоспар:

- 6.1. Сөйлеу туралы жалпы түсінік.
- 6.2. Сөйлеу түрлері.
- 6.3. Сөйлеудің дамуы.
- 6.4. Сөз (сөйлеу) қызметтері.
- 6.5. Сөйлеу мәдениеті.

### 6.1. Сөйлеу туралы жалпы түсінік

Адамның ең жарқын ерекшеліктерінің бірі – оның сөйлеу қабілеттілігі. Сөз – адам психикасының өмір сүруінің аса маңызды факторы. Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, өз қимыл-қозғалыстарын басқару, реттестіру үшін басқалармен қарым-қатынасқа түседі.

Ойымызды басқа біреуге жеткізудегі жеке адамның дербес әрекетін сөйлеу деп атайды. *Сөйлеу* – бұл пікір алысу процесінде адамның белгілі тілді өзінше пайдалануы. *Тіл дегеніміз* – адам қоғамының рухани өмірінде объективті өмір сүретін құбылыс. Тіл қарым-қатынас қызметін атқаратын белгілер жүйесі және ой қаруы болып саналады. Сөйлеу процесі арқылы кісі өзінің білімін іс-тәжірибесінде байытып қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады.

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бір мезгілде жүріп отырады. Адамға тән сөйлеу өз қызметін дұрыс атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлілігі. Сөйлейтін сөзінің мазмұны болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды. *Сөздің маңыздылығы дегеніміз* – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы.

*Сөздің мәнерлілігі дегеніміз* – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айтуы.

Адам миының жарты шарының сол жақ бөлігінде (маңдай қыртысының төменгі жағында) жүйке саласы бар. Ол – кісінің дыбыстап сөйлей алуын басқарып отыратын орталық. Сөзді қабылдауды, оның мәнісін түсінуде мидың есту, көру, сипап-сезу, қозғалыс зоналарының, төбе, самай, желке бөліктерінің қызметі ерекше. Сөйлеу қабілеті мидың анатомиялық функциясына байланысты болып келеді. Егер оның сол жақ бөлігі зақымданса, адам сөйлей алмайтын жағдайға ұшырайды. Мұндай құбылысты *афазия* деп атайды. Мұның екі түрі болады. Бірі – адамның сөйлеу органдары толық сақталғанмен, сөзге түсінбей қиналып сөйлейді, тілі күрмеледі, оған үн шығару қиынға соғады. Афазияның екінші бір түріне – адам сөйлей алғанмен басқа біреудің айтқанын түсінбейді. Мидың бір жеріне қан құйылу, жарақатталуы, қабынуы, ісуі афазияның пайда болуына әкеліп соқтырады.

Сөзді сигналды дұрыс талдай алу адам психикасы дамуының түрлі кезеңдерінде әрқилы көрінеді. Жас баланың алғашқы кезде дыбыстарға қай-

таратын жауап реакциясы жалпылама түрде (генерализация) болады. Мысалы, ол «сағат» деген сөзді айтқанда немесе сағатқа қарап сөйлегенде, сол затқа ұқсас дыбыстардың жиынтығына баса назар аударады да, дыбыстың қалай айтылуын дұрыс айыра алмайды. Бұл жағдай баланың ми қабығындағы талдау мен жинақтау әрекеті әлі жөнді жетілмегендігін, яғни онда сөзді дұрыс қабылдау, оны түсіну мардымсыз екендігін көрсетеді. Сөздерді жалпылай алу – адам ойлауы мен сөйлеуінің басты ерекшелігі. Бала мұндай қабілетке тілі шығып жүре бастағаннан кейін біртіндеп ие бола бастайды.

«Сөйлеу» мен «тіл» ұғымдары бірдей ұғымдар емес. *Сөйлеу дегеніміз* – адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Бұл қарым-қатынасты адам өзінше, бірақ та сол ұлттың қолданып жүрген тіл құралдары арқылы іске асырады. Ал тіл болса осы құралдардың (дыбыс, сөз, сөйлем, осылардың арасындағы байланыс) жүйесі, яғни дыбыс қоры және сөздік қоры сондай-ақ грамматикалық формалар болып табылады. Тіл қоғамдық өндірістің даму барысында, адамдардың өзара сөйлесу процесінде пайда болады, сөйтіп, адам дайын тілді игереді.

Адамдардың бір ұжымға бірігіп еңбек ету процесінде, «бір-біріне бірдеңе айту қажеті пайда болған». Адамдар замандастарына сөйлесу арқылы сол кезеңде болып жатқан оқиғаларды баяндап қана қоймай, ол бүкіл адамзаттың барлық жинақтаған білім қорын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Бала сөйлесуді үйрене отырып, өзі дүниеге келген қоғамның өмірінен тыныс

алады. Егерде бала кездейсоқ бір жағдаймен сөзді үйрене алмай қалған кезде, оның ой-өрісі төменгі дәрежеде қалған болар еді.

Бөбектер алғаш дүниеге келген жылдары адам қоғамынан бөлек сырт қалып, адамдардың сөйлеген сөздерін мүлдем естімеген жағдайлардың болғаны бар. Мәселен, туған кезден бастап маймылдар асырап, солардың арасында өскен бірнеше баланың әр кезеңдер бойынша Үндістанда табылғаны рас. Ой-өрісі жағынан бұл балалар өздерін асырап, өсірген маймылдардың дәрежесінде болған. Кейіннен, мұндай балалар адамдармен бірге тұрғанда, олардың ақыл-ойы өте баяу дамыған. Адам өмірінің алғашқы жылдары оның интеллектісінің дамуына сөйлеудің қаншама мәні бар екенін осы дәлелдердің өзі көрсетеді.

Ойлау мен сөйлеу, жоғарыда айтылғандай, бір-бірімен тығыз байланысты. Адам ойлағанда, әдетте, өз ойын іштей сөз және сөз тізбегі арқылы құрып, іштей сөйлеу деп аталатын түрде береді. Іштей, ең болмаса, бір-екі сөзді құрап алмай, бір нәрсені шынында да ойлап көріңізші, ойлай алмайсыз.

Алайда, адамдар өз ойын сөзбен жеткізіп айтып бере алмайтын жағдайлар да болады. Бұдан ой сөзден бөлек бола береді деген ой тумады. Бұл жерде адам іштей ойлаған сөзін сыртқа шығарып, сол ойын басқа адамға түсінікті етіп кеңінен айтып жеткізуінің қиын екендігі туралы ғана сөз болып отыр.

Сөйлеудің физиологиялық негізін екінші сигналдық жүйенің қызметі құрайды. Бұл жүйенің тітіркендіргіші заттар мен олардың қасиеттері емес, сөз болып табылады.

## 6.2. Сөйлеу түрлері

Пікірлесудің қандай түрлері болса да сөз арқылы жүзеге асады. Пікір

алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай түрлі сөйлеу

ерекшеліктерімен көрінеді. Сөйлеу бір-неше түрлерге бөлінеді. Алдымен ол *сыртқы* және *іштей* сөйлеу болып үлкен екі топқа бөлінеді. Сыртқы сөйлеу – ауызекі және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі – диалог және монолог болып екіге бөлінеді. Ауызекі сөйлеу – тілдің негізгі түрі.

Ауызша сөйлеудің негізгі түрі – диалог сөйлеу. Бұл екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

– Мұндай сөз бөгелмей, еркін айтылады.

– Ықшам келеді. Тек әңгімелесушінің өздеріне ғана түсінікті болады.

– Диалогтың қысқындық жағы (жоспарлылығы, бірізділігі, дәлелділігі, т.б.) кемдеу болады.

– Диалог сөз ым-ишарамен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің қозғалысы, т.б.) толықтырылады.

Монолог бір адамның сөзі, яғни баяндамашының, лектордың, мұғалімнің сөздері. Монолог сөзге тән кейбір психологиялық ерекшеліктері:

– Монолог сөз белгілі жоспарға сәйкес құрылады.

– Логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады.

– Монолог сөз адамға әсер ететін мәнерлі сөздерді қажет етеді.

– Грамматикалық құрылысы белгісіз жүйеден ауытқымайды.

Ауызша сөйлеуде актив және пассив сөздері болады. Актив сөздер күн сайын жиі қолданылатын сөздер. Пассив сөздер сирек пайдаланылатын мән-мағынасын түсінгенмен күн сайын қолданылмайтын сөздер.

Сөйлеудің ерекше бір түрі – жазбаша сөз. Жазбаша сөйлеу қолдың қалам-қағаз ұстауға жаралған адамның

сөйлеуінің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды.

Жазбаша сөйлеу түріне айрықша талап қойылады. Оқушы жазбаша жұмыстың мазмұнымен, әдетте, оның авторынсыз танысады, сондықтан ол анық, түсінікті, дәл болуы қажет. Сондай-ақ, сөйлеудің жазбаша түрінде сөйлеген сөзді жандандыра түсуге қажетті сөз ырғағы, мимика, қол қимылдарын пайдалана алмайсың. Сондықтан да сөйлеудің жазбаша түрінде қиыншылықтар көп кездеседі. Егер сөйлеу кезінде тыңдаушы түсінбегенін баяндаушы адамнан әр уақытта сұрап, айқындап алуға мүмкіндігі болғандықтан, ауызша және жазбаша сөйлеу адамдарға әртүрлі талап қояды. Кейбір адамдар шешен сөйлеп, жазуға шорқақ болса, ал енді біреулер өз ойын майын тамыза жазады, бірақ сөйлеген сөзінде кемшіліктер кездесіп отырады.

Сөйлеудің көрсетілген түрлері актив сөйлеу ұғымына жатады. Сонымен қатар, адамдардың сөйлемей, тек тыңдап қана отыруға тура келетін пассив сөйлеу түрі де бар. Пассив сөйлеуге басқа адамның сөйлеген сөзін тыңдап, түсіну кіреді. Ол үшін тіл құралын, сондай-ақ осы құралдар арқылы білдіретін ойларды анықтап алу қажет.

Сөйлеудің жеке бір түрі – ішкі сөйлеу. Бұл тілдік материалдар негізінде дауыстамай-ақ, сөйлей алудың көрінісі. Ішкі сөйлеуді сөйлеу аппаратының жасырын жұмысы деуге болады. Ішкі сөйлеу өте қысқа, икемді болып келеді. Өйткені адам әркез өз ойлауының мазмұнын жақсы біліп отырады. Іштей сөйлеу сыртқы сөйлеу негізінде қалыптасады. Сыртқы сөйлеуді ішкі сөйлеуге айналдыру – интериоризация деп аталады. Іштей сөйлеудің сыртқы сөйлеуге алмасуы экстериоризация деп аталады.

### 6.3. Сөйлеудің дамуы

Бала сөйлеуінің дамуы бірнеше сатыдан тұрады. Алғашқы саты – сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың 2 айлығынан 11 айға дейінгі сатысы деп аталады. Екінші саты – баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі – 11 айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық. Үшінші сатыда – бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тілінің дамуын психологиялық тұрғыдан қарастырып, ғылыми жүйеге келтірген – әйгілі мамандар Л. С. Выготский мен Швейцария психологі Жан Пиаже.

Баланың сөйлеуінің дамуы бірқатар кезеңдерден өтеді:

Бірінші кезең – фонематикалық естудің дамуы және ана тілінің фонемін айту дағдысының қалыптасу кезеңі.

Екінші кезең – сөздік қорды және синтаксис ережелерін игеру.

Үшінші кезең – тілдің семантикасын игеру.

Тілді меңгеру осы заманғы ғылымда айрықша маңызы бар мәселе болып саналады. Әсіресе баланың ана тілінде айқын сөйлеп, тіл грамматикасын меңгеруінің шетел тілдерін меңгеруге тұрақты тиянақты болатынын нақты деректер дәлелдеп отыр.

Тіл ғылымы мен психология пәнінің сабақтасқан буыны – психолингвистика ғылымының зерттейтін мәселелері – тіл мен ойдың байланысын және өзіндік ерекшеліктерін тіл білімі, психология, логика, социология, тарих, т.б. ғылымдар тұрғысынан қарастыру, тіл мен сөйлеу әрекетінің жеке психикалық процестері мен өзектестігі сияқты жайттар.

Табиғат шындығы, болмыстағы нәрселер мен олардың сыр-сипаттары

адам санасында түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлаумен сөйлеу сияқты психологиялық таным процестері арқылы бейнеленіп, сезімдік таным мен ақыл-ойды дамытады. Бейнелеудің өзара байланыстары мен қасиеттері, ашық сөйлеу арқылы таңбаланып, адамның жалпы дүниетанымдық көзқарасы мен санасын, ақыл-ойын қалыптастырады.

Адам дүниетанымының терең болуы сөйлеу әрекетіне, болмысты дыбысты ашық тіл арқылы тепе-тең етіп бейнелей алуына байланысты.

1-сыныптағы балаларды алдымен ана тілінің сөздеріндегі барлық дыбыстарды ажырата біліп, оны дұрыс айтуға үйрету үшін сөздің дыбыс талдауын жүйелі түрде жаттықтыру қажет. Бұл дұрыс жазуға үйретуге және ауызекі сөйлеуде маңызы бар фонематикалық естудің дамуына көмектеседі.

Баланың тілінде кемшілік болса, онда тиісті педагогикалық әдіспен, мектепке келген күннен бастап оны бір қалыпқа келтірумен айналысу қажет. Мұндай балаларды дұрыс сөйлеуге үйренетіндігіне сендірген жөн. Кластағы кейбір балалардың тілінде кездесетін кемшіліктерге басқа балалардың күлуіне жол бермеу керек.

Мектепте оқыған кезінде балаға фонематикалық, лексикалық (сөздік) және грамматикалық жағынан тиісті талап қойылса, онда олардың тілі тез жетіледі. Тілдің мектепте сабақ ретінде өтуінің маңызы зор. Балалар сөйлесудің сөйлемнен, сөйлемнің – сөзден, сөздің – буыннан, дыбыстан құралатынын біледі. Мектеп оқушылары сөз бен буыннан әрбір дыбысты жеке бөліп (талдау), жеке дыбыстардан сөз құрастырып (біріктіру) үйренеді.

Зерттеулерге қарағанда оқу процесі үш кезеңге бөлінеді: оқушы дыбыс-

тармен және оны бейнелейтін әріптермен танысатын талдау кезеңі, біріктіру кезеңдерінде дауыстай оқығанда дыбыстардан буын құрап, буыннан сөз құрайды, ал талдау-біріктіру кезеңде бала шапшаң оқу үстінде, әріптер мен тиісті дыбыстардың арақатынасын біліп, оларды тез біріктіреді.

Егер оқу кезінде бала әріптен дыбысқа көшетін болса, ал жазу кезінде керісінше дыбыстан әріпке көшетін болады. Жазуға дағдыланғанда ол төрт кезеңнен өтеді. Бірінші – бағдарлау кезеңінде бала жазу құралдарын (қалам, қарындашты) пайдалана білуді үйренеді. Бұл көбінесе, мектепке дейінгі кезде бала сурет салуға дағдыланғанда басталады. Екінші талдау кезеңінде оқушы әріптің жеке элементтерін жаза алу қабілетіне ие болады, үшінші кезең – әріпті үйрену кезеңінде ол әріптерді жазады, ең соңғы төртінші кезеңінде – жеке сөздерді құрастырып жаза алады. Бұл процесс алғаш өте баяу өтеді. Соңынан бірте-бірте жылдамдағанда, кейде жазу сапасының да уақытша төмендеуі мүмкін. Мұғалім оқушылардың жұмысына көбірек зейін салса, арнаулы жаттығулар жүргізсе, бұл кемшіліктерден арылуға болады.

Балалардың ауызекі тілін дамыту үшін мұғалім оның мәтінді сөзбе-сөз айтып берген жауабына қанағаттанбағаны жөн. Кітапта оқыған материалды өз сөзімен айтып беру үшін, материалды өз сөзімен қайта құрайтындай, қосымша сұрақтар берген жөн. Кейде оқушыдан: «Ал осыны басқаша қалай айтар едің?» – деп сұрауға болады. Баланың тілін дамытуда еркін тақырыпқа шығарма жаздыру (олардың шығармашылық қиялын өрістететін) өте тиімді және кино, театр, саяхатта болғанда көрген-білгендері жайлы оқушылардың бір-бірімен тілдесуінің де пайдасы зор. Мұндай өзара әңгіме арқылы балалар өз бетінше ойлауға үйренеді, ал

тапқыр ой бар жерде дәл, түсінікті сөз де (ауызша және жазбаша) болады. Тіл дамытуда оқушылардың монологының пайдасы мол, мұндай кезде мұғалім баланың сөзін бөлмей, аяғына дейін тыңдап, әңгіменің кемшіліктерін көрсетеді.

Тіл дамытуда, лексикалық қорды байытуда, кітап оқудың маңызы орасан зор. Сондықтан баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, олардың кітапқа деген құмарлығын арттырып, оларды өз бетінше мектепте ғана емес, үйде де кітап оқуға тәрбиелеу қажет. Оқығандарын жазбаша және ауызша айтып беру, оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытады, олардың тілін, сөз орамдарымен байыта түседі. Бастауыш кластарда түсіндірме оқу өткізудің пайдасы мол, онда балалар сөздің мағынасын ашып, синонимдер мен антонимдерді талдап ала біліп, мәтіндегі негізгі ойды бөлектейді, әңгіменің жоспарын құрады.

Төменгі сыныптағы грамматика және көркем жазу сабақтары балаларды мәтінге ойланып қарауға үйретіп, әдеби тіл дағдыларын қалыптастырады.

Тіл дамытуда арнайы өткізілетін сабақтың маңызы зор. Мұғалім балалардан жеке сөздер мен сөйлемдерді қажетті интонацияда, грамматикалық формада айтып, үзіліс жасап, екпінді дұрыс түсіріп сөйлеуді талап етеді. Ол оқушыдан ауызша әңгімеде не суреттеме жазғанда, белгілі бір жоспар бойынша сұраққа толық жауап беруін қадағалайды. Мұғалім оқушыны алдын ала ойлануға үйретіп, оның жауабының мазмұнына ғана емес, ол өз ойын қалай етіп жеткізіп тұрғанына көңіл бөледі.

Мұғалімнің қалтқысыз дұрыс, дәл, анық, мазмұнды да әсерлі сөзі оқушыларға үлгі болуы керек. Төменгі класс оқушыларының тілін дамытуда, әртүрлі техникалық құралдар (диафильм, оқу киносы, видеокамера, маг-

нитофон) мен көрнекі құралдардың көмегі мол. Театрға бару, көркемөнерпаздар, көркем сөз үйірмелеріне қатысу осындай кластан тыс жұмыстар да осы мақсатқа арналған.

Оқушылардың тілін дамыту олардың активті түрде айналадағы дүние жайлы алған білімі мен мектеп оқушысының жалпы мәдениетінің өсуімен, оның танымдық қызығуларының арта түсуімен, білмекке құмарлығымен және байқағыштығымен тығыз байланысты.

Мектепке дейінгі жастағылардың, соңғы кезде тілінің дыбыстық (фонетикалық) жағынан дамуы негізінен аяқталады. Бала іс жүзінде дыбыстың бар түрін меңгерген. Оның сөздік қоры да едәуір көп. Мектепке дейінгі жастағы бала, ана тілінің грамматикалық формаларын пайдаланып, сөздерді сөйлемге (жай және күрделі) құрастыра алады.

Оқуға үйренгенде, бірінші сыныптың оқушысы дыбыстарды буынға ұластыра алмай қатты қиналады. Мектепке оқуға келгенде балада сөздің мағыналық (семантикалық) жағы әлі де болса жетіле қоймаған. Сөздің мәнін түсінуі көп жағдайда дәл болмайды: кей кезде бұл мағына тарылып, кейде тым кеңейіп кетеді.

3-сыныптың оқушысы ағаштан жасалған сырғауылға (ұзын жуан сырғауыл) қатысты «рычаг» деген сөзді бірінші рет естиді.

Бала естіген жаңа сөздің мәні ол үшін күш салатын физикалық дене деген ұғым қалдырмай, құр жуан таяқ ретінде ұғынылған. Мұнда көрнекі елес сөздің мағынасын дерексіз түсінуге бөгет жасаған. Пружиналы табағы бар безбенді талай рет көрген басқа бала бұл құрал-сайманның құрылысымен танысқаннан соң, оның санасында «өлшем» деген сөздің мағынасы толысып, кеңейе түседі.

Үлкендермен сөйлесуі, әсіресе мектепте оқуы, балалардың сөздік қорын сан жағынан молайтып қана қоймай, оның сапасын байытып, сөздің мағынасын дәл анықтай түсуге көмектеседі.

Сөйлеген сөздің басты ойын қағып алып, қажетті сөз тауып, сөйлем құра білмеушілік, әсіресе 1, 2-сыныптағы, оқушыларды оқығанын өз сөзімен айтудың орнына дәлме-дәл айтуға итермелейді. Баланың сөздік қоры бұл кезде біршама мол болғанымен, ол актив емес, пассив болып есептеледі, яғни, бала көптеген сөзді біліп, ұғына тұра, оны дер кезінде пайдаланып, үнемі қажетіне жарата алмайды.

Адамдардың бір-бірімен сөз арқылы қатынас жасауы адамның өзі сөйлеп қана қоймай біреудің сөзін өзі тыңдай білуден тұрады. Төменгі сынып оқушысының мұғалім сөзін қабылдауының да өз ерекшеліктері болады. Мысалы, 1-сыныптың оқушысы мұғалімнің бүкіл сыныпқа сөйлеп тұрған сөзінің оған да қатысты екенін әрдайым түсіне бермейді. Педагог кейде берілген тапсырманың оған да қатысы бар екенін бала түсінуі үшін жеке өзіне қадағалап айтуына тура келеді.

Сөзді қабылдауда төменгі сынып оқушыларының, әсіресе 1-сынып оқушыларының, тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн. Мұғалімнің нені қалай істеу керек екені жайлы айтқанын аяғына дейін тыңдап алмай, қолма-қол іске кірісетіні де жиі кездеседі. Не істеу керектігіне көздері жетпеген балалардың көпшілігі мұғалімнің сөзін естімейді де, ұқпайды да.

Балалар іштей оқыған мәтінді қабылдауды бірден меңгере алмайды. Мұнда ауызша сөйлескендегідей – интонация және түсіндіргендегідей – қимылдар болмайды. Бұл түсінуді қиындатады. Балалар жазу жазғанда өзінің ойын жеткізе алмай, осындай қиындықтарға ұшырасады.

Мектепке оқуға келген балалардың сөйлеген сөзінде, жас ерекшеліктеріне байланысты кемшіліктер ғана кездесіп қоймайды, өзінің төңірегіндегі адамдардың әдейі не болмаса сауатсыздықтан қисық айтылған сөздерін қағып алу сықылды теріс қылықтары да кездеседі. Балалар еліктеуге

жақын тұрады: «ия» дегеннің орнына «айа», «тима» деудің орнына «тимегін», т.б.

Мұғалім бастауыш сыныптың өзінде-ақ, балаларды сөз бен сөйлемді өз мәнінде қолданып, сөзді бұрмалауды жек көруге, дұрыс сөйлеуді сүйеге баулуы қажет.

#### 6.4. Сөз (сөйлеу) қызметтері

Сөз негізінен үш қызметті атқарады: сигнификативтік, жалпылау, коммуникативтік. Осы қызметтеріне орай сөз тілдесу құралы және ой мен сананың көріну формасы ретінде танылады.

Сөз әлдебір нәрсені хабарлау үшін заттың атауын, қимылды, қалыпты, т.б. білдіреді. Сөйлеудің бұл қызметі деп аталады. *Сигнификативтік* қызмет адамның сөйлеуін жануарлар коммуникациясынан айырып тұрады. Жануарлар шығаратын дыбыс сигнал болып табылады. Ал адам заттың немесе құбылыстың атын атап сөйлейді. Сөздің негізгі сипаты оның мағынасында, семантикалық мазмұнында екені белгілі. Адам тілінің әрбір дара сөзі қандай да бір затты өрнектейді, оны атаумен біздің санамызда нақты бір заттың не құбылыстың бейнесі пайда болады. Осынысымен де адам тілі жануарлардың қысқа мерзімді қылықтық күйін білдіретін аффектік «тілінен» ажыратылады. Жануарлар «тілі» ешқашанда нақты бір затты белгілі дыбыстық өрнекпен таңбаламайды, таныта алмайды. Сөздің бұл қызметі сигнификативтік қызмет деп аталады. Сөздің белгілеу қызметі – нақты ұлт өкіліне түсінікті сөздерден құралған тілдің қызметі. Осы қызмет нәтижесінде адам әртүрлі заттардың бейнесін жанама түрде санада тұрғыза алады. Осыдан адам танымы еселеніп, байиды, яғни

адам өзіндік сана қорында заттың тікелей бейнесін сақтап, таниды, оған қоса сол заттың таңбалық баламасымен де байланысқа келеді.

Сөздің және бір күрделі қызметі бар. Ол арқылы заттарды талдап, олардың мәнді қасиеттерін ажыратып, заттарды белгілі категорияларға топтастыру мүмкіншілігіне ие боламыз. Мұны *жалпылау қызметі* дейді. Сөздің бұл қызметі «сөз мағынасы» терминімен белгіленеді. Сөзді игеру арқылы нақты заттар араласатын адамзаттың көп ғасырлы тарихында қалыптасқан байланыстар мен қатынастарды танимыз, зерттеп, үйренеміз.

Сөйлесудің және бір қызметі – коммуникативтік өрнектер құралдары мен ықпал жасау құралдарының бірлігінен орындалады. *Сөйлеудің коммуникация қызметі* – білімді, қатынасты, сезімді сыртқа шығару. Өрнекке, яғни дыбыстардың бірігіп, сөз және сөйлем формасына келуінен сөйлеу шықпайды. Сөйлеу – заттың негізі бар мағына болғанда ғана іске асады. Сөздің белгілі зат жөнінде баяны болып, екінші біреуге бағытталса ғана, өзінің коммуникативтік қызметіне сай болады.

Сөз бір нәрсе жайлы баяндаумен бірге ықпал жасау құралы болып та қызмет етеді. Адам тілінің ықпалдық қызметі тікелей әрекет-қылықты өзгертпегенімен, тыңдаушының ой-са-

насына, сезіміне қандай да бір өзгеріс ендіреді. Сөйлеу – әлеуметтік міндетті орындау, тіл қатынасының құралы бола отырып, саналы ықпал қызметін орындайды. Сөйлеудің коммуникативтік қызметін: ақпараттық, баурағыштық, ырықты білдіру деп үш түрге бөлуге болады.

Сөйлеудің ақпараттық жағы білім беруде көрінеді және белгілеу, қорыту қызметтерімен тығыз байланысты болады.

Сөйлеудің баурағыштық жағы сөйлеушінің тыңдаушыға деген қатынасын және сезімін жеткізуге көмектеседі.

Ырықты білдіре сөйлеу тыңдаушының әрекетін сөйлеушінің ниетіне бағындыруды көздейді.

Сөйлеу процесінің негізгі тірегі – түсіну, түсінісу. Сөздің қоғамнан тыс болуы мүмкін емес, сөйлеу, тілдесуге арналған және тілдесуде пайда болатын әлеуметтік өнім. Сөйлеу саналы әрекетке айналуы үшін әңгіме арқылы шешілетін мәселе және оның мақсаты анық болуы керек. Әңгіме мақсаттары мен жағдайларын біріктіре отырып, адам не айту керек, қалай айту керек екендігін қарастырады, өз сөзін алдындағы міндетті шешуге жарайтын саналы әрекетке айналдырады.

## 6.5. Сөйлеу мәдениеті

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу – оқу-тәрбие процесінде көзделетін негізгі міндеттердің бірі. Өйткені сөйлеу мәдениеті – мәдениеттіліктің басты белгісі. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу түрлі әдістер арқылы жүзеге асып отырады. Мәселен, оларды өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу – сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің бір элементі. Өйткені ана тілі – Ж. Аймауытов айтқандай, халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

Халел Досмұхамедов: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел – ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деп айтқан.

Ал осыны кейде есінен шығаратын оқушылар, тіпті мұғалімдер де бар.

«Қазақ литературасының программасы жоқ. Қайнаған су қойылмаған уборный жоқ. Мектептің физкультура площад-касы жоқ, іс планы жасалған, бірақ конкретный емес» деп жазатын мұғалімдердің мұғалімі саналатын мектеп нұсқаушылары да ұшырасып қалады.

«Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөзді естіп өскен бала өмір бойы былық-былапыт тілді болады» (М. Жұмабаев).

Белгілі қоғам қайраткері Ілияс Омаров: «Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды мәдени қоректендіре түседі... Дүниеде сөздің дертінен өткен ауыр дерт жоқ, сөздің шарапатынан дауалы шарапат жоқ, сөз тұрлаусыздыққа емес, баяндылыққа, өлімге емес, өмірге қызмет етеді» – деген еді. Осы айтылғандардан тиісті қорытынды шығарып, өздеріңіз сөйлеу мәдениетін, әсіресе ана тілінің көз-сарынан мол сусындап отыруды естен шығармауларыңыз керек.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Сөйлеу дегеніміз не?
2. Сөйлеудің тілден айырмашылығы?
3. Адам өмірінде сөйлеудің маңызы?
4. Сөйлеу мен ойлаудың қандай арақатынастары болады?
5. Жануарлар дүниесінде қатынастар қалай жасалады?
6. Ауызша сөйлеу неше түрге бөлінеді?
7. Диалогты сөйлеу дегеніміз не?
8. Монологты сөйлеу дегеніміз не?
9. Баланың тілін қалай дамытамыз?
10. Мектепте баланың тілін дамытуға қандай сабақтар көмектеседі?

### **№1 тапсырма.**

Төменгі сөйлеу түрлерінің өз ерекшелігін сипаттаңыз.

- а) коммуникациялық құралдар мен ым-ишаралардың қатысынсыз болатын сөз.
- ә) айтылған кезде ой тізбегі айқындалып тұратын сөз.
- б) грамматикалық байланыста барынша көрінетін сөз.
- в) кездейсоқ, ырықсыз айтылатын сөз.
- г) алдын ала дайындалған сөз.
- ғ) грамматикалық байланысы жоқ сөз.
- д) коммуникациялық құрал, ым-ишара кеңінен қолданылатын сөз.

### **№2 тапсырма.**

Келтірілген мысалдан адам мен жануарлар ишарасының қандай айырмашылығы мен ұқсастығы бар екенін ажыратыңыз.

Ағылшын оқымыстысы пілдің 19-ға тарта әртүрлі ишарасының мәнін айқындаған. Мысалы, екі құлағын алға қарай созып тұрса – бұл пілдің ызаланып ашуланған белгісі. Басын қайтып көтеріп тұрса – жауласқанның белгісі. Егер тұмсығын сыртқа қарай исе – шабуылға дайындалғанның белгісі, ал тұмсығын ішке қарай исе – именіп, қаймыққанның белгісі.

### **№3 тапсырма.**

Мына келтірілген мысалдар сөйлеудің қай түріне жататынын анықтаңыз (іштей сөйлеу, дауыстап сөйлеу, жазбаша сөйлеу) және оны қандай белгісіне қарап ажыратылатынын түсіндіріңіз.

- Қайда барасың? – деді Болат білгісі келіп.
- Тапсырмамен басқа цехқа. . . – Еркін оның қойған сұрағына таңданған сияқты.
- Ешқандай тексеріссіз бе?
- Ешқандай.
- Ал карточкалар не үшін?
- Еңбекақыны есептеп, жазып алу үшін.
- Ешқандай қателеспеп пе?
- Бұрынғыдан әлдеқайда жақсарған.

### **№4 тапсырма.**

Тәрбиеші егіз туған Айман мен Шолпанға зерттеу жүргізді. Олардың елеулі тіл кемістіктері бар. Сөздік қорлары шамалы. Отбасында екеуі көбіне бірге болады.

Зерттеу барысында тәрбиеші екеуін екі топқа бөліп жіберіп, қайта бақылағанда, екеуінің де сөздік қоры молайғанын байқады.

Сұрақ: Осы жайттардың мән-жайын қалай түсіндіресіз?


#### **№5 тапсырма.**

1. Бірінші сынып оқушыларының кітап оқыған кезде жіберетін қателерін бақылаңыздар?

2. Әр сыныптағы оқушылардың жазу дәптерін қарап, қандай орфографиялық қателерді көбірек жіберетінін көріңіздер?

#### **№6 тапсырма.**

Сөйлеу түрлерін Кластер әдісінің көмегімен жіктеп, анықтама бер.



#### **Әдебиеттер:**

1. Ә. Алдамұратов. Оқушылардың грамматика ұғымдарын меңгеру психологиясы. – Алматы: Мектеп. 1983.
2. В. К. Крутецкий. Психология. Изд. второе, переработанное и дополненное. – М.: Просвещение, 1986.
3. А. А. Люблинская. Мұғалімге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде арналған құрал. – Алматы: Мектеп. 1981.
4. А. А. Оразбекова. Отбасы психологиясы. – Алматы. 1997.

## 7-тарау. Қиял

### Жоспар:

- 7.1. Қиял туралы жалпы ұғым.
- 7.2. Қиял түрлері.
- 7.3. Қиялдың жасалу жолдары.
- 7.4. Баланың қиялын дамыту.

### 7.1. Қиял туралы жалпы ұғым

Адам бұрын жинаған образдарына сүйене отырып, өз басында жаңа образдар, соны елестер мен идеялар тудыру процесін қиял деп атайды.

Қиял – адамға ғана меншікті психикалық процесс, жануарларда бұл функция болмайды, өйткені бұл адамның еңбек әрекетімен ғана байланысты дамыған психикалық функция. Жоғарыдағы психикалық процестер секілді қиял да шындықты бейнелейді. Қиялдау үшін адамның басында белгілі білім қоры, нақты образдар, тұрақты елестер болады. Адам әрекетінің барлық түріне қиял қатынасады. Қиялды баланың ойынынан да, оқу процесінен де, еңбек әрекетінен де тауып алуға болады. Қиял – аса бағалы қасиет. Қиялдың эмоциялық күші тіпті үлкен. Көптен қолы жетпей жүрген мақсатын ойымен қиялдап та адам мәз болады. Шаршап, шалдыққан жолаушы ауылын қиялымен елестеткенде, оған күш бітіп ширай түседі.

Адамның еркі де қиялмен байланысты. Қиял – еңбек үстінде күшті болады. Еңбек – тек қиял туғызушы емес, оның дами беруіне қажет процесс. Өмір қойған талаптарға сай адам

баласы, өзінің жан-жақты әрекетінде ғажап табыстарға жетіп отыр. Кеңес Одағы тұңғыш рет жердің жасанды серігін ұшырып, ғарыш кеңістігін игерудің негізін салды. Фототелевизия аппараты айдың бейнесін суретке түсіріп алды, ғарышқа зымырандардың ұшуы.

Халқымыздың осы секілді толып жатқан жетістіктері қиялдың шексіз үдеп, дами беретіндігіне айқын дәлел бола алады. Қиялдың физиологиялық негізі ми қыртысының үлкен ми сыңарларында бұрынырақ пайда болған уақытша байланыстар. Қиялдау әрекетіне қозу мен тежелу процестері қатынасып отырады. Қиял екі сигнал жүйесінің жұмысымен тығыз байланысты. Заттар мен құбылыстардың бейнелері, елестері адамның көз алдына келуі үшін олар жөнінде оның түйсігі мен қабылдауы болуы керек. Қиялды адам сөз арқылы жеткізгенде екінші сигнал жүйесі жетекші роль атқарады.

Қиял дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс. Адамда

қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өңдеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші роль атқарады.

Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегіше топтастыруға болады:

1) әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді. Бұл арада суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен екі-үш күннен кейін емтихан тапсыратын студенттің машинасының тетігін жетілдіруді ойлап жүрген инженердің қиялын салыстырып көруге болады;

2) қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды;

3) қиял адамның өскен ортасына, этностық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады. «Жаратылыстың құшағында, – деп жазады М. Жұмабаев, – мөрурет себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті».

4) қиял – адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жа-

татын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл – қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Қиялдың ойлау процесінде алатын орны ерекше. Өйткені ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді. Ойлау мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты. Жан қуаттарының осы екеуі де мәселені шешуге, сұраққа жауап беруге қатысады. Бірақ қиялда мәселені шешудің өзіндік ерекшелігі болады. Қиял – мәселені суреттеу, жанды көрініс арқылы шешсе, ойлау оны тірі суретсіз жалпылай, ұғым, пікір, тұжырым түрінде шешеді;

5) адам қиялы еңбек процесінде, іс-әрекет үстінде жарыққа шығып, дамып отырады. Мұндағы негізгі шарт: саналы мақсаттың болуы, болашақты болжай алу, істейтін еңбектің нәтижесін күні бұрын көре білу, яғни оны өңдеп, өзгертіп, елестете алу – адам қиялына тән негізгі белгілер. Қиялда адамның дүние жөніндегі әртүрлі таным-түсінігі әртүрлі формада қиюласып, жаңа сапаға ие болады. Қиял бейнелері адам қажеттігінен тәуелді бола тұрып, оны белсенді қызметке итермелейді, шығармашылық ісіне күш-жігер қосады. Қиял тек теориялық және практикалық қызметте ғана емес, ол адамның бүкіл рухани өмір жүйесінде елеулі орын алады. Кісінің өмір жолы, жеке басының ойдағыдай дамуы, даралық қасиеттері, іс-әрекетінің құрылымы, өмір салтының қалыптасуы мұнсыз мүмкін емес. Адам саласының жануар психикасынан басты айырмашылығы – адамда ойлаумен қатар қиял әрекетінің болғандығында.

## 7.2. Қиял түрлері

7.1-сызба



Қиял екі түрге бөлінеді:

- ырықсыз, пассив қиял;
- ырықты, актив қиял.

### Ырықсыз қиял

Қиялдың бұл түрі – адам алдына ешбір мақсат қоймай, басындағы елестердің ағытылып жатуын бақыламаған кезде туатын формасы. Мұндай қиял жеткіншектерде жиі кездеседі. Ұйқылы-ояу қалғып отырғанда, ырықсыз қиялдың образдары өздігінен туып жатады. Пассив қиялдың ең айқын түрін адамның *түс көруінен* байқауға болады. Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген И. П. Павлов болды. Ұйқы кезінде ми клеткаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып жұмыс істей береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Осы «күзетші пункттерде» біздің бұрын қабылдаған, көрген, естіген, қолға ұстап, дәмін татқан заттарымыздың бейнелері мида қайтадан «тіріледі». Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі. Өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің

арасындағы байланыс әлсірейді, мұнда негізінен бірінші сигнал жүйесі ғана қызмет істейді. Екінші сигнал жүйесінің қызметі толық тежелуге ұшырайтындықтан, адамның ойлау қабілеті өте төмен болады. Сөздік сигналдардың әсер етпеуі мида кездейсоқ образдардың пайда болуына жағдай жасайды да, соның нәтижесінде түске қайдағы «кереметтер» кіреді. И. М. Сеченов осындай түстерді «болған әсерлердің болып көрмеген қиысулары» деп сипаттаған. Түсте реалдық образдар мен нәрселердің фантастикалық түрде қосылуынан ғажайып образдар жасалады.

Түс көрудің мазмұны адамның, көбінесе, қызығуына, талғамына орайлас келіп отыратындығы да шындықпен жанасымды факт. Өмірде ешбір естімеген, көрмеген нәрселер түске кірмейтіндігін ғылым дәлелдеп отыр. Мәселен, іштен соқыр болып туған адамның түсіне көзге көрінетін «бейнелер кірмейді, оның басқа сезім мүшелері арқылы қабылдаған нәрселері еніп отырады. Егер соқырлық кейінірек пайда болса, онда сол адамның түсіне бұрын көзімен көр-

ген заттарының бейнелері кіре береді. «Барлық адамдардың түсі, – деп жазды И. П. Павлов, – бірінші сигналдардың бейнелі, нақты және эмоциялық түрде жандануы». Түс көруді *ұйқыдағы мидың фантазиясы* деуге болады. Мұндай қиялды әдейілеп туғызу және оны саналы түрде басқарып отыру мүмкін емес. Сондықтан түс көру қиялдың ең пассивтік түрі болып табылады.

Кейде түс шым-шытырық қисынсыз өтіп жатады оның ырықсыздығынан. Қиялдың пассив түрі адамның ояу қалпында да кездесуі мүмкін. Бұл жағдай көбінесе адам өз алдына еш мақсат қоймай, өз ойының тізгінін мүлдем босатып жіберген уақытта пайда болады. Мысалы: аспандағы бұлтқа қарап тұрғанда оның түрін адамға, жануарға тағы басқа бірдеңеге ұқсатуымыз мүмкін. Адам арнайы мақсат қоймаса да, елестердің өздігінен туып жатуы қиялдың пассив түріне жатады.

### Ырықты қиял

Қиялдың бұл түрі – адамның саналы түрде мақсат қоюымен байланысты образдардың әдейілеп жасалуы. Қиялдың мұндай белсенді түрі балалардың ойнау әрекетінен де байқалады. Олардың ұшқыш, дәрігер, мұғалім, ғарышкер рольдерін орындағанда, ұқыптылықпен тырысқан мезгілде, ырықты қиялын көруге болады. Ырықты қиялдың жүйелі де күшті дамуы адамның еңбек әрекетінде іске асады, өйткені еңбек процесінің қайсысы да адам жұмысының нәтижесін алдын ала елестетіп, оған керекті әдістерді жоспарлап отыруға мәжбүр етеді.

Қиял:

- қайта жасау;
- шығармашылық;
- арман қиялы болып келеді.

*Қайта жасау қиялы* адамның өткен тәжірибесіндегі болған образдарды қайта елестетіп, сөз тітіркендіргіште-

ріне байланысты туады. Қиялдың бұл түрінің тууы үшін сөз тітіркендіргіштердің ролін суреттеу, сурет, сызбалар, нота сияқтылар да атқаруы мүмкін. Қайта жасау қиялының психологиялық құрылысын тексеріп қарасаң, ол екінші сигналдық тітіркендіргіштерді бірінші сигналдық образына айналдыру болып табылады. Мәселен, теңізді көрмеген адам жазушының теңізді суреттеуімен байланыстырып, теңіздің бейнесін қиялдай алады. Қайта жасау қиялының міндеті – жаңа объекті жасау емес табиғаттағы бар затты, өзі нақты қабылдамағанмен сол қалпында қайта елестету. Қайта жасау қиялы – адамның дүниетаным өрісін кеңейту үшін керекті психикалық процесс. Қайта жасау қиялы оқыту жұмысында маңызды орын алады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романын оқығанда кейіпкерлердің образы, қарым-қатынасы, сюжеттік оқиғалар оқырманның көз алдына елестеп тұрады. Қайта жасау қиялын дамытып нәтижелі қызмет етуіне тағы бір күшті әсер ететін фактор – балалардың алдына практикалық міндет қоюы. Мәселен, заттың суретін салу немесе моделін жасау.

Қиялдың ең жоғарғы түрі – *шығармашылық қиял*. Шығармашылық қиял деп өзіндік жаңа образдар жасау арқылы әрекетте, жаңа заттарды беруді көрінетін қиялды беруді айтады. Жазушының, суретшінің, ғалымның, сазгердің қиялы шығармашылық қиялға жатады. Шығармашылық қиял қайта жасау қиялына қарағанда, әрі күрделі, әрі қиын. Абай мен Құнанбайдың образдарын жасау, оларды сипаттап жазған шығарманы оқып, елестетуден әлдеқайда ауыр. Шығармашылық қиял ақын-жазушылардың, суретшілердің, артистердің осы секілді өнер қайраткерлерінің іс-әрекеттерінде үлкен орын алады.

Ғалым үшін де шығармашылық қиял аса қажет. Шығармашылық қиял ғалымның шығармашылық ойына аса қажетті материал береді. Мәселен, ғылыми жорамал жасағанда, эксперимент жұмысын ұйымдастырғанда, тапқан жаңалықтарды тексеріп сынауда ғалым өз қиялына үнемі сүйеніп отырады. Бірақ нағыз ғылыми жұмыс көп еңбектенуді қажет етеді, ол еріккеннің ермегі емес, ғылымның жолы ауыр. Қажымай, өнімді еңбек ете білушілік, шыдамдылық, іске мейлінше берілушілік – нағыз ғалымға тән қасиеттер. К. Маркс айтқандай, ғылымның «сәулетті шыңына шаршап-шалдығудан қорықпайтын, оның тасты соқпақтарымен тырмысып өрлей беретін адам ғана шыға алады».

Шығармашылық қиял әрекеттің кез келген саласында орын алып отырады. Қоғамға пайда келтіретін нәтижелі еңбекте шығармашылық қиялдың болмауы мүмкін емес. Қиялдың бұл түрі, әсіресе мұғалімдік қызметте ерекше орын алады. А. С. Макаренко айтқандай: «жеке адамның келешегін жобалауда» мұғалім шығармашылық қиялсыз әрекет етсе, жақсы нәтижеге ие бола алмас еді. Жаңа машинаның сызбасын жасап шығару немесе ескі машинаның өзін реконструкциялау, малдың тұқымын асылдандыру, өсімдіктердің жаңа сортын өсіріп шығару, ғылыми жинақтар ашу, әдебиет пен өнерде жаңалық жасап шығару сияқты әрекеттер шығармашылық қиялға жатады. Адамның шығармашылық әрекеті жалғыз шығармашылық қиялдың қатысуымен болмайды. Шығармашылық продукция жасау жұмысына тұрақты зейін, ойлау әдістері, ерік процестері және басқа да әрекеттер қатысады. Бірақ ырықты қиял жетекші роль атқарып, барлығына жөн сілтейді. Шығармашылықтың дамуына керекті шарт – адамның идеясының және дүниеге көзқарасының қалыптасуы.

## Сурет бойынша әңгіме құрастыр



7.1-сурет


Арман деп келешекке әрекеттенген, болашағына бағытталған қиялды айтады. Мұның шығармашылық қиялдан ерекшелігі мынада: арман – өзіміздің тілеген келешекке бағытталған қиял процесі. Арман – шығармашылық әрекетпен тікелей байланысты емес, ол шығармашылық қиялдың бірінші дайындық сатысы. Арман өмір жолында кездескен қиыншылықтарды адамның жеңуіне оны итермелейді, рухтандырады, шабыттандырады, қуаттандырады. Арман бос қиялдаумен еш жанаспайды. Қиялдың бос түрінің өмірмен еш байланысы жоқ. Қиялдың бұл ұнамсыз түрі адамды тілеген мақсатына жетектемейді. Бұл – қажырсыз қиял. Арман – қиялдың ерікті, белсенді, саналы түрі.

Әрбір адамға алдындағы жарқын болашағына байланысты армандай білу қажет. Мақсатқа сай дұрыс армандай алу

адамға зор қуат беріп, іске талпындырады. Сондықтан да халық: «Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ» деп өте тауып айтқан.

### 7.3. Қиялдың жасалу жолдары

#### 7.2-сызба



Қиял түрлі елестеулердің өзгеріп, өңделуінің арқасында жасалып отырады. Қиялда *анализ, синтез әдістері, агглютинация, схематизация* түрлі схемалар мен суреттердің акцентировка (образдың типтік басты белгілерін жасау) тәсілдері жиі қолданылады. Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі *агглютинация* деп аталады. Осы әдіс арқылы мифологиялық бейнелер (кентавр, сфинкс, жез тырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия – танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана – суға қонып, ұша алатын ұшақ) құрастырылады. Агглютинация әдісі ежелгі Мысыр елінде, сондай-ақ Солтүстік Америка үндістерінің өнер ескерткіштерінен үлкен орын алған.

Қиял бейнелерін жасауға қатысатын әдістердің бірі – *гипербола*. *Гипербола* деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Сөйткенде образ ашық, мәнерлі болып шығады, гиперболада белгілі бір бейнелердің алға шығып айқын байқалуына жағдай жасалады. Ертегілерді, қиял-ғажайып бейнелерді жасауда гипербола көп қолданылады.

Қиял бейнелерін жасаудың енді бір әдісі – нәрсенің бір жағын ерекше әсерлей көрсету. Карикатуралар мен достық әзілдер осылайша жасалынады. Егер заттардың айырмашылықтарын ескермей, оның ұқсастықтарына көбірек көңіл бөлінетін болса, схематизация әдісі қолданылады. Суретшінің өсімдіктер дүниесінің элементтерінен ою қиыстыруы осыған мысал бола алады.

Қиял образдарының күрделі түрі – *типтік образдар жасау*. *Типтік образдар жасауда* бірінші орында нақты адамның ортақ бейнелері көзге түседі: «Бір жұмысшының, дүкенші саудагердің портретін дұрыс суреттеп жазу үшін жүз, екі жүз шамалы жұмысшы, саудагерлерді қадағалап қарауымыз керек», – дейді М. Горький. Типтік образдар жасау дегеніміз – тұтас бір қатар объектілердің барлығына бірдей, ортақ белгілері бар бір образ жасап, жанастыру.

### Қиялдың жасалу жолдары



7.2-сурет

Көптеген шығармашылық процесстердің қозғаушы күші – қажеттілік болмақ. Өз қажеттеріне жарату үшін адамзат дамуының алғашқы кезінің өзінде-ақ адамдар нәрселерді ойлап табатын болған. Адамдар құр қолмен жұмыс істей жүріп, сол қолдардың атқаратын жұмысын жақсы да шапшаң ететін еңбек құралдардың қарапайым түрлерін ойлап таба бастаған. Сөйтіп, су ішу үшін пайдаланатын екі қолдың алақанының орнына адам ожау қолданды, қысып жұмылған жұдырықтан болашақтағы балға келіп шықты, затты қысып ұстаған саусақтар қысқаш жасауға ой салды.

Шығармашылық қиял мыңдаған жылдар бойы адамға еңбек құралын дамыған сайын жетілдіре беруге көмектесті. Кейбір өнер шығармалары заттардың бір белгілері мен қасиеттерін бөлектеп алып, соларды басқалай біріктірген жағдайда жасалатын болған. Мұндай тәсілді агглютинация – (латын сөзі, қазақша «желімдеу» деген мағынаны білдіреді) деп атайды. Грек сфинксін адамның басы мен кеудесін, иттің денесі мен арыстанның аяқтарын біріктіріп жасаған, ал кентаврды болса, оны ер адамның басын, кеудесін және қолдарын, жылқының денесі мен аяқтарын қосып жасаған.



7.3-сурет

Ғылым мен техника саласындағы көптеген жаңа нәрселер әртүрлі заттардың бөлшектерін құрастыру арқылы пайда болған. Мәселен, трамвай мен автобустың кейбір ерекшеліктерін біріктіре отырып, адамдар троллейбус жасады. Аэроплан мен шананың тетіктерін қосу аэро-шананы жасауға қол жеткізді.

Жаңа фантастикалық бейнелерді жасау тәсілінің біріне заттарды үлкейтіп не кішірейтіп алуды жатқызуға

болады. Халық ертегілерінде шынашақтай баланың болуы, белгілі жазушы Свифт Гулливердің бейнесін – ергежейлілер арасындағы кішкентай адам бейнесін жасады. Қиялдау үшін білім өте қажет. Қиялды қоғамға қажетті нәрсені жасауға бағытталған адамдардың қиялы бірдеңені жасауға, болжамдар жасауға, оны тексеруге итермелейді, ал білім, тәжірибе адамның ой-өрісін кеңейте отырып, фантазияға бай материал береді.

#### 7.4. Баланың қиялын дамыту

Педагогтың бірінші міндеті – мұғалімнің айтқанын дәлме-дәл, айқын елестетуі үшін, оқушының репродуктивтік – (латын сөзі «өндіріс шығарма» деген мағынаны білдіреді) қайта жасау қиялын дамыту. Ол үшін педагогтың айтқан әңгімесі әсерлі, нақтылы фактілерге бай болуы қажет, бұған қоса суреттер, диапозитивтер, көрнекі құралдар пайдалану керек. Алайда бұл құралдар қиялды дамытуда көмекші қызмет қана атқаруы тиіс. Бұл құралдарды, әсіресе бала сөз болып отырған нәрсені ойша елестете алмайтын жағдайда, пайдаланған тиімді. Көрнекі құралдар, шамадан тыс пайдаланылса, ол қиялды дамытуды жеделдетпей, қайта тежей түседі.

Нақтылы заттарды қабылдау мен ойша елестетуді ұштастыра білген пайдалы. Мысалы, суретті көрсетіп, содан соң балаларға ештеңеге сүйенбей, ойша әңгімелеп беруді ұсынған жөн немесе алдымен әңгіме жүргізіп, соңынан көрнекі құралды көрсеткен дұрыс. Мұның бәрі дәл қазір көрмесе де ойша қабылдауға болмайтын заттармен елестете алу қабілетін дамытады, яғни қиялдың дамуына септігін тигізеді.

Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – балалардың қиялы мен елестері-

нің мол қорын жасау болып табылады. Ешбір ретсіз, көбіне мәнсіз қиялдаудың орнына, балаларда айналадағы болмысты дұрыс бейнелейтін, кейіннен ғылыми ұғым негізіне айналатын елестерді қалыптастыру қажет.

Бұл бейнелеудің қаншалықты дұрыстығын тексеру үшін осы бір затты не құбылысты қалай елестететінін оқушыдан сұраған жөн. Мәселен, бір оқушы жер белдеулерінің шекаралары: Шаян және Таутеке тропиктері туралы дұрыс айтты. Мұғалім енді келесі сұраққа көшпекші болғанда бала кенеттен: «Таутеке деген қандай жануар?» – деп сұрады. Сұрастыра келгенде, тропиктің шаян деп аталуы, оқушының онда шаян көп болғандығынан деп есептейтіндігі анықталады, ал басқа тропикте тіршілік ететін таутеке балаға белгісіз болады.



7.4-сурет

Бұл таңғажайып аң қандай жануарлардың бөліктерінен құралған (қиялдағы бейнені желімдеу әдісі арқылы жасақтау – агглютинация).

Көркем әдебиеттерді оқу, оқығандарын жазбаша және ауызша айтып беруінің баланың қиялын дамытуда көмегі зор.

Шығармашылық қиялды қалыптастырудағы тамаша құралдың бірі – арнайы және еркін тақырыпқа шығарма жазу. Оқытудың алғашқы жылынан бастап, оқушыларды әдебиеттен, сурет салудан, қол еңбегінен әрқилы шығармашылық еңбекке ынталандыру қажет. Жақсы жолға қойылған эстетикалық тәрбие жұмысы мектеп оқушыларының қиялын дамытуға жәрдемдеседі.

Бала қиялы әрекет үстінде дамитындықтан, не нәрсеге болмасын өзін қатыстырып, оның икемділігі мен дағдысын дамытып отыру қажет. Мәселен, сурет салудың, ән айтудың тәсілдері мен техникасын үйренбейінше, баланың осыған орай көрінетін қиялы да шарықтай алмайды.

Төменгі класс оқушыларының қиялын дамыту – олардың эстетикалық сезімдерін оятады. Мәселен, көркем әдебиет кітаптарын оқу, мұражайлар мен галереяларға бару, кино көру, ұйымдасып музыка тыңдау, бала қиялын жаңа мазмұнға толтыра түседі. Шәкірт қиялын дамытуға үлкендер үнемі жетекшілік етуге тиіс. Мұғалім, оқушының ата-анасы да бұл жерде тек ақылға ғана әсер етпей, эмоциясына әсер етерліктей әдістерді іздестірулері керек. Оқушылардың жас, дара ерекшеліктерін ескеріп отыру, қиялы күшті дамыған балалармен дербес жұмыс жүргізу, табиғатқа, өндіріс орындарына саяхаттар жасау, түрлі тапсырмаларды оқушыларға дербес орындатып

отырғызу, оқу барысында кездескен қиыншылықтарды жеңе алуға баулу сияқты әдістер бала қиялын тәрбиелеудің түрлері болып табылады.

Жаңа туған балада қиял болмайды. Қиялдың тууы және дамуы үшін өмірде тәжірибе жасалып, дүние туралы тану елестерінің кеңуі керек. Баланың өмірінде қиялдың алғаш сыртқа тебуін бір жастан асқан кезде байқауға болады. Екі жасар бала ертегі немесе әңгіме тыңдап отырып жылап жібереді. Мұндай фактілер жас балалардың басында ес елесінің және қиял елесінің туа бастағандығын дәлелдейді. Әріне, балалардың мазмұны алғашқы кезде кедей, ырықсыз түрінде өтіп жатады.


Өсе келе, тәрбиенің нәтижесінде және өзінің тәжірибесінің молая бастауымен байланысты мектепке дейінгі дәуірдегі бала қиялының сапалық жағы арта бастайды. Бұл дәуірде бала қиялының дамуында болатын өзгешелік – олардың ойын әрекеттерінде, шығармашылық қиялдың элементтерінен туа бастауы. Қиялдың мұндай жоғары сатыға көше бастаған сапалы түрі, әсіресе балалардың сюжеттік ойындарында көп кездеседі. Мәселен, балалар бақшасында тәрбиешінің темір жол ойынын ойнайық деген ұсынысын сәбилер өте зор қуанышпен қарсы алып, рольдерін бөлісіп алады: біреуі бастық боламын, біреуі жолаушы, біреулері жүргізуші боламын деп әбігерленіп жатыр. Ал Құрмаш «Мен шофер болып, зат пен адамдарды тасимын» деп ниет білдіріп, тәрбиешінің ұсынысын үдете, ары қарай дамыта түсіп, өз қиялымен, ойымен толықтырып, өзіне жаңа роль тауып алды. Бұл – шығармашылық қиялдың белсенді қатынасуының арқасында туып отырған нәтиже.

**Балалар бақшасындағы 4 жасар баланың салған суреті**



**7.5-сурет**

**13 жасар баланың ештеңеге қарамай отырып салған суреті**



**7.6-сурет**

Егер сәбидің қиялы көріп отырғаннан әрі аспаса, төрт жасар баланың қиялы шарқ ұрып нақты заттардан қол үзіп, тәуелсіздене бастайды. Оның бір затты қиялымен толықтыра түсіп, пайдалана беруге шамасы жетеді. Темір жол ойынында бұл дәуірдегі балалар орындықты паравоз, вагон орнына пай-


даланса, қуыршақпен ойнай бастағанда, сол орындықты үй орнына бастағанады, магазин ойынына көшсе, қолда орындық кассаға айналып та кетереді.

Балалардың қиялын тәрбиелеуде ойын әрекетінің ролі күшті. Ойын – балалардың тек бұлшық еттерін дамытып қана қоймайды, тәрбие жұмысындағы жетекші мәселенің бірі. Ойын – балалардың психологиялық әрекеттеріне қарай, мақсатына лайық, өте қызық боп өтіп жатады. Ойлау процесі – балалардың бойына тән, табиғи белсенділігін, қозғалғыштығын сыртқа шығару үшін өте қажетті әрекет. Балалардың темір жол салуы, үйлер тұрғызуы, зауыт-фабрикалар орнатуы олардың қиялын дамыта түседі.

Жеткіншектердің өте елігіп, шынынтасымен зейін қоя әрекеттенетіні – сурет салу. Суретті белгілі бір объектіге қарап отырып салмайды, есінде сақталған елестерге сүйене, соны негіз ете отырып, жаңа образдарды қағазға түсіре бастайды. Балалардың қиялының дамуына сурет салу күшті әсер етеді, тек керекті құралдармен қамтамасыз ете білу керек. Балада белгілі бейімділік болса, оның қабілеті оянады. Мұндай кітаптың пайда болуы баланың сурет салуға құмарлығын күшейтіп, суретші болып кетуге жол бастайды. Шығармашылығы жемісті балалардың сын елегінен өткізіп жатпайды. Олар нәрсенің бөлшектерін дұрыс шығармай-ақ, сұлбасын келтіріп салғандарына мәз болып қалады.

Бұл суретпен салыстырғанда келесі беттегі сурет – әжептәуір ілгерілеген, жоғарылаған сатыдағы сурет. Жоғарыдағы суреттермен салыстырғанда әп-әдемі болғанмен, бұл да рентгендік сурет дәуірінен асқан жоқ (рентгендік сурет деп киген киімі астынан денесі көрініп тұратын суретті айтады).

**10 жасар баланың өз әкесін  
салған суреті  
(әкесі трамвайдың кондукторы)**



**7.8-сурет**

Мектеп жасындағы балалардың қиялының жүйелі түрде дамуы ғылым негіздерінің меңгеруіне байланысты. Олар өз қиялының жемісін енді сын елегінен өткізіп, шындыққа жақындаған образдар жасауға тырыса бастайды. Мектеп жасына жеткен балалардың қиялын дамыту үшін мұғалімдер тарапынан педагогикалық басшылық керек.

Қиялдың дамуы айқын образдарды жинаудан басталады. Мұғалім ол үшін түрлі картиналар қарау, кино, театрларға бару, ұйымдасқан түрде музыка тыңдау жұмыстарын ұйымдастыра білуі керек. Эстетикалық тәрбие беру – балалардың қиялының толысуына, қиял елестерінің айқындалуына себепші болады. Картина бойынша әңгімелеп беру, шығармалар жазу, әдеби мәтіндерге иллюстрациялар құрастыру, сызбалар арқылы белгілі объектінің бөлшектерін жинақтау – қиялдың дамуын ырықты түрге айналдырады.

Еңбек операцияларын орындаудың, математикалық, физикалық есептердің шешімінің рационалдық жолын тапқызу, газетке мақала, очерк, әңгіме жазуға дағдыландыру жұмыстарының пайдасы зор. Олимпиадалар, байқаулар, түрлі спорттық жұмыстар, оқушылардың сауық кештері қиялдың дамуына көмек береді. Жасөспірімдердің шығармашылық арманы басым болады. Тіпті бастауыш класс оқушылары келешек маманы жөнінде армандай бастайды. Бірақ жас балалардың армандары тұрақты емес, жоғары кластардың армандауы тұрақты да байсалдырақ болып, күнделікті әрекетіне әсер етіп, алдындағы нысанаға жетектейтін итермеші күшке айналды. Біздің ел жастары ұлы істер туралы арман етеді. Олардың арманы өздерінің келешегімен тығыз байланысты. Жастар жалпы жер жүзі еңбекшілерінің көкейтесті мүдделерін орындайтын, Отанымыздың игілігі үшін белсенді қатынасатын азамат болуды армандайды.

### **СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Қиял дегеніміз не?
2. Адам өмірінде қиялдың маңызы қандай?
3. Қиялдың қандай түрлері бар?
4. Қайта жасау қиялы дегеніміз не?

5. Шығармашылық қиял деп нені айтамыз?
6. Қайта жасау қиялы мен шығармашылық қиялдың айырмашылығы қандай?
7. Қиял процесінде жаңа нәрсені жасау жолдарын қалай түсінесің?
8. Баланың қиялын дамыту және қалыптастырудың жолдары.

### **№1 тапсырма.**

Көптеген шығармашылық процестердің қозғаушы күші қажеттілік болмақ. Өз қажеттеріне жарату үшін адамзат дамуының алғашқы кезінің өзінде-ақ адамдар нәрселерді ойлап табатын болған. Адамдар құр қолмен жұмыс істей жүріп, сол қолдардың атқаратын жұмысын жақсы да шапшаң ететін еңбек құралдарының қарапайым түрлерін ойлап таба бастаған. Төменде келтірілген сурет арқылы әртүрлі қолдың бейнесінен еңбек құралдарын ойлап табыңыз.



### **№2 тапсырма.**

Төменде берілген анықтамаларды оқи отырып, мысалдар келтіріңіз.

1. Схематизация – фантастикалық бейнеге негіз болған елестер бірігіп, айырмашылықтары көмескіленіп, ұқсас тараптары алға тартылатын қиял түрі. Мысалы...
2. Шығармашылық қиял – өзіндік жаңа образдарды жасау арқылы әрекетте, жаңа өнімдер беруде көрінетін қиял. Мысалы...
3. Арман өз қалауымызша жаңа образдар жасау. Мысалы...
4. Типизация – тұтас бірқатар объектілердің барлығына бірдей, ортақ белгілері бар бір образ жасап, жанастыру. Мысалы...
5. Агглютинация дегеніміз – бірнеше заттардың жеке элементтері мен бөліктерінің бір бейнеде қосылуы. Мысалы...
6. Акценттеу – түзіліп жатқан бейнедегі қандай да бір элементтердің қалыптап тыс кейпімен көзге түсуі. Мысалы...

### **№3 тапсырма.**

Ұғымдарды салыстырып, айырмашылықтарын тап.

1. Қиял мен ойлау процестері;
2. Түс көру мен қиял.

### **№4 тапсырма.**

5 минут ішінде геометриялық фигуралардан түрлі заттардың бейнесінің суретін сал; қандай да бір әңгіме не ойын ойлап тап.

### **№5 тапсырма.**

Келесі жағдаяттарда қиялдың қандай түрлері көрініс бергенін анықтаңыз.

- а) Мұғалім баяндап берген әңгімесі оқушыларға қалай әсер еткенін елестетеді.

- ә) Бұлтқа қарап адам таныс бейнелердің сұлбасын көреді.
- б) Бала танымал саясаткер болуды армандайды.
- в) Инженер, сызбаларын қарастыра отырып, осы машина шындығында қалай болуы мүмкіндігін елестетеді.
- г) Балалар жаңа жылдық кешке ең ерекше сюжет даярлауға тапсырма береді.

#### **№6 тапсырма.**

Кілт, баскиім, қайық, күзет, бөлме, жол, жаңбыр сөздері кездесетін әңгіме құрастырыңыз. Жұмыстану уақыты 10 минут. Жұмыстанып болған соң, әңгімені дауыстап оқыңыз. Әңгіме келесі критерийлер бойынша бағаланады: әңгіменің аяқталуы, бейнелердің жарқындылығы мен өзгешелігі, сюжеттің өзгешелігі.

#### **№7 тапсырма.**

Қиялдау нәтижесінде жасалған нақты бейнелердің образын мысал ретінде келтіріңіз.

#### **№8 тапсырма.**

Қандай қиял жасау тәсілдері қолданылғанын анықтаңыз.

- а) Ежелгі аңыздар мен мифтерде түрлі фантастикалық тіршілік иелері – кентаврлар, минотаврлар, сфинкс, айдаһар және т.б.
- ә) Ғалымдар аэрошаналар, амфибия-танкілер, тікұшақтар, сүңгуір қайықтар және т.б. құрастырады.
- б) Жарнама роликтерінде ұсынылған өнімнің үлкейтілген бейнелерін көрсетеді.
- в) Ертегілерде ұшатын кілемдер, тез жүретін етіктер, көрінбейтін баскиімдер, т.б. бейнелері жиі қолданылады.
- г) М. Әуезовтың «Абай жолы» романында Абайдың, Құнанбайдың, Зеренің, т.б. образдары анық суреттелген.

#### **№9 тапсырма.**

Шығармашылық қиялды дамыту бойынша ұсыныстар даярлаңыз.

### **Тест «Сізде қиял бар ма?»**

| <b>Тест «Сізде қиял бар ма?»</b> |                                                                                                |           |            |
|----------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|------------|
| <b>№</b>                         | <b>Сұрақтар</b>                                                                                | <b>Иә</b> | <b>Жоқ</b> |
| 1.                               | Сізді бейнелеу өнері қызықтыра ма?                                                             | 2         | 1          |
| 2.                               | Ішіңіз жиі пысады ма?                                                                          | 1         | 2          |
| 3.                               | Бір тарихи жағдайды айтқанда мәнерлеп, әсерлеп айтасыз ба, өзіңіздің қосарыңыз бола ма?        | 1         | 0          |
| 4.                               | Жұмыста және оқуда белсендісің бе?                                                             | 2         | 1          |
| 5.                               | Жазғанда алшақ жазасыз ба?                                                                     | 1         | 0          |
| 6.                               | Киінгенде сән үлгісінің заңдылықтарын басшылыққа аласыз ба, әлде өз ұнатуыңызбен киінесіз бе?  | 2         | 1          |
| 7.                               | Сабақ немесе жиналыс үстінде қағаз бетіне бір түрлі заттардың суретін сала беруді ұнатасыз ба? | 0         | 1          |
| 8.                               | Музыканы тыңдағанда сол әуенге байланысты бейнелер көзіңізге елестейді ме?                     | 1         | 0          |

|     |                                                                                           |    |   |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------|----|---|
| 9.  | Ұзақ хат жазуды ұнатасыз ба?                                                              | 2  | 1 |
| 10. | Кейде түрлі түсті түс көресіз бе?                                                         | 2  | 1 |
| 11. | Бұрын болмаған, тек әңгімелерден естіген жерлерді ойыңызда немесе барып көргіңіз келе ме? | 1  | 1 |
| 12. | Кино көргенде жиі жылайсыз ба?                                                            | 1  | 0 |
|     | Барлығы:                                                                                  | 15 | 8 |

### Қорытынды:

14-17 ұпай – ең бай қиял, егер оны өмірде қолдана білсе, үлкен қуаныш алып келеді.

9-13 ұпай – қиялдауы орташа.

5-8 ұпай – нағыз реалист адамдар.

### ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

#### 1. Өнер, мәдениет әлеміндегі шығармашылықтың түпкі негізі:

- A. Қабылдау;
- B. Қиял;
- C. Ойлау;
- D. Сөз;
- E. Түйсік.

#### 2. Алдағы іс-әрекет өнімін болжастыруға мүмкіндік ашушы психологиялық процесс:

- A. Зейін;
- B. Қабылдау;
- C. Қиял;
- D. Ойлау;
- E. Түйсік.

#### 3. Қиял процесінің ойлаудан басты ерекшелігі:

- A. Дерексіздігі;
- B. Жалпылығы;
- C. Жанамалығы;
- D. Логикалығы;
- E. Нақты бейнелігі.

#### 4. Қиялдың психикалық процесс ретіндегі қызметі:

- A. Жалпы тану;
- B. Жанама тану;
- C. Көріп, білмеген құбылыстарды өрнектеу;
- D. Тұтастай нақты бейнеге келтіру;
- E. Элементтер деңгейінде тану.

#### 5. Өзіндік жаңа образдар жасау арқылы әрекетте, жаңа нәтиже беруде көрінетін қиял түрі:

- A. Агглютинация;

- В. Арман;
- С. Қайта жасау;
- Д. Творчестволық;
- Е. Түс көру.

**6. Қиялдың физиологиялық негізі:**

- А. Ескі жүйке байланыстарының қозуы;
- В. Ескі жүйке байланыстарының тежелуі;
- С. Жүйке байланыстарының жаңа жүйеде бірігуі;
- Д. Интерференция;
- Е. Көшу.

**7. Адам тәжірибесін түрлендіруші және өзгеріске келтіруші тосын бейнелерге негізделген психологиялық процесс:**

- А. Елес;
- В. Ес;
- С. Қабылдау;
- Д. Қиял;
- Е. Ой.

**8. Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі:**

- А. Агглютинация;
- В. Анализ;
- С. Гипербола;
- Д. Синтез;
- Е. Схематизация.

**Әдебиеттер:**

1. Қ. Жарықбаев. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
2. Қ. Жарықбаев, А. Әбдрахманов. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1976.
3. Гипенрейтер Ю. В. Практикум по психологии. Под ред. Леонтьева А. Н. – М: Изд-во МГУ, 1992.
4. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
5. А. Темірбеков, С. Балаубаев. Психология. – Алматы: Мектеп, 1966.
6. Общая психология/Под. ред. Петровского А. В. – М.: Просвещение, 1977.

## 8-тарау. Эмоциялар мен сезімдер

### Жоспар:

- 8.1. Эмоциялар мен сезімдер туралы ұғым.
- 8.2. Күрделі эмоциялар.
- 8.3. Жоғары сезімдер.
- 8.4. Сезім және адамның жеке басы.
- 8.5. Балада эмоциялар мен сезімдердің қалыптасуы.

### 8.1. Эмоциялар мен сезімдер туралы жалпы ұғым

Адам қабылдағанына (көргеніне, естігеніне), істеген ісіне, ойлағанына, арманына немқұрайлы қарамайды. Адам әрекетінің, оқиғаларының біреулері бізді қуантса, екінші бірі мұңайтады, ал үшіншісі ашу шақырып, зығырданыңды қайнататын жағдайға жеткізеді.

Қатерлі жағдайда тұрып біз қорқынышты сезінеміз, жауды мұқатып, жеңіске жету не қиын-қыстау жағдайдан өту, қуаныш пен шаттыққа кенелтеді. Алға қойған мақсатқа жету жолында әр адам өмір сүре, еңбек ете, күресе отырып, осындай көптеген әсерлерді бастан кешіреді.

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процестің түрін *сезім* деп атайды. Қажеттердің түрлі жағдайларға байланысты түрліше өтелуі адамда. Көптеген ұнамды және ұнамсыз сезімдерді туғызып жек көрушілік, шошыну, абыржу, наздану, іш пысу, зерігу, т.б. осындай сезімдер мен эмоциялардың сан алуан түрлері. Өзінің танып-білгеніне және істеген ісіне адам қатынасының әсерлерін сезім (немесе эмоция) деп атайды.

Сезім көзі өзіміз қабылдайтын, айналадағы заттардың және құбылыстар-

дың сапалары туғызатын қажеттіліктер, талап-тілектер болып табылады. Біздің істейтін әрекетіміз (еңбек, оқу, ойын), оның жетістігі мен кемшіліктері де сезім туғызады.

Тұрмыстағы жай сөздерде «түйсіну», «сезіну» деген ұғымдар араласып жүреді. Біз сөйлегенде, «мен қорқынышты түйсінемін», «ауырғанымды сезіндім» дейміз, ол дұрысында: «қорқынышты сезіндім», «ауырғанымды түйсіндім» деп айтылу қажет. Түйсік арқылы заттар мен құбылыстардың сапаларын танимыз, ал сезім болса, адамның ішкі көңіл күйін, оның сол заттар мен құбылыстарға қатынасын көрсетеді.

Сезім барлық психикалық процестермен тығыз байланысты, көптеген жағдайларда сол процестер сезімді туғызады, ал сезім оларға өз тарапынан ықпал жасайды. Сезім көзінің бірі түйсік болады, ал түйсіктің өзі біздің әсерлеріміздің ықпалымен жиі өзгеріп тұрады. Көңіл күйіне қарай адам бір затты әртүрлі қабылдайды. Жыртқыш аңдар туралы әңгімелерден шошынған бала, жай уақытта еш нәрседен үрейленбей жүріп өтетін жерден, қараңғы түссе шоғыр бұтаны қасқырға ұқсатуы мүмкін. Эмоция адамның есімен де

тығыз байланысты. Біздің алған барлық әсерлерімізді, яғни белгілі бір сезіммен қабылдасақ, есімізде жақсы қалса, онда өткендерді еске алудың өзі бізде қандай да болсын бір сезім туғызады.

Адам – қоғамдық тіршілік иесі. Сондықтан оның сезімі де әлеуметтік сипатта болады. Сезімдер қоғам дамуына байланысты өзгеріп отырады. Бір-біріне ұқсас оқиғалар мен фактілерді әр кезеңде өмір сүрген адамдар әртүрлі бағалайды.

Сезім адамдардың әрекеттенуіне түрткі болады. Қандай да болмасын жұмыстың нәтижелі болуы ең алдымен оған деген көзқарасқа байланысты. Жұмыс жемісіне селкос, немқұрайлы қараған жерде, оның сапасы да төмен болмақ. Сезімнің шығармашылық жұмыста ерекше маңызы бар. Ақын, суретші, ғалым, өнертапқыштардың жұмыс процестеріндегі көтеріңкі көңілі, шабыты сезіммен тығыз байланысты. Сезім адамның барлық таным процестерінде үлкен роль атқарады.

Оқу-тәрбие жұмысында сезімнің қаншалықты маңызды екендігі педагогтың есінде болуы қажет. Мектеп оқушыларын немқұрайдылық туғызатын сабақтан гөрі, оларда күшті жағымды эмоция туғызатын білім тез де баянды игеріледі. Сабаққа үлгерімі және тәртібі үшін мақтау алудан балада, әдетте жақсы сезім пайда болады, ол оқуын одан әрі күшейте түсуге жақсы ықпал жасайды: құптамау, ұрысу, жазалаудан, әдетте оқушыларда жағымсыз эмоциялық жағдай туады, осындай ренішті істі қайталамауға итермелейді. Тәжірибелі мұғалім, тиісті әдетті сақтай отырып, балалардың жағымсыз эмоциясын да пайдаланады.

Сезімдер – өте күрделі психикалық процестердің бірі. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Адам сезімдері тарихи-әлеуметтік сипатта болады. Демек, адамның өмірі қоғамға байланысты, оның әрекеті де қоғамдық саналы әрекет.

### 8.1-кесте

| Эмоциялар                                                                                                                                                                                                                                                  | Сезімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Эмоциялар адамның түрлі органикалық қажеттеріне байланысты туып отыратын шағын, жағдаятты көңіл күйлері, адам қуанғаннан, қамыққаннан көзіне жас алса, бір нәрсеге мәз болып, ішек-сілесі қатып күлсе, мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтындығы белгілі. | 1. Сезімдер – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажетінен туатын және біртіндеп дамып отыратын процесс. Достық, адалдық сезімдері адамда бірден қалыптаса қоймайтындығы белгілі.                                                                                                                                                                                                                     |
| 2. Эмоцияда мәнерлі көзқарастар (адамның сырт пішінінен байқалатын ым-шаралар) көбірек байқалады. Мұнда адам өзін тек ағза тұрғысынан көрсете алады.                                                                                                       | 2. Сезімдерде мәнерлі қозғалыстар жөнді байқалмайды. Тұрақты, терең, әсерлі сезім жеке адам психологиясының басты белгілерінің бірі.                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 3. Эмоциялардың қызметін лимби жүйесі мен (ми бағанасының үлкен ми сыңарларына жақын жері) гипоталамус бөлігі (дененің зат алмасуын, температурасын реттестіретін жүйке орталығы) басқарып отырады.                                                        | 3. Сезім ми қабығының жұмысынан, атап айтқанда, динамикалық стереотиптердің жасалып, өзгеріп отыруынан жақсы көрінеді. Мұнда екінші сигнал жүйесінің басқарушылық ролі күшті болады. Сөз арқылы адам сезімдерінің өрісі кеңейеді. Мәселен, сөз адамның интеллекті, эстетикалық, моральдық сезімдерінің қалыптасуына елеулі әсер етеді, соның арқасында сезімдер мен эмоцияларды, тәрбиелеуге кең жол ашылады. |

4. Эмоциялар жануарларда да кездеседі. Жануарлар эмоциясы биологиялық сипаттағы реакциялардың жиынтығы. Адам сезімдеріне лайықты көріністер жануарлар психикасында кездеседі.

4. Адамдардың эмоциялары мен сезімдері қоғамдық-тарихи сипатта болып отырады.

Олай болса, адамның сезімдері де қоғамдық сипатта болып, сезімнің мазмұнын қоғамдық болмыс белгілеп отырады. Сезімдерді эмоциялардан айыра білу қажет. Сезімдер мен эмоциялардың бірнеше сапалық ерекшеліктері бар. Олардың сапасын көрсететін осындай *ерекшеліктерінің бірін* қарама-қарсы, полярлық сапалықтар деп атайды. Мысалы, сүйсінуге-сүйсінбеу, көңілдену-қажу, шаттық-уайым. Осы секілді сапалар өзара полюске ажырасып біріне-бірі қарама-қарсы мағынада болады.

Сезімдердің *екінші ерекшелігі* – олардың актив (қажырлы) және пассив (солғын) болып бөлінуінен көрінеді. Адамға күш беріп, әрекетке ұмтылдыратын, көтеріңкі сезімдер мен эмоцияларды стеникалық – (грек сөзі, қазақша «күшті» деген мағынаны білдіреді), ал бұлардың баяу, солғын түрлерін астеникалық – (грек сөзі қазақша «әлсіз» деген мағынаны білдіреді) деп атайды. Біріншісіне – жолдастық, достық, айбаттылық жатса, екіншісіне – уайым, енжарлық, көңілсіздік сезімдер жатады.

Сезімдердің *үшінші бір ерекшелігі* – жігерлену және кернеуден босану

немесе шешілу. Бұл да – сезімнің қарама-қарсы сапаларының бірі. Мәселен, студенттердің емтиханнан өтуі, спортпен айналысатын адамның мәреге жетуі шешуші кезеңдер болып табылады.

Сезімдер мен эмоциялардың адамның практикалық әрекетінде алатын орны зор. Алдағы мақсатты орындау жолында, өмір үшін күресте күшті сезімдерсіз табысқа жету қиынға соғады. Сезімнің қораш, солғын, селсоқ болуы іске кедергі келтіреді. Адам не үшін күрессе, соны жан-тәнімен жақсы көріп, неге қарсы күрессе соны өлердей жек көріп отыруы тиіс. Эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады. Олардың бір тобы – *жағымды не ұнамды эмоциялар* деп аталады. Бұлар адамның тіршілік қажетіне орайлас, оның ішкі өмірінің шарықтап, жан-жақты өсу шарттарының бірі болып табылады. Мысалы, қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық, т.б. Эмоциялардың енді бір тобы жағымсыз не ұнамсыз эмоциялар делінеді. Бұлар – белсенді әрекетке азды-көпті нұсқан келтіретін қораш сезімдер. Мұндай эмоцияға қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үрейлену, үмітсіздену жатады.

**Мына суреттен эмоция мен сезімдердің көріністерін анықтап айтып беріңіздер?**



**8.1-сурет**

Шамадан тыс күшті тітіркендіргіштер адамда көбінесе қолайсыз эмоциялар туғызады. Кісі ұдайы қинала беретін болса, оның діңкесі құрып, берекесі кетеді. Адамның осылайша шамадан тыс зорлануын психологияда стресс – («стресс» – ағылшын сөзі, қазақша «шамадан тыс зорлану» деген мағынаны білдіреді) деген терминмен белгілейді. Стресс үш түрлі жағдайда байқалып отырады. Оның алғашқы көрінісін ма-

засыздану кезеңі дейді. Ағзаның күшті тітіркендіргіштері мен айқасқа түсуін күш салу немесе зорлану кезеңі деп атайды. Адам сырттан келетін әсерге төтеп беруге шамасы келмеген жағдайда титықтап, әрекет жасаудан қалады. Мұндай қолайсыз әсер жүйке жүйесінің жұмысына да, дене күшіне де нұқсан келтіретіндіктен адам өзінің сыртқы ортамен байланысын үнемі қадағалап, реттеп отыруы қажет.

## 8.2. Күрделі эмоциялар

Жеке адам өмірінде эмоциялық күйлердің үлкен мәні бар. Олар белгілі бір кезеңдерде адамның бүкіл психикалық әрекетіне өң беріп, алуан түрлі көңіл күйінде аффектік жағдайда көрініс береді. Барлық эмоциялық күйлер белгілі бір себепке негізделеді. Эмоциялар адамның мінез-құлқын ерекше сезім сарынына бөлеп, азды-көпті ұзаққа созылатын, өте берік әсерлер туғызады. Кейде сезім кенеттен пайда болып, қарқынды өтеді, бірақ біршама тез басылады. Осы ұзаққа созылатын қысқа әсерлерді психикалық не эмоциялық жағдайлар деп атайды. Олардың қатарына: *көңіл күй, аффект, құмарлық* жағдайлар жатады.

**Күрделі эмоциялар:** күрделі эмоциялардың бірі – *көңіл*. *Көңіл* – ол адамның барлық толғаныс тебіреністері мен әрекетіне өң беретін біршама ұзақ эмоциялық күй. Кейпіне қарап адамдарды шат, жайдары, жылы жүзді, ызалы, түсі суық деп ажыратады. Адамның көңіліне айналасын қоршаған дүние әсер етіп отырады. Егер оның қызметі жақсы жүріп жатса, жанұя жағдайы жарасымды болса, көңілі де көтеріңкі болады. Көңілге адамның денсаулық жағдайы, жүйке жүйелерінің ерекшеліктері де әсер етеді. Өмір тіршілігі үшін елеулі

маңызы бар оқиға да адамның көңіліне үлкен із қалдырады. Мәселен, адам көптен айналысып жүрген ісі оңға басса, бір нәрсеге қолы жетсе, шат-шадыман күйге түседі. Керісінше, ылғи да сәтсіздікке ұшырай берсе, көздеген мақсатына жете алмаса, жанын қоярға жер таба алмай қиналады. Мұндайда қабағы қатыңқы, ренішті күйде жүреді. Сондықтан да «Көңілсізден күлкі шықпас», «Адам көңілден азады» деген мақалдар тегіннен-тегін айтылмаған.

*Көңіл күй* деп біршама бәсең, бірақ, әжептәуір ұзағырақ, психикалық процестер мен адамның барлық мінез-құлқында көрінетін жалпы эмоциялық жағдайларды айтады. Кім болмасын көңіл күйі нашар болса, ешбір негізсіз, көңілі жабырқап, не болса соған абыржып қалады. Кей кездерде адам ешбір себепсіз-ақ шаттық жағдайда болады. Осы кезеңдерде оған барлығы тамаша болып көрінеді. Басқа көңіл күйде болса көңілін бөлмейтін нәрсеге ол қуанады. Былайша алғанда мұндай жағдайлардың себебін табу қиын секілді көрінеді. Шын мәнінде, адам психикасы, дағдыларының, барлығының себептері бар. Көңіл күйдің нашарлығы кездейсоқ кездесулерден не болмаса ағзаның физиологиялық жағдайынан

тууы мүмкін. Егер осындай жағдайда адамның дені кәміл сау болса, өзен жағасына жазда келсе, суға шомылып салқындаса, ол көңілсіз жағдайдан, мүмкін, ада болар ма еді. Көңіл күйді көтеріңкі ұстау үшін, күн тәртібінің дұрыстығы, дене шынықтыру, су процедуралары жақсы көмектеседі.

Адамның көңіл күйіне өзінің өмір сүріп жатқан ортасы және жұмыс жасайтын ұжымы үлкен ықпал жасайды. Уақытында жақсы ұйымдасқан, демалыспен ауысып келетін сапалы оқу мен ұната істейтін еңбек, әдетте, адамның көтеріңкі және шаттық көңіл күйін туғызады.

Эмоцияның бір түрі – *аффектер*. *Аффектер дегеніміз* – қысқа уақытқа созылса да бұрқ етіп, қатты көрінетін эмоцияның бір түрі.

Аффектілік жағдайдың тууы ми қыртысында күшті қозу бөлігінің болуымен байланысты. Осының салдарынан тежелу процесі бәсеңдейді және ми қыртысының төменгі бөліміндегі орталықтарынан келіп жататын импульстер тасқынын бақылап, басып отыру мүмкіншілігінен үлкен ми сыңарлары қыртысы айырылады. Сөйтіп, ми қыртысы мен ми қыртысының төменгі бөлімінің аралық қажеті іс-әрекеттерінің тепе-теңдігі бұзылады, мұндай эмоциялық қозулармен әрбір адам күресе алады. Аффект жағдайына келген мұғалімнің табанда оқушыларға жаза беруіне болмайды, өйткені дәл сол уақытта педагог жазаны әділетсіз шешуі мүмкін, ал берілген жазаны бұзу қиынға түсетіні мәлім. Біраз уақыт өткен соң мұғалім ағаттық толығынан мұны объективтік жағдайда бағалайды, тіпті тентектік істеген оқушыны жазалаудың қажеті де жоқ деп бағалауы мүмкін. Жаза күтіп жүрген оқушы да, ағаттық неге істедім деп ойға қалады. Мүмкін, осындай жіберілген ағат істі мойындау-

ға жеткізсе, онда жазалаудың да керегі жоқ болады. Кейде жаман баға алған оқушылар аффектілік жағдайға түседі. Мәселен, ондай бала өксіп жылай бастайды. Баланың өзі-ақ өксігін басар деп, кейбір мұғалімдер оған көңіл бөлмейді. Осындай халдегі оқушыға ізет жасаса, шынында да оның аффектілігі күшейе түсетін кездері болады. Алайда көбіне жақсы көретін мұғалімнің көрсеткен жылы шырайы, бағаны түзету үшін келесіде сабақ сұраймын деген уәдесі, баланы жұбатады, сөйтіп, аффектілік жағдайдан құтылады.

Аффект кезінде оны ерікпен реттеу өте қиын. Алайда аффектінің пайда болуын басуға болады.

*Құмарлық* – адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция. Егер ғылым мен өнерге, еңбекке құмарлықты ұнамды десек, дүниеқұмарлық, баққұмарлық, ойынқұмарлықты ұнамсыз құмарлық дейміз. «Құмарлық кісіге жүк артады, міндеттілік туғызады, міндет борышты етеді, бұлар еңбекке жүктейді, еңбек ғылым мен өнерге ашылған жол», – деп Абай адамға қажетті құмарлықтың психологиялық табиғатын жақсы көрсеткен.

Бұл – адамның белсенділігін, күшті оятатын сезім. Құмарлық ұнамды да, ұнамсыз да болады. Оқуға, ғылымға құмарлық – адамның қабілетін тәрбиелейтін, мәдениетін байытатын, оң өмірдің талай биік шыңдарына жеткізетін ұнамды қасиет. Адамның еркін нашарлатып, психикасын аздырып, берекесін кетіретін ұнамсыз да құмарлық болады. Мәселен, маскүнемдік, нашақорлық, карта ойнауға құмарлық. Бұл – адамның өзіне де, қоғамға да зиянды әрекеттің түрлері. Мұндайлармен күресіп, өмірінде ондай жексұрын қылықтарға жол бермеу керек. Ұнамды құмарлықты тәрбиелеу жанұя мен мектептің қадір-

лі борышының бірі болып саналады. И. П. Павлов адам әрекетіндегі құмарлыққа өте жоғары баға берді. Ол өзінің «Жастарға хат» деген құжатында «... Үшінші – құмарлық. Ғылым – адамның бүкіл өмірін осы жолға жұмсауды талап ететінін есте тұтыңыз. Егер сіздің екі өміріңіз болса, сізге бұл да жетпеген болар еді. Ғылым адамнан аянбай және асқан құмарлылықпен жұмыс істеуді талап етеді. Өзіңізді жұмысыңызда және өзіңіздің ізденулеріңізде мұндай іске құмар болыңыздар», – дейді.

Осы мәселеге – ғылымның алатын орны және жастардың оған құмарлығы туралы мәселеге – Абай Құнанбаев өлеңдерінде көңіл бөлгенін байқаймыз.

«Ғалым болмай немене,  
Балалықты қисаңыз?  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеңіз?  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз», –

деген сөздері жоғарыда келтірілген физиолог И. П. Павловтың сөзімен ұштасып жатыр.

*Стресс* – (ағылш., *stress*) – қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі. Стресс – бұл күтпеген, шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп-қатер жағдайындағы әрекеттер, шапшаң шешімге келу қажеттілігі, қауіп төнген сәттегі реакция, күрт өзгерген жағдайдағы мінез-құлық стрестік күйлер болып табылады.

Стрестік жағдайда мақсатты әрекетті, зейінді аудару мен бөлуді жүзеге асыру қиынға соғуы мүмкін, тіпті, әрекеттің жалпы тежеліске ұшырауы немесе мүлдем бұзылуы мүмкін.

Стресс үш кезеңнен тұрады:

1. Үрейлену – жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;

2. Төзімділік – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;

3. Әлсіреу – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады.

Фрустрация (лат., *frustratio* – алдау, сәтсіздік, ақталмаған үміт) – алға қойған мақсаттарына жете алмаған, жоспарлары күл-талқан болып күйреген адам басынан өткеретін уайым, үрей билеген психологиялық жай-күй. Дегеніне жете алмаған, діттеген мақсатын орындай алмаған саясат субъектілері фрустрация жағдайын кешуі мүмкін. Мақсатқа жету жолында жеңу мүмкін емес (немесе субъективті қабылданын) қиыншылықтардан объективті негізде туындайтын жүріс-тұрыс пен уайым ретінде танылатын адамның психикалық қалпы.

Фрустрацияның өту жағдайы шиеленіскен жағдайдың шешілуіне байланысты болады. Фрустрация әлсіреуі, тыным табуы немесе күшейуі мүмкін.

### 8.3. Жоғары сезімдер

Сезімдер өздерінің мазмұны мен мәні жағынан әртүрлі және сан қырлы болады. Жоғары сезімдер адамға ғана тән. Осы топқа *адамгершілік, интеллектік, эстетикалық* деп аталатын сезімдер кіреді. Қоғамдық өмірдің талабына сәйкес адамның мінез-құлқынан жиі көрінетін сезімдердің бірі – моральдық немесе адамгершілік сезімдер.

*Адамгершілік сезімдерінің* тобына: достық, жолдастық, адалдық, арнамыс, борыш, жауапкершілік, ұят, т.б.

*Интеллектілік сезімдер:* тану процестерімен, ақыл-ой әрекетімен байланысты білуге құмарлық, күдіктену, сенімділік, жаңашылдық, болжау.

*Эстетикалық сезімдер:* адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі.

*Адамгершілік немесе моральдық сезімдердің* мазмұны, құрылымы да күрделі келеді.

Ар-намысты қорғау – аса жарасымды қасиет. Сезімнің осы түрі көбінесе қайсар, өжет, табанды әрі көздеген мақсаттарына жетпей тынбайтын адамдардан жиі байқалады. Ар-ұятты қастерлеу, намысқа тырысушылық – екінің бірінде кездесе бермейтін қасиет. Мұның адам психологиясына қатты әсер етіп, терең із қалдыратындығы сонша – кісі кейде кірерге жер таппай, кісі бетіне қарай алмай ұйқыдан, тамақтан қалатыны да болады. Ұятты адамның іштей ашулануы, өзінше ашу шығаруы деген екен. Ал Абай ұяттың 2 түрі бар дейді: оның бірі – надандықтан туатын, екіншісі – жағымсыз іске, теріс қылыққа ұялу. Оның ұғымынша, ұялмас нәрседен ұялу бұл – надандық, ынжықтық, жігер-қайрат осалдығы, білім мен тәжірибенің пайыздығы. Шын ұят ақыл – парасаттың ісі.

*Борыш сезімі.* Бұл – қоғам, ұжым, жанұя алдындағы міндеттердің сана-

дан туған әсерлері. Бұл сезім адамды өз борышын орындауға шақырады. Мұны орындауға ар-ұят атты ерекше әсер көмектеседі. Адамға борыш сезімі білдіріп тұрғанды орындамай тастап, арамдық жасап, лайықсыз іс істесе, қоғамның моральдық нормаларын бұзатын әрекет жасаса, оның ар-намысына тиеді және опық жегізеді. Сезімтал адамдар мұндай жағдайлардың қасіретін тартады және осылардың салдарынан өз мінез-құлқын жақсылық жағына өзгертеді.

*Ұжымдық, достық және жолдастық сезім.* Мұндай сезім қоғамда кеңінен дамыған. Шынайы достық сезім мен үстірт, дос-жарлық пен өтірік достықта болатын әсерлерді шатастыруға болмайды. Кейбіреулер, дос болу деген – адамның айтқанына жүру, оның ойлаған тілектерін, тіпті ол тілектері моральға жат бола тұрса да орындау деп есептейді. Істеген ағаттықтарына сай жаза тартқызбас үшін досын қорғауға ұмтылғандар – оған жақсылық жасамай, жамандық жасағаны. Шынайы достық жақын адамдарға әділдікпен қарауды қажет етеді. Сол дос адам, жолдасының кемшіліктерін алдымен ашып көрсетіп, оған сол кемшіліктерді жоюға көмектесуі керек.

*Сүйіспеншілік сезім.* Бұл достық сезімге жақынырақ. Шынайы сүйіспеншілік – адамды шаттандыратын тамаша сезім, ол парасаттылықты арттыруға септігін тигізеді, адамды тек сүйікті адамы үшін ғана емес, сондай-ақ басқа адамдар бакытты болуы үшін ерлік жасауға шақырады. Сондықтан да бірін-бірі шын сүйген адамдар, бұдан да жақсы болуға талпынады.

2. Жоғары сезімдердің екінші бір түрі – интеллектілік сезімдер.

Интеллектілік сезімдер адамның тану процестерімен, ақыл-ой әрекеті-

мен тығыз байланысып жатады. Интеллектілік сезімнің түрлеріне: таңсықтау, білімге құмарлық, күдіктену, сенімділік, интуиция, болжау, т.б. сезімдер жатады. Мұғалімнің басты міндетінің бірі – оқушылар санасында интеллектілік сезімдерді қалыптастыру болып табылады. Ол үшін көп оқу қажеттігін, оқусыз ешбір мақсатқа жете алмай-тынымызды оқушыларға түсіндіру керек. «Оқу инемен құдық қазғандай», ол оңайлықпен қолға түспейді. Оған жан-тәнімен берілмесең, тиянақты еңбек етіп, зейін қоймасаң болмайды. Оны үнемі толықтырып отыру да қажет. «Адамның көңіл күйі шын мейірленсе, – дейді Абай, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі. Жүрдім-бардым үйренетін адамдарға ғылым тұрақтамайды. Өйткені ғылым өзіне түгелдей берілуді қажет етеді». Интеллектілік сезімдер адамның сана сезімінен орын алса, шындықты аша түсуге құмары арта түседі, мұндайда ол асыл мұрат үшін күреске белді бекем байлайды.

Шығармашылық жұмыстың қайсысы да интеллектілік сезімдермен байланысты болады. Әуесқой болу және соған сай қанағаттану осындай эмоциялар туғызады. Ондайлар тек ересек оқушыларда болып қоймай, сондай-ақ жас оқушыларда да болады. Балалар мұғалімнен: «Бізге есептің қалай шығарылатынын айтпаңыз, өзіміз ойластырайық», – деп сұрайды, бұл

олардың оқу процесінде жақсы интеллектілік сезім үстінде екенін көрсетеді, оны мұғалімдер жан-жақты дамытуы (қоздыруы) керек. Интеллектілік сезімдерге таңдану, күмәндану немесе кейбір қиын мәселені шешуде пайда болатын сенім сезімдері жатады.

3. Жоғары сезімдердің бұдан да басқа бір түрі – *эстетикалық сезімдер*.

*Эстетикалық сезім* дегеніміз – адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі. Бұл текті сезімдер сұлу, сымбатты, өмірге үйлесімді әсем нәрселерден ләззат алуы кезінде байқалады. Мәселен, «жақсы ән мен тәтті күй», яғни жақсы музыкалы әуеннің адамның эстетикалық сезімдерінің қалыптасуында ерекше маңыз алатындығын С. Торайғыров былайша сипаттайды: «Халықтың арғы-бергісін қозғап естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі дауысымен құйқылжытып тұрғанда, қандай тас көңіл болса да жібімей қоймайды. Халықтың қайдағы жайдағысы ойына қозғалып, түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қозып кетеді. Әркімнің көңіл көздерінен жастары моншақтап, бойлары балқығандай, шарт-шұрт қол шапалақтасып тарқайды». Осы үзіндіде ақын жақсы ән мен тәтті күйдің қандай тас көңілді болса да жібітіп жіберетінін, қанды қайнататынын, көзден жас ағызатынын, бойды балқытатынын, адамды ләззатқа бөлейтінін айтып отыр.

#### 8.4. Сезім және адамның жеке басы

Адамның ойы және еркімен қатар сезім де адамды сипаттайтын маңызды психологиялық процесс болып табылады. Шынында да, жеке адам туралы сөз еткенде, көбіне оның неден қалай әсерленетініне қарай айтуға болады.

Адамның сезім сапаларының да бірталай маңызы бар. Өмір барысында және іс-әрекет процесінде сезімнің мұндай ерекшеліктері адамның жеке басының қасиетіне айналып отырады. Сезімнің бағытталғандығы, принципті-

лігі, сондай-ақ әсерлілігі адамды ісі мен сөзі бір жерден шығатын біртұтас адам тұлғасына айналдырады. Ал көп ойлап әсерленетін, бірақ өз сезіміне үйлесімді ешбір әрекет жасамай, керенау қала беретін адамдарды – сентиментальды адамдар деп атайды.

Дағдылы (немесе жиі қайталайтын) психикалық жағдайға қарай көбіне аффектілік әсерлерде болатын адамдарды сіркесі су көтермейтін, ашуланшақ адамдарға бөледі. Көңіл күйі жағынан адамдарды көңілді, жарқын жүзді (оларды көбіне, көңіл күйі шат дейді), көңіл күйі жабырқаңқы адамдар деп бөлуге болады. Соңғылары сирек қуанады, түрлері қайғылы, тіпті қасіретті көрінеді.

Жеке адамды адамгершілік сезімдері жақсы сипаттайды. Егер адамгершілік сезімдері адамды жақсы іс-әрекет жасауға бағыттаса, ол жеке адамның моральдық дәрежесінің жоғары екендігінің айғағы болмақ. Еңбекшілерге, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілік сезім, жолдастық және достық сезім,

ұжымдық, патриотизм, гуманизм, мейірімділік, қайырымдылық сияқты жоғары адамгершілік сапаларына ауысады.

*Қарама-қарсы сезімдер:* адамдарды жек көру, тіпті өшпенділік, эмоциялық, салқындық – адамды қайырымсыз, жаны ашымайтын, парықсыз, менменшіл етеді. Мұндай адамдарды тәрбиелеу қажет, олар ұжымдағы тату-тәтті тіршілікке кесірін тигізеді.

Егер адам өшпенділік сезімді Отанымыздың жауларына, қанаушыларға, жатыпішерлерге, біздің қоғамымызға зиян тигізушілердің барлығына қарсы шақырса, онда мәселе басқаша. Олармен күресу халықтың бақыты үшін керек нәрсе. Осындай өшпенділік сезім еңбекшілерге қамқорлық жасаудан туған, жақсы сапа болып табылады.

Адам өмірінде өз эмоциясын басқара білудің үлкен маңызы бар. Өз сезімін жақсы басқаратын жеке адамдар ұсақ, жаман, еңсесін түсіретін әсерлерден жоғары тұрады, сөйтіп нағыз бақытқа бөленеді.

## 8.5. Балада эмоциялар мен сезімдердің дамуы

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоцияларының басты ерекшелігі – тұрақсыз, тұрлаусыз, нақтылы да мәнерлі қозғалыстарға толы келетіндігі. Мектепке түсу бала сезімдерін жүйелі, жоспарлы түрде тәрбиелеудің негізгі жолы болып табылады. Төменгі сынып оқушылары да (әсіресе 1-2 сыныптағылар) аса сезімтал, эмоциялы келеді. Бұл балалар сергек те жайдары, ақ көңіл де сенгіш, аңқау да әділ болып келеді. Олар кез келген нәрселердің бәрін қабылдап, қызықтап таңырқайды және өзінің қатынасын белсенділікпен білдіріп отырады. Бала сабақ үстінде де бірқалыпты отыра алмайды,

өйткені өзіне ие бола алмай сезімінің жетегінде өріп кетеді. Мәселен, бірінші класс оқушыларының арасынан сабақ үстінде қатты дауыспен күлетін не жылап жіберетін оқушыларды кездестіруге болады. Бұлар – жүйкесі қозғыш, өздерін ұстай алмайтын балалар. Сыныбы жоғарылап, есейген сайын оқушы мұндай қылықтарынан арыла бастайды. Осы жастағылар да бірінің істегенін екіншісі де істегісі келетін бір қасиет бар. Мектепте баланың жоғары сезімдерінің негізі мектепке дейінгі тәрбиеде қаланады. Осы кезде бала біреуді жақсы көреді. Бала жақсы адамдардай болғысы келеді. 3-4 сы-

нып оқушыларының сезімдері бірте-бірте күрделене түседі, олар көңіл күйін бірқалыпты етіп ұстауға үйренеді.

Интеллектілік сезімдердің дамуы баланың рухани қажеттерінің өсуі үшін аса қажет. Егер бала оқыған кітабынан, өз бетімен шығарған есебінен ләззат алып отырмаса, оның эмоциясы көрінбейтін болса, оқуға қызықпайтын жаман әдет қалыптасуы мүмкін. Мұғалім осы жайды әр кез есіне қатты ұстауы қажет. Сабақ үстінде, сабақтан тыс жерлерде оқушылардың эстетикалық сезімдерін тәрбиелеп отырудың да қаншама маңызды нәрсе екендігі белгілі. Оқу кітаптарының бетіндегі түрлі суреттер мен иллюстрациялар, мұражайларға, саяхатқа апару, т.б. – сынып оқушыларының эстетикалық сезімдерін тәрбиелеуде таптырмайтын әдістер. Бала эмоциялары мен сезімдерін тек құрғақ сөзбен жалаң үгіт арқылы тәрбиелеуге болмайды. Мүмкіндігінше бұл сезімдерді бала өз басынан кешіруі тиіс. Сезімдерді тәрбиелеудегі басты жолдардың бірі – балаларды өз эмоцияларын басқара алуға, өзінің аффектерін тежей білуге дағдыландыру. Олардың өмірінде іс-әрекетінде шынайы жақсы сезімдер орын тепсе, балаға да үлгі-өнеге болатын табиғи нәрсе. Бала еліктеуге жарарлық үлгі-өнеге көрмесе, оның сезімдері де дұрыс дамымайтын болады.

Әдебиет, ән-күй, музыка ерлік істерге ұмтылдырады, бос уақытты қызықты етіп, көңілін шаттандырады. Оқушылардың кластан және мектептен тыс жүргізетін өнерпаздық жұмысының түрлері көп. Бұларға хор, оркестр, балалар театры, бейнелеу студиясы, сөзді мәнерлеп оқу және әдебиет үйірмелері жатады. Эстетикалық тәрбие беру ісінде – өмір мен өнердегі әдепсіздік пен талғамсыздықтың көріністерін айыра білетін етіп тәрбиелеу басты орын алады.

Балада Отанды, туған елін сүю сезімдері көріне бастайды. Балада сыныптан-сыныпқа көшкен сайын адамгершілік шеңбері кеңі түседі.

Ұжым балаларда борыш, жауапкершілік, ар-ұят сезімдерінің қалыптасуына жақсы әсер етеді. Жеке мүддені ұжым мүддесіне бағындыра алу – ең тамаша қасиет. Балалардың осындай борыштық, жауапкершілік сезімін баулу – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Бастауыш сынып оқушыларында ұялу сезімдері де одан әрі жетіле түседі. Ұялу – баланы жағымсыз іс-әрекеттен тоқтатып отыратын күшті моральдық сезім.

Баланы орынсыз ұялта беру де дұрыс емес. Бұл баланың өз күші мен қабілетіне сенімін жоғалтып, онда ұялшақтық пен тұйықтықтың дамуына жағдай жасайды. Мұғалім баланың ұялу сезіміне асқан сақтықпен қарауға тиіс. Мәселен, салақтық, епсіздік немесе күйгелектік болған жағымсыз істерді әдейі жасаған тәртіпсіздік қылықпен бір дәрежеде қарап ұялту қате. Бала өзінің жағымсыз іс-әрекетінің мәні неде екенін, қандай тәртіпті бұзғанын айқын білгенде ғана ұялтудың тәрбиелік әсері болады. Кейбір мұғалімдер баланың оғаш істерінің шығу төркінін тексермей-ақ, оны ұялта бастайды. Сондай-ақ, баланың өзі түзете алмайтын қатесі үшін де ұялтатындар болады. Мұндай әдістің екеуі де дұрыс емес.

Бастауыш сынып оқушыларынан достық, жолдастық, сезімдердің нышандарын байқауға болады. Бұларды шын мәніндегі тұрақты дос деп айту да қиын. Бірінші, екінші кластағылар үшін оған ұнаған баланың бәрі «дос» болып көрінеді. Өйткені не үшін дос болатындарын «аңғара» алмайды. Осы кезде олар «достарын» жиі алмастырып отырады, бүгін бір баламен дос болса, ертең екінші бір баламен достасады.

Мұндай достық ойын үстінде ерекше көрінеді.

Оқу әрекетіне байланысты достық бұл кезде көріне қоймайды.

Үшінші, төртінші сынып оқушыларында жолдастық, достық қарым-қатынастары тереңдей түседі. Бұл кезде олар моральдық мінез-құлқынан біраз хабардар болады, кейбіреулері іс-жүзінде орындай алуға қабілеті жетеді. Өзінің жолдасына пайдалы іс істеу жағын ойластыру, досқа қамқорлық жасау, оның ащы-тұщысына ортақтасу – осы кезеңдегі балалардың психологиясынан жақсы көрінеді.

Төменгі сынып оқушыларында интеллектуалдылық сезімдер де байқалады. Алғашқы кезде сезімдер оқу процесінің мазмұнынан оқшауырақ тұрады. Бірақ бала біртіндеп өзінің оқудағы міндетін түсіне, оның нәтижесін көре бастаған кезде, оқуға қызығушылық пайда бола бастайды. Бір сабақты басқасынан жақсы көріп, көбірек қызығып оқиды да, мұндағы өзінің табысына рахаттанады.

Бұл – ондағы интеллектуалдылық сезімнің нышаны.

Баланың эстетикалық сезімдерін дамытуға сурет сабағына бөлінген сағаттарды тиімді пайдаланған дұрыс. Бала құбылыстар мен заттардың өзіне тән типтік белгілерін: пішінін, көлемін, түсін нендей материалдан істелгенін білу арқылы өмір әсемдігін көре біледі.

Балалардың эстетикалық сезімдерін дамытуда табиғаттану сабақтарының алатын орны да зор, бала табиғат құбылыстарын өнер туындыларымен танысу кезінде байқайтын болса, оның танымы кеңейе түседі. Мәселен, музыка тыңдау, сурет галлерейіне бару, көркем әңгіме мен өлең оқып, осыдан кейін табиғатқа саяхат жасаса, бұл баланың сезімін қай жағынан да дамыта түседі.

Мектеп – бала сезімдерін жүйелі әрі жоспарлы түрде дамытып отыратын

арнаулы орын. Мұғалімнің осы саладағы жүргізетін жұмыстарының кейбірі мына төмендегідей болмақ:

1) Бала эмоциялары мен сезімдерін тек құрғақ сөз бен жалаң үгіт арқылы тәрбиелеуге болмайды. Мүмкіндігінше бұл сезімдерді бала өз басынан кешіретін болсын. Өзі күйініп көрмеген адамның біреудің қайғысына ортақтаса алмайтыны сияқты, бала өзінің және айналасындағылардың табысына қуанып, сәтсіздігіне жаны күйзеліп отырмаса, сезім тәрбиесі өзінің пәрменділігін жояды. Мәселен, баланы Отанды сүю сезіміне тәрбиелеу ісі оның жас төлді күту, бау-бақша жұмыстарына қатысу, қоғамдық пайдалы еңбекке қолғабыс тигізу сияқты нақтылы іс-әрекетімен ұштастырылып отырылуы тиіс.

2) Сынып, мектеп ұжымында берік орын алған салт-дәстүрлер – бала эмоцияларын дамытып, тәрбиелеуде таптырмайтын құрал. А. С. Макаренко осындай дәстүрлердің зор тәрбиелік мәнін көре білген. «Дәстүрлер менің ұжымымда өте көп еді, – деп жазды ол, – тіпті жүздеп санауға болатын. Мен олардың бәрін біле бермеуші ем, бірақ балалар білетін және балалар білгенде бір жерге жазылған түрінде емес, өздерінің бір сезімімен білетін. Осылайша істеу керек десетін. Ал неге олай істеу керек? Үлкендер осылайша істейді. Үлкендердің тәрбиесін, үлкендердің логикасын құрметтеу, олардың коммуна құру жөніндегі еңбегін құрметтеу және оның өкілдерінің құқықтарын құрметтеу – ұжымның аса маңызды қасиеті болып табылады және олар дәстүр арқылы сақталып отырады. Мұндай дәстүрлер, балалардың тұрмысына ажар беріп, гүлдендіріп отырады. Осындай дәстүрлердің арқасында өмір сүріп, өздерінің ұжымдық ерекше заңымен тұратындығын сезеді, ол заңды мақтаныш етіп жақсартуға тырысады».

Бастауыш сыныптарда осы әдіс кең еріс алған жөн. Мәселен, бірінші сынып мұғалімдерінің әліппе кезеңін бітіргеннен кейін осы оқиғаның құрметіне «әліппе күнін» өткізуіне болады. Бұл балалар үшін үлкен қуаныш. Мұндай күнді олар жақсы оқу, үлгілі тәртіппен қарсы алуға тырысатыны сөзсіз.

3) Сезімдерді тәрбиелеудегі басты жолдардың бірі – балаларды өз эмоцияларын басқара алуға, өзінің аффекттерін тежей білуге дағдыландыру. Бұл көп жаттығуларды, машықтануды қажет етеді. Мұғалім арнаулы жаттығулар арқылы баланың оғаш мінезін де, сылбыр эмоциясын да қалыпқа келтіре алады.

4) Оқушылардың жоғары сезімдерін тәрбиелеу ісі оның дүниетанымы мен сенімін, жеке басын қалыптастыру ісімен қосарластыра жүргізілуі тиіс. Өйтпеген жағдайда мұғалімнің осы саладағы әрекеті пәрменді болмауы мүмкін.

5) Бала сезімін тәрбиелеушілердің де сезімдер өз дәрежесінде болуы тиіс. Олардың өмірінде, іс-әрекетінде шынайы жақсы сезімдер орын тепсе, балаға да үлгі-өнеге болатыны табиғи нәрсе. Бала еліктеуге жарарлық үлгі-өнеге көрмесе, оның сезімдері де дұрыс дамымайтын болады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Сезім дегеніміз не?
2. Сезім мен эмоцияның бір-бірінен айырмашылығы?
3. Адам өміріндегі сезімнің маңызы?
4. Күрделі эмоциялардың қандай түрлері бар?
5. Жоғары сезімдерге қандай сезімдер жатады?
6. Эстетикалық сезім дегеніміз не?
7. Адамгершілік сезімін қалай түсінесің?
8. Интеллектілік сезім қалай пайда болады?
9. Төменгі класс оқушыларының жоғары сезімдерінің даму жолдары қандай?

### **№1 тапсырма.**

Кейбір балалар қараңғыдан, ордан секіруден, тіптен, тышқаннан да қорқады.

Сұрақ: Неліктен балаларда қорқыныш пайда болады? Осы жағдайға психологиялық түсінік беріңіз.

### **№2 тапсырма.**

а) Мектеп жасына дейінгі балаларда өзгелерге жанашырлық, қай кезде және қандай түрде байқалады?

ә) Мектеп жасына дейінгі балаларда сезімнің қандай түрлері байқалады? Белгілі бір сезімнен баланы арылтудың әдіс-тәсілдері қандай?

б) Баланың бойында сезімнің қандай түрлері жиі кездеседі? Кейбір баланың сезімі тым жиі өзгереді. Оның себебі неде?

### **№3 тапсырма.**

Кейде мынадай оқиғаны кездестіруге болады: кейбіреулердің ашуланғаны соншалық, тісін қайрап, беті бозарып көгереді, шашы үрпиіп, жұдырығын түйеді. Эмоцияның бұл түрі қайдан пайда болған және бұл не деп аталады?

1) Бір бала асық ойнауға, екінші марка жинауға, үшіншісі аквариумда балық өсіруге, ал өзге біреулері тіпті жағымсыз істерге (темекі шегу, т.б.) бейім тұрады. Эмоцияның бұл түрі не деп аталады?

2) Біреулер қатты ашуланбаса да қызбалы, бір күйден екінші күйге аумалы келеді, бірақ, сол адамның өзге түрлеріне қарағанда көпке созылады. Бұл эмоцияның қандай түрі?

3) «Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу» дейтін мәтелдің адамның сезім күйіне қаншалықты қатысы бар?

4) Бір адам өзі келген тоқтамына сын көзбен қарап, өзгелердің сөзіне сене бермейді. Бұл сезімнің қай түріне жатады?

#### **№4 тапсырма.**

Мектептегі машық кезінде оқушылардың эмоция мен сезім ерекшеліктерін байқаңдар да олардың ішінен біреуін (жақсы байқалғанын) мұғалімге толық етіп жазып беріңдер.

#### **Тапсырма №5.**

Сезімталдық деңгейіңізді анықтаңыз.

#### **Сіздің сезімталдық деңгейіңіз**

*Мақсаты:* жеке тұлғаның сезімталдық деңгейін анықтау.

*Нұсқау:* зерттелушіге 14 сұрақтан тұратын тест ұсынылады. Сұраққа «иә», «жоқ» деген жауаптар беріледі. «Иә» – 1 ұпай; «Жоқ» – 0 ұпай.

1. Сіздің сүйікті жыл мезгіліңіз бар ма?
2. Сіз кемпірқосаққа қарағанды ұнатасыз ба?
3. Сізге жаңа тағамнан татып көрген ұнай ма?
4. Күннің әдемі батуы сізді таң қалдыра ма?
5. Сізге басқаның жанасып кеткені немесе массаж жасағаны ұнай ма?
6. Жақсы көретін адамыңызға қолыңызбен тиісу, сипауды ұнатасыз ба?
7. Ән әуенінің сізді жылатқан кездері болды ма?
8. Кейбір дауыстар мен иістер бір оқиғаларды есіңізге түсіре ме?
9. Әтір иісі сізді құштарландыра ма?
10. Сізге кейбір маталарды ұстаған ұнай ма?
11. Сіздің денеңізге жібек матаның жанасуы әсер ете ме?
12. Жаңа түскен қарда серуендеген ұнай ма?
13. Күннің бетіңізге түсіп, қыздырғаны сізге ұнай ма?
14. Қатты, шулы дыбыстар сіздің жүйкеңізге әсер ете ме?

*Қорытынды:*

7-14 дейін – Сіз өте сезімтал жансыз, сіз жағымды дыбыстан, иістен үлкен рахат аласыз.

2-6 дейін – Сіздің сезімталдығыңыз жақсы дамыған. Кейде өте сезімтал болатын кездеріңіз де болады.

1-5 дейін – Сіз салқынқанды адамсыз. Ештеңе сізді құштарландырмайды. Сіз сезім туғызатын рахатқа бәрібір деп, селсоқ қарайсыз.

**№6 тапсырма.**

Астения деңгейіңізді анықтаңыз.

**Астения деңгейін анықтау**

Астениялық дағдай шкаласын Л. Д. Малков енгізді. Шкаласы 30 сауалдан тұрады.

*Жұмыс ережесі:*

Зерттелушіге мынадай нұсқау беріледі: әр берілген сөйлемді зейін қоя оқып шығыңыз да, төменде берілген төрт жауап нұсқасы бойынша сәйкес санмен дәл қазіргі жағдайыңызға сай бағалаңыз.

Астеникалық жағдай шкаласы

*Жауап нұсқасы*

- 1 – жоқ, дұрыс емес,
- 2 – солай сияқты,
- 3 – дұрыс,
- 4 – өте дұрыс.

1. Мен зор ынтамен жұмыс істеймін;
2. Маған бір нәрсеге қатты зейін болу қиын;
3. Менің жыныстық өмірім мені қанағаттандырмайды;
4. Күту менің жүйкемді қоздырады;
5. Мен бұлшық етімнің әлсіздігін сезінемін;
6. Менің кино немесе театрға барғым келмейді;
7. Мен ұмытшақпын;
8. Мен шаршап тұрмын;
9. Алыстан оқу кезінде көздерім шаршайды;
10. Менің қолым дірілдейді;
11. Менің тәбетім жоқ;
12. Маған кеште немесе шулы ортада болу қиын;
13. Мен әлден оқығанымды ондай жақсы түсінбеймін;
14. Менің қол-аяғым мұздай болып тұр;
15. Мен біреуге жанап, тиіп кете беремін;
16. Менің басым ауырып тұр;
17. Мен таңертең ұйқыдан шаршап тұрамын;
18. Менде бас айналу болады;
19. Менде бұлшық еттің діріл қағып тартуы болады;
20. Құлағым шуылдайды;
21. Мені жыныстық мәселеге қатысты сұрақтар мазалайды;
22. Мен бас жүйкемде ауырлықты сезінемін;
23. Мен жалпы әлсіздікті сезінемін;
24. Мені үнемі белгісіз ойлар мазалайды;
25. Өмір мен үшін шиеленістермен байланысты;
26. Менің басым шеңбер құрсаумен тартылған тәрізді;
27. Мен шуға тез оянып кетемін;
28. Мені адамдар шаршатады;
29. Мен қобалжысам, терлеп кетемін;

30. Түрлі ойлардан ұйықтай алмаймын.

Қорытынды шығару

Зерттелушінің жауаптары бойынша барлық ұпайлар саны қосылып есептеліне-

ді. Ұпай қосындысы 30-дан 120-ға дейінгі аралықта болуы тиіс.

30-50 ұпай – астенияның байқалмауы;

51-75 ұпай – төменгі деңгейдегі астения;

76-100 ұпай – орташа деңгейдегі астения;

101-120 ұпай – анық байқалған астения.

### **№7 тапсырма.**

Астения сапасының деңгейін анықтаңыз.

#### *Оқушының астения сапасының деңгейін анықтау*

**Мақсаты:** Жасөспірім шақтағы оқушылардың жүйкелік-психикалық әлсіздігін және ұзақ денелік және интеллектуалдық істерді атқарудағы қабілетсіздігінің қандай дәрежеде екендігін анықтау.

**Өтетін орны:** Зерттеу индивидуалды, бөлек және жақсы жарықталған, дыбыс кірмейтін орында жүргізіледі.

**Нұсқау:** «Әрбір сөйлемді мұқият оқыңыз, әр сөйлемнің өзіңіздің көңіл күйіңізге сәйкес келетінін төрт жауаптың біреуімен белгілеңіз».

Қорытынды: Әр сұраққа берілген ұпай қосылып төрт түрлі диапазон құрайды.

1 диапазон 30-50 ұпай – астения сезімі жоқ.

2 диапазон 51-75 ұпай – төмен деңгейлі астения.

3 диапазон 76-100 ұпай – орташа астения.

4 диапазон 101-120 ұпай – жоғары деңгейлі астения.

Жауаптар:

1 ұпай – келіспеймін.

2 ұпай – солай шығар.

3 ұпай – келісемін.

4 ұпай – толықтай келісемін.

1. Мен жұмыс істеген кезде қатты шаршаймын.

2. Маған бір нәрсеге назар аудару қиын.

3. Менің өмірім маған ұнамайды.

4. Күткенді ұнатпаймын.

5. Кейде әлсіреп қаламын.

6. Мен театрға немесе киноға көп барғым келмейді.

7. Мен ұмытшақпын.

8. Кей кездерде шаршағанымды сеземін.

9. Кітап көп оқысам, көзім ауырады.

10. Менің қолым дірілдейді.

11. Менің тамақ ішуім нашар.

12. Мен кештерде немесе шулы орталарда болғанды ұнатпаймын.

13. Мен кейде кітаптан оқығанымды түсінбей қаламын.

14. Менің қол-аяғым салқындап кетеді.

15. Мен тез ренжіп қаламын.

16. Менің басым жиі ауырады.

17. Таңертең тұрғанда, өзімді-өзім шаршаған сияқты сезінемін.
18. Менің кейде басым айналады.
19. Бұлшық етім тартылып қалады.
20. Кейде құлағым шуылдайды.
21. Мені жыныстық қатынастар туралы сұрақтар мазалайды.
22. Кейде басымда ауырлық сезімі байқалады.
23. Мен кейде қатты шаршаймын.
24. Кейде басымның әртүрлі аймақтары ауырады.
25. Шифр менің ойымша қиындықтардан тұрады.
26. Кейде басымды бір нәрсеге қысқандай сезінемін.
27. Аз ғана шудан оянамын.
28. Мені қоршаған адамдар шаршатады.
29. Мен қиналған кезде терлеймін.
30. Бір нәрсені көп ойласам, ұйықтай алмаймын.

### **№8 тапсырма.**

Төмендегі сергіту жаттығуларын топта ұйымдастырып, өзгелердің көңіл күйін сезіне біл.

### **Менің эмоцияларым**

Мақсаты: айналадағы адамдардың көңіл күйін сезінуін дамыту және өзінің эмоциясын дұрыс көрсетуін қадағалау.

Жүру барысы: Бұл тренинг топта өткізіледі. Оқушыларға мынадай ұсыныстар айтылады:

- көбелек құсап ұш,
- бүркітше ұқсап ұш,
- кішкентай бала сияқты жүр,
- күзгі бұлт сияқты түңіл,
- итті көрген мысыққа ұқсап жыми,
- шешім таба алмай жүрген адамның бейнесін сал, т.б.

### **Мейірім**

Жақсы сөз жаныңды жадыратады. Қуаныш сезімі бөлейді. Ендеше, өзгелерге де жақсылық сыйлап көрелік. Өзіңнің жақсы туысқаның, танысың туралы қандай жақсы сөздер айтар едіңіз, дайындыққа 5 минут беріледі. Көңіліңіз қалаған адамды таңдаңыз, ол туралы қысқа да нұсқа әңгімелеңіз. Әсіресе қандай қасиеттерін бағалайтындығыңызды айтыңыз.

Қорытынды: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»

### **Әдебиеттер:**

1. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 1996.
2. В. С. Мухина. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1986.
3. В. К. Крутецкий. Психология. – М.: Просвещение, 1986.
4. Қ. Жарықбаев. Психология. Педколледждерге арналған. – Алматы: Білім, 1993.

### Жоспар:

- 9.1. Ерік туралы жалпы ұғым.
- 9.2. Ерік амалын талдау.
- 9.3. Ерік сапалары.
- 9.4. Балада еріктің дамуы және оны тәрбиелеу.

### 9.1. Ерік туралы жалпы ұғым

Өмірде біз адамның қалай жұмыс істейтінін, оқитынын, тынығатынын, сүйікті ісімен шұғылданатынын байқаймыз. Біз оның белгіленген мақсатқа жету жолында ұзақ уақыт талпынатынын, күш-жігер, ақыл-ойын жұмсайтынын, көптеген кедергілерден өтетінін, бойын көрнеген сезімді төжеп отыратынын, шаттық пен қанағат әкелмейтін, бірақ қажетті іс үшін кейбір жағымды жайттардан бас тартатынын көреміз. Мұның бәрінде де адамның *еркі* көрініс береді.

Ерік – адамның қиындықтарды жеңуді талап ететін мақсатты әрекеттер мен қылықтарды жүзеге асыру қабілетінен көрінетін сананың реттегіштік жағы.

Оқушы еденге қалам сауытын абайсыздан түсіріп алды, сөйтіп сыныптағы тыныштықты бұзды; мұғалім аңғармастан оған ақырып жіберді, кейіннен онысына өзі өкінді; солдат офицерді көре салып, аңғармастан оған қолын шекесіне апарып, сәлем берді, бірақ басында баскиім болмағандықтан, ол оны істемеуі керек еді; ол әңгімелесіп отырған адамды өкпелетіп алуы мүмкін болса да, жігіт қасындағы қайғылы әңгіме айтып отырған адамның ума-жума болған шашына көзі түсіп, күліп жіберді. Осы тәрізді әрекеттерді байқамаушылық, импульсивтік аңғармаушылық деп атайды. Адамның барлық реакция-

ларының рефлекторлық сипаттары болады, бірақ жоғарыда айтылған әрекеттердің айырмасы, олардың сананың бақылауынсыз немесе оның жеткіліксіз қатынасуымен, арнайы алдын ала ойламай жүріп жататындығында, сондықтан да оларды еріксіз немесе абайсыз іс-әрекеттер деп атайды.

Әрбір адам сан алуан, қарапайым және күрделі әрекеттер жасап жатады, олардың барлығы да саналы болып, белгілі бір мақсатты көздейді. Мұндай әрекеттерді ерікті немесе әдейі істейтін әрекеттер деп атайды.

Ақыл-ойдан туатын және алдында тұрған мақсаты бар ерікті түрде істелінетін барлық әрекеттерді ерік әрекеттері деп атауға болады. Адамның су ішкісі келді делік, ол қолын созып стақанды алды, су құйып, ішіп жіберді. Бұл – әдейі істелген әрекет, ал осыны орындау қиынға түспегенмен, ерік әрекеті болады. Алайда әрбір адамға көздеген мақсатқа жету жолында әрқилы қиындықтарды жеңіп кедергілерді өтеу үшін, талай-талай іс-әрекет жасау керек. Мұндай әрекеттерді нағыз ерік әрекеті деп атайды. Бұл жерде жеке адамның ақыл-ойымен байланысты оның белсенділігі де көрінеді.

Шын мәнінде алдына қойған мақсатқа жету үшін ішкі немесе сыртқы

кедергілерді, адамда туатын күштің арқасында жеңіп өтудегі психологиялық процесс ерік деп аталынады.

Адамның жеңіп өтетін сыртқы кедергілері деп сол істің өзінің объективтік қиындықтарын, оның күрделілігін, әрқилы бөгеттерді, басқа адамдардың қарсылықтарын, жұмыс жағдайындағы қиыншылықтары есептелінеді.

Ішкі кедергілер – бұлар адамның өзіне жұмыс істету қиынға соғатын, жалқаулық, шаршап-шалдыққандық, алдында тұрған міндетке ешқандай қатысы жоқ басқа бірдеңелермен шұғылдануға құштарлық етпейтін, белгіленген мәселелерді орындауға кедергі жасайтын субъективтік, жеке ниеттен туатын кедергілер. Ішкі кедергіге құштарлық, тілек сияқты жат әдеттер жатады. Адамдар олардан ерік-күшінің арқасында құтылады.

Ал «ерік» терминімен жеке адамның қасиетін де, қиындықтарды жеңе отырып, табандылықпен мақсатқа жету үшін әрекет жасау қабілетін де белгілейді.

«Үлкен ерік дегеніміз, – деп жазады А. С. Макаренко, – бірдеңеге тілек етіп соны іске асыруда ғана емес, сондай-ақ, керек кезінде бірдеңелерден өзінді тоқтата білу. Ерік – ол жай ғана тілек және оның орындалуы емес, ал ол тілек және одан өзінді тоқтата білу де, ол бір сәттегі тілек және одан бас тарту да».

Адам өмірінде еріктің маңызы орасан зор. Ерік кәдімгі күнделікті өмірде, әсіресе үлкен кедергілерді жеңудегі ауыр кезеңдерде керек. Соғыстағы немесе еңбектегі қандай да болсын жасаған ерлік адам еркінің күшті болуын керек етеді. Керісінше, еркі әлсіз адамдар үлкен іс бітіру түгілі, күнделікті өмір қойған міндеттерді атқара алмай, жұмысқа қабілеті нашар болып, басқалардан көмек күтіп, қамқорлығында болғысы келеді. Осындайлардың кей-

біреулері жаман іске құмартып, керексіз әдеттердің құрбаны болады, бұларды жеңіп шығуға олардың ерік күші жетпейді.

Еркі күшті адам тек парасатпен, еңбегімен жақсы өмір сүріп қана қоймай, сондай-ақ шын мәнінде қаһармандық іс жасауға қабілетті болады. Ұлы Отан соғысында Отанын қорғағандардың ерлік жасағаны, ерік күшін көрсеткені жөнінде бірқатар мысалдар келтіруге болады. Олардың ішінде жас жігіттер мен жас қыздар аз емес еді. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, т.б. батырлардың есімдері бүкіл елімізге мәлім.

Біздің елде ерлік, батылдық, сабырлылық, табандылық және басқа ерік сапалары бар, егер олар қоғам үшін пайдалы іске жұмсаса ғана жоғары бағаланады. Егер адам еркін басқа адамдардың есебінен күн көруге, өз басының сау-саламаттығы үшін басқаларды қанауға пайдаланса, онда мұндай ерікті адамның жеке басының жақсы қасиеті деп қарауға болмайды.

Еріктің физиологиялық механизмі де ми қабығының рефлекстік табиғатына жатады. Ерік процесінде жоғарыда айтылып өткен ерікті қозғалыстардың алатын орны ерекше. *Ерікті қозғалыс дегеніміз* – мақсатқа бағытталған қозғалыстар, яғни күрделі шартты рефлекстер. Еріксіз қозғалыстарда туғалық қасиет болса, ерікті қозғалыстар өмірде жүре-бара қалыптасады. Ерікті қозғалыстардың рефлекстік табиғатын И. М. Сеченовтен кейін зерттеген И. П. Павлов болды. И. П. Павлов және оның шәкірттері басқа анализаторлар тәрізді қозғалыс анализаторы да, яғни ерікті қозғалыстар да түрлі тітіркендіргіштермен уақытша жүйке байланысына түсуге қабілетті екенін көрсетті. Адамның ерікті қозғалыстары ми қабығында бұрын пайда болған уақытша

байланыстардың негізінде жасалады. Мұндай қозғалыстар үшін сөз ерекше тітіркендіргіш болып табылады, түрлі қозғалыстарды реттеп, басқарып, тежеп отыратын да осы сөздік сигналдар. Адамның көптеген қозғалыстары іштей сөйлеу арқылы да пайда болып отырады, мұндай сөздер түрлі қимыл-қозғалыстың «басталу белгісі». Адам сөз арқылы нұсқау алады немесе бір тоқтамға келеді, алдына қойған мақсатына сәйкес қимыл-қозғалыстарын реттестіреді. Қозғалыс анализаторының жүйке клеткалары мидың орталық сайының алдыңғы жағына орналасқан. Осы жерде пирамида формасындағы

алып жүйке клеткалары бар. Бұлар жүйке талшықтары арқылы қаңқаның бұлшық еттерімен байланысып жатады. Қозғалыс анализаторын құрайтын жүйке талшықтарын *пирамидалық жол* деп атайды. Пирамидалық жолдың қызметіне зақым келсе, адамның қимыл-қозғалысының берекесі кетеді, мұндайда оны паралич ауруы соғуы мүмкін.

И. П. Павлов «... еріктік қозғалыстың механизмі жоғары жүйке қызметінің барлық заңына бағынатын шартты ассоциациятивтік процесс» деп ерікті мидың уақытша байланыстар принципінің заңына орайлас түсіндірді.

## 9.2. Ерік амалын талдау

Ерік қоғамдық еңбек процесінде пайда болып, қалыптасқан. Тек еңбек ету арқылы ғана адам өзінің әртүрлі амалдарын, қимылдарын көрсетіп, түрлі қажеттерін өтей алады. Адамның еріктік қимылдары оның өмір сүріп отырған ортасының, яғни сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуіне байланысты көрінеді.

Орыс ғалымдары И. М. Сеченов пен И. П. Павлов ерік қимылдарының белгілі бір себепке байланысты пайда болатындығын тәжірибелік зерттеулермен дәлелдеді. И. М. Сеченов: «Кәдімгі ырықты деп аталатын барлық саналы қозғалыстарымызды бейнелеу мағынасында ұғыну керек. Адамның кез келген қимылдарының алғашқы себебі одан тыс болады», – деп еріктің сыртқы ортадан тәуелділігін және бұл ми қызметінің нәтижесі екендігін көрсеткен болатын.

*Ерікті қозғалыс дегеніміз* – мақсатқа бағытталған қозғалыстар, яғни күрделі шартты рефлексстер. Еріксіз қозғалыстарда тумалық қасиет болса,

ерікті қозғалыстар өмірде жүре бара қалыптасады. Ерікті қозғалыстардың рефлексстік табиғатын И. М. Сеченовтан кейін зерттеген И. П. Павлов болды. И. П. Павлов және оның шәкірттері басқа анализаторлар тәрізді қозғалыс анализаторы да, яғни ерікті қозғалыстарда түрлі тітіркендіргіштермен уақытша жүйке байланысына түсуге қабілетті екенін көрсетті. Адамның ерікті қозғалыстары ми қабығында бұрын пайда болған уақытша байланыстары негізінде жасалады. Мұндай қозғалыстар үшін сөз ерекше тітіркендіргіш болып табылады, түрлі қозғалыстарды реттеп басқарып, тежеп отыратын да осы сөздік сигналдар. Адамның көптеген қозғалыстары іштей сөйлеу арқылы пайда болады. Мұндай сөздер – түрлі қимыл-қозғалыстың басталу белгісі. Адам сөз арқылы нұсқау алады немесе бір тоқтамға келеді, алдына қойған мақсатына сәйкес қимыл-қозғалыстарын реттейді. Қозғалыс анализаторының жүйке жасушалары мидың орталық сайының алдыңғы


жағына орналасқан. Осы жерде пирамида формасындағы алып жүйке жасушалары бар. Бұл жүйке талшықтары арқылы қаныққанын бұлшық еттерімен байланысып жатады. Қозғалыс анализаторын құрайтын жүйке талшықтарын *пирамидалық жол* деп атайды.

Адамның еркі алдына мақсат қоюдан басталады. Мәселен, орта мектепті бітіретін оқушының арнаулы оқу орнына түсуге талабы бар. Оқушының бұл мақсатты алдына қоюына мәдени қажеті, білім алуға тырысуы себеп (мотив) болады.

Адам осылай өзінің келешекте белгілі бір бағытта істейтін ісінің мә-

нін жоспарын белгілейді. Мұны еріктік амалдың бастамасы – *тілек* немесе *ниет* деп атайды. Тілек – келешекте істейтін ісімізді ойға бекіту. Егер адам мақсат қояр кезде өзіне не істеу керек деп сауал қоятын болса, әрекетті жоспарлау үстінде қалай істеу керек деген сұрақтар қояды. Осы арада адам мақсатқа жетудің ыңғайлы жолын іздестіреді, оны жеңудің жолдарын белгілейді. Қандай болмасын іс-әрекеттің жоспарын жасау – күрделі процесс. Ол – адамның белгілі білімін, өмір тәжірибесін, ойының орамдылығын қажет етеді.

#### 9.1-сызба



Мақсатқа жетудің жолдары белгіленіп, жоспар жасалғаннан кейін адамның тілегі оның нақтылы қалауына көшеді.

*Қалау* — мақсаттың айқындылығы, оған жеткізетін тиісті жоспардың жасалуы, ойлаудың мекенділігі. Дегенмен тілектен, қалауда өздігінен адамның ерік-жігерін толық көрсете алмайды. Өйткені бұлар кейде бір-бірімен келісе алмай, қайшы келіп отырады. Міне, осындай жағдайда тілек пен қалаудың арасында үйлеспешілік туады. Мұны психологияда *мотивтер күресі* деп атайды.

Еріктік амалдың ең негізгі кезеңі — қандай болмасын *тоқтамды орындау*

*сатысы*. Өзінің қандай болмасын тоқтамын іске асыратын, оны орындайтын кісіні ғана еркі нағыз жетілген адам деп айтуға болады. Талай жақсы тоқтамдардың жүзеге аспай, орындалмай қалатындары да кездесіп отырады. Бұлай болудың себебі орындалуы қиын мақсатты алға қоядан, мақсаттың айқын болмауынан өз ісіне сенімсіздіктен, мақсат еткен нәрсені жан тәнімен сүймеуден болады. Сондықтан адам өзінің алдына шамасы келетін, күші жететін, орындай алатын мақсаттарды қойып, осы жолда түрлі қиыншылықтарды жеңіп отыруы тиіс.

### 9.3. Ерік сапалары

*Ерік сапалары:* Адамның ерік-жігер қасиеттері сан қилы. Бұлардың іс-әрекетінің нақтылы жағдайларына, орындау тәсіліне қарай бірнеше сапалары бар:

1. Еріктің күшіне (тоқтамға келгіштік, кедегілерді жеңе алу, өзін-өзі меңгере алу, батылдығы, шыдамдылық);

2. Адамгершілікке сыйымды ерік қиымының сапаларына (инициатива, принциптілік, тәртіптілік, жинақылық) бөлінеді.

а) *Тоқтамға келгіштік дегеніміз* — адамның небір қиын қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы. Тез тоқтамға келу үшін адам асығып-аптықтайды. Бұл әрбір істі ой таразысына салуды қажет ететін қасиет. Басқалардың ақыл-кеңесін тыңдау, ақылға салу, өзін тежей алу, қателерді көре білу, тәуекелге бел байлай алушылық — тоқтамға келген адамға тән қасиеттер.

ә) *Табандылық:* Табанды адам алған бетінен қайтпай, көздеген мақсатына қайткен күнде де жетуді мақсат етеді.

Ол қажымай-талмай әрекет етіп, осы жолда небір қиыншылыққа төзіп, оларды жеңіп отырады. Мұндай адамның ерік күші қиыншылыққа қарсы батыл күрес үстінде одан сайын нығая түседі мектеп оқушыларын табандылыққа тәрбиелеуде мұғалім мына шараларды жүзеге асырып отырады:

1) Баланың жас кезінен қолына алған ісін ылғи аяқтатып, оның қолынан іс келетіндігіне сенімін арттырып отыру қажет;

2) Оқушы дербес әрекет жасауға, өз бетімен қиыншылықтармен күресе білуге үйретіледі. Қажетті жерінде тәрбиешінің өзі өнеге көрсетіп отырса тіптен жақсы;

3) Баланы ұжымдағы ортақ мүдде үшін күресе білуге баулу, көпшілік алдындағы борышын, жауапкершілігін өтеуге жұмылдыру, оған берілген тапсырмалардың орындалу сапасын қадағалау — табандылыққа тәрбиелеудің басты жолдары.

Сонымен, табандылық кісі талғаймайды, кім болса да, тек еңбекті сүйе

білген осы жолда ерекше жігер көрсетіп, іске мейірлене, құлшына кіріскен адамдардың бойында даритын қасиет.

б) *Ұстамдылық немесе өзін-өзі билеу дегеніміз* – адамның өзін-өзі ұстай білуі. Өзінің мінез-құлқында толық бақылауды сақтай отырып, ол өзінің бойындағы қолайсыз ойысуларды, импульстік әрекеттерді, аффектілерді (мысалы, ашу-ыза, үрей) жеңеді. Ұстамдылықтың болуы адамды өзіне сын көзбен қарайтын етеді, ақылға қонымсыз қылықтардан бойын аулақ салуға көмектеседі. Ұстамдылық, өзін-өзі билеу мұғалімге өте керек. Балалардың мінез-құлқын, олардың оқу материалын түсінбеуі мұғалімді жиі ренжітеді, әрі болып отырған жағдай талап ететіндей әрекет жасау үшін, үлкен ұстамдылық қажет. Өзін-өзі билеу мұғалімге шамданудан бой тартуға, қысылуды, абыржуды басуға, жасқаншақтауды, тұйықтық және ұжымдық пен жұмыс істегенде кейбір адамда туатын психикалық күйін жеңуге көмектеседі.

в) *Тәртіптілік дегеніміз* – адамның өз қимыл-қозғалысын, ой мен тілегін әр уақытта ұжымдық ырқына бағындыра алу қабілеті. Адам неғұрлым өз қылығының қоғамдық мәнін жақсы ұғынса, соғұрлым зор сеніммен, белсенділікпен әрекет етіп, өзінің Отан алдындағы жауапкершілігін жақсы түсінеді. Жекешіл, ұжымнан оқшауланып жүретін адамда тәртіптілік жағы аз болады. Кісінің тәртіптілігі оның жинақылығымен, іс-әрекетінің жоспарлығымен тығыз байланысты.

Оқушыларды тәртіптілік пен жинақылыққа тәрбиелеу дегеніміз – олардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыру, әрбір кішкентай істің өзіне тиісінше мән беріп отыруға үйрету қоғамдық істе де, жеке өмірде де қатаң тәртіп сақтау, ыждағаттылыққа, ұқыптылыққа үйрету, бір сөзбен айтқанда, осылардың барлығын олардың қанына «сіңіріп» отыру деген сөз.

г) *Ерлік дегеніміз* – алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет. Сонымен қатар, ерлік-батылдық пен ұстамдылықтың, табандылық пен тез тоқтамға келгіштіктің адамның басында ойдағыдай тоғысуы. Ерлік істеген сәтте адам тіпті өзіне өлім қаупі төнсе де сасқалақтамайды, өз рухын жақсы ұстай алады, басына түскен ауыртпалықты мойымай көтереді, өз мақсатын асыл мұратына бағындырып, мұны ең негізгі борышым деп есептейді. Ерлік көбінесе қоғамдық мәні бар істерде көрінеді. Сондықтан да ол адамның өз халқына, Отанына қалайша берілгендігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Осы айтылған ерік сапаларымен әр адам өз басын тәрбиелей алады. Бастауыш сынып оқушыларын да осыған баулу қажет. Мәселен, баланың өзіне серт беруге, міндеттеме алуға, өз ісін мақұлдап не айыптап отыруға, қажетсіз істен бас тартып, одан тежеуге үйрету өзін-өзі тәрбиелеуіне үлкен көмек тигізеді. Әрине, бұған мұғалімнің дұрыс басшылығы керек. Орыстың ұлы педагогы К. Д. Ушинскийдің жас кезінде өзін тәрбиелеу мақсатында жасаған жоспары көңіл аударарлықтай. Ол жоспар мына төмендегідей:

1) Ерекше сабырлылық, ең болмағанда сырттай сабырлы болу.

2) Сөз бен істе әділ болу.

3) Қимыл-қозғалыстың ақылға қонымдылығы.

4) Тоқтамға келе алу.

5) Өзің жөнінде орынсыз бір сөз де айтпау.

6) Уақытты мақсатсыз өткізбеу, кездейсоқ іске ұрынбай, тек көңілге алған ісіңмен ғана айналысу.

7) Қажетті, не ұнамды нәрсеге ғана бой ұсыну, көрсе қызарлыққа салынбау.

8) Әр кеш өзің істеген іске мұқият есеп беріп отыру.

9) Еш уақытта да өткендегі, не қазіргі, не алда болатын ісіңмен мақтанбау.

10) Осы жоспарды ешкімге көрсетпеу. Балалардың бойына кез келген ерік сапаларын қалыптастыра

беруге болмайтыны түсінікті. Ерік сапаларының мазмұны қандай, олар неге бағытталған, қоғамдық пайдалы әрекет жасауға бағытталған ба, әлде жеке қара басының мүддесін көздеуге бағытталған ба – міне, негізгі мәселе осында.

#### 9.4. Балада еріктің дамуы және оны тәрбиелеу

Жаңа туған балада шартсыз рефлекс-тер түріндегі ырықты қозғалыстар ғана болады. Сондықтан шын мәніндегі ерікті қимыл бұл кезеңде байқалмайды. Балалардың еркінің дамуы ырықты қозғалыстар жасауға үйрене бастаудан, яғни өз қозғалысын, денесін басқара алудан көрінеді. Баланың өз қозғалыстарын басқара білуіне тілінің шығуының маңызы зор. 3 жасар балада ырықты қозғалыстар біршама жетілген.

Ерік кемістіктері жас балаларда көбірек кездеседі. Соның бірі – қыңырлық. Денсаулығы нашар, ағзасы әлсіз бала шаршағыш, ашуланшақ келеді. Осындай әдеттен денсаулығы жақсарысымен арыла бастайды. Отбасындағы теріс тәрбиеге байланысты да балада қыңырлық қалыптасады. Баланың дербестілікке ұмтылуымен санаспауда қыңырлықтың екінші бір түрінің пайда болуына жағдай жасайды. Баланың мінез-құлқын жөнге салып отыру, бақылау жасау оны дербестігінен айыру болып табылмайды. Бақылау жасауды ретімен пайдалану қажет.

Үлкендердің айтқанына немесе тыйым салғанына қарамастан, өз ойлағанын табанды түрде іске асыратын балалар да болады. Мұндай бала ешқандай дәлелмен санаспайды. Өз тілегін орындау жолында кедергі көрмеген баланың қасарыспа болып өсетіні сөзсіз. Бала туған күнінен бастап мол

дүниеге кезігетін болса, бұларды ылғи табыла беретін нәрсе деп ойлайды. Мұндай бала өзін ешкімнің алдында міндетті, борыштымын деп санамайды. Баланың осылайша өсуі – жанұя тәрбиесінің үлкен қатесі. Қандай болмасын бір жұмысты басқаның талабымен орындауға, яғни өзінің алдына қойған мақсатын іске асыруға мәжбүр болған бала түрлі кедергілерді жеңе білуге үйренеді. Балаға жүктелетін міндет оның орынсыз талаптарын тыя алуға себепші болады. Үлкендер балаға жүктелген міндеттің орындалуын міндетті түрде қадағалап, қойылған талаптардың баланың жас мөлшеріне сәйкес болуын ескеріп отыруды естен шығармаулары тиіс.

Ерік-жігерді тәрбиелеуде баланың жеке басын жақсы тани білу, оның әрекетінің негізгі мазмұнын түсіну, осыған орай тиісті тәрбие тәсілдерін қолданып отыру қажет болады. Бұл үшін тәрбиеші баланың ақыл-ой әрекетін өсіру, оны тәртіптілікке үйрету, өз еркін ұжымға бағындыра алу, жақсы әдеттерге машықтандыру, ұлы адамдардың өнегелері мен істеріне еліктеу, дене шынықтыру мен спортқа әуестендіру, дүниетанымы мен сенімін қалыптастыру сияқты жұмыстарды ретіне қарай жүргізіп отыруы тиіс.

Ерік сапалары мектеп жасында, оқу процесінде кемелденеді. Мектеп тәртібі шәкірттің ұстамдылық, өзін-өзі

билеу, орнықтылық, жауапкершілік сипаттарын дамытып жетіледі. Үйірмелер жұмысы іс-әрекетті шәкіртті тапқырлықпен, инициативалы орындауға үйретеді. Ұжым өмірі, ұжым еңбек-ерікті әрекетті дамытатын итермеші себеп. Қызығудың дамуы еріктің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Арман ерік сипаттарын қалыптастырады. Ерік тәрбиесінің міндеті – еріктің батылдық, өзін билеу, табандылық, төзімді, сабырлы, принципшіл жарамды сипаттарын қалыптастыру. Егер жарамыз сипаттар көрініс берсе, жарамсыз бағытын тежеп, шегеріп, жарамды бағытта дамыту. Еріктің тәрбиесі ойлау және сезім тәрбиесімен тығыз байланысады. Ойлау қабілеті дамыса, кісі саналы түсініп, мақсат таңдайды, мотивтер та-

ласын терең тексеріп, шешімге келіп, әрекет істейді. Отаншылдық, адамгершілік борыш сезімдері ерікті дамытуға итермеші себеп болып табылады.

Ерік тәрбиесінің мақсаты – еріктің жеке сипаттарын дамыту ғана емес, жеке сипаттарды орнықтырып, адамның меншікті қасиетіне, даралық сапасына айналдыру. Жеке адамның меншікті сапасы, мінезінің қасиеті болады. Сондықтан еріктің тәрбиесі мінездің сапасын дамытып, қалыптастырады. Ерікті дамытуға ерік сапасы жоғары кісілердің үлгі-өнегесі әсер етеді. Өнегелі үлгіге бала да, үлкен де еліктейді. Өзінің әрекет, қылығында еріктің биік сапалы үлгілерін балаларға көрсету – ата-ананың, тәрбиешінің, мұғалімнің ардақты міндеті.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ерік дегеніміз не?
2. Ерік әрекетінде қандай кедергілерді жеңуге тура келеді?
3. Ерік амалын талдау қандай кезеңдерге бөлінеді?
4. Адамның негізгі ерік сапалары қандай?
5. Баланы еркін тәрбиелеудің жолдары мен әдістері қандай?

### №1 тапсырма.

Төмендегі тест сауалдарына жауап беру арықылы ерікті адамсыз ба? Соны анықтаңыз.

### **Ерікті адамсыз ба? (тест)**

1. Қызықты емес жұмысты соңына дейін аяқтай аласың ба?
2. Күш салмай-ақ сіз жұмысты соңына дейін аяқтай аласың ба?
3. Жұмыс барысында немесе сабақ кезінде қайшылықты жағдайда өзіңізді ұстай аласыз ба?
4. Сіз диетаға отыруыңыз қажет, осы жағдайда төтті тағамды қабылдай аласыз ба?
5. Егер қажет болмаса, таңертеңмен ерте тұра аласыз ба?
6. Егер бір жағдай болған кезде сіз куәгер бола аласыз ба?
7. Хатқа тез жауап бересің бе?
8. Егер ұшақпен ұшу кезінде, тіс дәрігеріне қаралу кезінде, аз уақытта өз ойыңызды өзгерте аласыз ба?

9. Дәрігердің қадағалауымен жағымсыз дәріні қабылдай аласыз ба?
10. Өз сөзінде тұра аласың ба, егер ол сізге қиынға соқса да?
11. Еш қарсылықсыз сіз басқа қалаға іс-сапарға барасыз ба?
12. Күн тәртібін қатаң сақтайсыз ба?
13. Кітапханаға кітап тапсырмай қалған күнің бар ма?
14. Сіз теледидардағы қызықты хабарлар үшін маңызды жұмысыңызды қалдыра аласыз ба?
15. Сіздің көңіліңізге тисе де, қатты-қатты сөздерге қарсыласпай тұра аласыз ба?

Интерпретация:

Жоқ – 0.

Иә – 2.

Білмеймін, анда-санда – 1.

0-12 ұпай: Сіздің ерік-күшіңіз төмен. Сіз өзіңізге жеңіл және көңілді, ұнамды жағдай жасайсыз, бірақ бұл ұзаққа бармайды және бұл әртүрлі жағымсыз себептерге себеп.

13-21 ұпай: Сіздің ерік-күшіңіз орташа. Егер біреумен ренжіскен жағдайда, тезірек достасуға асығасыз. Бірақ бір рет шыққанда осы жағдайды пайдалануға тырысады. Егер еріксіз жағдайда артық міндет өзіңізге артпаңыз.

22-30 ұпай: Ерік-күшіңіз өте жақсы. Сізге сенуге болады және сіз алдап кетпейсіз. Кейбір кезде сіздің тұрақты шешіміңіз бір қорытындыға келе алмайды.

### **№2 тапсырма.**

- 1) Бала дүкенге барып дәптер сатып алып келді. Осыны ерікті іс деп атауға бола ма?
- 2) Адамның ерікті ісінде 3 кезеңнің қайсысы негізгі роль атқарады?
- 3) Адам еркінің барлығын оның қандай белгілеріне қарап білуге болады?
- 4) Адамның ісі мен ниеті үнемі бірдей болып келе ме? Ертеде жұрт «адал ниет», «арам ниет» деп адамның қандай қасиеттерін айтқан?

### **№3 тапсырма.**

Кедергіні жеңіп шығуды (ішкі немесе сыртқы) керек ететін ерік әрекеттеріне мысал (өмірден немесе әдебиеттен) келтіріңіздер.

Мотивтер күресі туралы (өз өмірлеріңізден немесе басқа адамдардың өмірінен) айтып беріңіздер.

## **ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

**1. Ерік дербес жасайтын нақты қайырымды не жауыз құбыжық күштеріне енген құбылыс деп түсіндірілуші ортағасырлық үрдіс атамасы:**

- A. Экзорис;
- B. Экзистенциализм;
- C. Метафизика;
- D. Неотомизм;
- E. Прагматизм.

**2. Ерік әрекеттерін орындауда адамның саналы әрекеттерін зерттеуші жүйке құрылымы:**

- A. Бірінші сигналдық;
- B. Бірінші, екінші сигналдық;
- C. Екінші сигналдық;
- D. Жұлын;
- E. Сопақша ми.

**3. Еріктік әрекет желісінің бастапқы басқышының негізгі міндеті:**

- A. Мақсат белгілеу;
- B. Орындау;
- C. Талдау;
- D. Талқылау;
- E. Шешім қабылдау.

**4. Ерік сапасы ретінде дербестік мәні:**

- A. Басқалар көзқарасын түгелдей жоққа шығару;
- B. Көңіл күйге тоқтам бере алу;
- C. Қалыптасқан іс-әрекет тәсілін өзгертуге ұмтылыс;
- D. Өз сенім-нанымдарына ие болу;
- E. Толғаныстардың бәрін ысырып, жедел шешім қабылдау.

**5. Ерік сапасы, батылдық мәні:**

- A. Барша күш қуатты көзделген мақсатқа тез шоғырландыра алу;
- B. Жад әрекеттерін біден төмендетпей қиыншылықтарға төзе білу;
- C. Жылдам, берік шешім қабылдау әрі оны іске асыра білу;
- D. Қорқыныштың бәрін басып, адамды тәуекелге келтіру;
- E. Орындалатын іске қарап, оған қажетті белсенділікті барластыра алу.

**6. Ерік сапасы батылдыққа тікелей қарсы ұнамсыз сапаларға қарсы ерік қасиеті:**

- A. Енжарлық;
- B. Көзсіздік;
- C. Қорқақтық;
- D. Ұстамсыздық;
- E. Шыдамсыздық.

**7. Қабылданған шешімнің тиімді нәтижелі орындалуы үшін ең қажет адам қасиеті:**

- A. Өзіндік бақылау мен өзіндік бағалау;
- B. Ресми көрсетпелерден шықпау;
- C. Сырт талаптарға жүгіну;
- D. Тәуекелшілдік;
- E. Шаблондаға еліктей білу.

**8. Адамның өз борышын орындауы тәуелді:**

- A. Ерікке;

В. Қабілетке;  
С. Мінез;  
D. Сөзімге;  
Е. Танымға.

**Әдебиеттер:**

1. В. К. Крутецкий. Психология. – М.: Просвещение, 1986.
2. Қ. Жарықбаев. Психология. Педколледждерге арналған. – Алматы: Білім, 1993.
3. Ж. Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
4. Л. И. Рувинский. Хохлов С. И. Ерік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек. – Алматы, 1989.

### III бөлім. Жас ерекшелік психологиясының негіздері

#### 1-тарау. Жас ерекшелік психологиясына кіріспе

##### Жоспар:

- 1.1. Жас ерекшелік психологиясының анықтамасы.
- 1.2. Жас ерекшелік психологиясын зерттеу тарихынан.
- 1.3. Жас және педагогикалық психологияның зерттеу әдістері.
- 1.4. Тест тәсілі.

##### 1.1. Жас ерекшелік психологиясының анықтамасы

1. Жас және педагогикалық психология өзара дербес пәндер. Бұлар психология ғылымының әртүрлі саласына жатады және мұның дербес будақтары болып саналады. Жас психологиясын алып қарасақ, бұл ілім адамның әртүрлі жас кезеңіндегі психикасының даму ерекшелігін зерттеп қарастырады. Бұл саланың ең көрнекті бөлшегі – балалар психологиясы – бөбектер мен жасөспірімдердің есею процесін зерттеп қайткенде бұлар сапа жағынан тиісті дәрежеге жете алатынын зерттейді. Педагогикалық психологияны алып қарасақ, осы сала оқу-тәрбие үстінде оқушылар білім мазмұнына қайткенде, не үлкендердің тілін алып, тәрбиесіне көнеді, – соны зерттейді. Қорытып айтқанда бұл екі пәннің екеуінің жүйелік тұрғыдан алып қарағанда бірінің екіншісіне айтарлықтай қатысы жоқ, олар психология ғылымының әртүрлі салаларына жатады. Солай бола тұрса да, осылардың зерттейтін объектісі біреу-ақ: ол – бала. Бірақ

баланы зерттегеніне зерттеуші оның психикасының әртүрлі жағын алып қарастырады. Біз психология бұтақтарының бұл түрлеріне дербес тоқтап кетелік.

Жас психологияның қарастыратыны: бала психологиясы, студент жасы, т.б. және геронтология, яғни қартаюды зерттейтін ілім жатады. Осылардың ішінен біз тек бала психологиясына тоқталатын боламыз.

Баламен тек психология ғана айналысып қоймайды өзге ғылымдар да (педагогика, анатомия мен физиология) өз саласы тұрғысынан зерттейді. Психология баланың ақылының кіріп, қалай есейетінін, анатомия бала дене құрылысының әр жаста түрліше өзгерістерге ұшырайтыны мен айналысады. Сол сияқты педагогика баланы оқу-тәрбие жұмысы үстінде нендей тәсілдер қолданып, ұғындыруға, не тіл алдыруға болатынын зерттейді. Демек, баланы зерттеуде әр ғалым өзіне тиісті саласымен шұғылданады.


Біз бала психологиясының өз алдына қоятын міндеті, сол баланың жан дүниесі күннен-күнге өріс алып есейеді, соны зерттейді дедік. Әрине, есею заманының қоятын талабына қарай түрліше талап бір басқа да, қазіргі кезде мүлде өзгеше. Дегенмен есею дегеніміз – өткен кезде де және қазір де де баланың ақылының кіріп, жақсы не жамандықты, әділеттілікті не әділетсіздікті ажырата алуы. Бала психологиясы тек мектепке дейінгі балалармен айналысып қана қоймай, мектепте оқытандардың ұғымталдығы мен ой-өрісінің интеллектісінің қалыптасуымен де айналысады. Осыған орай есею деген ұғым бұрынғыдан қазір өзгеге мағынада қолданады: бұл сан алуан есептерді шығарудағы шеберлік, тапқырлық не өзге пәндердегі мазмұнды ұғып, солардың тиісті қорытынды жасай алуы, т.б. Бала психологиясы сол

сан алуан ұғымталдық, ақыл, т.б. және осыларды туғызатын жағдайлар. Мен факторларды және интеллектің қалайша қалыптасатынын зерттейді. Есеюге байланысты бұл жәйіттерді зерттеу – балалар бақшасы мен мектептер үшін сол жұмыс үстінде ұқыптылық пен ақылдың қаншалықты дамитынын білу өте қажет.


Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалармен ойын не тәлім-тәрбие жұмысының өзіне тән тәсілдерін зерттейтін ғылым педагогика екені мәлім. Педагогика алдына қоятын міндетін орындау үшін жас психологияның зерттеу үстінде жинаған мәліметтеріне сүйеніп отырады. Өйтпесе оның міндетін орындай алу мүмкін емес.

Жас психологиясының зерттеу үстінде тапқан мәліметтері тек оқу-тәрбие жұмысы үшін қажет емес, оның үлкен философиялық мәні бар.

### 1.1-сызба



### 1.2-сызба



## 1.2. Жас ерекшелік психологиясын зерттеу тарихынан

Жас және педагогикалық психологияның дамымай тұрған кезінде жұрт балаларын оқытты, оқытпағанның өзінде тиісті шаруашылық саласына (мал бағу, егін айдау, т.б.) үйретті. Үйретпесе де кішілер үлкендердің жұмысына еліктеп, соған ие болуға тырысты. Осы кездерде туған туысқандарды жас мөлшері мен санасып, кім жасына қарай қаншалықты ақылды не ақылсыз екені туралы мәліметтер таратты. Бірақ бұл мәліметтерді ғылым деп санауға болмайтынының себебі мынада: И. Ньютон өзінің физикадан жаңалықтарын ашпай тұрған дәуірлерде де, біздің санамыздан тыс, сол құбылыстарға байланысты физикалық заңдылықтар болып келеді. Бірақ мұны физика ғылымы деп айтуға болмайды. Өйткені осыны ғылым деп атау үшін сол фактілерді (физикалық құбылыстарды) жинап белгілі бағыт тұрғысынан қорытынды (теориялар, идеалар, т.б.) шығару қажет. Сол сияқты бұрын жұрт арасында таралып келген, бірақ тиісті тұрғыдан талдау жасалынбағандықтан, фактілерді ғылыми деп санауға болмайды. Біз бұл жерде өткен замандағы баланың мінез-құлық, ақыл-ойы туралы мағлұматтардың пайдасы жоқ демейміз. Бірақ соларды ғылым дәрежесіне айналдыру үшін қазіргі бағыт тұрғысынан соларға талдау беру қажет екені жөнінде айтып отырамыз. Біз осыларды еске алып, қалайша жас және педагогикалық психология ғылым дәрежесіне айналады, осы үшін қандай ғалымдар еңбек сіңірді, соған көшейік.

XIX ғасырдың ортасына дейін бала психологиясы жалпы психологиядан бөлінбей, сол пәннің қол астында болып келеді. Кейін ол жалпы психологиядан бөлініп, соның бір атауына айналды. Бұған түрткі болған себеп-

тер мыналар: Ч. Дарвин (1809–1882) негізін құрған жануарлар дүниесіндегі сұрыпталу заңдылығы; осыған орай сол ғасырдың екінші жартысында дамып шыққан рецепторлар физиологиясының өріс алуы (Г. Гельмгольц), жүйке жүйесі жұмысын рефлекторлық тұрғыдан дәлелдеу (И. М. Сеченов). Мұнымен қатар, жас психологиясы туралы мағлұматтардың жиналуына, біріншіден, әсер еткен балаға туғандардың күнделіктер жазып, соған талдау беруі; екіншіден, балалар психологиясын зерттеуде эксперименттер тәсілдерін кеңінен қолдануы әсер етті. Біз осыларға тоқталайық:

Ч. Дарвин өз заманында жануарлардың мінез-құлқын зерттеу мен айналысып қана қоймай, өзіне қажет деген мағлұматтар бөбектерде кездесе ме және жануарлар балапаны мен баланың арасында ұқсастық бар ма деген мәселе көтерген. Оған орай Дарвин өз баласына күнделікті жазды XX ғасырдың бас кезінде психологтар арасында бөбектерге күнделік жазу өріс ала бастады. Мысалы, сол кездерде немістің атақты психологы В. Штерн әйелімен бірлесе отырып, өз баласына ұзақ жыл күнделік толтырып, сол күнделіктің мазмұнының бірқатары басылып шығып, кейін дүние жүзі тілдерінің көпшілігіне аударылғанды. Сол кездегі жас психолог Ж. Пиаже бірнеше жыл баласына күнделік жазып, өз зерттеулерінде күнделіктегі фактілерге сүйенеді. Біздің елде тілші А. Н. Гвоздев сегіз жылдай өз ұлына күнделік толтырып, сондағы фактілерге сүйене отырып, «Орыс тілі грамматикасының балада қалыптасуы» деген кітап жазды. Бұдан ертерек кезде психолог Н. А. Меншинская баласына бірнеше жыл күнделік толтырып, осы арқылы табылған фак-

тілерді жариялады. Осы ғасырдың бас кезінде АҚШ психологтары Келлогтар (ерлі-зайыптылар) өз баласымен қатар шипанзе маймылының күшігін асырап, бірге жатқызып, бірге тамақтандырып, ойындардың әр түрлеріне үйрететін болатын. Біздің елде Н. Н. Лодыгина-Котц Иони деген шипанзенің күшігін өз баласымен бірге төрт жылдай бағып, күнделіктер толтырып, кейін осыған негізделіп «Адамның және шипанзенің балалары» деген кітап жазды.

Бұл жүргізілген зерттеудің мақсаты маймылы қолдан адам қатарына айналдыруға болатынын не болмайтынын анықтау болса да, зерттеудің бұл түрі баланың психологиясы жануарлардың күшігінен өзгеше келетінін анықтау еді. Күнделік арқылы табылған фактілердің өз бала психологиясы туралы мәліметтер дамып, соған нәтижесінде бала психологиясының өзінше отау тігіп қалыптасуына ықпалын тигізді.

Мұнымен қатар XIX ғасырдың аяқ кезінде және осы ғасырдың бас кезінде бала психологиясын зерттеуде эксперимент кеңінен қолданып, осы саланың жалпы психологиядан бөлінуіне әсер етті.

Бала психологиясын эксперимент қолданып зерттеуге еңбек сіңірген психологтар: А. Бине (1807–1911), В. Штерн (1871–1938), К. Коффка (1886–1941), Ж. Пиаже (1896–1980) болатын, бұлар экспериментті әр жастағы балаларға қолданды, осылардың ішінен баланың қалай есейетінін зерттеуге үлкен үлес қосқан А. Бине мен В. Штерн, Ж. Пиаже еді. Ж. Пиаже 1916 жылдан бастап балалардың ой-өрісі шұғыл зерттеуге кірісті. Ұстаздың осы салаға сіңірген еңбегі сонша, оны осы жөніндегі зерттеулерін жер жүзі психологтарының көпшілігі қазірге дейін басшылыққа алады.

Ж. Пиаже Женева қаласындағы балалардың ой-өрісін білу жөнінде эпис-

темология дейтін ілімінің негізін салып, осы туралы БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО тарапынан эпистемология орталығын ұйымдастырып, содан зерттеу жүргізіп, өзінің осы жөніндегі қорытындыларын бірнеше тілде көп том етіп жариялады.

Шет елдегі жас психологиясы туралы мағлұматтарға көңіл бөлуге жоқ болғандықтан, біз үстірт қарастырып отырмыз. Кейбір мағлұматтарға қарағанда балалар психологиясын зерттеу АҚШ-тағы Калифорния университетінің жанындағы психологиялық лабораторияда кеңінен дамыған. Бұлардың қолданатын зерттеу әдістерінің бірі – генетикалық тәсіл. Генетикалық тәсілді сол лабораторияда Лонгитюд әдісі деп атайды. Бұл зерттеудің программасы көптеген жылдарға созылды. 1928 ж. бұлар 248 бөбекті /21 ай толғанда/ зерттеп, сосын оларға 18 жас, кейін 30 және 40 жас толғанда зерттеді. АҚШ-тың басқа бір қаласында баланы 18 жыл үздіксіз зерттеп, кейін осындай зерттеулер Англиядағы Оксфорд университетінде де зерттелген. Нәресте жасына орай жасалынған зерттеулер арқылы табылған кейбір эксперименттердің қорытындысы орыс тілінде аударылған Т. Базрдың кітабында қамтылған.

Біздің елде бала психологиясының тарихына келсек, осыған орай жүргізілген зерттеулер тек қазан революциясынан кейінгі кездерде болды. Мұндай зерттеуге әсер еткен, біріншіден, И. П. Павлов шәкірттерінің жұмысы Н. И. Красногорскийдің, т.б. Красногорский осы салада 1903 жылдан бастап зерттеу жүргізді. Екіншіден, В. М. Бехтеревтің басшылығымен оның шәкірттері (Н. М. Щелвонов, т.б.) жүргізілген зерттеулер.

Бұл зерттеулер көбіне балаларда шартты (немесе Бехтеревтің теоремасы бойынша «ұштастыру») рефлекстері туралы зерттеу жүргізілді. Екіншіден, сол кездегі бала психологиясын

зерттеуге үлес қосқандар: Н. А. Рыбников (1880–1961), К. Н. Корнилов (1879–1959), П. И. Блонский (1884–1941), Л. С. Выготский (1896–1934) және соңғы кездерде айналысқандар: Д. Б. Эльконин, Л. И. Божович, П. Я. Гальперин, т.б.

Ал педагогикалық психологияның зерттеудің тарихына келсек, бұл туралы ізденулер ХІХ ғасырдың аяқ кезінен бастап жүргізілді. Психологияның бұл саласының дамуына сол кездерде үлес қосқан К. Д. Ушинский (1823–1871) болатын. К. Д. Ушинский былай деген: «егер педагогика адамды әр жақты етіп, тәрбиелегісі келсе, оны ол барлық жағынан да жақсы білуі қажет». Психолог Т. Т. Тәжібаев (1910–1964) өзінің К. Д. Ушинский туралы монографиясында оның педагогикалық психологиясының негізін салған ғылымның бірі екенін дәлелдеп берді. П. Ф. Каптеров «Педагогикалық психология» деген оқулық жазып шығарды (1877). Бұдан соңғы кезде А. П. Нечаев (1875–1946), т.б. педагогикалық психологиясы тұрғысында алып қарап, ұғыну процестерін ассоциативтік (әсіресе ұқсастық ассоциациясы) тұрғысынан дәлелдеген болатын (1905 ж.).

Алғашқы кезде психологтар мен педагогтардың көпшілігі педагогикалық психологияның мәнін терең түсінбеген. Осылардың кейбіреулерінің (Ф. П. Каптеров, т.б.) айтуынша, педагогикалық психология мұғалімдерге көмекші ретінде арналған оқу құралы болуы тиіс. Бұл құралда ірі психологтардың мұғалімдер қауымына арналған кеңестері мен өсиеттері қамтылуы шарт. Өзгерінің айтуынша (А. П. Нечаев, Н. Е. Румянцев), педагогикалық тәжірибе саласына арнап ешқандай зерттеу жүргізудің қажеті жоқ. Педагогикалық психологияның мақсаты жалпы психологияның қол жеткен табыстарының оқыту, не тәжірибе жұмысына әкеп қолдану; егер

біз осы дәрежеге жете алсақ деді олар, мектептегі тәлім-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоя аламыз. Бұл да қате пікір. Өйткені педагогикалық психологияны дұрыс жолға қою үшін осы жөнінде зерттеу жұмысын жүргізу қажет.

Мұнымен қатар сол кезде кейбір психологтар (А. П. Нечаев) педагогикаға қарсы шығып, мұның қағидалары өте дәрменсіз, мұғалім мен тәрбиешіге айтарлықтай көмегін тигізе алмайды. Сондықтан педагогиканы жоқ қылып, оның орнына эксперименталдық педагогика орнату керек деген. Сол кезде эксперименталдық педагогика деп педагогикалық психологияны айтатынды. Осы ұсыныстар Бүкіл ресейлік педагогтар мен психологтардың 1906 жылдан 1916 жылға дейінгі болған съездерінде 10 рет күн тәртібіне еніп, осы туралы қаулы алынған болатын. Кейін болған өзгерістерге орай бұл қаулылар орындалынбай қалды. Осы пікір қате болып есептелінді. Өйткені педагогика мен педагогикалық психология бөлек, өзінше дербес ғылымдар. Сондықтан біреуінің ролін көтеру арқылы өзгесінің дәрежесін төмендетуге болмайды.

Осы соңғы пікір кеңес дәуіріне дейін (1925–1926 жж.-ға дейін) психологтар арасында таралынып келеді. Сол кезде П. П. Блонский педагогикалық психология мектеп тәжірибесіне тікелей байланысты болғандықтан, жалпы психологияның негізінде құрылуы тиіс деген. Оның айтуынша, психология педагогиканың негізі болуы үшін негізінде дербес зерттеу жұмысын жүргізудің қажеті жоқ, бұл тек жалпы психологияның жәйттерін мектептегі оқыту және тәрбие жұмысында қолдану керек делінген. Осы пікірге Л. С. Выготский қарсы шығып, педагогикалық психологияны дұрыс жолға қою үшін жалпы психологияға негізделу жеткіліксіз, бұл үшін сабақ үстінде не тәрбие жұмысында балалардың ұғыну не тілалғыш проце-

сін зерттеп, осы арқылы табылған мәліметтерге оны негіздеу қажет деген.

Л. С. Выготский осындай дәлелдеді келтірерде мынадай дерекке сүйенді: жалпы психология – өзінше ғылымның бір түрі. Ал ғылым жетістігіне негізделі отырып, оқыту-тәрбие жұмысына пайда келтіру мүмкін емес. Себебі пайданы не нәтиже: 1. көздеу тек ғылым жетістігіне тірелмейді. Өзінше сипаттағы ол бөлек салаға жатады. Выготскийдің соңғы пікірі өте құнды. Шындықты көздеу және пайданы көздеу адамның әртүрлі іс саласына жатады. Шындықты көздеу ғылымға жатады да, пайданы көздеу прагматикаға жатады. Сондықтан ұстаздың осылай деуінде үлкен мән бар.

Л. С. Выготский осы өсиетті шәкірттерінің еңбегінде басшылыққа алынып, педагогикалық психологияның өзіне тән заңдылықтары оқушылар мен ұстаздар іс-әрекетінде зерттелінетін болды. Бірақ осы идеяны іс жүзіне асыру көпке дейін созылады. Осының себебінің бірі мынадан: педагогика ғылымын сынға алушылар оны жоқ етуге жақындатып 30 жылдары біздің елде педология (*pedo* – бала, *logos* – ілім) дейтін ілімнің негізін құрды. Педология баланы зерттеуде үлкен табыстарға жетті, зерттеулерінде математикалық

статистиканы қолданып, зерттеу жұмысын жоғары сапада жүргізетін болды. Дегенмен бұл ілімнің көптеген қате жақтары да кездесетін: біріншіден, зерттеушілер баланың оқуға ұғымталдығын, ұқыптылығын тексере отырып, осы іштен туа берілетін биологиялық фактордың нәтижесі деп балаларды ұғымтал келетіндерге, ұғымтал келмейтіндерге бөлді. Осының өзі – методологиялық тұрғыдан қате пікір. Екіншіден, баланың ұғымдалдығын, ұғымталдылығын, интеллектісін зерттеуде, солардың қолданған тест тәсілдерінің кеміс жақтары болғаны анықталды. Осы сәтсіздікті Бүкілресейлік большевиктер Орталық Партия комитетінің 1936 ж. 4 шілде «Халық ағарту системасындағы педологиялық бұрмалау» деген қаулысында педологтардың зерттеулері сынға алынып, аталған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік туғызды.

Бұл қаулының өзі педагогикалық психологияның біздің елде дамып өріс алуына жағдай туғызады. Бұған дейін педагогикалық психологияның оқыту-тәрбие жұмысының өркендеуіне ықпалы жоқтың қасы болатын. Өйткені мәселелердің көпшілігі педология тұрғысынан дәлелденетін. Бірақ бұл көпке дейін созылмай, психологиялық зерттеулер кеңінен өріс ала бастады.

### 1.3. Жас және педагогикалық психологияның зерттеу әдістері

Психологияның осы салаларының зерттеу әдістерінің азды-көпті өзіндік ерекшеліктері бар. Негізінде мынадай екі жолы бар: біріншісі, салыстыру жолы. Әр жастағы баланың психикасын, мысалы, 1, 11, 15, 18 жастағылардың психикасын зерттеп, әр жас туралы табылған мағлұматтарды статистика амалын қолданып салыстырады.

Салыстыру жолының мұндай түрін «кесінді» тәсілі деп атайды. Солай дейтін себебі салыстыру кезінде бала психикасы үздіксіз зерттелінбейді, оның әр жастағы психикалық сапасын тиіп-қашып зерттейді. Жас психологиясындағы мағлұматтардың басым көпшілігі осындай әдістерді қолданып табылған.

Зерттеудің екінші жолы – генетикалық жол. Осыны қолданғанда баланың бір қасиетін алады да, соны ұзақ уақыттың бір жыл не үш жыл немесе одан да көп жылдарда зерттейді. Осыны кейде лонгитюд тәсілі деп атайды. Зерттеудің бұл жолы тым сирек кездеседі, себебі бір немесе топ баланы ұзақ жылдардың ішінде (10, 20, 30) үздіксіз зерттеу қиын. Бірақ осыны қолданған жағдайда бұл тәсілді пайдалану үшін үлкен даярлық жасайды.

Осы зерттеулер әсіресе ізденудің генетикалық жолы бойынша есею үстінде балада қалыптасқан қасиеттер бірінің үстіне бірі үйіліп жата ма немесе жаңа қасиеттерге (дамудың жаңа түріне) ие болғанда, осыған дейін болып келген қасиеттер жоқ болып кете ме, осыған жауап іздестіруге көшелік.

Бұл мәселе былайша шешіледі. Бұрын қалыптасып келген қасиет бала бойында тіпті жоқ болып кетпейді, жаңа қасиет үстем алғандықтан, бұрынғылардың ролі күннен-күнге азая бастайды. Бұл жәйіттер тек жас психологиясының өзі үшін ғана емес, жалпы психологиясының дәрежесін ұлғайтады.

Ал педагогикалық психологияның зерттеу әдістері оның ізденетін объектісінің ерекшелігіне қарай келеді. Педагогикалық психологияның шұғылданытын объектісі – мектепте өтетін оқу материалдарын балалар қайткенде ұғынып, солардың көкейіне қондыра алуы. Сол сияқты бала үлкендердің тілін қайткенде алады, мұны да зерттейді. Ескерте кететін мәселе, зерттеушілердің арманы тек белгілі нәрсемен шұғылдану емес, сол шұғылданытын объектіден нәтиже табу. Нәтижеге жету үшін педагогикалық психология жас психологиясының жетістігіне сүйенеді.

Бала психологиясы тарапынан жасалатын эксперименттер мектепке

дейінгі және мектеп жасындағылармен түрліше жүргізіледі.

Бала бақшасындағыларға бір зерттеуде рычагты пайдалана білуге мынандай үй тапсырма беріледі: бір топқа рычагты пайдаланып, ілулі тұрған затты түсіріп алуды талап етеді, есепті мәтін ретінде береді, екінші тобына нақты рычагты (сымды) қолына беріп, ілулі тұрған түсіруді талап етеді. Соңғы тапсырманы 3-4 жастағы балалар, біріншісін 6-7 жастағы балалар тобы шеше алатыны анықталыпты.

Осыған қарап соңғы топта нақты бейне ойы, біріншісінде сөз арқылы ойлау қалыптасқан деген қорытындыға келеді. Мектеп жасындағы балаларға жасалған эксперименттің көбі солардың оқу үлгеріміне қарай жүргізіледі. Жеткіншек жастағылардың жанында мазмұнның қалуы үшін жауапкершіліктің үлкен маңызы бар. Зерттеуші үш күннен кейін, екінші тобынан тапсырманы бір аптадан соң сұраймын дейді. Бірақ осы екі топтың екеуінен де бір апта өткен соң сұрайды. Сонда соңғы топтағылар тапсырманы есінде сақтай алмаған. Осыған қарап балады неғұрлым жауапкершілік күшті келсе, соғұрлым ол мағлұматты есінде жақсы қалдыра алады деген қорытындыға келуге болады.

Бала психологиясында эксперименттің көбі констатациялау және оқыту («қалыптастыру») эксперименттерінің алдына қойылатын мақсаты тексерілетін мәселенің бағытын алдын ала білу. Мұның мәнісі мынада: дәрігер ауырған адамды емдеу үшін алдымен оның ауруына диагноз қойып, аурудың атын және себептерін анықтайды. Бұдан соң емдеуге кіріседі. Сол сияқты педагогикалық психология әуелі сабақты үлгермеудің себебін біліп «диагноз» қояды. Сосын барып диагноздың түріне қарай оқытуға кіріседі.

Бақылау – жас және педагогикалық психологияда жүргізілетін зерттеулерде кеңінен қолданылады. Бақылау зерттеудің тек тиісті объектілерге қарауы емес, әдейі мақсат қойып, баланың тиісті мінез-құлқын (сөзін, ісін) тексеру. Бақылау бір жағдайда «кесінді» ретінде жүргізіледі. Кесінді дейтін себебі бақылау үздіксіз жүргізілмейді, керек деген мезгілде (аз уақыттың ішінде) жүргізіледі.

Балалар ісінің қорытындысына талдау жасау өзінше зерттеу әдісі болып саналады. Баланың іс қорытындысына, мысалы, қыздардың тіккен кестелеріне, ұлдардың жасаған мүліктеріне, т.б. негізделеді. Балалардың осы іс қорытындыларына қарап, оның сол кездегі психикалық ерекшелігін дәл байқауға болады.

Әңгімелесу, бала психикасының сырын білудегі әдістің бір түрі. Бірақ кез келген әңгіме сырды білуге мүмкіндік бермейді. Мұндай дәрежеге жету үшін әңгіменің алдына қоятын мақсатқа қарай даярланып, сөйлесетін кісіден жауап алуы үшін сұрақтар қандай болып келуі жөнінде ойлануы қажет. Әңгімеде көлденең сұрақ тәсілі деген әдіс кездеседі. Мұның мәні мынада: егер бала тәрбиешіге шынын айтқысы келмесе не шынын айтқаны үшін біреуден қорқатын болса, ұстаз оның ойламаған кезінде сұрақтар қояды. Бұл күтпеген сұрақ болғандықтан, бала аңдамай шынын айтып қоюы ықтимал.

Қазіргі кезде әлеуметтік психологияның тәсілдері жас және педагогикалық психологияға еніп келеді, сол амалдардың бірі – Австрияның психиатры Я. Морено ұсынған социометрия тәсілі. Бұл тәсіл топ адамдардың татулығын не наразылығын зерттеуге арналған. Социометрия тәсілі бастауыш мектеп жасындағыларға былайша жүргізіледі: егер сыныптағы оқушылар саны 40 бала болса, жаңа жыл алдында солардың әрқайсысына открытка алып, кейін оларды сыныптан шығарып, аудиторияға бір-бірлеп жібереді. Әр оқушының қолына 39 открытка беріп, сыныптағы әр оқушының орнына қажет десеңіздер бір-бір открыткадан, мейраммен құттықтау ретінде қойыңыздар» дейді. Мұны әр бала орындаған соң зерттеуші сол бала кімдердің орнына открытка қойды, кімдерге қойған жоқ, осыларды есептейді. Кейін екінші бала осындай тапсырмамен сыныпқа жіберіледі, т.с.с. 40 бала осындай тапсырманы орындап өткен соң, солардың кімге открытка қойғанын не қоймағанын математикалық статистиканы қолданып есептеп, кім-кіммен тату, кіммен наразы екенін біледі. Осы есептің қортындысын кейін зерттеуші социограмма ретінде көрсетіп, белгілі тәртіпке келтіреді. Мұндай тәсілді студенттер практика кезінде оқушылар арасында жүргізіліп, социометрия арқылы достығын не дос еместігін біліп, солардың себебіне талдау жасайды.

#### 1.4. Тест тәсілі

Психологияның ілгеріде көрсетілген әдістерінен басқа әсіресе шетел психологиясында баланың білімін, не интеллектісін сынауда «тест» (ағылшынша, *test* – «сынау») тәсілін қолданады. 1910 ж. А. Бине баланың интеллектісін зерттеп, әр жастағы балаларға

арналған сұрақтардың бұл түрін тест деп атайды. Бине баланың жасын интеллект жасына және хронологиялық жасқа (хронологиялық жас – баланың өз жасы) бөлді. Бұдан кейін интеллектіні анықтау коэффициенті деген ұғым енгізіп, мұны IQ әріпітерімен (ағылшын-

ша, *intellgense quotlent* – интеллект коэффициенті) белгілеп, ақыл коэффициентін білу үшін мынандай формула ұсынды:

$$IQ = \frac{\text{интеллект жасы}}{\text{хронологиялық жас}} \times 100$$

Сонда осы формула интеллектіні анықтау коэффициентін білу үшін интеллект жасын хронологиялық жасқа бөліп, соның нәтижесін 100-ге көбейту деген мағынаны білдіреді. Әдетте, интеллект жасы мен хронологиялық жастың бірдей келмейтіні мынадан: IQ жастағы балаға есеп беріп тексерген де оның интеллектісі 13 жастағы баланыкіндей болуы мүмкін. Ал 13 жастағы баланың интеллектісі 11 жастағыдай орын алуы ықтимал. Демек, интеллект жасы ба-

ланың нағыз өз жасына (хронологиялық) жасын барлық жағдайда дәл келе бермейді. Сөйтіп, мәтін арқылы балалардың интеллектісін «өлшеуге» мүмкіндік туады. Бірақ бұл жағдайда баланың интеллектісі өлшенілмейді. Оның интеллектісі өзге балалар мен салыстырғанда қандай рангалық орын алатыны ғана өлшенеді. Интеллект жасын жасау үшін әуелі бір хронологиялық жасқа жататын мыңдаған балалардың интеллектісін сынайды да, соларды шамамен тәртіпке келтіріп, интеллект жасының негізін құрады.

Тест тәсілі тек балалар үшін ғана емес, әртүрлі мамандыққа, соның ішінде жүргізушілікке, ұшқыштыққа, ғарышкер болуға, т.б. кімнің шамасы ыңғайы келетінін де тексеру үшін қолданылып жүр.

### 1.5-кесте

#### **Тұлға дамуының кезеңдері (Э. Эриксон бойынша)**

| <b>Даму кезеңі</b>                              | <b>Дамудың қалыпты желісі</b>                                                                                                                                | <b>Дамудың аномалды желісі</b>                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Ерте нәрестелік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін) | Адамдарға деген сезім. Өзара махаббат, үйір болу, ата-ана мен баланың бірін-бірі тануы, балалардың араласудағы және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру. | Анасының баласына нашар қарауының нәтижесі ретінде баланың адамдарға сенбеуі, мән бермеушілік, немқұрайлық, махаббаттан айыру. Баланы ана сүтінен өте ерте және күрт айыру, баланы эмоционалдық оқшаулау.                                                                         |
| 2. Кейінгі нәрестелік шақ (1 мен 3 жас)         | Дербестік, өзіне-өзі сену. Бала өзін дербес, жеке, бірақ әлі ата-анасына тәуелді адам деп санайды.                                                           | Өз-өзіне сенбеу, өте ұялшық болу. Бала өзінің бейімделмегендігін сезініп, қабілеттеріне күдіктенеді. Қарапайым қимыл әдеттерінің дамуында кемшіліктерді сезінеді, мысалы, жүргенде. Оның сөйлеу қабілеті нашар дамыған, кемшіліктерін қоршағандардан өте қатты жасыруға тырысады. |
| 3. Ерте балалық шақ (3 – 5 жас)                 | Қызығушылық және белсенділік. Қоршаған ортаны қызыға зерттеп, бейнелерді елестету, ересектерге еліктеу, түрлі рольдерге қосылу.                              | Пассивтілік және адамдарға мән бермеу. Инициативаның болмауы, салбыр болу, басқа балалардан қызғану, ұсыныстардан бас тарту, рольдерге қосылу белгісінің жоқтығы.                                                                                                                 |


|                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4. Орта балалық шақ (5 пен 11 жас)                             | Еңбекті сүй. Мойына жүктелген парызды сезіну, табыстарға ұмтылу. Танымдық және коммуникативті білім мен әдеттердің дамуы. Өз алдына шынайы мақсат қойып, оған жетуге тырысу. Инструменттерде ойнауды белсенді меңгеру, шешімдер қабылдау.                                                                 | Өзін-өзі кемсіту. Өлсіз дамыған еңбек ету қимылдары. Күрделі тапсырманы орындаудан, басқалармен жарысудан бас тарту. «Дауыл алдындағы» немесе жыныстық жетілу кезеңі алдындағы тыныштық сезімі. Біреуге бағынушылық. Түрлі есептерді шешкенде жұмысы зая кететіндей сезіну.                                                                                                                                                            |
| 5. Жыныстық жетілу, жеткіншек жасы және бозбалалық (11 мен 20) | Өз болашағын анықтау. Уақытша перспективаның – болашаққа жоспардың дамуы. Қандай болу? Кім болу? Деген сұрақтарға жауап іздестіру. Білім алу, үйрену. Тұлғааралық тәртіп формаларындағы жыныстық ерекшеліктер. Дүниеге көзқарастың қалыптасуы. Құрбылар арасындағы лидер болу, қажет болса оларға бағыну. | Рольдердің шатасуы. Уақытша перспективалардың ығысуы және араласуы: болашақ пен осы шақ туралы ғана емес, өткен шақ туралы да ойлардың пайда болуы. Рухани күштерді өзін-өзі тануға жұмсау, сыртқы әлем, қоршаған адамдармен қарым-қатынас орнатудың орнына өзін-өзі түсінуге тырысу. Еңбек белсенділігін жоғалту. Жыныстық айырмашылықты көрсететін рольдердің ауысуы, лидер болуға ұмтылмау. Мораль мен дүниеге көзқарастың шатасуы. |
| 6. Ерте ересек шақ (20 мен 45 жас)                             | Адамдарға жақын тарту, оларға көмектесуге тырысу. Бала сүйіп, оларды тәрбиелеу, махаббат пен жұмыс. Жеке бас өмірімен қанағаттану.                                                                                                                                                                        | Адамдардан оқшаулану, олардан қашу, әсіресе жақындардан, олармен жыныстық қатынасқа түсуден қашу. Мінездің ауыр болуы, адамдардың таңдамай араласу, болжамға келмейтін әрекеттер жасау. Мойындамау, оқшаулану, әлемі қауіптерге толымыс деген ойлардың әсерінен психика ауытқуының, жан дүниесі күйзелуінің алғашқы белгілері.                                                                                                         |
| 7. Орта ересек шақ (40-45 және 60 жас)                         | Шығармашылық. Өзімен-өзі және басқа адамдармен өнімді және шығармашылық жұмыстар жүргізу. Толық құнды, әрқилы өмір. Отбасылық қатынастармен қанағаттану, өз балалары үшін риза болу. Жаңа ұрпақты үйрету және тәрбиелеу.                                                                                  | Тоқтап қалу. Эгоизм және эгоцентризм. Жұмыстың өнімсіздігі. Ерте мүгедек болу. Үнемі өзіне кешірімді болып, тек өзіне ғана күтім жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 8. Кеш ересек шақ (60 жас)                                     | Өмірдің түрлі оқиғаларға бай болуы. Үнемі өткенді ойлап, оған саналы баға беру. Өткен өмірді өз күйінде қабылдау, оның пайдасын түсіну. Тағдырдың жазғанына көну қабілеті. Өлім қорқынышты емес екендігін ұғыну.                                                                                          | Үміт үзу. Өмір босқа өткен деп, уақыт аз қалғандығын, ол өте тез өтуде деп ойлау. Өмір сүруді мағынасыз деп түсіну, өз күшіне, басқаға деген сенімнің жоғалуы. Әлемде тәртіп жоқтығын, жаман, санасыз бастамасының көптігін сезіну. Жақындап келе жатқан өлімнен қорқу.                                                                                                                                                                |

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жас ерекшелік психологиясы нені зерттейді?
2. Жас ерекшелік психологиясының зерттеу әдістері қандай?
3. Жас және педагогикалық психологияның даму тарихы.
4. Бала психологиясында эксперименттің маңызы қандай?
5. Баланың интеллектісін зерттеп, интеллект коэффициентін анықтаудың формуласын кім ұсынды?
6. Жас психологияның қарастыратын мәселелері қандай?
7. Тест тәсілі арқылы нені анықтауға болады?


### №1 тапсырма.

Төменде берілген кесте арқылы жас кезеңдерін, психикалық және денелік даму ерекшеліктерін айтыңыз.



### №2 тапсырма.

Жас ерекшелік психологиясының төмендегі кестеде берілген салаларының объектісін, зерттеу аймағын анықта.



**№3 тапсырма.** Э. Эриксон бойынша тұлға дамуының кезеңдерін анықтап, кестені толтырыңыз.

| Даму кезеңі                                                 | Дамудың қалыпты желісі                                                                                                                                       | Дамудың аномалды желісі                                                                                                                                                                                   |
|-------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Ерте нәрестелік шақ (туғаннан 1 жасқа дейін)             | Адамдарға деген сезім. Өзара махаббат, үйір болу, ата-ана мен баланың бірін-бірі тануы, балалардың араласудағы және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру. | Анасының баласына нашар қарауының нәтижесі ретінде баланың адамдарға сенбеуі, мән бермеушілік, немқұрайлық, махаббаттан айыру. Баланы ана сүтінен өте ерте және күрт айыру, баланы эмоционалдық оқшаулау. |
| Кейінгі нәрестелік шақ (1 мен 3 жас)                        |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Ерте балалық шақ (3 – 5 жас)                                |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Орта балалық шақ (5 пен 11 жас)                             |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Жыныстық жетілу, жеткіншек жасы және бозбалалық (11 мен 20) |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Ерте ересек шақ (20 мен 45 жас)                             |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Орта ересек шақ (40-45 және 60 жас)                         |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |
| Кеш ересек шақ (60 жас)                                     |                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                           |

### Әдебиеттер:

1. В. С. Мухина. Возрастная психология. – М., 1998.
2. Р. С. Немов. «Психология» Книга 1, 2, 3. «Общие основы психологии». 3-е издание. – М: Владос, 1998.
3. Л. Ф. Обухова. Возрастная психология. – М.: 2000

## 2-тарау. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы

### Жоспары:

- 2.1. Мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық дамудың жалпы сипаттамасы.
- 2.2. Іс-әрекеттің әртүрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынас формаларының даму ерекшеліктері.
- 2.3. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы.

### 2.1. Мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық дамудың жалпы сипаттамасы

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінің психикалық дамуының басты қорытындысы – баланың мектеп оқуына психологиялық түрде дайындығы. Соңында балада мектепке барар сәтте оқушыға тән психологиялық қасиет пайда болады. Бұл қасиеттер өмір жағдайымен іс-әрекетінің әсер ету арқылы мектеп оқуында түбегейлі болып қалыптасады.

Мектепке дейінгі кезең (3-7 жас) ерте балалық шақтың онтегенетикалық дамудың тікелей жалғасы болып табылады. Бұл кезең балалардың жақын ересек адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы, сонымен қатар құрдастарымен ойын және шынайы қарым-қатынас жасау арқылы әлеуметтік кеңістікті меңгереді. Жалпы психологиялық проблемалармен байланысты психологтар баланың психикасымен айналысқан. Олар: Джон Уатсон, В. Штерн, К. Бюлер, К. Кофка, К. Левин, А. Валлон, З. Фрейд, Э. Шпрангер, Ж. Пиаже, В. М. Бехтерев, Д. М. Узнадзе, С. Л. Рубенштейн, Л. С. Выготский, Р. Р. Лурия, А. Н. Лентьев, П. Л. Гальперин және тағы басқалар.

Алайда сол бір объектіні зерттей отырып, психикалық даму – генетика-

лық және баланың психикасының екі әртүрлі психикалық ғылымдар болып табылады. Генетикалық психологияның психикалық процестердің пайда болуына және дамуын зерттейді. Генетикалық психологиялық зерттеулерді балаларға және ересектерге жүргізілуі мүмкін. Алайда генетикалық зерттеу объектісі бала болып табылады.

Генетикалық психологияның негізгі стратегиясы психикалық құбылысты жасау, пайда қылу қалыптастыру болып табылады. Л. С. Выготский қалыптастыру жайлы алғаш айтқан. «Біз қолданатын әдіс эксперименталды генетикалық деп аталуы мүмкін. Себебі ол жасанды түрде психикалық дамудың генетикалық тұрғыда жасап шығарады. Әрбір қатып қалған психологиялық форманы ерітіп, оны қозғалғыш ағынға айналдыру қажет. Анализдей келе, жоғарғы форманы зат есебінде емес, процесс есебінде алып, заттың оның бөлшектеріне емес, ол процестен бөлек сәттеріне бару».

Баланың психикасынан басқа психологиялық саланың айырмашылығы – ол ерекше бірліктермен жұмыс жасайды, олар – жас немесе даму кезеңі

болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде бала жаңа принципиалдық жетістікке жетеді. Бала ересектермен және құрдастармен қарым-қатынастың қиын-қыстау кезеңінде басқа адамдардың рефлексиясын меңгереді. Бұл кезеңде ересектермен қарым-қатынас жасау барысында идентификация қабілеті қарқынды дамиды. Кейінгі жастық шақта бала бір мезгілде позитивті және негативті даралануды меңгереді.

Мектепке дейінгі кезеңде өз дене мүшелерін белсенді түрде басқара алады. Бұл шақта балада дене мүшелерінің құрылымына, соның ішінде жыныс мүшелерінің ерекшеліктеріне қызығушылық пайда болады. Осы кезеңде баланың тілі қарқынды түрде дамиды. Осы кезеңде бала жаңа жаңа құбылыстарды меңгеруге үзілді-кесілді қарсы, ол бұрынғы меңгерген білімдерін қайта жаңғыртады.

## 2.2. Іс-әрекеттің әртүрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынас формаларының даму ерекшеліктері

**Эмоционалдық және тілдік қарым-қатынас.** Мектепке дейінгі кезеңде бала тіл арқылы өзіне маңызды деген уақиғаларды баяндайды, өзінің алған әсерлерімен бөліседі, адамдармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауды үйренеді. Тіл – қарым-қатынас құралы. Ата-анасына, жақын туыстарына еліктеу арқылы баланың табиғи қарым-қатынас жасау процесі өзгереді.

**Идентификация және даралану механикасының дамуы.** Мектепке дейінгі кезеңде бала «Мен» концепциясын жүзеге асыру үшін адамдармен қарым-қатынас жасауда идентификацияны және даралануды пайдаланады.

Күнделікті үзбей идентификация мен даралану механизмдерін пайдалану балаларда бейсаналы түрде қарым-қатынас техникасына айналады. Бұл механизмдер негізінен ашық әлеуметтік өзара іс-әрекетке қызмет етеді.

**Баланың құрдастарының тобында эмоционалдық өзін-өзі сезінуі.** Баланың құрдастарымен қарым-қатынасы оның тұлға ретіндегі дамуына қатты әсер етеді. Баланың қаншалықты өзін сабырлы, байсалды ұстауы

құрдастарының ортасындағы жағдайға, қарым-қатынас стиліне байланысты. Құрдастарымен қарым-қатынас – әлеуметтік қарым-қатынастың қатаң мектебі. Осы құрдастарымен қарым-қатынас жоғары эмоционалдық күшті талап етеді.

Баланың құрдастарымен өзара іс-әрекеті – бұл тек қоршаған ортаны бірлесіп танудағы мүмкіндік емес, сонымен бірге өзімен қатарлас ұл-қыздармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Мектепке дейінгі кезеңдегі балаларда құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қажеттілік туады. Мектепалды арнайы тәрбие жағдайларында, яғни бала үнемі басқа балаларымен қатар тәрбиеленетін болса, бала қоғамы пайда болады.

**Қарым-қатынас және баланың мектепке дайындығы.** Бала мектепке дейінгі кезеңнің соңында құрдастарымен және ересектермен өнімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Мектепке дейінгі кезеңнің соңғы кезеңінде балада жауапты қарым-қатынас негізі қалыптасады. Алты жеті жаста бала жауапкершіліктің өнегелі мәселе-

лерін түсінуге қабілетті ойында және қарапайым өмірде таныстармен құрдастармен қарым-қатынаста жауапкершілік іс-әрекетте тәжірибе жинақтайды.

Алты-жеті жастағы бала жақсы тағын құрдастарымен қарым-қатынаста дұрыс қарым-қатынас тәсілін таңдайды, өзіндік позициясын жауапкершілік сезінеді.

Бала ересектің бақылауына және дұрыс бағалауына мұқтаж. Дамудың бірінші этапы баланың моральдық мінез-құлқының дамуы. Ересек адам баламен сенімді, жағымды тонда оның өзін дұрыс ұстай алатынын айту керек.

Ересектермен және құрдастармен қарым-қатынасқа түскенде бала мінез-құлқының әлеуметтік эталонын меңгеруге мүмкіндік алады. Бала өмірдегі белгілі бір ситуацияларда өзінің мінез-құлқының моральдық нормаларымен талапқа бағыну қажеттілігі туады. Сондықтан баланың өнегелік дамуындағы маңызды сәттер – қарым-қатынас нормасын, олардың құндылығын түсіну білімі болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде бала адамдардың ересектермен және балалармен қарым-қатынастағы мінез-құлық жүйелерінің әлеуметтік кеңістікті меңгеруде үлкен жолдан өтеді.

### **Ақыл-ойдың дамуы**

Тілді және саналы сөйлеуді практикалық меңгеру. Мектепке дейінгі балалар өз бетінше әрекет етіп, отбасы шеңберінен алшақтап, құрдастарымен, басқа адамдармен қарым-қатынас жасап, қарым-қатынас шеңбері ұлғаяды. Шеңбердің ұлғаюы баладан қарым-қатынас жасаудың барлық тәсілдерін меңгеруді талап етеді. Олардың маңыздысы – сөйлеу.

Сөйлеудің дамуы бірнеше бағытта жүреді: сөйлеу басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы; сонымен қатар сөйлеу – ойлаудың құралы, психикалық процестің

маңызды бөлшегі бала тәрбиесінің белгілі жағдайларда, бала сөйлеудің мағынасын, құрылымын түсінеді.

**Сөздіктің және сөздің грамматикалық құрлымының дамуы.** Мектепке дейінгі кезеңде сөздік қор дамуы жалғасады. Ерте балалық шақпен салыстырғанда мектепке дейінгі кезеңдегі баланың сөз қоры 2-3 есеге ұлғайған. Сөздік қордың дамуы өмір жағдайларымен тәрбиеге тікелей байланысты индивидуалдық ерекшеліктері айқын көрінеді.

Мектепке дейінгі баланың сөздік қоры тек зат есім емес, етістік, есімдік, сан есім және біріктіруші сөздер арқылы дамиды. Мектепке дейінгі кезеңде бала ана тілінің морфологиялық, септелу мен жіктелудің бір қырларын меңгереді.

Балада тілдің меңгеру өзінің белсенділігімен анықталады. Бұл белсенділік сөз құрауда немесе сөздіктің жаңаруында байқалады. Мектепке барар алдында бала тілдің синтаксистік және морфологиялық заңдарының біраз бөлігін игереді. Тілдің мағынасын және дыбысталуынан хабардар болу үшін практикада қолдану керек.

Мектепке дейінгі кезеңдегі балада сөздің мағынасын арнайы оқыту процесінде пайда болады.

**Тіл функциясының дамуы. Коммуникативті функция** – бұл мектепке дейінгі кезеңде дамитын қарым-қатынас функциясы болып табылады. Ерте кезден бастап бала оның қоғаммен араласу үшін қолдана бастайды. Сол сәтте өзіне жақын адамдармен араласа бастайды. Қарым-қатынастың бұл түрі үлкен адаммен баланың тікелей қатысуымен жүреді. Ситуативтік байланыс әсіресе өзіммен бірге қасында отырған адамға жақын және түсінікті болып келеді. Ал бірақ түсінбеген адамға бұл әрине түсініксіз болып табылады. Ситуативтілік баланың тілі-

мен әртүрлі болып табылады. Айналадағы қоғаммен араласа отырып және айналадағы дүниеге деген қызығушылықтан балада контекстік байланыс пайда бола бастайды. Контекстік байланыс ситуацияны толықтай бейнелей айлады

**Жоспарланған функция.** Мектепке дейінгі кезең жақындаған сәтте баланың сөзі алдын ала жоспарланған және оның практикалық мінез-құлқына айналады. Осыған сәйкес екінші функциялық сөз қалыптасады. Бұл функцияны орындау баланың ойлау қабілетімен бірге жүреді. Баланың ойлау қабілеті оның балалық шағында практикалық іс-әрекетімен байланысты. Өзіне байланысты айтылған және іс-әрекет кезінде пайда болатын байланыс эгоцентрикалық байланыс деп аталады. Мектепке дейінгі кезеңде өзгеріп отырады. Онда практикалық іс-әрекетке дейін ой пайда болады. Жоғарғы мектептік кезеңге келгенде бұл байланыс өте жиі өте байқалады. Гегер бала осы кезеңде ешқандай адаммен араласпаса, онда ол жұмысты ішінен

орындайды. Эгоцентрикалық байланыс ішкі және сыртқы байланыстың аралық түрі болып табылады.

**Экспрессивтік функция** – жоғарғы деңгейдегі жануарларға арналған ең көне гететикалық функция болып табылады. Эмоционалды функцияның барлығы оның барлық жақтарын қамти отырып, экспрессивтік функцияға қызмет атқарады. Экспрессивтік функция автономды функциядан бастап, барық функцияға ұқсас болып келеді.

**Сенсорлық даму.** Мектепке дейінгі кезең баланың сенсорлық даму кезеңі болып табылады. Қозғалмалы заттарды тани отырып, бала заттың формасын, түрін түсін, салмағын, температурасын дұрыс ажырата алады. Ол музыканы тыңдай отырып, дыбыстың жоғарылығын, әуенді ажыратуды үйренеді. Сенсорлық даму екі жақты байланысты қарастырады. Сенсорлық эталон адамның тарихи даму кезеңінде пайда болған Табиғатта көптеген әртүрлі түстер мен формалар бар солардың негізінде адам қоғамдық өмірдегі заттарды ажыратуға мүмкіндік алды.

### 2.3. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдісінің дамуы

Балада алғашқы жылдары сөздің және процестердің дамуы жүреді. Дәл осы кезеңде балада тілдің құбылыстары, өзіндік ортақ лингвистикалық мүмкіндіктер пайда бола бастайды, бала шындықтағы бейне жүйесіне ене бастайды. Балалық шақта тілдің дамуы екі негізгі бағытта жүреді: біріншіден, интенсивті түрде сөздік қор жинақталады және қоршаған ортада адамдар пайдаланатын, сөйлейтін тілдің морфологиялық жүйесі меңгеріледі; екіншіден, тіл танымдық процестердің құрылымын қамтамасыз етеді (зейін, қабылдау, ес, елес, ой).

**Ауызша және жазбаша тіл.** Осыған сай сөздік пен грамматикалық тілдің құрылымының дамуы және танымдық процестер өмір жағдайы мен тәрбиеге тәуелді болады. Бұл жерде индивидуалдық вариациялар өте жоғары, әсіресе ол тілдің дамуында өте жоғары болып келеді. Енді баланың тілдік пен танымдық процестеріндегі анализге тоқталайық.

**Ойлаудың дамуы.** Психикалық денсаулығы жақсы баланың танымдық белсенділігі болады. Баланың әр нәрсеге қызығушылығы оның айналадағы заттарды білуге негізделеді.

Қарым-қатынаста белсенді болған сайын, бала сұрақтарды да көп қоя бастайды. Бала барлық затқа қызығушылық тудыруы мүмкін: Мұхит қандай тереңдікте болуы мүмкін және ондағы жануарлар қалай тыныс алады? Қанша мың шақырымда жер шары орналасқан? Неге таудағы қар ерімейді және төменгі жағы еріп кеткен?

Бала білімге құмар, ал білімді игеру көптеген «неге?», «қалай?», «не себептен?» деген сияқты сұрақтар арқылы жүзеге асады. Ол сұраққа нақты жауап табуы қажет. Қандай да бір тапсырмалар туындағанда бала оны өзі шеше алады. Бейнелі түрде ойлау – бастауыш мектеп кезеңіндегі ойлаудың ең негізгі түрі болып табылады, әрине бала логикалық түрде ойлай алады.

Бастауыш мектепте баланың ойлау қабілеті эгоцетризммен ерекшеленеді.

Ж. Пиаже көрсеткендей, баланың ойлау қабілеті алты-жеті жасында орталықпен немесе айналадағы заттардың қабылдауымен жүреді. Мысалы, балаға ұзындықтары әртүрлі үш таудың суретін көрсетіп, оған өзіне жақын, таныс таудың суретін тап деп айтса, ол бұл тапсырманы өте оңай шешеді. Ж. Пиаженің шешіміне сәйкес, балалық шақтың ойлау қабілетінің құрылымы бұл – «орталық» болып табылады.

**Зейін, ес, қиялдың дамуы.** Оқу іс-әрекеті жоғары психикалық функциясының – зейін, ес, қиялдың дамуын талап етеді. Зейін, ес, қиял бастауыш сынып оқушысында дербестікке ие болады – бала оқу іс-әрекетінде көңіл бөлуге, көрген немесе естігенді есте сақтауға бұрын қабылдаған нәрсені көз алдына елестетуге, арнайы іс-әрекеттерді меңгеруге үйретеді. Егер мектепке дейінгі кезеңде ойын іс-әрекеті еркін дамудың сандық өзгерістерге мүмкіндік туғызса, бастауыш мектеп жасында оқу іс-әрекеті баладан арнайы әрекеттерді меңгеруді талап етеді. Бірақ алты-жеті,

он-он бір жастағы балада танымдық процестер бала қатты ағынмен жағдайда немесе өзіндік қозумен арнайы ұйымдастырғанда туындайды. Әдеттегі жағдайда балаға жоғары адамзаттық психикасы көлемінде өзінің психикалық функциясын ұйымдастыру қиынға соғады.

**Зейінің дамуы.** Баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортаны тексеруге, оның зейінін қызығушылығы бағылғанша зерттелетін объектіге бағыттталып ұйымдастырылады. Алты-жеті жастағы бала еш алаңдамай екі-үш сағат ойнай алады. Тура осылай өнімді іс-әрекетпен де (сурет салу, әртүрлі заттарды жасау) ұзақ уақыт айналыса алады. Бірақ зейінді жұмылдырудың мұндай нәтижелері – баланың айналысатын ісіне қызығушылық. Егер бала өзіне ұнамайтын іспен айналысса, тез шаршайды, өзін бақытсыз сезінеді.

Ересек баланың зейінін ауызша нұсқалардың көмегімен ұйымдастыра алады. Оларға орындалуы тиіс іс-әрекетті есіне салып, іс-әрекет тәсілдерін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушысы белгілі дәрежеде өз іс-әрекетін жоспарлай алады. Жоспарлау балалардың зейінін ұйымдастырады.

Бастауыш сынып балалары өз мінез-құлқын жүйелей алады. Балаларға бірдей және тартымды емес іс-әрекетке немесе қызықты іс-әрекетке бағыттталу қиынға соғады.

Бастауыш сынып жасындағы балалар зейінін интеллектуалдық тапсырмаларға бағыттай алады, бірақ бұл өте үлкен күш-жігер мен мотивацияның жоғары ұйымдастырылуын талап етеді.

**Естің дамуы.** Мектепке дейінгі кезең – естің интенсивті дамуының кезеңі. Осы кезеңде ес – психикалық функцияның жетекші танымдық процесі. Шын мәнінде мектепке дейінгі кезеңде бала ана тілін жақсы меңгереді.

Бала маңызды деген оқиғаларды есте сақтайды. Мектепке дейінгі балалық шақ адамға бүкіл өміріне жетерліктей естеліктер қалдырады.

Есте сақтау сәтті ойынның басты шарты болып қалыптасқанда немесе бала әрекетін жүзеге асыру мәнін иеленгенде, ол өлеңдерді, т.б. жақсы есте сақтайды. Бала есте сақтау тәсілдерін саналы түрде пайдалана алады. Ол есте сақтау керек затты қайталап, түсінуге тырысады.

Мектепте балада өз еркімен сақтау керек қажеттілігі талабы тұрады. Оқу іс-әрекеті баладан есте сақтауды міндетті түрде талап етеді. Мұғалім балаға қандай жолмен есте сақтауға болатыны туралы нұсқау береді. Балалармен бірге ол материалдың көлемі мен мазмұнын талқылайды, оны бөлімдерге бөліп, есте сақтау процесін бақылауға үйретеді. Түсіну есте сақтаудың басты шарты – мұғалім бала зейінін түсіну қажеттілігіне бағыттайды, есте сақтау керектігін балаға түсінуді үйретеді, есте сақтау стратегиясының мотивациясын: білімді, дағдыларды игеруге үйретеді.

Бала оқу іс-әрекетінде мағыналы еске арқа сүйей алады. Есте қалдыру мен оқу материалын қайта жаңғырту

балаға психикалық өзгерістерін рефлексиялауға болады.

**Қиялдың дамуы.** Бастауыш мектеп жасында бала өз қиялында әртүрлі ситуацияларды құрастыра алады. Бір затпен екінші заттың орын басуының қалыптасуы, қабылдау іс-әрекетінің басқа түрлеріне ауысады.

Оқу іс-әрекеті жағдайында балаға мағыналы іс-әрекеттерді қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы талаптар қояды. Мұғалім сабақ үстінде әртүрлі ситуацияларды елестетуді ұсынады. Бұл оқу талаптары қиялдың дамуына мүмкіндік туғызады, бірақ олар арнайы құралдармен қуаттануды талап етеді. Бұл шынайы құралдар, сызбалар, макеттер, белгілер, графикалық бейнелер, т.б. заттар болуы мүмкін.

Алты-жеті жастағы балалар сұйықтың бағанасы және сақталу саны туралы дұрыс болжам жасады. Бірақ бала сұйықтың өзгеру деңгейін дұрыс болжап, одан кейін сұйықтың сақталу санын жоққа шығаратын өтпелі кезең болып табылады. Мұндай зерттеулерден Ж. Пиже мынадай қорытынды жасады: алдымен қиял статикалық түрде ішкі елестету жағдайымен шектеледі; қиялдың дамуына байланысты бала алғыр және жігерлі болады.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Мектеп жасына дейінгілердің қиялының даму кезеңдері.
2. Е. Е. Кравцованың зерттеуінде қиялдың даму қызметінде үш түрлі компонентті ата.
3. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты.
4. Мектеп жасына дейінгілердің үлкендермен қарым-қатынас ерекшеліктері.

### №1 тапсырма.

Балалардың мектепке дайындығын байқауға арналған **Керн-Иерасек тестісін** орындап, нәтижесін шығару жолдарын меңгеріңіз.

**Мақсаты:** Балалардың мектепке даярлық деңгейін зерттеу, оқушының оқу-тәрбие бағдарламасына бейімделу міндеттерін шешу, оларға дамыту, түзету шараларын ұйымдастыру.

Тест 3 тапсырмадан тұрады. Орындау уақыты шектелмеген. Сондықтан баланы асықтырмаңыз, оның қаншалықты қабілетті екенін көрсетуіне мүмкіндік беріңіз.

### **№2 тапсырма.**

Балаға нұсқау: «Ағаның суретін сал, қалай сала аласың».

Ешқандай қосымша нақтылаудың керегі жоқ, көмектесудің немесе қатесін түзуге болмайды.

Тест бағасы:

- 1 балл – суреттің басы, денесі, аяқ-қолдары бар. Басты денемен мойын жалғап тұрады (бас денеден үлкен болмауы керек). Баста шаш немесе шляпа, шапка, құлақ болуы керек. Бетте көз, мұрын, ауыз болуы керек. Қолдың 5 саусақпен салынуы керек. Ер адам екенін білдіретін детальдары болуы керек.

- 2 балл – алдыңғы бал сияқты барлық талапқа сай болуы және 1-2 жері кем болуы – мойыны, шашы, бір саусағы жетіспеуі, бетінің бір жері жетіспеуі мүмкін.

- 3 балл – адамның басы, денесі аяқ-қолы екі сызықпен салынған, мойыны, құлағы, шашы, саусақтары, аяғының өкшесі жетіспейді.

- 4 балл – адамның басы мен аяқ-қолы біреуі ғана бар.

- 5 балл – адамның денесі, аяқ-қолы анық емес

### **№3 тапсырма.**

Балаға нұсқау: «Қара, мұнда бір нәрсе жазылып тұр. Сен жазу білмесең де, оны сурет деп ойла да, тура осылай салып көр».

#### **Мен тамақ жеймін**

Тестілеу бағасы

- 1 балл – баланың салғанын оқуға болады. Түзу жолдан 30 градусқа дейін ғана өзгерген.

- 2 балл – сөзді оқуға болады. Әріптер үлкендігі жағынан үлгіге келеді, әріптің түзу жазылуы маңызды емес.

- 3 балл – сөздің тек төрт әрпін оқуға болады. Әріптер бөлініп жазылған.

- 4 балл – сөз екенін әріптердің алыс орналасуынан білуге болады, тек екі әріпті оқи аласыз.

- 5 балл – тек шимай.

### **№4 тапсырма.**

Балаға нұсқау: «Мұнда нүктелер салынған. Тура сондай етіп сен өз қағазыңа сал».

Тест бағасы:

- 1 балл – үлгідегідей дөңгелек емес, нүкте салынған. Пішіннің симметриясы да сақталған. Пішін есеге кішірейтілген болуы мүмкін, бірақ үлкеюі екі еседен артық емес.

- 2 балл – симметрияның кішкене ауытқуы мүмкін, бірақ көп емес, нүкте емес, дөңгелек салынған.

- 3 балл – симметрияның барлығы дерлік жойылған, үлгіден ауытқыған, нүктелер саны өскен немесе кеміген.

- 5 балл – шимай.

Барлық тапсырманың қосындысы осы тестілеудің зерттеу нәтижесі.

Барлық тапсырмадан 2-5 балға дейін алған бала психомоторлық даму деңгейі дамыған, мектепке дайын болып есептеледі.

6-7 балл – орта деңгей былайша айтқанда «ашылып келе жатқан».

8-9 балл – орта деңгейден төмен. Бұл бала әлі де біраз дайындықты қажет етеді.

10 балдан жоғары – психомоторлық жағынан дамымаған деңгейі төмен болып есептеледі.

### **№5 тапсырма.**

Сонымен қатар, **Керн Иерасик** үш тапсырмаға қосымша төртінші тапсырманы ұсынады. Бұл тапсырма сұрақ қою, яғни сауалнама арқылы жүргізіледі. Қысқаша нақты сұрақтар қою арқылы баланың ой-қабілетінің дамуын, сөйлеу ерекшелігін анықтайды.

**1. Қандай жануар үлкен?** Жылқы – 0, ит – (-5).

**2. Таңертең ертеңгілік тамақ ішеміз, ал түсте?**

Түскі тамақ – 0, дұрыс емес – (-3).

**3. Түсте жарық, ал түнде?** Қараңғы – 0, дұрыс емес – (-4).

**4. Аспан көгілдір, ал шөптің түсі қандай?**

Жасыл – 0, дұрыс емес – (-4).

**5. Алма, өрік, алмұрт, шие – бұлар нелер?**

Жеміс – 1, дұрыс емес – (-1).

**6. Поезд жолдан өтерде шлапбауын неге түсіреді?**

А) машиналар мен поезд түйіспеу үшін, ешкім поездың астына түсіп қалмауы үшін – 0;

Ә) қате жауап – (-1).

**7. Алматы, Орал, Астана, Ақтөбе, Көкшетау – бұлар нелер?**

Қала – 1, қате жауап – (-1).

**8. Сағат сұралады.**

Дұрыс жауап – 4, тек сағат айтса – 3, қате жауап – 0.

**9. Кішкентай сиыр – бұл бұзау. Ал кішкентай ит пен кішкентай қой қалай аталады?**

Күшік, қозы – 5, біреуін айтса – 0, қате жауап – (-1).

**10. Ит мысыққа ұқсай ма, әлде тауыққа ұқсай ма? Олар бір-біріне қай жағынан ұқсайды?**

А) бірнеше себебін айтса – 0;

Ә) бір себебін айтса – 1;

Б) қате жауап – (-3).

**11. Неге барлық машиналарда тормоз бар?**

А) екі себебін айтса – 1;

Ә) бір себебін айтса – 0;

Б) дұрыс емес жауап – (-1).

**12. Балға және балтаның бір-бірімен қандай ұқсастықтары бар, екеуі ұқсай ма?**

А) екі белгісін айтса – 3;

Ә) бір белгісін айтса – 2;

Б) дұрыс емес – 0.

**13. Ақ тиін мен мысық бір-біріне қалай ұқсайды?**

А) екі белгісін айтса (төрт аяғы, құйрығы) – 3;

Ә) бір белгісі – 2;

Б) дұрыс емес – 0.

**14. Болт пен шегенің айырмашылығы қандай?**

А) бірнеше белгісін толық айтса – 3;

Ә) бірнеше белгісін айтса – 2;

Б) қате жауап – 0.

**15. Футбол, течнис, биіктікке секіру, жүзу – бұлар нелер? Әлде олар қалай аталады?**

А) спорт немесе дене шынықтыру – 3;

Ә) ойын – 2;

Б) дұрыс емес жауап – 0.

**16. Қандай көлік құралдарын білесің?**

А) үш түрлі көлік айтса (әуе, су, жер) – 4;

Ә) жер беті көлігін айтса – 2;

Б) дұрыс емес – 0.

**17. Қарт адамның жас адамнан қандай айырмашылығы бар?**

А) үштен көп жауап айтса – 4;

Ә) екі немесе бір жауабын айтса – 2;

Б) қате жауап – 0.

**18. Неге адамдар спортпен шұғылданады?**

А) екі белгі – 4;

Ә) бір белгі – 2;

Б) қате жауап – 0.

**19. Егер адам жұмыс жасамаса, оны неге жаман адам деп ойлаймыз?**

А) басқалар ол үшін жұмыс істейді, т.б. – 2;

Ә) дұрыс емес – 0.

**20. Неге автобуска мінгенде билет алу керек?**

А) дұрыс жауап – 5;

Ә) дұрыс емес – 0.

**Қорытынды:**

1. 24 ұпай жоғары дамыған.

2. 13-24 мектепке даярлығы жоғары.

3. 0-13 мектепке даярлығы қалыпты.

4. -1(-10) және -11-төмен қосымша зерттелу керек.

**Әдебиеттер:**

1. Л. Ф. Обухова. Возрастная психология. – М., 2000

2. В. С. Мухина. Возрастная психология. – М., 1998.

3. Р. С. Немов. Психология. Книга 1, 2, 3. «Общие основы психологии». 3-е издание. – М: Владос, 1998.

## 3-тарау. Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық ерекшеліктері

### Жоспар:

- 3.1. Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық сипаты.
- 3.2. Кіші мектеп жасындағылардың анатомо-физиологиялық дамуы.
- 3.3. Кіші мектеп жасындағылардың қабылдау мен зейін процесінің ерекшеліктері.
- 3.4. Кіші мектеп жасындағылардың ес пен ойлау процестерінің ерекшеліктері.

### 3.1. Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық сипаты

Кіші мектеп жасын бастауыш мектеп жасы деп те атауға болады. Бастауыш мектеп жасының (6-10 жастың) өзінше жас кезеңіне бөлінуі оқудың (әсіресе орта оқу мектебінің) көп елдерде жаппай үстем алып дамып келуінен. Осы жас кезеңін өзінше бөліп алудың себебі – бұларда өтетін оқу материалдарының ұқсас келуінен.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалдарын меңгеруге мүмкіншілігі өте көп. Себебі олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі.

Кеңес психологі В. В. Давыдовтың пікірінше, көбіне оқушылардың оқу материалдары олардың ақыл-ой деңгейіне сай келмей отырады. Сондықтан, олардың оқуға мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырмаларды одан әрі қиындата түсу керек.

Егер бұл жастағылардың негізгі іс-әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші роль атқарады. Осыдан, оқу әрекеті – бала психикасының дамуына әсер ететін негізгі әрекет болып табылады. Ойынға қарағанда оқуға байланысты талап-

тар бала үшін күрделі болып келеді. Сонымен қатар, жаңа мектепке келген бала сыныптағы құрбыларымен қатынас жасап, осының нәтижесінде өзінің психикалық өрісін кеңейтеді. Дегенмен алғашқы уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, мынадай қиындықтар туындауы мүмкін:

- бала мектептің, сыныптағы тәртіп ережелеріне бейімделе алмайды (белгілі уақытта тұрып, мезгілінде жатуға, сабақтан қалмауға, сабақ кезінде үнсіз тыныш отыруға үйрене алмағандықтан) қиналады;

- мұғалімнің өзіне тән мінезіне және құрбыларымен қалай қарым-қатынас жасауға үйрене алмағандықтан бала қиналады, мұғалімнен түсінбеген нәрсесін сұрауға ұялады;

- мектепке дейінгі кезеңдегі оқуға дайындық жеткілікті дәрежеде болмаса, мектептегі оқу материалдарын бала дұрыс меңгере алмайды;

- мектептегі оқытылатын материалдардың тым жеңіл келуі. Тапсырмалардың тым жеңіл келуі қиындықтармен

күресуді тежейді, балалардың оқуға деген ынтасы;

– мектептегі оқытылатын материалдардың тым жеңіл келуі. Тапсырмалардың тым жеңіл келуі қиын-

дықтармен күресуді тежейді, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыра білу керек. Мұндай қиындықтарды ескеріп, назардан тыс қалдырмау керек.

### 3.2. Кіші мектеп жасындағылардың анатомио-физиологиялық дамуы

Мектепке келерде бала дене жағынан алға қарай едәуір өріс алып, бұлшық еттері мен шеміршектері және сүйектері едәуір нығайып қалады. Қол бармағының нығаюы 9-10 жаста қалыптасады да, табаны 10-11 жаста сүйектеніп бітеді. 7-8 жастың арасында бала 2,5 кг қосады. Бойы жылына 5 см. қосып отырады. Бұл кезде әсіресе, жүрегі мен тыныс алу органдары қалыптасып қалады.

1) Баланың жалпы физикалық дамуы: қалыпты салмағы, бойы, кеудесінің аумағы, бұлшық ет тонусы, пропорциясы, терісі және елімізде 7 жастағы ұл балалар мен қыз балалардың физикалық дамуының орта нормасына сай келетін басқа да көрсеткіштері. Көру, есту, моториканың (әсіресе қолдың білезік және саусақтарының ұсақ қозғалыстарының қалыптасуына) жақсы болуына аса көңіл аудару керек. Алыстан көрмеушілік, естудің төмендеуі немесе қолдың ұсақ қозғалыстарының қозғалмалылығы мен координациясының жетіспеушілігі кейде баланың мектепте оқу үлгеріміне бөгет жасау себептері болатындығы айқындалған.

2) Жеткілікті білім мөлшерін меңгеру, яғни ой-өрістің мөлшері, осының негізінде сыныптағы жұмыс ұйымдастырылуы мүмкін. Негізінен, бұл сезім тәжірибесі, елестету, кейбір қарапайым түсініктер («өсімдіктер», «жануарлар», «мезгілдік құбылыстар», «уақыт»,

«сан») және бірқатар фактологиялық сипаттағы мәліметтер (адамдардың еңбегі туралы, туған жер туралы, мерекелер туралы. Мектепте дайындаған баланың біліміне кеңістік туралы белгілі елестеулер кіреді (алыс, бағыт, форма, заттардың көлемі, олардың кеңістіктегі орналасуы және уақыт туралы, оның өлшем бірлігі туралы сағат, минут, апта, ай, жыл).

3) Соңғы жылдары балаларды мектепке дайындау жоспарында балалардың кейбір әдеттерді, шеберлікті игеруі мен мінез-құлықтың маңызды дағдылары мен әрекеттерінің қалыптасуына үлкен мән берілуде: тұрмыстық, өзіне-өзі қызмет ету, гигиеналық, мәдени (бір-бірімен сыпайы қатынас), еңбектік (қарындашты, қайшыны, бояу жапқышты, инені пайдалану).

4) Баланың мектепке дайындығының маңызды көрсеткіші болып олардың грамматикалық және фонетикалық байланысты, дұрыс сөйлеуді меңгеруі, басқаны өзіне тура қаратылып айтқан сөзін ғана түсіне білу, сондай-ақ өз ойын білдіру үшін өздігінен сөйлем құра білуі де жатады. Сөзді таңдай білу мен айта білу, сөздердегі ересектер көрсеткен дыбыстардың кейбірін ерекшелік білу есту арқылы ұқсас дыбыс тіркестерін айыра білу жатады.

5) Мектепке барғанда жазуды меңгеру үшін қолдың білезігі, саусақтардың ұсақ мускулатурасының жетілуі өте маңызды. Осы мақсатпен балалар

тәрбиешінің жетекшілігімен балалар бақшасында әртүрлі жаттығулар орындайды: сурет салады, суретке сызықты түрлер салады, контур бойынша тапсырылған әшекейлерді қияды, т.б.

6) Балалар жолдастарымен бірлесіп істейтін жұмысқа және өмірге дайындалған болуы керек: тыңдай білу, және басқаның сөзін бөлмеу, қиын кезде жолдасына көмектесу, басқалардың пікірлерімен санаса білу ғана қажет емес,

сондай-ақ егер белгіленген мінез-құлық ережелеріне сай келетін болса, өзіңнің дұрыстығыңды қорғай білу керек.

7) Мектепке барар алдында оқуға ықылас, білімге ынта, жаңаны білгенге қуана білуінің қалыптасуы өте маңызды. Осы негізде мектепте баланың оқу жұмысы процесінде терең және тұрақты таным мүдделері және жемісті де жүйелі ой еңбегі нәтижесінде пайда болған қуаныш тәрбиеленуі мүмкін.

### 3.3. Кіші мектеп жасындағылардың қабылдау мен зейін процесінің ерекшеліктері

1-сыныпқа барған оқушылардың жаңа құрамымен өткізілген сабақтарда-ақ мұғалім олардың зейінін басқару қажеттігіне кезігеді. Мұның өзі мұғалімге оқушылардың, оқу процесінің психологиялық ерекшеліктерін меңгеруіне міндеттейді.

7 жастағы балалар өте зейінсіз. Олар оп-оңай және тез алаңдайды, мұғалімнің нұсқауларын тыңдауды қояды, естігендерін ұмытып қалады, өз жұмыстарында қатені көп жібереді және де орындап отырған кезде кенеттен басқа іске алаңдауы жиі кездеседі. Олар басқа бір нәрсені ойлап кетеді, тапсырылған жұмыстағы дәйектіліктен айырылып қалады да, көпке дейін қайтадан зейін қоя алмай отырады. Мұғалім балаларға жаман бағалар қояды, кейбір мұғалімдер тіпті зейінсіздігінен жіберген қателері үшін жазалап та жатады.

Алайда тәжірибе мұғалімнің мұндай шаралармен баланың зейінін жақсартып алмайтынын айқын көрсетеді. Балалардың зейінін басқару үшін оның табиғатын, физиологиялық, психологиялық негіздерін білуі керек. Сонда балалардың бірден толық қалыптасқан күйіндегі зейінділікті талап ету емес,

әуелі балаларды зейінді болуға үйрету керек.

Зейін адамның бір немесе бірнеше тітіркендіргішті адамның жүйке жүйесіне минут сайын әсер ететін тітіркендіргіштер тасқынынан бөліп алып, сол тітіркендіргіштерге көңіл қоя білуінен көрінеді.

Балалар үшін қайсыбір нәрсеге ұзақ уақыт зейін қоюдың қаншалық қиын екенін бірен ұғыну үшін жоғары жүйке қызметінің кішкентай балаларға тән ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Сабақта мектептің кішкентай балаларымен атқарылатын күнбе-күнгі жұмысты зейіннің қай түріне негіздеп құру қажет? Әрине, ырықсыз зейінге. Бірінші сынып оқушыларын мектепте оқытудың алғашқы апталарында балаларға бірер минут дем алдыру үшін мұғалімге 3-ші немесе 4-ші сабақта аздап үзіліс жасау да ұсынылады.

Бастауыш мектеп оқушыларында бір аминантының сақталу уақыты да, яғни зейіннің орнықтылығы да көп болмайды. Балалардың қызықты әрі өздеріне ұғымды әңгімені ұзақ уақыт, барынша зейінмен тыңдай алатыны мұғалімнің барлығына мәлім.

Қабылдау – айналадағы ортаның заттары мен құбылыстары адымның сезім мүшелері тікелей әсер еткенде, адамның сол заттар мен құбылыстарды бейнелеу процесі бүкіл дүние тарихының өнімі болып табылады.

Дамуының бастапқы сатыларында баланың қабылдауы әлі мүлдем жетілмеген болады, қабылданатын заттардың бейнелері барынша көмескі және бұлыңғыр болуымен ерекшеленеді. Мәселен, 10-12 айлық бала анасының қауырсындары бар үлкен қалпақ кигенде шырқырап жылай бастайды. 3-4 жастағы балалар да жаңа жылда қасқыр болып жүрген тәрбиешілерін танымайды. Мұндай бұлыңғырлық пен аумақтылық балалардың қабылдауының өзіне тән ерекшелігі болып табылады және күрделі әрі онша таныс емес заттарды қабылдаған кезде тіпті

7-9 жастағылар өз мұғалімдерінің бейнесіне оның бетін, шашының түсін, көзін ғана емес, сыныпқа киіп келген көйлегін, аяқ-киімі мен сөмкесін де қосады.

Баланың танымының бастапқы сатысы оның күнбе-күнгі тәжірибелік өмірі болып табылады. Баланың заттарды дұрыс қабылдай алуы, байқампаз болуы мынадай іс-шаралар арқылы жүзеге асады:

– баланы арнайы қабылдай алу дағдыларына үйрету;

– негізгі дағдыларды бала бойында қалыптастыру үшін анализ бен жалпылауды жетілдіру керек;

– балалардың жасы неғұрлым кіші болса, анализдеуде олардың психикалық ісі соғұрлым үлкен роль атқарады;

– қабылдауға үйретуде сөзді кірістірудің ролі зор.

### 3.4. Кіші мектеп жасындағылардың ес пен ойлау процестерінің ерекшеліктері

Балалар кез келген материалды емес, өздерін қызықтыратын, олардың сезімдеріне дұрыс әсер ете алатын материалды ғана естерінде сақтайды. Бұған қоса есте сақтаудың шапшаңдығы – бұл есте сақтау процесінің бір ғана сапалы, бір ғана бөлімін қамтиды.

Мысалы, жекеленген заттардың бейнелері кез келген мазмұндағы сөздерді есте сақтау саны сияқты, балалардың жасының есеюіне қарай үнемі көбейіп отырады. Дегенмен де зерттеуге алынған 3-4 сынып оқушыларының барлығы дерлік сөздік материалдардан гөрі, көрнекі материалдарды есте сақтайтындығы анықталды. Мұндай нәтижені Э. А. Фарапанов бірінші және екінші сигналдық жүйенің бірігіп қызмет істеуінің, затты көзбен көру арқылы қабылдау мен бір затты

білдіретін сөздер арқылы қабылдаудың нәтижесі деп қарайды. Абстрактылы мазмұнды сөздерді есте қалдыруда жоғары сынып оқушылары ең жақсы нәтижелер көрсетті.

**Есте қалдыру.** Еске сақтаудың ерікті және еріксіз түрлері бар. А. Н. Леонтьевтің және П. П. Блонскийдің зерттеулері бойынша, еріксіз есте қалу ең алдымен субъективті себептерге байланысты екендігін көрсетіп береді. Зерттеулер балалардың еріксіз есте қалдыруы кейде тіпті әдейі ерікті есте сақтаудан әлдеқайда тиімді, әсерлі болатынын көрсетті.

Бала есінде берілген тапсырманың жақсы сақталуы үшін мынадай әрекеттер мен тәсілдер қолдануға болады:

**1. Көрнекі құралдарды қолдану.** Баланың жасы неғұрлым кіші болса,

соғұрлым оның танымдық іс-әрекетінде сезімдік қабылдау зор роль атқарады. Сондықтан материалды есте қалдыру үшін де, мүмкіндігі бар жерде көрнекі материалға сүйену өте маңызды.

**2. Қайталау.** Көптеген мұғалімдер оқу материалдарын есте берік сақтаудың ең басты және тиімді құралы бірнеше рет біртекті қайталау деп есептейді. Балалар қайталау арқылы ережелерді жаттап, теориялық білім негізін толықтырып отырады.

**3. Өзін-өзі бақылау.** Адам өзі істеген істі бекіту үшін өзі жеткен нәтижені білуі қажет. Берілген кез келген дәрежедегі материалды оқып игерудің кез келген қалыптасуы дәрежесінде өзін-өзі бақылау үлкен роль атқарады. Өзін-өзі бақылау балаларды өзіне сын көзбен қарап, берілген тапсырманы орындауға жауаптылығын арттыруға үйрететіндіктен, әсіресе төменгі сынып оқушылары үшін өте қажет.

**4. Себептер мен нұсқау.** Адамның кез келген басқа қызметі сияқты мнемикалық қызметінің жемістілігі де ізденулерге, яғни оны туғызған себептерге, нұсқауда берілген дәрежедегідей оны орындау әзірлігіне байланысты. Бала материалды есте сақтап қалуы үшін есте сақтап қалуға тиісті екенін білуге және оны есте сақтап қалғысы келуі тиіс.

**5. Есте сақталған материалдың мағынасын ұғыну.** Кішкентай балаларға сөзбен немесе тіпті сезімге әсер етерліктей берілген мазмұнның мағынасын ұғыну өте маңызды. Көптеген тәжірибелер барысында мағыналық жағынан байланыстыруды қалыптастырған жағдайда, материалды еске түсіріп қайталауда оқушылар үлкен жетістіктерге жеткен. Есте сақталғанды ұғыну үшін балаларға әр сөздің, терминнің мәні түсінікті болуы қажет.

**Есте сақтау және ұмыту.** Материалды жаттау, оны қайтадан еске түсіру арасында кететін уақыт жасырын немесе латентті кезең деп атайды.

**Жаңғырту.** Есте сақтау процесінің соңғы сатысы, қайталап еске түсірудің ең жеңіл нысаны тану процесі болып табылады. Бұл арада қабылдау мен есте сақтау процестерінің түйісуі жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларымен күнделікті жүргізілетін жұмыстың және көптеген бақылау жұмыстарының қорытынды нәтижелері:

– біріншіден, бұрынғы кезде қажет болғандай ұзақ мерзім ішінде емес, 7-9 жастағы балаларға көлемі жағынан айтарлықтай үлкен материалдарды барынша қысқа мерзімде-ақ есінде ұстау балалардан да, мұғалімдерден де айрықша күш жұмсауды талап етеді;

– екіншіден, төменгі сынып оқушыларының барынша күрделі оқу материалдарын игерудегі осы жетістігі балаларды оқытудың жаңа жүйесінің нәтижесі болып табылады. Балалардың қабылдағандарын ұғынуға мүмкіндіктер бере алатын ақыл-ой белсенділігі мен жатталынған мазмұнды түсінуге негізделген оқыту есте сақталуға тиісті материалдардың барынша толық, ұзақ сақталуына, оны қайталап еске түсірудің дәлдігі және әртүрлі жолдарын барынша еркін пайдалана білуге жетелейді;

– үшіншіден, логикалық есте ұстау баланың жас шамасына қарай пісіп-жетілуінің ғана нәтижесі емес, ең алдымен, оқыту жүйесі мен баланың қысқа өмірінде жинақталған шамалы көрген-түйгенінің нәтижесі екендігін тәжірибе көрсетіп тұр.

Баланың ұғынып жаттаудың тиімді тәсілдерін үйренуге баланы баланы мектеп жасына жетпеген кезінен бастап дәйектілікпен үйрету қажет.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Кіші мектеп жасындағылардың психологиялық сипаты қандай?
2. Кіші мектеп жасындағылардың анатомо-физиологиялық дамуын сипаттаңыз.
3. Кіші мектеп жасындағылардың қабылдау мен зейін процесінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
4. Кіші мектеп жасындағылардың ес пен ойлау процестерінің ерекшеліктерін салыстырып айтыңыз.

### №1 тапсырма.

Кіші мектеп жасындағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін анықтап, кестені толтыр.



### №2 тапсырма.

Кіші мектеп жасындағы балалардың қабылдауын анықтауға арналған әдістемені орында.

#### **«Бұл суреттерде қандай заттар жасырылған?»**

Балаға оған таныс көптеген заттар «жасырылған» секілді бірнеше контурлы суреттер көрсетілетіні түсіндіріледі. Содан соң балаға 4 сурет көрсетіледі және оған 1, 2 және 3 бөліктердегі жасырылған барлық заттарды сызбалары бойынша ретімен атап шығуы сұралады.

Тапсырманы орындау уақыты 1 минутпен шектеледі. Егер осы уақыт ішінде бала берілген тапсырманы орындай алмаса, әдістеме тоқтатылады. Егер

бала тапсырманы 1 минуттан аз уақыт ішінде орындаса, тапсырманы орындауға жұмсалған уақыты тіркеледі.

Ескерту. Егер психодиагностиканы жүргізуші баланың асыға бастағанын және уақытынан бұрын барлық заттарды таппай бір суреттен келесі суретке көшсе, онда ол баланы тоқтатып алдыңғы суреттен тағы да іздестіруін сұрайды. Келесі суретке тек алдыңғы суреттердегі барлық заттарды тапқан жағдайда көшуге болады. 1, 2, 3-суреттерді «жасырылған» барлық заттардың жалпы саны – 14.



## Нәтижелерді бағалау

10 балл – балаға барлық үш суреттегі сызбалардан барлық 14 затты 20 секундтан аз уақыт жұмсай отырып, атаса қойылады.

8-9 балл – балаға 14 затты 21-ден 30 секунд уақыт жұмсай отырып, атаса қойылады.

6-7 балл – балаға барлық заттарды тауып және іздестіруге 31-ден 40 секунд уақыт жұмсаса қойылады.

4-5 балл – балаға барлық заттарды іздеп, тапсырманы шешуге 41-ден 50 секунд уақытын жұмсағанда қойылады.

2-3 балл – балаға барлық заттарды іздестіру тапсырмасын орындауға 51-ден 60 секунд уақытын жұмсағанда қойылады.

0-1 балл – балаға 3 суреттің бөлігінде «жасырылған» барлық 14 затты 60 секундтан артық уақыт ішінде оны іздестіру мен атап шығу бойынша тапсырманы орындай алмағанда қойылады.

## Даму деңгейінің қорытындысы

10 балл – өте жоғары

8-9 балл – жоғары

4-7 балл – орташа

2-3 балл – төмен

0-1 балл – өте төмен

## №3 тапсырма.

Кіші мектеп жасындағы балалардың зейінін анықтауға арналған әдістемені орында.

## Пьерон-Рузердің әдістемесі


Бұл әдістеме зейіннің тұрақтылығы және оның бөлінушілігін анықтауға арналған.

Бланкінің жоғары бөлігіндегі геометриялық фигуралар шартты белгілермен (нүкте, сызықша, вертикал-

ды сызық) белгіленеді, бала оларды ұсынылған бланкіге толтыруы керек.

Өткізу барысы. Баланың алдына таза бланкі беріледі. Зерттеуші үлгінің бос фигураларын толтырып: «Мына шаршыға мен нүкте қоям, тікүшбұрышқа – мынадай сызық сызам (вертикалды), дөңгелекті солай қалдырамын, оған еш белгі салмаймын, ал ромбыға мынадай сызықшаны саламын. Барлық қалған фигураларды мен көрсеткенімдей, сен өзің толтырасың».

Тапсырманы орындауға 3 минут уақыт беріледі. Зерттеуші секундомермен баланың 1 минут ішінде белгілеген белгілерінің саны тіркеледі. Бланкіге нүкте немесе сызықпен белгілеп қояды.



## Нәтижелерді өңдеу және бағалау

Нәтижелерді өңдеу мен бағалауда баланың 2,5 мин ішінде яғни барлық тапсырманы орындау уақытында суреттегі заттардың саны анықталып, сондай-ақ әрбір 30 секундтық интервал бөлек қарастырылады. Алынған нәтижелер формулаға енгізіледі, бұл арқы-

лы балада бір мезгілде зейіннің 2 сипасы: өнімділігі мен тұрақтылығының даму деңгейінің жалпы көрсеткіші анықталады:

$$S = 0,5 N - 2,8 n/t$$

$S$  – зерттеуші баланың зейінінің өнімділік және тұрақтылық көрсеткіші.

$N$  – баланың жұмыстану уақытында қараған суреттегі бейнелердің саны.

$T$  – жұмыс уақыты.

$n$  – жұмыстану уақытында жіберілген қателіктер саны. Қателіктер болып тасталынып кеткен қажет бейнелер немесе сызылған қажет емес бейнелер саны саналады.

10 балл – баланың  $S$  көрсеткіші 1,25 балдан жоғары болса;

8-9 балл – баланың  $S$  көрсеткіші 1 мен 1,25 балл аралығында болса;

6-7 балл –  $S$  көрсеткіші 0,75 пен 1 балл аралығында болса;

4-5 балл –  $S$  көрсеткіші 0,50-ден 0,75 балл аралығында болса;

2-3 балл –  $S$  көрсеткіші 0,24-тен 0,50 балл аралығында болса;

0-1 балл –  $S$  көрсеткіші 0-ден 0,2 балл аралығында болса беріледі.

### Даму деңгейі бойынша қорытынды

10 балл – зейін өнімділігі өте жоғары, зейін тұрақтылығы өте жоғары.

8-9 балл – зейін өнімділігі, зейін тұрақтылығы жоғары.

4-7 балл – зейін өнімділігі, зейін тұрақтылығы орташа.


2-3 балл – зейін өнімділігі, зейін тұрақтылығы төмен.

0-1 балл – зейін өнімділігі, зейін тұрақтылығы өте төмен.

### №4 тапсырма.

Кіші мектеп жасындағы балалардың есін анықтауға арналған әдістемені орында.

### «Фигураларды таны»



Бұл методика мына суреттер арқылы ұсынылады.

Нұсқау: «Сіздердің алдарыңызда 5 қатарлы сурет. Онда жұпталған вертикальды түрде 4 суреттің біреуіне ұқсас сурет осы оң жақтағы суреттен бөлек сол жағында орналасқан. Енді мүмкіндігінше ұқсас суреттерді тез тауып көрсету керек».

Алдымен байқап көруге балаға суретте 0 номерімен берілген қатардағы тапсырманы орындауды ұсынады. Зерттеуші баланың бәріне дұрыс түсінгеніне көзі жеткеннен кейін ғана, суреттегі 1-ден 10-ға дейінгі нөмірлі тапсырманы орындауға мүмкіндік береді.

### Жауаптың бағалануы:

10 балл – бала барлық тапсырманы 45 секундта орындаса;

8-9 бала – бала барлық тапсырманы 45-50 секундта орындаса;

6-7 бала – бала барлық тапсырманы 50-60 секундта орындаса;

4-5 балл – барлық тапсырманы 60-70 секундта орындаса;

2-3 балл – бала барлық тапсырманы 70-80 секундтың ішінде орындаса;

0-1 балл – бала барлық тапсырманы 80 секундтан артық уақыт жұмсаса беріледі.

### Даму деңгейі

10 балл – өте жоғары.

8-9 балл – жоғары.

4-7 балл – орта.

2-3 балл – төмен.

0-1 балл – өте төмен.

### №5 тапсырма.

Кіші мектеп жасындағы балалардың образдық-логикалық ойлауын анықтауға арналған әдістемені орында.

### «Қисынсыздық»

Бұл әдістеме арқылы баланың қоршаған ортаға және жануарлар өмірімен табиғат арасындағы байланысқа деген образды қарапайым көзқарасы бағаланады. Осы әдістеменің көмегімен баланың өз ойын грамматикалық дұрыс айтуын және логикалық ойлауын айыруға болады.

Суретті балаға көрсетеді. Мында жануарлармен бірнеше қисынсыз жағдайлар көп. Бала суретті қарамас бұрын мынадай нұсқау алады. «Суретті мұқият қарап, мұнда барлығы өз орнында ма, дұрыс салынған ба, соны айт. Егерде бір нәрсе дұрыс болмаса немесе орнында емес, дұрыс салынбаған болса, саған солай көрінсе көрсет және неге солай ойлайтыныңды түсіндір. Сосын негізінде қалай болу керек екенін айтуға тиістісің».

**Ескерту:** Нұсқаудың екі бөлімі де бірге орындалады. Алдымен бала бар-

лық қисынсыздықты айтады және оны қалай суреттен көрсетеді. Соның негізінде қалай болу керек екенін түсіндіреді. Тапсырманы орындаумен суретті қарауға 3 минут уақыт беріледі. Осы уақытта бала қисынсыз жағдайларды көріп, неге олай, негізі қалай болу керек екенін түсіндіруге тиіс.



### Бағалау нәтижесі:

10 балл – бұл баға балаға егер ол берілген 3 минут ішінде суреттегі барлық жеті қисынсыздықты көрсетіп, негізінде қалай болу керек екенін қанағаттандырылған түрде үлгерсе ғана қойылады.

8-9 балл – бала барлық қисынсыздықты көріп, белгілеп, барлық бірақ біреуден үшеуге дейін түсіндіре алмаса, қалай болу керек екенін.

6-7 балл – бала барлық қиынсыздықты көріп, белгілеп, барлық бірақ үшеу-төртеуін аяғына дейін түсіндіре алмаса, қалай бөлу керек екенін айта алмаса.

4-5 балл – бала барлық қиынсыздықты көріп, бірақ берілген уақыт ішінде 5-7 аяғына дейін түсіндіре алмай, қалай болу керек екенін айта алмаса.

2-3 балл – бала берілген уақыт ішінде суреттегі 7 қиынсыздықтың 1-4-уін көріп, түсіндіруге жете алмаса.

0-1 балл – берілген уақыт ішінде бала 7 қиынсыздықтың 4-уін тапқан болса.

**Ескерту:** 4 және одан жоғары балды бала бұл тапсырмада, берілген уақыт ішінде тапсырманың бірінші бөлімін түгелдей орындаған болса, нәтиже бойынша 7 қиынсыздықтың бәрін тапса, тек оларды түсіндіріп, негізінде қалай болатынын айтып үлгерсе ғана ала алады.

10 балл – өте жоғары.

8-9 балл – жоғары.

4-7 балл – орташа.

3-2 балл – төмен.

0-1 балл – өте төмен.

### **№6 тапсырма.**

Кіші мектеп жасындағы балалардың қиялын анықтауға арналған әдістемені орында.

### **«Қандай да бір нәрсені сал»**

Балаға бір бет қағаз бен түрлі түсті, бояулар беріп, оған ерекше бір нәрсені ойлап сал деп тапсырма беріледі. Тапсырманы орындауға 4 минут беріледі. Кейін суреттің сапасы төменде келтірілген критерийлермен бағаланады және бұл бағалаудың не-

гізінде баланың қабылдау ерекшелігіне қорытынды жасауға болады.

### **Нәтижелерді бағалау**

Баланың суреті төмендегі критерийлер бойынша бағаланады. 10 балл беріледі, егер бала берілген уақыт ішінде ерекше, өзіндік бір нәрсені ойлап салса, бұл оның фантазиясының сирек кездесетіндігін, қиялының байлығын анық дәлелдейді. Сурет көрерменге үлкен әсер қалдырады, оның бейнелері мен детальдары нақты орындалған.

8-9 балл – салынған сурет аса жаңа болмаса да сурет жеткілікті ерекше, қиялымен, эмоционалды және бояуы қанық салынса қойылады. Суреттің детальдарының орындалуы жаман емес.

5-7 балл – егер бала анық жаңа емес, бірақта шығармашылық фантазия элементтері бар және көрермендерге белгілі бір эмоционалды әсер беретін сурет ойлап салып берсе қойылады. Детальдар мен образдар орындалуы орташа.

3-4 балл – егер бала өте қарапайым, ерекше емес сурет салса, сондай-ақ суретте оның қиялы әлсіз көрінсе және детальдармен орындалуы өте нашар болғанда қойылады.

0-2 балл – егер бала берілген уақыт ішінде ештеңе ойлап салмаса және тек бөлек штрихтар мен сызықтар салса қойылады.

### **Даму деңгейінің қорытындысы**

10 балл – өте жоғары.

8-9 балл – жоғары.

5-7 балл – орташа.

3-4 балл – төмен.

0-2 балл – өте төмен.

### **Әдебиеттер:**

1. Л. Ф. Обухова. Возрастная психология. – М.: 2000.
2. В. С. Мухина. Возрастная психология. – М., 1998.
3. Р. С. Немов «Психология» Книга 1, 2, 3. «Общие основы психологии». 3-е издание. – М: Владос, 1998.

## 4-тарау. Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері

### Жоспар:

- 4.1. Жеткіншек кезеңінің баланың дамуындағы алатын орны мен маңызы.
- 4.2. Жеткіншек жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғышарттары.
- 4.3. Жеткіншек кезеңдегі «дағдарыс» мәселесіне теориялық көзқарастар.
- 4.4. Жеткіншектік шаққа өтудегі жаңа құрылымдар.
- 4.5. Ересектік сезім – жеткіншек жасының негізгі психологиялық құрылымы ретінде.

### 4.1. Жеткіншек кезеңінің баланың дамуындағы алатын орны мен маңызы

Жеткіншектің кезеңінің шектері шамамен балалардың орта мектептің V-VIII сыныптарында оқитын кезеңімен сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, бірақ жеткіншектік жастың іс жүзінде басталуы V сыныпқа өсумен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Жеткіншек кезеңінің баланың дамуындағы ерекше орны оны «өтпелі, бетбұрыс, қиын, сыналатын» кезең деген атауларда бейнеленген. Бұл атауларды осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірден екіншісіне өтуімен байланысты даму процесінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің сана-сезімінің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынасын, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу іс-әрекетінің,

мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жеткіншектің жеке басының дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінің жеке басы мен өзінің болашағын, ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерінің жолбалануы) бағытталады.

Алайда жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, бұл көптеген жағдайларға байланысты болады және осы себепті бүкіл майданда әрқелкі болуы мүмкін. Мұның өзі бір жағынан жеткіншекке «балалық пен ересектіктің» қатар болуымен, ал екінші жағынан, сол бір ғана паспорттық жастағы жеткіншектерде ересектіктің түрлі жақтарының даму дәрежесіндегі елеулі айырмашылықтары болуымен

анықталады. Бұл қазіргі мектеп оқушыларының өміріндегі жағдайларда екі түрлі жай сәттерінің болуымен байланысты. Олар:

1) ересектік дамуын тежейтін жағдайлар: балалардың көбінде тұрақты және байыпты міндеттер болмай, тек оқумен ғана шұғылдануы, көптеген ата-аналардың балаларды тұрсымтағы еңбектен, қиыншылықтар мен қынжылыстардан қорғаштауға, түгелдей қамқорлыққа алуға тырысуы.

2) Ересектендіретін жағдайлар: мазмұны жөнінен сан алуан ақпараттың орасан зор тасқыны, көптеген ата-аналардың бос уақытының аздығы, осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестікке ерте жетуі, жолдастарымен қарым-қатынастың жедел дамуы, дене күші дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы.

Осының бәрі ересектіктің дамуын анықтайтын алуан түрлі жағдайлар жасайды, осыдан келіп оның белгілі бір жақтары дамуының алуан түрлі көріністері мен елеулі айырмашылықтары келіп шығады. Мәселен, VII сыныпта бет пішіні мен мүдделері әлі балаға ұқсас ер балалар да бар, сонымен қатар ересектер өмірінің қайсыбір жағына ортақтасқан өте ересек балалар да бар, өздігінен білім алып жүрген интеллектуалдар да бар, бірақ сонымен қатар оқу материалының өзін өздігінен игере білетін жеткіншектер де бар, болашаққа деген жоспары айқын емес, мектеп оқушылары бар, ал болашақ мамандығына саналы түрде дайындала бастағандар да бар, кейбір қыз балалардың бар ойлағаны сән қуу мен ер балалар ғана, басқалары бұған онша мән бермейді, кейбір балалар үйінде нағыз қолғанат, жәрдемші болса, енді біреулері әбден ерке болып кеткен, тіпті тұрмыстағы қарапайым жұмыстарға ебі жоқ.

Жеткіншектердің ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әртүрлі және

әрбір бағыттың көптеген нұсқаулар болуы мүмкін. Мысалы, қайсыбір интеллектуал үшін өмірде ең бастысы кітаппен білім болады, қалғанының бәрін ол әлі «нәресте» дегенді бір нағыз интеллектуал үйде электроника туралы мақалаларды оқып, радиотехникамен әуестенсе де, сабақта түк бітірмейді, модадан қалып қоймаумен төтенше шұғылданады, өмірдің мәнінен бастап ең шебер шаштараз туралы барлық мәселелер жөнінде әңгімелесуге болатын ересек жасөспірімдермен сөйлескенді бәрінен артық көреді, үшінші бір интеллектуалды ересектіктің сыртқы көріністері онша қызықтырмайды, бірақ ол шешімінің сүйеніші, өзін ерлік қасиеттерге тәрбиелейді, ал қыздарға келгенде, осы қыздардың пікірінше өзін бала сықылды ұстайды, галстуктарын тартқылап, шаштарын ұйпалап кетеді. Бір өлшем ұқсас осы нұсқаулар ересектіктің дамуы әрқилы болады да, бұл орайда мазмұны әртүрлі өмірлік игіліктер қалыптасады, біреу үшін маңыздының енді біреуге құны жоқ. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері жасөспірімдік шақта олардың қалыптасуы жалғасады.

Жеткіншектік кезең қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Бұлай бағалау, біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым-қатынастарын түбірімен өзгертетін сипатта болады, мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы мүмкін, көбінесе күтпеген жерден болады да, даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер екінің бірінде бір жағынна жеткіншектің өзінде, әртүрлі елеулі субъективтік қиыншылықтардың болуымен қабаттасады, оны тәр-

биелеудегі қиыншылықтармен ұштасады, жеткіншек ересектерді ықпалына көне қоймайды, онда тіл алмаудың, қарсылық пен наразылықтың әртүрлі формалары шығады (қиқарлық, дерекілік, қарсылық, тентектік, бүкпелік, тұйықтық).

Жеткіншектік кезеңдегі дамудың сыналу көріністерінің пайда болуында биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың ролі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді. Бұл проблеманың аса маңызды педагогикалық мәні бар.

## 4.2. Жеткіншек жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғышарттары

Жеткіншек дамуындағы биологиялық фактор мәселесі баланың организмінде нақ осы шақтағы биологиялық толысу жолына түбегейлі өзгерістердің болуынан туындайды. Дене күшінің дамуында жаңа кезең басып, жыныстық жетілу процесі өркендейді. Бұлардың бәрінің сыртында организмнің морфологиялық және физиологиялық қайта құрылу процестері тұрады.

Организмнің қайта құрылуы эндокриндік жүйедегі өзгерістерден басталады. Гипофиздің әсіресе оның алдыңғы бөлігінің қызметі күшейеді, ал мұның гормондары талшықтардың өсуіне және ішкі секрецияның өте маңызды бездерінің қызметіне қолайлы жағдайлар жасайды. Олардың қызметі жеткіншектің организмінде көптеген өзгерістер туғызады. Бұл процестер қыз балаларда 11-13 жаста, ер балаларда 13-15 жаста неғұрлым жедел жүреді. Дене күшінің толысуы мен жыныстық жетілудің акселерациясы байқалып отырған қазіргі уақытта кейбір қыз балалар 10-11, ер балалар 12-13 жаста жыныстық жетілудің бастапқы сатысында болады.

Бойдың ұзаруы, салмақтың артуы, кеуде клеткасы шеңберінің өсуі – жеткіншек шақтағы дене толысуының өзіне тән жағдайлары, бұлар күрт өсу деген ерекше терминмен белгіленеді. Осының нәтижесінде баланың пішінімен салыстырғанда жеткіншектің піші-

ні өзгереді, дене пропорциясы ересек адамға тән пропорцияға жақындайды. Бас сүйегінің бет бөлігінің жедел жетілуі нәтижесінде бет әлпеті де өзгереді. Жеткіншек жасындағы жылдарда омыртқа жылдық өсуінде бойдың ұзару қарқынынан қалып қояды. 14 жасқа дейін омыртқалар арасындағы кеңістік әлі шеміршікпен толы болады. Дене түзілісінің неғұрлым көбірек бұзылуы 11-15 жаста болады, дегенмен нақ осы шақта мұндай кемшіліктерді түзеу одан да кейінгі кездегіден оңай болады. 20-21 жаста жамбас сүйектерінің бекуі аяқталады. Өте биіктен секірген кезде бұл сүйектердің тайып кетуі мүмкін, ал биік өкшелі аяқ киім кигенде жамбастың формасы өзгеріп, мұның кейінгі босану функциясына зиянды әсері болуы мүмкін.

Бұлшық ет күшінің неғұрлым жедел артуы жыныстық жетілудің аяғында болады. Бұлшық еттің дамуы ер балаларда еркектер типінде, ал қыз балаларда әйелдер типінде болады, осыдан келіп әр жыныстың өкілдерінде еркектерге тән немесе әйелдерге тән белгілер қалыптасады, бірақ бұл процестің аяқталуы жеткіншек шақтан өткеннен кейін болады.

Бұлшық ет күшінің артуынан жеткіншектің дене күшінің мүмкіндіктері ұлғаяды. Мұны ер балалардың өздері де ұғынады және олардың әрқайсысы

үшін оның үлкен маңызы бар. Алайда ересектерге қарағанда жеткіншектің бұлшық еттері тез шаршайды, сондықтан ұзақ уақыт жұмыс істейтін қабілеті әлі болмайды, спортпен және дене еңбегімен шұғылданған кезде мұны ескеріп отыру қажет. Мотор аппаратының қайта құрылуымен қатар көбіне қозғалыстардағы үйлесім жоғалады, өз денесін дұрыс ұстай білмеушілік шығады. Алайда 6-7 жастан 13-14 дейінгі шақ – көптеген қозғалыс сапалары оптималды дамиды, қозғалыс функцияларының бірқатар көрсеткіштері жедел артып жетілетін кезең. Сондықтан спортта жетістіктерге жету мүмкіндіктері де артады.

Әртүрлі мүшелер мен талшықтардың өсуі жүректің қызметіне шамадан тыс талаптар қояды. Жүрек те өседі әрі қан тамырларына қарағанда тез өседі. Мұның өзі жүрек-қан тамырлары жүйесінің қызметіндегі функциялық бұзылулардың себебі болып, жүректің қағуы мен қысымының артуы, бастың ауруы, бастың айналуы, тез шаршау түрінде көрінуі мүмкін. Жеткіншек шақта организмнің ішкі ортасында белсенді қызмет атқаратын ішкі секреция бездері жүйесіндегі өзгерістерге байланысты

күрт ауысулар болады, осының өзінде қалқан бездері мен жыныс бездерінің гормондары, атап айтқанда, зат алмасудың анализаторлары болып табылады. Эндокриндік және жүйке жүйелері функциялық жағынан өзара байланысты болғандықтан, жеткіншек шақ, бір жағынан, энергияның күрт өсуімен, ал екінші жағынан, патогендік әсерлерге деген сезімталдықтың артуымен сипатталады. Сондықтан ақыл-ой немесе дене күшінің қажуы, ұзақ уақыт жүйеге күш түсу, аффектілер, күшті эмоциялық толғаныстар (қорқыныш, ыза, реніш) эндокриндік қолайсыздықтар (етеккір циклінің уақытша тоқтауы, гипертироздың дамуы) және жүйке жүйелерінің функциялық бұзылуларына себеп болуы мүмкін. Жеткіншек шақта эндокриндік және жүйке жүйелерінің қызметіндегі балалық шақта болатын тепе-теңдік бұзылады да, жаңа тепе-теңдік енді ғана қалыптаса бастайды. Бұл қайта құрылу жеткіншектің ішкі жағдайларына, әсерлеріне, көңіл күйіне әсер етіп, оның жалпы ұшқалақтығының, ашуланшақтығының, шамданғыштығының, қозғыштығының, қимыл белсенділігінің, мезгіл-мезгіл селсоқтығының, енжарлануының негізі болады.

### 4.3. Жеткіншек кезеңдегі «дағдарыс» мәселесіне теориялық көзқарастар

Жеткіншектің организмінде болатын елеулі өзгерістер ұзақ уақыт бойы осы кезеңдегі жеткіншектер ерекшеліктері мен дамуының сыналуды құбылыстарының биологиялық шарттастығы туралы әртүрлі теорияларға негіз болады. Мұндай ұғым біздің ғасырымыздың алғашқы ширегінде үстем болды. Биогенетикалық универсализм негізін салушылар С. Холл мен З. Фрейд болды. Олар жеткіншектің

дағдарысы мен өзіне тән ерекшеліктері комплексін биологиялық шарттастығы себепті болмай қоймайтын әрі универсал құбылыс деп санады. 20-30 жылдарда әртүрлі елдерде нақты зерттеулер жинақталғандықтан биогенетикалық универсализмге қарама-қарсы бағыт күш ала бастады, ал бұл зерттеулерде жеткіншектің жеке басының кейбір қасиеттерінің оның әлеуметтік қатыстылығына тәуелділігі көрсетілді.

Қиын жеткіншектерді тәрбиелеу іс-тәжірибесінің маңызы болды, мәселен, А. С. Макаренкодa мұндай жеткіншектер қысқа мерзім ішінде түзелетін еді.

Самоа аралындағы жеткіншектерді зерттеген американ ғалымы М. Мид жеткіншек шақта дағдарыстар мен дау-жанжалдардың болмай қоймайтындығы туралы түсініктің қисынсыздығын дәлелдеді, сөйтіп олардың биологиялық емес, әлеуметтік шарттастығын көрсетті. М. Мид Самоадағы жеткіншек қыз балалардың балалықтан ересектікке үйлесімді, дау-жанжалсыз өтетінін байқады да балалардың тіршілік жағдайларын, тәрбиеленуі мен айнала-дағылармен қарым-қатынастарының ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттап жазды. Қыз балалардың жеткіншек шағын М. Мид балалық және ересектік көзбен салыстырғанда тұтас алғанда неғұрлым жақсы және ерікті кезең деп бағалады. Антропологтардың зерттеулерінде жеткіншектік кезеңнің ұзақтығы әртүрлі болуы және бірнеше аймен шектелуі мүмкін екені анықталды. Балаларда «Эдип» комплексінің міндеттілігі туралы пайымдау да теріске шығарылып, жеткіншектің инициациядан кейін алатын ересектік статусына арнайы әзірлік жағдайында да, сондай-ақ бұл статустың талаптарын біртіндеп меңгергенде де жеткіншек ер балаларда дағдарыстың болмауы мүмкіндігі анықталды.

Антрополог Р. Бенедикт балалықтан ересектікке өтудің 2 типін көрсетті:

- үздіксіз тип;
- баланың балалық шағында оқып үйренгені мен ересектің ролін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет тәсілдері мен түсініктер арасында үзлістер болатын тип.

Өтудің бірінші типі балалар мен ересектерге арналған маңызды нормалар мен талаптардың ұқсастығы жағдайларында болады. Мұндай жағдайларда даму бірқалыпты өтеді, бала ересектік іс-әрекет тәсілдеріне біртіндеп үйренеді де, ересектің статусының талаптарын орындауға даяр болып шығады.

Өтудің екінші типі балалар мен ересектерге қойылатын мәнді талаптарда алшақтық болған кезде байқалады. Мұндай жағдайларда балалықтан ересектікке өту әртүрлі қиыншылықтармен қабаттасып, оның өзіне тән нәтижесі болады – ресми кемелдікке жеткен кезде ересектің ролін атқаруға дайын болмау келіп шығады. Балалықтан ересектікке өтетін жол деп атап көрсетті. Бенедикт, әртүрлі қоғамдарда әрқелкі болады және оның ешқайсысы да кемелдікке жеткізетін «табиғи» соқпақ деп қарастырылмайды.

Антропологтар зерттеулерінің теориялық маңызы зор. Бала өмірінің нақты әлеуметтік жағдайларына:

- жеткіншектік кезеңнің ұзақтығына;
- дағдарыстың, талас-тартыстың, қиыншылықтың болуына;
- балалықтан ересектікке өтудің өзінің сипатына қарай анықталатыны дәлелденді.

#### 4.4. Жеткіншектік шаққа өтудегі жаңа құрылымдар

*Әлеуметтік ересектіктің дамуы дегеніміз* – баланың ересектер қоғамында оның толықта тең құқылы мүшесі болып өмір сүруге даярлығының қалыптасуы. Бұл процесс объективтік қана емес, субъективтік даярлықтың да

дамуын көздейді, ол іс-әрекетке ересектердің мінез-құлқына деген көзқарастарға қойылатын қоғамдық талаптарды меңгеру үшін қажет, өйткені әлеуметтік ересектіктің өзі осы талаптарды игеру процесінде дамиды. Жеткіншек-

тік шақтың басында балалар сырт пішіні жағынан да, мінез-құлқы жағынан да ересектерге ұқсамайды: олар әлі де көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып, тентектіктер жасайды, өз дегендерін істеп, байыз таппайды, қызу да шамданғыш, әртүрлі салада белсенді, көбінесе ұшқалақ, ынта білдіріп, ден қоюы да, біреуді жақсы көруі, қарым-қатынасы да тұрақсыз, басқаның ықпалына оңай көнгіш болады. Алайда балалығы қаз-қалпында болып көрінетін сырт көрінісі алдамшы болады да оның сыртында жаңаның қалыптасуының маңызды процестері жүріп жатады: жеткіншектер көп жағынан әлі бала болып жүріп, елеусіз есейеді.

Ересектің қалыптасу процесі көзге бірден түспейді. Оның көріністері мен нышандары әр сипатты және сан

алуан. Ересектің алғашқы өркендеуі оның дамуы әр сипатты және сан алуан. Ересектің алғашқы өркендеуі оның дамыған формаларынан өте айрықша болып, кейде жеткіншектің мінез-құлқында ересек адамға жағымсыз жаңа сәттерде көрінуі мүмкін. Жеткіншек жасқа аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгерістермен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас бұзылады.

Жеткіншектің жеке басындағы басты және өзіне жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы болады, ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады.

#### 4.5. Ересектік сезім – жеткіншек жасының негізгі психологиялық құрылымы ретінде

Ересектік сезім дене дамуы мен жыныстық толысудағы ілгерілеушіліктерді ұғынып, бағалаудың нәтижесінде шығуы мүмкін; бұларды жеткіншек анық сезінеді және оны өз ұғымында да объективті түрде неғұрлым ересек етіп көрсетеді. Қазіргі бар акселерация балада осы жаңа өзін-өзі түсіну мен өзін-өзі бағалаудың бұрынғы жылдарға қарағанда ерте пайда болуына жағдай жасайды. Ересектік сезімдерінің ендігі бер қайнар көзі – әлеуметтік негіздер. Мұның өзі ересектермен қарым-қатынаста бала объективтік тұрғыдан балалық жағдайда болмай, еңбекке қатысып, елеулі міндеттері болғандай реттерде туындауы мүмкін. Ересектердің сенімі және жастайынан дербестікке жету әлеуметтік қана емес, субъективтік тұрғыдан да баланы тез есейтеді. Бұған ұқсас мысалдар Ұлы Отан соғысы жылдарында көп кездесті.

Ересектік сезімнің жыныстық толысудан көп бұрын пайда болуының мүмкіндігі бар жолды Н. А. Некрасов бармақтай мұжық бейнесінде берген. Мұның өзі бала ересек деп санайтын адам мен өзі арасындағы бір немесе бірнеше өлшем бойынша баланың өзі ұқсаспыз (білім, іскерлік, күш, ептілік, батылдық, т.б. ұқсастығы) деп тапқан жағдайда да туындауы мүмкін; ұқсастық жайлар неғұрлым көп болса, өзін ересек сезінуге негіз де соғұрлым көп болады. Ересектік сезім баланы өзіне тең ұқсайтын неғұрлым ересек жолдастарымен қарым-қатынаста да қалыптасады. Жеткіншек өзін айнала-сындағылармен ғана емес, мұның алдында өзінің қандай болғанымен де салыстырады, әрине, белгілі бір бейнелерді бағдарға алып, өзіндегі прогресті бөліп көрсетеді.

Ересек сезімі сана-сезімнің өзіне тән жаңа құрылымы ретінде жеке адамның өзекті ерекшелігі, оның құрылымдық ортасы болады, өйткені ол жеткіншектің өзіне, жұртқа жіне дүниеге деген жаңа өмірлік позициясын білдіреді, оның әлеуметтік белсенділігінің өзіне тән бағыты мен мазмұнын, жаңаша талпыныстарының, толғаныстары мен аффективті ықпалдардың жүйесін анықтайды. Жеткіншектің өзіне тән әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады. Мұның ұзаққа созылатын салдары болады, өйткені ересектер мен балалар әртүрлі екі топты көрсетеді және олардың міндеттері, құқылары, артықшылықтары мен шектеулері түр-


ліше болады. Балаларға арналған көптеген нормаларда, ережелерде, талаптарда, шектеулерде, тіл алудың ерекше моральда олардың ересектер дүниесіндегі дербессіздігі, тең құқылықсыздығы мен тәуелді жағдайы бейнеленген. Бала үшін дүниеде қол жетпес, тыйым салынған жайлар көп. Балалық шағында бала қоғамның балаларға қоятын талаптарымен нормаларын меңгереді. Бұл нормалар мен талаптар ересектер тобына өтер кезде сапалық тұрғыда өзгереді. Жеткіншекте өзі туралы енді балалықтың шекарасынан өткен адаммын деген түсініктің пайда болуы оның бір нормалар мен құндылықтардан басқаларына балалық нормалар мен құндылықтардан ересекті нормалар мен құндылықтарға қайта бағдар алуын айқындайды.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жеткіншек кезеңінің баланың дамуындағы алатын орны мен маңызы қандай?
2. Жеткіншектің кезеңінің шектері шамамен балалардың қай сынып кезеңімен сәйкес келеді?
3. Жеткіншек жастағылардың психикалық дамуының ерекшелігі қандай?
4. Қыздардың және ұлдардың денесінің тез өсуі қай жаста кездеседі?
5. Жеткіншек жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғышарттарын ата.
6. Жеткіншек кезеңдегі «дағдарыс» мәселесіне теориялық көзқарастарын білдірген ғалымдар кімдер?
7. Жеткіншектік шаққа өтуде қандай жаңа құрылымдар пайда болады?

### №1 тапсырма.

Жеткіншектердің психологиялық даму ерекшеліктерін анықтап, кестені толтыр.



## **№2 тапсырма.**

Филипстің мектептегі үрейленушілік деңгейін анықтау әдістемесін өткізіп, қорытындысын шығар.

### **Филипстің мектептегі үрейленушілік деңгейін анықтау әдістемесі.**

Кіші және орта мектеп жасындағы балалардың мінез-құлқындағы үрейленушілік деңгейін анықтау әдістемесі.

Тест 58 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет.

Нұсқау: Балалар қазір сіздерге мектепте өздерінді қалай ұстағандарың туралы сұрақтар беріледі. Тек дұрыс әрі нақты жауап беруге тырысыңдар. Мұнда дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман жауаптар жоқ. Сұраққа көп ойланбаңыздар. Парақтың жоғары жағына аты-жөндерінді, сыныптарыңды жазыңдар. Рет нөмірін қойып, келіссендер « + », келіспесендер « – » белгісін қойыңдар.

### **Сауалнама мәтіні.**

1. Өзіңді бүкіл сыныппен бір деңгейде ұстауың қиын ба?
2. Мұғалім сенің материалды қаншалықты білетінін тексерем десе, қобалжисың ба?
3. Мұғалім қалай қаласа саған солай жұмыс істеу қиын ба?
4. Сенің сабақты білмегенің үшін мұғалімнің ашуланғаны түсіңе ене ме?
5. Сені сыныбыңда кімде-кім ұрып немесе соқты ма?
6. Сен сабақты түсініп болғанша, мұғалім жаңа материалды ұзақ түсіндіргенін жиі қалайсың ба?
7. Тапсырма орындағанда немесе жауап бергенде қатты қобалжисың ба?
8. Түсінгенінді айтар кезде қате жіберіп аламын ба деген үрей бола ма?
9. Сені жауап беруге шақырғанда тізең қалтырай ма?
10. Сендер әртүрлі ойындар ойнаған кезде сыныптастарың күлеке қыла ма?
11. Сен өзің күткеннен бетер төмен баға алған кездерің болоды ма?
12. Сені екінші жылға қалдыра ма деген ой мазалай ма?
13. Сені таңдамайтын ойындарды ойнамауға тырысасың ба?
14. Сені жауап беруге шақырғанда қобалжитын кездерің бола ма?
15. Сенің қалайтыныңды сыныптастарың орындамайтындығы жиі сезіле ме?
16. Тапсырма орындар алдында қатты қобалжисың ба?
17. Ата-ана күткендей қажетті бағаны алу қиын ба?
18. Уақыт өте келе сыныпта жағымсыздық пайда бола ма деп қорқасың ба?
19. Егер жауап беріп жатып қателессең, саған сыныптастарың күлген кездері болды ма?
20. Сен өз сыныптастарыңа ұнайсың ба?
21. Тапсырма орындап болған соң, жақсы орындадым ба деп алаңдайсың ба?
22. Сен сыныпта жұмыс істеген кезде бәрін есінде сақтайтыныға сенімдісің бе?
23. Мектепте мұғалімге жауап бере алмай жатқандығың түсіңе ене ме?
24. Саған басқалардың көбі достық қатынаста екендігі рас па?
25. Орындаған тапсырмаңның нәтижесі сыныптастарыңның жауабымен салыстырылатынын білсең, басыңды салып жұмыс жасайсың ба?
26. Сенен сұраған кезде көп уайымдамауды жиі армандайсың ба?
27. Мұғалім сенің сабаққа дайындығыңды тексерем десе, жүрегіңнің қатты соғатынын сезесің бе?
28. Келіспеушілікке тап болудан қорқасың ба?

29. Сен жақсы бағаланған кезде сенің достарыңның бірі «көрініп қалғысы» келе ме деп ойлай ма?

30. Балалар ерекше көңілмен қарайтын сыныптастарыңның жанында болғанда өзіңді жақсы сезінесің бе?

31. Сыныптағы кейбір балалардың саған ұнамайтын нәрсе айтатын кездері бола ма?

32. Нашар оқитын оқушылар өз орнын жоғалтады деп ойлайсың ба?

33. Сыныптастарыңның көпшілігі саған көңіл аудармайтындығы байқала ма?

34. Сен оғаш көрінуден жиі қорқасың ба?

35. Мұғалімнің саған деген қатынасына ризасың ба?

36. Сыныптастарыңның аналары секілді сенің анаң кештерді ұйымдастыруға көмектесе ме?

37. Айналаңдағылардың сен туралы не ойлайтындығы алаңдата ма?

38. Бұрынғыдан да жақсырақ оқитындығыңа сенімдісіңбе?

39. Өзіңді сыныптастарың секілді жақсы киінемін деп ойлайсың ба?

40. Сен сабақ айтып тұрғанда, сен туралы басқалардың не ойлап тұрғанын ойлайсың ба?

41. Сыныпта дарынды оқушылар басқа балаларда жоқ ерекше мүмкіндіктерге ие ме?

42. Сенің алда болғаныңды сыныптастарың көре алмай ма?

43. Сыныптастарыңның саған деген қатынасына ризасың ба?

44. Мұғаліммен жеке қалғанда өзіңді жақсы сезінесің бе?

45. Сенің келбетің мен іс-әрекеттеріңді сыныптастарың келеке ете ме?

46. Басқа балаларға қарағанда өзіңнің мектепке дейінгі кездеріңе алаңдайсың ба?

47. Сенен сұраған кезде жауап бере алмасаң жылауға дейін барасың ба?

48. Кешкілік жатар алдында ертең мектепте қандай жағдай болатынын ойлап алаңдайсың ба?

49. Бұрын жақсы білгеніңді ұмытқаныңды қиын тапсырмамен жұмыс жасаған кезде сезінесің бе?

50. Тапсырмамен жұмыс істеген кезде қолың аздап қалтырай ма?

51. Мұғалім сыныпқа тапсырма беретіндігін айтқан кезде қобалжытыныңды сезінесің бе?

52. Мектепте сенің біліміңді тексеру қорқыта ма?

53. Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деген кезде, сенде орындай алмаймын деген қорқыныш сезімі бола ма?

54. Сенің істей алмайтындығыңды сыныптастарыңның жасағаны түсіңе ене ме?

55. Мұғалім жаңа материалды түсіндірген кезде, сенен гөрі сыныптастарың тез қабылдайды деп ойлайсың ба?

56. Мектепке келе жатқан кезде, мұғалім сыныпқа «қатемен жұмыс» беруі мүмкін деп алаңдайсың ба?

57. Тапсырма орындаған кезде шамалы орындадым деп сезінесің бе?

58. Сынып алдында тақтада тапсырма орындауыңды айтқан кезде қолың аздап қалтырай ма?

### Нәтижені өңдеу және интерпретациялау:

Өңдеген кезде оқушының жауабы кілттегі жауаппен сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы: 8-ші сұраққа бала «иә» деп жауап берді, бұл сұрақтың жауабы « – », яғни «жоқ». Жауап кілтпен сәйкес келмесе – бұл үрейленушілікті білдіреді. Өңдеген кезде мыналар ескеріледі:

1. Барлық мәтінге жауап санының сәйкес келмеуі. Егер ол 50 пайыздан жоғары болса, баланың жоғары үрейленушілігін білдіреді. Егер 75-пайыздан көп болса – өте жоғары үрейленушілік.

2. Үрейленушіліктің 8 факторының әрбіріне сәйкестену саны 1-ші жағдайдағы секілді үрейлену деңгейі анықталады. Оқушының жалпы ішкі эмоциялық жағдайы талданады.

1. Мектептегі жалпы үрейленушілік – 2, 3, 7, 12, 16, 21, 23, 26, 28, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58

2. Әлеуметтік стрестік қайғыру – 5, 10, 15, 20, 24, 30, 33, 36, 39, 42, 44.

3. Жетістікке жетудегі қажеттілік фрустрациясы – 1, 3, 6, 11, 17, 19, 25, 28, 32, 35, 38, 41, 43.

4. Өзін көрсетудегі қорқыныш – 27, 31, 34, 37, 40, 45.

5. Білім тексерудегі қорқыныш жағдайы – 2, 7, 12, 16, 21, 26.

6. Айналадағылардың сенімін ақтаудағы қорқыныш – 3, 8, 13, 17, 22.

7. Стреске төменгі физиологиялық қарсылық – 9, 14, 18, 23, 28.

8. Мұғаліммен қарым-қатынастағы қорқыныш және проблемалар – 2, 6, 11, 32, 35, 41, 44, 47.

#### Сұрақ кілті: « + » – иә.

« – » – жоқ.

|      |       |       |       |       |       |
|------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1. – | 11. – | 21. – | 31. – | 41. + | 51. – |
| 2. – | 12. – | 22. + | 32. – | 42. – | 52. – |
| 3. – | 13. – | 23. – | 33. – | 43. + | 53. – |
| 4. – | 14. – | 24. – | 34. – | 44. + | 54. – |
| 5. – | 15. – | 25. + | 35. + | 45. – | 55. – |
| 6. – | 16. – | 26. – | 36. + | 46. – | 56. – |
| 7. – | 17. – | 27. – | 37. – | 47. – | 57. – |
| 8. – | 18. – | 28. – | 38. + | 48. – | 58. – |
| 9. – | 19. – | 29. – | 39. + | 49. – |       |

#### Қорытынды:

1. Белгілердің сәйкестенбеу саны («+ » – иә, « – » – жоқ) әрбір факторға байланысты. (Сәйкестенбеудің абсолюттік саны пайызбен: «50» пайыз; >50 пайыз; >75 пайыз).

Әрбір зерттелушіге:

2. Жеке диаграмма түрінде осы мәліметтерді көрсету.

3. Барлық сыныпқа арналған сәйкестену саны: абсолюттік мәні – <50 пайыз; >50 пайыз; >75 пайыз.

4. Осы мәліметтерді диаграмма түрінде көрсету.

5. Арнайы факторлар бойынша сәйкес еместігі бар оқушылар саны. >50 пайыз және >75 пайыз (барлық фактор үшін)

6. Нәтижені салыстырмалы түрде көрсету.

7. Әрбір оқушы туралы толық ақпарат (тест нәтижесі бойынша).

#### Әрбір факторлардың сипаттама:

1. Мектептегі жалпы үрейленушілік – мектеп өміріндегі өмірімен байланысты баланың эмоциялық жағдайы.

2. Өлеуметтік стрестік қайғыру – қоғамдық қарым-қатынастардың дамуындағы баланың эмоционалдық жағдайы.

3. Жетістікке жетудегі қажеттілік фрустрациясы – жетістікке жетудегі баланың өз қажеттілігін дамытуға, жоғары нәтижеге жетуге және т.б. жағдайларға мүмкіндік бермейтін жағымсыз психикалық фон.

4. Өзін көрсетудегі қорқыныш – өзін-өзі ашуға, өзін басқаларға көрсетуге, өз мүмкіндіктерін демонстрациялауға кері эмоциялық жағдайларды басынан өткізу.

5. Білім тексерудегі қорқыныш жағдайы – білімін, жетістігін, мүмкіндігін тексеру жағдайындағы үрейленушілікті басынан өткізу.

6. Айналадағылардың сенімін ақтаудағы қорқыныш – күтілген нәтижеге жете алмаймын ба деген қорқынышқа бой алдыру.

7. Стреске төменгі физиологиялық қорқыныш – стрестік сипаттағы жағдайға баланың бейімделуінің төмендеуі, ортаның үрейленушілік факторын деструктивті әсер етуінің жоғарылау мүмкіндігі, психофизиологиялық ұйымдастырушылық ерекшелігі.

8. Мұғаліммен қарым-қатынастағы қорқыныш және проблемалар – мектептегі үлкендермен қарым-қатынасы баланың үйренуге қабілетін төмендететін жалпы кері эмоциялық фон.

### **№3 тапсырма.**

Жеткіншек жастағы оқушылардың қарым-қатынасын анықтауға арналған сауалнаманы өткізіп, референтометриялық картаны толтыруды меңгер.

### ***Референтометрия***

Топтың бір біріне қатынасын, индивидке кімнің және түгелдей топ мүшелерінің қайсысының пікірі маңызды

екенін анықтау үшін «Референтометрия» әдістемесі өңделді.

Эксперименттің бірінші кезеңінде топ мүшелері өзінің жеке қызығушылығын таныта отырып, белгілі бір сапалар жиынтығы бойынша бірін-бірі өзара бағалайды. Мысалы: ақылды, мейірімді, көңілді, әділ, батыл, қарым-қатынасшыл, білгір, физикалық күшті, ұстамды, сүйкімді, салмақты, жігерлі, билікқұмар, еңбексүйгіш, өзіне сенімді және т.б.

Арнайы сауалнама парақтарында топ мүшелерінің аты-жөні, ал көлденеңнен жоғарыда бағалауға жататын сапалары көрсетілген.

Топтың басқа мүшелерінің ұсынылған жеке сапаларын көріну деңгейін бағалау бес балдық шкала бойынша жүргізіледі, бірден (берілген сапаның бағаланушыда толығымен көрінбеуі) беске дейін (берілген сапалардың анық көрінуі).

Содан соң топ мүшелерінен, олардың тобы жаңадан қалыптасушы топ деп елестетуін сұрайды және топтың әр мүшесі « + » белгісімен өзі әрі қарай ерекше қарым-қатынас жасағысы келетін 3-5 топ мүшесін « – » белгісімен қажет жағдайда еш өкінішсіз айырылыса алатын 3-5 адамды белгілеуі тиіс.

Бірнеше күннен кейін басты кезең басталады. Ол экспериментатордың зерттеушілердің әрқайсымен жеке әңгімелесу түрінде жүргізіледі. Әңгіме барысында зерттеушілерге топ мүшелерінің кейбіреулерінің оған берген бағаларымен танысуға мүмкіндік беріледі.

Мысалы: «өзіңіз туралы кімнің пікірін ең бірінші білгіңіз келеді?» деген сұрақтар арқылы анықталады. Әрі қарай екі-үш фамилия анықталады. Бұл мәліметтер кестеге енгізіледі.

| Кім таңдайды           | Кімді таңдау пікірі |   |   |   |   |   |       |
|------------------------|---------------------|---|---|---|---|---|-------|
|                        | 1                   | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | ...20 |
| 1. Андреев             |                     | 2 | 2 |   |   |   |       |
| Русев                  | 2                   |   |   |   |   |   |       |
| Котов                  |                     | 2 |   |   |   |   |       |
| Бегов                  |                     |   |   |   |   |   |       |
| ***                    |                     |   |   |   |   |   |       |
| 20. Яковлев            | 3                   |   |   |   | 2 | 1 |       |
| Алынған таңдаулар саны | 2                   | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 |       |
| Мәртебе                |                     |   |   |   |   |   |       |

Экспериментатор әрбір зерттеушіге олар сауалнама парағын көргісі келгенде сол зерттеушіні таңдаған үш жағдайдағы сауалнама парақтарын топтағы кімге де болса белгілі болуына қарсылық білдірмеген жағдайда таныстырылады. Егер адам өзінің сауалнама парағымен танысқысы келген жолдасына көрсеткісі келмесе, экспериментатор мәліметтердің жарияланбауын қатаң түрде қадағалауы тиіс.

Нәтижелері өңдеуде алынған таңдаулардың саны есептеліп, референдометриялық мәртебе келесі формула бойынша анықталады:

$$C_i = \frac{3K_{1i} + 2K_{2i} + 3K_{3i}}{3(M-1)}$$

Мұнда,  $C_i$  – топ мүшесінің референдометриялық мәртебесі.

$K_{1i}$  – топ мүшелерімен алынған бірінші таңдау.

$K_{2i}$  – екінші таңдау саны.

$K_{3i}$  – үшінші таңдау саны.

$M$  – топ ішіндегі зерттелгендер саны.

Эксперимент мәліметі бойынша (референдометриялық картаға) «жұлдыздар», «жоғары бағаланғандар», «оқшауланғандар» белгілері бойынша референдометриялық карта салынады.

#### **№4 тапсырма.**

Жеткіншек жастағы оқушылардың жеке тұлғалық дара типтік ерекше белгілерін анықтауға арналған Л. Н. Собчиктің сауалнамасын өткізіп, жеке оқушыға мінездеме бер.

**Жеке тұлғаның дара типтік ерекше белгілерін анықтауға арналған сауалнама (Л. Н. Собчик)**

**Мақсаты:** Жеке тұлғаның дара типтік ерекше белгілерін анықтау.

Жұмыс орта және үлкен топтарда жүргізіледі.

#### **Сауалнама сұрақтары:**

1. Мен барлық сұрақтарға ашық және дұрыс жауап беруге тырысамын.
2. Менің мінезім өте нашар.
3. Мен сабақта кластан гөрі үйде жақсы орындаймын.
4. Мен барлық тапсырманы бөгде адамның көмегіңсіз жасаймын.
5. Мен өзіме таныс емес балалармен жиі сөйлесемін.
6. Менің өмірде жолым тіпті болмайды.

7. Егер мен қалаған нәрсеге айналам қарсы болса, онда мен оны өзімше жасаймын.

8. Мен барлығын орындап үлгеріп жүрсем де, болмашы нәрселерге жиі алаңдап, мазасызданамын.

9. Менің сәтсіздігіме кінәлі нақты адамдар (балалар, ата-аналар, мұғалімдер).

10. Кластағы балалар жалпы мен үшін маңызды болып есептеледі.

11. Басқа адамдардың жағдайларына мені аз қатыстырады.

12. Маған өлеңді жақсы айтатын адамдар ұнайды.

13. Басқа адамдардың қыңырлығын да шаруам жоқ, өзімдікі жетеді.

14. Шулы ортада мен тек басқа адамдардың қалай көңіл көтеретініне қарап отырамын.

15. Әлдекімдердің уайымдап және азаптанып жүргенін көру мен үшін ауыр нәрсе.

16. Мен барлық уақытта дұрыс айтамын.

17. Менің барлық бақытсыздығым – өз мінезімнің нашарлығынан.

18. Мен өмірдегі ең бақытсыз адаммын.

19. Мен жиі не істерімді білмей қаламын.

20. Маған жаңа адамдармен танысу барлық уақытта ұнайды.

21. Мен барлық кезде ұзақ ойланып жатпай әрекетке көшемін.

22. Мен өз ойыма сенімді болсам да, менің пікірімді өзгертуге тырысқан адамдар мені ызаландырады.

23. Мен ешбір дәлелсіз өзіме жақын адамдар үшін жиі толқимын.

24. Біреулердің менің бөлмедегі үстелімнің үстіндегі ретке келтіріп қойған заттарымның орнын ауыстырғанын мен қаламаймын.

25. Мен балалардың, тіпті үлкен адамдардың назарын өзіме аудармамын.

26. Мен өмірде анықталмаған ережелер мен қағидаларды қатар ұстаймын.

27. Мен шулап, көңіл көтеріп отыратын қонаққа барғанды ұнатпаймын.

28. Үйде және мектепте мені қоршаған адамдардың көңіл күйлерінің өзгергенін өте тез сезіп қоямын.

29. Мен ауладағы немесе кластағы балаларды өзіме қызықтырып еріте аламын.

30. Біреудің жылап ренжігеніне мен жайбарақат қараймын.

31. Мен тек басқа адамдарға ұнайтын нәрсені ғана жасаймын.

32. Қоршаған орта менің көңіл күйімді тез түсіреді.

33. Тақтаның алдында сабақ айту керек болса, маған ұялшақтығымды жеңу қиын.

34. Үлкендердің айтқан пікірі мен үшін өте маңызды.

35. Басқа адамдардың қажетті деп есептеген әрекеттерін жасатуға мені еріксіз мәжбүр ету маған қиынға соғады.

36. Менің өз сезімдерімнің төмендегеніне және сәтсіздіктеріме қатты уайымдаймын.

37. Егер істеген ісімнің дұрыстығына сенімді болсам, мен барлық уақытта табанды боламын.

38. Егер ортада маған көңіл аудармаса, онда маған қызықсыз болар еді.

39. Менің пікірімді ешкім өзгерте алмайды.

40. Маған әркез жаңа достармен әртүрлі ойындар ойнаған ұнайды.

41. Егер ата-ана немесе мұғалім менің ісімді дұрыс емес деп санаса, мен пікірімді өзгерте аламын.

42. Метрода немесе трамвайда таныс емес балалармен рахаттанып ойнап сөйлесе аламын.

43. Мен ешқашан өтірік айтпаймын.

44. Мен бүгін істейтін жұмысты ертеңге ешқашан қалдырмаймын.

45. Мен өмір бойы ештеңеге риза емеспін.

46. Мен алаңсыз ойланып, әрқашанда жалғыздықты ұнатамын.

47. Мен көңілді ортада әсерленуге қысылмаймын.

48. Егер маған басқалар бұйрық берсе, онда менен ештеңе шықпайды.

49. Менің ісіме кім кедергі келтірсе, мен оған қарсы соққы бере аламын.

50. Өзімнің ыңғайсыз сөздеріме немесе ебедейсіз қылықтарыма ұялу деген болмайды.

51. Өзімнің құқымды қорғау үшін жиі төбелеске барамын.

52. Егер мен екілік баға алсам немесе өтірік айтқанымды ұстап алса, мен оған ренжімеймін.

53. Менің көңіл күйім ата-анам арасындағы істің оңға басқанына байланысты.

54. Табандылық пен қайсарлық жетпесе, маған сәттілікке қол жеткізу қиын.

55. Мен үйде және мектепте үлкендерді барлық уақытта тыңдаймын.

56. Егер мен теледидардан қызық кино немесе комедиялық ойын-сауық көрсем, онда мен жабырқаңқы көңіл күйім жеңіл көтеріледі.

57. Мектептегі жағымсыз нәрселер мені тіпті толғандырмайды.

58. Айналадағылар жақсы көңіл күйде жүрсе де, менің ішім жиі пысады.

59. Менің барлық уақытта көшенің тиісті жерлерімен өтемін.

### **Нәтижені өңдеу шкаласы:**

**I. Экстраверсия:** ия – 12, 42, 44, 49  
жоқ – 14

**II. Спонтанды:** ия – 4, 21, 29, 34  
жоқ – 19, 50

**III. Агрессивті:** ия – 7, 22, 51, 53  
жоқ – 36, 37

**IV. Ригидті:** ия – 9, 24, 26, 39  
жоқ – 41, 56

**V. Интроверсия:** ия – 3, 33, 35, 48  
жоқ – 5, 20

**VI. Сензитивті:** ия – 15, 28, 43  
жоқ – 11, 13, 30

**VII. Мазасыздық:** ия – 8, 23, 38  
жоқ – 52, 54, 59

**VIII. Лабильді:** ия – 10, 25, 40, 55, 58;  
жоқ – 27

**Жалған шкала:** ия – 16, 31, 45, 46, 57

**Экстраверсия (I)** – Бұл шкала жоғары көрсеткішті көрсетсе, онда бала көпшіл, адамға үйір, мақсаттылы әрекетті жүйесіз, көп алаңдайды, көп сөйлейді. Достарының саны шектен

тыс және таныс балалармен үстірт, маңызсыз болып қалады (танысы көп, достары аз). Мұндай балалар оқу материалын оқулықтан гөрі ойындарда, диалогтық режимде жақсы меңереді. Олар тентек, күлегеш болып келеді. Алайда олар шындық тұрғысында тапқырлық танытады. Қиын жағдайдан шығу үшін өтірік айта алады. Қоршаған ортада өзін жоғары көрсету үшін мақтанып қалады.

**Спонтанды(II)** – Бұл шкала жоғары көрсеткішті көрсетсе, бала қалай болғанда да еркіндікке, лидерлікке, ешкімге бағынбауға, өз пікірін ашық айтуға ұмтылады. Кез келген еркіндікті қысқан шектен тыс тәртіпке қарсы әрекет жасайды. Бұлар тіл алмайтын балалар ашуланғаннан гөрі көпшілік мақұлдаған мінез-құлық ережелеріне бағынғысы келмейтіндер және тәртіп бұзушылар. Олар тыйым салғандарға жақындайды. Осы себептен ішімдікке, нашақорлыққа, шылым тартуға қызығушылықтары ер-

те басталады. Бұл типтегі балалар отбасында немесе мектепте болған конфликтіден үйінен қашып кетуге, көше кезіп кетуге мәз болады. Бұлар мектеп ережесін бұзушылар, яғни сабаққа себепсіз кешігушілер. Олар бірқалыпты оқымайды. Негізінде бай интуицияға сүйінеді. Сыбырлап айтудың ебін тауып пайдаланады, яғни естіген кішкене бөлшектерін толық суреттеп бере алады. Мектепте мұндай балалардан бөле келеді. Өздерінің болашақ өмірлерінде тапқыр талапты және батылдық танытып, тіпті болмаған жетістіктерге жетеді, ашылмаған жаңалықтар аша алады.

**Агрессивті(III)** – Бұл шкала жоғары көрсеткішті (4 – 5 балл) көрсетсе, бала өз-өзіне сенімді, өз ойын ашық айтуға ұмтылады. Белсенді және өз бетімен қозғала алады. 6 балл баланың орынсыз белсендігін, агрессивті қылықтары мен кезбелікке әуестігін, бағынушылар алдында қызба (импульсивті) мінез-құлықты, тапсырманы орындауда ұқыпсыздықтарын, бұзықсыздықтарын, бұзық әрекеттерге дейін баратын көріністерді көрсетеді. Жеке адамның мұндай типтегі балалар үшін, әсіресе толық емес жанұяларда көп кездеседі. Мұндай балалар сәби кезінде ата-аналардың жылуын, мейірімділігін, қамқорлығын, ізгілігін бастан кешірмеген. Олар ерте балалық шақта өздерін қоршаған ортамен қарсы қояды және күреседі. Бұл балалар педагогты ең үлкен қиындыққа апарады. Бірақ жұмыстың қатаң әдістері (білімнен емес – мінез-құлқына байланысты мектептен шығару, арнайы кластарға немесе арнайы мектептерге жіберу, т.б.). Бұл жерде балны өшіктіреді және оның тұлғалық деформациясы өзгереді, яғни ашу-ызасы орнына келмейді.

**Ригидті(IV)** – Бұл шкала жоғары көрсеткішті көрсетсе, балада табандылық (егер өз мақсатына жетуге қатысты

болса) және қасарысушылық (егер өз көзқарасын дәлелдесе) көрінеді. Олар үшін жеке статусы төтенше маңызды мәселе – басымдылық, билік позициясы және материалдық жетістік болып саналады. Олар басқаның әдеттен тыс билігін және байлығын қызғанады, өздерінің агрессивтілігімен қорғанады. Оқуда материалды біртіндеп, кейде тіпті жай ұғады, бірақ оның есінде жақсы ұстайды. Жауап беруде жинақталған тәжірибеге сүйенеді. Оларға қиял және интуиция жетіспейді. Сондықтан оларға тіпті сыбырлап айтудың өзін қолдану қиынға соғады. Мұндай балаларға материалды ұғу үшін жаттап алу қажет. Олар шыдамдылық арқасында табыстарға жетуі мүмкін, ал соңына дейін күрессе, мінезін де жеңуі мүмкін.

**Интроверсия(V)** – Бұл шкала жоғары балалар көрсеткіш көрсетсе, олар үндемейтіндігімен, тұйықтығымен, оқшау жүруімен айырмашылығы көрініп тұрады. Олар қайырымды достарды өте қатты таңдайды. Оның есесіне үнемі өздері соларға үйірсек келеді. Пәндерді оқу алдында өздерін бағалайтыны жөнінде ойланады. Олар жалғыз қалғанда ғана материалды жақсы меңгереді. Нақты ғылымдарға қарағанда олар әдеби және гуманитарлық пәндерді жеңіл игереді. Бәрінен бұрын вербальді (жазбаша) интеллектілері пайда болады. Олар сынып алдында тақтаға шығып жауап бергенді ұнатпайды. Қоршаған орта оларды ынтымақсыз және қабағы ашылмаған адам ретінде қабылдау мүмкін. Дегенмен де олар басқа балалардың қаттылығынан және тұрпайылығынан, ал тұйықтығы өздеріне қорғану реакция сияқты көрінеді. Оларда бәрінен бұрын өзіндік арман әлемі бар. Оларға өмір – тәжірибесіз құнсыз, идеализацияға бейім сияқты болып көрінеді. Кімжоғары интеллектілі болса, ол сирек кездесетін қабілет, солар ғана терең ұғына алады

және оларға өмір қызығырақ болады деп түсінеді.

**Сензитивті(VI)** – Бұл шкала жоғары балалар көрсеткіш көрсетсе, өз сәтсіздіктеріне тым әсерленіп, тез ренжиді және олардың депрессивті реакциялары жоғары болады. Олар өз кінәларын ұлғайтуға ұмтылады. Кластастарымен қарым-қатынаста олар келісім позицияны ұстанады, лидерлікке ұмтылмайды, сыныпта өзін жайлы күшті жеке тұлға ретінде сезінеді. Мұғалімдерден, ата-аналардан қолдау іздейді және оларды қорған тұтады. Оқуда ұқыпты және жауапкершілігі мол. Емтихан кезінде қатты мазасызданады, төмен баға алса қатты күйзеледі. Олар дәрекі әділетсіздікке ренжіп, ауыр қиналысқа түседі. Даулы жағдайда олар суицидті тенденциялардан және ұзаққа созылған депрессивті реакциялардан қорқады. Оқу процесінде олар көбінесе гуманитарлық ғылымдарға бейімделеді. Оларға қазақ тілі мен әдебиетті терең меңгерткен дұрыс, өйткені олар лирикаға, поэзияға тартылады. Олар математика мен физикаға бейім келеді. Мұндай типтегілер достықта, махабатта тұрақты және балаларға аяушылық білдіріп қорғап жүреді.

**Мазасыздық (VII)** – Бұл шкала жоғары балалар көрсеткіш көрсетсе, балада мынадай ерекшеліктер басым болады: жасқаншақ, жауапкершілік сезімін сезгіш, ішкі қажеттілігі ортаға – мұғалімдер, ата-аналар сыныпқа сай болады. Күмәнданғыш, қорқақ, негізсіз үрейленуге бейім келеді. Мұндай типтегі оқушылар әдетте тапсырманы орындар алдында жөнсіз үрейден

төмен баға алады, кінәдан, жазадан қынжыла уайымдайды, бақылау жұмыстары мен емтихан алдында өте қатты күйзеледі. Достарына жанын береді. Олар үлкендердің – ата-ана, мұғалімнің жетекшілігіне арқа сүйейді, яғни өздерінің ренжігенін, жамандағанын, шағымданғанын айтып келгенін ұнатады. Мұндай типтегілер қыздардың арасында сирек кездеседі. Ұлдар бұл типте «сыпайы», «тәрбиелі», «сабырлы» болып жүреді.

**Лабильді (VIII)** – бұл шкала бойынша балаларда (лабильді, қозғалмалы) эмоционалды тұрақсыздық жоғары көрінеді. Бұл балалардың көңіл күйі жеңіл өзгереді – қуанышты күйден көңілсіз күйге тез түседі. Қамығу реакциясы былай сипатталады: беті қызарады, басы ауруы пайда болады, тамыры жиі соғады, температурасы көтеріледі, есінен танып қалады, қалшылдап тітіркенеді, жүрегі айнып, лоқсып құсады. Бұл әсерленулер қиялы бай және армандауға бейім балаларда болады. Олар мектепте өз бетінше ән салумен, өлеңдер оқумен, билеумен қуана-қуана шұғылданады. Олардың мінез-құлқы көп жағдайда еліктеушілікке басым, олар кез келген әлеуметтік рольден шығады. Педагогикалық әрекеттің негізгі рычагі – оларда атақ-даңққа ұмтылу. Мұндай типтегі жеке тұлғалардан жақсы спортшылар, әсіресе спорттың әр түріне икем балалар жиі кездеседі. Олар тәртіпті және ер жүрек, батыр болып келеді. Оларда нақты ғылым жақсы беріледі, олар поэзияда аяныш жанады, ал дау-дамайда қаттылық пайда болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Л. Ф. Обухова. Возрастная психология. – М.: 2000
2. В. С. Мухина. Возрастная психология. – М., 1998.
3. Р. С. Немов. «Психология». Книга 1, 2, 3. «Общие основы психологии». 3-е издание. – М: Владос, 1998.

## 5-тарау. Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері

### Жоспар:

- 5.1. Ересек жастағы оқушылардың өзіндік ерекшеліктері.
- 5.2. Жасөспірімдердің дене күшінің дамуы.
- 5.3. Дамудың әлеуметтік жағдайы және ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері.
- 5.4. Өзіндік сананың алғышарттары.
- 5.5. Жеке бастың қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау.

### 5.1. Ересек жастағы оқушылардың өзіндік ерекшеліктері

Жас шағы психологиясына жасөспірімдік шақ жыныстық толысудан басталып, ересектіктің басталуымен аяқталатын даму стадиясы деп анықталады. Алайда бірінші шегі физиологиялық, екіншісі әлеуметтік шек болып тұрған осы анықтаманың өзі құбылыстың күрделілігі мен көп өлшемділігін көрсетеді.

Жасөспірімнің көптеген теориялары бар. Биологиялық теориялар нақ өсудің биологиялық процестері басқаларының бәрінен басым болады деген оймен жасөспірімді алдымен организм эволюциясының белгілі бір кезеңі деп қарайды. Психологиялық теориялар психикалық эволюцияның заңдылықтарына, ішкі дүние мен өзін-өзі ұғынудың тән сипаттарына назар аударады. Психоаналитикалық теориялар жасөспірімдікті психосексуалдық дамудың белгілі бір кезеңі деп біледі. Көрсетілген теориялар жасөспірімдікті алдымен индивид немесе жеке адамның дамуы ретінде ішкі процесс тұрғысынан қарайды. Бірақ бұл даму әртүрлі әлеуметтік және мәдени ортада әркелкі болып өтеді. Жасөспірімнің социологиялық теориялары оны алдымен социализацияның белгілі бір

кезеңі, тәуелді балалықтан ересектіктің дербес те жауапты іс-әрекетіне көшу деп қарайды. Зерттеушілер адам меңгеруге тиісті әлеуметтік рольдерге, оның бағалаушылық бағдарларының қалыптасуына, еңбек өміріне аяқ басуымен байланысты мәселелерге назар аударады, яғни индивидтік-психологиялық мәселелерге әлеуметтік мәселелерден шығарылады. Акселерацияға байланысты жеткіншектік кезеңнің шектері төмендейді де, қазір ол енді 14-14,5 жаста-ақ аяқталады. Бірақ дамудың бұл кезеңінің нақты мазмұны алдымен әлеуметтік жағдайлар анықтайды. Жастардың қоғамдағы орны, ол меңгеруге тиісті білімдердің көлемі және басқа бірқатар факторлар осы жағдайларға тәуелді.

Көптеген алғашқы қауымдық қоғамдарда жас шағы айырмашылықтары әлеуметтік айырмашылықтарға тікелей үйлеседі; социализацияның негізгі механизмі бір жастағы адамдарды біріктіретін жас шағы топтары болып табылады, осының өзінде мұндай топтардың әрқайсысы өздеріне ғана тән арнайы әлеуметтік функцияларды ғана атқарады. Феодалдық қоғамда

социализация жеткіншекті не жасөспірімді ересектердің іс-әрекетіне едәуір дәрежеде тікелей қосу арқылы жүзеге асырылған. Мектеп оқытудың осы практикалық формаларын толықтыратын ғана болған. Қазіргі қоғамда еңбектің және қоғамдық іс-әрекеттің күрделіленуіне байланысты адам жұмыс істе-

мей, негізінен оқитын даярлық кезеңі едәуір ұзарады. Білім алу мен оқудың қоғамдық қажетті мерзімі неғұрлым ұзақ болса, шын мәнінде әлеуметтік кемелділік соғұрлым кеш басталады. Осыдан келіп жасөспірімдік кезең ұзарып, жалпы алғанда жас шағы шектері біршама тиянақсыз болады.

## 5.2. Жасөспірімдердің дене күшінің дамуы

Жасөспірімдік кезең — адамның дене дамуының аяқталатын кезеңі. Бойдың ұзаруы жеткіншек кезеңге қарағанда баяулайды. Қыздардың толуды орта есеппен 16 мен 17-нің арасында болады (ауытқу қосу-алу 13 ай), жігіттерде 17 мен 18-дің арасы (ауытқу қосу-алу 10 ай). Салмағы артады, осының өзінде ер балалар қыздардан қалып келген есесін толтырады. Бұлшық ет күші өте тез өседі: 16 жаста ер бала 12 жастағысынан бұл тұрғыдан екі есе асып түседі. Бойы толысқаннан кейін шамамен бір жылдан кейін адам қалыпты ересектік бұлшық ет күшіне жетеді. Әрине, көп нәрсе дұрыс тамақтану режимі мен дене шынықтырумен шұғылданумен байланысты. Спорттың кейбір түрлеріне жасөспірім-

дік кезең — ең көп жетістіктерге жететін кезең.

Жыныстық даму жөнінде жігіттер мен қыздардың көбі бұл жаста постпубертаттық кезеңде болады. Көп тараған түсініктерге қарамастан, жыныстық толысудың мерзімі нәсілдік және ұлттық ерекшеліктерге, климатқа байланысты емес. Оның есесіне тамақтану сипатындағы айырмашылықтар мен басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлар ықпал етеді. Мұның үстіне орташа статистикалық норманың жеке физиологиялық нормамен үйлеспейтінін ескеру өте маңызды. Кейбір әбден қалыпты адамдар орташа статистикалық мерзімдерден көп озық не қалыңқы дамиды. Қарқынның бұл вариацияларын патологиялық жағдайлардан ажырату әрдайым оңай бола бермейді.

## 5.3. Дамудың әлеуметтік жағдайы және ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері

Дамудың әлеуметтік жағдайы және ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Баланың жағдайы оның ересектерге тәуелділігімен сипатталады, бұлар оның өмірлік іс-әрекетінің басты мазмұны мен бағытын белгілейді.

Баланың атқаратын ролі ересектердің роліне қарағанда сапалық тұрғыда өзгеше болады және екі жағы да мұны анық ұғады. Өмірлік іс-әрекеттің күрделене түсуімен бірге жастарға әлеуметтік рольдер мен мүдделер диапазонының сандық ұлғаюы ғана болып қоймайды, сапалық тұрғыдан да өз-

геріп, ересектік рольдер бірден-бірге көбейеді, осыдан келіп дербестік пен жауапкершілік өлшемі шығады. 16 жаста төлқұжат алады, 18 жасында сайлау құқығы мен некелесуге мүмкіндік алады. Жасөспірім қылмыстық істер үшін жауап беретін болады. Көпшілігі бұл жаста еңбек қызметін бастайды, бәрі де мамандық таңдау туралы және т.б. ойлайды. Алайда жасөспірімде ересектер статусының элементтерімен қатар, оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Материалдық жағынан жоғары сынып оқушысы әлі ата-аналар қарауында. Мектепте оған, бір жағынан, екінші бірінде сен ересексің, үлкенсің десе, екінші жағынан, одан үнемі тіл алуды талап етеді. Бұл мектептен басқа жерлерде де байқалады, мұнда 16 жастағылар емес, 20 жастағыларды да көбінесе ересек деп санамайды. Жағдайдың (бір тұрғыдан ересек деп танитын, екінші тұрғыдан танымайтын) және өзіне қойылатын талаптардан тиянақсыздығы жастардың психологиясына өзінше ұғынылады.

Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, некелесуге өз отбасын құруға әзірлену. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді және олардың жүзеге асу мерзімдері жас адамның іс-әрекетінің сипатына тәуелді. Барлығы мектеп оқушылары болатын жеткіншектердей емес, 15-17 жастағы жасөспірімдер мен бойжеткендер бұған қоса кәсіптік-техникалық училищелердің немесе арнаулы орта оқу орындарының оқушылары болуы мүмкін. Кейбір жасөспірімдер оқуды өнімді еңбекпен ұштастырады. Бұл айырмашылықтар психологияға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер мұны ескеруге тиіс.

Ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері. Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15-16 жасқа қарай әдетте қалыптасып болады, сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды. Алайда ол одан әрі жетіле береді. Күрделі интеллектілік операцияларды меңгеру және ұғымдық аппараттың баюуы жас жігіттер мен қыздардың ақыл-ой қызметін неғұрлым орнықты әрі мәнді етіп, оны бұл тұрғыдан ересектің іс-әрекетіне жақындатады. Әсіресе арнайы қабілеттер шапшаң дамиды. Мүдделердің бағытталуының барған сайын саралана түсуімен қосылып, мұның өзі жастардың ақыл-ой қызметінің құрылымын кіші жастардағыға қарағанда неғұрлым күрделі де дара сипат береді. Қазіргі бар деректерге қарағанда, ақыл-ой қабілетінің саралануы қыздардан гөрі ер балаларға ертерек басылып, неғұрлым айқын көрінеді. Қабілеттер мен мүдделердің мамандануы нәтижесінде басқа да көптеген барлық айырмашылықтар неғұрлым елеулі және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болады. Осыны, сондай-ақ жоғары сынып оқушының мамандық таңдауға даярлану қажеттігін ескеріп, жоғары сыныптарда оқытудың даярлығын күшейту қажет, оқушылардың дербестік дәрежесін арттырып, оларға жалпы білім беретін мектеп шеңберінде біраз мамандануға мүмкіндік жасау керек (факультативтік пәндер, үйірмелік жұмыс, маманданған мектептер). Бірақ арнайы қабілеттердің қалыптасуының өзі оқытудың бағыты мен сипатына орасан зор дәрежеде байланысты екенін есте ұстау қажет.

Жасөспірімдік шақ – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тиянақсыздығын (енді бала болмағанымен, әлі ересек те емес), өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі, жеке адамның өз мінез-құлқын үйлестіру-

ге тиісті адамдар тобының ұлғаюы – осының бәрі қосыла келіп жасөспірімдік шақта бағалаушылық-бағдарлаушылық іс-әрекетін күрт арттырады.

Өңгіме өз қасиеттерін тану, жаңа білімдерді меңгеру туралы болса да, жас

адам оларды бағалауға өте-мөте ден қояды да, өзінің мінез-құлқын саналы түрде жасалған немесе меңгерілген критерийлер мен нормалар негізінде құруға тырысады. Бұл ең алдымен өзіндік сананың дамуында көрінеді.

#### 5.4. Өзіндік сананың алғышарттары

В. С. Мерлиннің осылай деп санайтынындай, біріншіден, өзінің теңдестігін ұғынуды, екіншіден, белсенді, іс-әрекетшіл негіз ретінде өз «менін» ұғынуды, үшіншіден, өзінің психикалық қасиеттері мен сапаларын ұғынуды, төртіншіден, өзін-өзі әлеуметтік-адамгершілік бағалаулардың белгілі бір жүйесін қамтиды. Бұл элементтердің барлығы бір-бірімен функциялық және генетикалық жағынан байланысты. Бірақ олар бір мезгілде қалыптаспайды. Теңдестігін ұғынудың бастамалары сыртқы заттардан болған және өз денесінде болған түйсіктерді ажырата бастаған кезден бастап нәрестенің өзінде-ақ болады, «менді» ұғыну бала жіктеу есімдіктерін дұрыс қолдана бастаған, шамамен үш жастан басталады. Өзінің психикалық қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау жеткіншектік және жасөспірімдік кезеңде неғұрлым көп маңыз алады. Бірақ бұл компоненттердің бәрі өзара байланысты болғандықтан, оның біреуінің баюы бүкіл жүйенің түрін өзгертпей қоймайды. Жеткіншектің өзі-ақ өзін көрсетуге барынша ұмтылуымен өзінің «мені» мен

өз қасиеттеріне зор ынта қояды. Атап айтқанда, ол өзінің келбеті мен дене тұлғасын мүлдем жаңаша қабылдай бастайды. Бұл зор ынта балаң жасөспірім жаста да сақталады. Өзінің өзгергіш тұлғасына зер сала зерттейтін жасөспірім жігіттер мен қыздар бұған барынша алаңдайды. Олардың бәрі дерлік өз келбеттерін өзгерткісі келер еді. Олар үшін әсіресе құрдастары алдындағы беделін арттырып, танымалдығын өсіретін қасиеттер ерекше маңызды. Жасөспірімдердің көбі тапал, толық болғанына, бетіне безеу шығуына, т.б. қынжылады. Әсіресе кеш толысатын ер балалар мұнысына қатты уайымдайды; екінші жыныстық белгілердің шықпай кешігуі құрдастарының алдындағы беделін төмендетіп қана қоймай, өзін қатарынан кем сезінуді туғызады. Бұл қынжылыстар, әдетте, ешкімге білдірілмейді. Өз денесінің бейнесін жасөспірімдердің өзін-өзі ұғынуының ересектердің ойлағанындай емес, анағұрлым маңызды компоненті. Қалыпты өсудің барлық ньюанстары мен нұсқауларын білмеу көптеген жасөспірімдер үшін нағыз «қайғы нысанына» айналады.

#### 5.5. Жеке бастың қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау

Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзін-өзі бағалауы, әдетте, ата-аналарынан және басқа да беделді үлкендерден алған бағаны қайта-

лайды. Бірақ бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзін-өзі бағалауға соғұрлым бағдар ала түседі. Алайда өз қасиеттерін,

әсіресе батылдықы, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі моральдық-психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады (өз ақылы немесе сұлулығын басқа біреумен салыстыру арқылы ғана бағалауға болады).

Жасөспірім де жеткіншек секілді өзінің қандай екенін, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Біреуі өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижесімен өлшемдестіру («Қиын жағдайда саспаған болсам, қорқақ болмағаным; қиын міндетке кірісіп кетіп, орындап шықсам, қабілетті болғаным»). Бірақ жасөспірімнің өмірлік тәжірибесінің шектеулілігі мұндай тексеруді қиындатады. Ересектердің көзқарасымен қарағанда қисынсыз көптеген қылықтар – қауіпті сотқарлық, даңғойлық көзге түсіп, жұртқа танылғысы келуден гөрі өзінің батылдығын, өжеттігін, т.б. сынап көргісі келуден болады.

Өзін-өзі бағалаудың екінші жолы – әлеуметтік жарыс, өзі туралы төңірегіндегілердің пікірлерін салыстыру. Төңірегіндегілердің өзі туралы пікіріне өте сезімтал қарайтын жеткіншектің өзі-ақ әркімнің бағалары ғана емес, бағалайтын өлшемдерінің өзі әрқилы болатынына көзі жетеді. Сыныптастары ерлік деп бағалаған әрекетті мұғалім жалған жолдастық деп атайды. Осыдан келіп таңдау, өздігінен ойланып көру қажет болады. Өз «менінің» бейнелері күрделі әрі бірімәндес болмайтыны белгілі. Мұнда нақты «мен» (қазір қандай болсам, сондай) де, динамикалық «мен» де (қандай болғым келсе, сондай), мұраттағы «мен» де (өзімнің моральдық үрдістерім негізінде сондай болуға тиістімін), қиялдағы «мен» де (бәрі де мүмкін болса, сондай болғым келер еді), көз алдыма елестететін басқа толып жатқан «мендер» де бар.

Тіпті, толысқан адамның өзін-өзі ұғынуы да қарама-қайшылықтарсыз болмайды және өзін-өзі бағалаудың бәрі адекватты емес. Жасөспірімдік кезде мәселе бұдан да қиынырақ. Кейде жасөспірім өзін-өзі бақылау, байқау арқылы өзін білсем дейді. Балдаң жасөспірімдік кезде жалпы алғанда рефлексияның өсуі, өзіне барынша ден қою тән. Мұның өзі интимдік күнделіктердің шығуынан да (жасөспірім ұлдарға қарағанда, қыздарда көбірек кездеседі және ертерек басталады), көркем әдебиет бейнелерін өзіне «өлшеп көруден» де, басқа адамдардың ішкі жан дүниесіне көбірек ден қоядан да аңғарылады. Кейбір психологтар жасөспірімдік рефлексиясының өзін-өзі оқшаулау, шындық болмыстан қиялдағы арман дүниесіне беріліп кету қаупі бар есептеп, оған теріс көзқараста болады. 15 жастағылардың ішкі жан дүниесі алаңсыз болып көрінгенімен әжептеуір қалыптасқан және нәзік болады. Психикалық саулық нормаларының өзі оларда үлкендердегіден гөрі өзгеше. Кіші шәкірттік жастағыларға қарағанда, жас өспірім жігіттер мен қыздарда алаңдаудың жалпы дәрежесі жоғары. Пубертаттық жаста деперсонализация және психикалық жатсыну жағдайлары аз болмайды.

Балалықпен қоштасу көп жағдайда бір нәрседен айырылу сезімі ретінде, өз «менінің» бұлыңғырлығы, жалғыздық, өзін басқалар түсінбейтініндей көру, т.с.с. ретінде уайымдалады. Алайда бұл сәттерді асыра бағалауға болмайды. Жасөспірімдік шақтың қиыншылықтары бұларға бәрі де душар бола бермейтінін, кезіккеннің өзінде міндетті түрде соншалық қиын болмайтынын айтпағанның өзінде бұлар ойдағыдай жеңуге болмайтын өсу қиыншылықтары.

*Тұрақты эгоцентризмнің* нақты қаупі невротизм белгілері бар жасөспі-

рімдерде ғана немесе бұған дейінгі дамудың ерекшеліктерімен байланысты (өзін-өзі сыйламаушылық, адамдармен қарым-қатынастың нашарлығы) оған бейім жастарда ғана болады. Жақсы мұғалім мұндай балаларды қарым-қатынастың олар неғұрлым қолдан келетін және қолайлы формаларына елеусіз тарта отырып, тиімді көмек жасай алады. Алайда қысым атаулы немесе дөрекі араласу қосымша тауқыметке ғана ұғындырады. Адамгершілік тұрғыдан байсалды ортада, ұйымшыл ортада тәрбиеленген жасөспірім жігіттер мен қыздардың көпшілігінде психологиялық оқшаулану мен рефлексия қарым-қатынасқа кедергі болмағанымен қоймай, қарым-қатынастың тереңдеп, оның іріктеліп өсуіне жағдай жасайды.

Өзіне-өзі талдау жасауды өзін-өзі мақсатсыз байқаумен шатастыруға болмайды. Қайталанбас дара адам ретінде өзін-өзі ашу осы адам өмір сүруге тиісті әлеуметтік дүниені ашумен ажыратусыз байланысты. Жасөспірімдік рефлексия, бір жағынан, өзінің «менін» ұғыну («Мен кіммін? Мен қандаймын? Менің қабілеттерім қандай? Мен өзімді не үшін сыйлай аламын?»), ал екінші жағынан, дүгиедегі өзінің жағдайын ұғыну («Менің өмірлік мұратым қандай? Менің достарым, жауларым кім? Кім болғым келеді? Өзім де, айналамдағы дүние де жақсы болуы үшін мен не істеуім керек?») болмақ. Мұны әр кезде бірдей ұғынбаса да жеткіншектің өзі-ақ өзіне арналған алғашқы сұрақтар қояды. Екінші, неғұрлым жалпы, дүниетанымдық сұрақтарды жасөспірім қояды, онда өзіне-өзі талдау жасау, әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың элементіне айналады. Жасөспірімдік рефлексиясының тереңдігі мен қарқындылығы (интенсивтігі) көптеген әлеуметтік, жеке типологиялық, өмірбаяндық фактор-

ларға байланысты, бұлардың арақатынасы әлі жете зерттелмеген.

Жеке адамның көбіне жасөспірімдік шақта қалыптасатын ерекше маңызды белгісі – өзін-өзі сыйлау, яғни қорытындыланған өзін-өзі бағалау, өзін жеке адам ретінде қабылдау не қабылдамаудың дәрежесі. Өзін-өзі барынша сыйлау менменсудің не сын тұрғысынан қарамаудың синонимі емес. Мұның мәнісі адам өзін өзгелерден нашармын не төменмін деп санамайды, өзін жақсы көреді деген сөз. Керісінше, өзін-өзі сыйлаудың төмендегі үнемі көңіл толмаушылықты, өзін жек көруді, өз күшіне сенбеуді көрсетеді. Өзін сыйлаудың белгілі бір адамға тән деңгейлі жеке өзін-өзі бағалаудан өзгеше біршама орнықты болады, дегенмен ұзаққа созылған сәтті немесе сәтсіз жағдайлар оны керісінше әрттыруы немесе азайтуы мүмкін. Өзін-өзі сыйлаудың қалыптасуына кішкене кезінен бастап-ақ көптеген факторлар – ата-аналардың көзқарасы, құрдастарының арасындағы жағдайы, т.б. әсер етеді. Жасөспірім кезде бұрынғы құндылықтар жүйесінің бұзылуына және өзінің жеке қасиеттерін жаңадан ұғынуға байланысты өзінің жеке басы туралы түсінік қайта қаралады.

Жасөспірімдер көбіне көтеріңкі, болмысқа сай келмейтін талаптар қояды, өз қабілеттерін, ұжымдағы алатын орнын, т.б. асыра бағалайды. Бұл өзіне деген негізсіз сенімділік көбіне ересектерді (құрдастарында) мезі қылады, көптеген тартыстар мен түңілушіліктер туғызады. Жас адам өзінің нақты мүмкіндіктерінің шамасын көптеген сынаулар мен қателесулерден кейін барып (әдетте, кейінірек мектептен кеткеннен кейін) беріледі.

Жасөспірімнің өзіне деген сенімі қаншалық жағымсыз болғанымен, психологиялық тұрғыдан өзін-өзі сыйлаудың кемдігі анағұрлым қауіпті. Мұның

өзі адамның өзі туралы түсінігін қарама-қарсы әрі орнықсыз етеді. Өзін-өзі сыйлауы төмен жасөспірім жігіттер мен қыздар қарым-қатынаста көбінесе қиыншылық көреді, қайсыбір жалған бет перде жасап алып, айналасындағылардан бөлектенуге тырысады. Басқа рольде көріну қажеттігі ішкі құрбаластықты күшейтеді. Мұндай адамдар сынағанды, күлгенді, жазғырғанды өте ауыр алады, жұрттың өзі туралы не ойлайтынына мазасызданады. Адам-

ның өзін-өзі сыйлауы неғұрлым төмен болса, оның жалғызсырап қиналуы соғұрлым көбірек болады. Өзін-өзі сыйлаудың төмендігінен барып адамның әлеуметтік талаптарының деңгейі біршама төмен болады, оны жарысу сипаты бар іс-әрекет атаулыдан тартындырады. Мұндай адамдар көбіне өз күштеріне сенбегендіктен, алға қойған мақсаттарына жетуден бас тартады. Ал мұның өзі олардың өзін-өзі төмен бағалауын нығайта түседі.

### СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жасөспірімдік кезеңнің баланың дамуындағы алатын орны мен маңызы қандай?
2. Жасөспірімдік кезеңнің шектері шамамен балалардың қай сынып кезеңімен сәйкес келеді?
3. Жасөспірімдердің психикалық дамуының ерекшелігі қандай?
4. Жасөспірімдік кезеңде дамудың әлеуметтік жағдайы мен ақыл-ой қызметінің ерекшеліктері қандай болады?
5. Ересектік шаққа өтуде қандай жаңа құрылымдар пайда болады?
6. Жасөспірімдерде жеке бастың қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалауы қандай деңгейде болады?

#### №1 тапсырма.

Жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктерін анықтап, кестені толтыр.



#### №2 тапсырма.

Жасөспірімдердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға арналған «Әлемде жоқ жануар» әдістемесін өткізіп, қорытындысын шығаруды меңгер.

**«Әлемде жоқ жануар»**  
проективті тесті.

Жоғарғы мектеп жасындағы оқушылардың тұлғасын зерттеу үшін «Әлем-

де жоқ жануар» проективті тесті қолданылады. Бұл жұмыс үшін бір бет қағаз, қарындаш, кетіргіш қажет болады. Қаламмен, фломастермен салуға болмайды.

**Барысы:** «Әлемде жоқ жануарды» салып, оған әлемде жоқ есімді тағайындайды.

**Суреттің қағаз бетінде орналасуы:**

Қалыпты жағдайда сурет стандартты көлденең беттің орта сызығында орналасады. Егер сурет қағаз бетінің жоғары жағында орналасса, онда өзіндік бағалау жоғары және социумдағы өзіндік орнына көңілінің толмауын, қоршаған орта тарапынан мойындаудың жетіспеушілігін көрсетеді.

Суреттің төмен бөлігінде орналасуы кері көрсеткіштер: өз-өзіне сенімсіздік, өзін бағалауы төмен, қажу, шешімсіздік. Өзіне-өзі сендіру тенденциясының жоқтығы.

**Фигураның орталық мағынасының бөлігі.** Бас және соның орнындағы детальдар.

Оң жаққа бұралған бас әрекетке тұрақтылық тенденциясы, ойлаған немесе жоспарлаған нәрселердің барлығы орындалады, не соңына дейін жетпесе де орындала бастайды. Солға бұрылған бас-рефлексивті тенденция, ойлану. Ойланған нәрсенің аз ғана бөлігі жүзеге аса бастайды. Жиірек қорқыныш, сенімсіздік, үрей, белсенді әрекет алдындағы үрей және қорқыныш.

Басты суретшіге бағыттап салса бұл – эгоцентризмді көрсетеді. Сезім мүшелеріне (құлақ, ауыз, көз) сәйкес басында белгілі бір деталь орнатылады. Басты көңіл көзге бөлінеді. Адамға негізделген қорқыныштың символы кірпіктің бар-жоғына көңіл бөлу керек.

**Кірпік** – сыртқы көзге көрінетін инстинкті қылық. Ер адам үшін мінездің нәзік белгісі, көз айналасы мен қарашығын салумен сәйкес келеді. Кірпік – ішкі әдемілігі мен киіну мәнеріне таң қалушылығы болып табылады.

**Құлақ** – детальдың мағынасына тура: ақпаратқа деген қызығушылық.

Өзі үшін қоршаған орта пікірінің қызығушылығы, қуаныш, реніш, мұңаю сезімдерін қосымша көрсеткіш арқылы анықтау.

**Ауыз** – былайша бағалауға болады. Тілмен жартылай ашық ауыз-сөзшен; ерінмен бірге бейнеленуі сезімталдықты білдіреді. Кейде екеуі бірге бейнеленеді. Тіл мен ерінсіз ашылған ауыз, әсіресе сызылған-қорқыныш, сезімталдықтың пайда болу жеңілдігін көрсетеді. Тіс бейнеленсе – вербальды агрессия, қорқыныш, қорғаныштық. Балалар мен жасөспірімдер үшін дөңгелек пішінді ауыз – мазасызданған, қорқынышты білдіреді. Фигураға қатысты бас формасының үлкендігі тиімді бастауды бағалайды, өзін және қоршаған адамдардың эрудиттілігін көрсетеді.

Баста қосымша детальдардың орналасуы (мүйіз – қорқыныш, агрессияның басқа белгілерімен тырнақ, қыл, ине) сәйкестендіріледі. Бұл агрессияның сипаты спонтанды және қорқыныш – жауапты. Қауырсын – өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі әсемдеуге деген тенденция. Шашқа тән – жал, жүн – сезімталдық, өз жынысын нақтылау, жыныстық рольге бағыттау.

**Фигура бөлігін алып жүруші.**

Тіреу, аяқ, қол, ірге тас. Бұл бөліктің түгел фигураға мөлшері және формасы бойынша қарастырылады. Негізінен ойлағаннан жүзеге асуын – шешім қабылдаудағы тиімділік, мәнді және мағыналық ақпараттарды тіркеу. Аяқтың болмауы-шешім қабылдау кезіндегі қызбалық. Мұнда басты назарды аяқ пен дененің қосындысына аудару керек. Аяқтың – әлсіз, ұқыпсыз, қосылмауы шешім қабылдаудағы сенімсіздікті көрсетеді. Бұл детальдардың әртүрлі жағдайы ерекшелікті, қадірлілікті көрсетеді. Форманың айрықша сипатта болуы – шығармашылық бастауды көрсетеді.

### **Фигура деңгейінен көтеріліп тұратын бөліктер.**

Фигура үстінде орналасқан әлемдер әшекейлік және қызметтік болуы мүмкін. Қанат, қосымша аяқ, қысқыш, қауырсын, гүл/ болуы екі жағдаймен түсіндіріледі.

1. Энергия, өзіне сенімділік, күмәндану, әуестік, түрлі іс-шараға қатысу, өзіне лайықты орынды иеленуі өз шығармашылығына әуестену.

2. Қыр көрсету, өзіне назар аудартуға ұмтылу, манерлік.

**Құйрық** – іс-әрекетке, қылықтарына, шешімдеріне деген қарым-қатынас. Құйрықтың оңға және солға бағытталуынан осы қарым-қатынас түрін анықтаймыз. Құйрықтың жоғары жаққа бағытталуы – сенімділік, дұрыс баға, сергектік. Төменге бағытталуы – өзіне деген наразылықты көрсетеді, мұңаю, шаршау және өкіну. Оңға бағытталса, өзіндік әрекетке, қылыққа байланысты, солға бағытталса, өзінің шешімсіздігіне байланысты.

### **Фигураның контуры.**

Шығынқы жердің жоқ не бар болуы өте маңызды.

Тікен, сауыт, ине – қорқыныштық. Егер сурет өткір түстермен боялса, мазасыздық, қорқыныштық, күмәндану белгілерін көрсетеді. Шығынқы жердің жоғары бағытталуы – үлкендерден қорғану жағдайын көрсетеді. Ал, төменге бағытталуы – мойындамау және күлкі болудан қорғану шартын, төменгі бағалу, беделінің жоқтығын білдіреді. Агрессивті қорқыныш егер сурет өткір ұштармен боялса, ал контур сызығы боялса қауіптену, егер қылқан қойылса, күмәндануды көрсетеді. Бүйірдегі шығынқы жер – қорқыныш, кез келген сәттерден өзін-өзі қорғануға дайындық.

### **Жалпы энергия.**

**Энергия** – белгіленген деталь санымен бағаланады. Жануарды түсіну үшін балық детальдар салынған

ба, бояу немесе қосымша сызықтар бейнеленген бе, қосымша деталь бар ма соған назар аударылады, сонымен қатар қосымша қиындықтар туғызатын детальдарға да көңіл бөлінеді. Детальдардың көп болуы жоғарғы энергияны көрсетеді. Детальдардың аздығы, суреттің дұрыс боялмауы – әлсіздікті, төменгі энергияны көрсетеді. Түзу және сызық мына нәрсені сипаттайды. Астениялық жағдай – әлсіздік. Салынған сызықтар-мазасыздық деңгейін көрсетеді.

### **№3 тапсырма.**

Жасөспірімдердің құндылықтық бағдарын анықтауға арналған әдістемені өткізіп, қорытындысын шығаруды меңгер.

### **М. Рокичтің «Құндылықтық бағдарлар» әдістемесі**

Құндылықтық бағдар жүйесі тұлға бағыттылығының маңыздылығы жағын және оның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өз-өзіне қатаң негізін және өмірлік белсенділік мотивациясының ядросын, «өмір философиясы» мен өмірлік концепция негізін құрайды.

Қазіргі кезде құндылықтар тізімін тікелей орналастыруға негізделген М. Рокичтің құндылықтық бағдарларды өлшеуге арналған әдістемесі кең таралған.

Терминалды – тұжырымдар мынада: қандай да бір соңғы өзіндік тіршіліктегі мақсат, оған ұмтылуға тұрарлық.

Инструменталды – тұжырымдар мынада: қандай да бір іс-әрекет бейнесі немесе тұлға қасиеттері кез келген ситуацияда қолдануға боларлық.

Бұл бөлінулер дәстүрлі бөлуге сәйкес: мақсаттық құндылықтар және құралдық құндылықтар болып бөлінеді.

Респондентке не алфавит бойынша қағаз бетінде не карточкада құн-

дылықтардың екі тізімі (әрқайсысында 18-ден) ұсынылады. Тізімде зерттелуші әр құндылыққа рангтік номерді иелендіріп, ал карточкаларды маңыздылығына қарай тәртіппен орналастырады. Мәліметтерді берудің соңғы формасы сенімді нәтижені көбірек береді. Алдымен, терминалды, кейін инструменталды құндылықтар жиынтығы ұсынылады.

**Нұсқау:** «Сізге қазір құндылықтар сипатталған карточкалар жиынтығы ұсынылады. Сіздің міндетіңіз олардың өміріңіздегі басшылыққа алатын ұстанымдардың маңыздылығына қарай тәртіппен орналастыру.

Құндылықтардың әрқайсысы бөлек карточкада жазылған. Карточкаларды мұқият қараңыз және құндылықтың қайсысы өзіңізге маңызды соны таңдап, оны бірінші орынға қойыңыз. Содан соң құндылықтың маңыздылығына қарай екіншісін таңдап және оның біріншінің ізінше орналастырыңыз. Содан соң барлық қалған карточкаларды да осылай орналастырыңыз.

Ойланып асықпай жұмыстаныңыз. Егер жұмыс барысында өз көзқарасыңызды өзгертіп жатырсаңыз, карточкалардың орнын ауыстырып, өз жауаптарыңызды түзеуге болады. Соңғы нәтиже сіздің шынайы позицияңызды бейнелеуі керек».

### Стимулдық материалдар:

#### **А тізімі (терминалды құндылықтар):**

Белсенді іс әрекетті өмір (өмірдің эмоцияға толы және қанық болуы);

Өмірлік даналылық (өмірлік тәжірибемен жеткен дұрыс мағына және ойдың кемелденуі);

Денсаулық (денелік және психикалық);

Қызықты жұмыс

Өнер мен табиғаттың сұлулығы (табиғат пен өнердегі кереметті сезіну);

Махаббат (жақсы көретін адамдармен рухани және денелік жақындық);

Өмірдің материалдық қамтамасыз етілуі (материалдық қиындықтардың болмауы);

Жақсы және адал достардың болуы;  
Қоғамның мойындауы (қызметтес әріптестердің, қоршаған ортаның, ұжымның сыйластығы);

Таным (өзінің білімін, дүниетанымын, жалпы мәдениетін кеңейтуге, интеллектуалдық дамуына мүмкіндік);

Нәтижелі өмір (өз қабілеттерің мен күшінді, мүмкіндіктеріңді толық максималды қолдану);

Даму (өз-өзімен жұмыстану, үнемі өзін-өзі физикалық рухани жетілдіру);

Көңіл көтеру (жағымды, жеңіл уақыт өткізу, жауапкершіліктің болмауы);

Еркіндік (пікірлер мен қылықтарындағы тәуелсіздік, өзбеттілік);

Бақытты отбасылық өмір;

Өзгелердің бақыты (жалпы адамзаттың, барлық халықтың, басқа адамдардың дамуы және толық жетілуі, жақсы тұрмыс);

Шығармашылық (шығармашылық іс-әрекетке мүмкіндігінің болуы)

Өз-өзіне сенімділік (ішкі күмәндар мен қарама-қайшылықтардан еркін болуы, ішкі үйлесім).

#### **Б тізімі (инструменталды құндылықтар):**

Ұқыптылық (тазалық), істі тәртіпте, заттарды реттікте ұстай алуы;

Тәрбиелілік (жағымды әдет);

Жоғарғы сұраныстар (өмірге деген жоғары ниет пен талап);

Өмірсүйгіштік (әзілді түсіне білу);

Орындаушылық (тәртіптілік);

Тәуелсіздік (өз бетімен іс-әрекет жасау қабілеттілігі);

Өзгелердегі және өзіндегі кемшіліктерге көнбеушілік;

Білімділік (білімнің кеңдігі, жалпы жоғары мәдениет);

Жауапкершілік (сөзінде тұра алу, борыш сезімі);

Рационализм (дұрыс және логикалық ойлай білу, ойластырылған, рационалды шешімдер қабылдау);

Өзіндік бақылау (ұстамдылық, өзіндік тәртіп);

Өз көзқарастарын, пікірлерін қорғаудағы батылдык;

Тұрақты ерік (өз айтқандарына көндіру, қиындықтарға мойынсынбау);

Шыдамдылық (басқалардың көзқарастары мен пікірлеріне шыдамдылық, басқалардың қателіктері мен жаңылыстарын кешіре білу);

Көзқарастың кеңдігі (басқалардың көзқарастарын түсіне білу, өзге талғамдар, дәстүрлер, әдеттерді сыйлай білу);

Адалдық (шыншылдық, шынайылық);

Істегі тиімділік (еңбексүйгіштік, жұмыстың нәтижелілігі);

Кішіпейілділік (қамқорлық).

Әдістеменің құндылықтары – икемділік, яғни стимулды материал, сондай-ақ нұсқау ретінде түрленуге мүмкіндігі, нәтижені өңдеу мен зерттеуді өткізудегі үнемділік және қолайлылық, әмбебаптылық болып табылады. Әлеуметтік қажеттіліктің әсері, жасандылықтың болуы оның маңызды кемшілігі болып табылады. Сондықтан зерттелуші мен психологтың арасындағы байланыстың бар болуы, тестілеудің ерікті сипаты, диагностиканың мотивациясы бұл жағдайда ерекше рольге ие. Әдістемені іріктеу мен сараптама жасау мақсатында қолдану ұсынылмайды.

Көрсетілген кемшіліктерді ескеру және құндылықтық бағдарлар жүйесіне еңгеру үшін нұсқау өзгертілуі мүмкін, бұл қосымша диагностикалық ақпараттармен дәлелді қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен, негізгі сериядан кейін зерттелушіге келесі сұрақтарға жауап бере отырып, кар-

точкаларды белгілі бір тәртіппен қою сұралады:

«Сіздің өміріңізде берілген құндылықтар қандай тәртіпке және деңгейде (% бойынша) көрініс табады?»

«Сіз өзіңіз армандағандай адам болсаңыз, бұл құндылықтарды қалай орналастырар едіңіз?»

«Сіздің ойыңызша, барлық жағынан кемелденген адам бұны қалай орналастырар еді?»

«Сіздің ойыңызша, бұны көпшілік адамдар қалай жасар еді?»

«6-10 жылдан соң бұны сіз қалай жасар едіңіз?»

«... 5 немесе 10 жылдан кейін?»

«Сізге жақын адамдар карточкаларды қалай орналастырар еді?»

Құндылықтардың иерархиясын талдай отырып, зерттелушінің түрлі негіздегі мағыналы блоктарды топтастыруына назар аудару керек. Мысалы, «нақты» және «абстрактты» құндылықтар, өзін-өзі кәсіби қалыптастыру және жеке өмір құндылығы деп бөліп көрсетіледі. Инструменталды құндылықтарды былай топтастыруға болады: этикалық құндылықтар, қарым-қатынас құндылығы, істің құндылығы, индивидуалистік және конформистік құндылықтар, альтруистік құндылықтар, өзін тану және басқаларды қабылдау құндылығы және т.б. Бұл құндылықтық бағдарлар жүйесінің субъективті құрылымын құрудағы барлық мүмкіндіктер емес. Психолог индивидуалды заңдылықты байқауға тырысуы қажет. Егер бірде бір заңдылықты анықтау мүмкін болмаса, респондентке құндылықтар жүйесінің қалыптаспағандығын немесе жауаптардың шынайы еместігін болжауға болады. Зерттеуді жеке жүргізген тиімді, бірақ топтық тестілеуде болуы мүмкін.

#### **№4 тапсырма.**

Жасөспірімдердің ауытқушы мінез-құлыққа бейімділікті анықтауға арнал-

ған әдістемені өткізіп, қорытындысын шығаруды меңгер.

### **А. Айхорнның «Ауытқушы мінез-құлыққа бейімділікті анықтау» әдістемесі**

Әдістеме ауытқушылықты мінез-құлықтың түрлі формасына бейімділікті өлшеуге арналған стандартталған тест-сауалнама. Сауалнама жасөспірімдік шақтағы мінез-құлық ауытқушылығына іштей, соның ішінде байқалмайтын бейімділікті анықтауға бағытталған.

Оның негізі келесі шкалалардан тұрады:

- 1) әлеуметтік ниеттелген жауаптарға өзін бағыттау шкаласы;
- 2) ережелер мен нормаларды бұзуға бейімділік шкаласы;
- 3) аддитивті мінез-құлыққа бейімділік шкаласы;
- 4) өзін-өзі бұзуға, өз-өзіне нұқсан келтіруге бейімділік шкаласы;

5) зорлық пен агрессияға бейімділік шкаласы;

6) эмоционалдық реакцияларды ерікті қадағалау шкаласы;

7) делинквентті мінез-құлыққа бейімділік шкаласы.

Нұсқау: Алдыңызда сіздің өміріңізге, мінезіңізге, дағдыларыңызға қатысты бірнеше тұжырымдамалар қатары берілген. Біріншісін оқып, сізше дұрыс па шешіңіз. Егер дұрыс болса, жауаптар бланкасында сәйкес номер қасына «ия» жауабына белгі қойыңыз. Егер дұрыс емес болса, «жоқ» жауабының астына белгі қойыңыз. Егер жауап беруге қиналсаңыз, сіздің пікіріңізге көбірек сәйкес келетін жауапты таңдаңыз. Міне, осылай барлық қалғандарына да жауап беріп шығыңыз. Дәл қазір өзіңіз туралы өз пікіріңізді айтып жатқаныңызды ұмытпаңыз. Бұнда «жамандар» немесе «жақсылар», «дұрыс» немесе «дұрыс еместер» болмайды. Жауап берер де көп ойланбаңыз, сіздің алғашқы әсеріңіз маңызды.

### **Сауалнама сұрақтары:**

- 1) Мен түсі ашық емес, күңгірт тонды киімдерді қалаймын.
- 2) Бүгін істеуім керек затты ертеңге қалдыратын кездерім болады.
- 3) Қандай да бір әскери жағдайларға қатысу үшін өз еркіммен жазылар едім.
- 4) Ата-анаммен ұрсатын кездер болады.
- 5) Кішкентай кезімде кім төбелеспесе, сол «маматайының баласы» болып өседі және өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды.
- 6) Мен қауіпті жұмысқа кірісер едім, егер маған жақсылап төлесе.
- 7) Кейде мен күшті мазасыздықты сезінетінім соншалық, тіпті жай орнымда отыра алмаймын.
- 8) Кейде аздап мақтанып қоятын кездерім болады.
- 9) Егер маған әскери адам болуға тура келсе, мен ұшқыш-сынақшы болғым келеді.
- 10) Мен адамдарда сақтық пен абайлағыштықты бағалаймын.
- 11) Тек әлсіз, қорқақ адамдар ғана барлық ережелер мен заңдады орындайды. Мен алмасу және саяхатпен байланысты жұмысты қалар едім, ол өмірге қауіпті болса да.
- 12) Мен әрдайым шындықты айтамын.

13) Егер адам психикаға әсер етіп, қоздыратын зиянды заттарды мөлшерімен қолдана білсе – бұл меніңше жағдай.

14) Мен ашулансам да, ұрысуға дейін бармауға тырысамын.

15) Арыстандарды аулау маған ұнар еді.

16) Егер мені ренжітсе, мен міндетті түрде кек алуым керек.

17) Адамның қанша ішкісі келсе, сонша ішуге құқысы болуы керек.

18) Егер досым белгіленген уақыттан кешіксе, мен сабырлылық сақтаймын.

19) Жұмысты белгілі уақытқа дейін аяқтау талабы мен үшін қиындық туғызады.

20) Кейде мен көшені өту керек жерден емес, өзіме ыңғайлы жерден кесіп өтемін.

21) Егер күшті жыныстық ынтазарлық күйінде тұрсаң, кейбір ережелер мен тыйымдарды сырып тастауға болады.

22) Кейде мен ата-анамды тыңдамаймын.

23) Егер автомобиль сатып аларда жылдамдық пен қауіпсіздіктің біреуін таңдау керек болса, мен қауіпсіздікті таңдаймын.

24) Меніңше бокспен айналысу маған ұнар еді.

25) Егер мен мамандықты еркін таңдайтын болсам, вино дегустаторы (өнім сапасын дәміне, түріне, иісіне қарап анықтау) болар едім.

26) Мен өткір сезімдерді (острые ощущения) бастан кешуге деген қажеттілікті жиі сезінемін.

27) Кейде өз денемді өзім ауыртқым келеді.

28) Менің өмірге деген қатынасымды мына мақал сипаттайды «Жеті рет өлшеп, бір рет кес».

29) Мен көлікте әрдайым билет аламын.

30) Менің таныстарымның арасында миды айналдырып, естен тандыратын токсикалық заттарды пайдаланып көрген адамдар бар.

31) Мен үшін пайдасыз болса да, берген уәдемді әрдайым орындаймын.

32) Біреумен айқайласып, ұрысым келетін шақтар болады.

33) «Болмайды, бірақ сондай қалап тұрмын, онда болады» деген мақалды өмірде ұстанатын адамдардікі дұрыс.

34) Спирттік сусынды пайдаланғаннан кейін кездейсоқ төбелеске ұрынған кездерім болды.

35) Бірнеше сәтсіздіктен кейін жұмысты жалғастыруға өзімді сирек көндіремін.

36) Егер қазіргі уақытта гладиаторлар шайқасы өткізілетін болса, мен міндетті түрде оған қатынасар едім.

37) Кейде жалған сөйлейтін кездерім болады.

38) Басқаларға ерегесіп ауруға шыдау, тіпті жағымды болатын кездері бар.

39) Мен дауласып тұрғанша, адаммен келісе саламын.

40) Егер мен ерте заманда туылған болсам, қайырымды қарақшы болар едім.

41) Егер басқа жол жоқ болса, дауды төбелеспен шешуге болады.

42) Менің кішкене ішкеніме бола ата-анам және басқа үлкендер өз маза-сыздықтарын айтқан кездер болды.

43) Киім бір қарағаннан адамды басқалар арасында ерекшелеп тұруы керек.

44) Егер фильмде бір де бір дұрыс төбелес болмаса – бұл нашар кино.

45) Кейде менің сабақ үстінде ішім пысады.

46) Егер мені топ ішінде кенеттен біреу қағып, мен міндетті түрде одан көшірім сұрауын талап етемін.

47) Егер адам менің жыныма тисе, мен ол жайында не ойлайтынымның барлығын айтып тастауға әзірмін.

48) Саяхатта және жол жүру кезінде мен кәдімгі маршруттан ауытқығанды ұнатамын.

49) Жыртқыш аңдарды үйрету кәсібі маған ұнайды.

50) Егер мен мотоцикл роліне отырған болсам, онда өте жылдам жүруім керек.

51) Мен детектив оқыған кезде қылмыскердің аңдудан құтылып кеткенін қалаймын.

52) Дәрекі қалжыңды естіген кезде, кейде өзімді күлкіден ұстай алмай қаламын.

53) Басқаларға өрескел көрінетін сөз түрінен қашуға тырысамын.

54) Мен кейде қандай да бір ұсақ-түйекке бола ренжимін.

55) Маған қарсылық көрсеткенде мен жарылып, тез жауап қайтарамын.

56) Маған махаббат туралы оқиғалардан гөрі, күтпеген оқыс оқиғалар туралы оқыған ұнайды.

57) Рахат алу үшін кейбір ережелер мен тыйымдарды бұзуға тура келеді.

58) Маған мөлшерімен ішіп, көңіл көтеретін компанияларда болған ұнайды.

59) Қыздардың темекі шеккені менің жыныма тиеді.

60) Мөлшерімен ішіп, жақсы компанияда болу маған ұнайды.

61) Қазір ауқыты емес, оны емес екенін түсінсем де, ішімдік ішуге аңсарым ауған кездер болды.

62) Қиын минуттарда темекі мені қалпыма түсіреді.

63) Басқа адамдарды өзімнен қорқыту оңай және қызық үшін мен осыны кейде істеймін.

64) Ең жоғары қатаң жазаға кесілген қылмыскерді өз қолыммен өлтіре алар едім.

65) Ләззат – өмірде ұмтылуға болатын ең басты нәрсе.

66) Автомобиль жарыстарына қатынасып көргім келеді.

67) Менің көңіл күйім нашар болғанда, маған жақындамаған дұрыс.

68) Төбелесті бірінші болып бастауға даяр көңіл күй, менде кейде болады.

69) Ашуланғанда қолыма түскен бірінші затты алып сындырған кезім есімде.

70) Айналамдағылардан менің құқымды құрметтеуді талап етемін.

71) Парашютпен секіру маған ұнаған бола еді.

72) Темекі мен алкогольдің адамға зиянды әсері өтірік сөз.

73) Мен сирек жауап қайтарамын, тіпті біреу ұрса да.

74) Мен тәуекелді сезінуден рахат алмаймын.

75) Адам үлкен дау кезінде «күштілерге» жүгінсе – бұл жақсы.

76) Мен өз сезімдеріме жиі ие бола алмай қаламын.

77) Сабаққа кешіккен кездерім болды.

78) Бір-бірін үнемі мазақтап отыратын компания маған ұнайды.

79) Жыныстық қатынас жастар өміріндегі маңыздылардың бірі болуы керек.

80) Егер біреу менімен келіспесе, мен ұрыстан өзімді алшақ ұстай алмаймын.

81) Менің мектепте үйге берген тапсырманы орындамаған кездерім болды.

82) Мен минуттық көңіл күйдің әсерінен әрекеттерге жиі барамын.

83) Менің ойымша мен адам ұруға қабілетсіз секілдімін.

84) Қылмыскердің жазаланбағанын білгенде, адамдардың мазасыздануы дұрыс.

85) Үлкендерден кейбір әрекеттерімді жасырып қалатын кездерім болады.

86) Аңқау, момын алданып қалатындарына өздері кінәлі.

87) Менің кейде ашуланатыным соншалық, тіпті үстелді жұдырығыммен ұрғылаймын.

88) Тек кездейсоқ жағдайлар және қауіп сезімі өзімді шындап көрсетуге мүмкіндік береді.

89) Мен миы айналдырып, естен тандыратын затты қабылдар едім, егер оның денсаулығымға еш зияны тимейтінін және соңы жазаға алып келмейтінін нақты білсем.

90) Мен көпір үстінде тұрғанда, кейде төменге секіруге күшті құштарлықты сезінемін.

91) Барлық лас нәрсе мені үрейлендіреді және желкеніш сезімін тудырады.

92) Мен ашуланғанда біреуді ұрғым келеді.

93) Меніңше, адамдар барлық спиртті ішімдіктен бас тарту керек.

94) Мен бәстесуге бола биік фабрика тұрбасына кірер едім.

95) Ауқыт өткен сайын басқа адамдарға зиян (боль) келтіру тілегін жеңе алар емеспін.

96) Мен алдын ала кішкентай түсіндірулерден кейін вертолетті айдап, жүгізе алар едім.

### Сауалнама кілті:

1. Әлеуметтік ниеттелген жауаптарға өзін бағыттау шкаласы: 2. +, 4. —, 6. —, 13. +, 21. —, 23. —, 30. +, 32. +, 33. —, 38. —, 47. —, 54. —, 79. —, 83. —, 97. —.

2. Ережелер мен нормаларды бұзуға бейімділік шкаласы: 1. —, 10. —, 11. +, 22. +, 34. +, 41. +, 44. +, 50. +, 53. +, 55. —, 59. +, 61. —, 66. —, 80. +, 86. +, 91. +, 93. —.

3. Аддиктивті мінез-құлыққа бейімділік шкаласы: 14. +, 18. +, 22. +, 26. +, 27. +, 31. +, 34. +, 35. +, 43. +, 46. +, 59. +, 60. +, 62. +, 63. +, 64. +, 67. +, 61. +, 74. +, 91. +, 95. —.

4. Өзін-өзі бұзуға, өз-өзіне нұқсан келтіруге бейімділік шкаласы: 3. +, 6. +, 9. +, 12. +, 16. +, 24. +, 27. +, 28. +, 37. +, 39. +, 51. +, 52. +, 58. +, 68. +, 73. +, 76. +, 90. +, 91. +, 92. +, 96. +.

5. Зорлық пен агрессияға бейімділік шкаласы: 3. +, 5. +, 15. —, 16. +, 17. +, 25. +, 37. +, 40. —, 42. +, 45. +, 48. +, 49. +, 51. +, 65. +, 66. +, 70. +, 71. +, 72. +, 75. +, 77. +, 82. +, 85. —, 89. +, 94. +, 97. +.

6. Эмоционалдық реакцияларды ерікті қадағалау шкаласы: 7. +, 20. +, 29. —, 36. +, 49. +, 56. +, 57. +, 69. +, 70. +, 71. +, 78. +, 84. +, 89. +, 94. +.

7. Деликвентті мінез-құлыққа бейімділік шкаласы: 18. +, 26. +, 31. +, 35. +, 42. +, 43. +, 44. +, 48. +, 52. +, 55. —, 61. —, 62. +, 63. +, 64. +, 67. +, 74. +, 86. —, 91. +, 94. +.

### №5 тапсырма.

Жасөспірімдердің жеке тұлғалық ерекшелігін анықтауға арналған әдістемемені өткізіп, қорытындысын шығаруды меңгер.

#### Психометриялық типология тестісі

**Мақсаты:** Тұлғаның қандай психологиялық типке жататынын анықтау.

**Көрнекі құралдар:** шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, зигзаг бейнеленген.

**Нұсқауы:** Берілген геометриялық фигураларды ұнату ретіне қарай орна-

ластырыңыз. Өзіңізге ұнайтын фигураны бірінші орынға қойыңыз. Бірінші орынға қойылған фигура бойынша

тұлғаның басым ерекше түрін, мінез-құлқын анықтауға болады.



### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

| Фигура              | Жағымды                                                                                                                                                                                                 | Жағымсыз                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Тіктөртбұрыш</i> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Белсенді, қызба;</li> <li>* Ізденгіш;</li> <li>* Білімқұмар;</li> <li>* Жаңалықты тез; қабылдағыш;</li> <li>* Артық шамданбайтын;</li> <li>* Батыл.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Қысылып сасқалақтаған кезде, абыржитын;</li> <li>* Тиянақсыз, тұрақсыз;</li> <li>* Анқау, көнгіш;</li> <li>* Эмоционалды түрде тұрақсыз;</li> <li>* Өзін-өзі бағалауы төмен деңгейде;</li> <li>* Аңсыз, аңдаусыз адам.</li> </ul> |

| Фигура         | Жағымды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Жағымсыз                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Үшбұрыш</i> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Өз соңынан ертер, топбосшы;</li> <li>* Жауапкершілікті өзіне қабылдайды;</li> <li>* Батыл;</li> <li>* Мақсатқа жетуге жинақталған;</li> <li>* Істің мәніне бағытталған;</li> <li>* Жеңісті көздеген бәсекешіл;</li> <li>* Өзін-өзі сенімді;</li> <li>* Намысшыл;</li> <li>* Жігерлі.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Өзімшіл;</li> <li>* Үзілді-кесілді, қарсы сөзді кешірмейтін;</li> <li>* Өзгенің сөзін бөлетін, шыдамсыз;</li> <li>* Арам, зұлым;</li> <li>* Менмен;</li> <li>* Атаққұмар;</li> <li>* Ұстамсыз.</li> </ul> |

| Фигура       | Жағымды                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Жағымсыз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>Шаршы</i> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Мұқият, жинақы;</li> <li>* Ұсақ-түйекке ұқыпты;</li> <li>* Еңбексүйгіш;</li> <li>* Орынды, саналы (зерделі);</li> <li>* Мағлұматты, білімді;</li> <li>* Табанды, өжет;</li> <li>* Шешімдерге берік;</li> <li>* Шыдамды;</li> <li>* Ұқыпты.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Педант (әріпшіл), яғни ұсақшыл, қазымыр;</li> <li>* Астындағы атын алты ай іздейді;</li> <li>* Еңбекқор;</li> <li>* Адам жатырқайтын, салқын;</li> <li>* Тым сақтанғыш;</li> <li>* Қиялы онша үлкен емес;</li> <li>* Қырсық, кертартпа, қарсыласқыш;</li> <li>* Аңысын аңдыған, шешім қабылдап болмайтын.</li> </ul> |

| Фигура | Жағымды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Жағымсыз                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Зигзаг | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Өмірге деген шығармашылық көзқараста болуы;</li> <li>* Теориялық тұрғыда ұстануы;</li> <li>* Болашаққа бағытталған, арманшыл;</li> <li>* Интуициялы;</li> <li>* Сөз тапқыш, өткір тілді;</li> <li>* Мәнерлі, бейнелі;</li> <li>* Турашыл;</li> <li>* Жаңашылдыққа ұмтылған;</li> <li>* Шаттанғыш, жанданған.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Ұйымдаспағандық, жинақы емес құнтсыз;</li> <li>* Нақсыз;</li> <li>* Қисынсыз ойлайтын, тиянақсыз;</li> <li>* Қара басын ойлайтын;</li> <li>* Ұстамсыз, тіке, қарым-қатынасы және мінез-құлқы құбылмалы;</li> <li>* Аңқау.</li> </ul> |

| Фигура | Жағымды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Жағымсыз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шеңбер | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Жылы шырайлы, тілектес, жақсылық тілеуші;</li> <li>* Ақкөңіл;</li> <li>* Қамқоршы, қолғабыс беруші, жанқияр, берілген;</li> <li>* Жаны ашығыш;</li> <li>* Кең пейілді;</li> <li>* Мырза, жомарт, қолы ашық;</li> <li>* Өзгелерді сендіруге қабілетті;</li> <li>* Сенгіш;</li> <li>* Сабырлы, байыпты;</li> <li>* Рефлексивті (сана-сезімге қабілетті);</li> <li>* Дау-жанжалды жақтырмайды.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>* Талап етпеуші, біреуге көнгіш;</li> <li>* Шалағай, бейқам, салақ;</li> <li>* Жабысқақ мінезді, жалықтырғыш;</li> <li>* Мылжың, өсек айтқанды ұнатқыш;</li> <li>* Өзін-өзі кінәлауға қабілетті;</li> <li>* Ысырапшыл;</li> <li>* Өзгелердің сезімде ойнағыш;</li> <li>* Көнгіш;</li> <li>* Жалқау;</li> <li>* Жетістікке жетуге онша ұмтылмайтын;</li> <li>* Жасқаншақ, тартыншақ;</li> <li>* Әлсіз «саясаткер».</li> </ul> |

### №6 тапсырма.

Жасөспірімдердің жетістікке жету мотивациясын анықтауға арналған әдістеме-ні өткізіп, қорытындысын шығаруды меңгер және тиісті ұсыныстар бер.

### **Т. Элерстің жетістікке жету мотивациясын зерттеу әдістемесі**

**Нұсқау:** Қазір сіздерге 41 сұрақ беріледі, оның әрқайсысына «ия» немесе «жоқ» деп жауап берулеріңіз қажет.

**Мақсаты:** тұлғаның жетістікке жетуге деген құлшынысын анықтау.

1. Егер сізге екі жауаптың бірін таңдау керек болса, көп уақыт өткізбей бірден шешім қабылдайсыз ба?
2. Өзіңізге берілген тапсырманы 100% орындай алмаған жағдайда қобалжисыз ба?
3. Сіз жұмыстанған кезде бәрін алдын ала жоспарлап аласыз ба?
4. Қиын жағдай пайда болған кезде, сіз үнемі соңғы жауаптардың бірін қабылдайсыз ба?
5. Екі күндей ешқандай жұмыссыз жүрсеңіз, үшінші күні мазаңыз кете бастай ма?
6. Кей кездері сіздің жетістіктеріңіз ойлағаныңыздан төмен бола ма?
7. Өзгелерге қарағанда, сіз өзіңізге қаталырақ қарайсыз ба?
8. Сіз басқаларға қарағанда қайырымдысыз ба?

9. Кейбір қиын тапсырмалардан бас тартқан кезде, сіз «Бәлкім сол тапсырмалардан мен белгілі бір жетістікке жетер едім» деп ойлайсыз ба?

10. Жұмыс жасаған кезде сіз түрлі демалысты қажет етесіз бе?

11. «Талпыныс» сіздің мінезіңіздегі басты қасиет пе?

12. Сіздің еңбектеріңіз жетістіктеріңізбен бірдей бола ма?

13. Өзіңіздің жұмыстарыңыздан гөрі басқа жұмыстар сізді әлдеқайда қызықтырады ма?

14. Сізді мақтағаннан гөрі, өз еңбегіңізбен биіктегенді қалайсыз ба?

15. Әріптестеріңіз сізді іскер адам деп есептей ме?

16. Кейбір қиындықтар сіздің жауабыңызды нақтыландыра түсе ме?

17. Сіздің бойыңызда шыншылдық қасиеті басым ба?

18. Сіздің демалыссыз жұмыс жасағаныңыз білініп тұра ма?

19. Жұмыс жасаған кезде өзгелердің көмегіне сүйенесіз бе?

20. Сіз арасында қазір жасау керек жұмысты кейінге қалдырасыз ба?

21. Әрдайым өз күшіңізге сенесіз бе?

22. Өмірде ақшадан маңызды заттар бар ма?

23. Маңызды тапсырманы орындар кезде, ештеңе ойлай алмайсыз ба?

24. Басқаларға қарағанда аздап шыншылдаусыз ба?

25. Демалысыңыз аяқталғанда, сіз жұмысқа шығуға асығасыз ба?

26. Өзгелерге қарағанда сіз жұмысқа бейімдісіз бе?

27. Жұмысқа құлшынысы жоқ адамдармен қарым-қатынасқа оңай түсесіз бе?

28. Жұмыссыз болған кезде сіз өзіңізді қызық сезінесіз бе?

29. Жауапты жұмыста сіз басқаларға қарағанда көп орындайсыз ба?

30. Шешім қабылдар кезде оның тиімді жағын қарастырасыз ба?

31. Кейбір достарыңыз сізді еріншектеу деп ойлай ма?

32. Сіздің табысыңыз әріптестеріңізге байланысты ма?

33. Басшының қалауына қарсы тұра алмайсыз ба?

34. Кей кезде қандай жұмыс істейтініңізді білмейсіз бе?

35. Жұмысыңыз өз мақсатына жетпей жатса, сіз шыдамсыздық танытасыз ба?

36. Сіз өз жетістіктеріңізге көп көңіл бөле бермейсіз бе?

37. Басқаларға қарағанда сіздің жұмысыңыз нәтижелі бола ма?

38. Бастаған ісіңізді аяғына дейін жеткізбейсіз бе?

39. Жұмысы аз адамдарға сіз қызығасыз ба?

40. Билік пен дәрежеге таласқан адамдарға қызықпайсыз ба?

41. Дұрыс жолда екеніңізге сенімді болған кезде, соңына дейін өзіңіздің адалдығыңызды дәлелдейсіз бе?

**Кілті:** сіз «ия» деген жауаптар үшін 1 балдан аласыз: 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 41.

Сіз «жоқ» деген мына жауаптар үшін 1 балдан аласыз: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38, 39. Ал мына сұрақтардың жауаптары есептелмейді: 1, 11, 12, 19, 33, 34, 35, 40. Енді жинаған балдарыңызды есептеңіз.

### Қорытынды:

1-10 балға дейін жинағандар: Жетістікке деген құлшынысы төмен адамдар.

11-16 балға дейін жинағандар: Жетістікке деген құлшынысы орташа адамдар.

17-20 балға дейін жинағандар: Жетістікке деген құлшынысы жоғары адамдар.

21 балдан жоғары жинағандар: Жетістікке деген құлшынысы өте жоғары адамдар.

### ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

**1. Әрқилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық санасын зерттейтін сала:**

- A. Арнаулы психология;
- B. Әлеуметтік психологиясы;
- C. Еңбек психологиясы;
- D. Жас кезеңдерінің психологиясы;
- E. Спорт психологиясы.

**2. Қоғам қатынасының жемісі:**

- A. Адам;
- B. Азамат;
- C. Жеке тұлға;
- D. Мен;
- E. Тұлға.

**3. Адам психикасының дамуын және оның жас тұрғысынан әртүрлі кезеңдердегі ерекшеліктерін зерттейтін психология саласы:**

- A. Геронтология;
- B. Дефектология;
- C. Жас ерекшелік психологиясы;
- D. Жас ерекшелік физиологиясы;
- E. Характерология.

**4. Жас ерекшелік психологиясы өз алдына дербес ғылым ретінде бөлініп шыққан уақыты:**

- A. XIII ғ.;
- B. XIX ғ.;
- C. XIX ғ. II жартысы;
- D. XX ғ.;
- E. XXI ғ.;

**5. Нәресте жас кезеңі:**

- A. 1-ден 3 жасқа дейін;
- B. 1 жастан 2 жасқа дейін;
- C. 7 айдан 12 айға дейін;
- D. Туғаннан 1 жасқа дейінгі кезең;
- E. Туғаннан 7 айға дейін.

**6. 1 жастан 3 жасқа дейінгі кезең атауы:**

- A. Бастауыш сынып;
- B. Кіші мектеп жасы;

- C. Нәрестелік шақ;
- D. Орта мектеп жасы;
- E. Сәбилік шақ.

**7. Бір жастағы бөбектердің ойынының сипаты:**

- A. Дидактикалық;
- B. Манипуляциялық;
- C. Рольдік;
- D. Сюжеттік;
- E. Шығармашылық.

**8. Мектепке дейінгілердің негізгі әрекеті:**

- A. Еңбек;
- B. Мақсат;
- C. Ойын;
- D. Оқу;
- E. Талап қою.

**9. «Бастауыш мектеп жасындағы» терминінің басқаша атауы:**

- A. Бастауыш сынып;
- B. Бастауыш сынып оқушысы;
- C. Кіші оқушы;
- D. Мектеп оқушысы;
- E. Орта сынып оқушысы.

**10. Бала мектепке алғаш келгенде бейімделе алмайтын жағдайы:**

- A. Берілген тапсырмалар;
- B. Мектептің жалпы жағдайы;
- C. Мұғаліммен қарым-қатынас;
- D. Оқу процесі;
- E. Оқушылармен қарым-қатынас жасау жағдайы.

**11. 4-5 жастағы балалардың мазмұнды, рольді ойындарынан мінез бітістерін көрсететін сапалар:**

- A. Қамқорлық, кешірімділік;
- B. Мейірімділік, сыпайылық;
- C. Ұжымдық, жолдастық;
- D. Ұйымдастырушылық;
- E. Ұйымшылдық, қайраттылық.

**12. Бастауыш мектеп жасы аралығы:**

- A. 14-16;
- B. 16-18;
- C. 6-10;
- D. 8-10;
- E. 10-12.

**13. Әуесқой, ақкөңіл, өзгелерге жәрдем бергісі келіп, адамдарды аяп, қамқорлық көрсеткісі келетін жас:**

- A. 10-12 жас;
- B. 12-13 жас;
- C. 7-11 жас;
- D. 7-8 жас;
- E. 8-11 жас.

**14. 7-11 жас аралығында оқушылар ойыннан гөрі ... көп көңіл бөлу керек:**

- A. Ақылға;
- B. Еңбекке;
- C. Мектепке;
- D. Оқуға;
- E. Ортаға.

**15. Кіші мектеп жасындағы оқу жағдаятындағы іс-әрекет түрі:**

- A. Еңбек;
- B. Жаттығу;
- C. Ойын;
- D. Оқу;
- E. Үйрену.

**16. Баланың тіл алуы себептерге бөліну түрлері:**

- A. 1;
- B. 2;
- C. 3;
- D. 4;
- E. 5.

**17. Жеткіншек жасынан «ересек жасына» көшкенде қалыптаса бастайтын қабілеттер:**

- A. Ақыл-ой қабілеті дамып, өзінің пікірін дәлелдеу не өзінің ісіне талдау жасау;
- B. Біреуге ерегесу, тәртіп бұзуды көбейтеді;
- C. Жолдастарымен ойнап, сабақ оқығысы келмейді;
- D. Өз бетімен жұмысты орындау
- E. Үлкенге көмек көрсету, қамқорлық жасау;

**18. Жеткіншектің үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын» дейтіндей қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық деген ғалым:**

- A. Г. Гете;
- B. Ж. Пиаже;
- C. З. Фрейд;
- D. И. П. Павлов;
- E. М. М. Мұқанов.

**19. Жеткіншек кезеңіне тән психологиялық ерекшелік:**

- A. Адамдармен қарым-қатынаста мейірімді, сыпайы келеді;
- B. Әлеуметтік өмірінің өзіндік ерекшелігі болады;
- C. Барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келеді;
- D. Биологиялық даму жағынан үлкен өзгерістерге ұшырауы;
- E. Үлкендермен қатынасы өзгереді.

**20. Жеткіншік жасындағыларды тиісті әдебиеттерде аталуы:**

- A. «Ауыспалы жастары»;
- B. «Ауыспалы кезең»;
- C. «Ауысу», «өзгерілу жасы»;
- D. «Дағдарыс»;
- E. «Қиын».

**21. Жасөспірімнің өзгелермен қарым-қатынасы, қиын жағдайда өздігінен шешімге келе алуы, қиыншылықтардан бас тартпауы:**

- A. Азамат;
- B. Ересек;
- C. Есею;
- D. Жеткіншек;
- E. Тұлға.

**22. Ересек жасындағылардың негізгі әрекеті:**

- A. Еңбек;
- B. Жұмыс;
- C. Ойын;
- D. Оқу;
- E. Оқу мен еңбек.

**23. Ересек жасының басты мақсаты:**

- A. Ғашық болу;
- B. Еліктеу;
- C. Еңбек ету;
- D. Қарым-қатынасқа түсу;
- E. Мамандық таңдау.

**24. Қоғам қатынасының жемісі:**

- A. Адам;
- B. Азамат;
- C. Жеке тұлға;
- D. Мен;
- E. Тұлға.

**25. Ересек жастағылар өз күшін шамадан тыс жұмсаудан ұшырайтын ауруы:**

- A. Бөтеке ауруы;

- B. Еріншек ауруы;
- C. Жалқаулық ауруы;
- D. Жарық ауруы;
- E. Жүрек ауруы.

**26. Оқу мен еңбек негізгі әрекеті болып саналатын жас кезеңі:**

- A. Балалық жас;
- B. Ересек;
- C. Жасөспірім;
- D. Жеткіншек;
- E. Орта мектеп жасы.

**27. Жеткіншек жасынан «Ересектер жасына» көшкенде қалыптаса бастайтын қабілеттері:**

- A. Ақыл-ой қабілеті дамып, өзінің пікірін дәлелдеу не өзінің ісіне талдау жасау;
- B. Біреуге ерегесу, тәртіп бұзуды көбейтеді;
- C. Жолдастарымен ойнап, сабақ оқығысы келмейді;
- D. Өмірге деген көзқарасы өзгереді;
- E. Үлкендермен қарым-қатынасы жақсарады.

**28. «Ересек жасы» аталатын жас аралығы:**

- A. 15-18 жас;
- B. 16-18 жас;
- C. 17-18 жас;
- D. 18-25 жас;
- E. 18-20 жас.

**29. «Мотивация» терминінің анықтамасы:**

- A. Күрес;
- B. Мақсат;
- C. Себеп;
- D. Тартыс;
- E. Түрткі.

**30. Ересек жасындағылардың негізгі әрекеті:**

- A. Жұмыс;
- B. Қарым-қатынас;
- C. Ойын;
- D. Оқу;
- E. Оқу мен еңбек.

**31. «Азамат» терминінің анықтамасы:**

- A. Жауапкершілігі жоғары деңгейдегі тұлға;
- B. Қарым-қатынастың жемісі;
- C. Моральдық қасиеттері жоғары тұлғалар;
- D. Өзіне тән ерекшелігі мен қасиеттері бар тұлға;
- E. Сана-сезімі жоғары тұлғалар.

**32. «Мен дегеніміз – адам өзіне-өзі тең екенін білу» деп анықтама берген психолог:**

- A. Б. С. Мерлин;
- B. М. М. Мұқанов;
- C. Қ. Жарықбаев;
- D. В. В. Давыдов;
- E. И. М. Сеченов.

**33. «Эстетика» деген сөздің мағынасы:**

- A. Қозу;
- B. Мақсат;
- C. Сезу;
- D. Сезім;
- E. Талғам.

**34. Адамның жалпы қабілеті қалыптасатын жас:**

- A. 15-16 жас;
- B. 16-17 жас;
- C. 16-18 жас;
- D. 17-18 жас;
- E. 18 жас.

**35. Ұжымның ең негізгі формасы:**

- A. Ауылшаруашылық ұжымы;
- B. Бригадирлер ұжымы;
- C. Жұмыс ұжымы;
- D. Мектеп ұжымы;
- E. Сынып ұжымы.

**36. Үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсері:**

- A. Ойнату;
- B. Оқыту;
- C. Тәрбие;
- D. Тіл алдыру;
- E. Үйрету.

**Әдебиеттер:**

1. Л. Ф. Обухова. Возрастная психология. – М.: 2000
2. В. С. Мухина. Возрастная психология. – М., 1998.
3. Р. С. Немов. «Психология» Книга 1, 2, 3. «Общие основы психологии». 3-е издание. – М: Владос, 1998.

## IV бөлім. Педагогикалық психология негіздері

### 1-тарау. Педагогикалық психология пәні және оның міндеттері

#### Жоспар:

- 1.1. Педагогикалық психология басқа адамтану ғылымдарының ішінде.
- 1.2. Педагогикалық психологияның қалыптасу тарихы.
- 1.3. Педагогикалық психологияның даму кезеңдері.

#### 1.1. Педагогикалық психология басқа адамтану ғылымдарының ішінде

Қазіргі заман ғылымының дамуында оның ғылыми салалар, пәндер мен проблемалық салалардың (жүйелендіру, иерархияландыру, куммулятивтік сияқты беталыстармен қатар) ықпалдасуы мен саралап жіктелінуі сияқты негізгі екі беталысының өзара әрекеттесуі неғұрлым айқын көрініп келеді. Ғылымның ықпалдастығын талдай келе, Ж. Пиаже, Б. Г. Ананьев пен Б. М. Кедров ғылыми білімнің ортасында адам туралы ғылым – психология тұр деп көрсеткен. Ғылыми білім үшбұрышының Б. М. Кедров ұсынған түсіндірмесі (оның шыңы – жаратылыстану ғылымдары, оның тағандарының бұрыштары – философия және қоғамдық ғылымдар, ал оның ортасында осы ғылымдармен психология түйісіп тұр) Ж. Пиаженің келесі пайымдауымен сәйкестендіріледі «... психология барлық басқа ғылымдардың өнімі ретінде ғана маңызды орын алып тұрған жоқ, ол сондай-ақ олардың қалыптасуы мен дамуына түсініктеме бере алу-

шы бастау ретінде де орталық орын алады».

Адам проблемасының ғылым дамуындағы ролін анығырақ Б. Г. Ананьев анықтайды, оның ойынша адамды тереңірек зерттеу, саралап жіктеу, сонымен бірге осы саладағы барлық зерттеулердің ықпалдасуы адам проблемасының жалпы ғылымдық сипатқа ие болуына ықпалын тигізді. Осы адам мәселесін жаһандандыру беталыстарының педагогикалық психология саласындағы көрінісін кезінде К. Д. Ушинский да байқаған, яғни 1868–1869 жылдардағы «Адам тәрбие пәні ретінде. Педагогикалық антропология тәжірибесі» атты еңбектерінде, адам тәрбиесіне өз үлесін қосқан ғылымдардың бағыныстылығын анықтау негізінде психологияның жетекші ролі атап көрсетілген.

Өз кезегінде, психология да күрделі ықпалдасқан білім болып табылады, оның құрылымдық көрінісінің негізінде, А. В. Петровскийге сәйкес, келе-

сі психологиялық жақтары алынған: «1) *нақты іс-әрекеттің*, 2) *даму*, 3) *адамның (дамуы мен іс-әрекеттің субъекті ретінде) қоғамға қатынасы (өзінің іс-әрекеті мен іске асатын дамуы)»*. Педагогикалық психология көбінесе «нақты іс-әрекет» негіздемесі бойынша ажыратылатын жалпы психологиялық білімдердің дербес саласы ретінде қарастырылады, оның негізінде оның басқа тағы екі жағы өз көріністерін табады. Бұл тұжырым, педагогикалық психологияның негізін білім беру іс-әрекетінің өзі немесе педагогикалық психологияның негізін салушылардың бірі П. Ф. Каптеревтің анықтауындай, білім беру процесінің механизмдері мен заңдылықтары қалайтынын білдіреді.

Педагогикалық психология әртүрлі себептерге байланысты көптеген басқа ғылымдармен байланысты. Біріншіден, ол ғылыми білім үшбұрышының ортасында орналасқан жалпы психологиялық білімнің нақты саласы болып табылады. Екіншіден, оның басқа ғылымдармен байланыста болуының себебі, білім беру процесі өз мақсаты мен мазмұнына сәйкес әлеуметтік мәдени тәжірибені беруші болып табылатынында және осындай мәдениетте бүкіл өркениеттік білімдердің таңбалық, тілдік формада шоғырландырылғанына байланысты. Үшіншіден, оның зерттеу пәні өзі танып білуші және танып білуге үйретілуші, басқа да көптеген адамтанушы ғылымдармен зерттелінетін адам болып табылады. Педагогикалық психология, мысалға педагогика, физиология, философия, лингвистика, әлеуметтану және т.б. ғылымдармен үздіксіз байланыста екені анық. Соның өзінде, педагогикалық психология – жалпы психологиялық білімнің саласы деген тұжырымдама оның осы білімдердің негізінде, яғни психикалық даму, оның қозғаушы күштері, адамның да-

ралық және жыныстық жас ерекшеліктері, оның тұлға ретінде жетілуі мен дамуы жайлы білімдердің негізінде қалыптасатынын білдіреді. Сондықтан педагогикалық психология психологиялық білімдердің (әлеуметтік, дифференциалды психологиямен және т.б.) басқа салаларымен, ең алдымен жас ерекшелік психологиямен байланысты.

Педагогикалық және жас ерекшелік психология бір-бірімен осы ғылымдардың зерттеу объектілерінің ортақтығымен байланысты. Яғни, олардың зерттеу объекті дамып келе жатқан адам болып табылады. Бірақ, жас ерекшелік психологиясы «адам психикасының жас ерекшелік динамикасын, дамып келе жатқан адамның психикалық процестері мен психологиялық қасиеттерінің онтогенезін» зерттесе, ал педагогикалық психология білім беру ықпалымен психикалық жаңа құрылымдардың қалыптасуының шарттары мен факторларын зерттейді. Осыған байланысты педагогикалық психологияның барлық проблемалары білім беру процесіндегі адамның жас ерекшеліктерін есепке алу негізінен қаралады. Сонымен бірге, (бұл жағдайды тағы да ерекше атап көрсетейік) педагогикалық та, жас ерекшелік психология да «... жалпы психологиялық заңдылықтарды ашып көрсететін, қалыптасып қойған адам тұлғасының психикалық процестерін, психикалық күйлерін және даралық-психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін» жалпы психологияның білімдеріне жүгінеді. Педагогикалық психологияны бір жағынан пәнаралық ретінде, ал екінші жағынан – ғылыми білімнің дербес саласы ретіндегі осындай түсіндірмесі, Б. Г. Ананьев позициясымен теңестіріледі. Б. Г. Ананьев бойынша, педагогикалық психология – шекаралық, кешендік білімдер саласы, ол «... педагогика

мен психологияның ортасынан белгілі орын алып, өсіп келе жатқан ұрпақты дамыту, оқыту, тәрбиелеу арасындағы өзара байланысты бірлесе зерттеу сферасына айналды».

Алайда мұндай түсіндірме басқа авторлар келтірген педагогикалық психологияның мәртебесінің анықтауларына сәйкес келмейді, мұның өзі осы сұрақты шешудің біржақтылы еместігін көрсетеді. Мысалы, «Жалпы, жас ерекшелік, педагогикалық психология курсына» «... егер жас ерекшелік және педагогикалық психологияның дамуының бірінші кезеңінде олардың жекелену беталыстары байқалса, онда біздің кезеңде, керісінше – жақындасу, кей-

бір жағдайларда тіпті қосылуы байқалады» деп көрсетілген. Екінші жағынан, «Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының негіздерінде» бір кешендік ғылыми пәнді қалыптастырған, педагогика мен психологияның бірлігін, кешенділігін атап көрсетеді. Іс жүзінде педагогикалық психология кешендік болып табылды деп ұйғаруға болады. В. И. Гинецинский бойынша педагогика оның теоретикалық және тәжірибелік жақтарында онымен тығыз байланысқан дербес ғылым болып табылады. Ал жалпы және жас ерекшелік психология онымен іштей тығыз, үздіксіз байланыста болатын жалпы психологиялық білім саласы.

## 1.2. Педагогикалық психологияның қалыптасу тарихы

Ғылыми білімнің көптеген салаларының қалыптасуы гетерогенді және гетерохронды, тіпті уақытқа қарай үзілген процесс болып табылады. Бұл әдетте, әлемде болып жатқан ірі қоғамдық-тарихи (революциялар, соғыстар, апаттық сүргіндер) оқиғалармен түсіндіріледі, олар ғылыми дамудың мазмұны мен бағытына елеулі әсер етеді. Алайда ол бір пайда болғаннан кейін адамзат ой-санасының тоқталмас қозғалыстарына байланысты жалғасып отырады.

Алғаш рет Ян Амос Коменскийдің 1657 ж. «Ұлы дидактика» еңбегінде

жазылған педагогикалық ойлар, педагогикалық теорияның және мектептегі оқытуды мақсатты ұйымдастырудың дамуына жол бастады. Бұл еңбекті педагогикалық психологияның 250 жыл бойы ұзақ қарама-қайшылықты дамуының алғашқы алғышарты ретінде де қарастыруға болады, өйткені тек XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап ғана ол дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады. Педагогикалық ғылымның бүкіл қалыптасу және даму жолын үлкен үш кезеңдермен көрсетуге болады.

## 1.3. Педагогикалық психологияның даму кезеңдері

**Бірінші кезең** – XVII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың аяғына дейін – Песталоццидің айтуы бойынша, «педагогиканы психологияландыруды сезіну қажеттілігіне» қарай жалпы дидактикалық деп атауға болады. Бұл кезең

ең алдымен, Ян Амос Коменскийдің (1592–1670), Жан-Жак Руссо (1712–1778), Иоганн Песталоцци (1746–1827), Иоганн Герbart (1776–1841), Адольф Дистервег (1790–1866), К. Д. Ушинский (1824–1870), П. Ф. Каптерев (1849–

1922) өзінің есімдерімен көрсетілуі мүмкін. Бұл ойшыл педагогтардың педагогикалық психологияның дамуына қосқан үлестері өздері қарастырған мәселелермен анықталады: даму, оқу және тәрбие байланысы; оқушының шығармашылық белсенділігі, баланың қабілеттілігі және оны дамыту, мұғалімнің ролі, оқытуды ұйымдастыру және көптеген басқа мәселелер. Алайда бұл – аталған процестің мәнін ғылыми тұрғыдан түсінудің тек алғашқы әрекеттері еді. Осы мәселелердің шынайы психологиялық жақтарын толығымен ашылмағандығы жөнінде П. Ф. Каптерев «Дидактикалық очерктер. Білім беру теориясы» (1-ші басылым. 1885 ж.) атты кітабында осы кезеңдегі педагогикалық теорияның дамуына терең және жүйелі талдау жүргізу негізінде дәлелдер келтіреді. П. Ф. Каптерев, «... Коменскийдің дидактикасына тым маңызды кемшіліктер тән: бұл сыртқы механикалық құрал ретінде ұсынылған әдіс дидактикасы; бұл дидактикада **оқушылардың қабілеттерін оқыту арқылы дамыту** туралы мүлдем **сөз жоқ**; ... Коменскийдің дидактикасына психология жетіспейді».

И. Песталоццидің роліне талдау жүргізе келе, П. Ф. Каптерев «Песталоцци оқудың барлығын оқушының өз шығармашылығы деп түсінген, ал барлық білімді әрекеттің іштен дамуы, өз бетімен әрекет жасау, өзін-өзі дамыту акті ретінде түсінген». Алайда, сонымен қатар П. Ф. Каптерев айтқандай, «... Оның (Песталоццидің – И. З.) оқытуда әдістің әсерін тым асыра көтеріп, оқытуда мектепте қолданылатын әдіс, тәсілдерді механизациялауға көп мойын бұрғаны анық. Мектептөгі көрнекті фактор ретіндегі **мұғалімнің жанды тұлғасы** әлі түсініксіз. Жалпы **Песталоцци білім беру процесінің психология-**

**лық жағын**, оның негіздері, жолдары мен, нысандарын **қажетті деңгейде ашпаған**». Педагогикалық психологияға И. Герbartтың қосқан үлесін бағалай келе, П. Ф. Каптерев «... Герbart дидактикасының аса маңызды басымдылықтары бар: ол педагогикалық әдіске психологиялық талдау береді, ол **оқуға қызығушылық** туралы аса маңызды мәселені көтереді, ол **оқыту мен тәрбие** беруді бір-бірінен ажыратпайды. Герbart дидактикасының жетіспеушілігі оның біржақты интеллектуализмі және кейбір мәселелерді толығымен игермеуінде, мысалы, оқушылардың қызығушылықтары жөнінде». Бұл жерде, «тәрбиелеп оқыту» ұғымы И. Герbartтың тұжырымдамасынан бастау алады.

А. Дистервегтің шығармашылығы, П. Ф. Каптерев бойынша, оның заманына сай педагогикалық тәжірибенің психологиялық бағыттанған ережелерінен тұрады. А. Дистервегтің білім беру процесінде мұғалімнің, педагогтың басқарушы ролі туралы тезистері бар. Ол оқу процесін оқушының – оқытылатын субъектінің, мұғалімнің, оқылатын пәннің және оқыту жағдайларының біртұтастығы деп қарастырады. Өзін-өзі жетілдіру, оқушының ерекшелігін ескеру және педагог әрекеттерінің пәрменділігі – тәрбиелеп оқытудың кепілі мен негізі. П. Ф. Каптерев атап өткендей, «... Дистервегтің көптеген ережелері ой саралығы мен айқындығы, ықшамдығы, сонымен бірге педагогикалық қолайлылығы мен мәнділігі бойынша жаңалық пен тереңділігі жоқ болғанына қарамастан, дидактика оқулықтарына кіріп, күнделікті педагогикалық тәжірибенің ережелеріне айналды». Олар оны жан-жақты ғылыми тұрғыдан түсіну қажеттілігіне себепші болды.

Педагогикалық психологияның осы «алғышарттық» жалпыдидакти-

калық даму кезеңінде қалыптасуына К. Д. Ушинскийдің «Адам тәрбие пәні ретінде» атты жұмысы үлкен роль атқарды. Педагогикалық антропология тәжірибесі; мұнда адам дамуының біртұтас тұжырымдамасы ұсынылған. Бала – тәрбие мен оқытудың ортасында тұр, және де шешуші роль тәрбиеге беріледі. Оқыту процесінде ес, зерде, ойлау мен сөйлеудің психологиялық-педагогикалық мәселелері арнайы талдау құралдары және даму міндеттері ретінде шығады. К. Д. Ушинский бойынша, тіл дамыту, ойлау қабілетін дамытуға байланысты баланың сөздері, оның танымы мен ұғымын, жалпы тұлға ретінде қалыптасуының алғышарты деп саналады.

Педагогикалық психология негіздерін құруда П. Ф. Каптеревтың өзінің қосқан үлесі орасан зор. Ол педагогикалық психологияның негізін құраушыларының бірі. Ол өмірге Песталоццидің өсиеттерін – педагогиканы психологандыруды енгізуге ұмтылды. «Психологиялық педагогика» ұғымы зерттеушілердің айтуы бойынша, ғылыми айналымға 1877 ж. Каптеревтың «Педагогикалық психология» атты кітабы шыққан соң кірді. Шынында да, Э. Торндайктың осыған аттас кітабы тек шаршы ғасырдан соң (1903 ж.) жарық көрді. Сонымен қатар, П. Ф. Каптерев ғылыми қолданысқа қазіргі заманда қолданылып жүрген білім беру мен тәрбие берудің жиынтығы, педагог пен оқушы әрекетінің байланысы ретіндегі «білім беру» ұғымын кіргізді. Сонымен бірге, мұғалім еңбегі мен мұғалім дайындаудың педагогикалық мәселелері, эстетикалық даму мен тәрбие беру мәселелері және басқа да көптеген мәселелер қарастырылды. Білім беру процесінің өзін П. Ф. Каптерев психологиялық тұрғыдан қарастыруы өте маңызды, ол жөнінде «Дидактикалық очерктер. Білім беру теориясы» атты кітабының

екінші тарауы – «Білім беру процесі – оның психологиясы» дәлел болады. Автордың ойы бойынша, білім беру процесіне «адам ағзасының ішкі әрекетінің көрінісі», қабілеттілікті дамыту және басқа үрдістер кіреді.

П. Ф. Каптеревқа тек ұлы дидактардың еңбектеріне іргелі талдау жасаудағы сіңірген еңбегі ғана емес, былайша айтқанда, эксперименталдық дидактиканың, негізінде алғанда, оқытуда және оқыту үшін эксперименталдық психология өкілдерінің еңбектеріне жасаған талдауын атап өту қажет. П. Ф. Каптеревқа сәйкес, осы еңбектер авторларының міндеті оқушылардың ой еңбегі жұмысын зерттеу, ой еңбегі жұмысында қимылдың орны, оқушылардың пән және сөз арқылы берілетін түсінігі, мектеп оқушылары дарындылығының түрлері және басқа мәселелерді зерттеу болып табылады.

Педагогикалық психологияның қалыптасуына сол кезеңде жаңадан пайда бола бастаған әлеуметтік психология өкілі С. Т. Шацкийдің (1878–1934) қосқан үлесі қомақты. Ол адамды әлеуметтендіру процесінде тәрбие беруді ізгілендіру және демократияландырудың біртұтас тұжырымдамасын жасаған. С. Т. Шацкийге әлеуметтік-педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде оның тұлғасы мен кәсіби құзырлылығына қойылатын жалпыланған талаптарды қамтитын педагог моделін құрған. С. Т. Шацкийдің педагогикалық тәжірибесіне шет елдік зерттеушілер жоғары баға берген. Атап айтқанда, Дж. Дьюи ресейлік оқушылардың дайындығының жүйелілігін, ұйымдастырушылығын, қазіргі заманғы американдық мектептермен салыстырғанда демократты екендігін атап өтеді.

Осылайша, бірінші алғышартты кезең, бір жағынан, И. Ньютонның механикалық түсінігінің басымдылығымен, Ч. Дарвиннің эволюциялық идея-

баланың физикалық және ішкі сезім қабілеттері зерттелді, сонымен бірге оқу пәндерін оқыту әдістері зерттелді. Т. Симонмен бірлесіп А. Бине ой қабілеті төмен балалар үшін арнайы мектептерге іріктеу әдісін құрды, оның негізіне тест әдісі алынды.

Аталған кезең ерекше психологиялық-педагогикалық бағыт – педологияның қалыптасуымен сипатталды, (Дж. М. Болдуин, Э. Киркпатрик, Э. Мейман, М. Я. Басов, П. П. Блонский, Л. С. Выготский және т.б.) онда психологиялық, физиологиялық, анатомиялық, психологиялық және әлеуметтік өлшемдердің жиынтығының негізінде кешенді түрде баланың дамуын айқындау мақсатында оның мінез-құлығының ерекшеліктері анықталды. Басқа сөзбен айтқанда, екі жақтан педагогикалық психологияға оны жаратылыстану ғылымдарымен жақындастырып, өлшемдердің объективтік әдістері енді.

Педагогикалық психологияның құрылуының осы негізгі кезеңінде қалыптасқан ғылым ретінде дербестілігі туралы тек психодиагностиканы пайдалану, мектеп зертханаларының, эксперименталдық-педагогикалық жүйелермен бағдарламалардың кеңінен таралуы, педологияның пайда болуы ғана емес, 50-ші жылдардан бастап педагогикалық психология дамуының үшінші кезеңінде жүзеге асырыла бастаған, білім беру процесін ғылыми рефлексиялау талпыныстары, оны теоретикалық тұрғыдан түсіну мағыналылығы дәлел бола алады.

Педагогикалық психологияның дамуының **үшінші кезеңін** айрықша атап өтуге оқытудың бірқатар психологиялық теорияларының құрылуы негіз бола алады, яғни педагогикалық психологияның теоретикалық негіздерін құру. Мысалы, 1954 жылы Б. Скиннер бағдарламаландырылған оқыту идеясын ұсынды, ал 60-шы жылдары Л. Н. Ланда оны

алгоритмдеу теориясын ұсынды. Содан кейін В. Оконь мен М. И. Махмутов проблемалық оқытудың біртұтас жүйесін құрды. Бұл бір жағынан Дж. Дьюидің оқыту проблемалар шешу арқылы жүзеге асырылуы қажет деген жүйесінің әзірлемесін жалғастырды, ал басқа жағынан О. Зельц, К. Дункер, С. Л. Рубинштейн, А. М. Матюшкин және т.б. ойлаудың проблемалық сипатының, оның кезеңдігінің, проблемалық жағдайда әрбір ойдың пайда болу мүмкіндігі (П. П. Блонский, С. Л. Рубинштейн) туралы ережелермен арақатынаста болды. 50-ші жылдары П. Я. Гальпериннің, соңынан Н. Ф. Талызинаның алғашқы басылымдары пайда бола бастады, онда педагогикалық психологияның негізгі жетістіктері мен болашағын бойына сіңірген, ой әрекетінің сатылап қалыптасу теориясының негізгі позициялары берілді. Дәл осы уақытта Д. Б. Эльконин мен В. В. Давыдовтың жұмыстарында айтылған, оқу қызметінің жалпы теориясының негізінде дамыта оқыту теориясы құрыла басталады (осы ғалымдардың тұжырымдауымен және А. К. Маркова, И. И. Ильясов, Л. И. Айдарова, В. В. Рубцов сияқты ғалымдармен ары қарай жалғастырылған). Дамыта оқыту Л. В. Занковтың эксперименталдық жүйесінде өз көрінісін тапты.

Осы кезеңде С. Л. Рубинштейн «Психология негіздерінде» оқу – білімді меңгеру деген жан-жақты сипаттама берді. Меңгеруді ары қарай әртүрлі тұрғыдан Л. Б. Ительсон, Е. Н. Кабанова-Меллер және т.б. ежіктеп зерттеген болатын. Ол сонымен қатар, Н. А. Менчинскаяның және Д. Н. Богоявленскийдің жұмыстарында (білімді экстериоризациялау тұжырымдамасының шеңберінде) көрініс тапты. 1970 жылы жарық көрген Й. Лингарттың «Адамдық оқудың процесі мен құрылымы» атты кітабында және 1986 жылы шыққан

И. И. Ильясовтың «Оқу процесінің құрылымы» атты кітабы осы салада күрделі теоретикалық қорытулар жасауға мүмкіндік берді.

Педагогикалық психологияда мүлдем жаңа бағыт – суггестопедияның, Г. К. Лозановтың суггестологиясының (60-70-ші жылдар) пайда болуы назар аударуды қажет етеді. Оның негізі болып педагогтың гипермнезия мен суггестия әсерісін пайдаланып оқушылардың өздері саналы түрде түсінбейтін қабылдау, есте сақтау сияқты психикалық процестерді басқару болып табылады. Соңынан тұлғаның резервтері мүмкіндіктерін белсендіру (Г. А. Китайгородская), топтық бірігу, осындай оқу барысында топтық динамика (А. В. Петровский, Л. А. Карпенко) әдістері жетілдірілді.

Алайда осы теориялардың саналуандылығында (толық 2 тарауын қараңыз) бір ортақ жағдайы болды – ол, осы авторлардың ойынша, қоғам-

ның оқыту жүйесіне (оқуға немесе оқу қызметіне) қоятын талаптарына неғұрлым барабар теорияны теоретикалық негіздемелеу міндеттерін шешу. Оған сәйкес оқытуда белгілі бағыттап қалыптасты. Осы бағыттардың шеңберінде ортақ мәселелер де айқындалды: оқыту түрлерін белсендіру, педагогикалық еңбектестік, қарым-қатынас, білімді меңгеруді басқару, мақсат ретінде оқытылатын субъекті дамыту және т.б.

Осы кезеңде педагогикалық психологияның өз дамуында компьютерлік техниканы пайдаланып, жаңа сатыға көшуінің алғышарттарының қалыптасуы адамзаттың ХХІ ғасырға – Адам ғасыры, гуманитарлық дәуір ғасырына көшудің глобалды проблемаларын шешумен астарласып жатыр. Бұл жаңа дәуірде жаңа ақпараттық технологияларды құрушы, оны еркін пайдаланатын адамның дамуы оған жаңа индустриялық, ақпараттық кеңістікте еркіндік береді.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Педагогикалық психология нені зерттейді?
2. Педагогикалық психологияның салаларын ата.
3. Педагогикалық психологияның пайда болуы мен дамуына психология дамуының негізгі бағыттары қандай әсерін тигізді?
4. Психологияның құрылымдық бөлінуінің 3 негіздемесінің қайсысы бойынша педагогикалық психология саласы бөлінеді?
5. Педагогикалық психологияның қалыптасуы үшін оның тарихындағы әрбір үш кезеңнің маңызы қандай?

### №1 тапсырма.

Студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтауға арналған тест-сауалнамасын өткізіп, өзіңіздің кәсіби бағыттылығыңызды анықтаңыз.

### **Студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтауға арналған тест-сауалнама (Т. Д. Дубавицкая)**

Әдістеменің мақсаты – мамандықты меңгеруге және сол мамандық бойын-

ша жұмыс жасауға деген ұмтылысы көрініс беретін дәрежедегі студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтау.

Сауалнаманың жалпы сипаттамасы: Сауалнама 20 тұжырымнан және

ұсынылған жауап нұсқаларынан тұрады.

**Нұсқау:** «Мамандарды даярлауды жетілдіру жолдарын іздеу, соның ішінде әрбір адамға қалаған мамандығын меңгеру және сол мамандық бойынша жұмыстану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатындағы біздің зерттеуімізге қатысуыңызды сұраймыз. Ол үшін төменде келтірілген тұжырымдарды оқып,

жауап парағына тұжырым нөмеріне қарсы сіздің пікіріңізге сәйкес келетін жауап нұсқаларының бірін белгілеңіз.

Дұрыс + +

Сірә, дұрыс болар +

Дұрыс емес – –

Сірә, дұрыс емес болар –

Сізден шынайы түрде дәл қазіргі мезеттегі пікіріңізді білдіруіңізді сұраймыз.

1. Әрбір адамның өзіне ұнайтын, оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес келетін мамандықты меңгеріп шығуына мүмкіндігі болуы тиіс.

2. Егер маған қайтадан оқуды бастау мүмкіндігі берілсе, онда мен қазір меңгеріп жатқан мамандығымды қайта таңдар едім.

3. Осы факультетте осы мамандықты меңгеру тілегінен емес, белгілі бір жағдайлардың әсерінің күшінен мәжбүрлі оқып жатырмын.

4. Менің осы мамандықты меңгеруім және сол мамандық бойынша жұмыстану тілегім тұрақты және негізделген.

5. Ең алдымен, мен жоғары білім алу үшін оқып жатырмын, меңгеріп жатқан мамандығым мені онша қызықтырмайды.

6. Менің болашақ мамандығымның мен үшін жақсы жағының аз екендігін білемін.

7. Менің бос уақыттағы әуестіктерім мен істерім болашақ мамандығыммен байланысты.

8. Менің болашақ мамандығыма қарағанда маған артығырақ ұнайтын әлемде басқа да мамандықтар көп.

9. Өзімнің бастамамен болашақ мамандығыма қатысы бар қосымша әдебиеттерді оқимын.

10. Оқуды аяқтаған соң да қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша тиімдірек жұмыстануым үшін өз-өзімді ары қарай жетілдіріп және квалификациямды көтеріп отырамын.

11. Мен меңгеріп жатқан мамандық және сол мамандық бойынша жұмыс маған болашақта моральды қанағаттанушылық әкелуі екіталай.

12. Меңгеріп жатқан мамандық бойынша жұмыс жасамау үшін барлық қажет деген шараларды қолдануға тырысамын.

13. Егер бұл қиын болса да, оқу аяқталысымен қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс табуға (және жұмыс жасауға) тырысамын.

14. Дәл қазіргі мезетте меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс жасап жатырмын (немесе жұмыс тапқым келеді).

15. Меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс жасауға тілегім жоқ.

16. Сәті түскен жағдайларда өзімнің болашақ мамандығымның саласындағы мамандардың жұмысымен танысуға ұмтыламын.

17. Егер қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыстанатын болсам да, ол ұзаққа созылмайды.

18. Меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс болашақта маған толығымен өзімді, өз қабілеттерімді ашуға мүмкіндік береді.

19. Оқуды аяқтаған соң басқа мамандықты меңгеріп, сол мамандық бойынша жұмыс жасаймын.

20. Адамның өмірінде барлығы өзіне тәуелді емес және оған кейде өмірдің жағдайларына көнуіне тура келеді.

### Нәтижелерді өңдеу

Сауалнаманың көрсеткіштерін есептеу «Иә» – жағымды жауаптарды (дұрыс; сірә, дұрыс болар), «Жоқ» – жағымсыз жауаптарды (дұрыс емес; сірә, дұрыс емес болар) білдіретін кілтпен сәйкес жүргізіледі.

#### Кілт

|     |                                |
|-----|--------------------------------|
| Иә  | 2, 4, 7, 9, 10, 13, 14, 16, 18 |
| Жоқ | 3, 5, 6, 8, 11, 12, 15, 17, 19 |

Кілтпен сәйкес келетін әрбір жауап 1 баллмен бағаланады. Қосынды балл неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіби бағыттылық деңгейі де жоғары болады.

1-ші және 20-шы сұрақтың жауабы нәтижелерді өңдеуде есепке алынбайды.

Тест бойынша жоғары көрсеткіштер студенттің таңдаған мамандығына ұмтылатындығын, меңгеріп жатқан мамандығы оған ұнайтындығын; болашақта осы мамандық бойынша жұмыстанып, ары қарай жетілгісі келетіндігін; бос уақытында болашақ мамандығына қатысы бар істермен шұғылданатындығын; таңдаған мамандығы саласын-

да таныс мамандардың шеңберіне ие екендігін; өз мамандығын өмірлік ісі деп есептейтіндігін дәлелдейді.

Төменгі көрсеткіштер студенттің осы факультетте мәжбүрлі оқып жүргендігін; оқу орнына түсуі болашақ мамандығына қызығушылығы мен меңгеріп жатқан мамандығы бойынша жұмыстану тілегінен емес, басқа себептерден, мысалы, ата-ананың талабына бағыну, үйге жақын орналасқандықтан және т.б. себептермен шартталғандығын; студент өзінің болашақ мамандығынан өзі үшін ешқандай жақсы жақтарын көрмейтіндігін; меңгеріп жатқан мамандығы оны онша қызықтырмайтындығын; мүмкіндік болған жағдайда мамандығын ауыстырып, өзге мамандықты меңгеріп, сол бойынша жұмыстанғысы келетіндігін дәлелдейді.

### Нәтижелерді талдау

Өңдеу процесі барысында алынған зерттелушінің нәтижелері келесі түрде түсіндіріледі:

0-4 балл – кәсіби бағыттылықтың төмен деңгейі;

5-13 балл – кәсіби бағыттылықтың орташа деңгейі;

14-18 балл – кәсіби бағыттылықтың жоғары деңгейі.

### Әдебиеттер:

1. Возрастная и педагогическая психология /Под ред. А. В. Петровского. – М., 1979.
2. В. И. Гинецинский. Основы теоретической педагогики. СПб., 1992.
3. П. Ф. Каптерев. Дидактические очерки. Теория образования // Избранные педагогические сочинения. – М., 1982.

4. В. А. Крутецкий. Основы педагогической психологии. М., 1972.
5. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 3 / Под ред. М. В. Гамезо. – М., 1982. Гл. XX.
6. А. А. Никольская. Возрастная и педагогическая психология дореволюционной России. – М., 1995.
7. А. В. Петровский, М. Г. Ярошевский. История и теория психологии. – М., 1996. 1 т.
8. С. Д. Смирнов. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 1995.
9. Н. Ф. Талызина. Педагогическая психология. – М., 1998.

## 2-тарау. Оқыту психологиясының негіздері

### Жоспар:

- 2.1. Оқыту бірлігінің екіжақтылығы – білім беру процесіндегі оқу.
- 2.2. Оқытудың мазмұны мен бағдарламасы.
- 2.3. Оқудың жалпы сипаттамасы, аспектілері және оқуды анықтаудың көп-жақтылығы.
- 2.4. Оқудың оқу іс-әрекетіне ауысуы.
- 2.5. Оқыту психологиясы және оның психологиялық негіздері.

### 2.1. Оқыту бірлігінің екіжақтылығы – білім беру процесіндегі оқу

Педагогикалық психологияда, педагогикада, жалпы дидактикада міндетті түрде білім беру процесінің екі, өзара байланысты жақтары ажыратылады: оқытушы, тәрбиелеуші және үйретуге жарамдылық, яғни педагогтың қатысуымен жүзеге асырылатын оқыту (*teaching*) және сөздің ең жалпы мағынасында үйрету (*learning*) немесе нақтырақ айтқанда, оқушының қатысуымен жүзеге асырылатын оқу.

Оқыту осы терминнің ең жиі пайдаланылатын мағынасында отбасы, мектеп, жоғары оқу орны, қауымдастықтың арнайы ұйымдастырылған жағдайында қоғамдық-тарихи, әлеуметтік тәжірибені басқа адамға (адамдарға) мақсатты бағытталған, біртіндеп беруді (трансляция) білдіреді. Оқушының позициясынан оның осы тәжірибені «үйретуге

жарамдылық» терминінде қабылдап алу қабілеттілігі жиі байқалады және осы процестің нәтижесі «үйретілген» терминінде. Оқытушы позициясын алып тұрған адам – педагог. Оқытудың әрекеті – бұл оқытушының әрекеті, оқыту әрекеті – педагогикалық әрекет. Осы әрекетті қарастырғанда бірқатар сұрақтар туады: оқытудың мазмұны не болып табылады, оқыту бағдарламасы, оның мазмұны мен әдістері қандай арақатынаста; оқытуда оның негізгі мақсаты – оқушы тұлғасының дамуы қалай жүзеге асырылады; дамыту, оқыту, тәрбие беру қалай бірігеді. Л. С. Выготскийге сәйкес, психологиялық проблема баланың дамуы тұрғысынан оқу пәндерінің ішкі құрылымын белгілеу және осы құрылымды мектептегі оқытудың әдістерімен бірге өзгертуде тұр.

### 2.2. Оқытудың мазмұны мен бағдарламасы

Қойылған сұрақтарға жауап көзі В. В. Давыдовтың тұжырымдаған келесі ережелері болып табылады:

– оқу-тәрбие беру процесі ... оқу пәндері жүйесінің мазмұнын меңгеру негізінде жүзеге асырылады;

– әрбір оқу пәні қоғамдық сананың (ғылымның, өнердің, адамгершіліктің, құқықтың) кез келген «жоғары» формасының меңгеру өзіндік бейнеленуі болып келеді;

– оқу пәнінің өзегі оның бағдарламасы болып табылады, яғни меңгеруге арналған білім мен біліктердің жүйелі және төменнен жоғары баяндалуы;

– оқу пәнінің мазмұнын көрсететін бағдарлама ... оның білім берудегі әдістерін, дидактикалық құралдардың сипатын, оқу мерзімін анықтайды..., ұсынылған материалды меңгеру ба-рысында оқушыларда қалыптасатын ойлану түрін жобалайды;

– оқу пәндерінің мазмұнын оқу әрекетінің ерекшеліктері мен құрылымына сәйкес әзірлеу қажет.

### 2.3. Оқудың жалпы сипаттамасы, аспектілері және оқуды анықтаудың көпжақтылығы

Биологиялық жүйенің жеке тәжірибесін жинақтау процесі мен оның нәтижесін білдіретін (Жер шары жағдайында қарапайымнан оның ең жоғары ұйымдасқан түрі адамға дейін) ең жалпы ұғым – үйрету. Мақсатты бағытталған, оған қоғамдық-тарихи тәжірибені саналы түрде беру нәтижесінде адамды үйрету және осы негізде қалыптасатын жеке тәжірибе оқу деп анықталады. Алайда осы проблеманы зерттеушілердің көпшілігі (Й. Лингарт, И. И. Ильясов және т.б.) оқу ұғымын жеке тәжірибені тек қана адамда ғана емес, жануарларда да қалыптасуын талдау және түсіндіру үшін неғұрлым ортақ ұғым ретінде қолданады. «Оқу, организмдер әрекетінің формаларының бірі ретінде өзінің мәні бойынша біртұтас, бірақ эволюциялық тұрғыдан ол шашыранды және эволюцияның әртүрлі сатыларында сапалық ерекшеліктері бар» (Й. Лингарт).

#### **Қарастырылу аспектілері**

Оқу аспектілері пәнаралық болып табылады; соған сәйкес ол әртүрлі позициялардан қарастырыла алынады, Й. Лингарт қарастырудың келесі тоғыз аспектілерін (позицияларын) белгілейді, бұл позициялар оларды ажыратуда біршама дау туғызушы жерлердің

болғанына қарамастан келесі түрде анықталады.

Биология тұрғысынан оқу бейінделу процесін білдіреді, онда тұқымқуалаушылық, орта, бейімделу, реттеу (тікелей, генетикалық шартталған және қоршаған ортадан «жанама») қарастырылады.

Физиология тұрғысынан оқу шартты рефлексстерді дағдыландырудың нейрогуморалдық механизмдерінің жағдайынан, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтарынан (қозу және тежелудің, болымды және теріс индукцияның, доминантаның топтауы мен иррадиациясы), мидың талдамалық-синтетикалық қызметі тұрғысынан қарастырылады.

Психология тұрғысынан оқу субъектінің белсенділігі, әрекеті, психикалық дамудың факторы ретінде қарастырылады. Оқу айқын көрінеді және адамның мінез-құлқының ары қарай жүйелі өзгеріске ұшырауына әкеледі. Бұл позицияда таңбалық-символикалық құрылымдардың ақпараттық функцияларына, мағына құрудың, танымдық және мотивациялық құрылымдардағы өзгерістерге ерекше маңыз беріледі.

Әлеуметтану тұрғысынан оқу жеке және қоғамдық сана байланысының шарты ретінде әлеуметтендіру фак-

торы тұрғысынан қарастырылады. Бұл позициядан оқу процесі жүзеге асырылатын білім беру жүйелерін әлеуметтік басқарудың әртүрлі формалары қарастырылады.

Аксиология, этика позициясынан оқу құндылықтық қалыптасу және өзін-өзі анықтау, қоғамдық нормаларды, ережелерді, құндылықтарды интернализациялау процесі ретінде қарастырылады.

Кибернетика позициясынан оқу тура және кері байланыстар каналдары бойынша оқыту жүйесінде басқарумен, стратегия, бағдарлама және алгоритмдерді әзірлемелеу және өзгерулерімен сипатталатын ақпараттық процесс ретінде қарастырыла алынады.

Философия позициясынан (гносеологиялық тұрғыдан) оқу танымның ерекше (спецификалық) формасы ретінде қарастырылады. Оқуда объективтік пен субъективтің, форма мен мазмұнның және т.б. арасындағы қарама-қайшылықтар пайда болып, шешіледі.

Қисынды көзқарас тұрғысынан оқу қисынды ойлауды қалыптастыру, жалпыланған алгоритмдерді әзірлеудің негізі ретінде қарастырылады. Оқу материалын қисынды ретке келтіру, процесті ұйымдастыруды оңтайландыру – оқуды қисынды тұрғыдан қарастырудың мәні.

Педагогикалық позициядан оқу келесі контексте қарастырылады, «*мұнда тәрбиелеу мен оқыту қоғамдық тәжірибені неғұрлым тиімді бере алуды қамтамасыз етуге міндетті қоғамдық қажеттілік көзқарасынан қажетті, мақсатты бағытталған, жүйелер болып табылады*». Сонымен қатар, дезадаптивті мінез-құлықты ескеру маңыздылығы мен психотерапияны пайдаланудың маңызы ескеріледі. Педагогикалық психология оқуды ең алдымен психология мен педагогика позициясынан қарастырады, алайда ол

әлеуметтанушылық, кибернетикалық, философиялық және қисындылық позицияларды да ескереді.

### **Оқуды анықтаудың көпжақтылығы**

И. И. Ильясовтың оқудың құрылымдық ұйымдастырылуының ерекшеліктерін және оның әртүрлі тұжырымдамалардағы айырмашылықтарын анықтау үшін жүйелі, сатылы түрде өткізген талдауы, сонымен бірге осы процесті түсіндірудің саналуандылығын ашты, ол ең алдымен жалпы психологиялық тәсілдер мен авторлық тұжырымдамалардың айырмашылықтарымен шартталады. И. И. Ильясовқа сәйкес, оқу:

1) әртүрлі тапсырамаларды шешуде білім мен икемділікті меңгеру (Я. А. Коменский);

2) білім, икемділік пен даму – жалпы танымдық процестерді жетілдіру (И. Гербарт);

3) белгілі бір пәндер бойынша білім, икемділік пен дағдыларды меңгеру (А. Дистервег), бұл жерде А. Дистервег оқу мен дамытуды ажыратқан;

4) қиыншылықтарды жеңумен байланысты белсенді ойлау процесі (Дж. Дьюи);

5) сыртқы қимылдардың қажетті қатысуымен сезімдік және ойлы мазмұнның элементтерінен жаңадан пайда болған қасиеттер құрудың белсенді процесі (В. Лай);

6) білім алу және проблемалар шешу (К. Д. Ушинский);

7) педагогикалық процестің ішкі жағы болып табылатын оқушының ішкі әрекетінің белсенді процесі (П. Ф. Каптерев);

8) мінез-құлықтың өзгеруі, «стимул-реакция» сызбасы (Дж. Уотсон) және міндетті түрде нығайтылуымен «стимул-жауап беруші реакция» сызбасы бойынша (Э. Торндайк, Б. Скиннер, К. Халл) өзгертін стимулдарға сыртқы реакциялардың өзгеруі; «стимул –

аралық ауыспалы (бейне, карта, жоспар) – реакция» (Э. Толмен) формуласы бойынша проблемалық жағдаяттарда жаңа жоспарлар, мінез-құлықтың когнитивтік картасын меңгеру;

9) мағынасын меңгеру, яғни кейбір тітіркендіргіштер арқылы (ең алдымен, сөйлеу белгілерімен) объект-тітіркендіргіші жағдайындағы туатын реакцияларды туғызу қабілеттілігін игеру, сонымен қатар инструменталдық реакцияларды меңгеру (Ч. Осгуд);

10) тәжірибенің бұрынғы құрылымын қайтадан құрылымдау, онда екі фаза бар – білім беру әрекетінің (алғашқы рет) жаңа формаларын құру (табыс) және әрекеттің жаңадан пайда болған формаларын қайтадан құру және сақтау (ес) (К. Коффка);

11) үш негіздеме бойынша тәжірибе жинақтаудың әр түрлері: біртіндеу – секіріс; саналы түрде ұғыну – аңғармаушылық; нақты көрінетін – сырт көзге көрінбейтін байланыстарды ұғыну (Ж. Пиаже);

12) адам бойындағы қоршаған өмір объектілерінің бейнелеу мазмұнының өзгеруі: сыртқы – қозғалтушы, сезімдік-бейнелік және символикалық (Д. Брунер);

13) ақпарат алу процесін кодтау, сақтау және пайдалану (Р. Гэгни);

14) әрекет түрі, мұндай әрекет түрінде субъект берілген жағдаятта сырттық шарттардың әсер етуінен және өзінің жеке әрекетінің нәтижесіне байланысты өзгереді, ол өз мінез-құлығын және өзінің психикалық процестерін жаңа ақпаратпен өз-өзіне сенімсізділік дәрежесін төмендетіп, өзін-өзі ұстаудың адекватты ережесін немесе дұрыс жауап табу мақсатында құрады (Й. Лингарт).

Л. С. Выготскийдің, А. Н. Леонтьевтің, С. Л. Рубинштейннің еңбектерінде оқу-білім, икемділік, дағдыны меңгеру ретінде қарастырылады (ал дамыту – қабілеттілік, жаңа сапа меңгеру болып табылады). П. Я. Гальперин оқуды субъектінің жасаған әрекеттерінің негізінде білім меңгеру ретінде анықтайды. Д. Б. Эльконин мен В. В. Давыдов бойынша, оқу дегеніміз оқу әрекетінің ерекші түрі, ал А. Н. Леонтьевтің теориясы бойынша оқу (ойын және еңбекпен қатар) – жетекші әрекет типі, ол уақыттың үлкен кезеңін алып қана қоймайды (көп жағдайда 15-16 жасқа дейін), сол уақыттың ішінде оқушы тұлғасының өзі, оның интеллекті, әрекетінің жеке түрлері қалыптасады. Оқу көп мотивтендірілген және көп әрекет ретінде қарастырылады.

## 2.4. Оқудың оқу іс-әрекетіне ауысуы

«Оқу» ұғымымен қатар отандық психологияда Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, А. К. Маркова), соңынан шетелдік психологияда да (Й. Ломпшер, Й. Лингарт) «оқу әрекеті» ұғымы жиірек қолданылып жүр, оның мазмұнына тек процессуалдылық пен нәтижелілік қана кірмейді, оған құрылымдық ұйымдастыру, және ең бастысы, – оқудың субъектілігі кіреді. Оқудың оқу әрекеті

ретінде анықталуына көшу үш кезеңді қамтиды (А. К. Маркова, Г. С. Абрамова). Бірінші кезеңде – 50-ші жылдардың аяғында – Д. Б. Эльконин оқу әрекетінің құрылысы туралы жалпы гипотеза ұсынды, баланың психикалық дамуындағы оның маңыздылығы туралы эксперименталдық зерттеулер жүргізілді. Екінші кезеңде осы әрекеттің ерекшеліктері, оның құрылымдық компоненттері зерттелді. Үшінші кезеңде осы

әрекет барысында қалыптасқан жаңа психикалық жаңа ойлар, көзқарастар зерттелді.

Қазіргі уақытта оқудың ерекше формасы ретіндегі оқу әрекеті ұйымдастырудың (өзін-өзі ұйымдастырудың), басқарудың (өзін-өзі басқарудың), бақылаудың (өзін-өзі бақылаудың) арнайы объектісі ретінде шығып тұр. Бұл дегеніміз «қайтадан жаңғыртушы» әрекет, оның процесінде тек қана адамзаттың жинақтаған білімі мен біліктері қайтадан жаңғыртылып қоймайды, сонымен бірге теоретикалық сана мен ойдың негізінде жатқан тарихи қалыптасқан қабілеттіліктер де (рефлексия, талдау, ой эксперименті) қайтадан жаңғыртылады.

Қарастырылғандардың барлығы «оқу» ұғымының өзінің мазмұнының көпжақтылығын, ғаламдылығын және

әртүрлі ғылымдар позицияларынан қарастыруда көпаспектілігін көрсетеді. Осындай жағдай табиғи тұрғыдан түсінікті, себебі оқу субъектісі адам болып отыр, әсіресе осы процеске кіруші проблемалардың (физиологиялық, психикалық, әлеуметтік, педагогикалық және т.б.) күрделілігі мен саналуандылығы жағдайында қалыптасушы, дамушы адам – бала жөнінде айтсақ. Барлық авторлар оқу процесінде субъектінің өзінде өзгерістер жүретінін атап өтеді – сөздің ең кең мағынасында, оның дамуы жүзеге асырылады және оның көп жағдайда оқытумен (оның формаларымен, мазмұнымен, мұғалім мен оқуды ұйымдастырушының бастапқы позициясымен) байланысты екенін атап өтеді. Адамның оқу процесінде, нақтырақ айтқанда, оның оқу әрекетінде оқыту мен дамыту өзара қалай байланысты?

## 2.5. Оқыту психологиясы және оның психологиялық негіздері

**Оқыту психологиясы** – оқытудың жүйелілігі жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің дамуын зерттейтін педагогикалық психологияның бөлімі. Әртүрлі дидактикалық жүйе жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің өзгешелігіне себепші болатын сыртқы және ішкі факторлардың өзара байланысын анықтайды, баланың дамуы мен оқу үрдістерін басқару мүмкіндіктерін, оқыту мен оқудың психологиялық заңдылықтарын, оқыту тиімділігінің психологиялық-педагогикалық өлшемдерін зерттейді.

**Оқытудың психологиялық негіздері.** Оқыту мен дамудың өзара қарым-қатынасы барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Я. А. Коменскийдің еңбегінен бастап, оқытудың ғылыми негізін іздестіру бас-

талды, соның негізінде әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жасының даму процесіндегі өзгерістерін ескере отырып, дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған болатын.

Бұл мәселеге орыс педагогикасының негізін салушы К. Д. Ушинский де назар аударған. Ол өзінің «Адам тәрбие пәні» атты еңбегінде, баланың түрлі жас ерекшелігі кезеңіндегі негізгі психологиялық даму ерекшеліктерін айта отырып, баланы оқытудың ең күшті факторы оқыту мен тәрбиелеу деп жазды.

Оқыту мен тәрбиелеудің арақатынасы жөніндегі мәселе одан бергі уақытта да, өзектілігін жойған жоқ. Оны психология ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Л. С. Выготский де зерттей отырып,

оқыту мен дамудың арақатынасы мәселесін шешудің өзіндік тәсілдерін ұсынды:

- оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі процесс;

- оқыту кемелденуге негізделеді, оқыту мен даму процесінде пайда болатын мүмкіндіктерді пайдаланады;

- оқыту мен даму екі түрлі салыстырмалы процесс;

- оқыту дамудан кейін жүріп отыруы мүмкін, сонымен қатар дамуды алға жылжыта отырып, оның алдында болуы да мүмкін.

Баланы оқыту мен дамытудың арақатынасы мәселесінің шешімін түрлі зерттеушілер әртүрлі тәсілдермен іздестіреді:

- Д. Б. Эльконин мен В. В. Давыдов оқытудың мазмұнының өзгерісін іздестіру керек деп есептеді;

- Н. А. Менчинская, Д. И. Богрявленская, Е. А. Кабанова-Миллер білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру тиімділігі ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдерін жетілдірудің көмегімен арттыруға болады деп дәлелдеді;

- Б. Г. Ананьев, А. А. Люблинская оқытудың түрлі әдістерінің арту жағдайын зерттеуге мән береді;

- Л. В. Занков оқытудың дамытушылық әдістеріне ең бірінші, оқыту процесінің өзін жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады деп тұжырымдайды;

- П. Я. Гальперин, Н. Ф. Талызина баланың ой-өрісінің дамуына ақыл-ой әрекеттерінің кезеңді қалыптастырудың әсерін зерттеді;

- Т. В. Кудрявцев, А. М. Матюшкин оқытудың дамытушылық әсері педагогикалық әрекеттер мазмұнында проблемалы оқытудың ролін арттырғанда ғана артатынын дәлелдейді.

- Психологиялық және педагогикалық теорияларды қорытындылау негізінде, осы ұғымдардың әрқайсысы жөніндегі түсінік нақтылана түсті.

Жалпы қолданысқа төмендегі ұғымдар енгізілді:

- даму – бұл организмнің жүйке жүйесінің, психикасының, тұлғаның сандық және сапалық өзгерісі;

- оқыту – қоғамдық-тарихи тәжірибені мақсатты жеткізу, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруді ұйымдастыру процесі;

- Оқыту мен тәрбие беру мазмұны бойынша терең ұлттық, көпқырлы дәстүрі, ұлттық психологияны сипаттайды.

Тәрбиеленетін де, оқытылатын да адам абстрактілі емес. Ол барлық уақытта әдетте ұлттық сана мен өзіндік санасының, ұлттық танымының, сезімінің және еркінің ерекшелігін адамдардың басқа бір адамдармен өзара қатынастары мен қарым-қатынастарындағы ұлттық келбетінің идеялық ерекшеліктері тән болатын қандай да бір ұлттың өкілі. Ұлттық психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі бір ұстанымдарға негізделе отырып іске асырылады. Біріншіден, педагогикалық әсердің этноспецификалық детерминизм ұстанымы.

Екіншіден, ұлттық сана және ұлттық өзіндік педагогикалық іс-әрекеттердің бірлігі ұстанымы.

Үшіншіден, ұлттық идеалмен сәйкестігі нақты өмір мен еңбектің жағдайындағы педагогикалық әсердің ұстанымдарын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Төртіншіден, ұлттық бейімделген мүмкіндіктерді педагогикалық әсерде дамыту ұстанымы.

Оқыту процесі дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсатына жетуге қызмет ететін, біртұтас құрылымды жасайтын элементтер жиынтығын

құрайды. Жүйенің сипаттамасы мақсаттың, білім мазмұнының, дидактикалық процестердің, оқытудың әдістері, құралдары, формаларының және оның ұстанымдарының сипаттамаларын сәйкес. Дидактикалық тұжырымдамалардан үшеуін бөліп алу қажет: дәстүрлі, педоцентрлік және дидактиканың қазіргі жүйесі.

Оқытудың дәстүрлі жүйесіндегі басты рольді білім беру, мұғалімнің іс-әрекеті атқарады. Оны Я. А. Коменский, И. Песталоцци, И. Герbart секілді педагогтардың тұжырымдамасы және немістің классикалық гимназиясының дидактикасы құрайды.

Педоцентрлік тұжырымдамада оқытудағы басты роль оқуға баланың іс-әрекетіне беріледі. Бұл тәсілдің негізінде Д. Дьюидің жүйесі, Т. Кершенштейнердің еңбек мектебі, В. Лайдың XX ғасырдың басындағы педагогикадағы реформа кезеңінің теориясы жатыр. Г. Кершенштейнер халықтың «еңбек мектебі» баланы қазіргі мемлекеттің талабына үйрету және әлеуметтік шығу тегіне сәйкес алдағы кәсіби іс-әрекетке дайындауы керек деген ұғымына сәйкес «азаматтық тәрбие» тұжырымдамасын жасады. В. Лай тәрбие мен оқыту оқушыларға сырттай әсер ету мен олардың оған сурет, модельдеу, сызу, ән-күй, би сабақтары, түрлі ауызша және жазбаша жұмыстар мен жануарларды бағып-қағу түріндегі жауапты реакцияларының кезектесуі ретінде қарастырылуына сәйкестендірілген «әсер ету» формуласына негізделген «әрекеттегі педагогика» тұжырымдамасын ұсынды.

Қазіргі тандағы дидактикалық жүйе, екі жақтылы оқыту мен оқу – оқытудың іс-әрекетін құрайды, ал олардың дидактикалық қарым-қатынасы дидактика пәнін құрайды деген тұжырымдамадан негіз алады. Қазіргі тандағы дамыта оқыту теориясынан, психикалық

дамуға бағдарланған тұжырымдаманы (Л. В. Занков, З. И. Калмыкова, Е. Н. Кабанова-Миллер) және тұлғалық дамуды ескеретін тұжырымдаманы (Г. А. Цукерман, В. В. Давыдов, Д. Б. Эльконин, С. А. Смирнов) ерекше атауға болады.

Л. В. Занковтың тұжырымдамасы бойынша, оқыту жүйесінің негізін, өзара байланыстағы ұстанымдар құрайды:

- қиыншылықтың жоғарғы деңгейінде оқыту;
- бағдарламалық материалды оқытудың жоғарғы қарқындылығы;
- теориялық білімнің жетекші маңызды ролі;
- оқушылардың оқу процесін ұғынуы;
- барлық оқушыларды дамыту мақсатына бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

З. И. Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, тиімді өнімді және шығармашылықты ойды қалыптастыратын оқыту дамытуы болып есептеледі. Тиімді ойды оқып білім алудың негізі деп қарастыра отырып, З. И. Калмыкова тиімді ойлаудың ерекшеліктерінің сыртқы көрінісі – жаңа білімді өз бетінше игеру және оны іс-әрекетте қолдана білу деп біледі. Мұндай ойдың негізгі көрсеткіштері:

- ойдың жеке-даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі;
  - ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;
  - мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі;
  - ойдың жүйріктігі – кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны.
- З. И. Калмыкованың дәлелдеуі бойынша, дамудағы оқыту төмендегі дидактикалық ұстанымдарға бағдарланғанда жүзеге асуы мүмкін:
- а) оқытудың мәселелігі;

ә) оқытудың жекелігі және даралығы;

б) ойлаудың түрлі компоненттерінің (нақтылық және абстрактілі теориялық) үйлесімде дамуы;

в) ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру;

г) есте сақтау әрекеттерін арнайы ұйымдастыру.

Е. Н. Кабанова-Миллердің тұжырымдамасы, өзі оқу жұмысының тәсілдері деп атаған, ойлау операцияларын қалыптастырумен байланысты. Оқу жұмысының тәсілдеріне салыстыруды, қорытындылауды, себеп-салдар байланысын ашуды бақылауды, зерттеліп отырған құбылыстың сипаттамасын құрастыруды, ұғымның мәнді және мәнсіз белгілерін ажыратуды кіргізеді.

Е. Н. Кабанова-Миллердің тұжырымдамасындағы шарттары ретінде төмендегілер белгіленеді:

1. Оқытудың барлық қатары оқушыларда түрлі деңгейлерде толықтырылған оқу жұмысының тәсілдерін қалыптастыру идеясына сәйкестендірілуі керек;

2. Әрбір оқу пәнінде оқу жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы және оларды оқушыларда қалыптастыру маңызды;

3. Оқушылар жағынан өздерінің оқу әрекеттерін басқару тәсілдерін қалыптастыру қажет.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған тұжырымдамалар жалпы психиканы дамыту мақсатында оқушылардың психикалық қызметін (негізінен ойдың) дамытумен (Л. В. Занков), шығармашылық ойын дамытумен (З. И. Калмыкова) немесе ойлау операцияларын қалыптастырумен (Е. Н. Кабанова-Миллер) байланысты. Оқу әрекеттерін ұйымдастыруға бағдар ретінде оқушылардың жеке қасиеттерін дамыту тұжырымдамасы кең таралған.

Г. А. Цукерман тұжырымдамасына сәйкес, оқытудағы маңызды міндеттердің бірі – оқушыларды оқу ынты-

мақтастық дағдыларына оқыту. Оқу процесі мұғалім мен баланың ынтымақтастығы негізінде жасалады. Ол оқу бірлестігіндегі үш басты сипаттамаларды ажыратады:

– өзара әсердің симметриясыздығы (бала үлкен адамды қабылдамайды, ол өзіне қажетті білімді іздестіреді, ал мұғалім баланың ізденісін ретттеп, тиімдендіреді);

– баланың танымдық инициативасы;

– жаңа білімге нақты сұраныс жасау.

В. В. Давыдовтың Д. Б. Элькониннің тұжырымдамалары бойынша оқушыларды дамыта оқытудың негізінде теориялық білімді сараптау, жоспарлау және рефлексия арқылы меңгеру процесінде оқу әрекетін оның субъектінде қалыптастыру теориясы жатыр. В. В. Давыдовтың және Д. Б. Элькониннің тұлғаны дамыта оқыту тұжырымдамасы, бірінші оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Берілген шығармашылықтың әдістемесін бейнелейтін, С. А. Смирновтың тұжырымдамасында, педагогикалық процестің негізгі мақсаты ретінде, әлеуметтік тәжірибенің қарқынды жинақталуымен және баланы ішкі психологиялық тыныштық пен өз-өзіне деген сенімді қалыптастыру үйлесіміндегі қабілетін мүмкіндігінше дамытудың шарттарын жасау жағдайы қарастырылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, мұғалім әрекетіндегі үш бағыт ажыратылады:

– оқушының мұғаліммен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;

– сабақтарда жеке ойындарды және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ойын формаларын кеңінен пайдалану;

– оқушыларды шығармашылық әрекеттерге араластыру. Зерттеушілер оқытудың психикалық қызметін (қабылдау, тиімді есте сақтау, ойлау және ұғым қалыптастыру, теориялық толықтыру және ақыл-ой белсенділігін) дамытуға ерекше көңіл аударады.


## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Оқыту мен оқу ұғымдарының мәні неде?
2. Оқытудың мазмұны мен бағдарламасы неге сүйенеді?
3. «Адам тәрбие пәні» еңбегінің авторы кім?
4. Оқудың оқу іс-әрекетіне ауысуы үшін не қажет?
5. Оқыту психологиясы нені зерттейді?
6. Оқыту психологиясының психологиялық негіздері және зерттеген ғалымдардың тұжырымдарынан мысал келтір.

**№1 тапсырма.** Төменде сызбалық түрінде көрсетілген оқу іс-әрекетінің сыртқы құрылымының әр компоненттерін жете қарастыр.



**№2 тапсырма.** Төменде А. Маслоудың қажеттіліктер үшбұрышы келтірілген. Төменгі және жоғары деңгей қажеттіліктерін анықтап, кестені толтыр.



**№3 тапсырма.** Төменде берілген мәтінді пайдаланып, оқу әрекетінің түрлерін анықта және «Презентация» әдісінің көмегімен топқа ұсын.

### **Оқу әрекеттерінің түрлері**

Оқу әрекеттері түрлі көзқарас, түрлі позициялар тұрғысынан қарастырылуы мүмкін: субъектілік-іс-әрекеттік, пәндік – мақсаттық; іс-әрекет пәніне қатынас (негізгі немесе қосымша әрекет); ішкі немесе сыртқы әрекет; ішкі ақыл-ой, интеллектуалдық әрекеттердің психикалық процестер бойынша өзгешеленуі; өнімділіктің үстемдігі және т.б. Басқаша айтқанда, әрекеттің әртүрлілігінен жалпы және оқу іс-әрекетінің бар алуан түрлілігі бейнеленеді. Олардың негізгі түрлерін қарастырайық.

Оқытудағы іс-әрекет субъекті позициясынан ең алдымен, мақсатты ұйғару, бағдарлама жасау, жоспарлау әрекеттері, орындау әрекеті, бақылау әрекеті (өзіндік бақылау), бағалау (өзіндік бағалау) бөлінеді. Олардың әр қайсысы оқу іс-әрекетінің белгілі бір кезеңімен сәйкестендіріледі және оны жүзеге асырады. Осылайша, кез келген іс-әрекет, мысалы тапсырманы орындау, мәтінді жазу, шығару, мақсатты «не үшін», «қандай мақсатпен мен оны жасаймын» деген сұрақтарға жауап ретінде саналы түсінуден басталады. Бірақ сұрақты осылайша қою, жауаптарды табу және осы шешімге өз мінез-құлқын бағындыру әрекеттердің күрделі жиынтығы болып табылады. Мінез-құлық жоспары мен құрылымын қарастыра отырып, Ю. Галантер, Дж. Миллер, К. Прибрам мінез-құлықтың жалпы жоспарын өндірудің маңыздылығын атап көрсеткен, яғни мінез-құлықтық актілердің сипаты мен бірізділігін саналаудың белгілі бір ақыл-ой әрекеттерінің жиынтығын көрсеткен. Орындау әрекеттері мақсатты ұйғару, жоспарлау, бағдарлама жасау тәрізді ішкі әрекеттерді жүзеге асырудың мәні, сыртқы әрекеттер болып табылады. Іс-әрекет субъекті бір мезгілде оның процесі мен нәтижесін үнемі бағалау және салыстыру, түзе-

ту әрекеттері формасында бақылауды жүзеге асырып отырады. Оқушының бақылау және бағалау әрекеттері – мұғалімнің сыртқы интерпсихологиялық әрекеттеріне айналуына байланысты жеке қарастырылады.

Оқу іс-әрекетінің пәні позициясы тұрғысынан онда қайта түрленуші, зерттеуші әрекеттерге бөлінеді. Оқу іс-әрекеті терминдерінде (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, А. К. Маркова) оқу әрекеттері «меңгеру затының қасиеттерін ашу үшін баланың объектіні белсенді түрлендіруі» ретінде жасалады. Сонымен бірге, зерттеушілердің көрсетуі бойынша бұл әрекеттер екі түрде болуы мүмкін: «1) *жеке (ерекше) материалдағы жалпылама, генетикалық бастапқы қатынасты анықтау үшін оқу әрекеті және 2) бұрын анықталған жалпылама қатынастың нақтылық дәрежесін анықтау үшін оқу әрекеті*».

Теоретикалық білімдер оқу іс-әрекетінің пәні ретінде В. В. Давыдов бойынша мазмұнды жалпылауға бағытталған зерттеушілік қайта жаңғыртушы әрекеттер көмегімен меңгеріледі және оқушы үшін «қандай да бір тұтастың ортақ негізі бар ерекше және жекеленген құбылыстардың қажетті өзара байланысын, кейбір заңдылықтарын ашу, осы тұтастың қалыптасу заңдылығын, ішкі бірлігін ашу» тәсілі ретінде қызмет етеді.

Оқушының психикалық іс-әрекетіне арақатынаста жоғарыда көрсетілгендей, ойлау, перцептивті, мнемикалық әрекеттерді бөледі, яғни субъектінің ішкі психикалық іс-әрекетін құрайтын интеллектуалдық әрекеттер, олар өз кезегінде іс-әрекеттің (С. Л. Рубинштейн), қарастырып отырған жағдайда – оқу іс-әрекетінің ішкі «интегралдық бөлігі» болып табылады. Олардың әрқайсысы одан да ұсақ әрекеттерге ыдырап бөлінеді (белгілі бір жағдайда – операцияларға). Мысалы, ой әрекеттері (немесе

логикалық) ең алдымен салыстыру, талдау, синтез, абстракциялау, жалпылау, жіктеу және т.б. операцияларды қамтиды. Сонымен қатар, С. Л. Рубинштейн атап көрсеткендей, «... бұл операциялардың барлығы ойлаудың негізгі операциясының жақтары болып табылады – «жанамалау», яғни неғұрлым мәнді объективті байланыстармен қатынастарды ашу. С. Л. Рубинштейн атап көрсетеді: «ойлау үрдісі саналы түрде реттелетін интеллектуалдық операциялар жүйесі ретінде жүзеге асады. Ойлау осы үрдіс кезінде пайда болған әр ойды, соны шешу үшін бағытталған міндетпен, оның шарттарымен теңестіреді, салыстырады. Осылайша, жасалатын **тексеру, сын, қадағалау** ойлауды **саналы процесс** ретінде сипаттайды». Ойлаудың іс-әрекетінің және соның ішінде оқу іс-әрекетінің ішкі жағы ретіндегі сипаттамасы мақсатты болжау, бағдарламалау, бақылау сияқты әрекеттердің маңыздылығын тағы да бір көрсетеді.

Ойлау әрекеттерімен қатар, оқу әрекеттерінде перцептивтік және мнемикалық әрекеттер мен операциялар жүзеге асырылады. Перцептивтік әрекеттер тануды, сәйкестендіруді және т.б. қамтиды, ал мнемикалық әрекеттер – әсер қалдыруды, ақпаратты сүзуді, оның құрылымдануын, сақталуын, өзектендірілуін және т.б. қамтиды. Басқаша айтқанда, интеллектуалдық әрекетті ұйғаратын әр күрделі оқу әрекеті көбінесе, бөлінбейтін перцептивтік, мнемикалық және ой операцияларының өте көп мөлшерінің араласуын білдіреді. Олардың оқу әрекеттерінің жалпы тобынан бөлектенбеуіне қарай, мұғалім кейде оқушының оқу міндетін орындаудағы қиналу сипатын нақты диагностикалай алмайды.

Оқу іс-әрекетінде сондай-ақ қайта жаңғырту және өнімді әрекеттер бөлінеді (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов,

А. К. Маркова, Л. Л. Гурова, О. К. Тихомиров, Э. Д. Телегина, В. В. Гагай және т.б.). Қайта жаңғырту әрекеттерге ең алдымен атқарушы, қайта өндіруші әрекеттер жатады. Егер аналитикалық, синтетикалық, бақылау-бағалау және басқа әрекеттер берілген критерийлер, бірсарынды тәсілдер бойынша жүзеге асырылса, онда олар қайта жаңғыртушы. Өз бетінше қалыптастырған критерийлер бойынша жүзеге асырылатын мақсат құру, қайта түрлендіру, жаңадан жасау, сонымен қатар бақылау, бағалау, анализ-синтез әрекеттері продуктивті әрекеттер ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, оқу іс-әрекетінде өнімділік және қайта жаңғыртушылық критерийлері бойынша әрекеттердің үш тобы бөлінуі мүмкін. Функционалды тағайындалуы бойынша берілген параметрлер, берілген тәсілдер бойынша орындалатын әрекеттер үнемі репродуктивті, мысалы, атқарушы әрекеттер; жаңа нәрсені қалыптастыруға бағытталған әрекеттер, мысалы мақсат құру, өнімді әрекеттер болып табылады. Аралық топты шарттарына байланысты екі жақта да бола алатын әрекеттер құрайды (мысалы, бақылау әрекеті).

Көптеген оқу әрекеттерінің қайта жаңғыртушылығы мен өнімділігі олардың қалай орындалуы бойынша анықталады: а) мұғалім берген бағдарлама, критерий бойынша немесе бұрын таңдап алынған, біркелкіленген, стереотипизацияланған тәсілдер бойынша; ә) өз бетінше қалыптастырылған критерийлер, өз бағдарламалары бойынша немесе жаңа тәсілдер, құралдардың жаңа сәйкестілігі бойынша. Әрекеттердің өнімділігін есептеу дегеніміз оқудың өзінің ішінде мақсатты белсенділік ретінде немесе оқу іс-әрекеттің жетекші түрі ретінде (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов) мұғалім басқаратын оқушылардың оқу әрекеттерінің өнім-

ділігі мен қайта жаңғыртушылық түрлі арақатынасының бағдарламасы жасалуы мүмкін.

Оқу іс-әрекетіне енетін әрекеттер мен операциялардың талдауы оны иге-

руді басқарудың көп объектілі кеңістігі ретінде көруге мүмкіндік береді, бұл жерде объектілердің әрқайсысы оқушы үшін өз бетінше игеру мен бақылаудың заты ретінде болады.

### Әдебиеттер:

1. Возрастная и педагогическая психология /Под ред. А. В. Петровского. – М., 1979.
2. Гинецинский В. И. Основы теоретической педагогики. – СПб., 1992.
3. Каптерев П. Ф. Дидактические очерки. Теория образования // Избранные педагогические сочинения. – М., 1982.
4. Крутецкий В. А. Основы педагогической психологии. – М., 1972.
5. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 3 / Под ред. М. В. Гамезо. – М., 1982. Гл. XX.
6. Никольская А. А. Возрастная и педагогическая психология дореволюционной России. – М., 1995.
7. Петровский А. В., Ярошевский М. Г. История и теория психологии. – М., 1996. 1 т.
8. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 1995.
9. Талызина Н. Ф. Педагогическая психология. – М., 1998.

## 3-тарау. Тәрбие психологиясының басты міндеттері

### Жоспар:

- 3.1. Тәрбие ұғымы, тәрбие психологиясының басты міндеттері.
- 3.2. Тәрбие психологиясының қарастыратын мәселелері.
- 3.3. Тәрбие ісінде қолданылатын тәсілдер мен әдістер.
- 3.4. Еңбектің тәрбиелік мәні – дұрыс мамандық таңдау.

### 3.1. Тәрбие ұғымы, тәрбие психологиясының басты міндеттері

Тәрбие беру (оқыту, оқытумен қатар немесе одан тыс процестер барысында) адамды (қоғамның адам дамуының әрбір берілген тарихи кезеңінде әлеуметтік маңызды, позитивті құндылықтар ретінде қарастырылатын) белгілі құндылықтарға бағыттау, өзін-өзі ұстау принциптерін, баға беру жүйесін, өзіне, басқа адамдарға, еңбекке, қоғамға, жалпы әлемге көзқарасын қалыптастыру мақсатында мақсатты бағытталған ықпал деп түсініледі (А. Ф. Лазурский, В. Н. Мясичев)<sup>1</sup>. Тәрбие беру талдамалы және педагогикалық мақсаттарда ол адамгершіліктік, эстетикалық, еңбектік, физикалық және т.б. деп жеке тұрғыдан қарастырылғанына қарамастан, жалпы барлық білім беруші ортаның тұтас ықпалы ретінде қарастырылады.

Оқыту мен тәрбие беру процестерінің осылайша түсінілетін өзара байланысы, кемінен төрт түрлі бола алады:

1. Тәрбие беру оқыту процесінде жүзеге асырылатын, оқытудан ажыратылмайтын процесс (мазмұны, нысаны, оқыту құралы арқылы). Бұл дәл осы екі процестің арасындағы,

былайша айтқанда бір-біріне қосылатын қатынастар. «Оқыта отырып, біз тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып, біз оқытамыз», – деп С. Л. Рубинштейн атап өткен. Осындай түрде тәрбие беру оқу процесіне кіреді, бұл жағдайда ол тәрбиелеуші оқыту ретінде анықталады. Осы тұрғыдан ол басымдырақ тартып, педагогикалық психологиямен қарастырылады.

2. Тәрбие беру белгілі бір жүйе мен мекеменің білім беру процесінде және оқытудан тыс, оған қатарласа (үйірмелер, қоғамдық жұмыс, еңбекке тәрбиелеу) жүзеге асырылады.

3. Бұл жерде оқытудың барлық тиімділігі нығайтылуы тиіс және оқыту өз кезегінде тәрбие беруге ықпал етуі тиіс.

4. Тәрбие беру білім беру процесінен тыс (бірақ оның ортақ мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес) отбасында, еңбек ұжымы, топта, қауымдастықта жүзеге асырылады, бұл жерлерде оқыту мен үйрету өз бетінше жүруі де мүмкін.

5. Тәрбие беру өз бетінше, ал кейбір кезде мақсатты бағытталған оқыту мен үйретумен ілесіп басқа да меке-

<sup>1</sup> Тәрбие берудің осы түсініктемесін Э. Дюркгеймнің анықтамасымен салыстырайық: «Тәрбие беру – алдыңғы ұрпақтың әлі қоғамдық өмірге дайын емес кіші ұрпаққа беретін ықпалы. Тәрбие берудің мақсаты – баладан жалпы саяси ұйымдастырылған қоғам мен оның болашақта өмір сүретін арнайы ортасының талап ететін белгілі бір физикалық, интеллектуалдық және адамгершіліктік сапалар жинағын құру және дамыту» [70, 17 б.].

мелер мен (білім беруші емес), қауымдастықтарда жүзеге асырылады (клубтар, дискотека, компаниялар және т.б.). Үлкендер мен құрдастарының тәрбие берудің осындай өмірдің қатаң шындығынан туған әсері көбінесе шешуші болып шығады.

Әрине, тәрбие берудің оқыту процесіне қарасты соңғы үш түрі педагогикалық психологиямен ғана емес психология мен педагогиканың арнайы бөлімінде қарастырылуы қажет. Педагогикалық психология үшін тәрбие беру оқыту процесіне оның мазмұны, түрі мен әдістері арқылы үйлесімді өз орынын алуы қажет. Зерттеу пәнінің келтірілген анықтамасы мен жоғарыда қарастырылған көзқарастар тұрғысынан педагогикалық психологияның құрылымына:

1) білім беруші қызметтің психологиясы (оқу және педагогикалық қызметтің бірлестігі ретінде);

2) оқу қызметінің және оның субъекті – оқушының психологиясы (оқушы, студент);

3) педагогикалық қызметтің (білім беруші және тәрбиелеуші әсердің бірлестігі) және оның субъекті (мұғалім, оқытушы) психологиясы;

4) оқу-педагогикалық еңбектестік және қарым-қатынас психологиясы кіреді.

Аталған құрылым педагогикалық психологияның зерттеу аумағын кеңейтіп отырғаны анық, соның өзінде ол 3 тармақта дәстүрлі болып қалып отыр (оқыту, тәрбие беру, мұғалім). Қазіргі уақытта педагогикалық психология жоғары мектеп психологиясы (жоғары білімнің) (Н. В. Кузьмина, М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович, А. В. Петровский, С. Д. Смирнов) және мектепте оқытудың педагогикалық психологиясы болып бөлінуі көп кездеседі, оған дәстүрлі осы саладағы жұмыстар кіреді.

1. *Тәрбие* деп үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсерін айтады. Тәрбиенің өзі неше түрлі саладан, айталық, моральдық, интеллектуалдық, эстетикалық және еңбекке үйретуден, дене шынықтырудан құрастырылады. Тәрбиенің осы түрлері ерте дәуірлерден басталынып келеді. Аталған салалардың жасөспірімдердің есеюіне тигізетін әсері күшті болғанымен, «тәрбие» деген терминді түсінуде ғалымдар арасында түрлі пікірлер кездеседі: бірінші пікір бойынша, баланың басы «таза тақта». Сондықтан оның көкейіне не жазам десең, соны жазуға болады. Баланың келешекте кім болатынын түгелдей тәрбиеші шешеді. Тәрбиеші баладан келешекте қандай адам жасап шығарғысы келсе, бәрі қолынан келеді.

Екінші пікір бойынша, баланың көкейіне не болса, соның бәрін жазуға болады. Біреуді біреу тәрбиелей алмайды, әркім өзін-өзі тәрбиелеп, азамат қатарына жете алады. Соңғы пікір мына сияқты дәлелге сүйенеді: ешкім баланың басына өсиеттерді енгізіп, оның лұқсатынсыз, ісін, қылығын сол өсиеттерге бағындыра алмайды. Бала үлкендерді тыңдағысы келсе, тыңдайды, тыңдағысы келмесе, тыңдамайды, өз еркі дәлелдің бұл түрі орынды сияқты. Себебі тәрбиеші баламен тіл табысып, жақын қатынаста бола алса, онда баланы өзінің сөзіне көндіріп, біразға дейін жетелеп, оны тәрбиелеуде едәуір дәрежеге жете алады. Біз осы пікірдің әрқайсысына тән қолайлы жағын алып, тәрбиеге ұмтылатын баланың өзі, оның келісімінсіз бұл салада нәтижеге жетуге болмайтынын мойындай отырып, егер баланың «кілтін» тауып алса, онда тәрбие саласында үлкен нәтижеге жете алады дейміз. Осыған қарағанда тәрбиенің ең негізгі мәселесі баламен әңгімені қандай тақырыпта жүргізуде емес, онымен байланысудың «кілтін» тауып, тіл алдыра білуде.

Ал тіл алу не алмау неге байланысты? Баланың тіл алуы мынадай екі түрлі себептерге: біріншіден, балаға айтылған кеңестің мазмұнына, екіншіден, сол кеңеске ол қаншалықты құлақ асатынына тәуелді келеді. Мұны С. Л. Рубинштейн детерминизм деп атаған болатын. Бұл принцип бойынша, баланың тәрбиеге көніп тіл алуы тек үлкендердің өсиетіне ғана байланысты емес, сол кездегі оның көңіл күйіне де тәуелді. Егер тәрбиеші балаға ұсыныс жасап, бәлендей тапсырманы орындау туралы қанша дәлел келтіргенімен, осыған оның көңілі болмаса немесе қасақаналықпен орындағысы келмесе, онда сол сөздерден нәтиже шықпайды.

Сонымен, балаға тіл алдыру – қиын мәселенің бірі. Бала қайткенде тіл алатынын зерттеп, осы жөнінде тәсіл ойлап шығаратын – тәрбие педагогикасы. Бірақ тәл алудың не алмаудың психологиялық тұрғыдан себептерін зерттеп, осы жөнінде ұсыныстар енгізіп отыратын – тәрбие психологиясы туралы ілім. Бұл мәселе оңай емес және оның кзіндік ерекшеліктері кездеседі. Тәрбие психологиясы сол ерекшеліктерді қандай тәсіл қолданғанда кеңес пен ескертпені жете ұғынып, өзінің ішкі ниетіне айналатынын тексеріп, тәрбие жұмысының қазіргі өскелең талабына сай тәжірибенің өріс алуына көмектеседі. Тәрбие психологиясы жаңағы детерминизм принципін басшылыққа ала отырып, оны тәрбие процесін дәлелдеуде қолданады. Мысалы, үлкендер тарапынан оқушыға арнап айтатын сөз

оның тәрбиеге көнуіне себеп болса, ол оның ішкі ниетіне айналып, соған сәйкес барлық ісін, қылығын, т.б. бағындырады. Ал мұның өзі соның нәтижесі болып табылады. Сондықтан тәрбие жұмысын зерттеуде психологтар әр себептің қандай нәтижеге апарып соғатынын тексеріп, осының өзіндік сырларын ашып беруге ұмтылады.

Ал кеңестер мен ескертпелердің баланың тәрбиеленуіне әсер ете алуы неге байланысты? Бұның себебі айтылатын сөздер мазмұнының тереңдігінде жатыр. Бірақ күнделікті сөздердің бәрі бірдей балаға ықпалын тигізе алмайды. Мұны айтылатын мәністің оқушының, сол кездегі жағдайы мен көңіл күйімен санаса отырып, соған сәйкестендіріп, айта білмеуден кездеседі. Осыдан шығатын қорытынды тәрбиелеуге не қайта тәрбиелеуге көнбейтін баланың ішінде ешқандай сыр жоқ. Сондықтан тәрбиеге көңісі келмеген кейбір балаларға «қиын» деп ат беру – қате. Мұндай бала кездескен жағдайда да бұл – сол баланың кемшілігі емес, әлеумет ортасының кемшілігі.

Бұл айтылатын мәселелер тәрбие жұмысын толық қамти алмайды. Себебі оқушыға тіл алдырудан басқа, оның азаматтық қасиетін және осыған орай, әдептілігі мен сыпайылығын, интеллектуалдық сапасын, эстетикалық талғамын дамыту қажет. Осыған қарағанда «тәрбие» деген ұғым бір жағдайда кең мағынада, екінші жағдайда тар мағынада, яғни тіл алдыру, тәртіп сақтау мағынасында айтылады.

### 3.2. Тәрбие психологиясының қарастыратын мәселелері

Тәрбие ісі – «ой шұңқыры», қыры мен сыры мол, неше түрлі тәсіл, әдістерді қажет ететін аса күрделі процесс. Бұл жерде, осы айтылғанның бір жағына, яғни тәрбие әдістерінің бірі – тәрбиеленушілерге талап қоя білу, оның нәтижесін қадағалап отыру мәселесі-

не тоқталмақпыз. Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады. Сондықтан балаға кішкентай кезінен бастап шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап

отырмаса, жасөскінді жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіне білуге машықтандыру қиын. Талап қою, міндет жүктеу бала мектепке барғаннан кейін ерекше мәнге ие болады. Мұнсыз оқудың, оны миға тоқудың өзі мүмкін емес. Мәселен, жеті жасар бала мұғалімнің үйге берген тапсырмаларын орындап тұруға біртіндеп машықтануы қажет, ұстаздың талап-тілектерін орындау оқушы үшін – заң. Оқушыға міндет алу, тәрбиешінің талабын мүлтіксіз орында шығу үлкен жауапты әрі жанды жадырататын іс. Бұл жәйт шәкірттің психикасына зор салмақ салып, бала психологиясын күрт өзгертуге себепші болады. Өйткені мектепке дейінгі тәрбиеде шын мәніндегі талап қоюшылық, міндет алушылық болмайды, белгілі міндет жүктеу, белгілі талап, ережелерді орындатқызу – мектеп режимінің бұлжымас заңы. Балаға талап қоюдың түрлі жолдарын шәкірттің жеке-дара, жас, жыныс және ұлттық ерекшеліктеріне қарап, әркез нақтылы жағдайға орай үнемі түрлендіріп отыру қажет.

Мәселен, шәкіртке қойылатын талаптың қарапайым түрі, оған өз міндеті туралы жайлап ескерту болса, ал мұның жоғары түрі кесімді түрде бұйыру. Адамға талап қою – оны бір нәрседен сақтандыру, тыйым салу түрінде де қолданылады. Дұрыс талап қоя білудің тиімділігі, тәрбиелік мәні ұстаздың байсалды, байып тылығына да байланысты. Адамға талап қоя білу – үлкен өнер. Оқушыларға жөндеп талап қоя алмайтын, қойса да оны орындауды аяғына дейін қадағаламайтын, тіпті оған қалай болса солай қарайтын мұғалімдер де кездеседі. Осындай мұғалімнің сынып ұжымын ынтымақтыққа, бірауыздылыққа тәрбиелей алуы қиын. Шәкіртке дұрыс талап қоя білумен қатар, оның іс-әрекетін оқтын-оқтын қадағалап отыру да қажет. Бақылау жүргізу оқушының іске жау-

апкершілігін арттырады, өзіне деген сенімін күшейтеді, іс-әрекетінің қоғамдық маңызын аңғара білуге, сөз бен істің арасындағы алшақтықты біртіндеп жойып отыруға мүмкіншілік береді. Оқушыларға талап қоюмен олардың іс-әрекетіне бақылау жүргізуде мына төмендегілерді ескеріп отырған абзал. Біріншіден, әр уақытта орындалуы күмәнсіз нәрселерге ғана нақты талап қойылуы қажет. Кісіге ауыр талап қою, сондай-ақ оның шамасы келетін-келмейтінін ескермеу жақсы нәтиже бермейді.

Сондықтан талап дәл, анық, нақтылы келіп, одан қайшы пікірлер орын алмауы тиіс. Екіншіден, ол өте қысқа, ықшам сөздермен тұжырымдалып, оның орындалу жолын шәкірт жақсы түсінсе ғана нәтижелі болып орындалады, үшіншіден, талап барынша байсалдылықпен, оқушының ар-ожданын сыйлау жағдайында қойылғаны жөн. Ең негізгісі – оның орындалғаны жөнінде адамнан есеп алуды ұмытып кетпеу керек. Осы айтылғандарды ретіне қарай жүзеге асырып отыру тәлімгерлік шеберлікпен, ұстаздық тактіні қажет етеді. Шәкірт тәрбиесінде кісінің қол жеткен табыстарын уақытында көре біліп, оны ретімен мадақтап отырудың да маңызы зор. Мұның ең қарапайым түрі – мақұлдау. Егер шәкірттің іс-әрекеті әркез мақұлданып отырса, ол еңбек етуге онан сайын ынталана түседі. Мәселен, «бәрекелде», «дұрыс», «жақсы», «тамаша», «мынауыңнан нәтиже шығады», т.б. осы секілді сөздер оның жігеріне жігер қосып, үлкен демеу болады. Оқушының әрбір ісіне әділ баға беріп отыру ұстаздың беделін онан сайын арттыра түседі. Шәкірттерді айқай-ұйқаймен басқарғысы келетін мұғалімдер көп сөйлейді, кісіні ығыр қылатын сөзді шәкірт жаратпайды, ол «ұстазының» қай сөзін тыңдарын білмей, басы қатады. Ұстаз шәкірттің теріс

істері мен қылықтарын дер кезінде көре біліп, ретті жерінде оған түрлі жазалау шараларын да қолданып отырғаны дұрыс. Жазалаудағы негізгі мақсат – теріс жолға түскен баланы қайтадан жақсы қасиеттерге бой ұсындыру. Мұның мәні де осында. Жазалауды да мадақтау сияқты аса ептілік, ерекше байсалдылықпен пайдалану қажет. Тіпті, төменгі сынып оқушыларының да өздерінің тәртіпсіз істерінен ұялатын, жапа шегіп, қалаланатын кездері болады. Адамның кінәсі үшін әділ жазалау кісіні қатты ойландырып, бұл оның мінез-құлқын түзете бастауға себепші болады.

Шәкірт нақты кінәсіне сәйкес жазаланғанда ғана босқа зәбірленбей, қолайлы көңіл күйін басынан кешіреді. Егер ол теріс жазғырылса, бұл оның тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Егер мұндай жағдай қайталана берсе, ол әділеттік, шындық деген ұғымға жөнді мән бермейтін, тіпті пысықырып та қарамайтын болады. Орынсыз жаза оны ашушаң, ызақор, кекшіл, қасарыспа, не қорқақ, жігерсіз, әр нәрсеге селсоқ қарайтын күйге түсіруі де мүмкін. Кейде оқушының теріс қылықтарын көре-тұра оны жазаламаудың да кесір-кесапаты аз болмайды. Шәкірт оқыс қылықтарды кейде әдейі жасамай, оны балалығымен, білместік, аңғарымсыздығынан да жасайды. Ал енді бір оқушы мұны орынсыз батылдығы мен сотқарлығына, қасарыспалығына қарай істейді. Мәселен, бір

бала терезенің желдеткішін ашамын деп оның әйнегін сындырып алса, екінші бала оны жолдасымен алысып жүріп сындырады. Бұл жерде, осы екі балаға бірдей шара қолдануға болмайтыны белгілі. Өйткені екеуінің кінәсі екі түрлі, сондықтан екеуіне екі түрлі жаза ойлап табу қажет.

Шара қолдану мәселенің түпкі себебін іздеуден басталуы қажет. Өйткені әр уақытта да себепсіз ештеңе болмайды. Сондай-ақ, кісінің теріс қылықтарын айыптап, тиісті жаза қолданып отыру белгілі талаптарға сәйкес жүрізілуі тиіс. Бұлардың кейбірі мына төмендегілер: біріншіден, жазалау әр уақытта әділ, адамның кінәсіне лайықталып берілуі қажет. Екіншіден, жаза әр уақытта оқушы санасында із қалдырып, оны жақсы жолға итермелейтіндей етіп берілетін болсын. Үшіншіден, жаза жеңіл түрден ауырға қарай, әр бұзақылықтың өзіндік ерекшелігіне қарай қолданылуы қажет. Төртіншіден, шәкірттің теріс қылығының ақ-қарасы нақты тексеріліп, оның бұрыннан белгілі ерекшеліктері (білімі, қабілеті, жалпы мінез-құлқы, т.б.) ескеріліп отырылсын. Бесіншіден, мұғалім бұл шараны аса байсалдылықпен, оның жеке басын тәлкек етпейтін (ондай жағдайлар да кездесіп отырады) түрде ұйымдастырылғаны абзал.

Тәрбие тәсілдері мен тетіктерінің осы айтылғаннан басқа да сан алуан түрлері болатыны – әркез ұстаз бен шәкірттің есінде болуы тиіс.

### 3.3. Тәрбие ісінде қолданылатын тәсілдер мен әдістер

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жар таңдап, отау құру, сөйтіп жұрт қатарына енуімен өзектесіп жататын мәселенің бірі – мамандық таңдау. Соңғы кезекті жүргізілген зерттеулер (анкета,

сұхбат, т.б.) жастардың мамандық таңдау білуге байланысты ой-пікірлері мен тебіреніс-толғаныстарында бұл мәселенің қоғамдық-әлеуметтік жағынан гөрі жеке бас мүддесіне көбірек қа-

тыстылығы байқалып жүр. Әрине, бұл қазіргі нарық экономикасына көшу кезіндегі өтпелі кезең тудырған жәйт болса керек. Жеке мүдде қазіргі кезде ел-жұрт психологиясына елеулі әсер етіп тұрған фактор екендігі белгілі. Заман талабы жастардың тек мал шаруашылығы, өндіріс, құрылыс маманы ғана болмай, сауда, алыс-беріс, бизнес ісіне де көптеп мамандануын қажет етіп отыр.

Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Әр адамның бірнеше кәсіппен айналысуға қабілеті болғанымен, соның біреуіне ынтасы ерекше ауады. Өйткені әр кәсіпке қажетті қабілеттілік деңгейі түрлі дәрежеде болады. Мәселен, ұшқыштық қабілет тек ұшу немесе оған жаттығу кезінде емес, спорт ойындары кезінде, математикалық қабілет шахмат ойыны үстінде қалыптаса бастауы мүмкін. Мамандықтың белгілі бір түріне бағыт-бағдар беру – кәсіптік бейімделу, (адаптация) мәселесіне келіп тіреледі. Бұл жөнінде өткен тарауда азды-көпті айтылды. Мәселен, өндіріске жаңадан келгендерге тәжірибелі жұмыскерлер алғашқы кезде көбірек көңіл бөліп, олардың әрқайсысына қамқорлық көрсетіп, жұмыстағы кемшілік-олқылықтарын түзеп, қабілеттерін сүйеп, демеп отырады. Бұл жәйт жас адамның өмір жолын дұрыс таңдай алуына, өз мүмкіндігіне сенімін нығайтып, бекіте түседі. Кәсіпке бейімдеудің сан алуан жолдары мен әдістері бар. Солардың ішінде «Жұмысшы қатарына қабылдау», «Өмірге жұмысшы жолдамасын беру», т.б. салт-дәстүрлердің маңызы ерекше.

Кәсіпке бейімделу элементтері мектептегі оқу-тәрбие процесінде де жүргізілсе құба-құп. Мәселен, сабақ үстінде, әртүрлі үйірме жұмыстары кезін-

де шәкірттерді практикалық мәні бар қызметпен жәй таныстырып қоймай, оларды бұл іске тікелей араластырған абзал. [Жазушы мамандық таңдауға ерекше көңіл бөлетін әрбір жас өскен мектепте оқып жүрген кездерінің өзінде-ақ бұл жөнінде жазылған әдебиеттермен танысып отыруды ойластырады. Бұл жерде оған мамандық таңдау психология жайлы жазылған кітаптар көп көмек көрсетеді. Мұндай басылымдарда – жастарды кәсіптік бағдар, оларды жеке икемділіктеріне қарай іріктеу, тиісті кеңестер беру, әртүрлі мамандықтарды психологиялық жағынан сипаттау, бұлардың профессиограммасын жасау, әр жастағы адамдардың еңбектің түр-түріне қабілеттіліктерін ажырату, еңбек экспертизасының мәселелері қарастырылады. Мұнда сондай-ақ әртүрлі мамандыққа қажетті білім жүйесі мен дағды, икемділіктердің қалыптасу жолы, жұмыс үстінде түрлі бақытсыз жағдайға душар болмаудың профилактикасы, адамның еңбек үстіндегі қолайлы көңіл күйінің бірқалыпты болуын қамтамасыз ету мәселелері, еңбек ұжымдарындағы жарасты моральдық-психологиялық ахуалдың қалыптасу факторлары жұмыс үстіндегі шаршау мен болдыруға қарсы күрес, техникалық құралдарды гуманизациялау (өндірістік эстетика), мастерлер мен ұстаздардың, инженер-техниктердің психологиялық білімдерін жетілдіру, т.б. мәселелері жайлы сөз қозғалады. Мәселен, оның психологиялық профессиография дейтін бөлімінде адамның мамандыққа қажетті ерекшеліктері профессиограммаға (түрлі мамандыққа қажетті, талаптардың сипаттамасы) түсіріледі. Психологиялық профессиограмма (психограмма) – мамандықтың бір түрінің адам психикасына қоятын талап-тілегінің жинақ мәліметі. Іс-әрекеттің әр саласына тән өзіндік профессиограммалары болады.

Оларға техника (мамандықтың технологиялық аспектілерін сипаттау), экономика (экономикалық мәнін сипаттау), социология, педагогика, медицина, т.б. профессиограммаларын жатқызуға болады. Профессиологияның айналысатын мәселелерінің келесі бір саласы – кәсіби бағдарлау. Бұл мамандықты дұрыс таңдап алмау жағдайынан туатын қателіктердің алдын алып, болдырмау жағына бағытталған еңбек экспертизасы.

Кәсіби бағдардың (профориентация) мынадай түрлері бар:

- а) кәсіби сауат ашу;
- ә) кәсіби насихат;
- б) кәсіби адаптация (төселу);
- в) кәсіби ақыл-кеңес беру (консультация), кәсіби іріктеу (подбор).

«Кәсіби консультация» – түрлі мамандықтың өзіндік ерекшеліктері жайлы түсінігі кем немесе саяз жастарға практикалық ақыл-кеңес беріп, жөн-жосық көрсету. Кәсіби бағдардың бұл түрінде адам тәнінің, сондай-ақ жан дүниесінің өзіндік ерекшеліктері (көргіштік, естігіштік, заттарды бір-бірінен тез айыра алу секілді арнаулы психикалық қабілеттер, т.б.), яғни тиісті мамандыққа қажетті медициналық, психо-

логиялық талаптар туралы ақыл-кеңес беріліп, осы мамандыққа қоғамның зәрулігі, кейіннен жұмысқа орналасу мәселелері сөз болады. Мұндай консультацияны арнаулы мекемелер, сондай-ақ мектептегі мұғалімдер мен психолог мамандар жүргізіп отырады.

*Кәсіби жарамдылық дегеніміз* – адамның еңбектің белгілі бір түріне жарамдылығын көрсететін психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерінің, оған қажетті тиісті білім, дағды, икемділіктердің жиынтығы. Кәсіби жарамдылықты ажыратуда диагностикалық тест әдісімен адамдардың мамандық таңдауда қандай түрткілері (мотивтер) болатындығы, олардың мән-мәнісі зерттеледі.

«Кәсіби іріктеуде» жасөскіннің белгілі мамандыққа жарамды-жарамсыздығы арнаулы процедуралар арқылы тексеріледі. Мұнда адам медициналық, физиологиялық, психологиялық кешенді тексеруден өтеді.

«Кәсіби адаптация» – бұл жұмысқа жаңа түскен адамның өз ортасына біртіндеп төселіп, бейімделуі. Төселудің алғашқы кезеңі өндірістік практика кезінде, негізгі жағы нақты жұмыс үстінде жүзеге асады.

### 3.4. Еңбектің тәрбиелік мәні – дұрыс мамандық таңдау

Мамандық таңдауда қазақ жастары Ж. Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты еңбегінен де жақсы ақыл-кеңестер алуына болады. Автор мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жәй күнелту, тамақ, асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе дейді. «Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек.

Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ... әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді: неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оңалмақ».

Ғалым қазақ жастарына егін салу, сауда-саттықты үйрен, денсаулығыңды күт, шаруа-тұрмысыңды түзет, газет-журнал, кітап оқуға машықтан, өне-

гелі, зиялы, алуан өнерді білетін кісі болуға тырыс дей отыра: «Жұрттың бәрі әкім, комиссар болғанда осынша қызметті істеуші кім болмақ?» – дейді, кейбір жастардың әкімшілік, заң, сот жұмыстарына шектен тыс әуес болатындығын, бұлардың қызметтің осы саласына қызығуы өнері тасығаннан туып отырмағанын, бұл бір жұқпалы дерт сияқты нәрсе екенін, халқымыздың «бәрің бірдей қойшы болсаң – құл боларсың, бәрің бірдей тойшы болсаң – жын боларсың» деген аталы сөзіне негіздей келе, жеріне жеткізе айтып кетеді.

Қазіргі кездегі қазақ елінің тыныс-тіршілігін, салт-санасын жаңарту жолында әрекет етіп жүрген жастарға Ж. Аймауытовтың мына ойлы сөздері де ерекше маңызды: «Оқыған азаматтың қызметке тұрлаусыздығы, білімі аз, шалалығы, боямалылығы, еліктегіш, мансапқорлығы, кеңсешілдігі, пайдакүнемдігі, негізгі мақсат, мұраты жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы – осының бәрі шын әлеумет қызметкерінің піспеген, шынықпағандығын көрсетеді». Қазірде де біздің арамызда мұндайлар аз ба? Әсіресе нарықтық экономикаға араласуды желеу етіп, тек табыс табуды ғана ойлап, ақша қуып кеткен кейбір жастар қоғам, әлеумет, халыққа қызмет істеу мәселелерін естерінен шығарып, имандылық пен

адамгершілікке жат, келеңсіз қылықтар жасап жүр. Бұдан әрі ғалым мамандық таңдауда кісінің жеке қасиеттері мен кейбір тумыстан берілетін ерекшеліктерін ескеру қажеттігін, бұл жерде әр кісі өзін-өзі басқарып, өзін жетілдіре түсуге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән беруін, яғни өзінде қандай талант, қандай зеректік, қандай бейімділік, бір сөзбен айтқанда, қандай қабілет бар екендігін білуі қажеттігін ескертеді, өйткені «өзін-өзі танымаған, өзгені тануға да шорқақ болады» дегендей небір тамаша ақыл-кеңес берген еді.


Қазіргі жастар тәрбиенің сыңар объектісі емес, олар өз өмір жолын заман талабына орайластыра құруға қабілеті жететін, шығармашылық істің өкілдері. Олар нарықтық қатынастарға өтудің небір сүйініш-күйініштеріне ересек адамдармен бірге тізе бүгіп, мұны өз бастарынан кешіруде. Бұл жәйт оларды бұрынғыдан гөрі ертерек есейте түсуде. Бірақ та, қоғамдағы әртүрлі проблемаларды жеңе білуде жастарға аға ұрпақтың көмегі мен ақыл-кеңестері әлде де бұрынғыша қажет бола бермек. Сондықтан қазіргі бозбалалар мен бойжеткендердің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың ұмтылыс талап-тілектерін үнемі демеп отыру – үйдегі, түздегі тәлімгерлердің абыройлы парызы.

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тәрбие дегеніміз не? Тәрбие психологиясы нені зерттейді?
2. Тәрбие тетіктері дегеніміз не?
3. Адамға дұрыс талап қоя білудің қандай маңызы бар?
4. Мадақтау мен жазалаудың тәрбие процесіндегі ролі қандай?
5. Өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз не?
6. Сен өзінді қандай жолдармен, әдіс-тәсілдермен тәрбиелеп жүрсің?
7. Өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің төңірегінде әрқайсың қандай пікір айта аласыңдар?
8. Мамандық таңдау жөнінде қандай ой-толғаныстарың бар? Бұл мәселе қазіргі нарық экономикасына көшу кезеңінде қандай маңыз алмақ?

**№1 тапсырма.**


«Тәрбие» ұғымының кең және тар мағынадағы анықтамасын табыңыз.

**№2 тапсырма.**

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда төменде келтірілген тәрбие психологиясының салаларының маңыздылығын анықта.

**№3 тапсырма.**

«Оқыту» мен «тәрбие» ұғымының ерекшеліктері мен ұқсастығын анықта.

**№4 тапсырма.**

Кәсіби бағдар түрлерінің жұмыс мазмұнын анықта.

| № | Кәсіби бағдардың түрлері | Жұмыс мазмұны |
|---|--------------------------|---------------|
| 1 | кәсіби сауат ашу         |               |
| 2 | кәсіби насихат           |               |
| 3 | кәсіби адаптация         |               |
| 4 | кәсіби ақыл-кеңес беру   |               |
| 5 | кәсіби іріктеу           |               |

**№5 тапсырма.**

Мадақтау мен жазалаудың тәрбие процесіндегі ролін, тұлғаның дамуына әсерін анықта.

| Мадақтау әдісі |   |
|----------------|---|
| +              | - |
|                |   |
|                |   |
|                |   |

| Жазалау әдісі |   |
|---------------|---|
| +             | - |
|               |   |
|               |   |
|               |   |

**№6 тапсырма.**

Оқушыға тәрбие беруде ұжымның атқаратын ролін «Презентация» әдісінің көмегімен дәлелде.

**№7 тапсырма.**

Төменде берілген тәрбие мазмұнының психологиялық сипатын анықта.

|                            |                                                                       |  |
|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------|--|
| <b>Адамгершілік тәрбие</b> | Оқушыға адамгершілік тәрбие берудің психологиялық сипаты.             |  |
| <b>Эстетикалық тәрбие</b>  | Оқушының эстетикалық талғамын қалыптастырудың психологиялық сипаты    |  |
| <b>Ақыл-ой тәрбиесі</b>    | Оқушының ақыл-ойын қалыптастырудың психологиялық сипаты               |  |
| <b>Дене тәрбиесі</b>       | Оқушының салауатты өмір салтын қалыптастырудың психологиялық сипаты   |  |
| <b>Еңбек тәрбиесі</b>      | Оқушының еңбексүйгіштік қасиетін қалыптастырудың психологиялық сипаты |  |

**Әдебиеттер:**

1. Возрастная и педагогическая психология /Под ред. А. В. Петровского. – М., 1979.
2. В. И. Гинецинский. Основы теоретической педагогики. – СПб., 1992.
3. П. Ф. Каптерев. Дидактические очерки. Теория образования // Избранные педагогические сочинения. – М., 1982.
4. В. А. Крутецкий. Основы педагогической психологии. – М., 1972.
5. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 3 / Под ред. М. В. Гамезо. Гл. XX. – М., 1982.
6. А. А. Никольская. Возрастная и педагогическая психология дореволюционной России. – М., 1995.

7. А. В. Петровский, М. Г. Ярошевский. История и теория психологии. 1 т. – М., 1996.
8. С. Д. Смирнов. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 1995.
9. Н. Ф. Талызина. Педагогическая психология. – М., 1998.

## 4-тарау. Мұғалім психологиясының басты мәселелері. Ұстаздық қабілет

### Жоспар:

- 4.1. Қабілеттер анықтамасы.
- 4.2. Педагогикалық қабілеттердің жалпы құрамы.
- 4.3. Педагогикалық қабілеттердің құрылымы.

### 4.1. Қабілеттер анықтамасы

С. Л. Рубинштейн көрсеткендей, «Адам қабілеттерінің даму процесі адамның даму процесі, т.б. Адамның белгілі бір білімдер мен әрекеттер тәсілдерін игеруі өзінің алғышарты, өзінің ішкі шарты ретінде ақыл-ой дамуының белгілі деңгейі – ақыл-ой қабілеттерінің дамуына ие болады» [193, 277 б.]. Бұл ахуал оқу іс-әрекетін түсіндіру үшін аса маңызды. Б. М. Теплов [213] берген неғұрлым кең түрдегі анықтамада қабілеттердің тұлғаның даралық қасиеттері ретіндегі негізгі сипаттамалары келтірілген, олар іс-әрекетті табысты орындау шарты болып табылады. Қабілеттер, Б. М. Теплов бойынша, дағдылар мен іскерліктерге теңестірілмейді, және де белгілі бір іс-әрекетті орындаудың табыстылығына қатысты бір адамды екіншісінен ажыратады.

Егер С. Л. Рубинштейн бойынша, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы білімдерді игерудің алғышарты болса, онда Б. М. Теплов бойынша, қабілеттердің өзінің даму алғышарты ретінде нышандар болады, яғни туа берілген анатомо-физиологиялық ерекшеліктері ретінде. Қабілеттер іс-әрекетте жаратылады және де іс-әрекеттің, оның құралдары мен тәсілдерін игерудің жылдамдығы, тереңдігі, беріктігі сияқты

динамикалық сипаттамаларында көрінеді. Іс-әрекеттің әр түрлеріне қатысты жалпы интеллектуалдық және арнайы қабілеттер жіктеледі. «Қабілеттерді кең алынған анықтамасы оның индивид қасиеттері екендігінде, оның ансамблі белгілі бір іс-әрекетті орындаудың табыстылығын шарттайды. Мұнда, іс-әрекеттің өзінде онтогенетикалық дамидын және осыған орай, сыртқы жағдайларға байланысты қасиеттер назарға алынып тұр» [110, 8 б.].

Осы қасиеттерді оқудың әр түрлерінде, мысалы музыка (Б. М. Теплов), математика (В. А. Крутецкий), бейнелеу (В. И. Киреенко), әдебиет (В. П. Ягункова, Г. В. Быстрова), химия (Д. А. Энштейн) және т.б. облыстарды зерттей отырып, авторлар сәйкес қабілеттер анықтамасына тек психикалық процестердің өту ерекшелігін ғана емес, сондай-ақ көбінесе тұлғаның кейбір қырларын да жатқызады. Мысалға, әдеби-шығармашылық қабілеттерді зерттеуші В. П. Ягункова оның алты компоненттерін атайды:

- 1) әсерленгіштік;
- 2) поэтикалық қырағылық;
- 3) жақсы ес (бейнелік те, сөздік-логикалық та);
- 4) жаңа бейнелерді жасау қабілеті;

5) көңіл күйге ортақтасу күйінің пайда болу жеңілдігі;

6) сөздік ассоциациялардың байлығы. Тіптен айқыны, бұл компонент-

тер – психикалық процестердің де, және де тұлғаның әсерленгіштік, көңіл күйге ортақтасу пайда болу жеңілдігі сияқты қырларының да күрделі комплекстері.

## 4.2. Педагогикалық қабілеттердің жалпы құрамы

Отандық зерттеушілер С. Л. Рубинштейн, Б. М. Теплов қарастырған ахуалдардың негізінде педагогикалық қабілеттердің тұтас бір жинағын бөлді. Олардың ішіндегі Н. Д. Левитов пен Ф. Н. Гоноболин анықтаған негізгілерін салыстырайық. Мысалға, Н. Д. Левитов негізгі педагогикалық қабілеттер ретінде келесілерді бөледі: балаларға білімдерді қысқа және қызықты формада беру қабілеті; бақылампаздыққа сүйенетін, оқушыларды түсінуі қабілеті; ойлаудың өз бетінше және шығармашылық қалыбы; тапқырлық немесе шапшаң және дәл бағдарлану; мұғалімнің өзінің жұмысын, және де жақсы оқушылар ұжымын жасауды қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық қабілеттер.

Осы бес негізгі қабілеттер мазмұнын дамыта және жете қарастыра отырып, Ф. Н. Гоноболин он екі қабілеттерді атайды, оларды біріктіре отырып, келесі топтарды алуға болады. Оқу материалын оқушыларға қол жеткілікті қылу қабілеті және оқу материалын өмірмен байланыстыру қабілеті екеуі бірігіп, өзіндік бір дидактикалық қабілеттер тобын құрайды, олар білімдерді неғұрлым қысқа және қызықты формада беру деген неғұрлым жалпы қабілетпен байланыстырылады. Мұғалімнің оқушыны түсінуі, балаларға деген қызығушылық, жұмыстағы шығармашылық, балаларға қатысты бақылампаздық – бұл адамның рефлексивті-гностикалық қабілеттерімен байланысты қабілеттердің екінші тобы. Балаларға педаго-

гикалық еріктік әсер ету, педагогикалық талап қоюшылық, педагогикалық әдеп, балалар ұжымын ұйымдастыра алу қабілеті – бұл, қазір атап жүргендей, интерактивті-коммуникативті қабілеттер. Ф. Н. Гоноболин бөлген қабілеттердің өте маңызды төртінші тобы – мұғалім тілінің мазмұндылығын, ашықтығын, бейнелілігін және сенімділігін сипаттайтын қабілеттерді қамтиды.

Неғұрлым жалпыланған түрде педагогикалық қабілеттерді В. А. Крутецкий көрсеткен, ол оларға сәйкес жалпы анықтамалар берген [97, 294-299 б.].

1. Дидактикалық қабілеттер – шәкірттерге оқу материалын неғұрлым ұғынықты қылып беру қабілеті, оларға материалды немесе проблеманы айқын және түсінікті түрде келтіру, пәнге қызығушылық тудыру, шәкірттерде белсенді өз бетінше ойды қоздыру. Дидактикалық қабілеті бар мұғалім қажет жағдайда оқу материалын бейімдеп, қиынды жеңіл, күрделіні – қарапайым, ұғынықсыз, түсініксізді – түсінікті қыла алады. Кәсіби шеберлік, бүгін біз түсініп отырғандай, тек білімдерді бала санасына жеткізе біле беру, материалды белгілі және түсінікті мазмұндау қабілетін ғана емес, сондай-ақ шәкірттердің өзіндік жұмысын, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру қабілетін, шәкірттердің танымдық белсенділігін ақылмен және нәзік «дирижерлеп», оларды керек жаққа бағыттап отыру қабілетін қамтиды.

2. Академиялық қабілеттер – ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер

(математикаға, физикаға, биологияға, әдебиетке және т.б.). қабілетті мұғалім пәнді тек ғана оқу курсының көлемінде ғана емес, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымында жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды абсолютты еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем дегенде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді.

3. Перцептивті қабілеттер – оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне ене білу қабілеті, оқушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық. Қабілетті мұғалім, тәрбиеші елеусіз белгілер арқылы болар болмас сыртқы көрінулер бойынша оқушының ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді байқап қалады.

4. Тілдік қабілеттер – өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті. Қабілетті мұғалімнің тілі сабақ кезінде қашанда шәкірттерге бағытталған. Мұғалім жаңа материалды хабарласын, оқушы жұмысына түсініктеме берсін, мақұлдау немесе сөгіс айтсын, қашанда оның сөзі ішкі күшпен, сенімділікпен, өзі айтып тұрған нәрсеге қызығушылықпен ерекшеленеді. Ойын оқушылар үшін түсінікті, айқын, қарапайым түрде білдіру.

5. Ұйымдастырушылық қабілеттер – бұл, біріншіден, оқушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті, оны жаңа міндеттерді орындауда топтастыру және дем беру, екіншіден, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру қабілеті, өз жұмысын ұйымдастыру дұрыс жоспарлау және өзін бақылау іскерлігін ұйғарады. Тәжірибелі мұғалімдерде өзіндік бір уақытты сезіну қалыптасады – жұмысты уақытқа дұрыс бөлу, белгіленген мерзімде үлгеру ептілігі.

6. Авторитарлық қабілеті – шәкірттерге тікелей эмоционалды-еркін әсер

ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола білу қабілеті (бірақ, әрине, беделдік тек осы негізде ғана жасалмайды, мысалға, білімді өте тамаша білу, мұғалім сезімталдығы мен әдебінің негізінде де және т.б.). Авторитарлық қабілеттер мұғалімнің тұлғалық сапаларының бірқатар жиынына байланысты, соның ішінде оның ерік сапалары (шешімділік, төзімділік, табандылық, талап қоюшылық және т.б.), және де оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге жауапкершілік сезіміне, мұғалімнің өзінің дұрыстығына сенімділігіне, осы сенімділікті өз шәкірттеріне бере алу іскерлігіне байланысты.

7. Коммуникативтік қабілеттер – балалармен қарым-қатынас жасау қабілеті, олармен қарым-қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы.

8. Педагогикалық қиял (немесе болжам жасау қабілеттер) – бұл, өз әрекеттерінің салдарын алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер.

9. Зейінді бір мезгілде бірнеше іс-әрекеттерге тарату қабілеті мұғалім жұмысы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды мазмұндаудың мазмұны мен формасын, өз ойының (немесе оқушы ойының) өрісін мұқият бақылайды, сонымен бірге оқушылардың барлығын көз алдында ұстайды, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отырады, және де өз мінез-құлқын қадағалап отырады (тұрысы, мимикасы және пантомимикасы, жүрісі).

Келтірілген педагогикалық қабілеттер анықтамасынан көрініп отырғандай, олар өз мазмұнында, біріншіден, көптеген тұлғалық сапаларды қамтиды және екіншіден, белгілі бір әрекеттерде, іскерліктерде ашылады. Бұл жерде, бірнеше қабілеттер мазмұнына енетін іскерліктер бар, мысалы, дидактикалық қабілеттерге жататын шәкірттердің өз бетінше жұмысын ұйымдастыру іскерлігі, іс-жүзінде басқалардың жұмысын

ұйымдастыру іскерлігі болып табылады. Ол ұйымдастырушылық қабілетіне кіреді. Перцептивті қабілеттерді ашатын іскерліктер, зейінді тарату қабілетіне енетін іскерліктерге өте таяу және т.б. бұл, мұғалімнің белгілі бір әрекеттері (іскерліктері) негізінде, тіпті қандай да бір педагогикалық функция жүзеге асатын олардың жиынтығында, бірнеше қабілеттер жатуы мүмкін екендігін көрсетеді.

### 4.3. Педагогикалық қабілеттердің құрылымы

Қазіргі кезде, Н. В. Кузьмина және оның мектебі дамытып отырған, педагогикалық қабілеттер тұжырымдамасы толық жүйелік түсініктеме болып табылады. Біріншіден, бұл тұжырымдамада барлық педагогикалық қабілеттер педагогикалық жүйенің негізгі жақтарымен байланыстырылған. Екіншіден, алдыңғы анықтамаларға қарағанда, олар «педагогикалық іс-әрекеттің объектісіне, процесіне және нәтижесіне деген ерекше сезімталдық» ретінде анықталған. Үшіншіден, осы сезімталдықтың қандай да бір құрылымдық ұйымдасуымен көрсетілген, тек олардың жинағымен, жиынтығымен шектелмеген. Төртіншіден, педагогикалық қабілеттердің деңгейлігі бөлінген. Бесіншіден, осы түсініктемеде, бір жағынан жалпы және арнайы педагогикалық қабілеттер байланысы, келесі жағынан, арнайы педагогикалық пен басқа арнайы қабілеттер байланысы анықталған [100].

Осы тәсілде, басқаларындағы сияқты, педагогикалық іс-әрекет субъектісінің қабілеттері, педагогикалық іс-әрекетте қалыптаса және дами отырып (бірақ олар педагогикалық іс-әрекетпен басылып тасталуы да мүмкін), елеулі мөлшерде оның табыстылығын

анықтайтыны атап көрсетілген. Бұл олардың болашақ педагог үшін арнайы талдануының маңыздылығын анықтайды.

Н. В. Кузьминаның дәлелдемесінде педагогикалық жүйе бес құрылымдық элементтерді (мақсаттар, оқу ақпараты, коммуникация құралдары, шәкірттер мен педагогтар), және бес функционалды элементтерді (зерттеушілік, жобалаушы, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық) қамтиды. Осы элементтер даралық педагогикалық іс-әрекеттің де функционалды элементтері болып табылады (зерттеушілік, жобалаушы, конструктивті, коммуникативтік, ұйымдастырушылық), мұның өзі олардың негізінде жатқан қабілеттердің бес үлкен тобы жайлы айтуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық қабілеттерді, іс-әрекет субъекті болып табылатын педагогтың біріншіден, өз педагогикалық іс-әрекетінің объектісіне, процесіне және нәтижелеріне, екіншіден, шәкірттерге қарым-қатынас, таным, еңбек субъектілері ретіндегі сезімталдығының өзгеше формасы ретінде қарастыра отырып, Н. В. Кузьмина педагогикалық қабілеттердің екі деңгейін бөледі: перцептивті-рефлексивті және проектив-

тік. Бірінші деңгей сезімталдықтың үш түрін қамтиды: эмпатиямен байланысты объект сезімі, мөлшер немесе әдеп сезімі және қатыстылық сезімі. Сезімталдықтың осы көрінулері педагогикалық ішкі түйсік негізінде жатыр.

Педагогикалық қабілеттердің екінші деңгейі Н. В. Кузьмина бойынша, – оқытудың жаңа, өнімді тәсілдерін жасауға сезімталдықпен арақатынастағы проективті қабілеттер. Бұл деңгей гностикалық, жобалаушы, конструктивтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық қабілеттерді қамтиды. Бұл жерде осы қабілеттердің әрқайсысының жоқтығы қабілетсіздіктің нақты формасы екені көрсетіледі. Гностикалық қабілеттер шәкірттердің оқыту әдісін жылдам және шығармашылық түрде игеруінен, оқыту тәсілдерінің таңдамалылығынан көрінеді. Гностикалық қабілеттер мұғалімде өзінің оқушылары, өзі жайлы ақпараттың жинақталуын қамтамасыз етеді. Жобалаушы қабілеттер тәрбиелей оқытудың бүкіл оқу кезеңінде орналасқан тапсырмалар мен міндеттердегі соңғы нәтижені елестете алу қабілетінде көрінеді, бұл үйренушілерді тапсырмаларды өз бетінше орындауға дайындайды. Конструктивті қабілеттер бірлескен ынтымақтастықтың, іс-әрекеттің шығармашылық жұмыс атмосферасын қалыптастырудан, сабақты, үйренушінің дамуы мен өзіндік дамуының қойылған мақсатына неғұрлым сай ұйымдастыруға деген сезімталдықтан көрінеді. Коммуникативті қабілеттер педагогикалық мақсатқа сәйкес контактарды, қатынастарды орнатудан көрінеді. Бұл қабілеттер Н. В. Кузьмина бойынша, төрт факторлармен қамтамасыз етіледі: сәйкестендіруге қабілеттілік, шәкірттердің даралық ерекшеліктеріне деген сезімталдық, жақсы дамыған ішкі түйсік, суггестивті қасиеттер. Оларға тағы тіл мәдениеті (мазмұндылық, үндеулік, әсер

етушілік) факторын қосамыз. Ұйымдастырушылық қабілеттер шәкірттерді топта ұйымдастыру тәсілдеріне таңдамалы сезімталдықтан, олардың оқу материалын игеруінен, үйренушілердің өз-өздерін ұйымдастыруларынан, педагогтың өз іс-әрекетін өзі ұйымдастыруынан көрінеді.

Н. В. Кузьмина мектебін зерттеушілердің қорытындысы аса маңызды: педагогикалық қабілеттер жалпы қабілеттердің дамуының жоғары деңгейін ұйғарады (бақылампаздық, ойлау, қиял) және басқа арнайы қабілеттер, мысалы, поэтикалық, жазушылық, әртістік, педагогикалық іс-әрекет саласына педагогикалық бағыттылық пен педагогикалық қабілеттер болған кезде ғана, оның үстіне тек олардың ары қарай дамуы жағдайында ғана қосылады. Педагогикалық және басқа арнайы қабілеттер арақатынасының үш түрі бөлінеді: арнайы қабілеттер педагогикалық іс-әрекетке:

- а) көмектеседі;
- ә) бейтарап;
- б) кедергі жасайды.

Қабілеттілік түсініктемесінде жалпы қабілеттіліктер, атап айтқанда, педагогикалық қабілеттерге қатысты Н. А. Аминовтың көзқарасы қызықты болып отыр. Егер Н. В. Кузьмина теориясында қабілеттер жіктеуінің негізі сезімталдық болып табылса, Н. А. Аминова үшін мұндай негіз ретінде табыстылық болады. Табыстылықтың екі түрі бөлінеді: даралық (адамның өз-өзіне қатысты уақыттағы жетістіктері) және әлеуметтік (басқалардың жетістіктеріне қатысты бір адамның жетістігі). Бірінші түрі – бұл даралық (ресурстік) табыстылық, екіншісі – бәкелестікке төтеп бере алушылық қабілеттілігі. Даралық, ресурстық табыстылық – бұл табысқа жету тәсілдері, оған жалпы (перцептивті) және арнайы қабілеттер жатады. Соңғысы Н. А. Аминов бойын-

ша, эмоционалды, еріктік, мнемикалық, атенциондық, имаженативтік қабілеттерді қамтиды. Өзіндік қабілеттерді автор терминалды деп атайды. Олар адамның бәкелестікке төтеп бере алушылық қабілеттілігін қамтамасыз етеді және жоғарылатады. Педагогикалық іс-әрекетке деген терминалды қабілеттер өз құрылымында эмоционалды жану синдромының (эмоционалды ресурстардың жүдеуі) дамуына қарсылықты ұйғарады.

Осылайша, педагогикалық қабілеттерді психологиялық талдау деңгейінде оларды жіктеудің келесі негіздері анықталды: педагогикалық іс-әрекеттің тиімділік шарттары (Н. Д. Левитов, Ф. Н. Гоноболин, В. А. Крутецкий), педагогикалық іс-әрекеттің түрлі компоненттеріне сезімталдық (Н. В. Кузьмина, А. А. Реан), психикалық функциялар мен күйлердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланыстыра-

тын әрекеттер нәтижелерінің валенттілігі (Н. А. Аминов). Басқа да негіздер бөлінуі мүмкін: Х. Гарднердің морфологиялығы, Дж. Холландтың әлеуметтігі және т.б.

Педагогикалық қабілеттерді қарастырудағы маңызды проблемалардың бірі олардың қалыптасуы мен диагностикалануы болып табылады. Б. М. Теплов көрсеткендей, диагностикалау қабілеттердің сандық анықтауын қоса отырып, міндетті түрде сапалық талдаумен жүзеге асырылып және анықталуы тиіс. Н. А. Аминов тестік әдістемелерді қамтитын педагогикалық қабілеттердің тестерінің батареясын әзірлеген: педагогикалық қабілеттердің алғашқы компоненттерінің көрінуін анықтау үшін (жеті тест); педагогикалық потенциалды анықтау үшін (алты тест); педагогикалық шеберліктің қаншалықты деңгейде екенін анықтау үшін (жеті тест).

## СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қабілет дегеніміз не?
2. Педагогикалық қабілеттердің жалпы құрамы қандай?
3. Педагогикалық қабілеттердің құрылымы қандай?
4. Дидактикалық қабілеттер неге сүйенеді?
5. Академиялық қабілеттер дегеніміз не?
6. Ұйымдастырушылық қабілеттердің маңызы қандай?

### №1 тапсырма.

В. А. Крутецкий көрсеткен педагогикалық қабілеттерді оларға сәйкес сипаттамасымен сәйкестендір.

| №  | Педагогикалық қабілет түрлері | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                          |
|----|-------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Дидактикалық қабілеттер       | а) өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті.                                                                                                         |
| 2. | Академиялық қабілеттер        | ә) шәкірттерге оқу материалын неғұрлым ұғынықты қылып беру қабілеті, оларға материалды немесе проблеманы айқын және түсінікті түрде келтіру, пәнге қызығушылық тудыру, шәкірттерде белсенді өз бетінше ойды қоздыру. |

|    |                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----|-----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3. | Перцептивті қабілеттер      | б) шәкірттерге тікелей эмоционалды-еркін әсер ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола білу қабілеті.                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 4. | Тілдік қабілеттер           | в) ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер (математикаға, физикаға, биологияға, әдебиетке және т.б.). Қабілетті мұғалім пәнді тек ғана оқу курсының көлемінде ғана емес, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымында жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды абсолютті еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем дегенде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді. |
| 5. | Ұйымдастырушылық қабілеттер | г) бұл, өз әрекеттерінің салдарын алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер.                                                                                                                                    |
| 6. | Авторитарлық қабілеті       | ғ) оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне ене білу қабілеті, оқушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық.                                                                                                                                                                                                                    |
| 7. | Коммуникативтік қабілеттер  | д) балалармен қарым-қатынас жасау қабілеті, олармен қарым-қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы.                                                                                                                                                                     |
| 8. | Педагогикалық қиял          | е) шәкірттерді топта ұйымдастыру тәсілдеріне таңдамалы сезімталдықтан, олардың оқу материалын игеруінен, үйренушілердің өз-өздерін ұйымдастыруларынан, педагогтың өз іс-әрекетін өзі ұйымдастыруынан көрінеді.                                                                                                                                                                           |

Жауаптар: 1. \_\_\_\_ 2. \_\_\_\_ 3. \_\_\_\_ 4. \_\_\_\_ 5. \_\_\_\_ 6. \_\_\_\_ 7. \_\_\_\_ 8. \_\_\_\_

## **№2 тапсырма.**

Төменде берілген жағдаяттарды шешу арқылы педагогикалық мәселелерді дұрыс шешу қабілетінді анықта.

### **Педагогикалық жағдаяттар әдістемесі**

**Нұсқау:** «Сіздің алдыңызда – қиын педагогикалық жағдаяттар қатары. Олардың әрбіреуінің мазмұнымен таныса отырып, осы жағдаятқа сіздің пікіріңізше педагогикалық көзқарас тұрғысынан дұрысын берілген жауап

беру нұсқалары санынан таңдаңыз. Егер ұсынылған жауап нұсқаларының бірде-бірі сіздің көңіліңізден шықпаса, таңдауға арналған барлық альтернативтерден кейінгі төмендегі екі жолға өзіңіздің ерекше нұсқаңызды көрсетуге болады. Бұл көбіне жағдаят жауабының 7-ші және кейінгі нұсқалары болуы мүмкін».

## I жағдаят

Сіз сабақ өткізуге кірістіңіз, барлық оқушылар тынышталды, тыныштық орнады және кенеттен сыныпта біреу қатты күлді. Күлген оқушыға ештеңе айтып үлгермей, таңдана қарағаныңызда ол сіздің көзіңізге тіке қарап: «Мен сізді көргенде әрдайым күлемін және сіз сабақ өткізе бастағанда менің күлкім келеді», – деп жауап берді. Сіз бұған қалай жауап берер едіңіз? Төменде көрсетілген сөздік реакциялардан (жауап қайтарулардан) сәйкес нұсқасын таңдап, белгілеңіз.

1. «Мәссаған!»
2. «Саған сонда не күлкілі?»
3. «Құдай үшін, күле ғой!»
4. «Сен ақымақпысың?»
5. «Көңілді адамдарды ұнатамын».
6. «Мен сенің көңіліңді көтергеніме қуаныштымын».

## II жағдаят

Сабақ берместен бұрын немесе бірнеше сабақ өткізгеннен кейін, оқушы сізге: «Мен сіздің бізге педагог ретінде бірдеңе үйрететініңізге сенбеймін», – дейді. Сіздің жауабыңыз:

1. «Сенің ісің – мұғалімді үйрету емес, оқу».
2. «Сен сияқтыларды әрине ештеңеге үйрете алмаймын».
3. «Саған мүмкін басқа сыныпқа ауысқаның немесе басқа мұғалімнен сабақ алғаның жөн болар».
4. «Сенің жай ғана оқығың келмейді».
5. «Маған сенің неге олай ойлайтындығың қызықтырады».
6. «Кәнеки, бұл жайлы толығырақ сөйлесейік».

## III жағдаят

Мұғалім оқушыға тапсырма береді, ал ол бұл тапсырманы орындағысы

келмей: «Мен мұны істегім келмейді», – деп қарсылық танытады. Мұғалімнің реакциясы қандай болуы керек?

1. «Қаламасаң да – істеуге мәжбүрлейміз».
2. «Онда не үшін оқып жүрсін?»
3. «Бұдан тек өзіне жаман, сауатсыз болып қала бер. Сенің қылығың өз бетіне әдейі қарсылық білдіріп, өз мұрнын кесіп тастаған адамның қылығына ұқсайды».
4. Бұл немен аяқталатындығы жөнінде сен өзіңе есеп бересің бе?»
5. «Себебін түсіндірмес пе екенсің?»
6. «Кәне, отырып талдайық – мүмкін сенікі дұрыс болар».

## IV жағдаят

Оқушы өзінің оқудағы жетістіктеріне көңілі толмайды, материалды қашанда болмасын жетік түсінуге және меңгеруге қол жеткізуге деген өз қабілеттеріне күмән келтіріп, мұғалімдеріне: «Сіздің ойыңызша, мен күндердің бір күні оқу үлгерімімді үздік қылуыма, сыныптастарымнан қалмауға қол жеткізе аламын ба?» – деп сұрақ қояды. Мұғалім оған қалай жауап беруі керек?

1. «Егер шын айтсам – күмәнданамын».
2. «Иә, әрине, бұған еш күмән келтіруге болмайды».
3. «Сенде керемет қабілеттер бар және мен соған үлкен үміт артамын».
4. «Неге өз-өзіңе сенімсіздік танытасың?»
5. «Кәне сөйлесейік және мәселені анықтайық».
6. «Көп нәрсе біз екеуіміздің жұмыстануымызға байланысты».

## V жағдаят

Оқушы мұғалімге: «Екі жақын арадағы сіздің сабағыңызға бармаймын, себебі бұл уақытта мен жастар ан-

самблінің концертін қарауға (нұсқалар: достарыммен қыдыру, спорттық жарыстарда көрермен болу, жай ғана мектептен демалу) барғым келеді», – деп айтады. Мұғалім оған қалай жауап беруі керек?

1. «Іс теп көр тек!»
2. «Келесі жолы саған мектепке ата-анаңмен келуге тура келеді».
3. «Бұл – сенің шаруаң, сен ғой емтихан тапсыратын. Бәрібір қалдырған сабақтарыңа есеп беруің керек, мен кейін оны сенен міндетті түрде сұраймын».
4. «Меніңше сен өз сабақтарыңа аса көңіл аудармайтын сияқтысың».
5. «Мүмкін саған мүлдем мектепті тастау керек шығар!»
6. «Ары қарай не істемек ойың бар?»
7. «Маған сен үшін мектептегі сабақтан гөрі концертке бару (достармен қыдыру, жарыстарға бару) не себепті қызығырақ екендігі қызығушылық тудырып тұр».
8. «Мен сені түсінемін: демалу, концертке, жарыстарға бару, достарыңмен араласу, әрине мектепте сабақ оқығаннан гөрі қызығырақ. Бірақ соған қарамастан, мен бұл дәл сен үшін не себепті бұлай екендігін білгім келеді».

## VI жағдаят

Мұғалімнің сыныпқа кіріп келе жатқанын көрген оқушы: «Сіз өте қажыған және шаршаңқы болып көрінесіз», – деп айтты. Бұған мұғалім қалай жауап қайтаруы керек?

1. «Менің ойымша, сенің тарапынан маған мұндай ескертулер айту әдепсіздік танытуың».
2. «Иә, мен өзімді жаман сезініп тұрмын».
3. «Мені уайымдамай-ақ қой, одан да өзіңе назар аудар».
4. «Мен бүгін нашар ұйықтадым, менде жұмыс аз емес».

5. «Уайымдама, бұл біздің сабағымызға еш кедергі болмайды».

6. «Сен өте байқампазсың, қамқорлығыңа рахмет!»

## VII жағдаят

«Мен сіз беретін сабақтардың маған еш көмектеспейтінін сеземін», – деп оқушы мұғаліміне айтып: «Мен тіпті сабақты тастасам ба деп ойлаймын», – деп толықтырды. Мұғалім бұған қалай жауап беруі керек?

1. «Ақымақтың сөзін айтуды доғар!»
2. «Ойлап тапқан екенсің!»
3. «Мүмкін саған басқа мұғалім табу керек шығар?»
4. «Мен сенде мұндай тілек не себепті туындағанын толығырақ білгім келеді?»
5. «Егер біз сенің мәселеңнің шешімімен бірге жұмыстансақ қалай болады?»
6. «Мүмкін сенің мәселеңді өзгеше шешуге болар?»

## VIII жағдаят

Оқушы мұғалімге өзінің шектен тыс сенімділігін көрсете отырып: «Егер қаласам, мен істей алмайтындай ештеңе жоқ. Соның ішінде маған сіз беретін пәнді меңгеру де ештеңеге тұрмайды», – дейді. Бұған мұғалімнің репликасы қандай болуы керек?

1. «Сен өзің жайлы тым жоғары ойлайсың».
2. «Сенің қабілеттеріңмен бе? Күмәндамын!»
3. «Егер осылай айтсаң, сен мүмкін өзіңді жеткілікті сенімді сезінетін боларсың?»
4. «Бұған еш күмән келтірмеймін, егер сен қаласаң, сенде барлығы солай болатындығын білемін».
5. «Бұл сірә, сенен үлкен күш салуды қажет ететін болар!»

6. «Шектен тыс өз-өзіне сенімділік жұмысқа зиян келтіреді».

### IX жағдаят

Мұғалімнің сәйкес ескертуіне оқушы жауап ретінде: «Мені жеткілікті қабілетті адам деп есептейді», – дей отырып, оқу пәнін меңгеру үшін оған көп жұмыстану қажет еместігін айтады. Бұған мұғалім қалай жауап беруі қажет?

1. «Бұл пікірдің саған сәйкес келуі екіталай».

2. «Осыған дейін сенің өткерген қиындықтарын және сенің білімің тіпті бұлай айтуға келмейді».

3. «Көптеген адамдар өздерін жеткілікті қабілеттімін деп есептейді, бірақ шын мәнінде көпшілігі олай болып шықпайды».

4. «Мен сенің өзің туралы осындай жоғары пікірде екендігіңе қуаныштымын».

5. «Бұл керісінше сенен оқуға көп күш жұмсауға өзіңді мәжбүрлеуің керектігін білдіреді».

6. «Бұл сенің өз қабілетіңе онша сенбейтіндей айтылып тұр».

### X жағдаят

Оқушы мұғалімге: «Мен тағы да дәптерімді (үй тапсырмасын орындауды және т.б.) алып келудідеді. ұмытып кетіппін» – Мұғалімге қалай жауап берген жөн?

1. «Міне, тағыда!»

2. «Саған бұл жауапкершіліксіздігіңнің көрінісі болып көрінбей ме?»

3. «Саған жұмысқа жауапкершілікпен қарай бастау керек деп ойлаймын»

4. «Не себепті екендігін менің білгім келеді?»

5. «Сенде ол үшін мүмкін мүмкіндігін болмаған шығар?»

6. «Қалай ойлайсың, не себепті мен бұл жөнінде әркез сенің есіне салып отырамын?»

### XI жағдаят

Оқушы мен мұғалім арасындағы әңгімеде оқушы мұғалімге: «Мен сіздің басқа оқушыларға қарағанда маған жақсы қатынаста болғаныңызды қалаймын», – дейді. Оқушының өтінішіне мұғалім қалай жауап беруі керек?

1. «Не себепті мен саған басқаларына қарағанда жақсы қатынаста болуым керек?»

2. «Мен мүлде сүйіктілер мен фавориттер ойынын ойнауға тырыспаймын».

3. «Маған сен сияқты осылай мәлімдеген адамдар ұнамайды».

4. «Менің білгім келеді, не себепті мен сені қалған оқушылардың ішінен ерекше бөліп көрсетуім керек?»

5. «Егер мен сені өзге оқушылардан артық жақсы көретіндігімді айтсам, сен бұдан өзінді жақсы сезінер ме едің?»

6. «Қалай ойлайсың, шын мәнінде мен саған қандай қатынастамын?»

### XII жағдаят

Оқушы мұғалімге оған беріліп жатқан пәнді жақсы меңгеру мүмкіндігі жөніндегі өз күдіктерін білдіріп: «Мен сізге мені не мазалайтындығын айттым. Енді сіз маған бұнын себебін және ары қарай не істеу керектігімді айтыңыз», – дейді. Бұған мұғалім қалай жауап беруі керек?

1. «Меніңше сенде толымсыздық комплексі бар».

2. «Сенің уайымдауға еш негізің жоқ».

3. «Өзімнің негізге сүйенген пікірімді айтпастан бұрын, маған мәселенің мәнін жақсы түсініп алу қажет».

4. «Әзірге күте тұрайық, жұмыстанайық және бұл мәселені талқылауға бірнеше уақыттан соң қайта ораламыз. Мен бұл мәселені шеше аламыз деп ойлаймын».

5. «Мен саған дәл қазір нақты жауап беруге дайын емеспін, маған ойлану керек».

6. «Уайымдама, менде де кезінде осылай ештеңе қолымнан бірден келе бермеген».

### XIII жағдаят

Оқушы мұғалімге: «Маған сіздің сабақта айтатындығыңыз және ұстанымыңыз ұнамайды», – дейді. Мұғалімнің жауабы қандай болуы мүмкін?

1. «Бұның жаман».
2. «Мүмкін сен бұл жөнінде бұл жөнінде түсінбейтін шығарсың?»
3. «Мен біздің алдағы сабақ үрдістерімізде сенің пікірің өзгереді деп үміттенемін».
4. «Неге? (не себепті)».
5. «Ал сен нені ұнатасың және нені қорғауға дайынсың?»
6. «Таңдауда достық жоқ».
7. «Қалай ойлайсың не себепті мен мұны айтамын және ұстанамын?»

### XIV жағдаят

Оқушы сыныптағы жолдастарының біріне деген өзінің жағымсыз қатынасын айқын көрсете отырып, «Мен онымен бірге жұмыстанғым келмейді» деп айтады. Бұған мұғалім қалай жауап беруі керек?

1. «Жұмыстанғың келмесе ше?»
2. «Қайда барасың, бәрібір осылай істеуіңе тура келеді».
3. «Бұл сенің ақымақтығың!»
4. «Бірақ бұдан кейін ол да сенімен жұмыстанғысы (оқығысы) келмейді».
5. «Неге (не себепті)?»
6. «Меніңше, сенікі дұрыс емес».

### Нәтижелерді бағалау және қорытынды

Зерттелушінің әрбір жауабы – оның қандай да бір ұсынылған нұсқаны таңдауы төменде көрсетілген кестедегі кілтпен сәйкес балл арқылы бағаланады. Бұл кестеде тігінен солға қарай өз реттік нөмірімен педагогикалық жағдаяттар көрсетілген, ал жоғары оң жағында олардың ізімен реті бойынша осы жағдаяттардың альтернативті жауаптары көрсетілген. Кестенің өзінде түрлі педагогикалық жағдаяттың түрлі жауап нұсқаларын бағалайтын балл көрсетілген.

### «Педагогикалық жағдаяттар» әдістемесінің кілті

Ескерту. Еркін жауаптар бөлек бағаланады және сәйкес баға жалпы балл қосындысына қосылады.

| Педагогикалық жағдаяттың реттік нөмірі | Таңдалынған жауап нұсқасы және оның балл бойынша бағасы |   |   |   |   |   |   |   |
|----------------------------------------|---------------------------------------------------------|---|---|---|---|---|---|---|
|                                        | 1                                                       | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I жағдаят                              | 4                                                       | 3 | 4 | 2 | 5 | 5 | - | - |
| II жағдаят                             | 2                                                       | 2 | 3 | 3 | 5 | 5 | - | - |
| III жағдаят                            | 2                                                       | 3 | 4 | 4 | 5 | 5 | - | - |
| IV жағдаят                             | 2                                                       | 3 | 3 | 4 | 5 | 5 | - | - |
| V жағдаят                              | 2                                                       | 2 | 3 | 3 | 2 | 4 | 5 | 5 |
| VI жағдаят                             | 2                                                       | 3 | 2 | 4 | 5 | 5 | - | - |
| VII жағдаят                            | 2                                                       | 2 | 3 | 4 | 5 | 5 | - | - |
| VIII жағдаят                           | 2                                                       | 2 | 4 | 5 | 4 | 3 | - | - |
| IX жағдаят                             | 2                                                       | 4 | 3 | 4 | 5 | 4 | - | - |
| X жағдаят                              | 2                                                       | 3 | 4 | 4 | 5 | 5 | - | - |

|              |   |   |   |   |   |   |   |   |
|--------------|---|---|---|---|---|---|---|---|
| XI жағдаят   | 2 | 2 | 3 | 4 | 5 | 5 | - | - |
| XII жағдаят  | 2 | 3 | 4 | 5 | 4 | 5 | - | - |
| XIII жағдаят | 3 | 2 | 4 | 4 | 5 | 4 | 5 | - |
| XIV жағдаят  | 2 | 2 | 3 | 4 | 4 | 5 | - | - |

Педагогикалық мәселелерді дұрыс шешу қабілеті зерттелушінің барлық 14 педагогикалық жағдаяттарды шешуден жинаған балл қосындысын 14-ке бөлу арқылы анықталады.

Егер зерттелуші орташа баға 4,5 балдан жоғары алса, оның педагогикалық қабілеті жоғары дамыған болып есептеледі. Егер орташа баға 3,5-тен 4,4 балл аралығында болса, педагогикалық қабілет орташа дамыған болып есептеледі. Егер орташа баға 3,4 балдан төмен болса, зерттелушінің педагогикалық қабілетін әлсіз дамыған деп қарастыруға болады.

### **№3 тапсырма.**

«Менің сүйікті ұстазым» тақырыбына шығарма жаз.

### **№4 тапсырма.**

Қазіргі заман ұстазының кәсіби-маңызды сапаларын негізге ала отырып, жаңа ұстаз моделін жасақта.

### **№5 тапсырма.**

Студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтауға арналған тест-сауалнамасын өткізіп, өзіңіздің кәсіби бағыттылығыңызды анықтаңыз.

### **Студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтауға арналған тест-сауалнама (Т. Д. Дубавицкая)**

Әдістеменің мақсаты – мамандықты меңгеруге және сол мамандық бойынша жұмыс жасауға деген ұмтылысы көрініс беретін дәрежедегі студенттердің кәсіби бағыттылық деңгейін анықтау.

Сауалнаманың жалпы сипаттамасы: Сауалнама 20 тұжырымнан және ұсынылған жауап нұсқаларынан тұрады.

**Нұсқау:** «Мамандарды даярлауды жетілдіру жолдарын іздеу, соның ішінде әрбір адамға қалаған мамандығын меңгеру және сол мамандық бойынша жұмыстану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатындағы біздің зерттеуімізге қатысуыңызды сұраймыз. Ол үшін төменде келтірілген тұжырымдарды оқып, жауап парағына тұжырым нөміріне қарсы сіздің пікіріңізге сәйкес келетін жауап нұсқаларының бірін белгілеңіз».

Дұрыс + +

Сірә, дұрыс болар +

Дұрыс емес –

Сірә, дұрыс емес болар –

Сізден шынайы түрде дәл қазіргі мезеттегі пікіріңізді білдіруіңізді сұраймыз.

1. Әрбір адамның өзіне ұнайтын, оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес келетін мамандықты меңгеріп шығуына мүмкіндігі болуы тиіс.

2. Егер маған қайтадан оқуды бастау мүмкіндігі берілсе, онда мен қазір меңгеріп жатқан мамандығымды қайта таңдар едім.

3. Осы факультетте осы мамандықты меңгеру тілегінен емес, белгілі бір жағдайлардың әсерінің күшінен мәжбүрлі оқып жатырмын.

4. Менің осы мамандықты меңгеруім және сол мамандық бойынша жұмыстану тілегім тұрақты және негізделген.

5. Ең алдымен, мен жоғары білім алу үшін оқып жатырмын, меңгеріп жатқан мамандығым мені онша қызықтырмайды.

6. Менің болашақ мамандығымның мен үшін жақсы жағының аз екендігін білемін.

7. Менің бос уақыттағы әуестіктерім мен істерім болашақ мамандығыммен байланысты.

8. Менің болашақ мамандығыма қарағанда маған артығырақ ұнайтын әлемде басқа да мамандықтар көп.

9. Өзімнің бастамамен болашақ мамандығыма қатысы бар қосымша әдебиеттерді оқимын.

10. Оқуды аяқтаған соң да қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша тиімдірек жұмыстануым үшін өз-өзімді ары қарай жетілдіріп және квалификациямды көтеріп отырамын.

11. Мен меңгеріп жатқан мамандық және сол мамандық бойынша жұмыс маған болашақта моральды қанағаттанушылық әкелуі екіталай.

12. Меңгеріп жатқан мамандық бойынша жұмыс жасамау үшін барлық қажет деген шараларды қолдануға тырысамын.

13. Егер бұл қиын болса да, оқу аяқталысымен қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс табуға (және жұмыс жасауға) тырысамын.

14. Дәл қазіргі мезетте меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс жасап жатырмын (немесе жұмыс тапқым келеді).

15. Меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс жасауға тілегім жоқ.

16. Сәті түскен жағдайларда өзімнің болашақ мамандығымның саласындағы мамандардың жұмысымен танысуға ұмтыламын.

17. Егер қазір меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыстанатын болсам да, ол ұзаққа созылмайды.

18. Меңгеріп жатқан мамандығым бойынша жұмыс болашақта маған толығымен өзімді, өз қабілеттерімді ашуға мүмкіндік береді.

19. Оқуды аяқтаған соң басқа мамандықты меңгеріп, сол мамандық бойынша жұмыс жасаймын.

20. Адамның өмірінде барлығы өзіне тәуелді емес және оған кейде өмірдің жағдайларына көнуіне тура келеді.

### Нәтижелерді өңдеу

Сауалнаманың көрсеткіштерін есептеу «Иә» – жағымды жауаптарды (дұрыс; сірә, дұрыс болар), «Жоқ» – жағымсыз жауаптарды (дұрыс емес; сірә, дұрыс емес болар) білдіретін кілтпен сәйкес жүргізіледі.

#### Кілт

|     |                                |
|-----|--------------------------------|
| Иә  | 2, 4, 7, 9, 10, 13, 14, 16, 18 |
| Жоқ | 3, 5, 6, 8, 11, 12, 15, 17, 19 |

Кілтпен сәйкес келетін әрбір жауап 1 баллмен бағаланады. Қосынды балл

неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кәсіби бағыттылық деңгейі де жоғары болады.

1-ші және 20-шы сұрақтың жауабы нәтижелерді өңдеуде есепке алынбайды.

Тест бойынша жоғары көрсеткіштер студенттің таңдаған мамандығына ұмтылатындығын, меңгеріп жатқан мамандығы оған ұнайтындығын; болашақта осы мамандық бойынша жұмыстанып, ары қарай жетілгісі келетіндігін; бос уақытында болашақ мамандығына қатысы бар істермен шұғылданатындығын; таңдаған мамандығы саласында таныс-мамандардың

шеңберіне ие екендігін; өз мамандығын өмірлік ісі деп есептейтіндігін дәлелдейді.

Төменгі көрсеткіштер студенттің осы факультетте мәжбүрлі оқып жүргендігін; оқу орнына түсуі болашақ мамандығына қызығушылығы мен меңгеріп жатқан мамандығы бойынша жұмыстану тілегінен емес, басқа себептерден, мысалы, ата-ананың талабына бағыну, үйге жақын орналасқандықтан және т.б. себептермен шартталғандығын; студент өзінің болашақ мамандығынан өзі үшін ешқандай жақсы жақтарын көрмейтіндігін; меңгеріп жатқан мамандығы оны онша қызықтыр-

майтындығын; мүмкіндік болған жағдайда мамандығын ауыстырып, өзге мамандықты меңгеріп, сол бойынша жұмыстанғысы келетіндігін дәлелдейді.

### Нәтижелерді талдау

Өндеу процесі барысында алынған зерттелушінің нәтижелері келесі түрде түсіндіріледі:

0-4 балл – кәсіби бағыттылықтың төмен деңгейі;

5-13 балл – кәсіби бағыттылықтың орташа деңгейі;

14-18 балл – кәсіби бағыттылықтың жоғары деңгейі.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ

### 1. Педагогикалық психология бөлімдері:

- A. Әлеуметтік психология, қарым-қатынас психологиясы;
- B. Әлеуметтік психология, қарым-қатынас психологиясы;
- C. Мұғалім психологиясы, әлеуметтік психология, қарым-қатынас психологиясы;
- D. Оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы, жас ерекшелік психологиясы;
- E. Оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы, мұғалім психологиясы.

### 2. «Адам – тәрбие тақырыбы» еңбегінің авторы:

- A. К. Д. Ушинский;
- B. Я. А. Коменский;
- C. С. А. Сухомлинский;
- D. И. Пестолоцци;
- E. Ш. Уәлиханов.

### 3. Оқытудың үйренуден айырмашылығы:

- A. Барлық тапсырманы өз бетімен орындауы;
- B. Жоспар бойынша ресми түрде ұйымдастырылып, педагогтардың басшылығымен өтеді;
- C. Қимыл-қозғалыс жасауға үйрету мағынасында айтылады;
- D. Оқушының оқу материалына талпынып, қиыншылықтарды жеңіп, соларды ұғынуы;
- E. Ресми емес түрде ұйымдастырылады.

### 4. Оқыту процесі – ...

- A. Екі жақты;
- B. Бір жақты;

- C. Көп жақты;
- D. Үздіксіз;
- E. Тікелей.

**5. «Оқу» терминінің мағынасы:**

- A. Барлық тапсырманы өз бетімен орындауы;
- B. Мұғалімнің тапсырма беріп, соларды оқуға жұмылдыру;
- C. Оқушылардың берілген тапсырманың мазмұнын түсініп, соларды ұғынуы;
- D. Оқушының оқу материалына талпынып, қиыншылықтарды жеңіп, соларды ұғынуы;
- E. Оқытудың негізгі мақсатын көздейтін процесс.

**6. Қабылдаудың ерекше түрі:**

- A. Бақылау;
- B. Ұйымдастыру;
- C. Бағалау;
- D. Басқару;
- E. Талдау.

**7. Мақсат қою арқылы жадында қалдырудың негізгі формасы:**

- A. Баяндау;
- B. Жаттығу;
- C. Ойлау;
- D. Саралау;
- E. Тыңдау.

**8. Оқу материалын оқушының жадында қалдырудың бөліну саны:**

- A. Бес;
- B. Бір;
- C. Екі;
- D. Төрт;
- E. Үш.

**9. Бір нәрсені ойша бөлшектерге бөлу:**

- A. Жинақтау;
- B. Қайталау;
- C. Нақтылау;
- D. Салыстыру;
- E. Талдау.

**10. Тәрбие психологиясы ілімі:**

- A. Баланың тіл алатынын зерттеп, осы жөнінде тәсіл ойлап шығаратын ілім;
- B. Оқушылармен қарым-қатынас жасау мәселесін зерттейді;
- C. Тәлім-тәрбие беру саласын қарастырады;
- D. Тәрбиенің психологиялық тұрғыдан себептерін зерттеп, осы жөнінде ұсыныстар енгізетін ілім;
- E. Тәрбиенің педагогикалық-психологиялық бағыттарын қарастырады.

**11. Тәрбие – . . .**

- A. Әртүрлі тәрбие ортасынан алынған моральдық қасиет;
- B. Балаларға келешекте кім болатынына түгелдей тәрбиеші жауап беруі;
- C. Жан-жақты тәрбиенің әсері;
- D. Тәрбиенің қандай тәсілі арқылы әсер ететінін ұғынып, соны тәрбие жұмысында тексеру.
- E. Үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсері.

**12. Моральдық принциптердің тәрбие арқылы іс жүзіне асырудың бірінші жолы:**

- A. Мектеп бойынша, тәртіп сақтаудың әртүрлі істерді меңгеріп, соған дағдыландыру;
- B. Моральдық принциптерді ауызша түсіндіру;
- C. Моральдық принциптерді жекелей түсіндіру;
- D. Моральдық принциптерді ұғындыру;
- E. Оқушыны әдептілікке үйрету.

**13. Оқушыларды моральдық қасиеттерге итермелеу үшін жүргізілетін жұмыстардың ең маңыздысы:**

- A. Ертегілер;
- B. Мақал-мәтелдер;
- C. Әңгімелер;
- D. Өлеңдер;
- E. Этикалық әңгімелер.

**14. Мотивация сөзінің мағынасы:**

- A. Күрес;
- B. Мақсат;
- C. Себеп;
- D. Тартыс;
- E. Түрткі.

**15. Коллектив ұғымының ең негізгі түсінігі:**

- A. Көпшілік;
- B. Қоғам;
- C. Қоғамның ісі, қылығы өзгелеріне байланысты деген мағынаны білдіреді;
- D. Орта;
- E. Ұжым.

**16. Баланың өзін-өзі бағалайтынын зерттеген ғалым:**

- A. И. И. Сеченов;
- B. И. П. Павлов;
- C. К. Левин;
- D. Л. С. Рубенштейн;
- E. М. М. Мұқанов.

**17. Жастардың тәлімгері ретінде өзіне қойылатын әлеуметтік үміттерді те-пе-тең қабылдау негізінде құрылатын мұғалімнің мінез-құлқы:**

- A. Педагогикалық әдептілік;
- B. Педагогикалық қабілет;
- C. Педагогикалық ұстамдылық;
- D. Педагогикалық шеберлік;
- E. Педагогикалық іскерлік.

**18. Міндетті түрде басшыға бағынуды талап ететін қарым-қатынас стилі:**

- A. Авторитарлық;
- B. Демократиялық;
- C. Либералдық;
- D. Реалдық;
- E. Ресми.

**19. Жеке адамның мұғалім ретінде балаларды оқытуда және тәрбиелеуде жоғары көрсеткіштерге жету шарты болып табылатын белгілі психология-лық ерекшеліктер:**

- A. Педагогикалық әдептілік;
- B. Педагогикалық қабілет;
- C. Педагогикалық ұстамдылық;
- D. Педагогикалық шеберлік;
- E. Педагогикалық іскерлік.

**20. Ұстаздың айтайын деген ойын жүйелі, нақты дәлелдемелермен жеткі-зуі, балаларды ұйытып тыңдатумен қатар сыйлата білу қасиеті:**

- A. Ұстаздық дағды;
- B. Ұстаздық кәсіп;
- C. Ұстаздық сенім;
- D. Ұстаздық шеберлік;
- E. Ұстаздың еңбегі.

**21. Мұғалім өзінің ескертейін деген ойын көздің қиығымен, дауыс интона-циясымен, бет құбылыстарымен білдіру әдісі:**

- A. Жазалау әдісі;
- B. Көңілмен білдіру әдісі;
- C. Мақтау әдісі;
- D. Сендіру әдісі;
- E. Талап қою әдісі.

**22. Педагогтық қабілеттілік:**

- A. Балаларды жақсы көруі;
- B. Білімді болуы;
- C. Өз жұмысын жақсы бағалау;
- D. Өз жұмысына икемді келіп, шебер болуы;
- E. Өз жұмысына немқұрайлы қарауы.

**23. Педагогтың негізгі мақсаты:**

- А. Білім, білік, дағдыны меңгерту;
- В. Біліммен қаруландыру;
- С. Еңбекке баулу;
- Д. Жас буынға сапалы білім мен саналы тәрбие беру;
- Е. Салауатты өмір салтына баулу.

**24. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас түрлері:**

- А. Авторитарлы, демократиялы, либералды;
- В. Авторитарлы, реалды;
- С. Демократиялы, жеке;
- Д. Демократиялы, ұжымшыл;
- Е. Либералды, топтық.

**25. Білім – дағдылармен жасалатын іс-әрекеттерді мақсатты бағытта реттеу үшін қажетті психологиялық және практикалық іс-әрекеттің күрделі жүйесін иемдену:**

- А. Іскерлік;
- В. Білік;
- С. Білім;
- Д. Дағды;
- Е. Қабілет.

**Әдебиеттер:**

1. Возрастная и педагогическая психология /Под ред. А. В. Петровского. – М., 1979.
2. В. И. Гинецинский. Основы теоретической педагогики. – СПб., 1992.
3. П. Ф. Каптерев. Дидактические очерки. Теория образования // Избранные педагогические сочинения. – М., 1982.
4. В. А. Крутецкий. Основы педагогической психологии. – М., 1972.
5. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 3 / Под ред. М. В. Гамезо. – М., 1982.
6. А. А. Никольская. Возрастная и педагогическая психология дореволюционной России. – М., 1995.
7. А. В. Петровский, М. Г. Ярошевский. История и теория психологии. 1 т. – М., 1996.
8. С. Д. Смирнов. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. – М., 1995.
9. Н. Ф. Талызина. Педагогическая психология. – М., 1998.
10. А. А. Люблинская. Мұғалімге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. Мұғалімге арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 1981.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСҚАША СӨЗДІК

**Абсолюттік сезгіштік** дегеніміз – сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы.

**Абсолюттік табалдырық** – түйсік табалдырығының шегі. Абсолюттік табалдырық тітіркендіргіштің болмашы ғана түйсік тудыратындай ең аз шамасы.

**Абстракция** деп шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды айтады.

**Авторитарлық қабілеті** – шәкірттерге тікелей эмоционалды-еркін әсер ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола білу қабілеті.

**Агглютинация** – қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі. Осы әдіс арқылы мифологиялық бейнелер (кентавр, сфинкс, жезтырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия – танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана – суға қонып, ұша алатын самолет) құрастырылады.

**Адалдық** – сөздің таным мен сенімге ұштасуы, оның іс-әрекетке қайшы келмеуі.

**Адамгершілік сезімдер** – қоғамдық өмірдің талабына сәйкес адам мінез-құлқынан жиі көрінетін сезімдерінің бірі.

**Адаптация** дегеніміз – сезім мүшелерінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуге байланысты да өзгеріп отыруы.

**Айырма сезгіштік** деп сезім мүшелерінің тітіркендіргіштердің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алуын айтады.

**Академиялық қабілеттер** – ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер (математикаға, физикаға, биологияға, әдебиетке және т.б.). қабілетті мұғалім пәнді тек ғана оқу курсының көлемінде ғана емес, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымында жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды абсолютты еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем дегенде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді.

**Алаң болушылық** деп белгілі бір объектіге саналы түрде зейінді ұйымдастыра алмаушылықты айтады.

**Анализ** дегеніміз – ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу.

**Аналогия** дегеніміз – ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау.

**Апперцепция** дегеніміз – қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығы.

**Арман** дегеніміз – өз қалауымызша жаңа образдар жасау.

**Арнайы қайта жаңғырту** – әдейілеп еске түсіру, ойлаумен тығыз байланысты, өте белсенді процесс.

**Арнаулы қабілет** – іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрінетін қабілет.

**Арнаулы психология** – адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әрқилы аурулардың себептерін қарастырады.

**Атлетик** – бұлшық еттері күшті дамыған, денесі мығым, берік, ұзынша не орта бойлы, кең иықты, жамбас сүйектері тартылған.

**Ауызша сөйлеу** – сөйлеудің негізгі түрі болғандықтан, оның қалған түрлері де соның төңірегіне құрылады.

**Афазия** – мидың зақымдануына байланысты адамның сөйлей алмайтын жағдайға душар болуы.

**Аффекттер** дегеніміз – қысқа уақытқа созылса да, бұрқ етіп қатты көрінетін эмоцияның түрі.

**Ахроматтар** дегеніміз – заттың түсін сезбейтін адамдар.

**Әдет** дегеніміз – қимыл-қозғалыстарды орындауға адамның үнемі дайын болып, оны қажетсініп тұруы.

**Әлеуметтік психология** – адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерін, адамдардың әртүрлі ұйымдасқан ресми немесе ұйымдаспаған, бейресми топтарда көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен шұғылданады.

**Әлеуметтік ересектіктің дамуы** дегеніміз – баланың ересектер қоғамында оның толықта тең құқылы мүшесі болып өмір сүруге даярлығының қалыптасуы.

**Әскери психология** – азаматты ел-жұрты мен Отанын қорғайтын психологиялық тұрғыдан даярлауды зерттейді.

**Бағдар** деп адамның қажеті мен мақсатын жөндеп сезіне алмаған жағдайы атайды.

**Байқағыштық** – жаңа фактілерді білуге құмарлықты, олардың егжей-тегжейін білуді, адамның әрдайым қабылдауға даярлығын тілейді. Байқағыштық – өмірдің әр саласы үшін өте қажетті қасиет.

**Байқау** дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау.

**Бейімділік** – адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға бетбұрысы, оған көңілі аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі.

**Борыш пен жауапкершілік** – бұл адамның үй-іші, әке-шеше, тума-туысқан-дарына қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет.

**Бір ізді бейнелер (эйдетикалық ес)** дегеніміз – тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да, түйсіктің өз күшінде қалатын кездері.

**Галлюцинация** – адамның жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты туатын заттардың жалған, теріс бейнелері.

**Геронтологияға** қартаюды зерттейтін ілім жатады.

**Гипербола** деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады.

**Гностикалық қабілеттер** – шәкірттердің оқыту әдісін жылдам және шығармашылық түрде игеруінен, оқыту тәсілдерінің таңдамалылығынан көрінеді. Гностикалық қабілеттер мұғалімде өзінің оқушылары, өзі жайлы ақпараттың жинақталуын қамтамасыз етеді.

**Дағды** – деп алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуы.

**Даму** – бұл организмнің жүйке жүйесінің, психикасының, тұлғаның сандық және сапалық өзгерісі;

**Данышпандық** – адамның жалпы және арнаулы қабілеттерінің жинақталып, ерекше нәтижелерге қол жеткізуі.

**Дарындылық** – адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеті; өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық дейді.

**Дедукция** дегеніміз – жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы.

**Диалогты қарым-қатынас** – өзіне деген бағдардан басқа адамға деген бағдарға көшетін қарым-қатынас түрі.

**Диалогтық сөйлеу** дегеніміз – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі.

**Дидактикалық қабілеттер** – шәкірттерге оқу материалын неғұрлым ұғынықты қылып беру қабілеті, оларға материалды немесе проблеманы айқын және түсінікті түрде келтіру, пәнге қызығушылық тудыру, шәкірттерде белсенді өз бетінше ойды қоздыру.

**Дизъюнктивті сезімдер** – адамдарды бір-бірінен аластататын, біллескен іс-әрекеттен қашқақтататын сезімдер.

**Диспластик** – дене бітімі қисынсыз. Бұл адамдар әрқилы мүшелік зақымдарға ұшырағандар.

**Диссонанс** – құлаққа жағымсыз дыбыстар.

**Достық** – бұл ортақ көзқараспен мүдде, мақсат бірлігі негізінде пайда болып, уақыт сынынан өткен адамгершілік құндылығы мол тұрақты, тек адамға ғана тән жоғары сезім.

**Дүниетаным** – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі.

**Еңбек** – адам психикасын қалыптастыруда шешуші роль атқаратын әрекеттің бірі.

**Еңбек психологиясы** – адамның іс-әрекет түрлерінің психологиясын, ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың психологиялық талаптарын зерттеулермен бірге психология ғылымының дербес салаларына айналған білімдерге жіктеледі.

**Ерлік** дегеніміз – алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет.

**Ерік** дегеніміз – адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті.

**Ерікті қозғалыс** дегеніміз – мақсатқа бағытталған қозғалыстар, яғни күрделі шартты рефлексстер.

**Ерікті қозғалыстарды орындау** дегеніміз – еріктің ең қарапайым түрде сыртқа шығуы.

**Ес** дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс.

**Есею** дегеніміз – өткен кезде де және қазір де де баланың ақылының кіріп, ақсы не жамандықты, әділеттілікті не әділетсіздікті ажырата алуы.

**Естің даярлығы** дегеніміз – естің қорынан кез келген уақытта қажет нәрсені тауып ала білу.

**Естің дәлдігі** – ешбір жаңылмай, ойдың тәртібін бұзбай, мағыналы түрде айта білу қабілеті.

**Жазбаша сөйлеу** – баланың тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал жасайтын қуатты фактор. Жазбаша сөйлеу арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Мұны игеру адамға оңайлықпен түспейді. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды.

**Жалпы қабілет** – ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет.

**Жалпылау** дегеніміз – біртекті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру.

**Жанама түсіну** – жаңа затты, құбылысты белгілі ұғымға жанастыра барып түсіну деген сөз.

**Жас кезеңдерінің психологиясы** – әрқилы психикалық процесстердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық саналарын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан тұрады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы мен кәрілік психологиясы (геронтология).

**Жасөспірімдік шақ** – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі.

**Жеке адамаралық қарым-қатынас** – топтарда, жұптарда жеке дара ерекшеліктерін білу, қайғы-қуанышына ортақтасу, түсіну, бірігіп іс-әрекет ету негіздерінде қалыптасатын түрі.

**Жеке қарым-қатынас** – орындалатын іске тәуелді емес адамдар арасындағы қарым-қатынас.

**Жеткіншек** – барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келетін баланың жас кезеңі.

**Жобалаушы қабілеттер** – тәрбиелей оқытудың бүкіл оқу кезеңінде орналасқан тапсырмалар мен міндеттердегі соңғы нәтижені елестете алу қабілетінде көрінеді, бұл үйренушілерді тапсырмаларды өз бетінше орындауға дайындайды.

**Жүйелеу** (систематизация) – жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі принцип бойынша орналастыру.

**Жігер** дегеніміз – құр тілекпен қанағаттану емес, бұл бір мезгілдегі тілек, тоқталыс, тілектен бас тарту.

**Заң психологиясы** – құлаққа қатысты мәселелерді зерттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан тұрады.

**Зейін** деп адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады.

**Зейіннің аударылуы** деп бір объектіден екінші объектіге назарымызды көшіруді айтады. Физиологиялық тұрғыдан мидағы оптималдық қозудың ауысуы.

**Зейіннің бөлінушілігі** дегеніміз – адам санасының бір мезгілде бірнеше әрекетті атқара білу мүмкіншілігі.

**Зейіннің көлемі** деп бір уақыттың ішінде оның қамтитын, объектілерінің санын айтады.

**Зейіннің тұрақтылығы** дегеніміз – адам зейінінің бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алуы.

**Икемділік** дегеніміз – адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті. Икемділік белгілі бір дағдылар мен білім жүйесін практикада пайдалана алудың көрінісі болып табылады.

**Иллюзия** дегеніміз – түрлі себептерге байланысты шындықтағы объектілерді қате қабылдау.

**Императивті қарым-қатынас** – авторитарлы, директивті (өктем) түрде қарым-қатынасқа түсушіге жасалынатын әсер.

**Индукция** – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы.

**Инстинкт** – организмнің белгілі тіршілік жағдайына, өскен ортасына әбден көніккенін көрсететін мінез-құлықтың түрі.

**Интеллект** – жануарлар психикасының ең икемді түрі.

**Интеллектік сезімдер** – адамның тану процестерімен, ақыл-ой әрекетімен тығыз байланысып жатады. Интеллектік сезімнің түрлеріне таңсықтау, білуге құмарлық, күдіктену, сенімділік, интуиция ықтималдық, жаңашылдық, болжау, т.б. сезімдер жатады.

**Интероцептор** – ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін (хабарлайтын) түйсіктердің рецепторлары.

**Кәсіби жарамдылық** дегеніміз – адамның еңбектің белгілі бір түріне жарамдылығын көрсететін психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерінің, оған қажетті тиісті білім, дағды, икемділіктердің жиынтығы.

**Кәсіби консультация** – түрлі мамандықтың өзіндік ерекшеліктері жайлы түсінігі кем немесе саяз жастарға практикалық ақыл-кеңес беріп, жөн-жосық көрсету.

**Кеңістікті қабылдау** – заттар мен құбылыстардың көлемін, тұрқын, түрін, аумағын, алыс-жақындығын, тайыз-тереңдігін, бағыт-бағдарын қабылдау деген сөз.

**Коммуникативтік қабілеттер** – балалармен қарым-қатынас жасау қабілеті, олармен қарым-қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы.

**Консонанс** – құлаққа жағымды дыбыстар.

**Конструктивті қабілеттер** – бірлескен ынтымақтастықтың, іс-әрекеттің шығармашылық жұмыс атмосферасын қалыптастырудан, сабақты, үйренушінің дамуы мен өзіндік дамуының қойылған мақсатына неғұрлым сай ұйымдастыруға деген сезімталдықтан көрінеді.

**Конъюктивті сезімдер** – адамдарды жақындататын, біріктіретін, бірлескен іс-әрекетке итермелейтін сезімдер;

**Көлденеңінен қарым-қатынас** – бұл бірдей мәртебеге ие ұжым мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасы.

**Көпшіліктік қарым-қатынас** – көпше түрдегі таныс емес адамдардың және көпшіліктік мәлімет құралдары арқылы қарым-қатынас жасау, осындай қатынастың түріне өнер, эстетикалық қарым-қатынастарды да жатқызады.

**Қабылдау** – заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады. Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі.

**Қабылдаудың мағыналылығы** дегеніміз – ана тілдегі сөздердің толық қабылдау.

**Қабылдаудың таңдамалылығы** дегеніміз – толып жатқан объектілердің ішінен біреуін іріктеп алуды білдіреді.

**Қабылдаудың тұрақтылығы** (константтылығы) – деп сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, заттардың кейбір қасиеттерінің бірқалыпты болып қабылдануын айтады.

**Қабылдаудың тұтастығы** дегеніміз – объектінің жеке бөліктерден тұрғанымен, тұтас бейне ретінде қабылдануы.

**Қабілет** – әр адамның белгілі бір іс-әрекет түріне икемділігі; мақсатқа бағытталған тәлім-тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және нәтижелі етіп атқаруы.

**Қайта жасау қиялы** – суреттеп жазғанға немесе сызғанға қарап, адамның жаңадан бір нәрсені елестете алуы.

**Қарым-қатынас** дегеніміз – адамдар арасында байланыстарды жасаудағы және дамытудағы өзара іс-әрекет қажеттілігінен туындаған және ақпараттармен алмасуды, басқа адамдарды қабылдауды және түсінуді қамтитын күрделі, көп деңгейлі процесс.

**Қарым-қатынастың коммуникативті жағы** – қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен мәлімет алмасуы.

**Қарым-қатынастың интерактивті жағы** – қарым-қатынасқа түсушілердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру, яғни білім, идеялар және әрекеттермен алмасу (әрекеттестік). Бірлескен әрекеттің ұйымдастырылуы.

**Қарым-қатынастың перцептивті жағы** – қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірін қабылдауы, тануы (түсінуі), соның негізінде өзара түсіністіктің пайда болып қалыптасуы.

**Қиял** дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.

**Қозғалыс (немесе моторлық) есі** деп ойын, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл-қозғалыстарды еске қалдыру мен қайта жаңғыртып отыруды айтады.

**Қозу** – әртүрлі тітіркендіргіштердің әсері нәтижесінде жүйке жүйесінің қызмет жасап тұрған белсенді күйі.

**Құмарлық** – адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция.

**Қызығу** – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі.

**Лептосоматик** – бойшаң, нәзік денелі, тар иықты, қол-аяғы ұзын, сидыйған.

**Мақсаткерлік** (мақсатқа талпынушылық) – бұл адамның өз мінез-құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстаған бағыт-бағдар позициясына, танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алуы.

**Манипуляция** – қарым-қатынас партнеріне өзінің іштей мақсаттарын жасырын түрде жүзеге асыру үшін жасалынатын қарым-қатынас түрі.

**Медициналық психология** – дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез-құлқын зерттейді.

**Монологтық сөйлеу** дегеніміз – бір адамның сөзі, яғни баяндамашының, лектордың сөздері.

**Мотив** (себеп) – адамды әрекетке бағыттайтын, мақсат қоюға талаптандыратын түрткі.

**Мотивтер күресі** – тілек пен қалаудың арасында үйлеспеушілік.

**Мұрат** (идеал) – адамның өзіне өмірден өнеге іздеуі, біреуді ардақ тұтып, қас-терлеуі. Мұрат – адамның алдына қойған ең ардақты, ең асыл мақсаты.

**Мінез** – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік.

**Нақты (реалды) топтар** – ортақ мақсат көздеп, бір кеңістікте, белгілі уақыт ішінде, бір-бірімен қоян-қолтық араласып, іс-әрекетке түсетіндер.

**Нақтылау** – абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру, яғни жеке заттар мен нәрселер туралы ой.

**Нейрон** – жүйке жүйесінің жеке жасушалары.

**Образдық ес** дегеніміз – заттар мен құбылыстардың қасиеттерінің нақтылы бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отыратын ес түрі.

**Оқыту психологиясы** – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл-ойын қалыптастыру мәселелерімен шұғылданады.

**Олигофренопсихология** – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын зерттейді.

**Олтфактроника** – түрлі иістердің табиғатын зерттейтін ғылым саласы.

**Оқу** – мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жиналған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді.

**Оқыту** – қоғамдық-тарихи тәжірибені мақсатты жеткізу, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеруді ұйымдастыру процесі.

**Оқыту психологиясы** – оқытудың жүйелілігі жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің дамуын зерттейтін педагогикалық психологияның бөлімі.

**Ой** – сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғары формасы.

**Ой қорытындылары** дегеніміз – бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі.

**Ойлау** дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

**Ойын** – бала әрекетінің бір түрі. Ол арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

**Оперативтік ес** – қысқа уақыттық естің әрекеттің нақтылы міндеттерін орындауға байланысты көрінетін түрі.

**Операция** – деп әрекетті орындау тәсілдерін атайды.

**Отаншылдық** – атамекенге деген сүйіспеншіліктің негізгі мазмұны, имандылық пен кісіліктің басты белгісі, басты өлшемі.

**Педагогикалық қиял** – бұл, өз әрекеттерінің салдарын алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер.

**Педагогикалық психологиясы** адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтарды зерттейді.

**Перцептивті қабілеттер** – оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне ене білу қабілеті, оқушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық.

**Пикник** – мығым, сезімшең, кіші не орта бойлы, қарны қампиған, домалақ бас.

**Проактивтік тежелу** дегеніміз – бұрын есте сақталған материалдың екіншісіне бөгет жасауы.

**Проприоцептор** – дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын хабарлап отыратын түйсіктердің рецепторы.

**Психикалық кейіп (немесе қалып)** – адамның түрлі көңіл күйінің (шабыт, зерігу, үрейлену, абыржу, сергектік, белсенділік, т.б.) тұрақты компоненттері.

**Психикалық қасиеттер** – бір адамды екінші бір адамнан ажыратуға негіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер.

**Психикалық құбылыстар** – бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы әртүрлі бейнелері болып табылады. Олар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығу, мінез, әдет, т.б.) көпшілігімізге өз тәжірибемізден жақсы мәлім, тілімізде жиі кездесетін ұғымдар.

**Психикалық процестер** – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері.

**Психология** – психикалық құбылыстардың («жан қуаттарының») пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

**Психологиялық профессиограмма** (психограмма) – мамандықтың бір түрінің адам психикасына қоятын талап-тілегінің жинақ мәліметі.

**Пікір** – бұл бір зат туралы мақұлдау не оны бекерге шығаруда көрінетін ойлаудың формасы.

**Рационалды тұлғааралық қарым-қатынас** – адамдардың бір-бірі туралы білігі, басқа адамдардың оны объективті бағалауы жатады.

**Реминисценция** деп психологияда кешігіп еске түсіру құбылысын айтады.

**Ресми емес қарым-қатынас** – жалпы қабылданған заңдар мен талаптардың белгілі тұрақтанған ережеге бағынуды талап етпейтін адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Бұл ұнату, жақсы көру, достық, жолдастық, жек көру, жауласу, т.б. себептер негізінде пайда болады.

**Ресми қарым-қатынас** – қызметтік негізде қалыптасады, заңмен тұрақтанады, жарғымен, ережелермен реттеледі.

**Ретроактивтік тежелу** деп – өткен материалға ұқсас екінші бір материал оқылған кезде, қайта жаңғыртудың сапасының төмендеуіне әсер етуін айтады.

**Референттік топ** – әр адамның жекелеген топтардың (кісі шамамен 10-нан астам топқа қатарынан енуі мүмкін) ішінен біреуіне ғана ерекеше тәнті болып, соны ғана қастерлеп, қадір тұтып, жүрек қалауымен таңдап алған тобы.

**Рефлекс** – латын сөзі, қазақша – бейнелеу деген мағынаны білдіреді. Рефлекс сырттан немесе іштен келетін тітіркендіргіштерге организмнің қайтаратын жауап реакциясы.

**Салыстырмалы психология** – психиканың физиогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктерін ажыратады.

**Салыстыру** – заттар мен олардың жеке элементтерін белгілеулерінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты белгілеу.

**Сауда психологиясы** – әрбір елдің саяси-экономикалық және мәдени-материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді.

**Сезгіштік** дегеніміз – психологияда адамның түйсіне алу қабілеті.

**Сезім** – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процесс.

**Синестезия** – түйсіктердің қосарланып жүруі.

**Сенсибилизация** – сезгіштіктің тек артуын ғана көрсететін құбылыс болып табылады.

**Синтез** дегеніміз – ой арқылы заттың құбылыстық барлық элементтерін біріктіру.

**Сенім** – адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың ұлы қозғаушы күші.

**Сөз** – ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал.

**Сөздің мазмұндылығы** дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы.

**Сөздің мәнерлігі** дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы.

**Сөз-логикалық ес** дегеніміз – адам ойының түрлі формаларын, (ұғым, пікір, ой қорытындылары) еске қалдыра алу қабілеті.

**Сөйлеу** – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді *сөйлеу* деп атайды.

**Спорт психологиясы** – спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын анықтайды.

**Статикалық түйсік** – бастың қозғалысын, дененің кеңістік тегі алып тұрған орнын, яғни адамның тең басуын бейнелейді.

**Сурдопсихология** саңырау не керек болып туған балалар психологиясын зерттейді.

**Талант** – бір әрекетті шығармашылықпен орындау; қабілеттің жоғары деңгейде көрінуі.

**Тану** – бұрын қабылдаған және қайтадан кезіккенде көрінетін ес процесі.

**Тәрбие** деп үлкендердің кішілерге азаматтық қасиетін қалыптастыруға тигізетін әсерін айтады.

**Тәрбие психологиясы** – тіл алудың не алмаудың психологиялық тұрғыдан себептерін зерттеп, осы жөнінде ұсыныстар енгізіп отыратын ілім.

**Тәрбие психологиясы** – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету психологиясының негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді.

**Тәртіптілік** дегеніміз – адамның өз қимыл-қозғалысын, ойы мен тілегін әр уақытта ұжымның ырқына бағындыра алу қабілеті.

**Тежелу** бұл жүйке жүйесін тыныштандыратын процесс болып табылады.

**Темперамент** – (лат. *temperamentum* – бөліктердің қажетті арасалмағы) – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке ерекшеліктері.

**Типтік мінездер** – белгілі тарихи-қоғамдық жағдайлардың нәтижесі.

**Типтік образдар жасау** дегеніміз – тұтас бірқатар объектілердің барлығына бірдей, ортақ белгілері бар бір образ жасап, жанастыру.

**Тифлопсихология** – нашар көретіндер мен зағиптардың психологиялық дамуын зерттейді.

**Тоқтамға келгіштік** дегеніміз – адамның небір қиын-қыстау кезеңдерде қажетті шешімдерге келіп, оны жүзеге асыруға қабілетінің болуы.

**Тұлға** – қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам-мұраты, бағыт-бағдары бар адам.

**Түйсік** – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелер.

**Тігінен қарым-қатынас** – бұл тұлғааралық байланыс, басшы мен оған бағынушылар арасындағы, көшбасшы мен басқа ұжым мүшелері арасындағы байланысты көрсетеді, жалпы ұжымда ресми мәртебеге ие тұлға мен қалғандары арасындағы қатынас түрі.

**Тікелей емес қарым-қатынас** – жазбаша түрдегі немесе техникалық құралдарды пайдалану негізіндегі толық емес психологиялық контакт.

**Тікелей түсіну** – жанама түрде ой операцияларын керек етпейтін, қабылдауға ұқсас процесс.

**Тілдік қабілеттер** – өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті.

**Тілек** – келешекте істейтін ісіміздің ойға бекуі.

**Уақытты қабылдау** – сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстарда болатын өзгерістердің санаға әсер етіп қалдыратын бейнесі.

**Ұғым** дегеніміз – заттар мен құбылыстар туралы ой.

**Ұжым** (коллектив) – нақты топтардың жоғары дәрежеде ұйымдасқан түрі.

**Ұйымдастырушылық қабілеттер** – шәкірттерді топта ұйымдастыру тәсілдеріне таңдамалы сезімталдықтан, олардың оқу материалын игеруінен, үйренушілердің өз-өздерін ұйымдастыруларынан, педагогтың өз іс-әрекетін өзі ұйымдастыруынан көрінеді.

**Ұмыту** дегеніміз – қабылдағанды, есте қалдырғандарды қажет болған кезде еске түсіре алмау, танымау немесе еске түсіру мен танудың қателесіп жаңылуы.

**Ұстамдылық** дегеніміз – адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, басқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті.

**Ұялу** – баланы жағымсыз іс-әрекеттен тоқтатып отыратын күшті моральдық сезім.

**Үйреншікті зейін** – адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін.

**Фрустрация** – адамның жолы болмай, босқа әлек болған жан күйзелісі.

**Шағын топ** дегеніміз – біршама тұрақты, құрамы жағынан саны онша көп емес, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасап отыратын ортақ мақсатқа ұмтылған адамдардың бірлестігі.

**Шығармашылық қиял** деп өзіндік жаңа образдар жасау арқылы әрекетте, жаңа өнім беруде көрінетін қиялды айтады.

**Шыншылдық** – адамның азаматтық борышына, ар-ожданына қалтқысыздығы.

**Ырықты зейін** – күш жұмсау, ерік, жігер арқылы іс-әрекетті жоспарлы ұйымдастыру.

**Ырықсыз зейін** – қызығу, қажетсіну (қанық бояу, қатты дауыс) арқылы іс-әрекетті жоспарсыз, арнайы мақсат қоймай-ақ ұйымдастыру.

**Ізгілік** деп адамда қалайда болса, қашанда болса пайда келтіретін ой мен істі атайды.

**Іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас** – бірлескен іс-әрекет, қызмет барысында адамдар арасында болатын қарым-қатынас түрі.

**Ішкі сөйлеу** деп тілдік материалдар негізінде дауыстамай-ақ сөйлей алушылықты айтады.

**Экстероцептор** – сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі болып табылатын түйсіктердің рецепторлары.

**Эмоционалды қарым-қатынас** – адамның адам даралығын қабылдауы.

**Эмоциялық ес** дегеніміз – сезімдерді еске қалдырып отыру.

**Эстетикалық сезім** дегеніміз – адамның шындықтағы қандай болмасын бір сулұлықты сезінуі.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Әдеп және жантану. Хрестоматия. – Алматы, 1996.
3. Бапаева М. К., Нығметова К. Н., Шериязданова К. Т. Балалар психологиясынан танымдық жаттығулар мен тапсырмалар. – Алматы: Рауан, 1994.
4. Веденов А. В. Оқушыларды еркін тәрбиелеу. – Алматы, 1960.
5. Возрастная и педагогическая психология/Под ред. Гамезо М. В. – М., 1989.
6. Возрастная и педагогическая психология/Под ред. Петровского А. В. 2 изд. – М., 1979.
7. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
8. Крутецкий В. К. Психология. 2 изд. – Москва: Просвещение, 1986.
9. Кузин В. К. Психология. – Москва: Высшая школа, 1982.
10. Курс общей, возрастной и педагогической психологии. Вып. 1-3/Под ред. М. В. Гамезо. – Москва, 1982.
11. Қойбағаров Қ., Рақымбеков Ғ. Педагогика-психология терминінің орысша-қазақша сөздігі. – 4 Т. – Алматы, 1960.
12. Мухина В. С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – Алматы, 1986.
13. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология (лекциялар). – Алматы, 1982.
14. Мұқанов М. М. Оқушылардың зейінін тәрбиелеу. – Алматы: ҚМБ, 1960.
15. Общая психология/Под ред. А. В. Петровского. 2-изд. – Москва, 1977.
16. Оразбекова А. А. Отбасы психологиясы. – Алматы, 1997.
17. Психология. – Алматы: Мектеп, 1966.
18. Психология. 2-басылымнан қазақ тіліне аударылған. – Алматы: Мектеп, 1980.
19. Рувинский Л. И., Хохлов С. И. Ерік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек. – Алматы, 1989.
20. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993.
21. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. – Алматы: Мектеп, 1966.
22. Темірбеков А., Балаубаев С., Петровский А. В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1987.